



Мұхаметжан
Қаратаев

ӘДЕБИЕТ
және
ӘСТЕТИКА

Әдеби
сын-зерттеулер

«Жазушы»
баспасы

Алматы — 1970

Қаратаев, Мұхаметжан.

Қ. 41 Әдебиет және эстетика. Әдеби сын-зерттеулер.
Алматы, «Жазушы», 1970.

352 бет. 9400 дана 1 с. 47 т.

Филология ғылымының докторы, профессор Мұхаметжан Қаратаевтың бұл кітабына ғалымның соңғы жылдары жазған сын-зерттеу еңбектері және өнердің эстетикалық сыпаты жайындағы мақалалары еніп отыр. Автордың белгілі қайраткерлер хақындағы естелік-портреттері мен жол жазбалары ерекше назар аударады.

7—2—3

56—70

8 + 8 Каз 2 + 7

Өмірлік серігім, үш ұлымның
сүйікті анасы Мархуна Оспанқызына
арнадым.

Автор

I ЭСТЕТИКАЛЫҚ МЕЖЕЛЕР

ЛЕНИН ЖӘНЕ ЭСТЕТИКА

Біз бұл тақырыпты осы күнге шейін «Лениннің әдеби мұрасы» деген қалыпта ғана алып келдік. Және мұның өзін Лениннің әдебиет туралы көзқарастары деген сықылды тым шағын шеңберде түсіндік. Ал жалпы эстетикалық проблемаларды былай қойып, ұлы көсемнің тек әдебиет жөнінде қалдырған бай мұрасын игеру үшін де оның тікелей әдебиет туралы айтқанымен шектелу ендігі жерде жеткіліксіз. Себебі: Лениннің әдебиет пен өнерге қатысты пікірлері кездейсоқ құбылыстар емес, данышпан ойшылдың, жүйелі дүние тану еңбектерімен терең тамырлас заңды құбылыстар. Сондықтан бүкіл социалистік мәдениеттің өркендеуіне күн іспетті қолайлы жағдай жасап, нұр берген, күш, жігер берген ленинизм білімінің негізін бұрынғыдан кеңірек қамтып, тереңірек зерттеу, ұлы революционердің әдебиет жөніндегі нақты пікірлерін ұлы философтың дүниетану жүйесіне қатысты, әсіресе оның эстетикалық жүйесіне қатысты қарау — әдебиет пен өнердің бұдан былай биік талаптарға сай қарыштап дамуының басты шарты болып отыр.

Бұдан қырық жыл бұрын-ақ А. В. Луначарский жазған еді: «Әдебиетшілер бүкіл Ленин мұрасын мейлінше зер салып, зейін қойып зерттеуге тиіс — Владимир Ильичтің философиялық тұжырымдары мен тарихи тұрғыларынан және саяси көзқарастарынан бастап тікелей әдебиет жайлы айтқандарына дейін ұқыпты зерттеу қажет. Былай алып қарағанда, Владимир Ильичтің жай ғана айтқан секілді ескертпелерінде, шындығын айтсақ, әдебиетшінің іс-әрекетіне тұтас программа боларлық, әдебиетшінің методикалық жолының белестерін белгілейтін пікірлер жататын жайлар жиі ұшырасады».

Ленинизм — XX ғасырдағы марксизм, жаңа тарихи жағдайға сай творчестволық жолмен дамып жетілген ұлы ілім десек, лениннің эстетикалық жүйесін осы ұлы марксизм-ленинизм ілімінің философиялық кең арнасында алып тану қажет.

* * *

Екі мың жылдан артық уақыт шарқ ұрып ілгері дамыған адам ойы XIX ғасырда тарихи шарықтау биігіне шығып, осы асқаралы биіктің нұр сәулелі ілімі — марксизм пайда болды. Бұл ілімнің негізін салушы Маркс пен Энгельс адам ойының талай заман тынымсыз іздеген дүние сырын, өмір заңдылығын ашты. Олар өздеріне дейінгі ақыл ойдың туындыларын данышпандықпен қорытып, үш саладағы қайнарбұлақ көзден айдынды жаңа революциялық ілімнің ұлы жүйесін жасады. Ол үш сала, Ленин айтқан, немістің классикалық философиясы, ағылшынның саяси экономикасы, француздың утопиялық социализмі. Маркс пен Энгельс осы айтылған салалардың жаңа методологиялық тұрғыдан қарағанда жетілмеген тарихи тапшылығы мен таптық теріс жақтарын сынай-міней отырып, олардың рационалды ой-пікірлерін түбегейлі өзгерте пайдалану арқылы материалистік диалектиканың, маркстік саяси экономиканың, ғылыми социализмнің күдіретті теориясын шыңдады. Сонымен табиғатты, қоғам өмірін дұрыс зерттеп, дұрыс танытатын, таныту ғана емес, өмірді түбірімен қопарып, өзгертетін жаңа революциялық ғылым туды, яғни дүниені жаңаша игерудің тетігі мен кілті табылды.

Міне, осы ілімнің аясында эстетика саласы да жаңа революциялық сипат алды. Мұның да негізін салған Маркс пен Энгельс еді. Өздері жасаған диалектикалық материализм теориясын басшылыққа ала отырып кеменгер философтар адамның эстетикалық сезім-сезігі, қабілеті оның еңбегінің жемісі екенін, және сол қабілет-қасиеттердің дамуы қоғам өмірімен, тарихи жағдаймен байланысты екенін ғылыми дәлелдеп берген болатын. Айталық, адамның айнала қоршаған дүниені, ондағы жан-жануар, заттарды, болып жатқан құбылыстарды көретін көзі мен сезетін басқа да төрт түрлі сезім мүшесінің айуанаттардан айырмашылығы бар, және олардың әдемілікті танытын адам көзі, адам мүшесі болып ажырау үшін де адамзат талай тарих кешіп, талай қоғамдық еңбек процесін басынан өткеру қажет болған. Маркс былай деп жазады: «Қоғамдық адамның

сезімдері қоғамдық емес адамның сезімдерінен ала бөтен өзге. Адам табиғатының (еңбек адамының М. Қ.) тек кең өріс алған объективті байлығының молдығы арқасында ғана адам сезімінің субъективті байлығы пайда болады: музыкаға бейім құлақ пен әдемілік түрлерін сезінетін көз пайда болады — қысқасы, адамның ләззат алатын және өзінің адамдық табиғатын танытатын сезімдердің кейбірі жаңа туып, кейбірі одан әрі дамып отырады... Сыртқы бес сезімнің пайда болуы — бүкіл осы кезге дейінгі дүние жүзі тарихының жұмысы».¹

Адамның дамып жетілген эстетикалық сезімінің айқын көрінісі әдебиет пен өнер саласынан байқалса, мұның да түсінігі Маркс пен Энгельстің тарихи және диалектикалық материализмінен, ғылыми социализм теориясынан табылады.

Эстетикалық мәдениеттің яғни дүниені көркемдік, әдемілік тұрғыдан танып игерудің қалпы мен характері адамның қоғамдық еңбекте, өмірде алатын орнына тәуелді екенін дәлелдеген материалистік диалектика заңы бойынша Маркс пен Энгельс өнердің даму дәрежесі қанаушылар қоғамында экономиканың даму дәрежесіне сай келе бермейтінін ескерткені бар. Мысалы, қоғамның еңбек адамын жат етіп бөтенсітетін түрлері (мәселен, капитализм) өнердің қолайлы дамуына зиянын тигізетіні айтылған.

Марксизмнің эстетикалық принциптері ХІХ ғасырда, капитализмнің монополистік дәуірінен бұрын қалыптасқаны белгілі. Бұл принциптер ХХ ғасырда, империализм қайшылықтарының қабындап, социалистік революцияның қанат жайып жеңіске жеткен жаңа тарихи жағдайда Ленин еңбектеріне өзек болды. Бірақ ешқандай өзгеріссіз күйінде емес, жаңа заманға лайық дамыған, кемелдене түскен күйінде. Бүкіл марксизм ілімінің Ленин еңбектерінде осы заманға сай марксизм-ленинизм аталғаны секілді, К. Маркс пен Ф. Энгельстің эстетикалық идеяларының да Ленин еңбектерінде одан әрі дами түсіп маркстік-лениндік эстетиканың негізін қалауы заңды да түсінікті.

Советтер Одағының Коммунистік партиясы Орталық комитетінің В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толғанына шығарған тезистерінде Лениннің Карл Маркс пен Фридрих Энгельс негізін салған революциялық ілімді алға апарушы, әрі жүзеге асырушы данышпан екенін айрықша айта келіп, Советтер Одағының Коммунистік партиясын жасаушы, орасан ұлы социалдық революцияның басшысы, дүниедегі

¹ К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, II том, 627-б.

тұңғыш социалистік мемлекетті орнатушы кеменгер көсемді «революциядағы ұлы ғалым, ғылымдағы революционер» деп тамаша бағалаған. Ендеше Ленин мұрасын зерттегенде, одан Лениннің эстетикалық идеялары мен принциптерін қарастырғанда осы баға есте тұруы керек. Данышпан ғалымның, ұлы революционердің еңбектерінен теориялық қағида мен тәжірибелік қорытындыны қатар және ажырамас бірлікте алып қарастыру жөн. Тезистерде былай делінген: «Қоғамдық құбылыстар мен прогрестерге Лениндік көзқарастың басты белгісі — ғылыми объективтілік пен жұмысшы табы тұрғысынан принципіалды бағалаудың етене бірлігі, маркшілдер — лениншілдер үшін, барлық шын революционерлер үшін ленинизм — революциялық ой мен революциялық қимылдың методологиясы». Міні, ленинизм аясында танылатын революциялық эстетиканың да методологиясы осындай.

Ленин мұрасы ұшан-теңіз. Оның егжей-тегжейіне дейін зерттеп, ұшығына жету мақала түгіл, монография көлемінде де мүмкін емес. Сондықтан біз бұл мақалада А. В. Луначарский мезгеген жобамен Ленин мұрасының философиялық, тарихи, саяси және эстетикалық бағыттағы ой-пікір, көзқарастарының методологиялық тұтас бірлігін, жүйелі бүтіндігін ашу арқылы дамытқан көсемнің өнер мен әдебиет жайында айтқандарының терең мағынасын ашуды мақсат еттік.

Байыбына барсақ, мәселенің тетігі марксизмнің философиялық дүние танымының негізі — диалектикалық материализм теориясында екен. Өйткені эстетика дегеніміз түпкі тегінде дүние танудың ерекше бір түрі болғандықтан, оның да философиялық түйінін шешетін материалистік диалектика теориясы. Сондықтан Маркс пен Энгельстен кейін олардың ұлы теориясын идеализмнің талай шабуылынан қорғап таза сақтаған және ХХ ғасырдағы жаңа тарихи жағдайда одан әрі творчестволық дамытып, тереңдете түскен кеменгер Ленин өзінің философиялық еңбектерінде материалистік диалектикаға сүйенген маркстік эстетиканың да негізін сақтап, нығайта да жетілдіре түсті. Бұл жерде алдымен аталуға тиіс Лениннің «Материализм және эмпириокритицизм» атты монографиясы мен «Философиялық дәптер» атты данышпандық еңбектері. Лениннің атакты бейнелеу теориясының негізі осы еңбектерде салынған. Ал бейнелеу теориясы философияның ең түбірлі мәселесі саналатын материя мен идеяның яғни болмыс пен адам санасының арақатынасын (қайсысы қайсысынан бұрын шыққанын,

қайсысы қайсысының бейнесі екенін) ашып берген теория. Түбірлі мәселе дейтін себебіміз — мұның өзі дүние жүзіндегі бұрын-соңды белгілі философия атаулы ағымдардың материализм мен идеализм дейтін қарама-қарсы екі айрым арнаға бөлінетін жері. Идеализм ағымдары сана бұрын шыққан, болмыс соның бейнесі дегенге сайса, материализм болмыс ежелден бар дүние, ал сана соның бейнесі дегенге саяды. Ленин аталған еңбектерінде бейнелеу теориясына байланысты махизммен және басқа да идеализм ағымдарымен күресе отырып материализм тұрғысының дұрыстығын дәлелдеумен бірге, сананың болмысты қалай бейнелейтін процесін де ашып көрсетті. Болмыстың ұшы-қиыры жоқ, оның шындығын (абсолюттік истинаны) санамен толық, тұтас қамту мүмкін емес, тек сатылап шақтап, шамамен ғана (относительно) қамтуға болады. Сатылап бейнелеудің өзінше де тарихи дамуға байланысты, сананың дара және қоғамдық түрлеріне қатысты баспалдақтары, жалаң төмен түрлері мен ғылыми, рухани жоғарғы түрлері бар күрделі процесс екен. Ленин осы күрделі процестің диалектикасын анықтап берді.

Сонымен Лениннің бейнелеу теориясы бүкіл дүние танудың, оның ішінде дүниені көркемдік тұрғыдан методологиялық кілтін тауып көрсетті. Қалай болса да, бұл теорияның жалпы эстетикалық сана сезім мен өнер табиғатын түбегейлі түсіну үшін шешуші мәні бар. Олай дейтініміз — Лениннің философиялық еңбектерінде болмысты бейнелеу процесіне байланысты диалектикалық материализмнің басқа да бірқатар гносеологиялық проблемалары шешім тапты. Олар: адам санасының объективтік және субъективтік жайлары және абсолют ақиқат пен шама-шарқылы (относительный) ақиқаттың (истинаның), сондай-ақ реалды шындық пен қиялдағы шындықтың, мазмұн мен түрдің өзара диалектикасы. Бұл проблемалар маркстік-лениндік эстетиканың, оның ішінде әдебиет ғылымының бағыт-бағдарын анықтаған негізгі де жетекші принциптер еді.

Маркс пен Энгельстен кейін марксизмнің материалистік философиясының түбіріне балта шаппақ болған идеализм ағымдарына Ленин еңбектері қандай соққы болса, XX ғасырдың басында маркстік эстетиканың принциптеріне шабуыл жасаушы толып жатқан буржуазиялық «жаңа» әдеби ағымдарға да соққы болып табылады. Лениннің бейнелеу теориясына қарсы буржуазия идеологтарының осы күнге дейін оқ атып, өсек айту себебі сондықтан. Олар тікелей қарсылығынан ештеңе шықпаған жағдайда, Лениннің дана-

лық теориясын неше саққа жүгіртіп, бұрмалап, оның революциялық мазмұнын жоққа шығаруға тырысып бағады. Мысалы, соның бір әрекеті — бейнелеу процесін санаға түскен жалаң таңба, жай ғана хабарлау етіп көрсетуге тырысу. Ал Лениннің ғылыми дәлелдеп көрсеткен бейнелеудің күрделі диалектикалық процесі бойынша «адам санасы объективті дүниені бейнелеп қана қоймайды, жасайды да» («Философиялық дәптер»). Мұнда бейнелеуші субъектің (адам санасының) дүниені бейнелеумен қатар өзгертуге бағытталған белсенді ролі анық айтылған. Буржуазия өкілдеріне әсіресе ұнамайтын жері осы. Сондықтан олар ревизионистермен бірге қалай да Ленин теориясының сол бір революциялық уытын қайтарып, адам санасын субъективтік шеңберден аспайтын тұйық, жадағай, мардымсыз бірдеме етіп көрсету мақсатын көздейді. Осыдан келіп олар Лениннің философиялық жүйесімен сабақтас партиялық жайындағы принципіне де мансұқ ету ниетімен жан таласатыны белгілі.

Лениннің бейнелеу теориясы бойынша қоғамдық сана ғылыми, рухани дамудың неғұрлым жоғары биігіне шыкса, соғұрлым ол объективті шындыққа мейлінше жуық, сәйкес келетінін білеміз. Владимир Ильич нұсқаған коммунистік партиялық принцип ең жоғары объективтік пен ең озат таптық тұрғының қиысып ұштасуы. Сондықтан да ол әдебиет пен өнерде шындықты мейлінше дұрыс, терең бейнелеудің және озат жұмысшы табының революциялық тұрғысынан белсенді бейнелеудің шынайы идеялық-эстетикалық принципті боп қалыптасты. Лениннің партиялық принципі диалектикалық материализмнің жаңа дәуірге сай дамығандығы, лениндік бейнелеу теориясының әдебиет пен өнерге қатысты тікелей тармағы десе болады. Владимир Ильичтің философиялық еңбектері мен «Партиялық ұйым және партиялық әдебиет» атты атақты мақаласының бір тұста тууының өзі кездейсоқ құбылыс емес, екеуі де Ленин даналығының жемісі ретінде түйінді заман сұрағына жауап берген еңбектер еді. Бұл ғана емес, тіпті оның Лев Толстой туралы мақалалары «Халық достары» деген не, және олар социал-демократтарға қарсы қалай күреседі», «Не істеу керек», «Империализм — капитализмнің жоғары стадиясы», «Мемлекет және революция» атты кітаптары және тағы басқа ұлы көсемнің барша теориялық, тарихи, әдеби еңбектері сол заман сұрағына жауап берген асыл туындылар екені аян. Ол сұрақ мынау: адамның қоғамдық санасы немен, қалай пайда болады, қалай дамып жетіледі, қоғамдық

өмірге оның ықпалы қандай? Бұған Ленин диалектикалық материализм тұрғысынан жауап беріп, қоғамдық сана, оның ішінде өнер мен әдебиет қоғам өмірінің айнасы болумен бірге сол өмірді адамзаттың ежелгі мүддесіне сай өзгертіп, жаңа коммунизм дүниесін орнатуға қызмет ететін күдіретті күш екенін дәлелдеді.

«Партиялық ұйым және партиялық әдебиет» атты мақаласында Ленин әдебиет алдымен буржуазияның бұғауын бұзсын, құлдығынан құтылсын деді, әдебиеттің қоғаммен, таппен ісі жоқ дейтін, «Әдебиет әдебиет үшін» дейтін буржуазия әдебиетшілерінің жалған сөздерін әшкерелеп «Әдебиет ісін жалпы пролетариат ісінің бір бөлшегі» ретінде миллиондаған еңбекшілердің революциялық күресіне, социалистік мұратына қызмет ететін қару ету керек деді.

Пролетариат әдебиетінің Горький сықылды өкілдері Лениннің партиялық принципін революциядан бұрын-ақ жүзеге асырып, әдебиет творчествосын пролетариаттың ұлы ісіне жұмсағаны мәлім.

Ұлы Октябрь социалистік революциясы жеңгеннен кейін Лениннің партиялық туралы идеясы одан әрі толық жүзеге асып жаңа совет әдебиетінің программасына айналды, социалистік реализмнің өзегі боп алды. Бұл, дұспандардың өсектейтініндей, партияның бұйрығымен енгізілген бірдеңе емес, маркстік-лениндік философия мен эстетиканың жаңа социалистік заман талабына қарай заңды түрде туған жетекші принцип!

Әдебиеттің партиялық және халқтық принципі маркстік-лениндік эстетика аясында астасып, тұтас тұлға тапты. Өйткені лениндік идея жеңіс тапқан социалистік шындық жағдайында коммунистік партияның саясаты мен халықтың мүддесі тоғысып кеткен себебі партияда халық мүддесін көздеуден басқа мақсат жоқ. Сондықтан да олар егіз ұғым ретінде қатар айтылады. Маркс пен Энгельс еңбектерімен қатар орыстың ұлы революционер-демократтарының мұрасын жоғары бағалап пайдаланған Ленин олардың халықтық туралы айтқан пікірлерін өзінің эстетикалық көзқарастарына арқау етіп, революциядан бұрын-ақ халықтық деген ұғымды еңбекші бұхараның таптық мүддесін көздеу, халық өмірімен байланысты болу деп білген. «Партиялық ұйым және партиялық әдебиет» атты мақаланың өзінде Владимир Ильич партиялық пен халықтық деген ұғымдарды ажыратпай алғанын көреміз. Ленин әдебиет бір жағынан партияның қарауында болсын десе, шын алдыңғы қатарлы және ақырына дейін революцияшыл таптық қоз-

ғалысымен біте қайнасын десе, екінші жағынан, еліміздің гүлі, күші және болашағы — «миллиондаған, он миллиондаған еңбекшілерге қызмет ету» міндетін алға тартады. Толстой туралы мақалаларында да Ленин ұлы жазушының творчествосын оның революция шындығын қаншалықты дұрыс және көркем суреттегеніне қарай, бұхара халықтың өмірімен қаншалықты байланысты болғанына қарай бағалады. Совет өкіметінің алғашқы жылдары ұлы көсем социалистік өнердің халықтығы деген ұғымды жаңа жағдайға лайық тереңдете де анықтай түсіп былай деген: «Өнер халықтыкі. Ол еңбекші жұртшылықтың қалың ортасына терең тамырларын жаюға тиіс. Және сол жұртшылыққа түсінікті де, сүйікті болуға тиіс. Сол жұртшылықтың сезімін, ойын, ынта-ықыласын біріктіріп, көтеруге тиіс. Олардың арасынан суреткерлер шығарып, өсіруге тиіс».

Данышпан көсемнің осынау программалық сөздерінде социалистік өнер мен әдебиеттің эстетикасы жөнінде, партиялығы мен халықтығы жөнінде айтылуға тиіс маңызды пікірлер жеткілікті қамтылған дей аламыз.

Жоғарыда Лениннің бейнелеу теориясының және онымен тамырлас партиялық, халықтық принциптердің социалистік реализм өнеріне өзек болғаны айтылды. Бұл тезистің маркстік-лениндік эстетиканы түбірлей түсіну үшін мәні зор. Диалектикалық материализмнің Ленин дамытқан бейнелеу теориясы дүниені мейлінше айнытпай танытатын, объективті ақиқатты объективті түрде мейлінше дұрыс көрсететін философия болғандықтан, оны методология тұтқан көркем творчестволық әдіс негізінде шыншыл (реалистік) болмауы мүмкін емес. Сондықтан марксизм-ленинизм теоретиктері әдебиетте әрдайым реализм әдісін қолдап, өмір шындығын шыншылдықпен суреттеген шығармаларды жоғары бағалап келген. Бірақ олар қалаған реализм өмірге үстірт қарайтын, шындықты сырттай шолитын қарымсыз, қуатсыз өлексе әдіс емес, шындықтың терең сырын ашып, биік идеялық тұрғыдан белсенді ықпал жасау мақсатын көздейтін қарымды да қажырлы әдіс. Ал сол тұрғы социалистік идеяның тұрғысы болса, оның көздеген мақсаты өмір шындығын революциялық даму күйінде суреттеп коммунистік партияның саясатымен халыққа, социалистік құрылысқа қызмет ету болса — әні сол социалистік реализмнің принципі, екінші сөзбен айтқанда, Ленин үйреткен партиялық, халықтық принцип.

Өмір шындығын революциялық даму күйінде суреттеу деген сөз, сол шындықтың даму бағдарын, болашағын

болжай отырып суреттеу деген сөз. Сондықтан бұл міндет қиял қызметін де қажет етеді. Қиялсыз болашақты болжау да, алдағы асыл арманды аңғару да мүмкін емес еді. «Не істеу керек?» деген еңбегінде Ленин Писаревтің алдағыны армандаудың қажеттігі туралы пікірін қуаттай келіп: «егер адам осылай алдағыны армандайтын қабілеттен мүлдем жұрдай болса, егер ол ара-кідік ілгері қарап, өзінің енді ғана қолға алған туындысының тұтас, бүтін кескінін қиялымен топшылай алмаса, онда өнер саласындағы, ғылым мен өмір саласындағы, өте ұзақ сарсылып істейтін жұмыстарды бастап, ақырына жеткізуге қандай ғана себеп оны мәжбүр еткен болар еді — бұл арасын мен тіпті ажырата алмаймын»¹ деген екен. Бұдан біз не көрерміз? Бұдан қандай жұмыс болғанмен, әсіресе өнер мен ғылым саласында, кімде-кім болашақ мақсат-мұратқа қиял құсын ұшырмаса, ештеңе тынбайтынын Владимир Ильичтің жеріне жеткізе өте күшті айтқанын көреміз. Ендеше қиял, арман деген элементтер лениндік принциптерге жат емес, қайта қажет элементтер, және социалистік реализмнің құрамында олар реалды шыншылдыққа қайшы келмейді, қайта шындықтың дамып жетер болашағын (перспективасын) мезгеп, шыншылдықтың жытылығын арттыра түседі. Тек буржуазияшыл модернистер мен формалистер ғана және олардың сойыл соғарлары — ревизионистер ғана арман мен ақиқатты (идеальное мен реальное) бір-біріне қарсы қойып, социалистік реализмді және оның партиялық принципін қанатсыз көрсоқыр етіп көрсетпек болады. Осыдан келіп олар романтизм мен реализмді қарсы қойып, социалистік реализмді өнер атаулының табиғатына жат өнердің өзіне тән ерекшеліктерін аяқасты ететін бөтен құбылыс деп танытпақ болады.

Шындығында аталған екі диалектикалық ұғымның бірлігін бұзатын да, екеуін айырып, ақиқатты аяқасты ететін де буржуазияның осы күнгі идеализм арнасындағы сан алуан модернистік, формалистік әдеби ағымдары. Бұлардың «жаңа» өнер, «жаңа» әдебиет дейтіндері эстетикалық мәдениетті ілгері дамытып отырған жоқ, кері тартып отыр, қазіргі қайшылығы асқынған капитализмнің сұмдықтарын жасырып, өнерді дүние танытқыш, өмір түзегіш, ілгері бастағыш қасиеттерінен айырып, формализмнің шырғала-

¹ Ленин о культуре и литературе. Худ. изд. «Искусство» М. 1956, стр. 51.

нына идеясыз, парыксыз «түр» куудың әуресіне ұшыратып отыр.

Қазіргі социализм және капитализм лагері болып екі жарылған әлем дүниесінде адамзаттың ежелгі прогрессивтік мәдениетінің өміршең дәстүрлерін пайдаланып, әдебиет пен өнерді ілгері дамыту миссиясын мойнына алып отырған социалистік реализм эстетикасы. Мұны да бізге мұра еткен данышпан Ленин болатын. Революциядан бұрынғы көп еңбектерінде, оның ішінде Толстой туралы мақалалары мен «Қандай мұрадан бас тартамыз?», «Великоростардың ұлттық мақсаты» дейтін мақалаларында және Герцен, Чернышевский, Белинский, Добролюбов, Писарев жөнінде айтқан ой-пікірлерінде Ленин мәдени мұраға қалай қараудың тамаша үлгісін танытқан болатын. Совет үкіметінің алғашқы жылдары футуристер, пролеткультшілер бұрыннан қалған бүкіл мәдениет жетістіктерін мансұқ еткен тұста ұлы көсем бұл секілді сотқарлық әрекеттерге қатты тойтарыс жасады. Олардың асыл мұраны менсінбей сөйлеген өрескел сөздерін мазақтап Ильич әлденеше мақала, баяндамаларында, нұсқауларында, іс жүзінде мынадай бір мәселені жан салып анық ұғындырды. Ол жаңа социалистік мәдениет адамзаттың баяғыдан бері қол жеткен мәдени байлығын біліп, меңгеріп, дұрыс пайдалану арқылы ғана жасалатынын даусыз дәлелдеді.

Өнердегі «жаңашылмыз» деушілердің дәлелі туралы Ленин Клара Цеткинмен әңгімесінде былай депті: «Әдеміні сақтау керек, оны «ескі» болса да үлгі етіп алу керек, бәрін содан бастау керек. Тек қана «ескі» екен деп, бұдан былайғы дамудың бастамасы болатын шынайы әсемдіктен неге біз бас тартуымыз керек? Тек қана «жаңа» екен деп неге біз барлық жаңа атаулының алдында, құдайға бас игендей, бағынуымыз керек? Мағынасыздық, барып тұрған мағынасыздық! Мұнда күлгірсулік көп және Батыста билеп-төстеген көркем модаға ойсыз еліктеу де көп, әрине»¹ Лениннің осы дер кезінде берген данышпандық нұсқауы жас совет мәдениетін «солақай» содырлардың адастыруынан сақтап, социалистік дамудың сара жолына салды. Бүгінде Ленин нұсқауы дүние жүзі мәдениеті үшін өзінің маңызды мәнін жоғалтқан жоқ. Жоғалтпағаны былай тұрсын, қайта қазіргі дәстүр мен жаңашылдық деп аталатын келелі проблеманың кілтін айналды. Бір кезде «жаңашылмыз»

¹ Ленин о культуре и литературе. Госуд. изд. «Искусство» М. 1956, стр. 520.

деп өткеннің бәрін өлтіргісі келген футуризм, кубизм, имперессионизм ағымдары қазір де толып жатқан тон жамылып, реализм өнеріне тұс-тұстан сойыл сілтеп жатқан жағдайда, Ленин нұсқауы әлі де таптырмас өткір құрал, дәстүр мен жаңашылдық проблемасын диалектикалық бірлікте алып шешуге үйрететін бірден-бір дұрыс эстетикалық қағида.

Совет әдебиетінде оның бір тармағы қазақ әдебиетінде, Батыста етек алған формалист жалған «жаңашылдардың» былық-шылығы жоқ, әрине. Алайда анда-санда алыстан лағып жететін әлдеқандай кездейсоқ жаңғырықты құлақ шалатыны бар. Ол әсіресе поэзияда өлең түрін не мағынасыз бұзып бүлдіру арқылы, не адам ұқпайтындай жасанды кебірткі сөздермен, қисынсыз сөйлемдермен әдейі қиындату арқылы белең береді. Осы тұстарда Лениннің мынадай сөздері еске түседі: «Мен экспрессионизм, футуризм, кубизм және басқа «измдердің» шығармаларын көркем даналықтың жоғары көрінісі деп есептей алмаймын. Мен оларды түсінбеймін. Мен олардан ешқандай қуаныш таппаймын».¹

* * *

Марксизм ілімінің ұлы табысы — оның мызғымас философиялық негізі, диалектикалық материализм ғой. Бұл философияның жаратылысында диалектика мен материализм біте қайнасып, ажырамас бірлік тапқан. Қыранның қос қанаты іспетті. Екеуі бірлік таппаған кездерде диалектика идеализммен сабақтасты да, материализм метафизикамен сабақтасты. Сонымен дүние тануда екеуі де біржақтылық етті, шалалық көрсетті. Ал енді осы «екі жартыны бір бүтін» еткен марксизмнің ең терең, ең жоғары, ең дұрыс философиясын іс жүзінде эстетика мәселелеріне қолдануға келгенде аяғын шалыс басқан «марксистер» де (марксизмнің дұшпандарын айтпағанның өзінде) аз болған жоқ. Осы салада зор еңбек сіңіріп, көп пайдасын тигізген үлкен теоретик Г. В. Плехановтың өзі кей реттерде эстетикалық құбылыстарды диалектика тұрғысынан терең талдай алмай, дұрыс бағалай алмай қалып жүрді. 1920—30 жылдары маркстік-лениндік диалектиканы әлі игеріп жетпеген кезімізде бізде де метафизикалық материализм негізінде тұрпайы социологизм өріс алды. Тұрпайы социологизмді теориялық тірек еткен РАПП пен ҚазАПП-тың «Солақай» ұрандары бойынша қазақ халқының әдеби-музыкалық

¹ Сонда, 520-б.

мұрасы мен Абай, Сұлтанмахмұт сықылды классик ақындарының творчествосы біраз уақыт үстем тап идеологиясының туындысы саналып келді. Сонымен қатар революцияны, жаңа халық үкіметін шабытпен жырлаған совет жазушыларының өзіне әрқилы таңба тағушылық болмай қалған жоқ. Коммунистік партия Ленин қағидаларын әдебиет саласындағы саясатының арқауы етуі арқасында маркстік-лениндік эстетика нығайып, формализм шатпақтары да, тұрпайы социологизм өрескелдіктері де өте берді. Ленин өзінің мейлі философиялық еңбектерінде болсын, мейлі тарихи, саяси, әдеби көзқарастарында болсын, диалектикалық материализм мен тарихи материализм теориясын жаңа жағдайға сай жетілдіре түсумен қабат оны барлық қатқабат өмір саласында мүлтіксіз шебер қолданудың тамаша үлгілерін көрсетті. Соның бір көрінісі — диалектика шеберінің терең тарихшылдығы, нақты тарихи шыншылдығы.

«Гегель мен Марсктің ісін одан әрі жалғастыру міндеті адам ойының тарихын, ғылым мен техниканың тарихын диалектикалық шындауда болу керек»¹, дейді В. И. Ленин. Көсемнің өз еңбектері осы қағиданың оңды дәлелі десек, соның бәрінде, қандай құбылыс болғанмен, өзінің тарихи жағдайға байланысты диалектикалық даму заңдылығы арқылы түсіндірілетінін көреміз. «Логика дегеніміз — толық даму көлемінде білген білім» деген Гегель сөзін даналықпен айтылған дей келіп, Ленин әдебиет пен өнер құбылыстарын да сол диалектикалық логика тұрғысынан алып, тарихи даму дәрежесінде көрсетеді. Даму процесінің күрделі және (ілгерілі-кейінді секіріп, спиральді шеңбер жасайтын) қайшылығы мол шытырман процесс екенін анықтайды. Лениннің үйғаруы бойынша құбылысты зерттегенде материалистік диалектика теориясына сүйеніп «Оқиғаның бар нақты жай-жапсарын және оның дамуын зерттеу талап етіледі»². Барлық басқа еңбектері секілді Лениннің Лев Толстой туралы жазған классикалық мақалалары данышпан теоретик пен практиктің даналық тарихшылдығының айғағы. Мұны «Толстой орыс революциясының айнасы», «Толстой және заманы», «Толстой және осы күнгі жұмысшы қозғалысы», «Толстой және пролетарлық күрес» деген мақала аттарынан-ақ аңғаруға болады. Ұлы жазушы өз заманындағы революция сықылды ұлы әлеуметтік оқиғаны қалай ұқты, революция қарсаңындағы қопарыла бастаған

¹ В. И. Ленин. Полное собрание сочинений, т. 29, стр. 131.

² В. И. Ленин. Полное собрание сочинений, т. 26, стр. 159.

өмір шындығын, оның қабындаған қайшылықтарын қай таптың тұрғысынан қаншалықты терең, толық, дұрыс түсініп суреттеді — міні Лениннің тарихшылдық критерийі осы. Толстой творчествосының әлді, әлсіз жақтары осы критериймен бағаланған.

Россияның 1861 жыл мен 1905 жыл аралығында дамыған тарихи-элеуметтік жағдайын нақты, терең және жан-жақты талдап, барлық заңдылықтарын, қайшылықтарын, ерекшеліктерін ашу арқылы Ленин Толстой творчествосын жылы бағалаудың методологиялық кілтін тапты. Ол тарихшылдық методологиясының кілті. Бірақ айта кету керек: егер Ленин тек қана жалаң социологиялық талдаумен шектелген болса, онда әдебиеттің көркемдік ерекшелігі бүркеліп, ұлы суреткердің эстетикалық тұлғасы көмескі тартқан болар еді. Жоқ, олай болмады. Ленин бұл жерде социологиялық проблема мен эстетикалық проблеманы ұштастырып алған. Орыс революциясының даярлық кезеңін «данышпандықпен суреттеудің арқасында Толстой бүкіл адамзат атаулының көркемдік дамуын бір адым ілгері бастырды»¹ дейді Владимир Ильич.

Толстой туралы мақалалар сонымен бүкіл әдебиет тану ғылымы мен сыны үшін тамаша эталон боп табылды, әдебиет творчествосын тарихи шындықтың диалектикасына сәйкес жіті талдаудың таптырмайтын үлгі өрнегін салып, маркстік-лениндік эстетиканы жаңа деңгейге көтерген даналық еңбектер боп табылды. Бірақ өкінішке қарай, осы асыл мұраны барлық жағынан игеріп те үйреніп әлі жеткеніміз жоқ. Сол себепті осы күнге дейін тұрпайы социологизмнен аса алмай қалатын кездеріміз болады. Мақалаларымыз болсын, тіпті монографиялық еңбектеріміз болсын, тарихшылдықты үстірт ұғып, добал түсіндіретіні бар. Әдебиетіміздің тарихын терең зерттеп, әдеби құбылыстардың заңдылықтарын дұрыс тану жөнінде Ленин мұрасы бізге ылғи да адастырмас компас болуға тиіс.

Енді Лениннің ұлт мәдениеті жайындағы мұрасын алсақ, мұнда, былай қарағанда, әңгіме саяси-элеуметтік мәселе жөнінде секілді көрінеді. Ал сонда оның эстетикаға қатысы жоқ па? Болғанда қандай! Бұл мәселе жайындағы Ленин қағидасы көп ұлтты совет әдебиеті мен өнерінің ұлттық және интернационалдық сипаттары дейтін маңызды эстетикалық проблемаға тікелей қатысы бар. Ол ол ма! Тіпті осы мәселенің жаны, қолқа — жүрегі. Гәп мынада, жер бетінде

¹ Сонда. т. 20, стр. 19.

белгілі бір ұлтқа жатпайтын космополит адам болмайтыны сияқты ұлтқа жатпайтын, ұлттық қасиеттен «аман» космополит өнер мен әдебиет те болмайтыны бесенеден белгілі. Сондай-ақ басқа ел-жұрттың, ұлттық мәдениетімен қарым-қатынасы жоқ тіл, әдебиет, өнер атаулы эстетикалық жүйе болмайды. Халықтардың прогресшіл арман-мұраты қандай қабысса, олардың мәдени талап, мүддесі де сондай қабысатынын тарихтан білеміз.

Көп заман осы іспетті қарым-қатынаста дамыған ұлт мәдениеттері әрдайым бір жағынан ұлттық, екінші жағынан интернационалдық сипаттарын қатар дамыта берген. Бұл сипаттардың бір-бірімен арақатынасы қашан да диалектикалық бірлігін сақтап келген тарихи құбылыс. Бірақ бір қалыпта қатқан құбылыс емес, тарихи жағдайларға байланысты өзгеріп, әрқилы өріс алып отырған күрделі құбылыс. Совет заманында, ұлт мәселесі Ленин идеясы бойынша даналық шешім тауып, халықтар достығы салтанат құрған қолайлы жағдайда, әрине, ұлттық және интернационалдық сипаттар да, олардың ара-қатынасының қосқанат диалектикалық бірлігінде өрбіп, жаңа сапаға көшті. Оған себеп — Коммунистік партияның лениндік ұлт саясаты және осы негізде шалқып өскен түрі ұлттық, мазмұны социалистік жаңа мәдениет. Лениннің ұлт саясатының теориялық негізі кеменгер көсемнің «Ұлт мәселесі жөнінде сын ескертпелер» (1913), «Великоростардың ұлттық мақтаны» (1914), «Ұлттардың өзін өзі билеу правосы» (1914) сықылды атакты еңбектерінде салынған-ды. Сол теориялық қағидаларын Владимир Ильич Ұлы Октябрь Социалистік революциясының алғашқы жылдары өз қолымен жүзеге асырды. Сөйтіп, Лениннің теория мен практиканы өзі ұластырып шешкен ұлт мәселесі ұлт мәдениетіне байланысты проблемалардың бәріне тетік боп табылды.

«Демократизм мен дүниежүзілік жұмысшы қозғалысының интернационалдық мәдениетінің» ұранын көтере отырып, біз әрбір ұлт мәдениетінен тек оның демократиялық және социалистік элементтерін аламыз, алғанда оны тек буржуазиялық мәдениетке қарсы, әрбір ұлттың тек және сөзсіз буржуазиялық ұлтшылдығына қарсы қойып аламыз».

Әрбір ұлт мәдениетінде социалистік мәдениетке дәстүр боларлық демократиялық элемент пен зиянды буржуазиялық элемент болатынын Ленин әбден ажыратып берген. Бұл нұсқау ең маңызды екі мәселенің бетін ашты. Оның бірі — өткендегі мәдени мұрадан жаңа мәдениет жасау үшін несің және қалай пайдаланамыз, екіншісі — халықтық,

ұлттық сипатын мәдениетте мұра етіп сақтайтын дәстүр қайсы? Сонымен бірге Ленин нұсқаған қағида буржуазияшыл ұлтшылдықтың «Бірыңғай ағым» дейтін жалған теориясын әшкерелеп, ұлттық дейтін ұғымды партиялық, таптық тұрғыдан танытты.

Осы бағытта біздің көпұлтты совет әдебиеті мен өнері көне мұраға таптық сын көзімен қарап, шын халықтық, демократиялық элементтерін ғана шынайы ұлттық дәстүр тұтып, творчестовлық жолмен пайдалану принципін қолдануда. Сонда ұлттық деген ұғымды біз қанаушы таптардың идеологиясынан таза социалистік реализм өнерінің аясында әрбір ұлттың қалың еңбекші бұхарасының мүддесін танытатын халықтық сапа деп білеміз. Ендеше бұл күйінде ол интернационалдық ұғымға қарсы емес, қайта онымен жарасып қиысқан, бірін-бірі толықтырып, жетілдіре түсетін бірлікте деп танимыз. Ұлттық ерекшелік әр халықтың тарихи қалыптасқан өзіндік сипатының айғағы бола тұра социалистік шындық жағдайында ол интернационалдық бірліктің ұлттық әралуандығына да айғақ.

Бірақ ол бірлік ұлттық сипатпен интернационалдық сипатты немесе олардың айырмашылығын жойып жібереді деген сөз емес. «Әзірше халықтар мен мемлекеттер арасында ұлттық және мемлекеттік айырмашылық болып тұрғанда,— дейді В. И. Ленин,— және мұндай айырмашылық пролетариат диктатурасы дүние жүзі көлемінде жеңгеннен кейін де көп-көп заман жойылмайтынын ескерсек, барлық елдердегі Коммунистік жұмысшы қозғалысының революциялық тактикасының бірлігі әр алуан өзгешеліктерді, ұлт айырмашылықтарын жоғалтуды талап етпейді (қазіргі кезеңде бұл бос қиял әшейін), қайта коммунизмнің негізгі принциптерін (совет өкіметі мен пролетариат диктатурасын) жүзеге асырғанда, осы принциптерді жеке жағдайларға лайық түрін өзгертіп дұрыс қолдануды, ұлттық және ұлттық-мемлекеттік айырмашылыққа бейімдеп қолдануды талап етеді. Баршаға бірдей бірден-бір интернационалдық міндетті нақты жүзеге асыруда әр елдің ұлттық өзгешелігін, ұлттық ерекшелігін қарастыру, зерттеу, іздеу, табу, аңдау — міне қазіргі тарихи кезеңде барлық алдыңғы қатардағы елдердің (тек олардың ғана емес) алдында тұрған басты міндет осы»¹.

Советтер Одағының Коммунистік партиясы жарты ғасыр бойы Ленин нұсқауын бұлжытпай жүзеге асыруда әр елдің,

¹ В. И. Ленин. Полн. собр., соч. т. 41, стр. 77.

әр халықтың өзіне тән ұлттық ерекшеліктерін құрметпен ескере, есепке ала отырып, баршаға ортақ интернационалдық міндетті алға қойып келді. Осы негізде Горький айтқан көп ұлтты, бір мақсатты социалистік реализм әдебиеті мен өнері ұлттық және интернационалдық сипаттарының жараса қиысқан диалектикалық бірлігін бекітті. Сөйтіп, бұлдағы маркстік-лениндік эстетиканың маңызды бір принципі боп орын тепті.

Ұлттық ерекшелікті абсолютке айналдырып, оны социалистік интернационализмге қарсы қою ұлтшылдықтың отына май құятынын, сондай-ақ ұлттық ерекшелікті елемей, жоққа шығару нигилизмге соқтыратынын партия әрдайым еске салып келеді.

КПСС Орталық Комитетінің совет жазушылары IV съезіне құттықтауында жазылғанындай: «Біздің әдебиетіміздің принциптік жаңа қасиеті оның көп ұлтты әдебиет боп дамуында, барлық ұлт әдебиеттерінің Совет Одағындағы әрбір халықтың тарихи жолының өзгешеліктерін көрсететін прогресшіл дәстүрлері мен озат тәжірибелерін өз бойына сіңіре білетіндігінде болып табылады. Лениндік ұлт саясатының салтанат құруы халықтардың түбірлі мүдделерінің ортақтығы, достығы мен туысқандығы, мұрат-мақсаттары бір, дәстүрлері мен формалары алуан түрлі ұлт әдебиеттерінің гүлдене көркеюінің негізі болып табылады». Міне, бұл маркстік-лениндік эстетиканың ұлттық және интернационалдық проблеманы бүгінгі таңда ленинше шешкендігінің айқын айғағы. Мұның өзін қазір ұлт мәселесінде партияның лениндік саясатын неше саққа жүгіртіп жалған өсектейтін ревизионистерге қарсы идеологиялық құрал деп тану жөн.

Лениннің Мұхит-сынды мол мұрасының, оның ішінде Маркстік эстетиканың дамуына Ленин қосқан ұлы үлестің мәнін, маңызын қорытып айтқанда айрықша көзге түсіп, ерекше жүрекке ұялайтын бір түйінді мәселе бар. Былайша айтқанда мәселелердің мәселесі. Эстетиканың қай проблемасын қозғасаң да сол мәселе алдыңнан шығады. Барлық ой-пікірдің, барлық теориялық, практикалық нұсқау, қағиданың желісі соған қарай тартылған. Ол — өнер және халық дейтін мәселе. Ленин өмірінің, Ленин құрған коммунистік партияның, Ленин бастаған революциялық күрестің, Ленин орнатқан совет үкіметінің негізгі мақсаты — халық қамы ғой. Халықтың өз күшімен өзін ескі дүниенің бұғауынан босатып, адамды адам қанамайтын, езбейтін жаңа дүние, бақытты коммунистік өмір жасау арманы десек, осы арман ұлы Лениннің барлық еңбегінің ішкі арқауы. Сондай-ақ

өнердің де мақсатын кемеңгер көсем әрқашан коммунистік арманға, халық мүддесіне бағынышты алады. Оның Клара Цеткинмен әңгімелесекенде айтқан «Өнер халықтікі» деген сөзін жоғарыда аталған өнер және халық деген түйінді мәселенің шешімі деу керек. Шынында да бақылап қарайықшы. Владимир Ильичтің өткен ғасырдағы ұлы орыс революционер-демократтарының өнер мен әдебиеттің халықтығы туралы пікірлерін жоғары бағалауы, «Халықшылдардың» халықтық туралы айтқандарының идеализмге тартатынын тауып айтуы, Толстой творчествосын революцияға қатысқан халық өміріне байланысты талдауы, әдебиеттің партиялығы дейтін принципті халықтың жетекші күші пролетариат ісімен ұштастырып қарап, «Миллиондаған, ондаған миллион» жұрттың (халықтың — М. Қ.) әдебиетінің пролбемасы етіп көтеруі, пролетариаттың ұлы жазушысы Горький творчествосын халықты күреске бастаған революцияның ұлы күші — жұмысшы табының мақсатын дер кезінде жырлаған өте қажет те қымбат өнер деп тануы, футуристердің шығармаларын халыққа түсініксіз болғаны үшін сынауы, пролеткульшілерге өткендегі халық мұрасын мансұқ еткендігі үшін соққы беруі, Демьян Бедныйды халықтың алдыңғы жағында емес, көбіне соңында жүреді деп ескертуі, өнер халыққа түсінікті де сүйікті болуы керек, халықты көтеруі керек деп нұсқауы, халық әндері мен аңыздарының жинағын оқығаннан кейін таң-тамаша қалып, онда халықтың ең асыл арман-мүдделері мен сенім-сезімдері жатқанын айтып сүйсінуі, халық тілін таза сақтауға уағыздауы — осының бәрі Лениннің эстетикалық ойларының «Өнер халықтікі» дейтін тоба қазыққа тартылған қат-қабат даналық желілері дейміз. Бірімен-бірі жалғасып, өріліп, өзекті ойды толықтырған, тереңдеткен пікір желілері.

Жоғарыда толығырақ тоқтаған проблемалардың да Лениннің тарихшылдығы және партиялық принциптері, дәстүр мен жаңашылдық, ұлттық пен интернационалдық проблемаларға қатысты қағидалары өзегінде халық көсемі Лениннің халық ролін кең және жоғары бағалаушылық тұрғысын көреміз. Мысалы, тарихшылдық принциптің өзегінде тарихтың қозғаушы күші халық дейтін түйінді пікір бар, партиялық принциптің өзегінде әдебиеттің партиялық болуы халық мүддесін көздеу дейтін пікір бар, сондай-ақ эстетикада дәстүр мен ұлттық сипат иесі де, жаңашылдық пен интернационалдық идеясының жасампаз авторы да халық деген дұрыс ұғым жатыр.

Сөйтіп, Лениннің өнер және халық дейтін ой өзегі Маркс пен Энгельс шешкен өнер мен қоғам дейтін эстетикалық проблеманың жаңа тарихи жағдайға бейім Ленинше шешілген данышпандық жалғасы боп табылады. Лениннен бұрын «Өнердің болмысқа эстетикалық қатнасы» дейтін магистрлік диссертация жазған Н. Г. Чернышевский бұл проблеманы сөз жоқ, материалистік негізде шешкен-ді. Ал «Өнер және халық өмірі» атты арнаулы кітап жазған Г. В. Плеханов болса, оның бұл проблеманы негізінде марксизмнің материалистік тұрғысынан қарастырғаны рас. Бірақ олар өнердің партиялығы мен халықтығы аталатын принципті Ленин көтерген биікке жеткізе алған жоқ. Жеткізу үшін Чернышевскийдің заманы ертелік етті. Ал Плеханов болса, оған Ленин игерген диалектикалық, саяси көрегендік жетіспеді.

«Өнер халықтікі» деген тезисті Ленин қатып-сенген догма күйінде түсінбейді. Оны әрқилы тарихи жағдайларға қарай әрқилы мазмұн, сипат, сапа алып, өзгеріп отыратын құбылыс деп біледі. Айталық, біздің қазақ әдебиетінің бұрынғы феодалдық-патриархалдық қоғамдағы халықтығы мен қазіргі социалистік қоғамдағы халықтығының мағнасы бірдей емес, әрине. Неге десеңіз — халықтық деп бірінде езілген, қанаушыларға қарсы зығырданы қайнаған қараңғы халықтың ауыр күйі мен болашақ азаттық туралы мүддесінің жырлануы айтылса, екіншісінде социалистік қоғам жағдайында жарқын мұратқа жету үшін күрескен қаһарман совет халқының бақытты өмірі мен ерлік еңбегі айтылса керек. Сол секілді баяғы заманның фольклорлық дәстүрінің халықтығы мен қазіргі совет әдебиет дәстүрінің халықтығы, баяғы «әрбір ұлт мәдениетінде екі түрлі мәдениеті болатын» ұлт әдебиетінің халықтығы мен қазіргі социалистік ұлт болған қазақ әдебиетінің халықтығы бірдей емес. Олай болуы мүмкін де емес. Лениннің диалектиктігі, тарихшылдығы осы жерде де айқын көзге түседі. «Марксизм догма емес, іс-әрекетке басшылық» дейтін белгілі қағиданы маркстік-лениндік эстетиканың кез келген принциптері мен проблемалары жөнінде айтуға болады, өйткені олар дәуір талабына, өмір талабына қарай өзгеріп отыратын категориялар. Күнбе-күн зерттеп, жаңарған, жаңғырған қырлары мен сырларын ашып творчестволық жолмен пайдаланып отыруға тиіс категориялар. Ленин мұрасы бізді осыған үйретеді. Ленин мұрасын біз осылай ешқашан көнермейтін жанды құбылыс деп ұғуымыз керек.

Осы арада тағы бір түйінді мәселеге тоқтау қажет. Ол —

өнер және адам проблемасы. Бұл да өнер және халық дейгін проблемалармен сабақтас. «Өнер өнер үшін» емес, өнер қоғам үшін, халық үшін дейтін маркстік-лениндік эстетика сол бағытта өнер адам үшін деген тезисті жүзеге асырады. Сондықтан да Горький әдебиеттің мақсатын «адам тану» деген ғой. Адам — өнердің өзегі. Өнер адам өмірін, адам тағдырын, адам характерін бейнелеу арқылы адамды танытады және сонымен бірге түзеу, жөндеу, тәрбиелеу мақсатын көздейді. Бұл мәселеде де маркстік-лениндік эстетика буржуазиялық теорияға қарама-қарсы тұрғыны қуаттап, адам табиғатына, оның мүмкіншілігіне, болашағына үлкен сеніммен қарайды. Буржуазия философтары, керісінше «адам деген жаратылысында жауыз, бір-біріне жау, азған үстіне аза беретін айуан» деген сықылды әрі пессимистік, әрі абстракты идеалистік көзқарасты уағыздайды. Олардың адам тағдырын «аянышпен» сөз етуінің өзі абстракты гуманизмнің тарихқа жанаспайтын жалпылама сүренінен аспайды.

Ленин өнер мен адам аралығының диалектикасы туралы Маркс, Энгельс жасаған эстетикалық теорияны іске асыра отырып одан әрі дамытты. Маркстік эстетика ХІХ ғасырдың ақырында тоқырап қалды-мыс дейтін осы күнгі буржуазия жаршыларының жалған, өсек сөздерінің күлін көкке ұшыратын да Ленин еңбектері. Горький өзінің Ленин туралы очеркінде данышпан көсемнің барлық өмірі адам бақытына бағышталған ұлы гуманист екенін тамаша тауып айтқан: «Мен үшін Ленин бойындағы үздік ұлы қасиет — ол оның адам атаулының бақытсыздығына деген қайтпас, сөнбес қастық сезімі еді, бақытсыздық дейтін адамның маңдайына жазылған тіршіліктің өзгермес, айнымас негізі емес, ол бір мерез, мерезді адам құртуы керек және құрта алады да дейтін анық сенімі еді.

Мен Ленин характерінің осы бір негізгі қасиетін материалистің жауынгерлік оптимизмі дер едім. Менің жанымды ерекше еліктіріп, осынау үлкен әріппен басталатын ұлы адамға еріксіз тартқан да оның осы бір айрықша қасиеті болатын.¹

«Өнер халықтікі», «біздің жұмышылар мен шаруалар нағыз ұлы өнерге право алды», «өнер жұрттың сезімін, ойын, ынта-ықласын біріктіріп көтеруге тиіс» деген Ленин сонымен қатар өнер халық ортасынан «суреткерлер шығарып, өсіруге тиіс» дейтін пікір ұсынады. Бұл қағида Маркс-

¹ О Ленине. Воспоминания, рассказы, очерки. М. ГИХЛ 1957, стр. 25.

тің «өнер адамның эстетикалық сезімін өсіреді» деген белгілі тезисімен үндес екенін көру қиын емес. Бүгінгі буржуазия теоретиктері өнер саласында анархиялық жеке дарашылдықты бетке ұстаса, Ленин қағидасы өнер «миллиондаған, он миллиондаған еңбекшілерге қызмет етуі керек» деген міндет қояды. Біздің совет шындығы жағдайында өнердің миллиондарға қызмет ету міндетін қалай ұғуымыз керек? Бұл сұраққа да кең мағнасында Ленин еңбектері толық жауап береді. Жаңа дүние құрылысына жұмылған миллиондаған еңбекшілерді коммунистік мұрат пен коммунистік мораль рухында тәрбиелеу мақсатын бүкіл мәдениет ағарту жұмысының, әсіресе өнер мен әдебиеттің өзекті мәселесі екенін Ленин комсомолдың III съезінде сөйлеген сөзінде және басқа да көптеген мақала, баяндама, нұсқауларында анық ажыратып айтқаны белгілі. Ленин мезгеген мақсат, міндеттер коммунистік партияның программасына еніп, коммунизм құрылысының моральдық кодексіне негіз салды.

Социалистік еңбек майданындағы бүгінгі совет адамдарының коммунистік, патриоттық, интернационалдық сана-сезімін шындау негізінде шынайы адамгершілік, адалдық, әділдік сықылды рухани қасиеттерді тәрбиелеу, әсемдікті ұсқынсыздықтан ажыратып, сұлулықты тани да сүйе білетін эстетикалық қаблетті ұстарту — жалпы коммунистік тәрбиенің, оның ішінде әсіресе әсерлі сала — әдебиет пен өнердің тікелей міндеті деп есептеледі. Ал, бірақ, осы міндет қалай жүзеге аспақ? Міне, мәселе осында. Мұны Ленин өте жақсы түсінді. Мәселенің қиындығы көп нәрсеге тірелетінін данышпан теоретик әр тұста-ақ көрсетіп отырды. Суреткерлік тәрізді өте күрделі де нәзік эстетикалық қызметті ойдағыдай атқару үшін алдымен талант қажет екенін, талантқа айрықша қамқорлық қажет екенін Ленин әрдайым ескертіп отырған және іс жүзінде сондай қамқорлықты Горький, Демьян, Луначарский сықылды талант иелеріне өзі де көрсетіп отырған. «Мен әлі де Демьян Бедныйдың жағындамын, — дейді Владимир Ильич 1913 жылы «Правда» газетінің редакциясына жазған хатында, — Адамның кемшілігін қазбалап қудалай көрмеңіздер, достарым! Талант — ілуде біреу. Оны өнебойы және абайлап қолдап отыру керек»¹. Сондай-ақ 1917 жылы Горький қателескен тұста Ленин оның қатесін ескере келіп: «Горький — дүние жүзі пролетарлық қозғалысына көп пайда келтірген және

¹ Ленин о культуре и искусстве. М. «Искусство» 1956, стр. 418.

бұдан былай да көп пайда келтіре беретін аса зор көркем талант иесі»¹ деп қорғаштай сөйлегенін білеміз. Сонымен бірге қамқор талантқа деген биік талапты ешуақытта төмендеткен емес. Лениндік талаптың басты-бастылары мыналар: 1) Ашықтан-ашық және саналы түрде жұмысшы табының жырын жырлап, коммунистік партияның басшылығымен еңбекші халықтың мүддесіне талант жұмсап қызмет ету; 2) Өмірді терең зерттеп, әбден біліп алып, объективті шындықты ең озат философиялық тұрғыдан қорытып шынайы суреттеу; 3) Шығарма социалистік реализмнің осындай биік деңгейінен табылу үшін суреткер өзінің маркстік-лениндік дүние таным дәрежесіне сай, мәдениеті жоғары, еңбекдар, іздемпаз, ысылған, тәжірибелі шебер болуы керек.

Ленин еңбектерінен сабақ іспетті шындалған бұл эстетикалық талаптар көп суреткердің алдында әлі де алынып болмаған қамал сияқты бұлдырайды. Әдебиет пен өнер шығармаларындағы идеялық-эстетикалық сапасы жетпей жатқан көптеген кемшіліктің себебі де сол қамалдың алынбауында яғни маркстік-лениндік эстетиканың бүгін таңдағы биік талабынан табылмауда деп білу керек.

Қазіргі қазақ совет әдебиетінің елу жыл ішінде қол жеткен табыстары мен жетістіктері Ленин нұсқаған шыншылдық, тарихшылдық, партиялық, халықтық, интернационалдық секілді социалистік реализм принциптері негізінде пайда болғаны даусыз. Бұл арнада ауыз толтырып айтарлық, мақтан етерлік жеңісіміз де, жемісіміз де ұлан-асыр, әрине. Бірақ мәселе қазір ол жөнінде емес. Әлі де жетіспей жатқан кем-кетігімізде. Заман талабы тұрғысынан сол кем-кетік жайларға, оның себебіне айрықша назар аударуда. Біздің ақын, жазушыларымыздың ден көпшілігі-ақ бүгінгі қарыштап ілгері басқан өмір мен уақыт қарқынына ілесе алмай, кешеуілдей беру фактыларын зерттеп көрсек, «кешеуілдеу» деп кітаптың аз шығуын айтпаймыз, дәрежесінің төмендігін айтамыз. Мынадай етек басты жағдайларға көз жетеді: не өмір танитын өресінде, не өмір материалын білуінде, не мәдениетінде, не еңбектеніп, ізденуінде, не тілінде, не әдеби шеберлігінде ойсыраған олқылықтар байқалады. Мұның салдары (өкініші сол) шығарманың сан кемшілігі емес, сапа кешілігіне соқтыратыны тағы бар.

Прозаиктер мен драматургтердің көбірек тарихи тақырыпқа бой ұрып, осы күнгі еңбек адамының, әсіресе жұмыс-

¹ Сонда, стр. 196.

шы табы өкілдерінің ерлік бейнесін жарқыратып суреттеуге батыл бара бермеуі, Ұлы Отан соғысы тұсындағы совет адамдарының қаһармандық күресін, батырлық образдарын әлі күнге дейін шындықтағы шын керемет күйінде көрсете алмауы, бүгінгі өмірге бара калса, оның тереңіне бойламай, бергі бетінде қалқуы, геройларының герой емес, қайдағы бір жасық, шикі, күйкі жандар болып шығатыны — социалистік реализм эстетикасы бойынша суреткерге қойылатын талап шарттардан кем түсіп жатқандықтың белгісі болу керек. Бұл жағдай көркем сөз шеберлерін қатты ойландыруы қажет.

Эстетикалық мәдениеттің дәрежесін, әдебиет пен өнер шығармаларының сапасын лениндік биікке көтеру деген сөз — бүгінгі өрлеп жеткен сатыда қалып қою емес, қол жеткенді қанағат тұту емес, мазасыз, тынымсыз шарқ ұру, творчество қиясында қажымай шарықтау деген сөз, барды місе тұтпай, әрдайым жаңалық ашуды арман ету деген сөз. Машақаты мол осы бір қиын-қыстау творчестволық ізденісте ленинизм ілімі әрдайым әрі жарық, әрі жігер, күш, әрі мұқалмас қару-жарақ береді.

* * *

Ленин мұрасын дұрыс түсініп, әдебиет пен өнер саласында дұрыс іске асыру жөнінде басшылық ететін Советтер Одағының Коммунистік партиясы, оның Орталық Комитеті. Өткен елу жыл ішінде осы сала жайында қабылданған қаулы-қарарлар, партиялық документтер, күнбе-күнгі қамқорлық нұсқау — осының бәрі халқымыздың эстетикалық мәдениетін Ленин мезгеген бағытта дамыта беруге арналған партия саясатының айқын көрінісі. Ленинмен жақын жүріп пікірлес болған адамдардың естеліктері мен әдеби еңбектері де Ленин мұрасын толық танып, терең түсінуге көп көмектеседі. Мысалы, көсемнің тірі кезінде ағарту ісінің халық комиссары міндетін атқарған Анатолий Васильевич Луначарский Лениннің эстетикалық көзқарасын және совет әдебиеті мен өнерін өркендету жөніндегі тікелей нұсқаларын анықтайтын еңбектер қалдырды. Сондай-ақ Владимир Ильичтің досы, серігі, пролетариат өнерінің ұлы өкілі Алексей Максимович Горькийдің өзі Лениннің жарқын бейнесін тамаша сипаттап, әдеби мұрасын терең де нәзік түсіндіретін пікірлер түйгені белгілі. Оның үстіне Горький ұлы көсем дүние салғаннан кейін он екі жылдай әдебиет майданында лениндік принциптерді уағыздаушы да, орнатушы болды.

Горький негізін салған социалистік реализм, Горький басқарған Совет жазушылар одағы, Горький бастап кең арнаға түскен көп ұлтты совет әдебиеті, оның алдағы міндеттері туралы Горький жасаған даңқты баяндама Ленин мұрасын мәңгі өмірлік етудің ірі шаралары еді.

Совет әдебиеті мен өнерінің жарты ғасыр бойы шарықтап өсіп, тарихи табыстарға жетуі, социалистік реализм тек совет әдебиетінің ғана әдісі емес, бүкіл дүние жүзінің прогресшіл әдебиетіне де компас бола бастауы — лениндік принциптердің сәулетті салтанат құруының кепілі.

Ленин мұрасын терең зерттеп, еркін игеріп, оның әрбір принципін, қағидасын көздің қарашығындай сақтап, күллі эстетикалық мәдениетіміздің өзегі ету — көркемдік дамудың бұдан былай да халықтық негізде коммунистік мақсат-мұратқа құлаш сермеп, бой ұруының бірден-бір шарты.

ӨНЕРДІҢ ЭСТЕТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

Бұл бізде бір тың жатқан мәселе. Қазақстанның философиялық ғылымы болсын, филология ғылымы болсын, эстетика проблемаларын әлі жөнді қолға алған жоқ. Әсіресе эстетиканы әдебиет пен өнердің философиясы, ғылымы деп қарап, осы ғылыми-философиялық тұрғыдан өмір мен өнердегі эстетикалық қасиет-сипаттарды анықтау әрекеті бізде мүлдем жоқтың қасы. Ал осы саладағы түйінді мәселелерді шешіп алмай, әдебиет пен өнердің эстетикалық сапасын жетілдіру үшін күрес мардымды болмақ емес. Көптеген сын, әдебиет тану еңбектерінің үстірт немесе бір жақты субъективтік талғамнан көп аспайтыны сондықтан.

Неңдей құбылыс болғанмен, байыбына барып, ғылыми негізде терең зерттеуді қажет етеді. Былайша айтқанда, әр нәрсенің философиялық түбіріне жетуді қажет етеді. Әдебиет пен өнер құбылыстары да сондай. Оның философиялық түбірі эстетикаға саяды. Эстетика әсемдікті зерттейтін ғылыми десек, әсемдікті танытатын қоғамдық сананың ерекше саласы — өнер. Ендеше өнер эстетика ғылымының негізгі объекті. Әрине, эстетика өмірдегі әсемдікті де дербес алып зерттейді. Бірақ оны көбіне-көп өнердегі көрінісіне байланысты алады. Бұлай зерттеу бір жағынан жалпы адам санасының дүние тану әрекетіне өнер атаулының қосатын өзіндік үлесін көрсетсе, екінші жағынан өмір шындығының өнер шындығына (көркем шындыққа) айналу процесінің диалектикасын көрсетеді. Өстіп суреткердің творчестволық актының диалектикасын ашып, эстетикалық сипатын анықтағанда ғана оның шығармасының көркемдік сапасы дұрыс бағаланады.

Мына мақалада біз осы күнге шейін қозғалмай жатқан мәселенің шешімін ұсынғалы отырған жоқпыз. Ол күрделі міндет және көптің ісі. Тек осы мәселеге ғылыми қауымның назарын аударуды ғана мақсат тұттық. Эстетикалық категориялардың теориялық түсініктерін философтардың үлесіне қалдырып, әдебиет пен өнердің эстетикалық сипаттары туғызатын әсердің адам тәрбиесіне жасайтын қызметін сөз етуді ниет еттік.

* * *

Адамзаттың ежелгі арманы — бақытты өмір. Мұның мағынасы кең де терең. Ол «тамақтың тоқтығымен, көйлектің көктігімен» әсте шектелмейді. Бақытты өмір сүру үшін, тұрмыс байлығы мен ырзық молшылығына қоса адамның рухани өмірінің де кең шалқуы шарт. Бостандық пен теңдікке қолы жеткен еңбек адамы, еркін еңбектің білімді де саналы адамы социалистік қоғамда маңызды, қызық, сұлу өмір сүруге мүмкіндік алады.

Адам өмірінің гүлдеп, адам табиғатының әбден көркейтін, барлық жағынан кемелденетін кезі — коммунизм заманы. Сондықтан да коммунизм дүние жүзі халықтарының ежелгі асыл мұраты, жарқын мақсаты.

Коммунизмге бет алған бүкіл адамзат көшінің алдында жол бастап келе жатқан ұлы совет халқы сол ізгі мұрат пен мақсатты жүзеге асыруға жұмыла кірісуде. КПСС XXII съезі қабылдаған ұлы Программа бойынша алып құрылыс майданында ірге тасы қаланып жатқан коммунизм қоғамының адамын көңілдегідей тәрбиелеп жетілдіру бүгінгі таңның міндеті екені аян. Мұны Коммунистік партия Программаның өзінде айқын атап айтқан. «Коммунизмге өту дәуірінде, — делінген Програмада, — рухани байлықты, кіршіксіз мораль мен күш-қуатының толысуын өз бойына жарасымды етіп жинаған жаңа адамды тәрбиелеу мүмкіншілігі арта түседі.

Жаңа адамның осындай қасиеттерінің толысуына істелетін тәрбиелік шаралар мен әрекеттер көп болуға тиіс. Оның ішінде әсіресе көркем өнер мен әдебиетке артатын жүк айрықша үлкен. Бұл жөнінде де Програмада өте анық жазылған: «Партия әдебиетті, өнерді, мәдениетті көркейту жөнінде, әрбір адамның өз басының қабілеттерін неғұрлым толық көрсетуі үшін барлық жағдайларды жасау жөнінде, барлық еңбекшілерге эстетикалық тәрбие беру, халықтың көркемдік талғамдары мен мәдени дағдыларын жоғары болуын қалыптастыру жөнінде тынбастан қамқорлық жасай-

тын болады. Көркемдік негіз еңбекті онан сайын қасиеттейді, тұрмысты сәндендіреді және адамның адамгершілік қасиетін арттырады»¹.

Барлық еңбекшілерге эстетикалық тәрбие беру халықтың көркемдік талғамы мен мәдениетін көтеру қаншалықты игі міндет болса, соншалықты қиын, күрделі міндет. Оның орындалуы бір күннің немесе бір жылдың жұмысы емес. Және өнер мен әдебиеттің кез келген туындысы атқара беретін қызмет емес. Бұл бүкіл көркем мәдениет, оның ішінде көп салалы, көп жанрлы көркем өнер мен әдебиеттің сан алуан сапалы туындыларының тұс-тұстан қосыла, үндесе келіп адам санасы мен психологиясына нәзік әсер, ықпал етуімен жүзеге асатын міндет эстетикалық тәрбиенің жемісті, нәтижелі болуы тікелей көркем туындының сапалық дәрежесінің жоғары болуына байланысты. Сондықтан да Программада өнер мен әдебиет шығармаларының шыншыл, жаңашыл, әдіс тәсілмен шебер жасалуына, стиль, түр байлығына, идеялық-көркемдік сапасының жоғары болуына, тақырыбының маңыздылығына көп мән берілген. «Халықтық және партиялық принциптерге негізделген социалистік реализм өнерінде өмірді көркем бейнелеудегі батыл жаңалық жасау дүние жүзілік мәдениеттің барлық прогресшіл дәстүрлерін пайдаланумен және дамытумен ұштастырылады. Жеке адамның творчестволық бастамасын, асқан шеберлігін көрсету үшін, творчестволық формаларды, стильдер мен жанрларды алуан түрлі ету үшін жазушылардың, суретшілердің, музыканттардың, театр мен кино қайраткерлерінің алдында кең өріс ашылады»².

Социалистік реализм өнері адамзат мәдениетінің өткендегі жақсы дәстүріне сүйене отырып, жаңа заман шындығын шынайы бейнелеу жөнінде еркін ізденіп, батыл жаңалықтар табуға толық мүмкіншілік береді. Сондықтан да ол жаңашыл өнер. Социалистік реализм өнері түр, жанр, тақырып, стиль байлығын қамтамасыз етіп, адам санасы мен сезіміне идеялық және эмоциялық ықпал тигізетін көркемдік құралдарды барынша жетілдіруге жағдай жасайды. Халық өмірімен терең тамырлас халықтық және партиялық принципті мықты ұстайтын бұл өнер өз туындыларын бүгінгі коммунизм құрылысшыларының мүддесі мен талабына

¹ «ҚПСС XXII съезінің материалдары», Қазақ мемлекет баспасы, Алматы, 1962, 448-бет.

² «ҚПСС XXII съезінің материалдары», Қазақ мемлекет баспасы, Алматы, 1962, 449-бет.

сай жасап, осы заман тақырыбына көбірек көңіл аударады, осы заман қаһармандарының образын бейнелеуге ден қояды.

Қазіргі заманымыз — өнердің өзегі, оның романтикасы, героикасы. Осыған орай адам өнерді әдеміліктің заңы бойынша жасайды деген Маркс қағидасынан туатын басты міндет — «адамды жан-жақты, жарасымды етіп жетілдіру»¹ жаңа адамның, ертеңгі коммунистік қоғам адамының адамгершілік мұратын орнықтыру болып табылады. Сол іспетті сөз, дыбыс, мүсін, қимыл және басқа да өнер шеберлеріне көркемдік шалым керек, көз алдымызда туып жататын жаңа құбылыстарды, адам характеріндегі жаңа белгілерді, адамдардың жаңа қарым-қатынастарын, жаңа сұлу моральдық биіктерді көре білу қажет.

Партияның XXIII съезі көркем творчество қайраткерлерін ең алдымен коммунизм құрылысшылары үшін жанды өнеге өшпес үлгі болуға тиісті ұнамды кейіпкерлер жасауға бағыттады.

Социалистік реализм өнерінің барлық кезеңде басқа ағымдардан ашаланған айырмашылығының өзі жаңа дүниені орнықтырып, ұнамды кейіпкерлер жасауында.

Айталық, бүкіл совет әдебиетінде, сондай-ақ қазақ совет әдебиетінде ұнамды сипат, мінез-құлықтарды сомдаудың құнды тәжірибесі біздің жазушыларымыздың үлкен, күрделі творчестволық жолын нұрландыратын дәстүрге айналды.

* * *

Әдемілікке қызықпайтын, сүйсінбейтін адам жоқ. Бірақ осы қызығу мен сүйсінудің мөлшері бірдей емес. Әдемілікті түсініп, танып бағалаудың да дәрежесі әр түрлі. Мұның себебі тәрбиеде. Әдемілікті ұнататын табиғи сезім туа пайда болғанмен, жүре дамиды. Оның дамуы, біреуде жоғары, біреуде төмен болуы адамның көркемдік мәдениетіне, көркем өнер туындыларын біліп, ұғынып, ләззат алып дағдылану тәжірибесіне байланысты. Өнердің осы эстетикалық тәрбиеде атқаратын баға жетпес қызметін анықтаудан бұрын оның жалпы қоғамда атқаратын маңызды ролін еске түсіре кетейік.

Марксизмнің негізін қалаушылар өнердің қоғамдық өмірдегі ролін диалектикалық-материалистік тұрғыдан те-

¹ Бұл да сонда, 437-бет.

рең түсіндіріп, толық дәлелдеп берген болатын. Олардың еңбектерінде өнердің шыққан тегі туралы толық мәлімет және идеологияның ерекше саласы ретінде өнердің қоғамдық өмірде атқаратын белсенді қызметі туралы толық тұжырымдар бар.

Орыстың ұлы революционер-демократтары да (Белинский, Чернышевский, Добролюбов) осы бағытта тамаша қорытындылар жасаған. Олар «Өнер — өнер үшін» дейтін аты шулы буржуазиялық теорияның әйгілі өкілдерімен аяусыз күресе отырып, өнердің қоғамдық-тәрбиелік ролі жөніндегі тезисті зор логика күшімен және өздеріне тән революциялық ынта-жігермен қорғап, баянды етті, өнерді «өмір оқулығы», «өмір кеселдерін айыптайтын үкім» деп білді. Н. Чернышевский, Г. В. Плехановтың арнаулы еңбектерінде бұл тезистің одан әрі дамытылғаны жұртқа мәлім.

Алайда ұлы Лениннің еңбектері өнердің маркстік философиясының жаңа, ең жоғары сатысы болып табылады. Ол өмірді танудағы негізгі теорияны — отражение (бейнелеу) теориясын данышпандықпен жасап берді, сонымен бірге өнердің партиялылығы мен халықтығы жөніндегі тамаша принципті ұсынды.

«Таза», «тәуелсіз» өнер деп аталатын теорияны қорғаушы буржуазияшыл жазушылардың бұл сұрқия екі жүзділігіне қарсы 1905 жылдарда-ақ Владимир Ильич пролетариатпен ашықтан-ашық байланысты және елдің гүлі, күшті болашағы — «миллион-миллиондаған еңбекшілерге» қызмет ететін жаңа, нағыз ерікті әдебиет жасауға шақырған болатын. Мұндай өнердің ұлы өкілі деп кемеңгер көсем сол кезде Максим Горькийді айтқан еді. Ұлы Октябрь революциясы жеңісінің алғашқы күндерінен бастап-ақ В. И. Ленин халық мүддесіне саналы қызмет ететін, халық өміріне терең бойлайтын осындай әдебиет пен өнердің негізін қалауға қамқорлық жасады. «Біздің жұмысшыларымыз бен шаруаларымыз нағыз ұлы өнерге ие болуға право алды» деген ол Клара Цеткинмен әңгімелескенде.

Ұлы көсемнің данышпандық өсиеттерін орындай отырып, біздің партиямыз еңбекшілерге коммунистік тәрбие беруде зор маңызы бар советтік өнердің халықтық негізде дамып, барынша гүлденуі үшін қолайлы жағдайдың бәрін жасап, қамқорлық көрсетіп келді, көрсетіп те отыр.

Халықтық, коммунистік терең идеялық совет әдебиеті мен өнерінің басты сипаттары осылар. Қоғамдық өмірдің дамуымен бірге совет әдебиеті мен өнерінің тәрбиелік ролі үнемі артып отырды, совет халқының мәдени талаптары

өскен сайын социалистік құрылыстағы маңызы да күшейе түсті.

Коммунизм орнату дәуірі социалистік мәдениеттің шын мәнісіндегі ұлы болашағына жол ашуда. Бұл дәуір экономиканы мейлінше өркендете берумен қатар, қоғамның рухани өмірінің барша салаларын да үздіксіз дамыта беруді талап етеді. Таяудағы уақыттың ішінде коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау міндеттерін алға қойған Совет Одағы Коммунистік партиясының тарихи ХХІ—ХХІІІ съездері сонымен бірге еңбекші адам баласының жан-жақты дамуының да аса ұлы міндеттерін белгілеп берді.

«Партия қазіргі кезде идеологиялық жұмыстағы басты нәрсе — барлық еңбекшілерді жоғары идеялық, коммунизмге берілгендік, еңбекке және қоғамдық шаруашылыққа коммунистік көзқарас рухында тәрбиелеу, буржуазиялық көзқарастар мен әдет-ғұрыптардың сарқыншақтарын толық жою, адамды жан-жақты, жарасымды етіп жетілдіру, рухани мәдениеттің нағыз байлығын жасау деп санайды»¹

Бұл міндет ең алдымен біздің совет адамдарын еңбекке коммунистік тұрғыдан қарайтындай, еңбекті бірінші тұрмыс қажеті, өмір рақаты деп санайтындай етіп тәрбиелеуге меңзейді. Бұл — біздің жарқын мұратты мақсатымызға жетудегі күрделі де сан қилы идеялық-тәрбиелік жұмысымыздың ең бастысы болып табылады. Ал осы мұратты мақсатқа жету жолы — еңбекшілер бұқарасын социалистік Отанға деген шексіз сүйіспеншілік, халықтар достығы мен пролетарлық интернационализм, ескіліктің сарқыншақтарына қарсы бітіспес күрес жүргізу рухында тәрбиелеп, совет адамдарының ең асыл қасиеттерін одан сайын дамыта беру.

Бұл істе адам санасы мен психикасына ерекше әсер ете алатын әдебиет пен өнердің ролі аса зор. Сондықтан да әдебиет пен өнер қызметкерлерін өзінің сенімді қолғанаты деп санайтын біздің партиямыз әдебиет пен өнердің осы ролін әр заман лайықты бағалап келеді. «Правда» газеті «Суреткердің жоғары борышы» атты бас мақаласында: «Біздің еліміз, біздің халқымыз Коммунистік партияның басшылығымен коммунистік қоғам құрылысында орасан ерлік көрсетуде. Ойы да, көркемдік шеберлігі де биік жақсы-жақсы жаңа шығармалар пайда болуы үшін, бұл шығармалар

¹ «КПСС ХХІІ съезінің материалдары», Қазақ мемлекет баспасы, Алматы, 1962, 437-бет.

біздің мәдениетіміздің жаңа бір асуы боп табылуы үшін әдебиет пен өнер қызметкерлерінің әсіресе қазір бар күшін салып еңбектенуінің маңызы аса зор» деп алда тұрған айбынды міндеттердің мәнін мықтап ескертті.

Өнер қайраткерлері өздерінің осы игілікті міндеттерін жүзеге қалай асырады? Өнердің басты мақсаты болып табылатын әдемілікті баянды ету арқылы ғана жүзеге асыра алады. Марксизмнің негізін қалаушылар өнердің осы маңызды ерекшелігі — дүниені көркемдік тұрғысынан тану, өмірді әдемілік заңымен жасау деп тапқан болатын. Әсемдікті субъективтік тұрғыдан танитын идеализмдей емес, марксизм шынайы өмірдің өзіндегі әдемілікті, адамның санасында қандай боп бейнеленетініне қарамастан объективтік түрде өмір сүретін әдемілік деп біледі. «Көркемдік дегеніміз өмір,— дейді Н. Г. Чернышевский,— біз өз ұғымымызда өмір осындай болуы керек дейміз, егер бір нәрседе біздің осы ұғымымыздағыдай етіліп өмірдің бейнеленгенін көрсек, міне сол нәрсе ғана көркем болмақ; бізге өмірді нақты көрсететін немесе өмірді еске түсіріп, көзге елестететін зат қана көркем»¹

Қазірде, адам баласының бақытты өмір сүру туралы ежелгі арманы іске асырылып, тұңғыш рет адам коллективінің қолымен коммунизмнің салтанатты жарқын сарайы салынып жатқан кезде, Чернышевскийдің бұл классикалық анықтамасының мәні де, мағынасы да тіпті артып отыр. Барлық халықтардың кемеліне келген өмірінің идеалдары коммунизм тұсында толық тұлғаланады, ал сұлулықтың сарқылмас бұлағы болып табылатын да осы өмір.

Не әдемі десеңіз — совет халқының ерлік күресінің нәтижесінде құрылатын коммунистік қоғам әдемі. Онымен бірге осы ұлы мақсат идеясына шексіз беріліп, жемісті еңбек етіп, теңдесі жоқ ерліктер көрсетіп жатқан совет адамдарының бұл қоғамды орнату жолындағы қаһармандық күресі әдемі.

Коммунизм құрылысының ерлік дәуірі коллективизм мен патриотизмнің игі сезімдерін тудырып, нығайтады, тамаша сипаттары мен қасиеттері бар толық та тұтас характерлерді тудырып, шыңдайды. Бұған өмірде бар мысалдарды тізіп айта бастасак, ұштығынан шыға алмас едік, оған орын да жетпес еді. Өмірдің сан алуан саласындағы даңқты еңбек ерлері, Отан соғысындағы қаһарман батырлар,

¹ Н. Г. Чернышевский, Философиялық таңдамалы шығармалары, I том, 59-бет.

ғылымда ғажап жаңалықтар ашқан патриот ғалымдар, көк аспанды жұрттан бұрын игеріп, социалистік Отанын ұлы даңққа бөлеген космонавтар, айта берсе хисап жоқ. Басқаны қойып, осыдан бірнеше жыл бұрын жер жүзін жаңғыртқан бір оқиғаны атасақ та жетер. Ол — мұхитта «жан сақтаған» төрт батыр оқиғасы. Онда әлемге аян, сержант Асхат Зиганшин, солдат Поплавский, Крючковский, Федотовтар теңдесі жоқ ерлігімен бүкіл дүние жүзін таң-тамаша қалдырды. Бұл төртеуі 49 күн бойы азық-түліксіз, отын-су-сыз мұхит дауылымен алысты. Олар коммунистік этика рухында тәрбиеленген совет адамдарына ғана тән жоғары моральдық қасиеттерін, достық сезімін, жан дүниесінің сұлулығын, әсемдігін танытты. «Жақсы бала қамқор анаға өмір бойы риза,— дейді Зиганшин.— Біз бәріміз де өз анамызды жанымыздай жақсы көреміз. Бізге істеген қамқорлығы үшін оларға шын жүректен алғыс айтамыз. Ал Отанымызға мың-мың рақмет. Бүкіл өмір бойы, ақырғы деміміз біткенге дейін, біздер Отанның шын берілегі сенімді ұлдары боламыз!»

Міні, біздің советтік құрылыс осы секілді қандай ерлік істесе де социалистік Отан үшін істейтін және социалистік Отанның арқасында істедім дейтін саналы адамдар тәрбиелеп шығарды. Бұларды туғызған социалистік шындық, бұларды туғызған ұлы совет халқы. Сондықтан совет әдебиеті мен өнерінің бүгінгі таңдағы зор міндеті сол қаһарман халықтың өмірін шындыққа сай көрсету, оның еңбегі мен күресін жарқын суреттеу, замандастарымыздың толық қанды образдарын жасап, заманымыздың тамаша сипатын бейнелеу. Өмірді осылай терең сипаттау үшін талант пен қажырлы еңбек керек, халықпен, өмірмен тығыз байланысты болу қажет, өмірді жан-жақты біліп, дәуір тынысын сезіну қажет. Міне, сондықтан да осы күні қазіргі заман тақырыбы, идеясы, қазіргі өмірді сезіну — совет өнері дамуының даңғыл, сара жолы болып отыр.

Ұлы заманға, тамаша жаңа қоғам орнатудың ұлы рухы мен сұлу сипатына толы, коммунистік жоғары идеялықпен, партиялық және халықтық принциппен шындалған саңлақ өнер керек.

* * *

Адам — өнердің объектісі, зерттейтін заты, мақсаты. Ал шығарманың күші адамның бейнесі, оның ішкі-сыртқы дүниесі қаншалықты айқын да нанымды көрсетілгендігімен,

оның мінезі, оның қоғамдағы орны мен ролі, басқа адамдармен қарым-қатынасы қаншалықты шынайы да терең бейнеленгендігімен өлшенеді.

Совет өнерінің жаны мен туы — адам, коммунизм орнату ісін жүзеге асырушы нағыз еркін еңбектің адамы. Өнер шығармаларында совет адамдарының типтік ерекшеліктерін қамтитын, олардың ой-арманы мен творчестволық еңбегінің әсемдігін барынша молынан ашып көрсететін образдар мен характерлер жасап шығару — мақтан етерлік даңқты да игілікті іс. Дәл осындай шығармалардың, бір жағынан, зор танымдылық маңызы болады, екінші жағынан, олар адамдарға орасан үлкен эмоциялық әсер етеді, адамдар олардан көркемдік ләззет алады, ондай шығармалар өмірді эстетикалық тұрғыдан түсінудің шадман-шаттығына бөлейді. «Әсемдіктің адамға ететін әсер, сезігі»,— дейді Н. Г. Чернышевский,— ол бейне бір сүйкімді кісінің қасында отырғанда бөленетін жарқын қуаныш сезіміне барабар. Әсемдік атаулыны есепсіз жанымыз сүйеді, біз оған сүйсінеміз, ең жақын адамымызды көргендей рақаттанамыз» Қоғамдық идеологияның елеулі бір саласы деп саналатын өнердің әсемдікке баулитын ерекшелігінің өзі осы. Көркемдікті баянды ету мақсатымен, жер бетінде бақыт орнату үшін совет адамдары еңбек етіп жатқан жаңа өмірдің көркемдігін баянды ету мақсатымен өмірді, адамды жақсы білу — бұл біздің өнеріміздің ең басты міндеті.

Өнердің шынайы туындысындағы адам образы мейлі жағымды болсын, мейлі жағымсыз болсын, автордың жоғары арман-мұратына қызмет етеді және ми мен сезімге әсер еткіш ықпалды күшке ие болады. Ол образ адамның жүрегін тәбірентеді, ой-сезімін билеп алады, рухтандырушы ізгі әсер етеді. Сондықтан да көркем шығарма жаңа қоғамның адамын тәрбиелеуде, атап айтқанда оның эстетикалық мәдениетін арттыруда ерекше зор роль атқарады. Шын көркем шығармадағы жағымды, жағымсыз образдар мен характерлердің қай-қайсысының да өзіндік тәрбиелік мәні бар: жағымдылары еліктерлік, өнеге аларлық үлгі болса, жағымсыздары кісіні жамандықтан жирентіп, бездіру арқылы жақсыға баулиды. Мысалы, Гогольдің «Өлі жандары» секілді шығармалардың кейіпкерлерінің басым көпшілігі жағымсыз образдар болғандықтан оқушының жиіркену сезімін туғызады, Россияның рухани жағынан жаңарып, жаңғыруын арман еткен Гогольдің жарқын мүддесін аша түседі.

Пушкин өз поэзиясының басты мән-мақсаты халыққа

қызмет етуде, бостандық пен бақытты жырлауда, адамды жоғары адамгершілікке тәрбиелеуде деп білгені мәлім.

Халқыма сүйікті ұзақ болар жерім —
Туғыздым өлеңіммен мейірлерін,
Жыр етіп тар заманда еркіндікті,
Мархабат фақырларға тілегемін.

деген еді ұлы акын. Ал Абай болса:

Туғанда дүние есігін ашады өлең,
Өлеңмен жер қойнына кірер денең.
Өмірдегі қызығың бәрі өлеңмен
Ойлансайшы бос қақпай елең-селең.

деп, өмірінің денін өлеңге бағыштап, «атымды адам қойған соң қайтып надан болайын» деген принциппен халық бойында қалыптасқан барлық адамгершілік асыл қасиеттердің бейнелеушісі болды. Оның бүкіл әдебиет мұрасы (адамды мадақтап айтсын мейлі, сынап айтсын мейлі) нағыз гуманистік сипатқа толы, адамға және адамның ол дәуірде әлі ашылмаған рухани дүниесінің сұлулығына шын жүректен сеніп, ілтипатпен қарау сезіміне толы. Бұл жағынан ол Пушкинмен үндесіп жатады.

Ал орыстың ұлы революционер-демократтары халықтың азаттық күресінде, адамды рухани жаңғыртуда әдебиеттің аса зор роль атқаратынын дәлелдеді.

Революцияға дейінгі бүкіл классикалық орыс әдебиеті халықтық пен гуманизм принциптері жарияланып отырған трибуна болды десек, бұл әсте асырып айту емес. Осы пікірді басып айтқан А. Герцен болатын.

Өткен замандардың ұлы суретшілері әрдайым адам туралы толғанып, жан дүниесі әсем, әдемі, жан-жақты жетілген азат еңбектің адамын арман етті. Орыстың данышпан жазушысы А. П. Чехов адамның барлық жағынан әдемі болуын көкседі.

Адам туралы осындай ежелгі ізгі арманның орындалатын кезеңі тек совет заманында туды. Ұлы Октябрь социалистік революциясы мен социализм құрылысының ұлы дәуірі азаттыққа жеткен совет адамдарының рухани жағынан өсіп жетілуіне қолайлы жағдай жасады.

Алексей Максимович Горький Октябрь революциясы қарсаңында елдегі ұлы өзгерісті алдын ала болжап, былай деп жазған еді: «Қаһармандар керек болатын уақыт тағы да туып келеді!.. Таяуда басқаша адамдар, батыл, адал, күшті адамдар келеді, — таяуда-ақ келеді!..»

Коммунизм орнатушы советтік қоғам өзіміздің өмірден күнде көретін таныс кейіпкердің нақты белгілерін жасап,

қалыптастырады. Біздің социалистік өмір шындығы жеке басының мүддесі коллективтің мүддесімен ұласқан саналы адамды тәрбиелеп шығарады.

Коммунистік құрылыстың жаңа табыстары, коммунизмнің материалдық-техникалық негізінің жасалуы адамның жеке басының жан-жақты дамуына бұрынғыдан да қолайлы жағдайды қамтамасыз етеді. «Коллективтің болашағы адамның жеке өз басының да болашағы боп табылады, осы коллектив неғұрлым ұлғая түссе, адам соғұрлым әдемі де сәулетті бола береді»¹.— деп А. С. Макаренко айтқан жарқын болашаққа жол ашады. Осы жетілудің үлкен арасалмағы қоғамның рухани өмірінің негізгі және маңызды жағының бірі болып саналатын эстетикалық мәдениет осы дамуда салмақты орын алады.

Эстетикалық сезім дегеніміз адамның еңбек үстінде тарихи қалыптасып дамыған рухани қымбат қасиеті. Маркс сөзімен айтсақ: «Адам табиғатының (еңбек адамының М. К.) тек кең өріс алған объективті байлығының молдығы арқасында ғана адам сезімінің субъективті байлығы пайда болады, әдемілік түрлерін сезіне алатын музыкаға бейім құлақ пен көз пайда болады, қысқасы адамның ләззат алуға бейім кейбір сезімдері жаңа туып, кейбірі одан әрі дамып отырады»².

Сөйтіп, бұдан біз адамның ләззат алуға бейім эстетикалық деп аталатын сезімдері адам табиғаты дамуының объективті жағдайларына сай дамып, өрістейтінін көреміз. Сондықтан коммунизм орнату дәуіріндегі адамның материалдық-рухани дамуының биік дәрежесі оның эстетикалық сезімі де жан-жақты кемелденуін талап етеді. Сондықтан эстетикалық тәрбиенің белсенді ролі үнемі күшейе беруі қажет.

Өнердің эстетикалық сезімді тәрбиелеудегі атқаратын қызметіне Маркс ерекше зор мән берген: «Өнер пәні көркемдіктен ләззат ала білетін, өнерді түсіне алатын кісілер тобын жасақтайды»³. Сондықтан совет әдебиеті мен өнерінің жаңа адамға эстетикалық тәрбие беру жөніндегі, сол арқылы оның жалпы рухани өмірін жан-жақты қалыптастыру жөніндегі ролі өте зор. Бұл жөнінен «Балтық депутаты» фильміне А. Толстойдың берген сипаттамасы өте-мөте тағлым аларлықтай. «Бұл орыстың ғалымы, ботанигі және агротехнигі Тимирязевтің өмірінен алынған эпизод. Кейіп-

¹ А. С. Макаренко, «Ұстаздық дастан», 1948, 375-бет.

² К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, III том, 627-бет.

³ К. Маркс. Саяси экономияны сынау жөнінде, 204-бет.

кердің жасы 75-те, сюжеті соншама тартымды емес сияқты. Бірақ экранда біздің көз алдымызда адамның асыл жүрегі соғып тұрғанда, ерлік, адалдық, адамгершілік және адамзатқа деген сүйіспеншілік кең сюитадай сайрап тұрғанда, көрерменнің көзінен осы бір ұзын бойлы, жаны жас, оқымысты қартқа деген ризашылықтың жасы ыршып кеткенде — маған сеніңіз, ешбір танк атакалары мен әскери марштар, гангстерлер мен полицей тыңшылардың арасында болатын нағыз күшті оқ атысу сіздің жаныңызды «Балтық депутаты» сияқты фильмдей бауырап әкетпейді».

Маркстік-лениндік дүниетану іліміне негізделген эстетикалық тәрбие өмірдегі, өнердегі сұлулық пен ұсқынсыздықты дұрыс ұғынуға эстетикалық қабілеті бар, талғамды адамдар шындап шығаруды мақсат етіп алға қояды.

Коммунизм құрылысшыларының эстетикалық көзқарасы мен талғамының үйлесімді жүйесі болып табылатын маркстік-лениндік эстетика заманымыздың алдыңғы қатарлы озат идеяларымен ұштаса отырып, адамның да, өнердің де өмір шындығына эстетикалық қатынас принциптерін саралап жасайды.

Социалистік эстетикалық басты тірегі социалистік өнердің негізгі принципі болып табылатын социалистік реализм әдісін толық меңгергенде ғана советтік өнер қайраткерлері өзінің маңызды тәрбиелік қызметін ойдағыдай орындай алады, ал социалистік реализм әдісі өмір шындығын революциялық даму тұрғысынан мейлінше көркем де жарқын етіп суреттеу арқылы суретшінің нағыз партиялық және халықтық идеясы нұрландырған арман-мұраттарында бар ынтасымен бейнелеуі деген сөз. Міне сондықтан да социалистік реализмге аласұра шабуыл жасап, эстетикалық принципті саяси, философиялық, адамгершілік-мораль принциптерімен етене байланысты деп айыптап, қазіргі ревизионистер социалистік эстетиканың дәл осы идеялық негізіне қарсы күресіп отыр. Реакцияшыл империалистік идеологияның осы қолшоқпарлары біздің өнерімізді құралсыздандыруға, оны өткір идеясынан, пафосы мен жауынгерлік рухынан айырып, оның ролін төмендетуге барлық күш-құралын жұмсай жанталаса әрекет жасауда.

Бықсық ескі мешандық талғамға негізделген идеясыз, қырсыз, қанатсыз «эстетикалық» шимайлар емес, қазіргі заманның ізгі идеяларымен құлпырған шын көркем шығармалар ғана коммунистік тәрбиенің абройлы міндетін атқара алады. Сондықтан өнер шығармасының құндылығын тәрбиелік қызметі тұрғысынан анықтағанда, ең алдымен

адамға әсер ететін эмоциялық күші негізгі мөлшем болып табылады, ал осы күштің өзі шығармада терең актуалды идеялық мазмұнның қаншалықты кемеліне келген көркем түр арқылы берілгендігіне, замандасымыздың образы қандайлық айқын да нанымды бейнеленуіне қарай анықталады. Бұл жөнінде жоғарыда келтірілген «Балтық депутаты» фильміне А. Толстойдың берген сипаттамасы толық дәлел.

* * *

Егер әдебиет пен өнер шығармаларын көркемдігі тұрғысынан бағаласақ, онда тыңдаушыларға, оқушы мен көрушілерге олардың бәрінің бірдей, біркелкі әсер етпейтінін аңдау қиын емес. Мысалы, өнердің халық арасына ең кең тарайтын түрі — киноны мысалға алып қарайық. Өнердің шынайы туындылары болып саналатын «Адам тағдыры», «Тырналар ұшып барады», «Солдат туралы баллада», «Тыныштық», «Ашық аспан», «Барлығы адамға қалады», «Тірілер мен өлгендер» және біздің Қазақстанда шығарылған «Өмір жолы», «Ана туралы аңыз» фильмдерінен көрушілерге өте күшті әсер ететін, оларды тамаша сүйсіндіретін, олардың сезімдері мен ой жүйесін тебіртетін жоғары көркемдіктің де, терең идеялылықтың да үлгісін көреміз. Мұндай фильмдердің жалпы коммунистік тәрбие ісіне де, жеке-кеп алғанда эстетикалық талғамды тәрбиелеуде де әсер, ықпалы орасан күшті. Ал енді «Аман қалған ұрпақ» және біздің қазақстандық «Жерге қайта оралу» сияқты көркемдік құнары кем, сүренсіз, сұрғылт фильмдер туралы мұны айтуға болмайды. Өкінішке қарай, мұндай «сұрша» фильмдер бізде әлі де ессіз көп-ақ. Бұлар ешкімге ешқандай әсер етпейді, сол себепті олардан көрушіге пәлендей пайда да жоқ. Ал «Жүз досың болғанша», «Нино», «Гитар ұстаған қыз», «Жас дәурен», «Тыныш айлақ түбінде», «Қара теңізге қарай» секілді түкке тұрмайтын жасық, бәлдірбатпақ фильмдерге келетін болсақ, (әттеген-ай, мұндайлар бізде әлі аз емес-ау!) бұлар эстетикалық тәрбие беруге көмек көрсетпейтіні былай тұрсын, керісінше адамды мешандық парықсыз талғамға дағдыландырып, көбінесе тіпті адамгершілікке жатпайтын қылықтар мен мінездерге баулиды.

«Құлақтан кіріп бойды алып», жүрек қылын шертетін, нәзік тілмен сөйлеп, жаң дүниенді билейтін музыканың еліткіш те еліктіргіш ғажап қасиеті жұртқа мәлім. Бұл жерде басқаны қойып, Людвиг Бетховеннің атақты «Аппассонатасының» Владимир Ильичті қалай таң-тамаша қалдырғанын ғана еске түсірейікші!

Ұлы көсем музыканың сергіткіш-эстетикалық ләззәт бергіш құдіретті күшіне сүйсініп, адам баласының осындай керемет қабілетін мақтан ететінін айтқан.

«Аппасионатадан» артық еш нәрсені білмеймін,— депті Владимир Ильич,— әр күні тыңдасам да жалығар емеспін. Ғажайып музыка. Мүмкін аңғырттық та болар, менің үнемі мақтаным етіп, ішімнен ойлайтыным: шіркін, адам баласының қолынан қандай кереметтер келеді десеңші!».

Музыка өнерінің жоғарғы түрі болып есептелетін классикалық опера мен симфониялық шығармаларды айтпағанның өзінде жақсы әндерде қандай тамаша тебіренетін күш бар! Халыққа эстетикалық тәрбие беру үшін әуенді де әдемі, көркем де таза, жан сауықтыратын әндердің баға жетпес үздік зор маңызын айтып жатудың қажеті бар ма екен! Орыстың, украинаның, қазақтың тағы басқа ұлттардың мәңгі өшпейтін халықтық әндерінде, Абай, Ақан, Біржан, Мұхит, Жаяу Мұса, Естай, Майраның әсем әндерінде жан тебіренетін қаншама көркемдік, сүйкімділік табылады десеңізші! Революциялық әндерде және қазіргі таңдаулы совет әндерінде қаншалықты жарқын да көтеріңкі сарын, қуат пен жалынды өмір бар десеңізші! И. Дунаевский, Мокроусов, М. Блантер, В. Мурадели, Т. Хренников, А. Новиков, В. Соловьев-Седой және басқалардың ерлік рухқа толы әндерінің әсер еткіш күшін еске түсірейікші. Мещандық талғамға қарсы күрестің тамаша құралы болып табылатын, кейінгі кезде шыққан В. Соловьев-Седойдың «Москва түбіндегі кештер», А. Холминовтың «Ленин туралы ән», А. Фларковскийдің «Жастар әнін», В. Мураделидің «Бухенвальд қонырауы», А. Пахмурованың «Мазасыз жастық туралы ән», Э. Қалмановскийдің «Орыстар соғыс тілей ме» секілді үздік әндерін қалайша айтпай кетуге болады. Бұлар біздің өнеріміздің қазыналарының ең қымбаттылары. Осылармен қатар Қазақстанның қазіргі композиторларының жақсы шығармаларының пайдалы ролін бағаламай кетуге болмайды. Атап айтқанда: Латиф Хамидидің «Отан», «Қазақ вальсі», «Бұлбұл», Е. Брусиловскийдің «Бейбітшілік туы берік қолда», «Гүлденген Қазақстан», А. Жұбановтың «Көгершін», «Қарлығаш», Б. Байқадамовтың «Партия туралы жыр», «Ақ бидай», «Домбыра», С. Мұхамеджановтың Абай текстеріне жазылған әндері, М. Төлебаевтың, С. Мұхамеджановтың, Н. Тілендиевтің, Ә. Еспаевтың, Ш. Қалдаяқовтың, Ғ. Жұбанованың тағы басқалардың кантаталары мен әндері.

Сонымен бірге Бестыбаевтың «Құрылысшы қыз Қырмы-

зы», И. Жақановтың «Шопан қызды іздеп келем», Б. Тәжібаевтың «Жаз көңіл» секілді мән-мағынасы ешкімді баурамайтын, тек шуылдап құлақтың мазасын алатын сорақы әнсымақтары неменеге татиды? Ондайлардан құтылудың жалғыз-ақ жолы — бере бастаған кезде радионың үнін өшіріп тастау ғана. Бірақ сондай әндердің кейбіреулері сахнада айтыла бастаса, не шара?! Мейлі кім айтсын, мейлі қайда айтсын, халықтың өрнек, үн ырғағы сезімдерінен, әуезділіктен жұрдай, жеңіл ермектің жемісі болып табылатын мұндай әндер шын шабыттан тумағандықтан, ешкімді селт еткізбек емес, ешкімнің жүрегіне ұяламақ емес.

Музыканың маманы емес адамға бір әннің неліктен толғандырып, екіншісінің неліктен толғандырмайтынын түсіндіру қиын. Сондықтан я онысының, я мұнысының ұнамайтын себебін түсіндіру жөніндегі дәлелдер көңілге қонымсыз көрінсе, композитор жолдастар қатардағы қарапайым адамды кешірер, бірақ бұл әндердің бір кісіге емес, тыңдаушылардың бәріне де ұнамайтынын, эстетикалық ләззат беру орнына аза бойынды түршіктіретінін айтуға тиіспіз. Жазған әнін халық қабылдамай жатса, бұл факт композиторды да ойландыру керек қой дейміз.

Өлең сөздері жөнінде бірер пікір айта кетейік. Өлең сөздерінің зор мәні бар екені әркімге мәлім. «Өлеңде артық сөз жоқ» деп халық бекер айтпаған. Әйтсе де біздің композиторларымыздың осы мәселені жете бағаламайтынын ашық айту керек. Олар ешқандай поэзиялық ұшқыны жоқ текстерге ән шығарып жүр. Әсіресе қазіргі заман тақырыбына арналған өлеңдердің көпшілігі сәтсіз болып шығуда. Сондықтан да, не ақылға, не жүрекке әсер етпейтін, тіпті мағынасы жоқ ән сөздері бізде өте жиі ұшырайды. Мысалы, композитор С. Мұхамеджанов өзінің «Бір тіл қатса болмас па?» деген әнін Н. Баймұхамедовтың өлеңі бойынша шығарған. Шофер өзінің көңілі кеткен қызына мұнын шағып:

Қайырылмады тағы да,
Жалт бұрылды құрбыжан,
Әдейі арнап шықты ма,
Деп қалып ем алдымнан.

Қайырмасы:

Келе қойшы, қалқашым,
Бір қарап-ақ тоймас па ем.
Машинаның есігін
Айнадай қып қоймас па ем...

Әннің бұл өлеңі жөнінде не деуге болады! Барып тұрған мағынасыз да шалағай жұмыстың үлгісі емес пе?! Абай

текстеріне тәп-тәуір әндер шығарған талантты композитордың мұнда толық сәтсіздікке ұшырағанына таңдануға болмайды. Тек С. Мұхамеджановтың осындай дарынсыз текке ән жазуына қандай себеп болғаны мүлде түсініксіз.

«Су тасушы қыздың әні» деген әннің тексті туралы да осыны айтуға болады, мұның текстің жазған ақын Нұтфолла Шакенов болса керек.

Еду, еду қашықтан
Мен водовоз асыққан.
Мөлдір су бар, достар-ей,
Кому надо поскорей!

Қазақ, орыс сөздерін бұл секілді ретсіз араластырып, оның айтылуын бұрмалап, күлдіргі ән жасау — қазіргі кезде әбден көнеріп, ескірген, ерсі де дөрекі және эстетикаға жат тәсіл болып табылады. Бұл әннің тарап, айтылып жүруі Б. Байқадамовтың халық әндерінің үлгісі бойынша жазған жайдары да жеңіл музыкасының арқасы. «Мата даңқымен бөз өтеді» дегендей жақсы әуеннің қабатында шұбар сөздер жан сақтап жүр. Адамның ежелгі асыл сезімі махаббатты қорлайтын да талай сорақы текстер мен әндер қаптап кетті.

Театрдың тәрбие жұмысында өте зор маңызы бар екендігін айтып жатуды артық деп санаймыз. Бұл жөнінде Станиславскийдің театрды: «Әлемге ұшан-теңіз жақсы лебіз айтудың мінбесі» деп бағалағанын ескертсек, соның өзі де жеткілікті ғой дейміз. Ал осы мінбе бізде қалай пайдаланылып отыр? Осыны айтқанда біздің театрымыздың барлық тарихы, «Еңлік — Кебек», «Арқалық», «Майдан», «Түнгі сарын», «Аманкелді», «Жалбыр», «Айман — Шолпан», «Ер Тарғын», «Қыз Жібек», «Абай», «Біржан — Сара», «Ақан сері — Ақтоқты», «Қозы Көрпеш — Баян сұлу», «Майра», «Қаракөз» секілді жақсы спектакль-постановкаларымыздың панорамасы көз алдымызға келеді. Бұлар бізге қаншалықты шаттық пен рақат әкеліп, қаншалықты естен кетпес әсер қалдырды десеңізші!

Қазақтың академиялық драма театры эстетикалық тәрбие берудің тіректі пунктерінің бірі, қазақ халқының рухани байлығы қамалдарының бірі болып табылады, Қазақстанның ірі қалаларында жұмыс істеп жатқан көптеген драма театрлары соған теңелуге тырысуда.

Қазақтың драма театры дербес творчестволық мекеме ретінде 1930 жылдан бері өмір сүріп келеді. Театрымыздың алғашқы жылдары творчестволық өнер шеберлігіне машық-

тану, орыстың алдыңғы катарлы театр өнерінің К. С. Станиславский тұжырымдаған принциптерін игеру ұранымен өтті. 1933 жылы режиссер М. Г. Насонов сахна шеберлігіне жетілдіретін екі жылдық студияны басқарды. Қазақ ССР халық артисі Қапан Бадыров сол бір кезең жөнінде былай дейді:

«Насонов актерлерді үйреткенде спектакльді қоюшы режиссер ғана емес, сонымен бірге тәрбиеші педагог та болатын. Ол біздің назарымызды рольдің ішкі мәнін ашу бағытына аударатын, актер ойынында мейлінше ықыластылыққа, қарапайымдылыққа, шыншылдыққа жетуді үйрететін, сахнадағы паузаларды өмір көріністерімен толтыруды, партнермен бірлесуді үйрететін»

Драма театрына творчестволық жаңа күштер — Қалкен Әділшінов, Сабира Майқанова, Сейфолла Телғараев, олардан сәл кейінірек — Шәкен Айманов, Жағда Өгізбаев келді, бертін келе бұлар сахнаның аса ірі, өнер шеберлері болды.

Қазақтың алғашқы драмалық спектаклі — М. Әуезовтың «Еңлік — Кебек» пьесасынан кейін-ақ қазақ драма театрының К. С. Станиславский принциптері бойынша жұмыс істейтіні айқын болды. Содан кейінгі В. Киршонның «Астық», Н. Погодиннің «Менің досым», Пруттың «Мстислав Удалой» спектакльдері осыны растады.

Театрдың өсуі үшін М. Әуезовтың 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысына арналған «Түнгі сарын» пьесасының зор маңызы болды.

Бұл халықтық, реалистік, кең өрісті пьеса. Мұның сахнада қойылуы театрдың творчестволық коллективінің өскелең мүмкіншіліктерін танытты.

Гогольдің «Ревизоры», сондай-ақ Треневтің «Любовь Яровая», «Ақ сүйектер», Погодинның «Мылтықты адам» және Островскийдің пьесалары — театрдың өміріндегі жаңа творчестволық кезең болды.

Театрға қазақ драматургтері — Ғ. Мүсірепов, Ш. Хұсайынов, Ә. Тәжібаев, Ә. Әбішев тағы басқалары келді.

Қазақ драма театрының сахнасында қойылған М. Әуезовтың «Алма бағында», «Тас түлектер», Ә. Әбішевтің «Жолдастар» және Ш. Құсайыновтың «Маркабай» сияқты қазақ пьесаларының қазақ сахнасында занды орын ала бастағанын, көруші бұқара ол пьесаларды кұшақ жайып қарсы алатынынан байқауға болатын.

М. Әуезов пен Л. Соболевтің «Абай» пьесасы, мұнда К. Қуанышбаевтың аса тамаша орындауында Абай Құнан-

баевтың жарқын бейнесі тұңғыш рет суреттелгені қайсымыздың есімізде жоқ. Ғ. Мүсіреповтың «Аманкелді» пьесасы кімнің есінде жоқ!

Қазақтың драма театрының марқаю, ержету шағы туды. Оның сахнасында Гоголь мен Островский, Погодин мен Тренев қана емес, бұлармен қатар Гальдони, Бальзак, Шекспир де қазақша сөйледі.

Ғ. Мүсіреповтың 1942 жылы қойылған «Ақан сері — Ақтоқты» пьесасы қазақ драматургиясының шын мәнісінде өрен шығармасы болып табылады.

Шәкен Айманов пен жас актриса Шолпан Жандарбекова Ақан мен Ақтоқтының жүрек тебіренерлік образдарын жасады.

«Біздің бар ынта-талабымыз,— дейді Шәкен Айманов,— спектакльдің күші өмір шындығын көрсету екенін дәлелдеуге бағытталған, өйткені шынайы өнердің күдіреті де осында».

Шекспирдің толық қанды спектаклі «Асауға тұсаудың» сахнаға қойылуын біз ұмыта алмаймыз, бұл спектакль содан соң Кремль театрында да қойылды. Бұл — біздің драма театрымыздың, оның режиссурасының, оның труппасының шын мәніндегі творчестволық жеңісі болды.

«Асауға тұсау»,— деп жазды Москваның «Театр» журналы,— қазақ группасының өзінше бір марш-парады болып табылады. Спектакльдің үн ырғағы мен табысты болуын басты рольдерді орындауышлар ғана емес, солармен бірге спектакльге қатысушылардың бәрі бірдей туғызды. Қазақ драмасының күші бірінші дәрежелі екі-үш актерге ғана емес, труппаның негізгі ұйытқысының жоғары дарындылығында екенін спектакль көзге көрсетерліктей дәлелді етіп ыспаттайды».

Бұл тамаша спектакльде басты рольдерді Шәкен Айманов, Қадиша Бөкеева, Қалыбек Қуанышбаев ойнайды.

Қазақ драма театрының осыдан былайғы дамуы Штейннің «Намыс заңы», Лавреневтің «Америка дауысы», Корнейчуктың «Бүргенді тоғай», Тәжібаевтың «Жалғыз ағаш орман емес» пьесаларын да қоюмен байланысты. Сәбит Мұқановтың «Шоқан Уәлиханов» пьесасын көрушілер қауымы мейлінше костап қарсы алды. Біз қазақтың драма театрының барлық спектакльдерін тізіп айтып отырғанымыз жоқ, эстетикалық өлшем жасауға себепкер бола, көрушілердің талғамын ұштай, өткірлей, шынайы әдемілікке деген жанды ынтық сезімін арттыра отырып, қазақ халқының рухани өмірінде елеулі роль атқарған, өз ойымызша, ұмы-

тылмастай болып, жұрттың жадында сақталған спектакльдерді айтамыз.

Қазақ театры мен қазақ драматургиясы қалың бұқараға эстетикалық тәрбие берудің аса күшті құралы екені даусыз. Олар осы іске әрі адал, әрі шабыттана қызмет етіп отыр.

Қазақ драматургиясына берген бағасында орыс жазушысы Леонид Соболев оның күшті жақтарын да, әлсіз жақтарын да жасырмай, ашып айтады.

— Оның күші,— деп жазды Соболев,— белгілі бір мақсатқа құштарлана ұмтылуында, негізгі ой-пікірінің айқындығында, сөздерінің қарапайым да қонымдылығында, уақиғаның драмалық шиеленісінде, қазақ өнері шығармасының әрқайсысына тән поэзиялылығында. Ал әлсіздігі — кейбір схемалылығында, кейде сюжеттің анайылығында, әрекет етуші, қатысушы адамдарды сипаттаудың жалпылама болуында, қылықтардың (іс-әрекеттердің), характерлердің де психологиялық жағынан жеткілікті талдай жасалмауында».

Біздің театрымыздың сіңірген зор еңбегі сол — ол эстетика мен идеялықты ұштастыра білді және ұштастыра біледі, ол коммунистік идеялардың жалынды, ынталы насихатшысы болды және болып отыр, ол халық ағарту жолындағы және халықтың рухани тіршілігін байыту жолындағы күрескер болды, әлі де болып отыр.

Мұнымен қатар бұл театрдың сахнасында 2—3 кеш қана өмір сүріп, көңілде ешқандай әсер-із қалдырмаған пьесалар да көп болғанын ескерту керек. Бұған Ә. Әбішевтің «Кім менің әкем?», Ш. Хұсайыновтың «Ертіс жағасында», Ғ. Слановтың «Исатай — Махамбет» секілді пьесаларын жатқызуға болады. Әрине, мұндай пьесалардың не саяси, не моральдық, не эстетикалық тәрбие берері шамалы. Өкінішке қарай, қазіргі заман тақырыбына қарап алғашқы қадам жасаған Т. Ахтановтың «Сәуле», Қ. Мұхамеджановтың «Бөлтірік бөрік астындасы», Ә. Тәжібаевтың «Көңілдестері» мен «Той боларда» сияқты кейбір некен-саяқ шығармаларды айтпасақ, біздің театрларымыздың, соның ішінде қазақтың академиялық драма театрының да репертуарында әлі күнге дейін осы тақырыпта терең тебіренерлік, жан тербетерлік спектакльдер жоқтың қасы.

Өнер түрлерінің қатарында сурет пен мүсіндеу өнері туралы да бірер сөз айта кетейік.

Тарас Шевченко, Верещагин секілді суреткерлердің, қа-

лам шеберлерінің полотноларында Қазақстан табиғаты тамаша көрініс тапқаны бізге мәлім.

Алматыда 62 жыл тұрған шебер суретші Хлудовтың «Бай ауылдың көші-қоны», «Бәйге», «Қырда қыз алып қашу», «Мұраб Пашка», «Жасауыл» секілді картиналары көркемдік құндылығымен қатар білімдік үлкен мәні бар, Қазақстанның бұрынғы өмірін шындықпен дәл суреттеген шығармалар. Шоқан Уәлихановтың інісі Махмұттың бірінші болып қазақ арасынан Петербургтегі Көркем сурет академиясына түсіп оқығаны белгілі.

Совет дәуірі сурет шеберлерінің бір топ саңлақтарын туғызды. Қазақ ССР-нің халық суретшісі — А. Қастеевтің Аманкелді Иманов портретін, профессор А. М. Черкасскийдің «Жамбыл мен Дина Нұрпейісова», К. Шаяхметовтың «Жеңімпаздар», Н. Нұрмұхамедовтың үлкен композицияға құрылған «Фрунзе Самарқандта» картиналарын, Ә. Ысмайыловтың «Индустриялы Қарағанды», К. Телжановтың «Жамал» атты полотноларын, М. Кенбаевтың «Шопан әні» деп аталатын романтикалы картинасын кім білмейді. Күшті де көркем бояу, шебер композиция, өмір шындығы, реализм — міне қазақ суретшілерінің полотноларын сипаттайтын қасиеттер осылар.

Қазақ жерінде шыңдалып жатқан ұлы еңбек ерлігі, адам мен табиғаттың әдемілігі, әсемдігі біздің суретшілеріміздің мәңгі өшпейтін полотнолар, бейнелеу өнерінің шынайы шығармаларын жасауына шабыт берді, олардың осындай шығармалары ондаған көрмелерге қойылды.

Бұл шығармалар эстетикалық сананы, жақсы дұрыс талғамды қалыптастырады, жарастылық, ұлттық ажар, түр сезімдерін тәрбиелейді. Алайда Қазақстан суретшілері еңбектерінің бәрін бірдей көркем де жарқын, даусыз онды шыққан деуге сыймайды. Қазақ әдебиетіндегі секілді, біздің живописьте де шындықтың сыртын жылтыратып суреттеу, даурықпалылық, тақырыпты шешудегі тұрпайылық, қарадүрсіндік, схематизм, солғындық аз кездеспейді.

Бұл кемшіліктер живопись шығармаларының идеялық-көркемдік құнын кемітіп, тәрбиелік мәні мен әсерлілігін төмендетеді.

Бізге су мен нанның қажеттілігі қандай болса, халқымызға живопись шығармалары да сондай қажет. Оған мынадай бір мысал келтірейік.

Рафаэльдің «Сикстин мадоннасы» көрмеге қойылған кезде біз Москвада едік. Кезек күткен кісілердің шегі жоқ. Қайта өркендету заманының сурет шеберінің талай ғасыр

лар бойы бояуы солмай келе жатқан мәңгі өшпес шығармасын көру үшін жұрт бірнеше сағат күтіп тұрды.

Третьяков галереясынан ешуақыт кісі үзілген емес, оған кірсеңіз совет адамдарының живопись пен скульптураның шығармаларына деген құштарлығын әбден-ақ байқауға болады.

Біздің республикамыздың суретшілері И. Левитанның «Алтын күз», Саврасовтың «Ұзақ қарғалар ұшып келді», И. Репиннің «Бурлактар», В. Суриковтың «Боярыня Морозова» картиналары секілді көрушіге қатты әсер ететін шығармалар тудыруы қажет. Бірақ біздегі жай қандай? Жексенбі күні базарға бара қалыңызшы: қалтарыстау бір жерде, қабырғаға ілініп қойылған, сатылып жатқан «пейзаждар» мен «кілемшелерді» көресіз.

Живопись тоғышарларының осы секілді тұрпайы, дөрекі де жексұрын алабажақ шатпақтарын көргенде, зығырданың қайнап, ашынумен қабат қатты қысыласын. Бұлар көбінесе жалған көркемдікке құрылған не қамысты, не қайынды көгілдір көлдің және онда жүзіп жүрген, мойны орақша иілген үлкен аққудың суреті болып келеді. Дәл қасында маужырап телмірген көзімен жыраққа сүзе қараған, жарқыратып ала-құла киім киген әлденендей ұсқынсыз «сұлу» әйелдердің суретін көресің. Шындыққа жанасым жоқ әлдеқандай бір айдың сәулесі түскен ортағасырлық қамалдар мен сарайлар да кездеседі.

Живопись деп атауға тұрмайтын мұндай суретсымақтардан зияннан басқа көреріміз жоқ, мұндайлардан неғұрлым тез арылғанымыз-ақ жақсы. Кейде көп тиражбен басылатын құттықтау хаттардың да суреттері оншама ойдағыдай болып шыға бермейді. Бұл іс жүзінде түрді мазмұннан бөле жаратын, реализмге жау, өмірден әдейі ауа жайылатын декаданс пен абстракцияның Батыста сәнге айналған зиянды «өнерінен» жас суретшілерімізді сақтандыруымыз керек.

Қазақстан суретшілерінің осындай абстракциялық живопиське жатқызуға болатын бірде-бір шығармасы жоқ екендігін үлкен қуанышпен атағымыз келеді.

Осы саладағы біз көрген шығармаларда, мейлі түп нұсқасы, мейлі көшірмесі болсын, ой мен қиял тапшылығы, талғамның жоқтығы, қалай болса солай шимайлай салған сызық пенгеометриялық фигура, ретсіз таңба және мазмұнсыздық көрушіні таң қалдырады.

Бұдан бірер жыл бұрын Киевтегі орыс өнерінің музейінде Югославия суретшілерінің «абстракт өнер» бағытын

ұстаған шығармаларының көрмесі болды. «Қираған тік сызықтар», «Жындану», «Көмір мен құм», «Серенада», «Антропология» және басқа осы секілді полотноларды көргенде бояу сандырағы ма деп қаласыз, жағымсыз, әрі торыққандықты көрсететін жаман әсер аласыз. Қатысушылардың басым көпшілігі бұл полотноларды өнерге өгей, жат құбылыстар деп таныды. 1963 жылы Москвада болған көрмеде кейбір совет суретшілерінің творчествосына абстракционизмнің жаман әсері тигені аталып, сынға алынғаны белгілі.

Революциядан бұрын қазақта скульптураның болмағаны жұртқа мәлім. Сондықтан Қазақстандағы қазіргі жас скульптура шығармаларына біз үлкен мақтанышпен қараймыз. Ыбрай Алтынсарин мен Шығанақ Берсиевтің Понамарев жасаған скульптуралық портретін, Наурызбаевтың, «Жамбылдың жастық шағын», Орманшинның «Қыз портретін», «Тыңдағы тұңғыш» деп аталатын З. Береговая жасаған скульптуралық тобын және қазіргі дәуірдегі скульпторлардың басқа шығармаларын айтсақ, соның өзі де жеткілікті. Аталған шығармалардың әдебиет, музыка, живописьпен қатар эстетикалық талғамды қалыптастырып, рухани өмірді байытатынын үлкен сеніммен айтуға болады. В. В. Вучетичтің «Семсерден соқа соғамыз» атты шығармасын еске түсірейікші. Терең ойлылығымен және көркемдік шеберлігімен көрушісін таң қалдырған бұл скульптура Біріккен Ұлттар Ұйымына Совет Одағы атынан сыйлыққа тартылды.

Заманымыздың осы тамаша мүсіншісінің Қазақстандағы озат адамдардың скульптуралық портретінің ғажап галереясын жасап, оны «Қазақ сюитасы» деп атағанын үлкен қуанышпен мақтан етеміз.

Мұндай шығармалар көркемдік талғамды қалыптастырып, әдеміні, әсемдікті сүйе де, ұға да білуге үйретеді, кісіге эстетикалық ләззат береді. Бейнелегіш өнердің Қазақстанда барған сайын көбейіп келе жатқан монументальдық түрі — мүсінді ескерткіштер жөнінде де осыны айтуға болады. Айталық, ұлы көсеміміз В. И. Лениннің Алматы қаласындағы скульптуралық бейнесін жасаған зор ескерткіш кімді асқақ мақтаныш сезіміне бөлемейді, кімді сүйсіндірмейді! Сондай-ақ сүйікті ақынның тұлғасын көзбен көруге асыққан халық ұлы Абайдың астанамызда орнатылатын ескерткішін ынтыға күтіп еді. Астананың ең үлкен, сұлу проспектінде орнаған бұл ескерткіш халқымызды шексіз шаттыққа бөледі ғой. Бұған ілесе Ғылым Академиясының

алдына халқымыздың тағы бір мақтаны Шоқан Уәлихановтың ескерткіші орнауы үлкен мерекеге айналды. Алайда, бейнелегіш өнер саласында да аты-жөні мәлімсіз, құнсыз «скульптуралы» статуэткаларды шығарушы алдампаздар мен алаяқтар әлі де болса аз емес.

Сол ығы-жығы базардан мешандық бақыттың символы болып табылатын гипстен жасалған сорақы мысықсымақтардың, ерсі ит пен пілдің, жан шошитын қораздардың, әшекейлі, жексұрын комодтар мен этажеркалардың не түрлерін кездестіруге болады.

Біз көбінесе ою, өрнек, айшық салу өнерін жете бағаламаймыз, ал шынында халықтың ою, өрнек, айшық салу өнерінің үлкенді-кішілі шығармалары адамдарымыздың көз алдында, төңірегінде, тұтынуында болып, күн сайын, сағат сайын әсер, ықпал етеді.

Тұскиіз, оюлы текемет, кілем, сүйекті өрнек, кесте, өрім — міне, осы өнердің бәрін халық жасаған, халықтың әсемдікті, әдемілікті сүю сезімі, талғамы осы өнерде бейнеленген.

Қазақстанның орталық өлке тану музейі қазақтың ою, өрнек өнерінің, ұлт киімдерінің және осы өнер қолданылған бұйымдарының, заттарының алуан түрлі бояулы көркем суреттелген үш альбомын бастырып шығарды. Бұл альбомдар ою, өрнек, айшық салу өнерімен шұғылданып, әуестеніп жүргендердің бәріне тамаша оқулық құрал болып табылды.

Соңғы уақыттарда Қазақстан музейлерінде халық өнері тарауының экспозициясы толықтырылып, жаңаланды. 1957 жылдан бастап, Суретшілер одағы жанынан ою, өрнек, айшық өнерлерінің секциясы құрылды.

Сәндеу, безендіру өнері саласында да жанданғандық бар.

1957 жылғы Париждегі көрмеде қазақтың керамикасы (қыштан істелген бұйымдар) мен майоликасы (сыртын ерекше тас бояумен өрнектеген қыш) жоғары баға алғанына, СССР-да ғана емес, Қытайда, Үндістанда, Пакистанда, Европа елдерінде табысты боп отырғанына қуануға ғана болады.

Сонау 1936 жылы құрылған «Кілемші» артелі кілем тоқудың ежелгі, көне өнерін қайта жаңғыртып отыр, сондай-ақ қазақ тақырыбына суретті кілемдер тоқуда. Бұл жөнде Аманкелдінің суреті салынған кілемді, «Бақытты аналық» атты суретті кілемді, сондай-ақ «Совет өкіметінің 30 жылдығы» аталатын көлемі 30 шаршы метр, Москвадағы Революция музейінде сақтаулы көп суретті әсем кілемді ауыз

толтыра атап айтуға болады. Сондай-ақ Сәкен Сейфуллиннің суреті салынған кілем де көз тартарлық. Қазақтың көркем суретті кілемдері Нью-Йорк, Прага көрмелерінде де көрушілерге қатты әсер етті.

Сүйекке, тасқа оюмен өрнек салу да қызықты өнер, ол арғы түп-тамыры ежелгі көне замандарға кетіп жатқан халық өнерінің жалғасы боп табылады. Ою, өрнек, айшық өнерлеріне машық адамдарға: немқұрайды кәсіпқойлыққа, дүмбілездікке, жасықтыққа, өнерді тұрпайы, қораш талғамдарға ілекерлеп бейімдеушілікке жол бермеңдер дегің келеді! Өнердің халықтық арғы негізінен қол үзбеңдер, себебі өнердің шын мәнісіндегі халықтығы ғана жақсы талғамның, өміршендіктің, өшпес әсемдіктің кепілі болып табылады демекпіз.

Музыка, живопись, скульптура және өнердің басқа түрлеріндегі тұрпайылық пен талғамсыздықты айтқанда, сол іспетті құнсыз туындылардың ара-кідік біздің эстрада, радио және телевидение программаларына да кіріп келе жатқан жағдайын атап өтпей болмайды. Жасыратыны жоқ, эстрада артистерінің оңды орындауларында берілетін жақсы нөмірлермен қабат конференсьелеріміз эстрадалық шеберліктің құнын түсіретін «өнерлерін» де көрсетіп қалып жүр. Радио арқылы және телевизор экранында берілген кейбір нөмірлердің құнсыздығы мен эстетикаға жатпайтындығы туралы біздің жалпы және арнаулы баспасөзіміздің бетінде талай рет әңгіме болған-ды. Радио мен телевизор миллиондаған еңбекшілерге қызмет ететіндігін еске алсақ, мұндай кемшіліктерге тіпті де төзуге болмайды. Жұрт арасында мынадай бір мысқыл әңгіме таралып жүр. Тыңдаушылардың қандай әндерді сүйіп тыңдайтынын білу үшін радиокомитет оларға сұрағы бар анкета жіберсе керек. Байқаса, бір академик қайта-қайта бір нөмірді үш рет шексіз мақтапты. Академикке радиокомитет бір қызметкерін жіберіп, сол нөмірдің оған не үшін ұнағанын анықтап келуді тапсырады. Сонда академик: «Мен көбінесе үйде жұмыс істеймін. Көрші үйлерде тынымсыз сөйлейтін оннан астам репродуктор бар. Әңгімеленіп отырған нөмір беріле бастаса-ақ, көршілерім репродукторларын өшіріп тастайды да, мен жайыммен жұмыс істеуге кірісемін»— депті.

Жақсы ойластырып өнердің толық бағалы шығармаларын беріп тұрса, радио мен телевизор хабарларының халыққа көркемдік мәдениетті кеңінен таратудағы ролі арта бермек.

Мәдениет университеттері, орта және жоғары мектептер,

клуб, кітапханалар, лекторийлер, баспасөз, көркемдік өндірістер туралы да осыны айтуға болады. Ал көркем өнер коллективтерінің халықтық театрлардың, концерт пен оркестрлердің қалың бұқара арасында эстетикалық мәдениетті көтеру жөнінде сіңіретін еңбегі — ұшан-теңіз. Олар халық арасынан қаулап өскен таланттарды тауып, іске қосу, көтеру міндетін бір атқарса, екінші жағынан, профессионалдык өнердің асыл өрнектерін уағыздап, эстетикалық әсер беру міндетін де тамаша жүзеге асырады. Тек бұл коллективтерге байсалды, маман басшылық қажет, олардың программаларын толып жатқан сорақылықтан, дөрекіліктен, ұсқынсыздықтан арылтып, халыққа мөлдір, таза, әдемі өнер көрсету арқылы шынайы эстетикалық сезім, әсер, ұғым беру мақсатын қарастыру керек. 1964 жылғы 20 декабрьдегі бас мақаласында «Правда» газеті былай деген: «Көркемөнер коллективтері эстетикалық және мінез-құлық тәрбиесі оның қатысушылары мен көптеген көрермендерінің рухани жеттігуіне себін тигізуі тиіс».

Осы жерде аса артық көңіл аударатын тағы бір мәселе бар. Ол поэзиялық және көркем текст оқу мәселесі. Бұл іс бізде артта қалып келеді. Әсерлі етіп көркем оқитын артистер жоқтың қасы. Мұндай оқуға үйрету жұмысы да нашарак. Ал эстетикалық тәрбие үшін көркем оқудың мәні тіптен үлкен екенін ұғатын кез жетті. Бұл істі бастау эстраданың, оқу орындарының, мәдениет университеттерінің абройлы міндеті.

Әдебиет текстін көркем оқудың үздік пайдасы жөнінде «Қазақстанская правда» газетінде талантты ақынымыз Олжас Сүлейменов жақсы жазды. Сәкен Сейфуллиннің 70 жылдық юбилейін өткізу үшін Москваға барған тұста көркем оқудың қаншалықты әсерлі екенін сол Олжастың өзі өте оңды дәлелдеді. Оның өлеңінің сапасына оқу өнері сай келіп, тыңдаушыларды эстетикалық рахатқа батырды.

Көркем оқу өнері бізде тым ақсап келеді. Радиодан оқылатын өлеңдерді тыңдап көрсеңіз тіпті жалығып кетесіз. Соншалықты жасық және бір сарында оқылады — кейде жігерің құм болады. Бізде ақындардың өзі жап-жақсы өлеңдерін жасытып оқиды: не орынсыз айқайлап кетеді, не жылайтын кісідей міңгірлейді.

Қазақстан Жазушылар одағы қасындағы көркем әдебиетті насихаттайтын бюро ақын, жазушылардың шығармаларын көркем оқу мәселесіне айрықша көңіл аударуы керек. Бірер жыл бұрын Ленинградтан біздің Алматыдағы қазақ концертінің шақыруымен әдебиет текстін оқитын белгілі

артист Илья Дальский келді. Мұнда қазақ поэзиясынан оқырлық қолайлы өлең таппайсыз деушілер де болыпты. Бұған сенбей Дальский қазақ поэзиясының өзеніне өзі шомып, Абайдан бастап, осы күнге дейінгі он шақты ақынның орыс тіліне аударылған таңдаулы өлендерінен программа тізген екен. Дальскийдің орындауында бұл программа тыңдаушыларын дән риза етті. Мұның өзі әдеби тексттің әсерін халыққа толық жеткізудің тиімді жолын танытып отыр.

* * *

Енді біз әдебиетке толығырақ тоқтауға тиіспіз. Мұның себебі, әдебиет негізгі мамандығымыз болғандығынан ғана емес, мұның себебі — көркем әдебиет өнердің ішіндегі ең бір жетекші, белсенді түрі, өмір құбылыстарын жаппай қамти алатын саласы, Белинскийдің сөзімен айтсақ, «нағыз тұтас өнердің өзі, оның ұйтқысы» болып табылады. Шынында да, музыкаға, театр мен киноға, өнердің тағы басқа түрлеріне көз салсақ, олардың негізгі арқауы әдебиет екенін көреміз: ән шығару үшін композиторға поэзиялық текст, опера музыкасын жазу үшін әдеби либретто керек.

Егер пьеса болмаса, нағыз данышпан режиссер де жақсы спектакль жасай алмайды. Қай фильмнің болса да табысқа жетуі ең алдымен сценарийдің идеялық-көркемдік сапасына байланысты.

Живопись шығармаларының бірыспырасы және оның кітап графикасы делінетін тұтас бір бөлімі де әдеби шығармаларды негізге алады. Мәселен, қазақ эпосының монументальдық образдары «Қазақ эпосы» кітабын көркемдеп мәнерлеуде және әсем суреттеуде Сидоркинге зор шабыт берді, сол үшін суретші Лейпцигтегі халықаралық кітап көрмесінде қола медаль жүлде алды. М. Әуезов эпопеясының сындарлы образдары суретші Ильинаның кітапты тамаша суреттеуіне көмектесті, осы үшін бұл кітапқа үшінші дәрежелі диплом берілді. Скульптура жөнінде де осыны айтуға болады. Мысалы, Лермонтовтың «Демон» поэмасынан кейін «Демон» скульптурасы туды, ал Антокольскийдің «Иван Грозный» скульптурасы Иван Грозныйдың алдын ала жасалынған әдеби образынан бұрын шығуы тіпті мүмкін емес еді.

Әдебиеттің мақсаты мен міндеті туралы ұлы Горький терең де білгір айтқанды: «Әдебиеттің мақсаты — адамның өзін өзі түсінуіне көмектесу, өзіне деген сенімін арттырып, ақиқатқа ұмтылу, ынтасын көтеру, адамдардың тұрпайы мінездеріне қарсы күресу, олардың жақсы қасиетін таба

білу ,жан дүниесінде ұятты, ашу-ызаны, жігер, мен ерлікті қоздыру; олардың адамгершілігі күшті болуы үшін, өздерінің өмірін әсемдіктің, әдеміліктің қасиетті рухымен жандандыра алатын болуы үшін әдебиет қолынан келгенінің бәрін істеуі керек»¹.

Тіл өнері ерте заманның өзінде-ақ өте жоғары бағаланған. Жауға қарсы соғыста қатерлі жағдайда қалған Троя жауынгерлеріне көмекке жіберілген ақын Тиртей туралы тамаша аңызды адам баласының жады біздің дәуірімізге таза күйінде жеткізді. Асқақ ақын Тиртейдің майдан әскерлері алдында айтқан жалынды өлеңіне рухтанып, жігерленген жауынгерлер соғысқа лап қойып, жауды Троя қабырғасынан қуып жіберген. Көркемдік және поэтикалық сөздің айрықша күшін барлық халықтар мойындайды. Қазақтың халық творчествосы бұған айқын айғақ! «Өнер алды — қызыл тіл», «сөз тапқанға қолқа жоқ», «зергердің қолы алтын, ақынның сөзі алтын», «отыз тістен шыққан сөз отыз рулы елге жетеді», «аталы сөзге арсыз жауап қайырады», «сөз тас жарады, тас жармаса бас жарады», «таяқ еттен өтеді, сөз сүйектен өтеді» деген секілді көптеген даналық мақал-мәтелдерді халық даналығы тудырған. Халықтың Алдаркөсе мен Жиреншенің. Қарашаш пен Тазша баланың тапқырлығы мен шешендігін дәріптейтін ғажап ертекерлер туғызуы да тегін емес. «Қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын» бақытты өмірді аңсаған, жыр толғауларымен халықтың жарқын болашаққа деген сезімін оятқан ел қамқоры — Асанқайғы туралы жан тебіренетін аңыздарды туғызған да халық. Ел қамын ойлаған ерлер туралы керемет эпос жырларын туғызған да дарынды халық. Үстем тап өкілдеріне қарсы, бостандық үшін күресте халықты ерлікке шақырған көтерілісші ақын — Махамбеттің жалынды, ыза-кекке толы жырлары ғасырлар бойы халықпен бірге тектен-текке жасап келе жатқан жоқ.

«Өлең — сөздің патшасы, сөз сарасы,
Қиыннан қиыстырар ер данасы.
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы.

Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы,
Сонда да солардың бар тандамасы.
«Іші алтын, сырты күміс» сөз сарасын,
Қазақтың келістірер қай баласы?»

¹ М. Горький, Шығармалар, 2-том, Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы, 1949, 195-бет.

деп, қазақ әдебиетінің негізін қалаған Абай Құнанбаев та текке айтпаған ғой.

Баспасөзі, радиосы жоқ кездің өзінде-ақ Абайдың өз өлеңдері мен Пушкин және Лермонтовтан аударған өлеңдері ауыздан-ауызға тарап, бүкіл қазақ даласына жайылуымен қатар, халықтың сүйікті накыл мәтеліне айналып кеткені, сөйтіп, Абай өлеңдерімен қазақ жастарының талай буыны тәрбиеленіп шыққаны тіпті де таңырқарлық емес. Халықтың бай ауыз әдебиеті мен Абай, Ыбрай қалдырған әдеби мұраның ізгі жақсы, сұлу сипат, қасиеттерге тәрбиелеу жөніндегі маңызын айтып тіл жетпейді.

Қазақ әдебиетінің тәрбиелік маңызы совет дәуірінде өлшеусіз өсіп отыр. Біріншіден, әдебиеттің өзі адам танымас-тай боп керемет өсті, әдебиетіміз қырық жылдың ішінде көп жанрлы, көп ұлтты совет әдебиетінің миуалы зор бұтағының бірі есебінде жетілген профессионал әдебиетке айналды. Екіншіден, мазмұн мен түр жағынан да тіпті жаңа сапаға ие болып, идеялық-көркемдік биік дәрежеге көтерілді.

Социалистік реализм негізінде жан-жақты қаулап өсіп келе жатқан қазақ совет әдебиеті елу жылдың ішінде талай жақсы шығармалар берді. Терең идеяға, жарқын ұлттық өзгешелікке толы бұл шығармалар коммунистік моральды баянды етуде, халыққа этикалық-эстетикалық тәрбие беруде үлкен роль атқарып келді, келешекте де солай бола бермек. Қазақ әдебиетінде есімі жалғыз Қазақстанның ғана емес, Советтер елінің шекараларынан тысқары жерлерге әйгіленген ақын, жазушылар бар. Олардың таңдаулы шығармалары дүние жүзі оқушыларының игілігіне айналды.

«ХХ ғасырдың Гомері», халық поэзиясының алыбы аталған Жамбыл Жабаевтың жырлары мен дастандары, бүкіл әдебиетіміздің асыл қазынасы болып табылатын «Абай жолы» эпопеясын жазған тамаша жазушымыз, Лениндік сыйлықтың лауреаты Мұхтар Әуезовтың еңбектері бұған айқын айғақ.

Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин, Әбділда Тәжібаев, Тайыр Жароков, Қасым Аманжоловтың, Әбжәміл Нұрпейісовтың, Тахауи Ахтановтың, Әнуар Әлімжановтың, Олжас Сүлейменовтың және басқа қазақ жазушыларының шығармалары Қазақстанның, Совет Одағының және шет елдердің көптеген оқушы жұртшылығынан жоғары баға алып отыр. Өмір шындығы, арман-мұрат айқындығы, революцияшыл пафос пен жігер, ұлттық бай колорит,

бейнелеу құралдарының өзіндік өзгешеліктері және қарапайым адамдардың моральдық тазалығын, жан дүниесінің сұлулығын ашып көрсететін, ізгі сезімдерін оятып, тебіренетін эмоцияға толы образдар жасау — бұл авторлардың шығармаларына тән ортақ қасиет.

Тарихи тақырыпқа жазылған, айталық, М. Әуезовтың «Абай жолы» және «Еңлік — Кебегі», С. Мұқановтың «Сұлушашы», «Өмір мектебі» және «Шоқан Уәлихановы», С. Сейфуллиннің «Көкшетауы», Б. Майлиннің «Шұғанын белгісі», І. Жансүгіровтың «Күйші» мен «Күлагері», Ғ. Мүсіреповтың «Оянған өлке» мен «Ақын трагедиясы», И. Байзақовтың «Алтай аясындасы» мен «Кұралай сұлуы». Ә. Тәжібаевтың «Абылы» мен «Оркестрі», Ж. Саинның «Күләндасы», Қ. Бекхожиннің «Мария Жагор қызы», Х. Ергалиевтің «Кұрманғазысы», Ә. Нұрпейісовтің «Қан мен тері», Ә. Әлімжановтың «Махамбеттің жебесі» тағы басқа осы секілді қазақ әдебиетінің монументалды шығармаларында революцияға дейінгі Қазақстанның тұрмысы суреттеледі, онда халық кеменгерлерінің образдары жасалып, олардың бостандық пен жарқын өмірге ұмтылған ізгі талаптары мен асыл ойлары да берілген. Біз бұл шығармалардан қазақ халқында ежелден қалыптасқан тамаша әсем сипаттар мен қасиеттерді байқаймыз: басқа халықтармен достық, әсіресе ұлы орыс халқымен достыққа ұмтылу, езу мен құлдыққа төзбеушілік, патриотизм және бостандық пен еңбекке деген сүйіспеншілік, сондай-ақ ұлы арманға жету жолында қармандық ерлік жасау — біздің халқымызға тән тамаша қасиеттер.

Социалистік революция заманында мейлінше терең және жан-жақты дамыған осы ізгі сипаттар мен қасиеттер революция мен советтік өмірді суреттеген шығармалардың ұнамды образдарын да тұлғалайды. С. Сейфуллиннің революциялық — мемуарлық кітабы («Тар жол. тайғақ кешуі») мен «Советстан», «Альбатрос» поэмалары, Бейімбет Майлиннің «Раушан — коммунист», «Он бес үй», «Азамат Азаматыч» повестері мен «Майдан» пьесасы, Ілияс Жансүгіровтың «Жолдастар» романы мен «Дала» поэмасы, С. Мұқановтың «Ботакөз», «Сырдария» романдары, Ғ. Мүсіреповтың колхоз туралы әңгімелері, ана туралы новеллалары мен «Қазақ солдаты» романы және «Ангельді» пьесасы, «Иә, соның іздері», «Өмір жорығы», «Кездеспей кеткен бір бейне» атты әңгімелері, Ғ. Мұстафиннің «Шығанақ», «Миллионер», «Дауылдан кейін» романдары, С. Ерубаевтың «Менің құрдастарым»,

М. Иманжановтың «Алғашқы айлар» повестері, Тайыр Жароковтың «Тасқын», «Құмдағы дауыл», «Жапанды орман жаңғыртты» поэмалары, Әбділда Тәжібаевтың «Ұсталар», «Портреттер» поэмалары мен «Жалғыз ағаш орман емес», «Көңілдестер», «Той боларда» пьесалары, Қасым Аманжоловтың «Абдолласы», Хамза Есенжановтың «Ақ Жайық», Зейін Шашкиннің «Тоқаш Бокин», «Теміртау», Тахауи Ахтановтың «Қаһарлы күндер», Әбдіжәміл Нұрпейісовтың «Күткен күн» романдары және басқалары идеялы-эстетикалық бағасы зор елулі шығармалар есебінде әдебиетіміздің асыл қорына қосылды.

«Әдебиет пен өнер қайраткерінің борышы,— деді Қазақстан коммунистік партиясының X съезінде Д. А. Қонаев жолдас,— өмірге белсене араласу, шеберліктерін жетілдіру, біздің замандастырымыз жайында өзінің идеялық бағыты және көркемдік сапалылығы жағынан совет адамының жоғары эстетикалық талғамын, барлық еңбекшілерді өміршең советтік патриотизм және коммунистік моральдың игі принциптері рухында тәрбиелеу міндеттеріне сай келетін жаңа шығармалар жазу болып табылады»¹.

Қазақ халқы мәдениетінің шын мәнісінде халықтық, ұлттық дәстүрлерін дамыта, тереңдете отырып, ұлттық характердің елеулі сипаттарын бейнелей отырып біздің әдебиетіміз Совет Одағының көп тілді, алуан түсті әдебиетінің қазынасына өз жаңалықтарын, өзіне тән өзгешеліктерін енгізеді. Бүкіл одақтық әдебиеттің ұлы арнасына дербес сала болып құйыла отырып, қазақ совет әдебиеті советтік сөз өнерінің алып галереясына өз бояулары мен өз мотивтерін, өз сарынын, өзінің құралдары мен образдарын қосады. Қазақ совет әдебиеті бұл галерияны байытып қана қоймай, басқа да туысқан ұлт әдебиеттерінің қосқан үлестерінен нәр алып, өзі де байи түседі. Ұлы совет әдебиеті дамуының диалектикасы міне осындай; социалистік реализм принциптері негізінде әдебиеттердің өзара бірігіп іс-әрекет жүргізу, бір-біріне әсер, ықпал ету, барған сайын бір-бірімен жақындаса түсу процесі бұл диалектиканың негізгі сипатын танытады.

Қазақ әдебиетінің Совет өкіметі тұсындағы даму процесінің ерекше сипаты сол — мұнда революцияға дейін және революциядан кейін де көп жылдар бойында әдебиетімізде басым боп келген поэзия да, революцияға дейін қазақта

¹ «Социалистік Қазақстан» 1960 жылғы 11 март.

болмаған драматургия да, революцияға дейін әлі қалыпта-
сып үлгірмеген проза да емін-еркін дамыды.

Совет шындығын бейнелейтін қазіргі қазақ прозасы ха-
лықтың әдеби мұрасының таңдаулы дәстүрлерін дамыта
отырып, орасан өсті және өсуде.

Фольклордың тілі мен образдары, оның соңғы кездерде-
гі дарынды халық ақындарының және революцияға дейінгі
сөз шеберлерінің творчествосын байытқан көркемдік-бейне-
леу құралдарының бүкіл арсеналы біздің қазіргі заманғы
әдебиетімізді, оның барлық түрлері мен жанрларын қорек-
тендіріп келеді. Қазақ фольклорында — лирикалық өлең-
дерде, батырлық, лиро-эпикалық және тарихи поэмаларда,
аңыздар мен қиссаларда, айтыстар мен толғауларда, әрки-
лы шешендік қақтығысуларда — осының бәрінде де өзара
байланыстылықты, поэзиялық, прозалық және драмалық
элементтердің астасып жатқанын кездестіреміз. Бұл эле-
менттердің айқындалып, кірігу, сіңіру, араласу халінен шы-
ғып, анық ажыратыла алатын дербес жанр боп өсуі үшін
жазба әдебиет дамуының тым ұзақ процесі керек болды.
Тіпті қазақтың жазба әдебиетінің негізін қалаушылар-
дың — Ыбрай Алтынсарин мен Абай Құнанбаевтың, сон-
дай-ақ Сұлтанмахмұт Торайғыров пен Сәбит Дөнентаевтың,
С. Көбеев пен М. Сералиннің шығармаларында да жоғары-
да аталған жанрлық элементтердің бірігіп, қатарласа өмір
сүргендігінің іздері айқын көрінуде.

Айта кететін сипатты бір жай — қазақтың советтік
әдебиетінің негізін салған Сәкен Сейфуллин, оның үзеңгі-
лес серіктері Бейімбет Майлин, Сәбит Мұқанов, Ілияс
Жансүгіров, Мұхтар Әуезов барлық жанрларда дерлік
ойдағыдай шығармалар берді. Таңқаларлықтай бұл «уни-
версалдық» бір жағынан, советтік жаңа жағдайда оқу-
шылардың талап-тілегі күшті екенін, совет әдебиеті
пионерлерінің бұл талап-тілектерді қанағаттандыруға
ұмтылып, жан салуы әбден табиғи екенін, екінші жағы-
нан, жас совет әдебиетінің революциядан бұрынғы әде-
биеттің прогрестік дәстүрлеріне жақын, етене екенін
көрсетеді. Сөйтіп, революциядан бұрынғы бұқарашыл
жазушылар болсын, қазақ совет әдебиетінің негізін салып,
қабырғасын көтерген совет қалам қайраткерлері болсын,
тарихи жағдайға лайық өздерінің оқушыларын жақсы
мұратқа, жарқын мақсатқа насихаттады. Олардың шы-
ғармалары көптеген буындардың сана-сезімін оятып эсте-
тикалық сезім талғамын үнемі өсіріп келеді.

Енді қазақ әдебиетінің осы этикалық және эстетикалық қызметін жанр жүйесінде саралап көрейік.

Ұнамды арман-мұрат әдебиетінде ұдайы реалдық негізінде, «жер бетіндегі» тіршілік негізінде туып отырды. Абстрактылық, символикалық, аллегориялық арман-мұраттарға ол мейлінше жат. Барлық прозалық шығармалардағы ұнамды геройлар мен ұнамсыз персонаждардың образдарында реалдық, жанды сипаттар болды. Кітаптағы геройлар болмыстағыдай өмір сүрді, тартысты, тіршілік жағдайларында іс-әрекет жасады. Мәселен, Бейімбет Майлиннің 1915 жылы жазған «Шұғаның белгісі» аталатын, шындыққа құрылған повесінің өзі-ақ сыршылдықтан, схематизмнен реалистік, психологиялық прозаға қарай зор қадам жасаған бастама болды да реалистік психологиялық проза тек совет тұсында қарыштап дамыды.

Мұхтар Әуезовтың, Бейімбет Майлиннің, Сәбит Мұқановтың ертеректегі прозасы сонау жиырманшы жылдардың өзінде-ақ психологиялық тәсілді қолдана бастаған-ды. Ол кездерде М. Әуезов, Б. Майлин, С. Мұқанов, сондай-ақ Ж. Тілепбергенов прозасының негізгі геройлары кешегі көшпелі қазақ ауылдарындағы тағдырдан соққы жеген, мағыналы жаңа өмірге енді ғана ояна бастаған қарапайым адамдар еді.

Қазақ әйелін саяси және тұрмыстағы күндіктен азат ету қазақ совет әдебиетінің сол дәуірдегі басты тақырыбының бірі болды. Қазақ прозасының революциядан бұрынғы шығармаларының бәрінде дерлік дәл осы тақырып басым болғанын еске алмасқа лаж жоқ. Өзінің бас бостандығын қорғау үшін күресте қажет болатын өжет, тұрлаулы қасиеттері бар, адал жүрек, ақылды, сұлу қыздардың ұнамды образдарын біз С. Торайғыровтың «Қамар сұлу» романындағы Қамар, С. Көбеевтің «Қалың мал» романындағы Ғайша, Б. Майлиннің «Шұғаның белгісі» повесіндегі Шұға образдарынан кездестіреміз.

Аса дарынды Бейімбет Майлиннің сіңірген тамаша еңбегі сол — ол оянып келе жатқан қазақ әйелдерінің шынайы образын бейнелеп, оқушыны баурап алатын суреттерін жасады. «Күлпаш», «Айт күндері», «Қырмызы», «Зейнептің серті» және басқа әңгімелерінде ол от басынан ұзай алмай, жіпсіз байланған, байлар мен молдалардан жәбір-жапа шеккен, бірақ сонымен қатар әділетсіздікке қарсы наразылық білдіріп, жаңа совет заңдарынан қорғаныш тапқан қазақ әйелдерін дәл де шебер суреттеді. Мәселен, советтік

әділ заңның қорғайтынына әбден сенімі мол Зейнеп зорлықшыларға қарсы күреске тайынбай кіріседі.

1929 жылы Б. Майлин сол бір күндердің ең көкейтесті тақырыбына «Раушан — коммунист» повесін жазды. Бұл кітапты осы күнге дейін көңіл толқымай, тебіренбей оқи алмайсыз. Раушан — жан түршігерлік феодалдық әдет-ғұрыптың құрбаны — Шұға емес, ол күреске енді ғана бел байлаған Зейнеп те емес. Раушан — өз праволарын әбден ұғынған, күреске тайынбай кіріскен, қиын күресте жеңіп шыққан, коммунистік идея жолындағы күрескер. Ауылдық Советтің председателі Раушан ғасырлар бойы езіп келген ескішіл әдет-ғұрыпты жеңіп шығуға өз бойынан мол қуат тапты. Бұл — өсу серпінінде, жан дүниесінің қимыл-әрекеті үстінде, ашық жаулармен ғана емес, өз ері Бәкенмен от басының тартыс, қақтығысында да көрсетілген жаңа қазақ әйелінің, саналы коммунистік әйелдің кесек те жарқын образы.

1934 жылы Бейімбет Майлин «Азамат Азамтыч» атты романның бірінші кітабын жазды. 1936 жылы осы үлкен полотно «Қазақ қызы» деген атпен орысша басылып шықты. Орыстың классикалық прозасының айбынды ықпалымен жазылған бұл кітап уақиғаларды кеңінен қамтиды. Характерлерінің нақты, психологиялық құбылыстарының аса шебер бейнеленуімен көзге түседі.

Б. Майлин прозасының жиырманшы және отызыншы жылдардағы қазақ әдебиетіндегі үздік құбылыс болғаны талассыз. Ол өзінің туған халқының өміріндегі тұтас бір бет бұрыс заманын терең шындықпен бейнелей білді. Б. Майлин прозасының құндылығы сол жылдардың өмір шындығын тану жөнінде ғана емес, ескілікпен егесе келген жаңалықты сүйгізерлік әсер алу жөнінде де даусыз бағаланады.

Әдеби жолының бас кезінде өзінің дарынды ақын екенін танытқан Сәбит Мұқановтың прозасын отызыншы жылдары едәуір табыстарға жеткен қазақ совет прозасының дамуындағы елеулі белес деп атауға болады. Оның «Сұлушаш» атты өлеңмен жазылған романы қазақ поэзиясының дамуындағы үлкен құбылыс болды. Романдағы сұлу табиғат көріністерінің сұлу суреттері, Сұлушаш, Алтай сықылды сұлу, таза жанды жандардың махаббат жолындағы жанқияр күресі оқушыға сарқылмас мол эстетикалық әсер берді. Прозада Мұқанов алғашқы кезде идеялық-көркемдік жағынан ақсап, жазу тәжірибесі аздығынан туған азынаулақ сәтсіздіктерге ұшырады. Әйтсе де оның 1928—1929

жылдары басылып шыққан «Мырзабек» атты повесі мен «Адасқандар» романы, авторлық кейбір жаңылыстары мен кінәраттарына қарамастан, Мұқановтың бойына біткен талант мүмкіншіліктерінің мол екенін ыспаттады. Тәжірибесіздігі оны өмір шындығын натуралды күйінде суреттеумен астасқан қарадүрсіндікке әкеп соқтыруы бар. С. Мұқановтың «Теміртас» романы мен «Балуан Шолақ» повесі де көркемдік кемшіліктерден кенде емес. Солай бола тұрса да «Теміртас» жазушының прозада Октябрь мен азамат соғысы тақырыбын игеру ретінде жасаған алғашқы елеулі талабы еді. Жазушы суреткерлік тәсілдеріне қалыптаса бастағанды. Сәкен Сейфуллиннің тұңғыш революциялық пьесасы «Қызыл сұңқарлардың», Ілияс Жансүгіровтың «Жолдастар» романының, Ғабит Мүсіреповтың алғашқы повесі «Тулаған толқындасының» негізі де осы «Теміртас» тақырыбына сабақтас болатын.

Бейнелеп айтқанда, «Теміртас» романында осы тақырыпты игеру — С. Сейфуллиннің тарихи-мемуарлық романынан, І. Жансүгіровтың новеллалық романынан, Ғ. Мүсіреповтың романтикалық повесінен соң С. Мұқановтың өзінің кейін «Ботакөз» деп атаған «Жұмбақ жалау» романы сықылды үлкен реалистік полотно жасауына жол ашқан өзінше бір көпір сияқты творчестволық әрекет болды. 1910—1920 жылдардың әлеуметтік-тарихи кең аясындағы оқиғаларды қамтыған бұл күрделі де көп салалы шығарма қазақ әдебиетінің кезенді туындысы деп танылуы тиіс.

Бұл романда жиырманшы және отызыншы жылдардағы қазақ совет прозасы жетсіліктерінің бәрі дерлік шоғырланған. Ботакөздің есте қаларлық образы социалистік реализм жүйесінде осы заманғы әйелдің жағымды образын қазақ прозасында жасауға жетекші болған бағыттың өзінше бір жинақталуы және дамытылған түрі болып табылды. Оқытушы Асқар Досанов образы Сұлтанмахмұт Торайғыровтың, Бейімбет Майлиннің, Сәкен Сейфуллиннің, Мұхтар Әуезовтың кітаптарында суреттелген қазақтың халықтық интеллигенциясының бірсыпыра образдарының жиынтығы іспетті тұлғаланған образ. Ал Итбай болыс — қазақ байының-феодалының барлық жексұрын сипаттарының кесек тұлғасы деуге сияды.

Большевик Кузнецовтың образын орыс пен қазақ халықтары достығының іс жүзінде қалыптасып, сомдалуы деп және қазақ еңбекшілерінің қос қабат тепкі мен құлдықтан азат етілу күресінде орыс жұмысшы табының оларға туысқандық көмек көрсетуінің айқын айғағы деп қарау-

ға тиіспіз. Екі халықтың достығы жөніндегі тақырып — қазақ совет әдебиетінің таңдаулы туындыларының бәрінде дерлік бейнеленіп келе жатқан тақырып.

Әйткенмен «Ботакөз» романының бұл реттерде көркемдік күші мен ықпалы айрықша үлкен, өйткені оның суреттеген өмір оқиғалары, бейнелеген адам образдары тарихи шындықты жан-жақты және терең алып қамтыған. Сайып айтқанда, романның идеялық-көркемдік күші оның озат идеядан жарық алған реализмінде, шындықты кесек алып түйген, терең алып талдаған шынайы талантында, көркемдік шеберлігінде деп білеміз. «Ботакөз» романының әуелден-ақ қалың оқушының назарын аударып, көп пікірлер туғызып, сүйікті кітап болып алу себебі де оның осы қасиеттеріне байланысты.

Қазақ прозасына Ғабит Мүсіреповтың енгізген үлесі де аз емес. Оның есімі алғаш рет жиырманшы жылдардың аяқ кезінде, тұңғыш повесі «Тулаған толқынданы» жарияланғаннан кейін-ақ жұртшылыққа мәлім болғанды. Қазақстандағы азамат соғысы кезіндегі кейбір өмір көріністері туралы жазылған бұл кітапта Ғ. Мүсіреповтың творчествосына тән кейбір сипаттар аңғарыла бастап еді. Ол сипат ең алдымен — жазушының бүкіл творчествосынан айқын көрінетін, өте күшті түрде баса айтылатын революцияшыл романтикалық пафос. Әсіресе осы сипат ержүрек ана образын суреттейтін новеллалар циклында өте-мөте айқын аңғарылады. «Алғашқы адым» повесі сияқты, «Қос шалқар», «Көк үйдегі көршілер», «Талпақ танау-сынды» көркем миниатюраларда Ғ. Мүсіреповтың психологиялық портрет жасау жөнінде қолы жеткен шеберлігі аз емес.

Қазақ прозасының қыркыншы, елуінші жылдардағы дамуы арқасында М. Әуезов, С. Мұқанов, Ғ. Мүсіреповсынды прозаиктердің дарыны гүлдене түсті де, жазушылар қатарына жаңа, тың есімдер қосылды. Мұхтар Әуезовтың Абай Құнанбаев жөніндегі төрт томдық эпопеясы он бес жыл бойында жазылды, ал мұның алғашқы кітабы 1942 жылы жарыққа шыққан болатын. Сол уақыттың ішінде С. Мұқановтың «Өмір мектебі», «Сырдария», Ғ. Мүсіреповтың «Қазақстан солдатты», мен «Оянған өлке», Ғ. Мұстафиннің «Шығанақ», «Миллионер», «Қарағанды», Ә. Әбішевтің «Жас түлектері», Ғ. Слановтың «Жанартау» мен «Шалқар», К. Әбдіқадыровтың «Комсомол зеносы», Ә. Нұрпейісовтың «Курляндия», М. Иманжановтың «Алғашқы айлар» атты романдары мен повестері, С. Бега-

линнің, С. Омаровтың және басқаларының әңгімелері бірінен соң бірі баспадан шықты.

Әсіресе соңғы жылдары қазақ прозасы белсене де бұлқына ілгері басты. С. Мұқановтың, М. Әуезовтың, М. Иманжановтың, Ә. Нұршайыховтың тың туралы очерктері жарияланды. Мерзімді баспасөзде С. Мұқановтың «Тыңдағы толқындар» романы басылды. Ғ. Мұстафиннің «Дауылдан кейін» романы, М. Әуезовтың «Үнді очерктері», З. Шашкиннің «Ұядан ұшқанда» повесі мен «Тоқаш Бокин» романы, Т. Ахтановтың «Қаһарлы күндер», Ә. Нұрпейісовтың «Күткен күн», Х. Есенжановтың «Ақ Жайық», Қ. Оразалиннің «Ақ жазық» романдары; З. Қабдоловтың «Өмір ұшқыны», С. Шәймерденовтың «Инеш», Т. Нұртазиннің «Мұрат», Ж. Жұмақановтың «Солдат жолы», С. Бақбергеновтың «Дина», Ө. Қанахиннің «Ауыр күндерде», А. Байтанаевтың «Ерденнің бастан кешкендері» повестері және көптеген басқа кітаптары жарыққа шықты. Әрине, әңгіме жаңа шыққан шығармалардың санында ғана емес, жаңа авторлардың есімдері туралы да емес, бізді әсіресе тақырып пен жанрдың кең өрісі, көптеген проблемалардың актуалдығы, шығармалардың идеялық-көркемдік дәрежесінің байқаларлықтай-ақ артқаны, көркемдік шеберліктің шыңдала түскені қатты қуантады.

Қалың бұқараға эстетикалық тәрбие берудің өте маңызды факторы болған бұл жаңа шығармалардың оптимистік, партиялық бағыты әдебиетіміздің бүгінгі ғана емес, үлкен болашағын да анықтайды. Әсіресе М. Әуезовтың кемеңгер ақынымыз Абай Құнанбаев туралы және қазақ халқының жарты ғасыр өмірі туралы ұлы эпопея жасау үлгісі мұны айқын аңғартады. Бұл эпопея жұртшылығымызға тегіс мәлім сансыз көп әдебиет зерттеу еңбектерінде егжей-тегжейлеріне дейін сипатталғаны соншалық, бұл жөнде көп айтудың қажеті болмас. М. Әуезовтың осы эпопеясы қазақ әдебиетінде тарихи роман жанрын туғызды, екінші жағынан осымен байланысты социалистік реализм әдісінің шеңбері мен мүмкіншіліктері өлшеусіз ұлғайды, оның тарихшылығы жөніндегі ұғым баянды етіліп нығая түсті. М. Әуезовтың тетралогиясы жазушының социалистік реализм мен партиялылық тұрғысынан тарихи материалдың өзінен-ақ халықтың ұлттық қасиеттерінің сипаттарын бейнелейтін, қазақтың көркем, образды тілінің барлық сарындарын құбылмалы, құлпырмалы сыр-баяуларын, құйқылжыған әсемдігін жарқырата жеткізген, оқығанында мейрің қана танғажайып эстетикалық ләззат алатындай мейлінше көкей кесті, жү-

рек тебіренерлік, көңілді толқыта сүйсіндірерлік шығарма жазуға әбден қабілеті жететіндігінің тамаша үлгісі болып табылады. Мәселе шығарманың тақырыбында ғана емес. Көбінесе оның орасан зор көркемдік қуатында. «Абай жолы» эпопеясында қазақ өмірі барлық қыры мен сырын ашқаны әлемге аян. Мұнда қазақ табиғатының керемет суреттері, қазақ тұрмысының саналуан көріністері, қазақ адамдарының қыруар образдарының тамаша бай галереясы көз тартады, көңілге ұялайды, жан дүниенді толқытады, рухани өміріңді байытып, жүрегінде ғажап әсерлер мен сезімдер туғызады. Адамгершіліктің, даналықтың, жан сұлулығының асқан үлгісі Абай ақын болсын, оның төңірегінде ұйысқан адал, көзі ашық, халық адамдарының ұнамды образдары болсын, совет жазушысының тарихи тақырыпқа байланысты, асыл эстетикалық мұратын М. Әуезовтың көркемдік амал-тәсілдерін талдау, оның стильдік өзгешеліктерін зерттеу нәтижесінде біз бұл еңбекті бүкіл одақтық әдебиеттің алтын қорына берік енген классикалық советтік шығарма деген қорытындыны ғана еске саламыз. Көркемдік дәрежесі аса жоғары осы эпопеяны оқыған барша жұрт оның авторына Лениндік сыйлық берілуін зор ризалық, қанағаттанғандық сезіммен қарсы алды. «Абай жолы» эпопеясы қазақ оқушысы ғана емес, бүкіл адам баласының рахаттана оқып, көркемдік әсерге бөленетін, эстетикалық нәр алып сусындайтын мөлдір дариясы десе болады.

Қазақ әдебиетіндегі социалистік реализм прозасының екінші бір ірі жетістігі — онда өндірістік тақырып, атап айтқанда, қазақ жұмысшы табының тақырыбы берік баянды етіліп отыр. Осы бағытта алғаш талаптанған жазушы Сәкен Сейфуллин екені жұртқа мәлім. Ол 1928 жылы темір жол салушы жұмысшылардың өмірінен «Жер қазғандар» повесін жазды. Содан кейін отызыншы жылдарда советтік Қарағандының құрылысшы жастары туралы Саттар Ерубаевтың, өкінішке қарай, аяқталмай қалған «Менің құрдастарым» романы, Ғабиден Мұстафиннің көмір ошағы жұмысшыларының тұрмысынан жазған «Өмір мен өлім» повесі жарыққа шықты. Қыркыншы жылдарда осы тақырыпқа өзінің «Жас түлектер» романына Ә. Әбішев қайта оралды. Бірақ әр жылдарда жазылған бұл шығармалардың бәрі де, көптеген жарқын суреттері бар бола тұрса да, жалпы алғанда жұмысшы табы құралуының тарихи процесін бүкіл тереңіне жете көрсете алмады, бұларда кейбір қарадүрсін натурализм де орын алды. Солардан кейінгі екі ірі шығарма: Ғ. Мұстафиннің «Қарағанды» және Ғ. Мүсірепов-

тың «Оянған өлке» романдары бұл олқылықтардың есесін ойдағыдай толықтырды. Бірінші роман социалистік Қарағандыны қуатты отын базасы етіп жаңадан салудың советтік дәуірін, екінші роман революциядан бұрын Қарағандыда көмір кенін ашу дәуірін, онда Россия және шет ел капиталының үстемдік ету дәуірін қамтиды.

Қазақстанның социалистік индустриясы туралы, оның адамдары — біздің замандастарымыз туралы жазылған байсалды да байыпты шығарма ретінде Ғабиден Мұстафиннің «Қарағанды» романының едәуір маңызы бар. Марқұм Александр Фадеев те көзінің тірісінде бұл романға тәуір баға бергені белгілі. Біз оның сөздерін қайталамай-ақ қоямыз. Ол баға жұрттың бәріне аян. Тек айта кетеріміз: Өмірден ойып алып жасаған Мейрам, Шербаковтардай құнарлы кесек образдарымен, дәл өмірдегідей шыншыл, деректі көркем картиналарын бұл роман оқушының мағлұматын байытып эстетикалық әсерін молықтыратыны сөзсіз. Биік талап тұрғысынан қараса, «Қарағандыда» кемшілік те жоқ емес, әрине әсіресе, кейбір образдарды суреттеуде схемашылдыққа, плакатқа бой ұру байқалады. Бұрынғы болыс, көп уақыт өндірісте жұмыс істеп, бүлдіру, диверсия жұмысын жүргізетін, ақыр аяғында ақылынан алжасатын Әлібек нанымсыз, плакаттағы зиянкес тәрізді боп көрінеді. Ол өзінің жауыз ағайындарын — «Шығанақ» романындағы зиянкес Төкенді, «Миллионер» романындағы Айдарды оқушының есіне түсіреді.

Қарағандының өткендегі өмір шындығы Ғабит Мүсіреповтың «Оянған өлке» романында шынайы бейнеленген. Бұл романның қазақшасына қалың жұртшылық жақсы лебіз білдірді. Бірақ орысшаға алғаш аударылған нұсқасы сәтсіздікке ұшырады. Соңғы жасалған екінші аудармасы азды-көпті қазақша нұсқасының рухы мен өзгешеліктерін жеткізе алған.

Романда қазақ пролетариатының тууы баяндалады. Ірі өнеркәсіп иесі Рязановтың әмірі бойынша шахта салу үшін, көмір мен мыс қазу үшін Орал жұмысшылары қазақ даласына келеді.

Байлардың, патша төрелерінің төзгісіз тепкісі, езуі есеңгіреткен қазақ кедейлері де еңбек етіп, ақша табуға, күн көріске ұмтылады. Рязановтың пайда досы жалмауыз саудагер Ушаков қазақтардың арзан жұмыс қолы екенін түсіне қалады. Бірдей еңбекке ақы белгілегенде ол қазақтарға ақыны орыстарға қойған ақыдан екі есе кем тағайындайды. Дәл осы арада орыс жолдастары қазақ достарына жәрдем-

ге келеді, оларға өздерінің праволары үшін күресуді үйретеді, қазақ даласында тұңғыш серіктік ұйымдастырады.

Қарағанды осылай туады, қазақ пролетариаты және орыстың жұмысшы табымен оның достығы да осылай құралады. Романның басты тақырыптық бағыты осы. Мұнда сонымен қатар жанама, жол-жөнекей бағыттар да бар, бұлар өзара тығыз арқауласса айшықтала келіп революциядан бұрынғы Қазақстанның өмірі мен тұрмысын, салтын суреттейтін кең полотно жасайды.

Бұл картиналарды жазушы дарындылықпен өте шебер суреттейді. Өмірдің жақсы білімпазы Ғабит сол өмірдің тұңғықтағы ағындарына, құбылыстар мен уақиғалардың сырына терең бойлайды, олардың заңдары мен бейімдіктерін дұрыс болжайды, адамдардың жан дүниесіне шұқшия үніледі, сол дүниеден әркімнің өзіне тән сипаттары мен егжей-тегжей тетіктерін табады, сөйтіп, осылардан адамның кесек образдарын қалыптан соғып, сомдайды.

Мысалға Бұланбайдың образын алайық. Ол өмірдің нағыз өзі ғой, оның өткендегісі, қазіргісі, болашағы ғой. Күні кешегі бай есігіндегі жалшы ол бұған дейін өзінің еңбек етіп, қызмет көрсетіп келген кісісі мұның өзінің жауы екенін бірте-бірте түсіне бастайды. Байлардың ылғи сенің жауың деп бұған ұғындырып келген адамдары — орыс жұмысшылары Бұланбайдың ақиқат, шын ықласты достары болып шығады.

Кесек те сом тұлғаның тұрпатында бадырайта көрсетілген, қоғамдық санасының қалыптасуын көрсету арқылы бостандық жолындағы күрескер ретінде суреттелген Бұланбайдың образына қазақ халқының ең таңдаулы ұлттық сипаттары: адалдық, аңқылдақ ақ пейіл, ержүректік пен өжеттік берілген.

Байжанның образы да өзіндік ерекшелігі бар, құнарлы да нәрлі бейне. Күрделі характерлерге тән әрқилы қырлар осы образда ұштасып жатыр. Оның образын біркелкі, трафаретпен жасау мүмкін емес. Айталық, Байжан жібінің бір ұшы феодалдық-ақсақалдық сарқыншақтар мен салт, дағдылар дүниесіне жалғасып жатса, енді бір ұшы жаңарған адам қатынастарына ұласып жатыр. Сондықтан оның характерінде екі қасиет (жаңа мен ескі) қатар өмір сүріп, күреседі де, ескіні жаңа үздіксіз күресте бірте-бірте жеңуге бет алады.

Жағымсыз кейіпкерлердің образдары да өте сәтті боп шыққан. Орыс капиталистерінің портреттерін жасағанын

Ғ. Мүсіреповтың үлкен жетістігі, творчестволық олжасы деп таныған дұрыс.

Дала байлары Жұман мен Игілік дараланған іспетте суреттелген. Жұман — дарақы, надан, топас феодал, озбыр, ал Игілік — айлакер, ақылды, шексіз комағай, сауда-капиталистік қатынастарының жаңа жағдайларына анағұрлым епті бейімделген обыр.

Романда қарама-қарсы топтардың өкілдері арасындағы астыртын антагонистік меңіреу күрес шындықпен анық көрсетіліп қана қоймай, сонымен қатар олардың өліспей бітпейтін, әсте өшпейтін ішкі қайшылықтары да өте шынайы, ақиқат көрсетілген.

Алайда эпизодтар мен образдардың реалистік әсерлі боп шығуы бәрінде бірдей емес. Кейбір кейіпкерлер солғын, шала-жансар шыққан, олардың күшті бейнеленген өзгешеліктері, ерекшеліктері жетіңкіремей жатады. Мәселен, жұмысшылар Байшағыр, Михайло, Неволя осындай. Анна Сергеевна да онша анық емес. Оның революционерка екенін долбармен ғана шамалап білуге болады, бірақ оның өткендегі өмірі, қоғамдық-саяси қызметі туралы оқушы өте аз біледі. Быковты бейнелеуде де жеткізе айтылмаған, жете суреттелмеген бір жайлар бар секілді. Бізге кемшілік көрінген бұл жайлар кемшілік болмауы да мүмкін, өйткені біздің оқығанымыз романның бірінші кітабы. Автордың уәдесі бойынша оның екінші кітабы жазылуға тиіс. Сол кітаптың үлесіне бірсыпыра салмақ түсетін сияқты. Ғабит суреттеген Қарағанды мен Ғабиден суреттеген Қарағандының арасы мезгіл жөнінен жалғасса, қазақ өмірінің үлкен бір эпопеясы жасалар еді. Осы күйінде де «Оянған өлке» тәрбиелік күші, танымдық, білімдік маңызы өте үлкен кітап, қазақ прозасының ірі табысы, сақа кемелді дарынның творчестволық сәтті олжасы. Сөз болып отырған салада З. Шашкиннің «Теміртау» романы қазақ жұмысшы табы мен өндірістік интеллигенциясының Қайыр, Дәмеш, Оразықылды жаңа өкілдерінің образдарын жасап, әдебиет қорына жаңа үлес қосты.

Қолхоз тақырыбы қазақ прозасында өзіне лайықты орын алды. Қолхоздар құрылған алғашқы жылдарда Б. Майлиннің, Ғ. Мүсіреповтың, М. Әуезовтың коллективтендірудің алғашқы қадамдарын шындықпен бейнелеген әңгімелері мен повестері жарыққа шыққан болса, бертін келе, қыркыншы, елуінші жылдарда бұл күрделі тақырыпты бейнелеу түрі болып қолхоз романы өрістеді. Ғ. Мұстафиннің «Шығанақ», «Миллионер», С. Мұқановтың «Сырдария» ро-

мандары шықты. Совет шындығының маңызды учаскесін суреттеуде, колхозшы замандастарымыздың образдарын жасауда бұл кітаптар жақсы роль атқарды. Бұл шығармалардың маңызы, жақсы қасиеттері мен кемшіліктері туралы баспасөз бетінде, талқылауларда талай сөз айтылды. Со-ларға қоса ескерте кететініміз тек мынау ғана: тәуір деп «Шығанақ» романындағы даңқты тары өсіруші мен «Миллионер» романындағы Жақыптың шоқтықты образдарын алсақ, «Сырдария» романындағы Сырбайдың байырғы бейнесі мен тартымды әйел кейіпкерлерін алсақ, сонымен қатар Ғ. Мұстафиннің де, С. Мұқановтың да бұл кітаптарында жасанды, ойдан шығарылған сүреңсіз адамдар кездеседі. Әсіресе «Шығанақ» романындағы зиянкес Төкен, партия қызметкерлері Василий Антонович пен Кәрібай, «Миллионер» романындағы «жауыз» Айдар мен «мейірімді» Ахмет осындай жандар.

Колхоз өмірін суреттейтін шығармалар қатары кейінгі кезде Н. Ғабдуллин, Ә. Нұршайыхов, С. Бакбергенев, Ж. Жұмақанов, С. Жүнісов, С. Омаров, М. Сүндетов, Ж. Молдағалиев, Б. Сокпақбаев, К. Оразалин сықылды прозаиктердің туындыларымен толығуда. Бұл туындылар бүгінгі колхозды ауылдың жасарған, жаңарған адамдарын бейнелейді.

Ұлы Отан соғысының уақиғалары неғұрлым ілгері барған сайын, соғұрлым ол қазақ жазушыларының суреткерлік назарын өзіне жедеғабыл тарта берді. Берлиндегі соңғы атыс тоқталысымен дерлік Ғ. Мүсіреповтің «Қазақ солдаты» романы жарыққа шықты. Майдандық жазушылар, соғыстан қайтып келісімен жедел бастарынан кешкен ұрыс майданындағы жанды уақиғаларды жазды. Совет Одағының Батыры Мәлік Ғабдуллиннің «Менің майдандас достарым», полковник Момышұлының «Офицер жазбалары», жас прозаик Әбдіжәміл Нұрпейісовтың «Курляндия» романы басылды.

Жас прозаик Тахауи Ахтановтың «Қаһарлы күндер» романы қазақ прозасының Ұлы Отан соғысы тақырыбына жазылған елеулі шығармасы деп танылды. Генерал Панфиловтың ел аузындағы аңызға айналған қазақстандық дивизиясының Москва түбіндегі жауынгерлік қимыл-әрекеттері жөніндегі материалдар «Қаһарлы күндер» романына негіз болды.

Романда жауынгерлік тәрбие тақырыбы үлкен психологиялық және іс жүзіндегі дәлдікпен терең алынып жасалған. Ұнамды кейіпкерлер Қартбайдың, Зелениннің, Земцов-

тың рухани өсуі өте нанымды көрсетілген. Бұрын өмірден «жылы жер» ғана іздеп жүрген, майданда батыр солдат болған, халық бақыты үшін жанын қиған Добрушиннің рухани өсу, ержету процесі аса қызық көрсетілген. Батальон командирі Мұрат та бай рухани дүниесін танытады.

Бірақ кейбір схематизм, іс жүзінде даралық белгілері жетіспейтін генерал Панфилов, майор Купцианов, орманшы Ерофей Максимович, Айша және тағы басқа образдардың тым нормативтік болуы бұл шығарманың елеулі кемшілігі дер едік. Санитарлық батальонда қызмет істеп жүріп, алдауға түсіп қалған дәрігерлік сестра Раушан қыздың образы да онша шындыққа жанаспайды.

Ұлы Октябрьдің қырық жылдығының кең көлемде бүкіл-халықтық мереке ретінде өткізілуі қазақ прозасына да игілікті әсерін тигізді. Жаңа шығармалар туды, солардың ішінде ең алдымен Хамза Есенжановтың «Ақ Жайық» романын атап өту жөн.

Бұл Батыс Қазақстандағы революция, азамат соғысы, Совет өкіметінің нығаюы жайлы автордың кең алқапта жазуға ойлаған үлкен эпопеясының екі кітабы. Ол аса бай тарихи материал негізінде жазылған. Сондықтан роман кейіпкерлерінің көпшілігінің өмірде прототиптері де бар. Олардың кейбіреулерін автор өз атымен атаған.

Романда өз өмірбаяны, өз тағдыры, өзінің ерекше сипаттары бар көптеген кейіпкерлер әрекет етеді. Мысалға Совдеп мүшелері: Дмитриевті, Черняковты, Быковты, Әйтиевті, Ипмағамбетовты, Қаратаев Бақытжанды алайық. Олар әрекет етуші бұқараның ішінде өздерінің мақсат, мүдде бірлігімен, жоғары саналылығымен, партияның жұмысшы табының ісі үшін халықтарды азат ету ісі үшін жانتәнін аямайтын революцияшыл күрескерлердің жауынгерлік сипаттарымен ерекше көзге түседі. Олардың образдары арқылы революцияның жеңімпаз идеялары, бітіспес күреске аттанған халықтың ерік-жігері бейнеленген. Бірақ олардың әрқайсысының жасымен ғана емес, ұлтымен ғана емес, ақылының, мінезінің өзгешелігімен де байланысты даралық ерекшеліктері бар.

Дмитрий жалынды шешен, ұйымдастырушылық қабілеті мол, еңбекшілерге сергек жанашыр адам бейнесінде көрсетілген. Ал большевик Әбдірахман Әйтиев жасырын революциялық жұмыстың өзіндік өзгешелігі бар түрлерін қолдаудың шебері, ауыл еңбекшілерін революциялық күреске қалтқысыз берілу рухында қажымай-талмай, зор төзімділікпен тәрбиелеуші болып көрінеді. Тегінде, Әбдірахман Әй-

тивтің образы романдағы ең бір есте қалатын образ екенін айта кету мақұл. Қазақ халқының бұқарасын Совет өкіметі үшін күреске аттандырған большевик қазақтың типтік сипаттары осы образда жинақталып бейнеленген.

Өздерінің іс-әрекеттерінде халықтың адал өкілдеріне сүйенетін, революцияның әділ ісін жақтайтын большевиктер тобына. Совдеп басшыларына буржуазияның, жергілікті байлардың бір топ идеологтары карама-қарсы қойылған. Жырынды ақ гвардияшыл Арон Қаратаевпен қатар романда Совдепті тұншықтырған аса айлакер, тәжірибелі жауыз генерал Михеевтің де образы суреттелген. Олардың халыққа, Совет өкіметіне деген өлердей өшпенділігінде; революционерлерді жайартқан катал жазаларында буржуазияның тарихи күйреу тағдыры айқын көрінді; жаулардың уақытша жеңуі, олардың күштілігін емес, торыққан, түнілген қанаушылардың дәрменсіздігін көрсететінін, революция күштерінің ақыры бір жеңетініне халықтың сенетінін оқушы айқын аңғарады.

Бір-біріне карама-қарсы екі күш бірден ашық жіктеле қалса, сөйтіп жекпе-жекте айқаса кетсе, адамдар дойбы тақтайындағы ақ тастар мен қара тастар сияқты әдейілеп тізіп қойылса, мұның өзі тұрпайы, чертеждағыдай боп шыққан болар еді. Ал мына романда екі лагерь — революция және контрреволюция лагерьлері олай көрсетілмеген. Мұнда бәрі де құбылыстардың, адамдардың, жағдайлардың ас-тасып, айшықталып, айқасып жатқан түрінде көрсетіледі. Іс-әрекеттер дамуының осындай күрделі процесі үстінде ғана образдар мен өмір шындығы картиналарының шынайылығы, өмірге сай толықтығы айқын көрінеді. Романның бас кейіпкері, өзінің бағытын бірден айқындай алмай, көп уақыт әрі-сәрі боп жүрген Хакім Жүнісовтың тағдыры ерекше сипатты. Оның характерінің қалыптасу, даму процесі күрделі, шиеленісті жолдардан өтеді, жандармдармен қатығысу, ауыл кедейлерімен жақын танысу, кейіпкер үшін шешуші маңызы болған большевик Әбдірахман Әйтнөвпен кездесу жолдарымен шындалады.

КПСС ХХ съезінен кейін қазақ прозасы қазіргі заман тақырыбына шұғыл бет бұрғанын айрықша атап көрсету қажет. Коммунистік партияның шақыруы бойынша жазушылардың өмірмен танысу, терең зерттеу жорығы, совет шындығының құбылыстарын жазушылардың терең де толық зерттеп ұғыну, игеру талабы, тың туралы, миллиард пұт астық, жаңа құрылыстар мен өнеркәсіп алыптары, колхоздар мен совхоздар, біздің советтік интеллигенция тура-

лы жауынгерлік очерктер мен әңгімелер туғызды. Жиырманшы жылдар туралы, Қазақстанда Совет өкіметінің нығаю жылдары туралы Ғабиден Мұстафин «Дауылдан кейін» атты роман жариялады. Сафуан Шәймерденов өзінің «Болашаққа жол» атты романын өңдеп, «Инеш» деген атпен қайтадан шығарды. Бұл — ғылым адамдары, озат биологтар жөнінде жазылған роман. Т. Нұртазинның «Мұрат» атты повесі жарияланды, бұл кітап кейбір мысалдармен ауыл шаруашылығы техникасын жетілдіру ісінде заводтар мен колхоздардың байланысы жайында мәселе көтереді. Зейнолла Қабдолов «Өмір ұшқыны» повесін жазып студенттер өмірінен елес берді. Оның бер жағында З. Шашкин Қазақстан металлургтері жайында «Теміртау» романын жазыптың тақырыпқа сүрлеу із салды, өмірдің соны саласында көркем жаңалық ашты. Соңғы жолдары прозада осы заман тақырыбына жазылған ауызға аларлық туындылардың қатарында Т. Әлімқұловтың «Ақбоз ат» романын, М. Әуезовтың аяқталмай қалған «Өскен өркен» романын, Т. Ахтановтың «Махаббат мұны» мен «Дала сыры» повестерін, Ә. Әлімжановтың, С. Бақбергеновтың, Ж. Жұмахановтың, Ә. Нұршайыховтың очерк, әңгімелерін атау орынды. Мұның ішінде өнегелік тұрғыдан қарағанда, аяқталмағанмен әсіресе көңіл аударарлығы М. Әуезовтың «Өскен өркені». Мұнда коммунистік құрылыстың, оның ішінде алабөтен, мал шаруашылығындағы қиындықтар батыл алынып, сол қиындықтарды ауыр күресте жеңген совет адамдарының, партия қызметкерлерінің бейнесі сүйсінерліктей сүйкімді суреттелген. Бір мақсатта жұмылып, достасып, коммунизм үшін күрескен адамдардың ұнамды образдарының ортасында айрықша саңлақ, айқын көзге түсетін обком секретары Карповтың тұлғасы. Бұл жақсы жоспарланған, сәтті шыққан ірі характерлі образ. Ол үлкен ой парасаттың адамы. Ол өзін дүниеде болып жатқан істің бәріне жауаптымын деп сезінеді — ешбір мәселеге самарқау, немқұрайды қарай алмайды. Әсіресе төңірегіндегі совет шындығына, совет адамының тағдырына тікелей жауаптымын, қуанышқа да, қайғыға да ортақпын деп ұғады өзін. Бұл образ М. Әуезовтың осы күнгі замандас бейнесін лайықты дәрежесінде көрсету жөніндегі зор жаңалықты табысы еді. Мұның үлгі-өнегелік мәні де өте-мөте зор. «Өскен өркенде» болсын, басқа туындыларда болсын, мұның бәрінен де біздің бүгінгі өміріміздің жаңа тынысы аңғарылады. Бұларда біздің замандастарымыз, совет адамдары заманымыздың ең басты қозғаушы идеясының — коммунизм құрылысы идеясының

иелреі іс-әрекет етеді. Совет еңбеккерлерінің өмірі, тын жерлерді игеру, табиғатты қайта өзгерту, өндірісте де, ғылымда да жаңа жетістіктерге жету жолындағы олардың күресі — міне, жаңа туындылардың негізгі мазмұны осы. Олардағы басты тартыс — жаңаның ескімен, озықтың кертартпамен күресі. Бұларда советтік патриотизм, интернационализм, халықтар достығы сезімдері қуатталады, баянды етіледі. Бұларда совет адамдарының реалды өмірі қаһарман заманның роматикасына бөленулі. Тәжірибелі сақа жазушылардың ғана емес, Қазақстанның жас жазушыларының да көркемдік шеберлігінің өсіп келе жатқандығы аса қуанышты. Бүгінгі күннің проза шығармаларының қорын пайдаланып, эстетика мәселелерін көтеруге және тиімді шешуге әбден болады.

Орыстың классикалық және совет әдебиеті қазақ прозасына барлық кезеңдерде де игілікті әсерін тигізіп келді. Революциядан бұрын сыншыл реализм элементтері қазақ әдебиетіне дәл осы әсер, ықпал арқасында енді, ал совет тұсында қалыптаса бастаған социалистік реализм әдісі онда осы әсер-ықпал арқасында берік орнап, баянды етілді. Орыс әдебиетінің көркем прозасы қазақ прозасын дамытарлық ұстаздығы арқылы да, тікелей ықпал-әсерімен де қазақ оқушыларының эстетикалық тәрбиесіне таптырмас, баға жетпес қызмет етеді. Орыстың классикалық әдебиетінің үлгілерімен қатар, совет прозасының М. Горький, А. Серафимович, Д. Фурманов, А. Толстой, А. Фадеев, М. Шолохов, Н. Островский, Ф. Гладков, К. Федин, Л. Леонов, Қ. Паустовский, Э. Казакевич, К. Симонов, В. Катаев, Б. Полевой, А. Бек секілді шеберлері және туысқан ұлт әдебиеттерінің суреткер прозаиктері орыс тілінде де, қазақ тілінде де қызықты оқылып, қалың жұртшылықтың ең қымбат тәрбиешісі, өнегешісі болып отыр.

Әсер-ықпал мәселесіне байланысты мынадай бір сипатты құбылысты атап өту аса қызық: бүгінгі қазақ прозасы әсер-ықпал дегенді өз басынан кешіріп қана қоймай, сонымен бірге басқа туысқан әдебиеттерге, соның ішінде орыс әдебиетіне өзі де кейбір әсер-ықпал етіп отыр. Мысалы, кейінгі кезде орыс сыншыларының аузына А. С. Пушкин туралы М. Әуезовтың «Абай жолы» сықылды шығарма жазылса екен деген сөз еніп жүр. Бұл факт, бір жағынан, әлдеқашан-ақ бүкіл одақтық майданға шыққан қазақ прозасының өлшеусіз өскендігінің тамаша айғағы болса, екінші жағынан, біздің совет әдебиетінің интернационалдық сипатының айғағы болып табылады. ол біздің совет әдебие-

тінде өзінің ұлттық өзгешеліктерін мейлінше бейнелеп, көрсете отырып, сонымен қатар барған сайын бір-біріне жақындаса отырып, коммунистік партиялылық, халықтық және социалистік реализм принциптері негізінде өзара ықпал, әсер етуге шексіз право ала отырып, барлық ұлт әдебиеттері еркін жарыста жедел өркендеп, дамиды.

Сөйтіп, ондаған тәжірибелі жазушылары, олардың сан алуан романдары, повестері мен әңгімелері бар қазақтың қазіргі көркем прозасын совет әдебиетінің жетекші саласы деп сипаттауға болады, мұнда ұлтық және жалпы одақтық әдебиетінің таңдаулы дәстүрлері негізінде социалистік реализм әр алуан көркем сөз шеберлерінің көптеген стильдері, жазу нәші, үн ырғағы бойынша баянды етіліп отыр және ол қазіргі заман қоғамына эстетикалық ықпал етудің аса елеулі факторы болып алды. Біздің көркем прозамыз поэзиямен және драматургиямен қатар, игі қасиет егеді, әсемдік сезімін оятады, жаны сұлу, жүрегі батыл, пікірлері айқын, әсемдікке құштар «нағыз адамдардың» үлгісін, өнегесін жасап береді.

Әсіресе КПСС XXII—XXIII съездерінен кейін, партиямыз жазушыларымызды өмірді терең білуге, әдеби творчествода батыл талаптануға, талмай ізденуге, көркемдік шеберлікті арттыруға, бұған этикалық қана емес, эстетикалық өлшемді де қатал қолдануға шақырғаннан кейін схематизмді, өмір шындығын боямалап, жылтыратып, жарқылдатып көрсетуді жеңу процесі қарыштап алға басты.

* * *

Енді поэзия туралы.

Поэзия деген сөзде, бұған берілетін ұғымда қандай тамаша көрік, әсемдік, қанша сүйкімділік бар десеңізші! Таза әсемдіктің, көріктіліктің өзін поэзиямен теңеу де тегін емес. Тамаша сұлу табиғат көркін — рауандап келе жатқан әсем таңды, күн батардағы шұғылалы шапақты, айнадай жарқыраған шалқар көл мен мөлдір өзенді немесе теңіздің ақ бас айдынын, асқан сұлу, көрікті, сүйкімді әйелді, немесе гүл-шешек атқан бау-бақшаны көргенде біз көбінесе «неткен поэзия еді мынау!» деп сүйсіне, қайран қала айқайлап жіберетінімізді өзіміз де аңғармай қаламыз ғой. Азат еңбектің құлдық еңбектен артықшылығын бадырайта көрсетіп, баса айту үшін біз әдетте «еңбек поэзиясы» деген сөз тіркесін қолданамыз. Ол тұрсын, кейде тіпті бүкіл бір халық туралы ақын халық екен деп теңеу айтамыз, сөйтіп

бұл халықтың ақындық қабілетін айтып қана қоймай, оның рухани әсемдігін, табиғатқа, өнерге деген сүйіспеншілігін атап көрсетеміз.

Қазақ халқының поэзиясы, тегінде, оның барлық рухани қазынасының ішіндегі ең байы, ең бағалысы болып табылады. Көп ғасырлар бойы поэзия жетекші өнер болып келді және өзінің сіңлісі — әнмен қоса көп азапты бастан кешкен халықтың жан айнасы болып келді. Онда лирикалық, тұрмыс-салт жырлары мен тарихи өлең, ән түрінде, ақындардың айтысы мен толғаулары түрінде, сондай-ақ батырлық және лирикалы-эпикалық поэмалар (киссалар) түрінде халықтың қымбат бағалы қазынасы көп ғасырлар бойына жиналып, шыңдалып, жұмырланып, тегістеліп дегендей, әсем қалыпқа түсірілді. Қазақтың ауызекі поэтикалық творчествосының ең көркемі «Қозы Көрпеш — Баян сұлуды» орыс филологтары дүние жүзі поэзиясының інжу-маржаны деп әбден лайық бағалады, мұның қолжазбасы А. С. Пушкиннің қолжазбаларының арасынан табылуы да жай емес.

Халықтың көкейкесті ой-арманын, тілегін бейнелеген, оның рухани және эстетикалық қажеттеріне сай келген ежелгі қазақ поэзиясы бізге өзінің білімдік, танымдық, эстетикалық қасиеттері мол мәңгі өшпес үлгілерімен де, совет поэзиясын дамытудың сарқылмас қайнар бұлағы ретінде қызмет етіп келгендігімен және қызмет етіп отырғандығымен де қымбат. Абай Құнанбаевтың, Жамбыл Жабаевтың, Сәкен Сейфуллиннің, Ілияс Жансүгіровтың алып жырлары осы мөлдір бұлақтан туып өсті. Қазақстанның осы заманғы ақындарының творчествосы да мотивтерді, образдарды, теңеулерді осыдан пайдаланып, осыдан нәр алады.

Сондықтан да Ілияс Жансүгіровтың:

Ежелден ескеруші ем елдің сөзін,
Бұлақтың тазалауға тінтіп көзін.
Бар ма деп ашпаған сыр, айтпаған жыр.
Құлақты қырға түріп жүрген кезім —

деп мойындауы әбден заңды.

Абайдың өмірді аңсаған, өмірді баяндаған поэзиясы, сиқырлап бойды алатын адамгершіл лирикасы, өмір сүйгіш жүректің арманын білдірген оның табиғат туралы, сұлу қыз, жүйрік ат туралы, ит жүгіртіп, құс салу туралы, достық пен махаббат туралы тамаша өлеңдері — эстетикалық ләззаттың қайнар бұлағы.

Махамбеттің алмас жүзді жалынды жырлары. Сұлтан-

махмұттың азаматтық лирикасы, Сәкен Сейфуллиннің революцияшыл лирикасы, оның «Аққудың айрылуы», «Ақсақ киік», «Көкшетау» сияқты романтикалық поэмаларының жарқылдаған, құлпырған сыр-бояулары, эмоцияға толылығы ақын жанының тазалығымен таңғажайып әсем шығарма ретінде, бізді зор қуанышқа бөлейді.

Туған халқын басты кейіпкер етіп алған Ілияс Жансүгіровтың терең идеясы, ержүрек, ақиқат патетикалық лирикасы, сондай-ақ оянып келе жатқан күншығыс туралы оның оптимистік толғауы, қазақтың халық музыкасы және оның шеберлері туралы таңғажайып поэмалары («Күй» мен «Күйші»), ең ақырда, халықтың сүйікті ақыны, әнші, композитор Ақан серінің трагедиясы туралы және оның саңлақ сайгүлігі туралы жазылған «Құлагер» поэмасын аса жоғары шабытты поэзияның шынайы туындысы және Ілияс ақындығының асқар шыңы болып табылады. Одан кейінгі буын ақындарының ең мықтысының бірі тамаша ақын Қасым Аманжоловтың творчествосы туралы да, қазіргі көрнекті совет ақындарының таңдаулы шығармалары туралы да осыны айтуға болады.

Асқар Тоқмағамбетовтың халықтық әзіл-сықақ пен колоритқа бай поэзиясы, әсіресе мұхит дүлейін жеңген Советтің төрт батыр жауынгері туралы «Төртеу» атты соңғы поэмасы мен ойшыл, өнегелі жаңа өлеңдері адамның ерлік, ізгі қасиеттері мен мінез-құлқын тәрбиелейді. Әбділда Тәжібаевтың айқын бейнеленген философиялық лирикасы мен лирикалық — романтикалық поэмалары («Абыл», «Оркестр», «Навои», «Тараспен әңгіме», «Нартай», «Портреттер» және басқалары) терең толғандырады да ой салады, сезімді толқытады да көңіліңді сергітеді, өмірді, адамды, жастықты, әнді, күйді, әдемілікті сүйдіреді. Әсіресе Ә. Тәжібаевтың «Кешеден бүгінге», «Жартас» атты кейінгі екі жинағы өмірдің терең сырын ашатын философиялық ойға шомдырады. Лирик-ақындар Ғали Ормановтың, Сырбай Мәуленовтың жарқын, эмоциялық әсерлі, көркем өлеңдері, сөз жоқ, оқушыны тебіrentіп баурап алады да жүрекке қуаныш, жанға ләззат, рақат береді. Тайыр Жароковтың жоғары саяси пафоспен, өткірлігімен ерекшеленген жігерлі, екпінді поэзиясының ой мен сезімге әсер, ықпал етуі айырықша күшті. 1934 жылы жазылған «Күн тіл қатты» поэмасында ақынның фантазиясы мен қиялының күші қаһарман совет халқының космосты бағындыру жөніндегі ұлы жеңістерінің жаршысы боп, совет адамдарының қуатын, күдіретін, рухының әсемдігін білдірген болса, «Тасқын» поэмасын-

да сүйікті астанамыз сұлу Алматының жарқын суреттері жомарт бояулармен бейнеленген; осы суреттердің өзі-ақ сүйсіну үшін, шаттану, мәз-мәйрам болу үшін канша нәр, қорек болып табылады десеңізші!

Алатау шуақ сүйген шын жартасын,
Көк орап көкала мұз дулығасын,
Лақтырған алтын допша таудан асып,
Күн туып шашып келед шұғыласын.
Ай жүзіп көкке сүңгіп шалқасынан
Алтын күн туып аспан алқасынан.
Шақырып тауда тарлан, гүлде бұлбұл,
Бәйшешек жарылғандай жауқасынан
Қос көксіл таудан ұшып талпынғанда,
Көлде айдын ақ шағала шалқығанда,
Күн күліп ақ жібек таң белдеуінең,
Балбырап бар табиғат балқығанда,
Әдемі атқан таңға әсерленіп,
Желпімей жел де баяу бәсеңденіп,
Көк толқын жұпар нiстi гүлге оранып,
Қаласы тұрды Алматы әсемденіп.

Марқұмның соңғы поэмасы «Тасқынға тосқын» да осындай патетикалық жырға, сұлу суретке, әдемі әуенге толы.

Қазақ ақындарының аға буынын былай қойып, орта және жас буын ақындардың өзі қазақ поэзиясы өзеніне алуан-алуан сыр-сипатымен бұлақ іспетті құйылуда. Олардың әр қилы үні, сарыны, сапасы бар. Сондықтан олардың оқушысына тигізетін әсері де әр қилы, әр алуан. Әлгі аты аталғандардан басқа Ө. Тұрманжанов, Д. Әбілев, Ә. Сәрсенбаев, Қ. Бекхожин, Х. Ерғалиев, Ж. Саин, Қ. Тоғызақов, М. Хакімжанова, Ж. Молдағалиев, М. Әлімбаев, К. Жармағамбетов, жас ақындардан І. Мәмбетов, С. Жиенбаев, Ғ. Қайырбеков, Т. Молдағалиев, Ш. Мұхамеджанов, Е. Ибрагим, Қ. Мырзалиев, М. Мақатаев, Ж. Нажметдинов т. б.— бұлар бір-біріне ұқсайды да, ұқсамайды да. Бәрінің қосылып жасайтын поэзиялық ықпал-әсері ұшан-теңіз. Соңғы кезде жарқырап көзге түскен үздік талант иесі жас ақын Олжас Сүлейменов өзінің партиялық, азаматтық, ұлттық үні айқын философиялық, патетикалы жалынды өлеңдерімен, «Адамға бас и, жер енді» деген тамаша лиро-эпикалық поэмасымен бүкіл Одақ оқушыларын тандандырғаны мәлім. Адамзаттан алғаш рет космосқа ұшқан тұңғыш космонавт Ю. Гагариннің ерлігін жырлап, бүкіл адамзаттың атағын, оның ішінде құдіретті совет адамының атағын мадақтаған О. Сүлейменов поэмасы асқақ гуманистік пафоспен жазылған асыл ақындық туынды ретінде көкейге ұялады. Мұндай

жомарт, байырғы таланттан туған шынайы ақындық шығарма адамға канат байлап, жанына азық, рух беріп, шаттандыратыны әркімге аян.

Поэзия саласында дарынсыз яки ешбір дайындықсыз, білімсіз бола тұра, өлең жазушылар да аз емес. Ақын өзегінен жарып шыққан шынайы жолдардың орнына бір-бірінен айнымайтын, ой мен сезімнің кедейлігінен кісіні жалықтырып жіберетін, жалаң да жалған риторика мен пафосқа ұрынған өлеңдер мен поэмаларды баспасөз бетінен кездестіретіміз қанша десеңізші! Тағы бір ескертетін нәрсе: жас ақындардың кейбіреулері «лирикалық дәптер» деп аталатын өлеңдерінде қоғамдық үлкен тақырыптардан аулақтап, өздерінің дара, оқшау «өзімшілдік» қауашағына көбірек бойлап, махаббат пен гүл, қыз бен бұлбұл туралы түсініктердің өңін айналдырып алады. Пессимизм мен декаденттік құлдырауға тән нәрсенің бәрі совет поэзиясының табиғатына жат екенін ұмытуға болмайды. Сондықтан да біз бәріміз әдебиетімізді өзімізге жат буржуазиялық Батыстың ықпалынан көздің қарашығындай қорғап, сергек те оптимистік поэзиямызды барынша дамыта беруіміз керек, жаңа қоғамның құрылысшысы — совет адамының жан дүниесінің рухани байлығын, тазалығы мен ізгілігін, асылдығын ашатын жарқын адамгершіл лирикаға үнемі камқорлық жасап, мәпелеп отыруға тиістіміз.

Сондықтан поэзиямыздың сапалы, таңдаулы туындыларын уағыздап, қалың оқушыға жеткізе білу, сөйтіп, жұртқа рақат таптырып, жанын семірту — эстетикалық тәрбиенің ең нәзік, ең асыл құралы мен тәсілінің бірі десек болады.



Халықтық, коммунистік терең идеялылық — совет өнері мен әдебиетінің басты сипаты. Ал әдебиет пен өнердің тәрбеилік ролі біздің қоғам өмірінің дамуымен бірге өсіп, жетіліп келсе, совет халқының мәдени тілектері өскен сайын, социалистік құрылыста олардың да маңызы үнемі өсіп отырды.

Экономиканың ғана емес, сонымен бірге қоғамның рухани өмірінің барлық жағын өркендетуді талап ететін коммунистік құрылыс дәуірі социалистік мәдениетке шын мәнісінде асқан зор перспектива ашады.

Құлдықтың бұғауынан құтылған жаңа адамның алдында біздің туған жер қойнындағы бар мол қазынасын ақтарып жатқаны сияқты, совет әдебиеті де бұрын болып көрме-

ген дәрежеде гүлденіп өркендейді, шешек атады, өзінің сарқылмас мол мүмкіндіктерін ашады.

Бүкіл одақтық совет әдебиетінің, оның ішінде Қазақстан әдебиетінің асыл туындылары еңбекшілерді коммунистік рухта тәрбиелеудегі игі іске, жаңа адамның тұлғасын жасау ісіне сөзсіз қызмет істеп келеді. Бірақ өршіл жаңа талапқа сай біздің әдебиетіміз қол жеткен дәрежеде тоқырап қалмай, өз дамуында жаңа кияға орлей беруі керек.

Барлық совет әдебиеті секілді, қазақ әдебиетінде де ХХ съезден кейін жаңа өрлеу туып, жазушылар қазіргі заман тақырыбын игеруге шұғыл бұрылды. КПСС ХХ—ХХІІІ съездерінің нұсқауларын іске асырып, халық өмірімен өздерінің байланысын нығайту жөнінде Қазақстанның ақын-жазушылары зор табандылықпен, шабытпен еңбек етуде.

Қазақ жазушыларының социалистік реализм әдісін терең де кең игеріп, оның жаңа жолдары мен мүмкіндіктерін аша түсуге ұмтылуы, көркемдік шеберлікті жетілдіруге бағытталған күрделі де үлкен творчестволық жұмысы — міне, соңғы жылдардағы әдебиет өміріне тән ерекшелік осы. Соңғы 10—15 жылдың ішінде ақын-жазушылар өндірістерге, құрылыстарға, колхоздар мен совхоздарға жиі баратын болды. Соның нәтижесінде ондаған жаңа очерк, әңгіме, повесть, пьеса, өлең, поэмалар туды.

Қазақстан жазушыларының ІV съезінің бер жағында әдебиетшілердің үлкен екі тобы Қарағанды мен Қазақстан Магниткасына, Қызылордаға бір-бір айлық әдеби сапарға шығып келді.

Суретшілер, скульпторлар, композиторлар мен театр өнерінің қызметкерлері жөнінде де осыны айтуға болады.

Жазушылар мен өнер қайраткерлерінің халық өмірінің тереңіне бойлап, етене араласу жорығына, өнердің қазіргі заман тақырыбына арналған жоғары сапалы шығармаларын тудыру жолындағы осы қажырлы күресіне қазақ жазушыларының отряды да белсене қатысып, проза саласында болсын, поэзия мен драматургия саласында болсын, жаңа туындыларымен әдебиетіміздің алтын қорын байыта түсуде.

Егер халықпен бір сапта үнемі өрлеу үстінде келе жатқан қазақ әдебиетінің табыстары мен жетістіктерін коммунизм құрылысы дәуірінің өскелең талабы тұрғысынан бағалайтын болсақ, онда біздің әлі де болса көптеген кемкетігіміздің, көріксіз, сұрғылт, піспеген, шикі шығармаларымыздың бар екенін ашып айтуға тиіспіз. Оқушыларды селт еткізбей, селкостыққа душар ететін, ешбір қызықтыр-

майтын, қайта тіпті жалықтырып жіберетін кітаптарды жиі ұсынатындығымызды мойындау керек.

Нағыз көркемдік шындығы жоқ, заманымыздың ұлы идеяларынан нұр алған үлкен өнердің толық қанды жарқын образдары жоқ, тек фактілер мен құбылыстардың біржақты, жалаң көрінісін ғана берген, өмірдің жанды сыр-баяуларынан жұрдай, қалай болса солай құрап-жапсыра салған езбелер мен фотографиялық негативі ғана бар очерктердің, әңгімелердің, повестер мен романдардың бәрін бірдей бұл арада тізіп жатудың қажеті шамалы.

Барлық жазушылардың, сондай-ақ барлық өнер шеберлерінің алдында тұрған мейлінше өткір де көкейкесті міндет-даңқты замандастарымыздың ең жақсы, таңдаулы қасиеттерін бойына дарытқан жағымды кейіпкерлердің кесек, толық қанды образдарын жасау міндеті.

Бұл міндетті біз әлі де ойдағыдай шеше алмай келе жатырмыз, мұның өзі күні бүгінге дейін әдеби өміріміздің ең бір қызғын мәселесі болумен келеді.

Адамның санасы мен психикасына нәзік әсер ететін ең өткір құрал болғандықтан, көркем әдебиеттің коммунизм құрылысы ісіндегі мәні мен ролін Коммунистік партия аса жоғары бағалайды. Сол себепті біздің партиямыз жазушыларды «адам жанының инженері», партияның лайықты көмекшісі деп есептейді, жазушыларды совет адамдарының еңбектегі ерліктері жөнінде оқушыларға орасан күшті әсер ететін, өмірді кеңінен қамтитын, идеясы терең, көркемдік шеберлігі кемеліне келген шығармалар жазуға шақырады. Ондай кемелді шығармалар өмірдің өзінен алынады да, өмір құбылыстарына адам санасы арқылы белсенді ықпал жүргізеді. Бұл мақсатқа суреткер қалай жетеді?

Ол үшін суреткер өмірден нағыз елеулі нәрсені, нағыз рухани жігерлі нәрсені, нағыз адамгершілік қасиеттерді саралап алып, жаңаның осы маңызды белгілерін бойына жиған жанды характерлерді сомдап жасайды.

Сөйтіп, Чапаевтың, Павел Қорчагиннің, Қожух Левинсонның, Давыдовтың, жас гвардияшылдардың, Василий Теркиннің, Вихровтың, Соколовтың, Ботакөздің, Раушанның өшпес бейнелері туады. Өмірдің өзіне борышқор есепті суреткер халықтың өзінен алған нәрсені халыққа қайтарып береді — одан алғанын типтік көркем бейнеге айналдырады.

Сөйтіп, бұл бейнелер тірі адамдар іспетті өмір сүре бастайды, оқушылардың характерін қалыптастыруға, өмірді алға бастыруға ықпалын тигізе бастайды.

Мысалы, Гайдардың «Тимур және оның командасы» деген кітабы осылайша тимуршылардың, жаңа бұқаралық қозғалысын туғызды. Партизан-матрос Железняктың бейнесі соғыс уақытында Белоруссияда халық намыскерлері — железнякшылардың тұтас бір үлкен партизан отрядын құруға жәрдемдесті. Осы сияқты, әрбір әскери бөлімнен өзінің Василий Теркиннің күні бүгінге дейін кездестіруге болар еді. Олар бізде мыңдап саналады және де олардың бәрі әдеби прототиптің орындайтын ролін атқарады.

Жұртқа мәлім, классикалық әдебиетіміз гуманизм ұранымен, адамды сүйу, адамды адамгершілік жағынан жетілдіру ұранымен дамыды. Совет әдебиетінің жақсы шығармалары бұл ұранды шарықтау шегіне жеткізуде. Гуманизм принципі тек шындыққа негізделуі қажет. Шынайы көркем нәрсені мадақтау да, сұрықсыздық атаулының барлығын күлкінің күшімен құрту да суреткерден ең алдымен шындықты тілейді.

Партия бізді халыққа тек қана шындықты айтуға болады деп үйретіп келді және осылай үйретіп те отыр.

Біз заманымыздың ерлерінің сыр-сипатын жасауда болсын, ескі дүниенің көлеңкелерін сатираның күшімен әшкерелеуде болсын боямаланбаған шынайы шындықты жақтаймыз.

Боямалап көрсетудің, жылтыратып жазудың, жарым-жарты шындықтың қандайы болсын сөзсіз жалғаншылыққа әкеп соқтырады, шығарманы жұтатады, оның құнын түсіреді, сөйтіп әдебиет пен өнерді тысқары қояды.

Идея жағынан биік тұру, коммунистік тұрғыдан тек шындықты айту, шынайы гуманизм, партиялық, халықтық принципті таза сақтау, социалистік реализм әдебиетінің негіздері, міне, осылар.

Михаил Шолоховтың «Адам тағдыры» әңгімесін қайталап оқып көрелікші.

Ондағы идеялық тереңдік қандай, өмір шындығын, ондағы тереңнен қозғалатын, аса қуатты процестерді тамырын тап баса түсінушілік қандай десеңізші! Ондағы характерлердің, ең алдымен шет жұрттағы бауырластарын азат еткен, барлық қайғы-қасірет ауыр азапты болаттай беріктікпен, Прометейдей асқан шыдамдылықпен жеңген, мұның өзінде жан дүниесінің байлығын сақтап қана қалмай, оның үстіне арттыра түскен орыс жауынгері характерінің күшімен шындығы қандай ғажап!

Егер Лев Толстой мен Максим Горький бұл тамаша әңгімені оқыған болса, олар өздерінің қалай сүйсінгенін білдірген болар еді, бұл күмәнсыз, өйткені «Адам тағдыры» сияқты шығармалар адамзат баласының көркемдік дамуында алға басқан қадам.

Шолохов салған жолмен батыл ілгері басып, жалпы жұртшылық таныған табыстарға ұлт әдебиетінің авторлары да ие болып келе жатқаны ерекше қуанышты жәйт.

Біздің Мұхтар Әуезовтың Абай туралы эпопеясы дүние жүзілік кітапқа айналды.

Қырғыздың жас жазушысы Шыңғыс Айтматовтың «Жәмиласы» мен «Хош бол, Гүлсары» повестері туралы да осыны айтуға болады. Мұндай шығармаларды оқи отырып, біз Н. Г. Чернышевскийдің сөзімен айтқанда: «барлық пасық, жаман нәрселерден жиіркенуге, барлық жақсы да асыл заттың әсемдігін түсінуге, ізгілікке, адамгершілікке жататынның бәрін жақсы көруге үйренеміз. Оларды оқи отырып, біздің өзіміз де бұрынғыдан жақсы, мейірбанды, адамгершіл боламыз».

Шынайы көркем шығарманың адамның ақыл-ойы мен психологиясына, тұтас алғанда, оның бүкіл рухани дүниесіне тигізетін этикалық, эстетикалық ықпалының қуатты күші осындай.

Сондықтан біздің идеологиялық жұмысымызда адам дейтін материалды құйып шыңдаудың көркем әдебиет сияқты нәзік, күшті әрі тартымды құралының тамаша мүмкіндіктерін мұқият ескеріп, шебер пайдалана білу қажет.

Әдебиеттің көркем шығармалары адам жүрегіне қалай жол тапқанын, ең нәзік қылдарын шертіп, қалай баурап, билеп алатынын еске сала кеткен жөн. Адамзаттың асқан данышпан көсемдері Маркс, Энгельс, Ленин әдебиетті жақсы көрген болатын және оның өткір де бейнелі сөздері олардың данышпандық еңбектерінің арсеналында лайықты орын алып отырды.

Пушкиннің, Лермонтовтың, Некрасовтың, Абайдың өлеңдері окоптарда коллектив болып оқылып, совет жауынгерлерінің рухани азығына айналғаны, оларды ерлікке жігерлендіргені жайлы фактілерді біз аз білмейміз. Қаза тапқан жауынгерлердің қойнынан өлеңдердің жинақтары табылып жүрді. Баршамызға әйгілі мына бір фактіні еске түсірейікші. Жау қаланы бомбылап жатқан уақытта ленинградтықтар бомбыдан қорғанатын орыннан сыртқа шығып, Жамбылдың «Ленинградтық өрендерім» деген жалынды жырын оқыды, одан моральдық күш-қуат алды.

Майдандағы жауынгерлер ақын Твардовскийге былай деп жазды: «Бізде Теркиннің істегеніндей іс істелмеген күн болмайды, әңгіме арасында «Теркиннен» үзіндіні біреу қыстырып жібермейтін сағат болмайды».

Космонавтар Гагарин мен Титов әдебиетті тым жақсы көретіні, әсіресе Маяковскийдің, Есениннің, Твардовскийдің поэзиясын сүйетіні мәлім.

Біздің жазушыларымыздың кітаптарын Қарағанды мен Теміртаудың кеншілері қалай жақсы көретінін, сатып алатынын, алыс отарлардағы малшылардың қазақтың жырлары мен ертегілерін, мақалдары мен мәтелдерін, «Шах-наме» поэмасын, Абайдың, С. Сейфуллиннің, І. Жансүгіровтың, Ә. Тәжібаевтың, Т. Жароковтың, Қ. Аманжоловтың өлеңдерін, М. Әуезовтың, С. Мұқановтың, Б. Майлиннің, Ғ. Мүсіреповтың, Ғ. Мұстафиннің романдарын қалай талап еткенін және талап ететінін біз жақсы білеміз. Аудандар мен облыстарда өткізіліп жүрген ақындар айтысы қазақ халқының арасында «ақын» деген сөздің қандай мәні бар екенін көрсетіп жүр.

Алматыда өткізілген республикалық ақындар слеті мен Шымкентте өткізілген ақындар айтысы өзінен өзі мәдениет мейрамына айналып кеткенін көрдік. Сонымен, барлық жанрдағы көркем әдебиеттің халық арасындағы ықпалы үлкен, ол коммунизм құрылысшылары үшін білім бұлағы ғана емес, сонымен бірге қуаныш, жан рақатының да көзі болып саналады. Алайда көркем әдебиет шығармалары бейнелеген идеялар мен сезімдер жарқын және нанымды тұлғаланса ғана, бұл шығармалар оқушының ойы мен жүрегін баурап аларлықтай зор көркемдік күшке ие болады.

Сол себепті де қазір әдеби шығармалардың кемелді көркемдігі, жазушының шеберлігі жөніндегі мәселе еліміздегі әдебиет өмірінің келелі мәселесі болып отыр. СССР жазушыларының III съезінің жұмысы да осы бағытта өтті.

* * *

Көркем әдебиеттің тәрбиелік міндеті тұрғысынан айрықша бір өткір жанр — юмор мен сатираның ролін дербес атаған жөн.

Социалистік реализм әдебиетіндегі гуманизм адамның бойындағы барлық өресі биік, моральдық небір таза, нағыз адамгершілік қасиеттерге сүйіспеншілікпен қарауды, сонымен қабат адамды бұзатын, көріксіз ететін залалды нәрселердің барлығына төзбеуді талап етеді.

Әдебиеттегі гуманизмнің пафосы — барлық шынайы көркем, тамаша нәрсені көріп, баянды ете, мадақтай білуде, сондай-ақ арғы жағадан, капиталистік дүниенің қараң жұртынан шығатын барлық сұрықсыз, арамза, адамға жат құбылыс-қылықтардың бәріне әсте төзбеуде.

Социалистік реализм әдебиетіндегі сатираның ролі мынада: ол қаратүнек дүниенің қорышыларын — соғыс өртін тұтандырып, өліммен сауда етушілерді, сары сайтанның малайлары мен жалдамаларын, сол сияқты біздің социалистік қоғамымызда бізге жат қылықтарды таратуға тырысушыларды — арамтамақтарды, мансапқорлар мен жалақорларды, бұзақыларды, бюрократтарды, көз бояушыларды, түрлі түсті жуликтерді, іріп-шіріген тоғышарларды жалғанның жарық дүниесіне алып шығып, маскара ғып аяусыз айыптайды. Бұл жанрды Абай Құнанбаев, Сәбит Дөнентаев, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров бастаған дәстүрді қазақ әдебиетінде қазір Ғабит Мүсірепов пен Асқар Тоқмағамбетов бастаған бір топ жазушылар дамытып келеді. Кейінгі жылдары сатира жанрына Қ. Мұхамеджанов, О. Әубәкіров, Ш. Смаханов, М. Рашев, Б. Қыдырбекұлы, О. Иманалиев және басқа жас жазушылар қосылды. Дегенмен жас сатириктеріміздің шығармаларына тән басты кемшілік сол — олардың шығармаларының мәдени дәрежесі әлі онша жоғарылай алмай отыр.

Эстетикалық мәдениетке жұртшылықты тәрбиелеу жұмысында жағымды образдармен қатар жағымсыз образдар да белгілі қызмет атқаратыны мәлім. Жаман қылықтарды сықақ, келемеж арқылы әшкерелеу, өмірдегі, адамның мінезіндегі сорақылықтар мен сұрқиялықтарды мінеу, мазақ ету, егер мұның өзі шын өнер құралымен шебер берілсе, жақсы эстетикалық талғамды шыңдауға пайдасы тиетіні сөзсіз. Белинскийдің сөзімен айтсақ, «сықақ та әсемдікке қызмет етеді». Ал егер сатиралық, юморлық шығармалар ұнамды ұлы арман-мүдделерге негізделмей, әлдеқандай сорақы, оңбаған сезімдерден туған болса, дөрекі, жабайы сарында жазылса, кейде тіпті табалау, бәлеқорлық ниетті көздесе, ондай шығармалардан эстетикалық ләззат алу, рақат сезімін түсіну дегенді ауызға алудың да қажеті шамалы.

Мысалы, Т. Ысмайыловтың «Әлдекімге бір шапалақ» атты сатиралық өлеңдер жинағында, сатирик ақын И. Законовтың «Күн көзіндегі дақтар» атты өлеңдері жинағындағы кейбір өлеңдерде дөрекілік, бірбеткейліктен, әдепсіздіктен онша қашық емес кейбір тұрпайылықтар да кездеседі. Бізде

«Ара» журналы ашылғалы сатира мен юмор жанры көп жанданғаны даусыз. Әйткенмен байсалды сатира бізде әлі де кешеуілдеп келеді. Бұл салада суреткерлер тағанды еңбек сіңіріп, тәрбиенің осы бір өткір құралын ұстарта түсуі қажет.

Көркем өнер мен әдебиет сыны шығармаға өмір тұрғысынан баға береді, бірақ сонымен бірге шығарманың эстетикалық реакция туғыза аларлық қабілетін анықтайтын да осы сын, сөйтіп, ол қалың бұқараның шығармаға деген ынта-ықласын арттырады.

Нағыз көркем сын логикалық реакцияны да, сезімдік реакцияны да комплексті түрде, диалектикалық бірлік шеңберінде көрсетеді. Сыншы суреткермен де, оқушымен де бірдей істес болады. Қайсыбір көркем өнер құбылысына талдау жасай отырып, сыншы оны жетік түсіну үшін суреткерге ғана емес, оқушыға да жәрдемдеседі, сөйтіп бұл арқылы халықтың жалпы эстетикалық мәдениетін көтеруге, адамның эстетикалық талғамы мен сезімін дамытуға да көмектеседі.

Көркем шығарма тікелей әсер ету жолымен өзінің оқушысына қабылдап, ұғыну сезімін туғызса — бұл бір басқа; ал интеллектуалдық, эмоционалдық құралмен қаруланған сыншы, искусствоның заңдары негізінде, шығарманың шынайы мән-жәйін ашып, оның көркемдік жақсы жақтарын, сондай-ақ кемістіктерін де көрсетіп берсе — бұл да өз алдына бір басқа. В. Белинскийдің Пушкин туралы жазғандарын оқығаннан кейін барып, Л. Толстойдың: «Мен Пушкинді енді ғана жақсы білдім» деп айтқан сөздері есте тұтарлықтай. Егер Л. Толстой Пушкин туралы көп жәйттерді ұлы сыншының көмегімен білген болса, Пушкиннің өзінің данышпандық шығармаларымен қатар Белинский еңбектерінің қандай орасан зор білімдік және эстетикалық маңызы болғандығын ұғыну қиын емес.

«Жылжымалы эстетика» (В. Белинский) делінетін әдеби сынның әдебиет процесінде өзінің лайықты орын алуын ұдайы дамыта, жетілдіре отырып, біз оқушыларды тек көркем шығармалармен ғана емес, әдеби сын шығармаларымен де тәрбиелеуге тиістіміз.

Коммунизм дегеніміз жалпы халықтың, жалпы адамзат мәдениетінің бұрын болып көрмеген дәрежеде гүлденуі, адамның жеке басының жан-жақты гүлденіп жетілуі деген сөз. Коммунистік қоғам адамы жаратылысының бөлінбес бір бөлігі, табиғи элементі жоғары дәрежеде дамыған эстетикалық сезім болады; бұл сезім оның моральдық және

адамгершілік бейнесіне асыл қасиет беріп тұрады. Адамның мұндай сезімін тәрбиелеуде әдебиет пен өнер аса маңызды роль атқарады.

Ұлы сыншы былай деп жазған: «Әсемдікті сезіну — адамгершілік қасиеттің шарты. Тек осы сезім төңірегінде ғана ақыл-парасат болуы мүмкін, тек осы сезіммен ғалым дүние жүзілік идеяларға дейін шарықтай алады, табиғат пен құбылысты оларға ортақ тұрғыдан түсінеді, тек осы сезіммен ғана азамат өзінің жеке басының мүдделерін де, өзінің жеке көзқарасын да Отан үшін құрбандық ете алады, тек осы сезіммен ғана адам өмірде ерлік істей алады, оның бар ауыртпалығына белі қайыспайды.

Мұнсыз, бұл сезімсіз, даналық жоқ, талант жоқ, ақыл-парасат жоқ, өмірдің үй ішіндегі қамына, өзімшіліктің ұсақ-түйек есептеріне қажетті құнсыз «ақылгөйсу» ғана қалады. Кімде-кім би музыкасына ғана елең етсе, елең еткен жүрегімен емес, аяғымен ғана елең етсе, музыка оның жан жүйесін елжіретіп, жүрегіне от салмаса, кімде-кім көркем суретті бөлменің ішін безендіруге ғана жарамды галантереялық бұйым деп қараса, оның тек бояуына ғана таңданса, кімде-кім өлеңге жастайынан құмартпаса, кімде-кім драманы тек театр пьесасы деп, ал романды еріккенге ермек ертегі деп білсе — ол адам емес... эстетикалық сезім жақсылықтың негізі, адамгершіліктің негізі»¹.

Қазақстандағы сын жайын сөз еткенде бізде ұзақ жылдар бойы өнердің ерекшелігін, оның эстетикалық мәнін елемей, сөйтіп өнердің өзінің түп негізіне балта шапқан үстірт, бір жақты, тұрпайы сынның өріс алып келгенін айтпауға болмайды.

Бізде қазір де нағыз философиялық, эстетикалық сын жетіспейді, эстетикалық мәселелерді бүгінгі таңдағы өнер материалдарының негізінде шын маркстік-лениндік тұрғыдан қарап талдау жұмысы жетіспейді. Бұл кемістік жойылуға тиіс, өйткені халықтың, өнердің өскелең талабы сынның өз дәрежесінде болуын қажет етіп отыр.



Адамның эстетикалық мәдениеті оның жалпы мәдениеттілігінің жарқын бір көрсеткіші. Бұл-дағы туған, өскен ортаға, табиғат құбылыстарына, алған білімге, тәрбиеге, қоғамда атқаратын қызметке, тұрмыс жағдайына және

¹ В. Г. Белинский. Шығармалар, 1-том, 220-бет.

тағы басқа толып жатқан себеп, факторларға байланысты қалыптасатын қасиет. Адамның асыл, нәзік қасиетінің бірі — эстетикалық сезімді оятып өсіретін, эстетикалық талғам мен көзқарасты қалыптастырып, кісінің эстетикалық мәдениетін дамытатын, жетілдіретін факторлардың ішінде ең үлкен орын алатын, шешуші роль атқаратын әдебиет пен өнер екенінде дау жоқ.

Шынайы өнердің адам атаулының мінез-құлқына игі әсер ететінін ұлы ойшылдардың көбі-ақ айтқан. Ағылшынның атақты ғалымы Чарльз Дарвин мынадай бір тамаша пікір айтыпты: «Егер менің екінші рет өмір сүруіме тура келсе, мен тым болмаса аптасына бір рет поэзиялық шығарма оқып, музыка тыңдауды өзіме міндетті ережеге айналдырар едім, осылай етсем, миымның қазір семіп қалған кейбір бөлімшелері өзінің ұзақ жасау қабілетін сақтап қалған болар еді. Бұл талғамдарды жоғалту бақыттың бірсыпырасынан айрылумен тең және ақыл ой қабілетіне де мұның зиянды ықпалын тигізуі мүмкін, ал мінез-құлқымызға мұның зиянды ықпал етуі тіпті де ықтимал, өйткені жаратылысымыздың сезімдік, эмоциялық жағын әлсіретеді».

Осы нағыз данышпандықпен айтылған пікір тұрғысынан қарасақ, замандастарымыздың ішінен өздерін мәдениетті адамбыз деп санай тұра, әдебиет пен өнерді менсінбейтін, көркем әдебиетті аз оқитын не тіпті оқымайтын, сурет көрмелері мен концерттерге бармайтын кейбір адамдарды көргенде, лажсыз қынжыласың. Кейбіреулерінің тамаша жеке кітапханалары да бар, бірақ осы кітаптар эстетикалық ләззат алу үшін емес, кабинеттің сәні үшін жиналатын сияқты.

Осындайлардың біреуі жайлы мынадай бір сықақ әңгіме бар. Бір күні үйіне құрбысы келіп, кабинетінің төбесіне дейін текшеленген сөредегі көп кітапты көреді. Құрбысы көзімен кітап сатысын іздеп тұрып, одан:

— Жоғарғы сөредегі кітапты қалай аласың?— деп сұрапты. Сонда әлгі бейшара құрбысы ұялмастан:

— Менің шаңсорғышым бар ғой!— депті.

Әрине, мұндай азаматтар бізде тым көп болмас, бірақ баршылық.

Жасыратыны жоқ, біздің театрларымыздың спектакльдерінің нашарлары да бар, бүгінгі күннің міндетінен аулақ пьесалар да бар, режиссерлеріміз бен драматургтеріміздің қателер жіберіп, сәтсіздіктерге ұшырап жүргендері де бар. Бірақ өзін мәдениеттімін деп санайтын кейбір адамдардың

театрға бармайтынын мұнымен ғана дәлелдеуге болмайды. Театрларымызда жақсы, классикалық пьесалар да қойылып жүр, не пайда, жалған мәдениетті кісілер оларға да бармайды ғой.

Осындай бір «мәдениетті» кісі бір күні әлдеқалай театрға келіпті. Спектакльден кейін одан:

— Қалай, ұнады ма?— деп сұрағанда:

— Ұнады,— депті.

— Несі ұнады?— десе:

— Буфеті!— депті.

Бұл анекдот сияқты көрінер, бірақ анекдот емес, ал кейбір анекдоттың өзінде ащы шындық жататыны бар емес пе?!

Алматыға Рига драма театрының келгені бәріміздің де есімізде. Тамаша пьесалар ойналып жатты. Рига театрының алты постановкасын көрдік, бірақ театрда бірде-бір жазушыны, композиторды келздістіре алмай, өз жолдастарымыз үшін қатты қынжылып, ұялғанымыз бар. Иркутск, Новосибирск және тағы басқа қалалардан келген театрларға бару жайы да осы секілді.

Бізде жұрт операға да аз барады, оны түсіну де шамалы. Симфониямен қатар, музыканың осы ең жоғарғы түрі — опера біздің рухани қажетімізге айналуы керек. Опера мен симфонияны тыңдауға халықты көп тарту үшін бұларды кең уағыздап, халықтың музыкалық талғамын тамыта түсуіміз керек. Опера тек музыкамен ғана тіршілік ететін, оны бағалаушы азғана адамдардың және тек қана музыка зерттеушілерінің әуестенетін өнері деп ойлау мейлінше қате және тіпті дәлелсіз.

Қазақтың опера өнері бұл теріс пікірді сөзсіз жоққа шығаратыны айғақ.

Опера, опералық театрдың демократияшылдығы қазақтың жалпылама театр көрушілерінің эстетикалық талғамы мен тілек-сұрағына әбден сай келді. Қазақтың «Қыз Жібек», «Жалбыр», «Шұға», «Ер Тарғын», «Айман—Шолпан» сияқты музыкалық спектакльдерінің түпкі төркіні — қазақтың ән өнері, халық әндері екенін, олардың сюжеттері де қазақ фольклорынан алынғанын ұмытуға болмайды.

«Опера, тек қана опера,— деп мәлімдейді данышпан П. И. Чайковский жазған бір хатында,— сізді жұртпен жақындастырады, сіздің музыкаңызды нағыз жұртшылықтың өзімен бауырластырады, сізді жеке кішкентай үйірме-

лердің ғана емес, қолайлы жағдай тура келсе, бүкіл халықтың саңлағы етеді!»¹.

Халық творчествосының бұлағынан сусындаған, СССР халық артистері, марқұм, әнші Күләш Байсеитова мен композитор Мұқан Төлебаев, Ахмет Жұбанов-сынды өнер қайраткерлерін туғызған қазақ операсы қазақ халқының эстетикалық санасына, рухани мәдениетіне сол мәдениеттің тұңғыш элементі болып енді. Қазақ халқының опералық творчествосының тұңғыштары да халық әндерінің рухынан туып отырғанын көріп отырмыз. Солардың бәрі музыкалық творчествоның жаңа толқынын әзірледі, Ахмет Жұбанов пен Латиф Хамидидің «Абай», Мұқан Төлебаевтың «Біржан мен Сара», Құдыс Қожамировтың «Назугум», Евгений Брусиловскийдің «Дударай» опералары сияқты мазмұны терең, анағұрлым профессионалды, музыкалық тілі әсем, жаңа опералардың тууын даярлады.

Композиторлар, дирижерлер, музыканттар, режиссерлер, опера актерлері сирек кездесетін творчестволық бірлікпен, достық, ынтымақпен опералық тұлғаларды ойнайды, сөйтіп қазақ халқының музыкалық мәдениетінің, эстетикасының әсемдік жөніндегі түсінігінің артуына қолқабыс етеді. Шынында да, «Қыз Жібектің» музыкалық бір фразасы Алматы радиостанциясының дабылдамасы болып отырғанының өзі-ақ елеулі де жүрек тебіренетерлік факт емес пе?!

Біреу жыл бұрын қазақ халқы мезгілсіз дүние салған ұлттық композиторы Ахмет Жұбановпен, оның алдында аса дарынды композиторы Мұқан Төлебаевпен қоштасты. СССР-дің Қазақстандағы бірінші халық артисі Күләш Байсеитовадан эстафетаны, оның дарынды шәкірттері өз қолдарына алғаны сияқты, Ахмет Жұбанов пен Мұқан Төлебаевтан да эстафетаны республикамыздың талантты музыкалық жастары қабыл алып отыр.

Жастарымыздың бұл эстафетаны аброймен асқақтата жоғары ұстап, өздерінің ұстаздарының даңқына дақ жуытпайтынына күмән жоқ деп сенеміз.

Москвада соңғы өткізілген қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігінде жоғары талғамды астана тыңдаушыларының алдында «Біржан мен Сара» сықылды туындысының тамаша табысқа жетуі Қазақстанда опера өнерінің гүлденіп отырғанын және талғамы күшті тыңдаушылар мен көруші-

¹ П. И. Чайковский, Н. Ф. Фон-Меккен жазысқан хаттар, «Академия баспасы», 1936. III том. 381-бет.

лерді қуанта, тебіренге, рухани байыта отырып, мұнан былай да гүлдене беретінін ыспаттайды. Алайда бұл салада да өнерпаздарымыз баяу істеп жүргені байқалады. Рахмадиевтің тарихи тақырыпқа жазған «Қамар сұлу» операсын айтпағанда, кейінгі жылдары құлақ құрышын қандыратын опералық шығармалар туа қойған жоқ. Бұл жай көңілді уақытша болса да қобалжытады, неге десеңіз, жаңа жақсы опера жасау, эстетикалық мәдениетті көтеру үшін таптырмайтын және теңдесі жоқ құрал жасау деген сөз. Бұл міндет — уақыт күттірмейтін міндет.

Көркемдік тәрбие берудің мықты құралы ретінде біздің көрікті астанамыз Алматы каласы да елеулі роль атқаруы мүмкін. Біз оның табиғи сұлулығын, тау беткейі мен бөктерін, асқақы ақ бас Алатауын, жас астанамыздың тамаша алма бақтары мен гүл теңізіне бөленген көркін айтып отырғанымыз жоқ. Біз үйлердің архитектурасын, бүкіл қаланың архитектурасын айтып отырмыз, өйткені оның өнерге, эстетикалық талғам мен көзқарасқа тікелей қатысы бар. Біз, алматылықтар, басқа жақтардан келген қонақтарға қаламызды көрсеткенде опера театрын, Үкімет үйін, Ғылым академиясын, оның химия институтын, стадионды, қонақ, үй мен ресторанды мақтан етеміз. Осы архитектуралық ғимараттардың зәулімдігі мен сұлулығына таңдана, сүйіне қарап, мақтаныш етеміз, эстетикалық рақат табамыз. Осымен бірге биік әсем үйлердің қасында, олардың ансамблін бұзып, көзге шыққан сүйел секілді көрінетін әртүрлі күні біткен көнетоз үйшіктер мен лашықтарды сан алуан будкалар мен лавкаларды көргенде, бойды билейтін өкініш сезімі де бізге таныс болуы керек.

Алматылықтар өздерінің эстетикалық мәдениетін үздіксіз өсіріп отырумен қабат өздерінің туған астанасының әсемдігін әлі де болса арттыра түсудің шараларына, қаланы онан сайын көркейтуге белсене араласулары керек, қаланың әсемдігіне нұқсан келтіріп тұрған ұсқынсыз нәрселердің бәрімен үздіксіз күрес жүргізулері тиіс. Кітап тираждарының күн санап артып отыруы, халық университеттерінің құрылуы, біздің театрымыз бен фильмдеріміздің, балет пен музыкамыздың, би ансамбльдері мен хор коллективтерінің шет елдердегі тамаша табыстары, адам баласының тарихында болып көрмеген өнерпаздар үйірмелерінің біздің елімізде тамаша өрістеуі біздің мәдениет жөнінен адам баласы мәдениетінің алдыңғы қатарында келе жатқанымызды, біздің халқымыз құрылысшы халық, әсемшіл халық — рухани мәдениет молшылығын жасауды коммунизм

құрылысындағы басты міндеттердің бірі деп санайтын халық екенін толық ыспаттайды.

Біздер көркемдік, эстетикалық рухани байлық жасаймыз, ал осы байлық табанда қалың бұқараның игілігіне айналады.

Біздің партиямыз бен оның лениндік Орталық Комитеті әдебиетіміз бен өнеріміздің халық игілігі үшін дами беруіне барлық жағдайды жасап келді, жасап та отыр, осының өзі адамның бойындағы барлық творчестволық қабілеті мен күшінің, рухани тұлғасының жан-жақты дамуының, гүлденуінің кепілі болып табылады.

Жаңа өмірдің жарқын сипатын, сұлу сымбатын, жаңа әсем қоғамның моральдық қасиетін қастерлеп уағыздауымыз керек, коммунизм орнатушы совет адамдарының творчестволық еңбегін сүйіп, ардақтап, данққа бөлеуіміз керек.

Бұл — ең алдымен көбіне көп көркем әдебиет пен өнер қайраткерлеріне жүктелетін ардақты да абройлы міндет.

„ЖЫЛЖЫМАЛЫ ЭСТЕТИКА“

Мәселе тағы да әдебиет сыны туралы. Белинский сөзімен айтқанда «жылжымалы эстетика» туралы. Тағы да дейтінім, бұл мәселе екі-ақ жыл бұрын жазушылар съезінде қаралған. Оның ар жағында да талай рет жиындарда, газет, журнал беттерінде сын жайы сөз болып талқыға түскені әмбеге аян. Енді міне осы жай жазушылар пленумының арнаулы мәселесі ретінде күн тәртібіне қойылып отыр.

Бұл нені көрсетеді? Көркем әдебиет ағымының дамуында әдебиет сынының атқаратын қызметі мен мәнінің зор екендігін көрсетеді. Әсіресе әдебиеттің сапалық дәрежесін көтеруде бірден-бір қажет шарт, таптырмас өткір құрал екенін көрсетеді. Мұны біздің әдеби қауым мен оқырман жұртшылық әлдеқашан ұғынған. Сын неге керек, ол қандай болу керек? деген жөнде қазір кез келген әдебиетші майын тамызып дұрыс айтып бере алады. Тіпті ертедегі зиялы, беделді адамдардан толып жатқан цитат алып та ой пікірімізді дәлелдейтін күйге жеттік. Бұл, сөз жоқ, жетістігіміз, әрине. Бірақ бүгінгі әңгіме көптен мәлім аксиома болған жайлар туралы емес. Мәселенің күн тәртібіне бұл жолы қойылуында жаңалықты ерекшелік бар. Ол көркемдік дамудың жаңа бағыты мен жаңа проблемаларына байланысты.

Коммунистік партияның XXIII съезі көркем әдебиет пен өнердің ұлы мақсат жолындағы жаңа биік белестерін мезгей келіп, әдебиет сынына өте абройлы, сонымен бірге өте жауапты міндет жүктеді. «Әдебиет пен өнердің дамуында маркстік-лениндік сын маңызды роль атқара-

ды»,— деді Л. И. Брежнев жолдас XXIII съезде жасаған баяндамасында.

Дәуір талабынан, өмір талабынан туған осы міндетті жазушы болып, сыншы болып қалай атқарып келеміз? Қалай атқаруымыз керек?

Әсіресе Владимир Ильич Лениннің туғанына жүз жыл толатын алдағы ұлы күнге дайындалып, жаңа рухани асқар биіктерге шарқ ұрып қарыштаған Ұлы халықтың ұлы аттанысында маркстік-лениндік деген ардақты атағына лайық әдеби сын қандай жаңа қадамдар жасауы керек?

Міне, мәселе осы жайында.

Съезден бергі жерде әдебиет өз бағы мол жеміс салды. Бұл ретте жалпы соңғы жылдар өте өнімді жылдар болды дей аламыз. Мысалы, кейінгі екі жыл ішінде поэзиядан алпыстан артық кітап шығыпты, прозадан сексен шамалы кітап жарық көріпті. Мұның тоғызы қайта басылған, оны жаңа жазылған роман, отызы повесть. Драматургиядан бірқатар пьеса жазылып, сахнаға қойылды.

Мұндай өнім бұрын ешуақытта болған емес. Бұл көрсеткіштер, дау жоқ, қауырт және қарыштап өскендіктің белгісі — тақырып жөнінен де, жанр жөнінен де әдебиет алқабының көп кеңейгенінің белгісі. Ал енді көркемдік дәрежесін алып қарасақ, бұл жылдардың жемістері әдебиет арнасының кей салаларда тереңдей түскенін аңғартады. Үш жыл бойы Абай атындағы мемлекеттік сыйлыққа ұсынылған шығармалар осының айғағы. Бірақ әдебиет процесінде санаттық құбылыс пен сапалық құбылыс әрдайым бірлік және бірдейлік таба бермейді. Бұлардың ара қатнасындағы жиі кездесетін қайшылық пен алшақтықта белгілі заңдылық бар. Ол кәдеуілгі санның сапаға ауысуы делінетін диалектика заңдылығы. Біздің бүгінгі қазақ әдебиетінде қорлану процесімен қатар осы ауысу процесі де басталды деуге болады. Сондықтан бір жағынан жалпы шығарма санының көбеюі, екінші жағынан сапалы шығармалар санының одан анағұрлым кем түсіп жатуы заңды да түсінікті. Шығарма санының өсуі жазушы саны мен әдебиет қарқынының өсуіне байланысты да, шығарма сапасының өсуі жазушы мәдениеті мен көркемдік тәжірибенің және заман талабының өсуіне байланысты.

Сан мен сапа арасындағы алшақтықты мейлінше кемітіп, санды сапаға ауыстыру процесін мүмкін қадар же-

делдету — әдебиет сынының басты мақсатының бірі. Кейбір жалаң да жадағай ойдың адамдары ғана мұны оңай, жеңіл-желпі іс деп біледі. Шынында бұл қиынның қиын ісі.

Шікі, сұрқай шығармаларды қирата сыбаумен (сынаумен емес) олардың саны кеми қалмайды, жақсы деген шығармаларды қисынсыз дәріптеумен ондайлардың саны көбейе қоймайды. Сынау да, мақтау да ғылыми дәлелді болуы шарт. Әдебиет сынында волонтаризмге тіпті де орын жоқ. Әйтсе де біздің қазақ әдебиет сынында біраз уақыт сыбау да, дәлелсіз дәріптеу де орын теуіп келгенін білеміз. Қазір, айталық, енді ондай сыңаржақ сорақылықтан, анайылықтан, бірте-бірте арылып келеміз. Әрине, олардың кейбір сілте, салдары сын тәжіриребесінде әлі де некен саяқ ұшырасады. Мысалы: бірсыпыра келте рецензиялардың тек жеке бастың тар түйсігінен яки қыңыр пікірінен туатыны бар. Ғылыми негізде шыңдалған терең эстетикалық талғам болмаса, бір ғана түйсікпен немесе, әділетсіздікпен көркем шығарманың талдауы да, бағасы да дұрыс болмақ емес. Алайда әдебиет сыны мен әдебиеттану бізде ғылыми негізге қойыла бастағанын айтқан жөн. Қазақ ССР Ғылым Академиясының Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты коллективі бірер сырттан тартылған көрнекті ғалымдар қатысымен он жыл ішінде қазақ әдебиеті тарихының алты кітаптан тұратын үш томын жасап шығарды. Жалпы көлемі 250 табақтай. Оның үш кітабы совет дәуіріне арналған. Бұл қазақ әдеби сыны мен ғылыми ой-пікірінің елу жыл бойы өрмелеп шыққан биігінде туған кесек еңбек. Мұнда әдебиетіміздің тарихи кезеңдері мен жетілу заңдылықтары, көрнекті өкілдері мен белгілі сыр, сипаттары, әдеби процестің бүгін таңға дейінгі даму ерекшеліктері ғылыми тұрғыдан зерттелді. Одан тыс қазақ әдебиетінің негізін салушы ақын, жазушыларды арнайы зерттеген монографиялар жасалуда. Сондай-ақ қазақ әдебиетінің орыс әдебиетімен байланысын қарастыратын және шеберлік, стиль-жанр мәселелерін қозғаған, және социалистік реализмнің өзге де проблемаларын көтерген іргелі еңбектер туа бастады. Бірсыпыра рецензия, портрет, шолу мақалалары да үстірттік, талғамсыздық, көз жұмбайлық сықылды сөлекет амал-тәсілдерден айығып, ғылыми сипат ала бастады. Аз жылдар үшін бұл аз табыс емес. Мен осы арада әдебиет сыны мен әдебиет тану ғылымы дейтін екі саланы әдейі аралас алып отырмын. Өйткені совет әдеби-

етіне байланысты күнделікті сын мен ғылымның ара жігі бізде әлі ажырап болған жоқ. Совет дәуіріндегі әдебиетіміз тұтас бір организм. Оның кешегісі мен бүгінгісі, бастаушылары мен қазіргі жас жасаушылары мираскерлік заңымен бір бағытта сабақтас өрбіп жатқан құбылыс.

Қазақ әдебиеті тарихының Совет дәуіріне арналған үш кітабы социалистік реализм негізінде елу жыл бойы дамып бүгінгі күйге жеткен әдебиет процесін бір арнада аққан өзен-дария іспетті алып қараған. Совет әдебиетінің өткенін айтқанда оның кейінгіге дәстүр болған жайларын көрсеткен, қазіргі актуалды мәселелерін, жаңалықтарын айтса, оның дәстүрді қалай дамытқанын көрсеткен. Сонда бұл әлгі процеске тарихшылдық тұрғысынан да, осы күнгі проблемалар тұрғысынан да қарап зерттеу деген сөз. Осы секілді әдеби сын мен әдебиет тану ғылымы міндеттерінің түйісуі ғалым-сыншылар Рахманқұл Бердібаевтың «Роман және заман», Мырзабек Дүйсеновтың «Ілияс Жансүгіров», «Ақын мұраты» атты монографиялық еңбектеріне де тән ерекшелік. Тіпті әдебиеттегі ықпал, әсер, жанр, стиль секілді нақты проблемаларға арналған Елеукен Ғабдировтың «Горький және қазақ әдебиеті», Қ. Жұмалиевтің «Стиль — өнер ерекшелігі» атты кітаптары да жаңағы екі түрлі міндетті қоса қарастырған.

Өстіп әдебиет құбылыстарын зерттейтін жанр сынның ғылымға, ғылымның сынға ұштасып ортақ міндет атқаруын біздегі бұл екі саланың жаңалықты жақсы қадамы дегім келеді.

Аталған еңбектердің әрқайсысының өзіндік ішкі ерекшеліктері, мықты, осал жақтары бар. Қазір оларды тізіп жату мақсат емес. Бұл жөнінен профессор Темірғали Нұртазин «Жұлдыз» журналының жетінші санындағы мақаласында менің міндетімді біраз жеңілдетіпті.

Айта қаларлық тағы бір жұбанышты жай сол: аталған авторлардың ішінде академик Жұмалиевтен басқасы түгелдей жас сыншы ғалымдар. Мұның өзі жауынгер жанрымыздың кадрлары әрі ғылыми қаруланған, әрі жасарған талантты жасаққа айналғанына айғақ.

Ал енді бұл арада еңбектері аталмаған өзге жас сыншылар туралы да осыны айтар едік. Хасен Әдібаев, Зейнолла Серікқалнев, Әбраш Жәмішев, Рамазан Тоқтаров, Мұхтар Мағауин, Шерияздан Елеуқенов, Рымғали Нұрғалиев, Сәбит Досанов, Жұмағали Смағұлов тағы басқа көптеген жеткіншек әдебиетшілер — әдебиет сыны мен

ғылымының үлкен үміт жүгін арқалап отырған жаңа толқын сарбаздары.

Бұлардың да ден көпшілігі филология ғылымының кандидаттары. Бұлардың да еңбектері жалпы теориялық тіректерге негізделіп жазылады. Сондықтан бұл жолы, бір кездегідей, надан, тұрпайы, ұрда жық сын туралы сөз болу мүмкін емес. Бүгінгі білімді, мәдениеті жоғары, жас қайрат сыншы кадрларымыздың кем-кетігі болса, ол енді сауатсыздықтан емес, басқа себептерден, әсіресе ұлы заманның сынға қойған жоғары талаптарының деңгейінен табылмауға ғана байланысты болуы мүмкін. Бұл жөніндегі әңгімені кейінірекке сырып, қазір әдебиет сынындағы жаңа лебіз, жаңа үн туралы тоқталсақ, алдымен көркем әдебиет тәжірибесіндегі жаңа нышан, жаңа қасиет, сипаттарды еске алуымыз қажет. Неге десеңіз, осы жаңалықтарды жыты көріп бұрын түсінбеген сын — көрсоқыр сын. Ондай сын ескі мен жаңаның арасын, жақсы мен жаманның айырмасын ажырата алмайтыны аян. Біздің осы күнгі қазақ әдебиеті сынының ең жақсы мақалаларында әлгі ескерткен көрегендік пен сезімталдық бой көрсетіп отыр. Соңғы үш жыл бойында сыйлыққа ұсынылған шығармалардың тууына да иә, тууына да, танылып бағалауына да үлкен себептердің бірі — әдебиет сыны деп білемін. Мұны мойындамайтындар көп. Әдетте әдебиеттің барлық жақсы деген жемісін жазушы сыбағасына беріп, сынның еншісіне тек кемшілікті қалдыратындық бар. Осы жайында біз өткен съезімізде де сөз еткен едік. «Кім жаман, әлем жаман» дегендей, жаман да, шабан да, барлық олқылық пен кемшілікке кінәлы де әдебиет сыны дейтін әділетсіздік, кеуде көтеріп көкиюшілік енді қайтып қарасын көрсетпеуі керек. Қайталап айтайын, әдебиет өміріндегі не бардың бәріне (жетістігіне де, кемістігіне де) сын ортақ. Міне, осылай деп түсінсек, соңғы жылдары әдебиетімізде осы заман тақырыбына бет бұрушылық, адам өміріне ойысып, адам жанының, адам характерінің тереңіне бой ұрушылық, барлық жанрда психологизм мен лиризмнің бел алуы, шеберлік шыңдау тәсілдерін шарқ ұрып қарастыру әрекеттері сынның қатысысыз іске асты деп ешкім айта алмас. Мысал үшін, әрманға бармай-ақ, осы кейінгі екі-үш жылдың фактыларын еске түсірейік. Поэма туралы дискуссияда бұл жанрдың лирикалық элементі күш алып, синтездік сипаты пайда болғанын дәлелдеген әлденеше мақала, лирикада нақтылық орын теуіп, философиялық ой жүйесі ұялағанын ашқан С. Қирабаевтың,

Ә. Жәмішевтің, Х. Бекхожиннің, М. Дүйсеновтың мақалалары, қазақ романының ерекшеліктерін және даму бағдарын анықтаған Бердібаев еңбектері, Ә. Тәжібаевтың, С. Мәуленовтың, Т. Молдағалиевтің, Қ. Мырзалиевтің, Ж. Нәжімеденовтің, М. Мақатаевтың лирикалық шығармаларына жеке-жеке бағасын берген бірқатар сыншылардың рецензиялық және шолу мақалалары, Қ. Бекхожиннің «Ақсақ құлан», «Ақан трагедиясы туралы аңыз» поэмалары мен Ж. Молдағалиевтің «Мен қазақпын», «Сәлем саған» поэмаларын сүйсіне дербес сөз еткен сын мақалалары, Олжас Сүлейменов поэзиясының ұлттық, патриоттық қайратын, Әнуар Әлімжанов прозасының көркемдік, публицистикалық сипатын тапқан, Т. Ахтанов, Ә. Нұрпейісов, Б. Момышұлы прозасындағы суреткерлік ерекшеліктерді анықтаған, С. Мұқанов, Х. Есенжанов романдарындағы эпостық кең қарымды, өмір материалының деректерін дәлелдеген, Ғ. Мүсірепов новеллаларының шеберлігін, І. Есенберлин романдарының проблемалық өткірлігін, Қ. Ысқақов, С. Мұратбеков, М. Сүндетов, Ж. Молдағалиев, Б. Тоғысбаев, Ш. Құмарова, Р. Тоқтаров, С. Жүнісов сықылды жас прозаиктердің тұңғыш кітаптарына жанашырлық пікір айтқан баяндама, рецензиялар, кеңестер т. б. осының бәрі қазақ әдебиет сынының пайдасына жазылатын үлестер.

Мен мұны сынымыздың мінін, олқылығын бүркеу үшін айтып тұрған жоқпын. «Сын жоқ», «дым жоқ» деп ауызды қу шөппен сүртіп, барлық бәлені сынға жабатын әділетсіздіктен ақтау үшін айтып тұрмын. Біздің төбеде тұрып, төре би ретінде әділ сөйлеуге тиіс «Литературная газета» былтырдан бері тілшісін жіберіп, қазақ әдебиеті жайында екі рет мақала жариялады. Екеуінде де күллі бар, жоқ қырсықтың бәріне сын кінәлы боп шыққан. Ал енді осында қандай шындық бар? Сырттан келген тілші бірденеге көзі жетіп яки жанынан шығарып жазбайды. Оған өзіміздің осындағылар коридорда айтып жүретін сөздерін күнк етеді де, сонымен барып ол мақалаға түседі.

Әдебиет сынын мұндай жолмен көрсетуге болмайды. Сынның жақсы үлгісі еді деп сонау бір жылы Зейн Шашкинді додалағанымызды дәріптеудің қажеті қанша еді?

«Жұлдыз» журналының былтырғы бірінші номерінде біздің бір құрметті прозаіміз әлдеқалай рақымы түсіп кетіп, сын жоқ дейтін қатал үкімді біраз жұмсартып былай депті: «Біз күні бүгінге дейін сын жоқ деп жылаймыз. Қате, сын бізде бар. Бірақ әлі рецензия дәрежесінен әрі

аса алмай жүрген сын. Абай туралы эпопея жайында том-том сын мақалалар, диссертациялар жазылды. Бір сәт «Абай жолынсыз» алып қарасақ, солардың көпшілігінің күні не болар еді? Көркем сынның өз алдына әдебиет туындысы етерліктей тың ойлар, сол кездегі халық тағдыры жайлы өзекті ойлар жоқ».

Сонымен, сын әлі рецензия дәрежесінде екен, «Абай жолы» туралы жазылғандардың бәрі түк емес, онда ешқандай ой жоқ екен. Міне, бұл жазушы төрешінің биік мұнарада тұрып сыншы «байғұстарды» «мүсіркегендегі» айтқан «жылы» лебізі. Бұған да шүкіршілік. Бірақ рецензия сынның дәрежесі емес, жанры екенін зиялы жазушы қалай шатастырғанына таңым бар... Рецензияның ойсыз сауатсызы да, биік ғылыми тұрғыда жазылатыны да болады ғой. Қазақ сыны соның қайсысына жатады екен десек, төрешінің жұмсарған үкімі бойынша, алдыңғысына қарт сыншылар, соңғысына жас сыншылар жатады екен. Байқап қарасақ, өстіп кәрі сыншылардың арасына жік салып бағалаудың белгілі мақсаты мен сыры бар көрінеді. Оған кейін ораламыз.

Ал енді, бүйтіп, мәселенің өңін айналдырмай-ақ, бұлталақтатпай-ақ, сынның барын бар деп, шын жоғын айтсақ та жеткілікті емес пе? Бірақ соларды жүйелеп жөнімен айту керек. Және ақиқат себебін де көрсету керек. Меніңше, біздің ең басты кемшілігіміз — сын жанрының белсенділігі мен жауынгерлік рухын бәсеңдетіп алуда ғой деймін. Айтып тұрғаным — баяғы «әпербақан сал сойыл» сынның белсенділігі емес, шын жақсы мағнасындағы белсенділік пен жауынгерлік. Байқап қараңыз, бізде белбуып, білек сыбанып, бірыңғай сын жанрын кәсіп еткен әдебиетшілер тым аз. Ара-кідік сын жазып жүргеннің көбі басқа жанрмен де айналысатын немесе ғалым атағын алу талабында я болмаса оқытушылық жұмысында жүрген әдебиетшілер. Олардың барлық жаңа шығармаларды түгел оқуға мұршасы бола бермейді де. Сол себепті жарияланып жатқан шығармалардың ден көпшілігі сын назарынан тыс қалып отырады. Міне, сын қарымының тарлығына бір себеп осы. Екінші себеп — жалтақтық, қорғаншақтық, былайша айтқанда, сыншыға ауадай қажет батылдықтың, принципшілдіктің жетпеуі. Бұл сыншы атаулының жаратылысындағы мінез емес. Ондай паталогиялық кемшілігі бар адамның сында не жұмысы бар?!

Бұл әдебиет ортасында тиіп айтқан сынға деген төзімсіздіктің тікелей салдары. Расын айтайық, мұндай сынды ешкім сүймейді. Сүймегені бір сәрі ғой, сыншыға қас болып алады да, бақастық «шаралар» қарастырады. Жайшылықта сын әділ болғай, әділ сынға «қылша мойным талша» деп тілінен бал тамызатын жолдастарды сол шымбайына сын батқан сағатта көріңіз: сынға баспа жүзінде уәжбен жауап қайыру жоқ, (онда пайдалы творчестволық пікір алысу болар еді ғой), ашына жұлқынып арызбен жоғарғы орындарды шарлайды. Одан ештеңе шықпаса іштен тынып, тұзағы мен қақпаны көп басқа әрекеттерге кіріседі. Мұндай жағдайда әділет үшін жан пида дейтін көзсіз ерлер көп табыла бермейтін тәрізді. «Қызыл көзге тиісіп өле алмай жүрмін бе?» деген сөзді сыншының аузынан да, редактордың аузынан да жиі естуге болады. Осы бір шындықты жазушының аузынан да ести бастадық. Прозаик Рахматулла Райымқұлов зәуімен бір сын мақала жаза қалған екен. Соның өзінде ол әлгі шындықты алдын ала айтып байбалам салыпты. Ол кемшілікті айтпаудың себебін былай түсіндіреді.

«Екінші бір сезім,— дейді ол,— қайтесің үндеме, айтпа, басыңа бәле тілеп аласың деп шымшылап бітеді. Иә, осы бір «үндеме, айтпа» деген сөздер соңғы кезде әдебиеттің қас дұшпанына айналып кетті». Сыншының ауыр тағдырын басынан кешпеген, бас-аяғы жалғыз мақала жариялап отырған прозаик осылай бебеу қағады, сонда маңдайына тиген сыншы атаулы қайтпек?!

Мұндай принципсіз жалтақтықты мен ақтамаймын да жақтамаймын. Қайта жазғырып тұрмын. Ал, бірақ, сонымен бірге сынға қысым жасайтын жағдайды да жазғыру керек шығар. Бұл арасын ойласқан жөн. Бізде сынға деген төзімсіздік жағдайды жойып сыншыға деген «қауіпсіздік» жағдай туғызғанда ғана көркем тәжірибедегі сәтсіздіктер мен кемшіліктерді еркін айтып сүреңсіздікпен, әдеби сауатсыздықпен күресу ісі көңілдегідей болмақ деп ойлаймын.

Үшінші себеп алғашқы екеуімен сабақтас. Ол — сын жанрын өгейсітіп ұстайтындығымыз, өзге жанрлармен тең правода қарамай, әрдайым оны кемітіп, көңіл мен көмектен қағажу қалдыратындығымыз сын еңбектерін елемейтіндігіміз, қолдамайтындығымыз. Осыдан келіп, жазушылар Одағында болсын, оның баспа орындарында болсын, сын жұмысын ұйымдастыруға, күнбе-күн жетекшілік, қамқорлық көрсетіп, көтермелеуге, дем беруге келгенде селкостық, салғырттық сезіледі.

Биыл бір беделді документте сыйлық әдебиеттің барлық жанрына берілетін болсын деп, сол жанрларды тізгенде әдебиет сыны түсіп қалыпты. Жазушылар Одағы В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толуы мен Советтік Қазақстанның 50 жылдығына байланысты барлық жанрға конкурс жариялағанда, әдебиет сынын тастап кетті. Осының бәрі сынға деген өгей көзқарастың салқыны емес пе екен? Көп заман сын жөнінде Одақта консультант дейтін болмайтын. Съезден бергі жерде берілген бір орынға үш адам ауысып отырып, мардымды іс тындырған жоқ. Газет, журналдар да бұл істі тиісті дәрежеде ұйымдастыра, ынталандыра алмай келеді. Сыншыларды өз маңына топтастырып, бағыт беріп, белсенділігін де, батылдығын да арттырып отыру әдебиет газеті мен журналының «құдай айтқан» міндеті емес пе?! Сын кадрларын дайындап, тәрбиелеу, оларды семинар, мәжілістерге, Горький атындағы әдебиет институтына жіберіп шыңдау жұмысы жазушылар Одағының да тәжірибесіне әлі енбеген мәселе.

Осыдан да көруге болады, сын жанрының шабандап қалуына объективтік себептер аз емес. Бұл жағдай әдебиет сынының өрісі мен өресін тарылтып, көркем әдебиет шығармаларының жоғарыда айтқан саны мен сапа аралығындағы алшақтықты жуықтату мәселесіне оралғы боп келеді.

Неге десеңіз, сынның шабандауы деген сөз әдебиет процесінің алдыңғы шебіне шығып бағыт, бағдар белгілей алмау деген сөз, терең бойлап оған талдау жасай алмау деген сөз. Міне, осы ретте сынға тағатын мін де, қоятын талап та жеткілікті.

Екі жыл ішінде шыққан 150 кітаптың көп болса елу-ақ процентіне рецензия жарияланған. Қалғаны бағаланбай да тарап жатыр, құмға сіңгендей жоғалып жатыр. Оқырманның оларды қалай талмап, қалай талғап жатқаны бізге белгісіз. Мұндай жағдайда сүреңсіздік селіне қандай тосқауыл болмақ? Рецензия сынының мұншалық аздығына қарай әдебиет құбылыстарын кең қамтитын әдебиет процесінің заңдылықтарын мезгейтін шолу және проблемалық мақалалар да кемде-кем-ақ. Неге екенін білмеймін, біздің күнделікті баспа орындарымыз ондай мақалаларға көп аса құлықты емес. Бұл жанрды әсіресе жақсы күйттеуге тиіс «Жұлдыз» журналы да өз деңгейінен табылмай отыр. «Жұлдыз» сын бөліміне ұдайы биылғы жетінші номердегідей мол материал беріп отырса (онда Нұрғалиевтің, Жәмішевтің, Нұртазиннің, Қирабаевтың, Кенжебаев-

тың, Кәкішевтің мақалалары жарияланған), онда сынның жайы мен күйі мүлдем басқаша болар еді. Бұл номер қазақ әдебиет сынының потенциялық мүмкіншілігі мол, бірақ соны мейлінше пайдалана алмай отырғанымызды көрсетеді. Сынның санаттық қарымының тапшылығын былай қойып, сапалық дәрежесіне оралсақ, мұнда, әрине, жоғарыда айтқандай ғылыми-теориялық негізде өскелендік нышаны көзге түседі. Мысалға осы нышанды аңғартатын бірнеше мақаланы нақты түрде атап өтпекпін. Олар белгілі жанр жайын, стиль, тіл мәселесін сөз қылған және бірыңғай жастар творчествосы мен жеке жазушылардың портретіне арналған мақалалар.

Соның ішінде Ә. Жәмішевтің былтырғы «Лирика табиғаты», Ә. Дербісалинның «Жылдар, ойлар, жырлар», М. Дүйсеновтің «Поэзиядағы азаматтық әуен», Т. Айбергеновтың «Өрнекті өлең өрісті», биылғы Қ. Бекхожиннің «Азаматтық әуен және әсемдік», С. Қирабаевтың «Азамат ақынның үні», С. Мәуленовтің «Сағыныштар ағысы» дейтін мақалалары қазақ поэзиясының, әсіресе лирика жанрының мәселелерін қозғап, осы саладағы жаңалық сарындарды, көркемдік образ, құралдарды талдап көрсеткен байсалды еңбектер. Мұнда бүгінгі қазақ өлеңінің ұлттық дәстүр негізінде түрі, техникасы жетіліп, ойшылдық, сезімталдық қасиеттері мен азаматтық әуені пәрмендік күш алғаны нақты талдау арқылы дәлелденген. Бүгінгі поэзияда әрқайсысы өзінше ізденіп, әрқилы өзіндік жаңалықтар тапқан ақындар ретінде көбіне көп ауызға ілінген Ә. Тәжібаев, Ғ. Орманов, Қ. Бекхожин, Х. Ерғалиев, С. Мәуленов, Ж. Молдағалиев, Ғ. Қайырбеков, Т. Молдағалиев, Қ. Мырзалиев, М. Мұқатаев, Ж. Нәжімеденов, Т. Есімжанов, Т. Айбергенов шығармалары. Әсіресе елеулі оқиға деп аталған Ә. Тәжібаевтың «Жартас», Ж. Молдағалиевтың «Айттым сәлем», С. Мәуленовтің «Шаңқай түс», «Апрель жаңбыры», Ғ. Қайырбековтың «Большевик ауылы», Ж. Нәжімеденовтің «Күй кітабы» дейтін жинақтары. Бұған мен өз тарапымнан Қ. Бекхожиннің биыл «Жұлдызда» жарияланған «Кремль сақшысы» дейтін поэмасын қосар едім. Сонымен бірге сын еңбектерінде тақырып тапшылығы, пікір саяздығы, қарадүрсіндік, риторикалық, декларациялық сезім салқындығы сықылды сиық-сипаттардың әлі де аракідік бой көрсетіп қоятыны айтылған. Алайда бұл еңбектерде қазақ поэзиясының проблемалық мәселелері түгел қамтылып, дұрыс шешілді десек артық айтқан болар едік.

Тіпті жақсы деп бағаланған жинақтардың өзінің талдауы ойдағыдай толық та терең болды дей алмасақ керек, шынайы эстетикалық талдау арқылы жақсының жақсылығына көз жеткізіп, сұлулығына сүйсіндіру әдебиет сынының ең бір игі ісі ғой. Көп өлең поэмалардағы мазмұн, түр ұқсастығы біркелкілікке, ой пікір жұтаңдығына ұшыратып, поэзиялық ықпал, әсерді кемітетінін сын әлі өткір ескерткен жоқ. Өзі ізденбей, өзгенің тапқанын күлбілтелеп пайдаланатын, әрберден соң көрінеу ой ұрлайтын ептілер еркін жүріп жататыны тағы бар. Шын шабытпен емес, мал табу ниетімен өлең атаулыны боратып көп жазу жалпы поэзияның құны мен қадірін түсіретінін дәлелдеп, дарынсыз өлең қоздататын дарақылықпен де күрес мүлдем жоқтың қасы. Сондықтан да сүреңсіз жинақтар көп шығады, ал газет, журналдарымыз да тұзсыз, дәмсіз сұрқай өлеңдерге талғамай орын бергіш-ақ. Ондай өлең біреу болса да бір сәрі ғой, цикл деген желеумен құшақ-құшақ боп басылады. Кім оқып, қандай әсер алып жатыр — онымен ешкімнің ісі жоқ.

Асылы ұй тола жасанды қағаз гүл тұрғаннан біреу де болса жұпар иісті табиғи гүл тұрған қандай жақсы! Шіркін, сыншы күнбе-күн осыны ұқтыра алса, сапасыздың саны қаншама кеміп, екшелген сапалы туындылардың саны мен мәні эстетикалық рақат таптыратын әсер, ықпалы қаншама артқан болар еді. Проза сынының күйі сәл ғана тәуірірек. Мұнда қазақ романы туралы жаңа үлкен монография тууының өзі осының айғағы. Монографияның авторы Рахманқұл Бердібаев әдебиеттің ең аумақты да қомақты жанры роман материалын кең қамтып, терең зерттеген. «Роман және заман» атты жаңа кітабымен проза сынының шоқтығын тағы бір көтеріп тастады. Бұл жанрды әр қырынан зерттеп жүрген Шерияздан Елеуқенов пен Жұмағали Ысмағұловтың мақалаларын да ғылыми байсалдылығы жөнінен елеп айтарлық қадамдар. Осы қатарда проза сынының ауызға ілінер проблемалық мақалалары деп сыншы Хасен Әдібаевтың, жас сыншы Рамазан Тоқтаровтың, Абылғазы Нағыметовтың шеберлік туралы мақалалары, Рымғали Нұрғалиевтың «Тартыс, характер, идея» атты соңғы кез прозасын бағдарлаған мақаласы аталуы керек. Бұл мақалаларда да жеке шығармалардың сәтті, сәтсіз жайлары жол-жөнекей ескертіліп, проза дамуының кейбір жаңалықты бағыт, бағдары анықталады. Алайда аталған мақалалар, қай реттен алғанда да сынға қойылып отырған бүгінгі таңның биік талабынан әлі де төмен

жүргенімізді дәлелдейді. Социалистік реализмнің дәстүр мен жаңашылдық, ұлттық пен интернационалдық, мазмұн мен форма, болмыс пен көркем шындық сықылды проблемалары, және көптеген шеберлік мәселелері қазақ прозасында қалай шешілуде деген сұрақтың жауабын әдебиет сыны әзір ойдағыдай бере алмай келеді.

Міне бұл қазақ әдебиет сынының, әсіресе оның ғылыми-проблемалық жанрының алдында тұрған түйінді міндеті.

Ал енді нақты рецензия жайында. Бұл «Легкая кавалерия» дегендей, әрдайым алдыңғы шепте жүретін барлаушы жанр. Қай шығарманың болғанмен дүниеге келгенін алдымен хабарлап, оқырман мен көрерменге сол шығарманың нәрі мен маңызын, идеялық-көркемдік құнын қысқаша талдап та тұжырып жеткізетін жаршы жанр осы рецензия. Бірақ мұның міндеті мен жауапкершілігі де жеңіл жанр екен деп білсек ағаттық болар еді. Әдебиет құбылысын қысқа және тез, дұрыс және әділ бағалау — қайта оның қиындығын танытса керек. Ендеше рецензияның да дәрежесі оның сынымен емес, сапасымен өлшенбек. Бізде көп-көп шығармалардың рецензияға ілінбей қалуы бір кемшілік болса, рецензияға ілінгенмен, үстірт, теріс бағаланып жатуы — екінші ең үлкен, ең жаман кемшілік.

Рас, білімі, мәдениеті бар, эстетикалық талғамы бар әдебиетшінің немесе жай оқырманның көркемдік қасиетті түсініп, әділ жақсы ниетпен, жылы лебізбен айтқан пікірлері ара-кідік газет, журнал бетінде бой көрсететіні бар. Бірақ ондайлар тым аз. Мысалы, Хасен Әдібаевтың бүгінгі проза туралы, Бекмұрат Уақатовтың қазіргі повестер жайында жазған шолу рецензиясы, Сағат Әшімбаевтың «Жас қанат жыр қарлығаштары» дейтін шолу рецензиялары мен Рамазан Токтаровтың Бекхожин поэмаларына, Әбіш Кекілбаевтың Тәкен Әлімқұловтың әңгімелер жинағына, Рымғали Нұрғалиевтың қазақ әдебиеті тарихының үш томына, Темірғали Нұртазинның Фабит Мүсірепов әңгімелеріне арнап жазған, сондай-ақ Жұмағали Ысмағұловтың осы жазушының «Кездеспей кеткен бір бейне» поэмасы туралы, Тәкен Әлімқұловтың Бердібаевтың «Роман және заман» дейтін монографиясы туралы және Баламер Сахариевтың Әділбек Абайділданов жинағы мен Абылғазы Нағыметовтың Нығмет Рабдуллин, Әзілхан Нұршайыхов әңгімелері жайында, Қайнекей Жармағанбетовтың Жайсаңбек Молдағалиевтың «Торғай толғауы» романы туралы жазған рецензия мақалалары — сөз жоқ, әлгіндей байсалды пікірі бар мақалалар. Осы қатарда Сырбай Мәуленовтың, Дихан Әбішев пен Тө-

леген Айбергенов поэзиясын, Әбраш Жәмішевтің, Әбу Сәрсенбаев жинағын, Тұманбай Молдағалиевтың Әбділданың «Жартас» жинағын сөз еткен сын мақалаларын да атауға болар еді. Сонда үш жыл ішіндегі жарық көрген 150 кітапқа жазылған 70—75 рецензияның іліп алары бас-аяғы көп болса, 15—20-ақ екен. Бұған драматургия, театр саласында Бағыбек Құндақпаев пен Қажықұмар Қуандықовтың бірер мақаласын қосуға болады.

Турасын айту керек. Рецензия делінетін кішкене мақаланың ден көпшілігі қазір тек мақтау ниетімен жазылатын болды. Мақтауға тұра ма, жоқ па — ол арасы сыншыны қинамайды да, толғантпайды да. Тек мақтағысы келсе болғаны. Идеялық-эстетикалық объективті талдаудан емес, субъективті ниеттен туған бағы біркелкі болып келеді де, рецензия атаулыны схемамен жазылған бірқалыптылыққа айналдырады. Сондықтан ондай рецензиялар барлық жөнінен бір-біріне ұқсап, сынаған шығармаларын да бір-бірінен аудармай қояды. Сөйтіп, мұндай стандарт мақалалардан ештеңе ілмейсің де білмейсің. Ондайды оқып шығудың өзі қиын. Басқаны былай қойып, жаңағы тәуір атаған сыншылардың өзінде (сын көтермейтін кездейсоқ әлде біреулердің әлденендей құнсыз рецензияларын айтпай-ақ) ара-кідік бой көрсетіп қалады екен.

Темірғали Нұртазин монография жазған білімді ғалым, кексе сыншымыз. Ол үлкен аға жазушымыз Ғабит Мүсіреповтың «Белдерде» жинағына енген әңгімелерін шолып «Жұлдыз» журналында «Қамырдан қыл тартқандай» дейтін байсалды ойы бар қомақты мақала жариялапты. Мұнда көркем сөз шеберінің көпке мәлім қасиеттерін орынды атап келіп, соңында «Сүрінбейтін тұяқ болмас» дегендейін жаза басу кемшіліктер Мүсіреповте де «бар» деп түйеді. Сондағы айтқаны мынау: «Жазушы кей жағдайда сюжетке желіленген жүйелі оқиғадан гөрі, оқиғадан туатын психологияны беруге бейім. Сондай-ақ автордың өзі төреші болып араға түсе беретін, өмірді өз ұғымы, өз көзқарасы арқылы танытуға үйір кездері де едәуір». Ал енді осы кемшілік пе? «Психологияны беру». «Өмірді өз ұғымы, өз көзқарасы арқылы таныту» — қайта жетістік емес пе?! Мұның орнына сыншы кейбір әңгімелердегі, мысалы «Өмір жорығы», «Қыран жыры» сықылды символдық, аллегориялық бейнелерге тым еліктенкіреп кетіп реализмді әлсіретіп алуға байланысты шын бар кемшіліктерді көрсеткенде, мақаласы ұтымдырақ та нанымдырақ болар еді дейміз. Хасен Әдібаев жастан көтеріліп көзге түсіп қалған сыншымыз. Оның білімін, мәде-

ниетін, талғамын танытқан едәуір проблемалық мақалалары бар. Ал осы сыншы «Қазақ әдебиеті» газетінде ақын Қадыр Мырзалиевтың «Бұлбұл бағы» дейтін кезекті жинағы туралы 96 жол рецензия жазыпты. Бұл әлдеқандай оқырманның пікірі болса бір сәрі, көрнекті сыншының көрнекті ақынның жинағы туралы жазуына лайықты емес. Жинаққа енген жаңа өлендерді толық талдап, жақсы-жаманын ажыратып, өсіп келе жатқан ақынның творчестволық сатысында бұл жинақ қандай орын алады деген сұрақтың жауабын айту қажет-ақ еді. Хасен ол ойдан шықпапты. Кемшілігі туралы бар айтқаны-ақ «Жинақтың, әрине, төрт аяғы тең емес. Ең негізгі кемшілігі: «Бұлбұл бағынан» бұрын тапқан шиырды қайта кезу ұшығы байқалады». Бар болғаны осы!

Жас талап сыншылардың ішінде әжептеуір назарға іліне бастаған Сағат Әшімбаев Мұқағали Мақатаевтың «Армысындар, достарым» дейтін жинағына рецензия жазыпты. Онда мынадай тұжырым бар. «Жалпы бұл жинақ сәтті шыққан. Рас, авторда аздаған кемшіліктер де бар. Оның бәрін қазып жатуды жөн көрмедік». Бәрін қазбақ түгіл, біреуін де айтқан жоқ. Неге? Кемшілік айтуды неге жөн көрмейді? Кемшілігі бар болса, сыншы оны көре тұрып, айтуды жөн көрмесе, онда рецензия жазу неге керек? Сағат — әлі бала. Көп нәрсе оған кешірімді. Тек ол айтылған сыннан сабақ ала білсін. Ал Әбраш Жәмішев болса, жап-жақсы танылып қалған ақын, әрі ойы бар, қаламының желі бар сыншы. Жоғарыда оның лирика жайындағы және әдебиет тарихы туралы мақалаларын ризалықпен айттық қой. Сол Әбраш біздің аға ақынымыздың бірі Әбу Сәрсенбаевтың «Ақша бұлттар» дейтін жинағына рецензия жазыпты. Бұл да жаман мақала емес. Бірақ маған ұнамағаны-ақ: сыншының кемшілік айтуға келгенде соншама қипақтап, ақыры ештеңе айта алмай әуре болған жері. Ол былай депті: «Сонымен қатар (толып жатқан жақсы жақтарымен қатар — М. Қ.), әрине, ұйқастағы олақтық іздері де жоқ емес. Әрине, көп жыл бойы үзбей, талмай жазып келе жатқан, бұл күнде тарлан тартқан үлкен ақынымыздың барлық шығармалары бірдей сәтті, салмақты шыға бермегенін айтсақ та, айып етіп таға алмаймыз. Жүрісінен танбайтын жорға сирек, жазғандарының бәрі алтын талант та аз болса керек». Ақынның сәтсіздіктері жөнінде көріп отырсыздар, сыншы ештеңе жарытып айтқан жоқ, соның өзінде мұнша жайыпшыуып, мұнша бәйек болуы тіпті түсініксіз.

Қай рецензияны алып қарасаңыз да жалпы қалыпқа айналған бір схеманы аңғарасыз. Шығарманың тақырыбы

мен мазмұнын қысқаша баяндайды да образдарды балтамен шапқандай добал жіктеген болады. Шығарманың образдар жүйесін салып тұтас тұлғасын жасайтын амал тәсілдері, құрал, материалдары туралы тіптен ештеңе айтылмайды. Көп болса, мақаланың соңында мынадай бір-екі үйреншікті сөз жазылады: «Автордың тілі көркем. Повесть өз оқушыларының көкейінен шыққан деуге болады» Әйтпесе: «Әрине, біз шығарманы түк мінсіз деуден аулақпыз. Шығарма композициясында, тілінде мүлт кеткен жерлер бар». Міні қайсы, мүлт кеткен жері қайсы — ол құпия!

Енді бір рецензияда: «Повестің тілі жатық. Әрбір сөйлем Жекен қалыбынан шыққанда әсем бір түрге енеді» делінген. Ешбір мысал, дәлел жоқ. Жалаңаш қорытынды!

Тағы бір рецензияда: «Повестің сюжет, композициясында елеулі кемшілік жоқ» деп алады да, артынша: «дегенмен, повестің тиісті нысанаға дөп тимей шалғайлау ауытқыған, яғни оқиғаларының, образ дамуының толыспаған тұстары бар» делінеді. Біріншіден, повестің нысанадан ауытқыған, образ дамуының толыспаған тұстары қайсы, бұл арасы белгісіз, екіншіден ондай тұстар болса, ол елеулі кемшілік емей немене?! Мен рецензия авторларын әдейі айтпай отырмын. Олар есімі белгісіз, сын көтермейтін адамдар. Бірақ бір таң қалатын нәрсе: осындай сауаты төмен рецензияларды газет, журнал редакторлары қалай талғаусыз жібере береді?!

Жақсы сынды жақсы әдебиет туғызатыны белгілі. Сынның көсіле де көтеріңкі сілтеуіне дем беретін шынайы көркем туынды. Жаман шығарма сынның да өрісін тарылтып, өресін қысқартады, неге десеңіз ондай шығарма дәріптеуді де көтермейді. Бізде кексе ақын, жазушының юбилейіне байланысты талай шамадан тыс бөспе мақалалар жарияланып жатады. Мейлі оған салуат дейік. Ал рецензияның бөспелігіне неге жол береміз? Әдебиетте құрметті орны бар, алпыстан асқан көрнекті аға жазушымыз Дихан Әбілевтің былтыр басылған поэзиялық «Таңдамалы шығармалары» жөнінде бүгінгі дарынды ақын інісі Сырбай Мәуленовтың газет жүзінде жылы лебіз айтқаны қандай лайықты, қандай жарасымды. Диханның ақындық тұрпатын танытатын осы бір жинақты Сырбай, сөз жоқ, жақсы және дұрыс бағалаған. Бірақ қалың кітапқа енген соншама өлең, поэмадан оның бірде-бір мін таппағанына сенгің келмейді. Оның үстіне «Дихан кітабында асқар таудай жоталанып «Алтай асулары» атты романы жатыр» деген сықылды көпірме стильдің шындық үшін пайдасы шамалы болса керек.

Прозаик Ә. Нұршайыхов прозаик С. Бакбергеновтың «Қарға тамған қан» делінген роман-новелласы туралы пікір айтқанын ешкім жазғырмайды. Қайта қаламдасының жаңа тәуір шығармасына жылы лебіз білдіргені жақсы болған. «Қарға тамған қан» шынында да Бакбергеновтың реализм шеберлігін игеру жолындағы сәтті қадамы. Әсіресе Нілқара образы қызық ерекшеліктерімен көңіл аударады. Ал сонымен бірге шығарманың «очерктік» үстірттігі де жоқ емес. Автордың жеткен-жетпеген межелерінің саликалы түрде сөз етудің орнына Әзілхан «оның көп беттерін төгіліп тұрған поэзия деуге болар еді» деген сықылды шалқыма бағаға бой ұрған.

Сондай-ақ прозаик Қалмұқан Исабаев прозаик М. Дүзеновтің тұңғыш повесі туралы «Қазақ әдебиетіне» «Армысың, аяулы ақ әжем» деген мақала жазып, нақты пікір айтудың орнына тіпті лепіріп кеткен: «Ақ әже» повесінде жер шарының бір титімдей ғана бөлегі Қоңыр-өзек деген жердегі өмір суреттеледі... Бір ауылдың өмірін, ондағы адамдардың тіршілігін, іс-әрекеттерін, кешегі мен бүгінгісін; бүгінгісі мен ертеңгісін, адам баласына тән армандарын жыр етіп шертеді».

Шығарманың іліп алар жақсылығы болса, оны көре білу, айта білу — ғанибет іс. Бірақ шығарманың бойына сыймайтын бос мақтаудан не парық? Тайыншаға артқан шаңыраққа жұрт күлмей ме?

Рецензияға байланысты тағы бір қайталап айтатын жай бар. Қайталап дейтінім, бұл жөнінде соңғы жазушылар съезінде сөз болған. Мәселе авторлар жайында. Тырнақ алды өлең, әңгімесі жарияланған жап-жас адамдар бірінің жинағына бірі жөнсіз мақтап рецензия жазып жатады да, оны газет, журналдар елемей басып жатады. Мұндай рецензиялар тек сынның беделін түсіруге қызмет ететін анық. Сонымен бірге оқырман пікірі деген желеумен және әйтеуір рецензия шықсыншы деген құрғақ есеппен жалпы мәдениеті жоқ, эстетикалық талғамы жоқ әлдекімдердің әлдеқалай айтқан жауапсыз тұжырымдары да рецензия рубрикасынан бөгетсіз орын алуын қоштауға болмайды. Сын құнсыз шығармалардың жайылуына бөгет жасауы керек десек, мәдениеті жоқ, құнсыз сын мақалалары мен кітаптарына да бөгет жасау қажет. Оқырман жұртшылықтың пікірі деген сылтаумен, кім көрінгеннің мәдениетсіз, талғамсыз субъективтік рецензияларына жол берудің қаншалықты зиян екенін биыл «Литературная газета» Игорь Муратовтың үш мақаласын жариялап, өте орынды көрсетті:

Мұнда әдебиеттегі сүреңсіздікке жол бермеу тек сынның ғана емес, редактордың да, оқырманның да, баспа орындарының да ортақ міндеті екені дұрыс айтылған. «Лениншіл жас» газеті Абдрахман Асылбековтың «Нашар өлең неге жарық көреді?» деген мақаласын жариялап, «Жазушы» баспасында шыққан бірнеше өлең жинақтарын сынапты. Мақаланың мазмұнынан да мәселені көтеруі жақсы көрінді маған. Ал бірақ осы газеттің өзінде тәуір өлеңдермен қатар, нашар өлеңдер де жарық көретінін ескерте кеткім келеді.

Социалистік реализм әдебиетінің басты қасиеті, ең үлкен жеңісі оның марксизм-ленинизм дүние танымымен қаруланған коммунистік партиялығы, халықтығы. Осы қасиетті бойына сіңірген біздің қазақ совет әдебиеті де кей кездегі кейбір қате, кемшіліктеріне қарамастан қашанда өзінің негізгі бағытынан — партияның ұлы идеяларына таптық күресті ту етіп ұстаған, жаңа заман шындығын жырлау мақсатынан ауытқыған емес. Бұл оның мақтан етіп айтарлық қасиеті. Осыған орай әдебиеттің тақырып актуалдығы ешуақытта елеусіз, кіші-гірім мәселе болып көрген жоқ. Совет заманының күрделі проблемалық тақырыптарына ден қою, көбіне бүгінгі ұлы құрылыстағы совет халқының ерлігін, совет адамының ізгі қасиеттерін айқын бейнелеу міндетін партия әрдайым мезгеп келгенін жақсы білеміз. «Правда» газеті КПСС XXIII съезінің тақырып ұсақтығына түспеуді ескерткен нақты нұсқауына сәйкес «Басты тақырып — осы заман тақырыбы» деп бас мақала жазуы жай емес.

Өсти тұра, соңғы жылдары таптық күрес, маңызды тақырып деген сөздер көп аса ауызға алынбайтын болды. Ала қалсақ, біртүрлі қысылып, төмен қарап айтатын болдық. Неге олай? Бізде таптық, идеологиялық күрес жойылып бітті ме? Ұлы Отан соғысындағы фашизммен күресуіміз, осы күнгі буржуазиялық идеологияның ықпалымен күресуіміз, ескі таптық қоғам туғызған жаман қылықтармен күресуіміз таптық күрес емес пе?! Әдебиет сыны жазушылардың назарын осындай күрделі күресіне, қазіргі кездің маңызды тақырыбы мен проблемаларына аударса, оның не айып-шамы бар?! Кейбір жолдастар әлгі тұрғыдан 20—30 жылдар әдебиеттің табыстарын кеміткісі келетін сияқты. Ол жылдардың поэзиясы кілең айқай, үгіт, риторика еді, прозасы тұрпайы социалогиялық-схема еді демек болады. Көрнекті әдебиетшіміз Әуелбек Қоңыратбаевтің «Жұлдыз» журналының биылғы 8-номерінде жарияланған. «Шеберлік шарттары туралы ойлар» дейтін мақаласында осы сарын бай-

қалады. «Бұл сықылды тұрпайылаудан Б. Майлин, М. Әуезов сияқты автор ғана бойын еркін ұстады. Өнерге Майлин, Әуезов тәсілі жақын бола тұрса да, ол кезде бұларды «жолбике», «өгей ұл» деп күстаналаудың болғаны есімізде» — дейді Әукең. Басқалар ше? Олар өнерден жырақ болған сияқты. Осы тезисін дамыта келе, Әуелбек совет әдебиетінің жақсы мағнасындағы тенденциялығын жазғырып, объективизмге шақыратын сикы бар.

«Өнерге төтелей ғибрат, экспонат, көрнекілік теориясы көп емес. Өнердің айтары көп жайда емеуірін. Егер Пушкин Онегинді Татьянаға қосып қойса, бұл өнерге тән сол емеуіріннің қуатын жоққа шығару, тырсылдап тұрған мекке біз тығу болар еді... Егер заман, орта, уақыт шеңберінде әрекет еткен геройға автор өз көзқарасын ретсіз кигізе берсе, образ өзінің күйінен, табиғатынан айрылады». Автордың ролі мұншалық жоққа тән болғанда, оның идеялық тұрғысы, эстетикалық идеалы қайда қалмақ?!

Ал сонымен қатар, әділдігін айту керек, Әуелбек осы мақаласында шеберлік жайында жақсы пікірлер қозғап, Сәбит Мұқановтың «Аққан жұлдыз» романы туралы әжептеуір ойлар түйген.

Өткен жылы «Жұлдыздың» бірінші номерінде жоғарыда айтқан прозаик съезде қаралған мәселелерге қанағаттанбағанын ескере келіп, сыншыларға мынадай кінә тағыпты: «Ең алдымен біздің өрісімізді тарылтып келген бір жай — «совхоз тақырыбы», «колхоз тақырыбы» «өндіріс тақырыбы», анау тақырып, мынау тақырып дейтін ойдан жасалған көп тақырыптар... Әдебиетте көп жыл еңбек еткен белгілі сыншы атанып жүрген жолдастар «ана тақырып жоқ, мына тақырып жоқ» десе, қынжылмасқа амалың қалмайды». Бұл жолдас қанша қынжылса да әдебиет сыны жазушылардың назарын ірі, жоталы тақырыптарға, өмірдің арналы салаларына аударуын қоймасқа керек. Біздің соңғы кезде әлсіретіп алған тақырыбымыз — жұмысшы табының өмірі. Ендеше осы жөнінде сын дабыл қағып, суреткерлерді жұмысшы табының өмірінен жаңа жақсы шығармалар жазуға шақырса, оған қынжылмау керек, құлақ асу керек.

Мақаланың авторы Сафуан Шаймерденов бірнеше өзінің қалаған орта буын, жас буын прозаиктердің шығармалары жайында пікірін ортаға салады. Онысы құптарлық. Ал бірақ солай ету үшін аға буын — жазушылар жөнінде айтқан тұжырымы таң қаларлық. Горький ұлғайған соң жазуды доғарған, біздің карттар да сөйтуі керек. Жазушылар Одағы олармен енді әуре болмасын деген сықылды ке-

нес береді. «Талант та адамның өзі секілді: туады, есейеді, содан соң дер шағына, кемелді шағына жетеді де қайтады. Сол таланттың қайтқанын мезгілінде түсіну — ол да ұлықтың белгісі болса керек» дейді автор. Лев Толстойдың, Гетенің қашан бастап, қашан доғарғанын ол есінен шығарған сияқты. Қазіргі эпопея жазып жатқан Федин, Леонов, Шолоховтар да оның есебінде жоқ көрінеді. Содан кейін ол қарт жазушыларға: «өз творчествоңызға жауапты қараңыз, бұрынғы бедел жаман шығармаларға әрдайым кепілдеме бере алмайды» деп жекіре келіп: «Жазушылар Одағы соңғы жылдары осы міндетін атқарудың орнына, кейбір қарттармен көбірек айналысып кетіп жүр. Солар жазған поэма-дастандарды, естелік романдарды қайта-қайта талқыға салып, былай жаз деген ақыл кеңесті көбірек беріп келді... Әдебиетіміздің ендігі тірегі, ендігі үміті орта буын мен жас буын екені көпке аян» деп тұжырады. Мұндай топшылаулар жақсы аңғарды танытпайды. Жастарды қарттардан үркітіп алып, қамқоршы боп көрінбей, қарттардың жақсы дәстүрінен үйреніп алып, алға бас деп қамқорлық ету керек қойшын жастардың жанашыры болсаң!

Жуырда «Коммунист» журналында П. Демичев жолдас жас буынды аға буынға қарсы қоюдың кімге тиімді екенін өте жақсы айтқан.

«Вопрос о преемственности поколений приобрел определенную остроту в связи с усилившимися попытками ревизионистов подменить борьбу классов в капиталистическом обществе борьбой поколений, провозгласить молодежь единственно революционной силой. Характерно, что абсолютизация роли молодежи и принижение роли старшего поколения присущи как правым, так и «левым» ревизионистам. Фальсификация подлинных взаимоотношений между поколениями не является изобретением современных ревизионистов. Из истории известно, как троцкисты в борьбе против большевистской партии пытались заигрывать с молодежью, столкнуть ее с рабочим классом. Эту линию проводят и сейчас деятели троцкистского, анархистского толка.

Каждое новое поколение опирается на творческую деятельность предыдущего поколения, перенимает и приумножает созданные им ценности»,

Жастар әдебиетіміздің ендігі тірегі, ертеңгі көркі екені рас. Ендеше жас таланттарды тани біліп, дұрыс тәрбиелеу, олардың балғын творчествосына айрықша қамқорлық ету—сынның да, тәжірибелі аға жазушылардың да игі борышы, ортақ міндеті. Бірақ бұл міндетті біржақты ұғып, жастар-

ды тәрбиелеу дегенді тек маңдай сипап, арқа қағу, кемшілікке кешірім жасау деп білсек, және олардың қолтығына су бүркіп, аға буынға қарсы қойсақ, одан зияннан басқа пайда жоқ,

Жастарға ағалық ұстаздық ақыл-кеңес айтуға творчестволық тәжірибесімен толық право алған қазіргі көрнекті прозаигіміз Әбдіжәмил Нұрпейісов бүкіл Одақ оқырмандарының алдында «Дружба народов» журналының анкетасына жауап ретінде өзінің бүгінгі қазақ әдебиеті жөніндегі ой-пікірлерін ортаға салды. Сонда ол маңайымыздағы жалғыз жұлдызымыз, бүгінгі таңдағы әдебиетіміздің үміті мен сенімі — Әбіш Кекілбаев деген тәрізді тұжырым айтыпты. Мен де Кекілбаевтың қабілетін, талантын сүйсіне бағалауға бармын. Мен де осы бір жас қаламгердің ертеңіне үлкен сенім артуға әзірмін. Бірақ Әбдіжәмил дәріптеген түрде әлі көп ештеңе өндірмеген жас адамның аяқ-қолын жерге тигізбеуден сол Әбіштің өзіне қанша пайда болар екен?!

Бұл фактыны қозғамас та едім. Оған мынадай бір себеп болды. Жуырда «Дружба народов» журналында Оразбек Сәрсенбаевтың «Легенда степей» деген мақаласы жарияланды. Онда, алдыңғы мақаладан жел алған болу керек, рецензия стиліне жатпайтын мынадай лепірме сөздер жазылған:

«Новая повесть Абиша Кекилбаева «Кюй» привлекла всеобщее внимание. И это не случайно. Абиш Кекилбаев — один из талантливых представителей молодого поколения казахских писателей, автор ряда интересных книг. Он выступает как поэт, критик, эссеист, прозаик и переводчик» дейді. Мұның қаншасы шындық екенін автордың ұжданына қалдырып, арғы жағын оқиық: «Помнится, на одном литературном собрании после резкого, но принципиального и верного выступления Абиша наш незабвенный Мухтар Ауэзов стоя аплодировал ему. Молодой, горячий оратор тогда еще был студентом третьего курса КазГУ».

Мәселе Мұқанның түрегеп тұрып қол ұру-ұрмауында емес. Арамызда жоқ ардагер адамымыздың есімін арзанқол әсер үшін пайдаланып, бақал базарына сала бермеуіміз керек.

Повесть, Сәрсенбаев айтқандай жаппай көңіл аударған шығарма болса, әңгіме сол жөнінде болсын. Ерте мақтап жас талантты еліттіріп алмайық. Бізге жастар жөніндегі ұлы ұстазымыз Горький дәстүрі оңды үлгі болуға тиіс. Жақсы әке де баласын тек іштей жақсы көреді. Жаман мінез қылығына қатал ол. Әдеби шеберлік дейтін мәселе соң-

ғы кезде көбірек ауызға алынатын болды. Бұл өте жақсы, кезінде Горькийдің өзі әдеби шеберлікке үлкен мән берген ғой. Соған қарамай біздің қазақ әдебиет сыны ол жағына көп аса зер салмай келген-ді. Енді болса да шеберлік жайының сөз бола бастауы әдебиеттің көркемдік сапасын көтеруде жемісті нәтиже беруге тиісті деймін.

Бірақ мұнда ескеретін бір жай бар. Шеберлік жөніндегі мақалаларда осы мәселені тым тар шеңберде алып, мектептегі әдебиет теориясының әліппе іспетті категорияларына танушылық байқалады. Олардың түсінігінше, шығарманы бүтін организм деп біліп тұтас эстетикалық талдау жасаудың орнына бейнелеу құралдарын дербес жырып алып айта берсе, шеберлік ісі сонымен тынатын тәрізді де, ал идеялық, әлеуметтік, таптық деген ұғымдар араласса онда социологизмге ұрынатын тәріздіміз. Социологизм дегеніміз ол бір бәле емес. Керісінше ол марксизмнің ең басты сипатының бірі. Біз тек тұрпайы социологизмге қарсымыз. Ол әдебиеттің ерекшелігін елемеумен зиянды. Ал оның екінші шегі бар. Ол — формализм. Шеберлік мәселесі болсын, стиль мәселесі болсын, эстетикалық категориялар ретінде терең философиялық, әлеуметтік іспетте алынып, мазмұн мен форманың диалектикалық бірлігіне байланысты алынбаса, сол формалистік жағаға шығып кету қиын емес. Шеберлік жөнінде көркем әдебиет шығармасына қойылатын шарт сын еңбектеріне де қойылуы керек. Неге десеңіз, шебер жазылған сын ғана жазушы мен оқырманға әсер, ықпал жасамақ, тек әсер, ықпал жасаған сын ғана эстетикалық талғам тәрбиелейтін өзінің игі ролін жемісті атқармақ. Көркем шығарма шеберлігіне қойылатын басты шарт өмір шындығының сырын адам сыры арқылы терең де нәзік, нақты да әсерлі бейнелеу болса, сын шеберлігіне қойылатын шарт та өмір шындығының сырын шығармада бейнеленген көркем шындықтың сырын терең де нәзік, нақты да әсерлі талдау арқылы таныту болып табылады. Расын мойындауымыз керек, біздің сын еңбектеріміз осы шарттан табыла бермейді. Талдау дейтініміз не жоқтың қасы, не үстірт, бір жақты, не бір қалыптан шыққандай схемалы боп келеді де, пікірі саяз, дәлелсіз, нанымсыз боп шығады. Мысалы бір мақалада М. Әуезовтің «Өскен өркені», Ә. Нұрпейісовтің «Қан мен тері», Жайсаңбақ Молдағалиевтің «Торғай толғауы» бір қатарда алынып, бірдей бағаланыпты. Сыншының топшылауы бойынша, осы үш шығарманың үшеуін де оқығанда, біз «адам сезімінің шыңырауына бойлаймыз, тағдыр тауқыметінің неше түрлі құз-қиясын көреміз, ел арқа-

сына темірдей батқан тарих жүгінің салмағын тағы бір тебірене сезінеміз. Халықтың дарқан тұлғасы, рухани ұлығы тереңнен ашылады».

Мақаланың шамадан тыс екісін былай қойғанда үш түрлі автордың үш түрлі шығармасын бір өлшем, бір штамппен бағалауын қабылдау қиын. Сондықтан ондай мақаланың ешқандай әсер етпейтін, ешкімді ештеңеге сендірмейтіні өз алдына, оқығанда тіпті тартпайды. Қайсы бір мақалаларды резинка жұтқандай оқисың. Бұған мысал іздеудің қажеті жоқ. Тілі түрпідей, ойы кірпідей көптеген аты-жөні белгісіз рецензияларды былай қойып, тәп-тәуір деген сыншыларымыздың мақалаларын оқып отырып та, кейде стиль мүкістігін көріп лажсыз қынжыласың. Сөзді орынсыз қолдану, өз мағнасында пайдаланбау, стилін сырттай жылтыратуға, жасанды әдемілікке әуестену әркімде-ақ баршылық. Айталық, мына «Даңқ пен даңғилық», «мәйекті шабыт», «ой құрсағынан ержетіп өмірге келген», «арпалыс пен тартыс» ыстық пен суық, жығылу мен тұру тізбектеліп өшіп жатады», «трагедия мен комедия құшақтаса, қол ұстаса жүреді», «шығарма өзегіне дән болған уақыт таңбасы», «Көп өмірді, көп нюанстарды қараңғылық әлеміне қалдырады», «революцияның өзі әкелген эволюциялары болды», «қыруар оқиға, сурет, факті, деталь сол әрекет пен психологиядан туатын сыртқы фон, шарт, фактор ғана» деген сықылды сөз тізбектерінен не ұғуға, не білуге болады?!

Әдебиет сынының ғылыми-теориялық дәрежеде көп қырлылық сипат табуының үлкен бір шарты талданатын шығарманың жанр ерекшелігін ескеруге саяды. Біздің бүгінгі тармақталып өскен көп жанрлы әдебиетке маманданған көп жанрлы сын керек. Осы мәселе кейінгі кезде аз айтылып жүрген жоқ. Алайда сынның мамандану процесі, әрбір әдебиет жанрының ерекшелігіне қарай бейімделу процесі өте баяу. Көп ретте поэзия мен проза сынында, әсіресе поэма, роман сықылды сюжетті шығармалар жөніндегі рецензияларда тіпті айырмашылық көрінбей қалады. Жанр ерекшелігінен туатын бейнелеу мүмкіншілігінің шегі бар. Мысалы, өлең мен әңгіменің, поэма мен романның, повесть пен драмалық пьесаның арқалайтын өмір материалының көлемі де, характері де бір емес. Бұл жағдайда ескермеген сыннан шындық табу қиын-ақ.

Оның үстіне әрбір жанрдың даму заңдылығы мен жалпы әдебиет процесінде алатын орнын айқындап, өсу бағытын мезгеу міндетін де сын көңілдегідей орындай алмайды.

Бір қынжыларлық нәрсе: біз соңғы жылдары көркем аударма жұмысын (қазақ тіліне аударуды айтам) күрт түсіріп алдық. Соған қарай аударма сыны да әлсіреп кетті. Ал балалар әдебиетін алатын болсақ, мұнда да күй онша мәз емес. Сапекең мен Өтекең анда-санда бір жақсы лебіз айтып қояды. Бірақ сын жоқтың қасы. Темірбек Қожакеевтің бірер мақаласы болмаса сатира сынының халы да сондай. Айта берсе сөз көп. Мақсат — соның бәрін ежіктей беру емес. Одан пайда да жоқ. Сын туралы сөзден іске көшетін кез жетті. Сын жоқ деп дабыл қаққан байбаламның да, мін тағып мысқылдаудың да құны шамалы. Туған әдебиеттің мүддесін шын ойласақ, сынның күй-жайына жұмыла қамқорлық жасап, оның маңызды да жауапты, қиын да күрделі міндеттеріне жан ашырлықпен жаппай ат салысу қажет.

Сынның басты міндеті — көркем әдебиет құбылыстарын марксизм-ленинизм эстетикасы тұрғысынан терең талдап, әділ бағалап социалистік реализм принциптері мен проблемаларының дұрыс, жемісті шешілуіне жетекші де көмекші бола білу. Лениндік эстетиканың биік талабы ұлы көсемнің коммунистік партиялық пен халықтық жөніндегі қағидаларын социалистік гуманизм мен интернационализм принциптерін мықты сақтап, жаңа заманның жасампаз рухын, жаңа адамның жарқын образын ақиқат шыншылдықпен, кемелді көркемдікпен суреттейтін жоғарғы сапалы шығарма жасау десек, сынның көздейтін нысаналы мақсаты да осыдан туындайды. Сондықтан сыншыларды маркстік-лениндік теориямен қаруландырып, олардың жалпы білімі мен эстетикалық мәдениетін көтеру үшін, өмір шындығын терең таныту үшін жазушылар Одағы болып, бүкіл әдебиет ортасы болып шұғыл шаралар қолдануы керек. Талантты жас сыншыларды Горький атындағы әдебиет институтына, Одақтық семинарларға, мәжілістерге, творчестволық командировкаларға жіберіп отыру, олардың еңбектерін көптің талқылауына салып, шыңдап алып бастыру — сыншыға таптырмайтын көмек сол. Жеті-сегіз жылдан бері сын пікіріне қозғау салып, әр жылдың әдеби жемістерін қорытындылайтын жылдық конференция өтіп келген. Мұқаң марқұм оны «Коллективтік Белинский» деген болатын. Конференция сөз жоқ жалпы пайдалы роль атқарды. Көп жазушылар осы конференцияда айтылған тиіп-қашты сынның өзіне төзбей, мұндай жиынның керегі жоқ, пәлен де түген деп, сырт айналып жүрді. Кей жылдары оның три-

бунасын сыңаржақтық ниетке пайдалану фактісі де болмай қалған жоқ.

Былтыр, 1967 жылы, елу жылдық қорытындыларға байланысты жылдық конференция өтпеді. Биыл күзде екі жылдың қосындысы бір-ақ талқыланбақ.

Қоллективтік сын пікірінің осы бір түрін дұрыс ұйымдастырып, жанр секцияларында өтетін жиылыстармен ұштастырып өткізсе, онда қызық талдаулар жасалатын болса, сынның батылдығы мен белсенділігі арта түсер еді деймін.

Сөзімнің соңында қайта-қайта пысықтап, арнайы айтпағымыз: Әдебиет сынының беделін, белсенділігін көп болып көтерейік, оның батыл да әділ сөйлеуіне еркіндік жағдай жасайық, сынға төзбеушілікті, сыншыға қысым, қуғын жасаушылықты әдебиетке қарсы істелген қылмыс деп жазғыратын болайық!

Әдебиет сыны партиямыз маркстік сын деп бағалаған атағына лайық айбынды ролін аброймен атқаратын болсын!

АДАМЗАТ МӘДЕНИЕТІНІҢ ЖАРШЫСЫ

«Совет Одағы аударма жөнінен таяу жылдарда ешкім қуып жете алмайтын аса ұлы держава»,— деп жазды аудармашылардың халықаралық Федерациясының журналы «Вавилон» 1965 жылы. Иә, оған дау жоқ. Ал сонда біздің аударма шаруашылығын осыншама жедел дамытқандағы мақсатымыз не? Буржуазия әлеміндегі тәрізді пайдакүнемдік, саудагерлік, қайтсем жұртты таңдандырып, өзіме қаратам дегендік емес, біздің мақсатымыз — ізгі мақсат, біз интернационализм мен халықтар достығын көздейміз, болашақтың мәдениетін құру жолында ұлт пен ұлттың мәдениетін интернационалдық негізде етене бауырластыру мақсатын көздейміз. Әлем халықтарының не бір дана ойшылдары бағы заманнан бері арман еткен, тек совет дәуірінде ғана шынайы нақты мақсаттар қатрында КПСС Программасына енген жалпы адамзат мәдениетіне қызмет ету жөніндегі осынау тамаша абзал міндетті біздің елімізде әсіресе аударма саласы аброймен орындалып келеді.

«СССР мәдениеттерінің социалистік мазмұнын дамытуға шешуші маңыз бере отырып, партия олардың одан әрі де бірін-бірі толықтырып, бірімен бірінің бауырласа түсуіне, олардың интернационалдық негізін нығайтуға, сөйтіп коммунистік қоғамның болашақтағы жалпы адамзатқа ортақ біртұтас мәдениетінің құралып, қалыптасуына көмектеседі».

Ұлттар мен халықтар бір-бірімен неғұрлым жаппай жақындасып бауырласқан сайын, социалистік мемлекетіміздің идеялық бірлігі мен интернационалдық негізі солғұрлым нығайып, ұлттық мәдениеттер бір-бірін одан әрі де молықтыра түседі.

Қандай да болмасын социалистік ұлттың мәдени қазынасы тек өз мәдениетінің небір жаңа асыл нұсқаларын жасау есебінен ғана емес, сонымен қатар туысқан халықтардың, ең алдымен ұлы орыс халқының мәдениетімен етене араласу нәтижесінде де барған сайын кемелденіп, байи түседі.

Социалистік Одақтағы қандай халықтың болсын прогрестік дәстүрлері келе-келе барлық бауырлас халықтардың ортақ дәстүріне айналады.

Социалистік ұлттардың тілдері бір-біріне ықпал жасап, бірін-бірі молықтыру арқылы ілгері дамып, кемелдене түседі. Үздіксіз жүріп жататын осынау процесте орыс тілі айрықша роль атқарады.

Халықтардың сан ғасырлық мәдени мұрасын бойына сіңірген, әрі күдіретті, әрі икемді, әрі өткір орыс тілі ұлттар әдебиеттерінің өзара байланысының қуатты құралы; ол ұлттардың тіл байлығын молайтуға игі әсер етіп, ұлт жазушыларының мәдениеті мен шеберлігін жетілдіруге жәрдемдеседі. СССР Жазушылар Одағының аударма теориясы мен тәжірибесін қадағалайтын, орысшадан басқа тілге және басқа тілдерден орысшаға тәржімалайтын орасан зор аудармашылар армиясының жұмысын бір ортадан басқарып, бір ізге салып отыратын аударма жөніндегі Советтің атқарып жүрген жұмысы осыған айғақ.

Орыс тілінің әсерімен басқа халықтардың да тілдері байып, сөздік қоры молаяды, мұның өзі орыс әдебиетінің қазынасын тереңірек игеруге жаңа мүмкіндіктердің көзін ашады.

Ұлт авторларының орысшаға аударылған өлеңдері мен кара сөздері бүкіл Совет Одағының, одан қалды, тіпті бүкіл әлемнің игілігіне айналады.

Мен көмілген құрыш ем,
Тапты мені нұр заман.

Қайта соғып сөмсер ғып,
Алғыр тасқа қайраған.
Керегіне шапсын деп,
Ел жанына байлаған.
Алып халқым — анам ең,
Сені сүйген балаң ем,
Араласқан алпыс ұлт,
Құмы — алтын, суы — сүт,
Туын тіккен ырыс-құт,
Достығы берік жаңа жұрт.

деп жырлаганда, жыр алыбы Жамбыл осы аударма арқы-

лы өзінің алпыс тілде сөйлейтін абзал ақын болғанын айқыны түсінетін.

Соңғы кезде шетелдерде орыс тілін үйренуге ұмтылушылардың саны барған сайын өсіп барады. Ленин тілін барша континенттер үйреніп жатыр. Ал Совет Одағының одақтас және автономиялы республикаларында орыс тілі ана тілінен кейінгі ең қажет, ең қадірлі тілге айналды. Бұл тілді жұрттың бәрі біледі деуге де болады. Егер өлеңдері мен поэмалары күллі орыс тілі арқылы күллі Совет Одағына, ол ол ма, бүкіл дүние жүзіне мәлім болмағанда, авар Расул Гамзатовтың, балғар Қайсын Кулиевтің, қалмақ Давид Кугультиновтың, маиси ақыны Иван Шесталовтың ақындық творчествосы қандай күйде болар еді, айту да қиын.

Басқа республикалардағыдай, соңғы жылдары Қазақстанда да орыс тілін өзінің ана тілімен бірдей білмек былай тұрсын, тіпті орыс тілінде жазатын жазушылар көбейді; олар: Бауыржан Момышұлы, Әнуар Әлімжанов, Олжас Сүлейменов, Мақан Жұмағұлов және басқалар. Олжас Сүлейменовтың жеті кітабын талдап оқығанда өз халқының перзенті бола тұра бұл ақынның неге орысша жазатынын айқын түсінесің.

Егер бұрын характердің ұлттық колорит жайында сөз еткенде олардың арасындағы айырмашылық, бір ұлтты бір ұлттан дараландырып тұрған өзгешелік жайын көбірек айтатын болсақ, енді көбіне-көп барлық совет адамдарын бір-біріне жақын, туыс етіп тұрған қасиеттерге көбірек көңіл бөлетін болдық. Ұлттық характер туралы сөз еткенде оның динамикасына баса назар аударған жөн. Ұлттық характер дегеніміз бір орында қатып қалған, икемсіз, кимылсыз нәрсе емес. Ол үнемі өзгеріп, өрістеп, ілгері дамып отырады. Ол басқа халықтардың, басқа характерлердің өзімен туыстас, өзіне игі ықпал жасайтын қасиеттерін өз бойына сіңіре отырып өзгереді, жаңғырады.

Ұлттардың коммунистік негізде түптен түйісіп, тереңнен бауырласу барысында әдебиет жауапты да құрметті ұйымдастырушылық роль атқарады.

Көркем әдебиет пен көркем өнер қай арада болмасын коммунизмнің нышандарын, коммунизм адамының жанадан тебіндеп келе жатқан қасиеттерін мейлінше қолдап, мәпелей өсіре отырып, ұлт мәдениеттерінің бір-біріне ықпалы мен бірін-бірі молықтыруына жағдай жасай отырып, со-

вет адамдарын халықтардың лениндік достығы рухында тәрбиелеуге міндетті, солай тәрбиелеп келеді де.

Біздің әдебиетіміз — көп тілді әдебиет. Оның сансыз ағын, жыралары Совет Одағының шетсіз-шексіз көркем әдебиет теңізіне барып құяды. Бірақ бұл теңізге кең байтақ Совет Одағын мекендеген барлық адамдардың қолы жете алатындай болуы үшін, екі түрлі бағытта көп жұмыс атқаруымыз керек, біріншіден, орыс әдебиеті мен басқа туысқан халықтар әдебиеттері, яғни Шолохов, Малышко, Смуул, Лацис, Гамзатов, Межелайтис, Айтматов және басқа сөз зергерлері өз тілінде қандай түсінікті болса, қазақ, түрікмен, башқұрт және басқа тілдерде де осындай түсінікті болуы керек, яғни олар барлық тілдерге аударылуға тиіс; екіншіден, туысқан республикалар тілдерінде туған ең жақсы дүниенің бәрі орыс тілінде жұртшылық игілігіне айналған жөн.

Әуезов те, Бровка да, Айни да, Айбек те, Вургун да, Бажан да, Кербабаев та, Мұса Жәлел де, Ғафури де және басқа көптеген жазушылардың бәрі де шетелдердің тілдеріне тек орыс тіліндегі нұсқасынан аударылды.

Орысшадан туысқан ұлттар тіліне, немесе туысқан ұлттар тілінен орысшаға көркем аудару мәселесі коммунизм орнатып жатқан заманымызда орасан зор мәні бар іске айналып отыр.

Түпнұсқаның әрі мен нәрін жеткізе бейнелейтін дарынды көркем әдебиет аудармасы болмайынша мәдениеттердің өзара ықпалы мүмкін емес, олар бірін-бірі кең көлемде толықтырып, молықтыра алмайды. Мұның өзі Жазушылар Одағының көркем аударма советі жұмысының ең басты мақсат-мұраты болып табылады. Мәселен, Пушкин поэзиясы біздің республикаларымыздағы аудармашылардың өнерін сынайтын емтихан тәрізді. Белгілі бір республикада аударма жағдайының қандай екенін білу үшін, сол тілге Пушкиннің қалай аударылғанын білудің өзі жеткілікті.

Аудармашыға ең қажеті талант екенін айрықша ескерткіміз келеді. Өйткені дарын шапағатымен суарылмаған аударма көркем шығарманың сұрқын алып, өңін қашырып, оның бойындағы бүкіл поэзия атаулыны құрытып жібереді.

Көркем аударманың өнер екенін, ал аудармашының шығарма авторы тәрізді өнер тамашасын жасаушы зергер екенін кезінде И. С. Тургенев жақсы айтқан: «Қалың оқырман қауымға ықпалын жүргізе алатын тек қана талант, талант қана пәрменді екені даусыз, аудармашыға керегінің өзі осы талант, творчестволық дарын, ал қанша көп тіл білген-

мен, аудармашы болу үшін ол тым азшылық етеді», деген еді ол.

Дарын атымен суарылған шығарма оқырман жүрегіне жол табады, алуан тіл, әр халықтың игілігіне айналады.

Меніңше, әрбір республика, әрбір социалистік ұлттың өз қамтуындағы аударма шаруашылығын тексеріп, коммунистік және мәдени құрылыстың осынау аса маңызды участогын мейлінше нығайтуы бұрынғыға қарағанда қазір өте-өте қажет.

Кезінде орыс тілінен Орта Азия Қазақстан және азербайжан халықтарының тілдеріне тәржімалау жайындағы регионалдық кеңес осы республикаларда аударма саласында көп жылдан бергі атқарылған орасан зор жұмыстардың қорытындысын шығарған болатын. Әр республика бойынша көркем аударма жөнінде сөйлеген баяндамашы орыс тілінен ұлт тіліне көркем аудару ісінде қол жеткен даусыз жетістіктер мен табыстарын айқын ашып көрсеткен еді. Революцияға дейінгі уақыттың өзінде де көркем аударма саласында белгілі дәрежеде тәжірибесі мен қалыптасқан дәстүрі бар өзбек және азербайжан сияқты дамыған жазба әдебиеттерді айтпағанның өзінде кенже дамыған қырғыз бен қарақалпақ жазба әдебиеттерінің өздері де, мәселен, бұл салада елеулі ілгері басқандығын байқатты. Ал олардың бұрын ешбір тәжірибесі жоқ болатын. Мәселен, қырғыз әдебиетінде соңғы он бес жылдың ішінде жалпы көлемі 2500 баспа табақ 300-ге тарта шығарма аударылды. Поэзия мен прозаның інжу-маржанын танытатын республика үшін аса қажет кітаптар — Пушкин, Гоголь, Толстой, Тургенев, Чехов, Горький, Маяковский, Шевченко, Абай, Навои, Айни, Петефи, Лу Синь, Бальзак, Гете, Шекспир, Драйзер шығармалары аударылды. Л. Толстойдың «Хаджи Мұрат», «Арылу», «Соғыс және бейбітшілік», Гогольдің «Тарас Бульба», «Ревизор» және «Өлі жандары», Чеховтың таңдамалы әңгімелері, Тургеневтің «Әкелер мен балалар», «Аңшының жазбалары», Пушкиннің «Евгений Онегині» мен «Борис Годуновы», «Капитан қызы» және өлеңдері мен поэмаларының бір томдығы сияқты аса ұлы туындылар қырғыз тілінде жарық көрді.

Басқа республикалар тәрізді, Қырғызстанда орыс және дүние жүзі әдебиеттерінің классиктерінің туындылары, сондай-ақ туысқан ұлт әдебиеттерінің таңдаулы нұсқалары жеке том ғана емес, шығармалар жинақтары болып топ-тобымен шығып жатқанын елеусіз қалдыруға болмайды. Мәселен, Түрікменстанда Л. Толстойдың 14 томы, М. Горькийдің

16 томы, Пушкиннің 3 томы, М. Лермонтовтың 2 томы шықты. Татар мен башқұрттар да орысшадан аудару жөнінен үлкен табысқа жетті.

Аударманың әлі де бірсыпыра талас мәселелері шешімін таппай отырғанына қарамастан, Алматы кеңесінен кейін туысқан республикаларда көркем аударма шаруашылығы әжептеуір ілгері басқандығы байқалады. «Литературная газета» поэзия мен прозаның аудармасы жайында: «Біз қалай аударып жүрміз?» және «Бізді қалай аударып жүр?» деген сұрақ қойған анкетаның маңызы зор болғанын айтпасқа болмайды. Аударма жөніндегі шындықты бүркемелемей бетке айтуға шақырған бұл сырласу, бір жағынан, бүкіл Совет Одағы көлемінде аударма ісіне жасалған өзінше бір байқау тәрізді болды.

Көркем аударма жөніндегі Совет 1962 жылғы декабрь айында Фрунзе қаласында Орта Азия, Азербайжан және Қазақстан түркі тілдес халықтарының аудармашыларының мәслихатын шақырғаны мәлім. Бұл мәслихатта көркем аударманың халі және міндеттері туралы республикалар бойынша баяндамалар жасалып, сөздер сөйленді, елеулі жаңа табыстарымыз атап көрсетілді. Алайда сонымен қатар бірсыпыра елеулі олқылықтарымыз бен кемшіліктеріміздің де беті ашылды: Осы кемшіліктердің басым көпшілігі тіпті барлық республикаларға тән екені белгілі болды. Мысалы, аудармашылардың ұлт кадрларын дайындау ісінде өзара байланыс жоқ екені және олардың бастары бірікпей жүргені анықталды. Бұл кемшілік сол мәслихаттың жұмысында да әсерін тигізбей қалған жоқ: сөйленген сөздердің көпшілігінде белгілі бір шығарманы қай ұлттың қалай аударғанын салыстыра алға тарту тәрізді өнеге берерлік пікірлер ұшыраспады. Бәлкім «Евгений Онегин», «Соғыс және бейбітшілік», «Тынық Дон» сияқты классикалық туындылардың аудармаларын салыстыра зерттеу, әр аударманың сәтті де сәтсіз жерлерін айқындап атап беру дұрыс болар ма еді демекпіз. Өйткені, А. Пушкиннің, Л. Толстойдың, М. Шолоховтың кесек туындыларын аудару көп уақыт, көп еңбекті, көп білім мен творчестволық шабытты талап ететін өте күрделі үлкен жұмыс қой. Бұл салада қазақтың әдебиетші ғалымы және аудармашысы С. Талжановтың Гогольдің «Ревизоры» мен «Өлі жандарының» барлық түркі тілдердегі аудармаларын салыстыра қараған тәжірибесі сабақ аларлық әрекет деуге болады. Мұндай зерттеулер творчестволық өзара тәжірибе алмасудың негізгі бір түрі болғаны жөн.

Қазақстан аудармашылары мен басқа да түркі тілдес республикалардан келген аудармашылар жүздеген аударма кітаптардың шығып жатқанына қарамастан, көркем аударма жайында бірде-бір ғылыми-теориялық елеулі еңбек жоқ екендігін өкініш ретінде айтты. Мерзімді баспасөзде жарияланып жүрген аударма кітаптар жөніндегі жеке мақалалар мен рецензиялардың дәрежесі өте төмен, және оқта-текте ғана ұшырасады, шығарған қорытындылары тым үстірт, беретін бағалары екі-үш цитатаға ғана құрылған жүрдім-бардым бірдеме. Орышадан өзбекшеге аудару жөніндегі сөзінде Асхад Мұхтар барлық республикаларға тән мынадай бір кемшілікті, — сыншылардың аударманы сынағанда есепшілерше бақайшағына дейін шаға тергеп, аудармашыларды баяғыда қатал сыналған өлексе күншілдікке итермелейтінін атап көрсетті. Соңғы уақытта жағдай едәуір жақсарып келеді. Әйтсе де көркем аударма теориясы жөніндегі еңбектерде әлі де едәуір олқылықтар бар. Біраздан бері аударма ісінің түбірлі мәселелері жиі-жиі талқыға салынып келеді.

Көркем аудармада шеберлікке жету жолындағы күресте, мәселен, оған өнердің бір саласы деп қараудың, солай деп танудың айрықша маңызы бар. Мұндай пікір сөз жүзінде ғана мақұлданып қоймай, күнделікті творчестволық жұмыста әдетке айналғаны жөн. Аударма жұмысын нағыз сөз зергерлерінің өздері қолға алып, оған өнер туындысын жасаушы ретінде мейлінше жауапты қарағанда ғана жақсы аударма туатынын тәжірибе әлдеқашан көрсеткен болатын. Және оған керісінше, өте күрделі, өте қиын осынау екі тілді қатар білгеннің бәрінің де қолынан келе беретін опонай және ақшалы кәсіп деп қараушылық орын алған жерде көп жағдайда сабын орауға ғана жарайтын балдыр-батпақ бірдемелер бытырақтатып шығады да жатады». «Атүсті асығыс аудармалар айта берсең тіпті көп, — дейді қырғыз ақыны Сүйінбай Ералиев. — Бұған алдымен біз өзіміз кінәлымыз. Біз аудармаларды өте сирек сынаймыз, аударма жұмысын талқылап, зерттеп отырмаймыз. Мәселен біздің Қырғызстанда аударма проблемалары жөнінде бірде-бір елеулі еңбек жоқ. Аудармашылардың көпшілігі Алықұл Османовтың өлеңдерін аударамыз деп құлшынып-ақ кірісті. Бірақ әлі күнге дейін олардың қаламынан әрі қарапайым, әрі жан тәбірінтетін Алықұл өлеңдері емес, қайда бір жып-жылмағай жылтырауық, іш пысыратын жасанды бірдемелер ғана шығып жүр...»

...Бір жақсысы аудармашылар арасындағы бұрынғы кінәрат қазір мүлде жойылды деуге болады, олар бұрын аудар деген тапсырма мен күлді-балам жолма-жол аударма колына түссе болды, қай тілден болса ол тілден болсын, тіпті ежелгі жоғары герман тілінен бастап қазіргі төменгі мерий тіліне дейін ешқандай шабытқа қарамастан, басса-лып аударма бастайтын. Енді өз жауапкершілігін толық ұғынатын, поэзияның белгілі бір саласының не тобының патриоты болып табылатын аудармашылар барған сайын көбейіп келеді. Аса талантты орыс ақындарының бірі, аударма шебері Ярослав Смеляков: тақырыбы, мән-мазмұны, эстетикасы жағынан әріптес жақын авторлардың ғана шығармаларын ғана әдетке айналдырайық дегенді айтады. Бұдан былайғы жерде дұрыс бағытта, талантты жазылған роман, поэма пьесалардың бүкілодақтық кең өріске шығуына ешбір кедергі жоқ деп енді батыл айта аламыз.

Көркем сөз зергерлерінен асатын аудармашы жоқ екенін өмірдің өзі көрсетіп отыр. Солардың кейбіреулерін атай кеткіміз келеді. Орыс әдебиетінде Н. Тихонов, В. Луговской, Н. Асеев, И. Сельвинский, Л. Соболев, К. Симонов, П. Антокольский, өзбек әдебиетінде Айбек, Ғ. Гулям, А. Қаһһар, Міртемір, А. Мұхтар; қазақ әдебиетінде М. Әуезов, Ғ. Мүсірепов, І. Жансүгіров, Ә. Тәжібаев, Қ. Аманжолов, Т. Жароков; азербайжан әдебиетінде Самед Вургун, Мирза Ибрагимов, Расул Рза, Энвер Мамедхаили, Мамед Рагим; кыргыз әдебиетінде А. Тоқамбаев, А. Османов, Т. Сыдықбеков, Т. Үметалиев; түркмен әдебиетінде Б. Кербабаяв, Б. Аннануров, А. Таганов, А. Ковусов,— бұлардың қай-қайсысы болмасын өз жауапкершілігін айқын түсінетін дарынды аудармашылар. Орыс әдебиетінің түркі тілдерге нағыз көркем аударылғандары да ең ірі жазушылардың қаламынан шыққаны мәлім. Мәселен, «Евгений Онегиннің» ең жақсы аудармашылары Самед Вургун мен Айбек, «Ревизорды» ең жақсы аударғандар Мұхтар Әуезов пен Абдолла Қаһһар.

Белкүллі аударма ісімен ғана шұғылданатын дарынды әдебиетшілердің есімдерін де білеміз, олар: орыс әдебиетінде Л. Пеньковский мен С. Липкин және В. Державин; қазақ әдебиетінде Х. Ахмедов, Х. Өзденбаев, М. Жанғалин, Қ. Сағындықов, Ә. Сатыбалдиев: аударманы өз өмірлерінің басты мақсаты деп есептеп, олар сонымен бірге жыл санап өз шеберліктерін жетілдіре түсіп, өздері сүйіп таңдаған жұмысының ұңғыл-шұңғыл тылсым сырларының бәрін мүқият және терең зерттеп, өздері атқарып жүрген жұмыстың

теориялық негіздеріне ой жүгіртіп, топшылап, қисындап отырады.

Совет өкіметі орнағаннан бергі жылдарда біздің республикамызда маман аудармашылар кадрлары өсіп жетілді. Айта кететін бір жайт, осы аудармашылардың алғашқы ұйтқысы аға буын жазушылардың өздері болды және олар көркем әдебиет аудармасын ұлттық әдебиетті өркендетудің басты шарттарының бірі деп қарады, өз творчестволарын жетілдірудің бірден-бір шарты деп есептеді. Ол буынның басты өкілдері қатарында қазақ М. Әуезов, өзбек Айбек, азербайжан С. Вургун, қырғыз А. Тоқамбаев, түрікмен Б. Кербабаев, татар А. Ерикеев, башқұрт А. Бикчентаев бар. Бірақ ол буындағы аудармашылардың бірсыпырасы қазір бұл дүниеде жоқ, ал көзі тірі кейбіреулері аударма ісінен қол үзген, маман аудармашылардың бір тобы басшы, әкімшілік қызметтерде жүр, қолдары да босамайды.

Аудармашы жас кадрларды тәрбиелеу — күрделі проблема. Дайындалуын дайындалып жатыр-ау, бірақ қандай аз десеңізші, көп ұлтты Совет Одағына ол жете ме! Осынау аса қиын жұмыс саласында қызмет етуге лайықты ешқандай қасиет-қабілеті жоқ кейбір кәсіп-құмарлар осы қиындықты пайдаланып қалуға тырысады. Ал баспа орындары кейде тематикалық жоспарды неғұрлым толық орындау мақсатымен осындай кездейсоқ адамдарға да қол артып қалады.

Кейбір Жазушылар Одақтарында көркем әдебиет аудармасының секциялары сөз жүзінде ғана бар, ал кейбіреулерінде мүлде атымен жоқ дегенді біз баяғыдан бері айтып келеміз. Мәселен, Қазақстанда аударма секциясы бір рет жабылып қалып, таяуда ғана қайта ашылды. Ал Өзбекстанда бір кезде тым жақсы жұмыс атқарған бұл секция біраз жыл шалажансар болып қалды.

Бұл салада атқаратын жұмыстардың ұшы-қиыры жоқ. Бірде-бір республика аудармашылар кадрларын дайындау ісінен шет қалмауға тиіс, әйтпесе әдебиеттің осы бір аса маңызды саласына нұқсан келетіні даусыз.

Аударманың сапасына аударма ісінің қалай ұйымдасқанының өзі де елеулі әсер етеді. Перспективалық жоспар бойынша жұмыс істеп, шарттың орындалу мерзіміне тиісті бақылау жүргізіп, қолжазбаны маман адамдарға көрсетіп, түзеттіріп алып, содан кейін барып коллективтік талқылауға салып, мұқият қадағалап отырған баспада нәтиже де жақсы болады. Бұл арада түрікмен және өзбек баспалары-

нан едәуір үлгі алуға болады. Бір қынжылтарлық жай, мұндай мысалдар бірен-саран ғана. Көбінесе осының керісінше болып шығады: жоспарлау қалай болса солай жасалады, келер жылдардың қамы алдын ала ойластырылмайды, тематикалық жоспарға аударылады-ау деген шығарма аттары керек болса да, болмаса да үйіп-төгіп тықпалана береді, аударма, рецензия жасауға, редакциялауға кім болса соны ала салады, уақытында үлгіре алмай, жөппелдемеде әбігерленіп, дүрлігісіп жатады да, ақыры асығыстық жасалып, аударманы дайындау мен талқылау алас-күлес аптығыспен өтеді. Соның бәрі келіп аударма әдебиеттің сапасын төмендетеді. Асығыстық пен науқаншылдық іздері әсіресе жазушылардың мүшелдік тойларына, әдеби онкүндіктер мен апталықтарға байланысты басылымдарда өте мөте айқын байқалады, өйткені оларды дайындауға уақыт өте аз беріледі.

Науқаншылдық көп жағдайда бір жазушының шығармасын, ол ол ма, тіпті кейде бір шығарманың өзін бір-біріне дарыны жөнінде де, аударма мәдениеті жөнінде де, тәжірибесі жөнінде де үш қайнаса сорпасы қосылмайтын бірнеше адамның аударуына әкеліп соғады. Мұның өзі аударманың сапасын төмендеткені былай тұрсын, сонымен қатар стиль ала-құлалығын тудырады және жазушының өзіне ғана тән дара қасиеттері, оның шығармасының ерекшелігі сақталмайды.

Осындай стиль ала-құлалығы Пушкин мен Лермонтовтың өлеңдері мен поэмаларының, Тургенев романдарының, Чехов новеллаларының, Горький әңгімелері мен повестерінің аудармаларында ерекше байқалады. Өзбекстан мен Қазақстанда Л. Толстойдың «Соғыс және бейбітшілік» романын қалай да тезірек аударамыз деп, төрт кітабын талай адамға бұтарлап бөліп беріп аудартқанның қандай жағдайға әкеліп соққанын бәріміз де білеміз. Қазақстанда тіпті М. Шолоховтың «Тынық Донының» екінші кітабын үзіп-жұлып бес аудармашы тәржімалауға дейін барды ғой. Мұндай әрекеттің сәтсіз болып шыққаны бесенеден белгілі емес пе.

Аударма ісінің елеусіз қала беретін тағы бір жақтары тағы бар.

Қай тілде болсын шыққан нәрселердің бәрі бірдей орыс тіліне аударуға немесе дүниежүзілік сахнаға шығаруға жарай бермейді. Мұндай істі бетімен жіберудің зиянынан басқа пайдасы жоқ.

Қайсын Кулиевтің мына бір сөзімен келіспеске болмай-

ды: «Менің ойымша,— дейді ол,— аударылатын нәрсені іріктеп алмау — кешірілмес күнә. Санын қуа беруге бола ма. Қандай да болмасын ұлт әдебиетінде өзінің тиісті орны мен құқығы бар кейбір шығарманың жалпы одақ көлеміндегі совет әдебиетінде қажеті болмай қалуы мүмкін. Сондықтан да ондай нәрселерді дүние жүзіндегі ең ұлы поэзия жасалған орыс тіліне аударудың керегі де болмауы мүмкін».

Аударма ісінің «географиясы» кеңейіп, дәрежесі артып, сондай-ақ бұрын аударылған классикалық шығармаларды шырқау биігіне жеткізу үшін мұқият қайта қаралып жатқанын разылық сезіммен атап өткіміз келеді. Бұл заңды да, өйткені осы күнгі ұлт оқырманын бәсең тартқан Пушкинмен, асығыс аударылған Абаймен, жігерсіз орысшаланған Сәкенмен, қарабайырланған Толстоймен, солғындата тәржімаланған Горькиймен, немесе мағнасына түсінбей аударал салған Ілияспен қанағаттандыра алмайсың.

Жазушылар Одағы басқармасының жанындағы қазақ әдебиеті жөніндегі Совет Абай Құнанбаев поэзиясын орысшаға аудару жөнінде мәселе көтерді. Абайдың қырқыншы жылдарғы аудармалары ала-құла. Олардың ішінде сәтті шыққандары да бар, бірақ өңсіз, нәрсіз, арзанқол, жүрдімбардым аудармалар, табыс үшін ғана аударал салған дүниелер одан әлдеқайда көп. Орысша мен қазақшаны бірдей білетін Бауыржан Момышұлының өз аузынан ол аударған Абайдың екі өлеңін естігенде орыс ақыны Константин Алтайский былай деген еді: «Абай Құнанбаевты орысшаға Москваның мен мықтымын деген аудармашылары аударды. Оның бір томдығы орыс тілінде екі дүркін шықты. Бірақ Момышұлы өзі аударған Абайдың екі өлеңін айтып бергенге дейін мен Абай поэзиясы дегеннің не екенін білмеуші едім. Орыс тілінде сайрап тұрған Абайды мен осы жолы тұңғыш естідім, естідім де іші алтын, сырты күміс сөз жақсысына таң қалдым. Абай Құнанбаевтың күллі еңбегін орыс тіліне түгелдей қайта аудару керектігін сонда ұқтым...»

Қазіргі уақытта Абай өлеңдерін орысшаға қайтадан аударуға орыс ақындары қатыстырылып отыр, Абай жаңадан аударылмақ.

Кейбір қазақ эпостарын, Сұлтанмахмұт Торайғыровтың, Сәкен Сейфуллиннің, Ілияс Жансүгіровтың, Иса Байұзақовтың, Асқар Тоқмағамбетовтың поэзиясын, Ғ. Мүсіреповтың «Оянған өлке» романын қайта аудару керек сияқты. Кейбір туындыларды орысшаға аудару ісіндегі осындай сорақылықтар басқа ұлт әдебиеттерінде де баршылық.

Бірлі-жарым туындылар ғана болмаса, ұлт тілдерінен

орысшаға аудару ісі негізінен совет дәуірінде, әсіресе соңғы жиырма-отыз жылдың ішінде ғана жүзеге асырылды. Осы мерзімнің ішінде бірсыпыра тәжірибеге де молығып қалдық. Орыс тіліне жақсы аудару үлгісі деп біз М. Әуезовтың «Абай жолы» эпопеясын, А. Қаһхардың «Зымыран құс» повесін, Б. Кербабаевтың «Шешуші адымын», С. Айнидың «Дохундасын», Т. Сыдықбековтың «Тау қойнауындасын», Новои, Тоқай, Жамбыл, С. Вургун, Ғ. Гулям, П. Бровка, М. Танк, А. Тоқамбаев, Зүлфия, Мұса Жәлел, Расул Гамзатов поэзиясының аудармаларын ұсына аламыз.

Алайда орысшаланған кітаптардың жалпы санын алатын болсақ, жасыратыны жоқ, күлді-балам аудармадан аяқ алып жүргісіз. Жақсы аударма шығуы үшін аудармашыда үш жақсы қасиет болуы шарт. Біріншіден, оған суреткердің дарыны керек, екіншіден, екі тілді міндетті түрде бірдей білуге тиіс, ұлт топырағын — сол ұлттың тарихын, әдет-ғұрпын, салт-санасын, мәдениетін, халықтың характерін терең білуге міндетті, үшіншіден, аудармашы өзі аударғалы отырған жазушының творчестволық ерекшелігін білуге тиіс. Осы үш шарттың ең болмаса біреуін орындамағанның өзінде аудармашының еңбегі сәтті болып шықпайды. «Егер,— дейді Л. С. Соболев,— орыс прозаигі, драматургі немесе орыс ақыны әдеби туындысын орыс тіліне аударғалы отырған халықты жанымен ұнататын болса, оның тарихын, дәстүрін, осы заманғы тұрмыс-салтын жақсы білетін болса, ол елдің табиғатына дейін жан-тәнімен сүйсе ғана, яғни сол халықтың риясыз досы болса ғана, сонымен қатар сол халықтың әдебиеті үшін, сол әдебиеттің тағдыры үшін жауапкермін деп толық мойындаса ғана тамаша табысқа жете алады». Орыс әдебиетшілерінің туысқан әдебиеттермен творчестволық достық тәжірибесінен бұған көп мысал келтіруге болар еді. Бірақ аудармаға дарынсыз адамдар жармасса, ол халықтың тілі түгіл географиясын жатқа білсе де одан ештеңе шықпайды: аударманың бір қайнауы ішінде болады, өңсіз, сұрықсыз, арзанқол болып шығады. Мәселен, Ғ. Мүсіреповтың «Оянған өлке» романының алғашқы аудармасы осындай кінәратқа ұшыраған еді. Аударушы талантты болғанымен, ұлт топырағын да, сол халықтың тілін де білмеуі мүмкін. Мұндай аударма көп жағдайда түпнұсқаның өңін айналдырып, бұрмалаушылық дертіне ұрыншақ келеді. Оған мысалға тағы да Ғ. Мүсіреповтың «Оянған өлке» романының тәжірибелі тәржімәшіміз А. Садовский қаламынан шыққан аударма нұсқасын алуға болады.

«Абай» эпопеясының халықаралық зор табысқа жетуіне, оны орыс тіліне аударуға аса талантты жазушы Леонид Соболевтің араласуын былай қойғанда, зор мәдениеттің адамы, білімдар ғұлама һәм біздің халқымыздың тарихы мен әдебиетін өте жақсы білетін А. Б. Никольскаяның қатынасуы да үлкен себеп болды.

Мұхтар Әуезовтың өзі де аудармашыларға үнемі ақыл-кеңес қосып, түсінбегенін түсіндіріп беріп отырды, оларды қазақ тілінің ұңғыл-шұңғылын терең білетін жазушы Темірғали Нұртазин жасаған жолма-жол аударма өте сапалы жолма-жол аудармамен қамтамасыз етті.

Ұлт жазушыларының шығармаларын орыс тіліне аударуға көмектескен жолма-жол аударма, әрине, ұлт әдебиеттерінің таңдаулы нұсқаларын бүкілодақтық оқырманға жаппай таныстыру қажет болған алғашқы кезде игілікті қызмет атқарғанында дау жоқ. Алдағы уақытта, бірден болмаса да біртіндеп, жолма-жол аударманың азая бергені, өткен жолымыздың естелігінде ғана сақталғаны, сөйтіп оның орнын түп-нұсқадан түп-тура аудару шеберлігі басқаны дұрыс, ағымның өзі соған бара жатыр. Ал әзірше, жолма-жол аудармадан құтыла алмай отырған шағымызда аудармашының автормен қоян-қолтық тығыз байланыс жасап отыруы өте қажет нәрсе. Мұндай ынтымақ түпнұсқа туындыны басқа тілде сөйлетуге автор мен аудармашыны қатар жауапты етеді де, бұл жұмысқа екеуінің де ролін арттыра түседі. Көркем аударма жолма-жол аудармасыз күн көре алмай отырған осынау ауыспалы шақта жолма-жол аудармаға қатаң талап қойып, қадағалап отырмай болмайды.

Мұхтар Әуезовты тағы бір еске алайықшы! Ол жолма-жол аударманы түпнұсқамен мұқият салыстыратын да, оны аудармашының қолына тапсырғанның өзінде де үнемі түзетулер, өзгерістер, анықтауыштар енгізіп, аудармашыға әбден ұғындыра түсіндіруден жалықпайтын.

«Ортақ ісіміздің мүддесі үшін, ақынға деген достық пен сыйластық сезім үшін,— деп жазады аудармашы-ақын Константин Алтайский «Простор» журналында,— салақ жасалған жолма-жол нашар аударманы ешуақытта да қабылдамау керек. Жақында мен Ә. Тәжібаевтың лирикасын аудардым. Ол екеуміз түн ортасына дейін отырып, өлеңдердің қазақша нұсқасын жолма-жол аудармамен салыстырып шықтық. Адам таңқаларлық неше түрлі былықпайларға тап болдық-ау! Түзетулер енгізгеннен кейін «жолма-жолдың» бойына қан жүгіріп жайнады да кетті!»

Әдеби шығармаларды орыс тілінен Орта Азия, Қазақстан, Азербайжан, Татарстан, Башқұртстан республикаларының түркі тілдеріне аудару мәселесіне қайта орала отырып, аударма ісін ұйымдастыру мен жоспарлауда ғана емес, сонымен қатар күнделікті іс тәжірибесінде де ең маңызды теориялық түйінді мәселелерді ойластыру мен шешуде де өзара көп ұқсастықтар, ортақ жәйттер бар десек қателеспес едік.

Көркем аударманың аса көрнекті шеберлерінің (М. Әуезов, С. Вургун, Айбек, А. Қанһар және басқалардың) тәжірибесін, дәуір белгісі болып қалатын шығармаларды («Евгений Онегин», «Ревизор», «Соғыс және бейбітшілік», «Тынық Дон», сондай-ақ В. Маяковский поэзиясын т. б.), сонымен қатар психологиялық мінездеме, синтаксистік кідірмелі құрмаластар, кейіпкерлердің сөйлеспелі сөз ерекшеліктері, ұтырлы, ұшқыр сөздер, афоризмдер, идиомалық түйіндер, өзгеше юмор, силлабо-тоникалық өлең метрикасы сияқты аударуы қиын дүниеліктерді аудару тәжірибесін зерттеудің айрықша маңызы бар. Мұхтар Әуезовтың тәжірибесінен көп нәрсе үйренуге болады. Ол әрі аудармашы, әрі ғұлама теоретик, әрі көркем аударманың тамаша сыншысы болатын.

Әуезовтың айтуынша, Абай үшін аударма — орыс классиктерінен творчестволық сабақ алудың бір жолы болған. Абай творчествосында үлкен орын алған Абай аудармаларының бәрін Мұхтар Әуезов мұқият зерттеп шыққан еді. Ол Абайдың Крылов мысалдарын аударғанда кейде «мысалдың тағлымын өзгертіп, ақтық түйінін және басқа нақылдарын қазақтардың ұғымы мен ой өрісіне қарай өңдей тәржімалағанын» анықтады. Зерттеуші сонымен қатар Лермонтовтың «Қанжар», «Жолға шықтым бір жым-жырт түнде жалғыз», «Теректің сыйы», «Жалау» атты өлеңдерін, «Демон» поэмасының үзінділерін әлі күнге дейін ешкім де Абайдан артық, Абайдан дәл аударма алмағанын дәлелдеп береді.

«Евгений Онегин» үзінділерінің аудармасын М. Әуезов Пушкин романын үлкен шабытпен қайта жырлап беру деп айтса, оған негіз де бар. Абай шығыс поэзиясында көрсетілген ежелгі «нәзира» дәстүрімен тартты... ұлы мұраны ақындық тілмен еркін жырлап шығу тәсілін Абай «Евгений Онегинге» де қолданды. Татьяна мен Онегиннің образдарын өмір ақиқатынан аумайтын шындығына, кесектігіне және жан тебіренерлік асқақ тұлғасына қайран қалған Абай олардың ғаламат хикаясын қысқаша ғана өз тілімен айтып

берді, және адам махаббатының аса терең тұңғық сырларын айрықша мадақтай отырып, сол сезімді қазақ жастарының ұғымына лайықтай тәржімалады.

1888 жылы қазақ және орыс тілдерінде «Дала уәләяты» («Степной край») газеті шыға бастады. Онда Л. Толстойдың, В. Короленконың, Г. Успенскийдің, Д. Мамин-Сибиряктің қазақша аударылған әңгімелері жарияланып тұрды.

1908 жылы Пушкиннің «Капитан қызы» (М. Бекимов аударған) қазақ тілінде жарық көрді.

1910 жылы Крыловтың Спандияр Көбеев тәржімалаған мысалдары жарық көрді. Содан төрт жыл өткен соң Крылов мысалдарын Б. Өтетілеуов жаңадан аударып бастырды.

Қазақтың тұңғыш журналы «Айқап» беттерінде А. Чеховтың «Ұзақ» («Грач») атты әңгімесі аударылып басылды.

Революцияға дейін қазақ тіліне бірде-бір пьеса аударылмаған екен.

Тек 1918 жылы ғана Мәжит Дәулетбаев Гогольдің «Үйлену» атты пьесасын қазақ тіліне аударған, ол 1931 жылы Шекспирдің «Гамлетін» де аударды.

1932 жылы Қадыр Тайшықов Гогольдің «Өлі жандарын» тәржімалады.

1933 жылы Ғабит Мүсірепов Горькийдің «Италия аңыздарын» тамаша аударып шықты.

Мұхтар Әуезовтың аудармашылық еңбегі Қазақстанның әдебиеті мен өнеріндегі тамаша бір дәуір болды.

Ол өзінің бұл саладағы жұмысын қазақ совет әдебиетін өркендету тұрғысынан бағалап, оны өз творчествосынан бөле-жара қарамай, орыс және дүние жүзі классиктерінен үйрену деп есептеді. 1943 жылы Әуезов аударған Гогольдің «Ревизоры» Қазақстанның әдеби және театр өмірінде үлкен бір қуанышты оқиға болды.

«Ревизор» Қазақтың мемлекеттік академиялық драма театрының сахнасынан көп жылдан бері түскен емес, ол өзінің аса қуатты көркемдік күшімен қазақ көрермендерін баурап алып, көптеген қазақ театрларының репертуарынан тұрақты орын тепті және қазақ драматургиясының алтын қорына енді.

Гоголь «Ревизорының» Совет Одағындағы татаршадан басқа түрлі тілдерге аударылған нұсқаларын зерттей келіп, 1952 жылы профессор Н. О. Олидор мәңгі өлмес «Ревизор» комедиясының аудармаларының ішіндегі ең сәтті шыққаны М. Әуезовтың қазақша аудармасы деген қорытынды жасады. Осы тұжырыммен келісе отырып, филология ғылымының кандидаты С. Талжанов: «Салыстыра келгенде

М. О. Әуезовтың аудармасы осылардың ішіндегі ең тәуірі, оның ең басты қасиеті — драматургтың драматургты жанымен ұғып, комедияның барлық ерекшеліктерін айнытпай түсіре білгендігінде», дегенді айтады.

Әуезов аударған Шекспирдің «Отелло» және «Асауға тұсау», Погодиннің «Аксүйектер», Треневтің «Любовь Яровая» пьесалары туралы да осыны айтуға болады. «Ревизор» сияқты, бұл пьесалардың бәрі де Қазақтың академиялық драма театры мен облыстық театрларының сахнасынан берік орын алып, Қазақстандағы ең сүйікті спектакльдердің бірінен саналып жүр. Мұнда түпнұсқаның асқан көркемдік қасиеттері сақталып қана қоймай, сонымен бірге қазақ тілінің аса бай лексикалық мүмкіндіктері де айқын ашылып көрсетілді, бұл тілде осынау ғаламат көркем шығармалардың небір нәзік айшық-өрнектерінің, аса терең ой мен сезім тұңғықтарын қазақшаға айнытпай түсіруге болатынын дәлелдеді.

Л. Толстойдың «Той тарқарда» («После бала») және А. Чеховтың «Ақ қасқа» («Белолобый») атты әңгімелерінің Әуезов аударған нұсқасын қазақ топырағына тамырын мол жайып, жайқала құлпырған, қазақ новеллашылары үшін сабақ алатын үлгі-өнегеге айналған көркем проза аудармасының теңдесі жоқ ең асыл үлгісі деп қарауымыз керек. И. С. Тургеневтің «Дворян ұясының» М. Әуезов жасаған аудармасын айырықша атап көрсеткен жөн. Тургенев туындыларының інжу-маржаны болып саналатын бұл шығарманы аудару тәжірибесін ортаға сала отырып, Әуезов былай деп жазған болатын: «Мен шамам келгенше ең алдымен романды дәл аударуға тырыстым. Тек дәл аудару ғана үлкен жазушының тіл, стиль, сөйлем ерекшеліктерін бере алатын болады, бұл жөніндегі дәл аудару дегенді мен сөйлеміне сөйлем орай етіп аудару деп түсінемін. Сондықтан қанша ұзын болса да романның сөйлемі үзіліп, бөлшектеніп, бірнеше сөйлем боп берілмейді... Сөйлемін дәл беру жазушының стилін беруге төтелей себепші болады. Стилін білсе сол жазушының өзгешелік, ерекшелік, қасиеттерін де толық танитын болады. Олай болса Тургеневті өзінің тургеневтік сөйлемдерімен, Гогольді гогольдік периодтарымен, Л. Толстойды оның өзінің басқыштап келетін сөйлемдерімен, сол сияқты Шолоховты және де өзінің сөйлем ерекшеліктеріменен дәл беруге тырысу керек». (М. Әуезов, «Уақыт және әдебиет», Алматы, 1962 ж. 353—354 беттер).

Бұл жолдарды ол 1952 жылы, аударма саласында «еркін аударма принципі» деген үстемдік құрып тұрған шақта

жазған болатын, сөз жоқ ол кезде дәлме-дәл аудармаға меззеушілік талабы бір адым ілгері басқандық болып табылатын. Түпнұсқаның барлық маңызды және ең қажетті ерекшеліктерін, атап айтқанда, стильді толық сақтап, дәлме-дәл аудару принципін дұрыс қорғай отырып, М. Әуезов, амал не, нүктеші-буквалист деп аталатындардың осы айтылған пікірін теріс ұғуы мүмкін екенін ескермеді, содан сақтандыру қаперіне келмеді. Ондайлар сөйлемнің синтаксистік құрылымы, тіпті тыныс белгілеріне дейін айнымай дәл келуі керек деген үкім шығарып, оған төрт аяғымен бірдей қол қоюы мүмкін ғой. Сөз жоқ, аударма зергері Әуезов еш-уақытта да нүктешілдікті жақтаған емес, бірақ оның «Дворян ұясын» аудару тәсілінде адекваттық аудармада қашып құтылуға болмайтын батыл эксперимент нұсқалары бар. Әуезовтың Тургенев романын аударуда селкемі бар ма? Бар. Әуезов аудармасы мағналық жағынан дәл, түпнұсқаның нәзік сырларына терең бойлай білгенімен, қалың оқырман қауымға жете түсінікті болмай шықты, өйткені аудармашы екі тілдің құрылым жүйелерінің екі түрлілігін ескеріп, сол қағиданы қатал сақтау керектігіне көңіл бөлмей, қазақ синтаксисін орыс синтаксисіне құрбандыққа шалды. Әйтсе де осынау сөз зергері мен оның шәкірттерінің өздері де ой елегінен өткізген ішінара қателіктерінің өзі бір кәдеге жарап қалды: орышадан қазақшаға аударушылар Әуезовтың қолы әбден жетпеген жайттарды ескере отырып стиль ұқсастығының сәтті шығуына айырықша зер салатын болды.

Сөз зергері Әуезов орыс және дүние жүзі классиктерін аудару арқылы Қазақстанда аударма жұмысын алға бастырғаны, түпнұсқаға өте жуық, өте ұқсас, аса терең, аса нәзік, өте сәтті аударма үлгілерін жасағаны былай тұрсын, сонымен қатар ол өзінің тематикасын, бейнелеу құралдары мен образдылық жүйесін анағұрлым молықтырды.

Абай Құнанбаевтың Пушкинді, Лермонтовты, Крыловты аудару арқылы өз заманы жайлы ұғымын, мағлұматы өрісін мейлінше кеңейткені тәрізді, Мұхтар Әуезов та Гоголь мен Шекспирді, Толстой мен Чеховты, Тургенев пен Треневті аудару арқылы бір саты биікке көтеріліп, өзінің жазушылық шеберлігін бұрынғыдан да жетілдіре, тереңдете, ұштай түсті. Бұл салада Әуезовтан сабақ алған қазақ жазушылары аз емес. Мәселен, Тайыр Жароков Владимир Маяковский шығармаларын, әсіресе «Владимир Ильич Ленин» поэмасын аудару арқылы творчестволық жағынан едәуір өскені мәлім.

Әуезовтың қазақшаға аударуға шығармалар таңдағанда өте талғампаз болғанын аңғармауға болмайды: ол Шекспирді, Гогольді, Тургеневті, Толстойды, Чеховты, Треневті, Погодинді ғана аударған.

Ол бірде-бір арзанқол немесе әрі-сәрі шығармаға қол былғамаған! Бәрі де маңдай алды, аса көркем, классикалық туындылар.

Қазақстанда аудармашылық шеберлікті жетілдіруге Әуезовтың жасаған ықпалы оның күллі қазақ аудармашыларына үлгі-өнеге болуымен ғана шектелмейді, эпопеясынан бастап новеллалары мен очерктеріне дейін оның бүкіл төл туындыларының өзі аудармашылар үшін аударма өнеріне аса қажет көркем шеберліктің асқан үлгісі болып қызмет етті, солай қызмет ете де береді.

Мәселен, Погодин мен Афиногеновтың пьесаларын қазақ тіліне аударған адам Әуезовтың қазақ тіліндегі төл пьесаларын үлгі ретінде пайдаланады, ал Чехов неволлаларының аудармашысы новеллашы Әуезовтан үйренеді, зерттейді.

М. Әуезов З. С. Кедринамен бірлесе отырып Ілияс Жансүгіровтың «Дала» поэмасын тұңғыш рет орыс тіліне аударды. Әуезов орыс жазушыларын Қазақстанға тарту, қазақ әдебиетінің туындыларын орысшаға мол аудару мәселесін жан-тәнімен жақтады. Ол қазақ авторларын аударуға қатынасқан әрбір орыс ақынын немесе прозашысын шын көңілден құттықтап отырды.

Әуезов өзі басқалардан әлдеқайда жетік білетін қазақ эпосын орыс тіліне аудару жөніндегі өте қиын, өте күрделі жұмыста айрықша роль атқарады. Қазақ эпосының інжумаржанын аударып жатқан орыс ақындарының жұмысына Әуезовтың қандай қамқор көзбен қарағанын, солардың жай-күйін білгісі кеп, көмектескісі кеп тұратынын мен өз көзіммен көрген адаммын. Ол Л. Пеньковскийдің, С. Липкиннің А. Тарковскийдің, В. Державиннің, В. Потапованың қаламынан жаңа ғана шыққан аударма туындыларды құшырлана оқитын еді. Әрбір сәтті шыққан өлең жолына балаша қуанатын, әрбір сәтсіз сөйлемге жаны күйзеле ренжитін. Ол орыс аудармашыларына ақыл-кеңес беріп отыруға құмар еді, оларға өз кітапханасынан кітаптар беріп, телефон соғып, телеграмма жіберіп отыратын.

Мұхтар Әуезов тамаша аудармашы ғана емес, сонымен бірге аударма саласының теоретигі еді. Оның көркем аударма туралы зерттеулері мен толғаныстары, теориялық тұжырымдары Қазақстан шекарасынан әлдеқайда алысқа ұзап, бүкіл көп ұлтты Совет Одағы әдебиетінің қажетті

кұралдарының біріне айналды. Түркі тілдерден орысшаға, орысшадан сол халықтардың тіліне көркем әдебиет нұсқаларын аудару саласында Мұхтар Әуезовтың бүкіл Одақ көлемінде теңдесі жоқ бедел иесі екені даусыз.

Совет жазушыларының Бүкілодақтық екінші съезінде «СССР халықтарының әдебиеттерін көркем аудару» тақырыбына қосымша баяндама жасаған үш адамның бірі Әуезов болуы да сондықтан.

П. Антакольский, М. Рыльский және М. Әуезов үшеуі бірлесіп жазған (съезде П. Антакольский оқыған) осы бір қосымша баяндама әрбір аудармашы үшін программалық документ, өсиет кітабына айналды.

СССР халықтары әдебиеттерінің бір-біріне ықпал жасауы жөніндегі ұлттық проблемаларды ең алғаш сарапқа салушылардың бірі Әуезов еді. Зерттеуші ретінде ол туысқан халықтар әдебиеттеріндегі құбылыстарға барған сайын көбірек көңіл бөлді, бүкіл СССР көлемінде көркем аударманың заңдылық қисындарын, олардың біріне бірінің әсер ету жолдары мен түрлерін, бір тілден екінші тілге аударғанда шығарманың ұлттық қасиетін сақтап, талғап жасауға көп уақытын сарып етті. Аударма теориясы басқа тілден орыс тіліне аудару тәжірибесіне ғана негізделмей, орысшадан СССР-дың басқа халықтарының тілдеріне аудару тәжірибесіндегі әлі зерттелмей тың жатқан немесе өте аз зерттелген мысалдарға да сүйенуге тиіс дегенді қайта-қайта қайталаудан талмайтын.

Өленді аудару көркем прозаны аударудан әлдеқайда қиын екенін айта келіп, М. Әуезов Пушкин мен Маяковскийдің түркі тілдерге аудару тәжірибесін ортаға салу, өзбек, татар, башқұрт, қазақ тілдеріне аударғанда күрделі мәселелерді қалай шешу қажеттігін бірлесе талқылау керек деген ұсыныс жасады. Осыған орай ол Маяковскийді түркі тілдерге аударудағы кемшіліктерге тоқталды. «Маяковскийді татарлар да, қазақтар да, қырғыздар да сырт карауға баспалдақ, сынық жолдарын сақтаған боп аударып жүр,— деді ол.— Ал шынында мұның өзі көз алдау үшін ғана бірнеше қысқа жолдарға боршаланған қазақтың байырғы он бір буынды қара өлеңінің өлшемі».

М. Әуезовтың айтуына қарағанда, біздің орыс прозасын аударушыларымыз «түсінікті болсын» дегенді біржақты ұғынып, орыстың сөз зергерлерінің стиль құрылысын қарабайырландырып жүр. «Түркі тілдес халықтардың даму дәрежесін ескере отырып Гоголь, Толстойлардың кідірмелі-

үзбелі құрмалас сөйлемдерін мейлінше карапайым етіп аударған кездеріміз де болды.

Бірақ енді олай ете беруге болмайды... Әрине, Гогольдің синтаксистік кідірмелі құрмаластарынан абракадабра (мағынасыз сөз тізбегін) жасауға болмайды, бәрі де казак, өзбек, қырғыздың өз тілінде түсінікті болуға тиіс. Жаңа мәдениет жасау керек дегенде біз әрі тиімді, әрі жаңа жол іздеп табуға тиіспіз, олай болмаған жерде, егер тек түсінікті болсын дегенді ғана аударатын болсақ, онда Гоголіміз Гоголь, Толстойымыз Толстой, Тургеневіміз Тургенев болмай шығады. Әйтпесе Пушкиннің, Тургеневтің, Шолоховтың стилінің орнына біз оқырмандарға аудармашының стилін ғана көлденең тартатын боламыз.

«Көркем аударманың кейбір теориялық мәселелері» деген мақаласында Әуезов көркем аударма жайындағы ілімінің ең басты міндеті орысша аудармамен қатар орыс тілінен басқа тілдерге аударудың ең жақсы деген нұсқаларын жоспарлы түрде үзбей зерттеу деп есептейді. Ол әсіресе неғұрлым нашар дамыған және неғұрлым қиын тілдердегі (мәселен, түрікмен, монғол) аудармалардың ең тәуірлерін зерттеп, тәжірибе байытуға айырықша назар аударды. Ол әсіресе тоникалық өлеңдерді силлабикалық, силлабо-тоникалық және метрикалық өлеңге аударудың тәжірибесін зерттеудің аса маңызды орын алатынын айырықша атап көрсеткен болатын.

Әуезов аударма теориясында соңғы жылдары айқындалған екі ағымның сипаттамасын жасап кетті; олар: а) лингвистикалық, б) көркем аударманы сөз өнерінің саласына жатқызатын көркем әдеби, эстетикалық ағым.

Ол соңғыны дұрыс деп тапты. Бұл екі ағымның екеуі де адекваттық аударма жасауға болмайды деген қағиданы теріске шығарады. Қандай тілде болса да елеусіз жатқан орасан зор тың күштер бар, сөз зергері ең нәзік деген сөз кестесінің ең шебер тоқылған өрнектерін адекват дәрежесіне жеткізе аударалады.

Ал аударма саласындағы көптеген міндеттер нақтылы түрде, түпнұсқаның түрлі қасиеттерін толық беру үшін аудармашы қолданған құрал-тәсілдерді зерттеумен анықталады, дейді Әуезов,— ол қасиеттерге: интонация, ырғақ, образдылық (синонимдердің, идиомдардың, мақал-мәтелдердің, афоризмдердің түрліше астарларымен бірге) секілді элементтер жатады және бұған ұлттық форманың әр қилы өзгешеліктері, тарихи сипаттары да келіп қосылады. Әуезовтың ойынша, аудармашының жұмысын қиындататын

да, қызықтыратын да осылар болса керек «...бұл аудармашыдан сол қиын жағдайларға төтеп берерлік творчестволық зор тапқырлықты талап етеді». Ал творчестволық қажырлылық, творчество жұмысы қашанда да адамға разылық шат сезім әкеледі.

Аударма жұмысына көп күш, көп еңбек, дарын мен жігер жұмсаған Мұхтар Әуезов үлгісі бүкіл қазақ әдебиетшілерінің белгілі бір ұрпағына жігер мен шабыт бергені мәлім.

Ғ. Мүсірепов пен Ә. Тәжібаев, Т. Жароков пен Ғ. Орманов, Қ. Бекхожин мен С. Мәуленов, Қ. Тоғызақов пен Х. Өзденбаев, М. Жанғалин мен Х. Ахмедов, Қ. Сағындықов пен Ә. Сатыбалдиев, Т. Ахтанов пен С. Шаймерденов және басқа көптеген акын-жазушылар аудармаға көп күш, көп жігер жұмсады.

Қазақстанда аударма ісінің нәтижесін ауыз толтырып айтарлықтай. Бұдан елу жыл бұрын дүние жүзі әдебиетінің туындыларын айтпағанның өзінде, орыстың бірде-бір әдеби кесек туындысы қазақ тіліне аударылмағанын еске алсақ, қазір оның саны жүздеп саналатынының өзі Ұлы Октябрь социалистік революциясының қазақ еңбекшілеріне орыс әдебиетінің де, әлем әдебиетінің де алтын қорынан емін-еркін пайдалануына кең жол ашқанының айғағы болып табылды.

Қазақтың ана тілінде Пушкиннің үш томы, Лермонтовтың екі томы, Белинскийдің бір томы шықты. Революцияға дейін мұндай нәрсе үш ұйықтасақ түсімізге кіріп пе!

Қазақстанда Крыловтың мысалдары, А. Грибоедовтың «Ақылдан қайғысы», Н. Гогольдің «Ревизоры» мен «Өлі жандары», И. Тургеневтің әңгімелері мен романдары, И. Гончаровтың үш романы, А. Островскийдің пьесалары, Ф. Достоевскийдің «Сорлы жандары», Н. Чернышевскийдің әдеби-сын мақалалары мен «Не істеу керек?» романы, Н. Добролюбов еңбектері, Л. Толстойдың «Анна Каренинасы», «Арылуы», «Соғыс және бейбітшілігі», көптеген әңгімелері, А. Чеховтың әңгімелері мен пьесалары аударылып басылды. Сонымен қатар қазақ тіліне әлем әдебиетінің көптеген классиктерінің В. Шекспирдің, О. Бальзактың, В. Гюгоның, М. Сервантестің, Г. Гейненің, тағы басқалардың бірсыпыра шығармалары аударылды. Орыс совет жазушылары мен СССР-дың туысқан халықтарының ең көрнекті шығармалары; А. М. Горькийдің әңгімелері, пьесалары, повестері және «Ана» романы, В. Маяковскийдің «Владимир Ильич Ленин» және «Бар дауыспен» поэмалары, Ал Фадеевтің «Тас-талқан» және «Жас гвардиясы», А. Тол-

стойдын «Бірінші Петр» мен «Азапты сапар», М. Шолоховтың «Тынық Дон», «Көтерілген тың» және «Адам тағдыры», Н. Островскийдің «Құрыш қалай шынықты», А. Твардовскийдің «Василий Теркинi» мен «Бір киырдан бір киыры», Я. Смеляковтың таңдамалы өлеңдері, өзбек жазушысы Айбектің «Новои» татар жазушысы Г. Башировтың «Ар», тәжік жазушысы С. Айнидың «Бұхара», кыргыз жазушысы Т. Сыдықбектовтың «Біздің заманымыздың адамдары», латыш жазушысы В. Лацистің «Дауыл» романы және басқа көптеген шығармалар қазақша да жарық көрді.

Қазақстанда көркем аударма әсіресе соғыстан кейінгі жылдарда кең құлаш сермеп тез дамыды да, Қазақстанның қалың жұртшылығының рухани дүниесін байытатын, дүниеге көзін ашатын, басқа халықтардың әдебиеттерімен таныстыратын нағыз қажет іске айналды.

Қазақтар заманымыздың ең таңдаулы туындысы Мих. Шолоховтың «Тынық Донын» өз тілінде окитындығын мақтан етеді.¹

«Тынық Дон» эпопеясының төрт томдық басылымын бір топ аудармашы екі жылда тәмәмдалы (1955—56).

Осының алдында (1951 ж.) Нығмет Баймұхамбетов «Тынық Донның» бірінші кітабын аударып бастырған болатын.

Көп еңбек сіңірілгенімен, аударма сәтті болып шықпады. Жұрт оны бірауыздан көркем аударманың қарапайым талаптарына да төтеп бере алмайды деп тапты.

Бір қызығы, Баймұхамедовтың еңбегі босқа кеткеннен кейін Шолоховтың тамаша туындысын аудару ісі бірден қолға алынған жоқ.

Қазақ аудармашылары, жолдасының сәтсіздігін ескере отырып, «аузы күйген үріп ішеді» дегендей, бірсыпыра тәжірибеге молығуы, аударма теориясын тереңірек зерттеуге, сәтсіздіктің себеп-салдарына тереңірек үңіле қарауға тиіс болды.

Эпопеяны аударудың алғашқы сәттерінде-ақ Шолоховты аударудың мәселен, Гоголь мен Толстойды аударудан оңайға түспейтінін танытты.

Қазақ аудармашыларының алдында көп сала, көп жүйелі, философиялық-психологиялық кесек туынды, кең тынысты ғажайып өзгеше шығарманы игеру міндеті тұрды. Бұл — советтік классика болатын.

¹ «Тынық Дон» аудармасы туралы менің «Туған әдебиет туралы ойларды» қараңыз.

Осы күнгі халықтың сөйлеспелі өткір тілі мен Пушкин, Лермонтов, Тургенев, Толстой, Чехов, Горький сияқты сөз зергерлері жасаған әдеби тілдің асыл қазынасының қорытқан берік қоспасындай, ғажайып әсем, нәрлі де бай Шолохов тілін аудару — өте-мөте қиынға түсті.

Шолохов — колориттің, дәл суреттің, өзгеге ұқсамайтын өзгеше бояудың шебері, ол аудармашылардың әр сөзге мұқият болуды, сөз байлығының аса мол болуын, аудармашылық өнеріне әбден машықтылықты талап етеді.

Әрине, қазақ тіліне Гогольдің «Өлі жандарын», Толстойдың «Анна Каренинасын», Гончаров романдары мен Чехов новеллаларын аудару кезінде көкейде қорланған көп тәжірибенің бұл жолы көрсеткен көмегі де мол болды, әйтсе де, біріншіден, бұл аудармаларда кемшіліктер мен олқылықтар да аз болмайтын, екіншіден, көркем аудармаға деген талап жыл санап өсіп келеді, үшіншіден, Шолохов барлық тілдің бәріне де аударылған, сондықтан аударманың әлсіздігі түркі тілдес басқа аудармалармен салыстырса-ақ болғаны көзге шыққан сүйелдей бірден байқалатын болды.

Аударма «оқуға жеңіл», жұрттың бәріне «түсінікті болсын» деген ұранмен түпнұсқаны қалай болса солай бұрмалап жеңілейтті, қарадүрсіндетіп, автордың стилін бұрмалап аудару басым болған жиырмасыншы-отызыншы жылдарда Горькийдің «Ана», Серафимовичтің «Темір тасқын», Фадеевтің «Тас-талқан» атты әйгілі туындыларының қазақша аудармасы түпнұсқаның мазмұн-мәнін, психологиялық суреттерін, стиль тамашасын терең ашып көрсетпей, тек фактілерін ғана мұқият баяндап беретін жұтаң да «жеңіл-тек» болып шыққан болатын.

Бұл қателіктер мен олқылықтарды әсіресе Шолохов шығармасын аударуға қайталауға ендігі жерде жол жоқ еді.

«Тынық Донның» бірінші кітабының іске аспай қалуы да қатал ескертпе сияқты болды да тұрды.

Алайда, Шолохов аудармашыларының жолын тосып тұрған қауіп-қатер тек қарадүрсіндік пен бұрмалаушылық қана емес еді.

Олардың ең қауіпті жауы қыркыншы жылдардағы аудармашыларға тән нүктешілдік болатын. А. Толстойдың «Бірінші Петрының» сапасыз шығуына дәл осы нүктешілдік кінәлы, аударма түпнұсқадан айна-қатесіз дәлме-дәл сияқты болып көрінеді: абзацтары да, тыныс белгілері де, құрмалас сөйлемдер арасындағы кідіріс тынымдар да дәл сол қалпында сақталған. Бірақ нүктешілдік атаулының жеселі

бір олар шығарманың әрпіне дейін түгел сақтағанымен, кеудесіндегі жанын сақтап қалуға әлдері жетпей қалған.

Жұпар исі аңқып, жайсаң жайқалып тұрған мәуелі көркем шығарма аудармашының аяусыз пышағына ілініп, тіршілік тынысынан айрылып, тілі солғын тартып, поэзиясынан жұрдай болған. Оның құр қаңқасы, құрғақ схемасы, жалаң баяндау ғана қалды.

Салтыков-Щедриннің «Губерния очерктері» де дәл осындай тағдырға душар болды, ұлы сатириктің мірдің оғындай өткір, ғаламат бай тілінен көшкен үйдің күліндей ғана коқыр-соқыр бірдеме қалды.

Сөзбе-сөз «нүктешіл» аударманың «дәлме-дәлдігі» жай бір көз байлау ғана болып шықты, аударма қарап, ақтара тексергенде, мұның бәрі жасанды ғана нәрсе екені анықталды. Шығармадағы кәдімгі тірі адамдардың орнына қатырғы қуыршақтар қойылған болып шықты.

Қашанда сөзбе-сөз нүктешілдік өзі дарынсыз болғанымен кеудесіне нан піскен, үш қайнаса сорпасы қосылмағанымен, әдебиет төңірегінде күнелтетін кәсіпқорлардың қармар талы болса керек.

Біреп ауыз орысшасы бар алдампаз аудармашылар сөзбе-сөз, жолма-жол шытырлатып отырып, қандай шығарманы болса да қазақшалап шығуға болады, және мұның өзі көркем туынды қатарына жатады деп есептейді. Осылай да шатасуға бола ма! Көркем аударманың ролі мен міндеттерін осылай да жұпыны түсінуге бола ма!

Сөзбе-сөз нүктешілердің аудармасымағын тексере қарасаңыз, олардың туа біткен формалистігін бірден байқайсыз. Оларға фраза деген қатып қалған ағаш құдайдан кем емес.

Олардың көбі түпнұсқада бейнеленген өмірді, қоғамның тұрмыс-салтын, табиғатын білмейді, білгісі де келмейді.

Сөзбе-сөз, әріпке-әріп іздеп отырып, олар сөзді мағынасынан айырады, шығарманы тарихи мәнінен айырады, сөйлемдерді семантикалық қызметінен айырады.

Сөзбе-сөз аударма төл шығарманың ішінде бейнеленіп отырған өмірді аудармашының білуі шарт емес дегенді дәлелдейді.

«Тынық Дон» аудармашыларына Шолоховтың содан бұрын аударылған «Көтерілген тыңы» (аударған Х. Өзденбаев) үлкен көмек болды.

Хасен Өзденбаевтың үлесіне Шолоховтың көркем тыңын тұңғыш көтеру, алғашқы аудармашылық бораздасын

тарту, сөйтіп «Тынық Донның» болашақ аудармашылары на із салып беру бақыты тиді.

Х. Өзденбаевтың тәжірибелі өткір редакторлық қаламы стиль алалығының бірсыпыра кедір-бұдырын мінептүзеді, бірақ аударманың бригадалық тәсілі іске пайда бермегені сөзсіз.

Орайына келген соң айта кетелік, бір шығарманы бүкіл «бір ауылға» мүшелеп бөліп беру тәсілі Толстойдың «Соғыс және бейбітшілік» эпопеясының аудармасын да сәтсіздікке ұшыратқан еді. Оны бес адам аударған болатын. Бес адамның орнына ақыры тәжірибелі бір аудармашыны шақыруға тура келген.

М. Шолохов пен Л. Толстой эпопеяларының аудармашылары жұмысқа кірісерден бұрын екі қағиданы ескергені жөн еді. «Тіл, образ, характер, табиғат, тұрмыс-салт, эстетика — мұның бәрі түгелімен халықтың төл туындысы» деген болатын Ал. Толстой. «Аудармада шығарманың мағнасы мен тілдің дұрыс һәм тазалығын сақтау ғана жеткіліксіз, ол үшін түпнұсқаның бойында қайнап жатқан жанды тіршілікті аман жеткізу керек» деген еді Добролюбов. Аудармашылар ең алдымен «Түпнұсқаны» мұқияттап, «ежіктеп» қайта оқып, әбден ұғынып алуы, оны халықтық қасиетін, дәуір аспанына айқара қанат жайған ауқымдылығын, әдеби процестегі алатын орнын айқын ұғынып алу керек еді.

Егер социалистік реализм шығармаларының қайсысына болсын баға берудің өлшемі оның өмірді қаншалықты дәл бейнелей алғандығы деп есептесек, көркем аудармаға баға берудің өлшемі түпнұсқадағы бейнеленген өмірді қаншалықты дәл суреттеуі болып табылады. Жақсы аударма басқа тілді жақсы білгеннен ғана тумайды, бейнеленген тіршілік қарекеттерінің тылсым сырын аудармашының терең білуінен туады.

«Кейде, — деп жазған болатын Гоголь, — түпнұсқадағы сөзді айқынырақ бейнелеу үшін әдейі алысырақ баламасын тапқан жөн. Біздер, малоросстар, орыстарға былай да түсінікті ғой деп сөзбе-сөз аударма салатын, ал шынтуайтқа келгенде, төл туындының күллі қасиетінің тең жарымын жеп қоятын фразалар, тұжырым, түйіндер толып жатыр. Жұп-жұмыр тапқыр сөзді орысшаға аударғанда әманда өңі қашып шығады, өйткені бұл орыс рухына тән сөздер емес, ондай жағдайда оның мол қасиетін жасырып қалғаннан гөрі бір сөздің мағынасын он сөзбен берген жөн... Аудармада ең бастысы — сөзге жармаса бермей, ой желі-

сінен айырып қалмауға тырысу керек...» Гоголь байқап қалған бұл жәйттер көркем аударманың түйінді, келелі мәселелерін айқын ашып көрсететін теориялық терең қағидаға негіз болып тұр. Жиһан кезген жолаушыға құбыл-анама қандай керек болса, бұл қағида да әрбір аудармашыға сондай керек.

«Тынық Донның» аудармашылары әуелінде үмітсіз тұйыққа тірелгендей болды: ой неғұрлым карапайым, өткір, ықшам құрылса, оны бейнелеген сөйлемді аудару сол-ғұрлым қиындай түседі. Және оның керісінше, қиын құрылған сөйлемдерді аудару оңайыраққа түседі.

Оның мәнісін түсіну оп-оңай: түпнұсқадағы мұндай канатты, ұшқыр сөздер аса мол ой мен эмоцияның жүгін арқалайды. Ойды аз да болса әлсіретіп алсаң, аудармадағы фразаларың сылбыр, сарсулы, буалдыр болып шықса, түпнұсқа күшін жойып алады.

«Шолоховтың тілі орыс тілінің бүкіл байлығын, құдіреті мен сұлулығын бір өзінің бойына сіңірген, Шолоховтың баяндау тілімен диалог тілі — әрқашанда жіті аңғарымпаздықтан, бейнелеп отырған құбылысын терең сезінуден туатын нағыз халықтық, шыншыл һәм мірдің оғындай өткір «тіл» деген еді бір кезде Ал. Толстой.

«Тынық Донды» аударғанда тіл проблемасын шешу ең қиын іс болғаны сөзсіз.

Шолохов тілінің сан алуан бояулары мен құлпырыс-құбылыстары сонау ән-жыр, аңыз-дастан, фольклордан басталатын халықтық-ақындық тіл байлығынан нәр алған. Оның бүкіл әрі мен нәрін түгел жеткізу үшін, қазақ фольклорының тамаша бай сыр-бояуларын сарқа пайдалану қажет еді. Бұл өте табиғи заңды құбылыс, өйткені халық атаулының бәрінің, соның ішінде орыс пен қазақтың фольклоры рухы жағынан да бір-біріне көп жағдайда ұқсап тұрады. Осынау қасиет ой жүйесінде де, ақындық бейнелеу құралдарында да, мақалдар мен мәтелдерде де, ауыз әдебиетінің өлең құрылымында да байқалады. Мақалдар мен мәтелдерді, алуан түрлі канатты сөздер мен идиомаларды жай ғана аударма салмай, қазақ тілінің мөлдір бұлағынан оған балама сөздер іздеп табу — ең дұрыс жол сол.

Халықтың шешендік тілінен лайықты балама табу аудармашыларды сөзбе-сөз аударғыштар ұрынатын маскаралықтан сақтандырып, кейіпкерлердің әрқайсысының өзіне тән тіл ерекшелігін қазақшаға аударғанда да бұрынғы әрлі, нәрлі қалпында сақтап қалуына Шолоховтың адамды шыншылдығымен баурап алатын көркем образда-

рын қазақ тілінде де қаз қалпында бейнелеулеріне көмектеседі.

Қай тілде болсын, соның ішінде қазақ тілінде де, пайдаланылмай жатқан тың мүмкіншіліктер, ашылмаған қорлар мол-ақ, соларды іздеп тауып, сәтті пайдаланса қай тілдің шығармасын аударам десең де тіл қорының жететіндігіне шәк жоқ.

Ізденіп, талаптанса, орыс аудармашысы Лозинскийдің Роллан кейіпкері Қола Брюньонның сөздеріне тиісті балама тапқаны сияқты, қазақ аудармашылары да украиндық Гаранжаның өзінен өзі ұйқасып, қиюласып ырғағын тауып, әзіл-оспағы ұшқын атып, шалқи ескен жайсаң тілінде қазақша жеткізе алар еді-ау деп ойлаймын.

Әрбір көркем шығарманың өз бойына шақ музыкалық мақамы болады және оны аударғанда ең қиыны да осы музыкалық мақамды басқа тілде жеткізу болып табылады.

Шынында да Гогольдың «Жан түршігер жауыздық» повесіндегі Днепрдің суретін, Чеховтың «Даласын», Пришвиннің «Қиыр Шығыс ормандарындағы жень-шень туралы парақтарын» музыкалық мақамын елемей, басқа тілге жай ғана аударып байқашы, не шығар екен, ондай аудармадан түк те шықпайды, онда түк те поэзия қалмайды. Ал поэзия — шығарманың ең асыл қасиеті.

Психологиялық портреттер, характеристикалар мен ремаркалар, сөз жоқ, Л. Толстой мен М. Шолоховтың аударуға ең қиын жерлері осылар, қазақ аудармашыларының тап баса алмаған жерлері де осы арадан табылады.

Жас қазақ прозасының психологиялық толғаныстарды жеткізе суреттеуге қажетті бейнелеу құралдарының әлі де болса тапшы екенін мойындамасқа болмайды.

Ал Шолоховтың көркем-психологиялық принципінің терең тамырлары мұндай қазынаға аса бай орыс прозасының дәстүрлерінен нәр татқаны белгілі. Европада Шолоховты советтік дәуірдің Толстойы деп атауы тегін емес.

Орыс тілі сияқты аса бай сөз қоры жоқ қазақ тілінде түпнұсқадағы кейіпкердің ішкі жан дүниесін неғұрлым бай болған сайын солғұрлым аударуы қиынға соғады. «Евгений Онегинді» аударғанда Ілияс Жансүгіровтың осындай қиыншылыққа кездескені есімізде.

Л. Толстойдың роман-эпопеясы «Соғыс және бейбітшілік» романының тұңғыш рет қазақ тіліне аударылғанына көп уақыт өткен жоқ. Анық көлемді үш кітабын Мұхтар Жанғалин аударды. Ал төртінші кітабына келгенде, баспа баяғы М. Шолоховтың «Тынық Донының» екінші кітабы-

ның тағдырын қайталапты. Оны бөліп-бөліп бірнеше адам аударып шықты. Әрине, мұндай жағдайда стиль жағынан ала-кұла атыз қалатыны алдын-ала белгілі болатын. «Жариялап үлгіріп қалайық» деген баяғы асығыстық тағы да сорын тигізбей қалған жоқ.

«Соғыс және бейбітшілік» аудармасы — үлкен жұмыс, ол арнайы зерттеп, әдейі тоқталуды, мұқият талдауды талап етеді. Менің әзірше айтайын дегенім: үлкенді-кішілі кемшілігі бола тұра, бұл аударма аса қиын көркем аударма саласындағы тағы бір ілгері басқан ірі адымымыз болып табылады. «Соғыс және бейбітшіліктің» негізгі аудармашысы М. Жанғалин қазақ әдебиетінде қоры молайған аудармашылық шеберлік тәжірибесін молынан пайдаланған, түпнұсқаның терең мағынасы мен астарлы сөзін жете ұғынбаудан туған «Анна Каренина» аудармасындағы сәтсіздіктерді де ескерген. М. Жанғалиннің аудармасында кемшілігінен гөрі жетістігі басым екені даусыз.

Толстойдың аса терең психологизмі мен сан салалы сабақтас құрмалас сөйлемдерін айнытпай түсіру үшін аудармашының ана тіліндегі бейнелеу мүмкіндіктерінің бәрін сарқа пайдалануға, оның синтаксистік өрісін барынша кеңейте түсуге ұмтылған ізгі талабы бірден көзге түседі. Сондықтан да ұлы жазушының стилін аудармада ішінара қарабайырландырып, лүп-лүп соққан сезімтал ыстық қанын, самарқау, салқын тарттырып, көз еркелеткен жұмсақ бояуын ажарынан айырып дөкірлендіріп жібергенін аудармашының кінәсы емес, кінараты деп атағымыз келеді.

Қайталап айтамын, бұл сөздерді мен аудармашыға кінә тағу үшін айтып отырған жоқпын, қайта бүкіл дүние жүзін таңқалдырған Толстой творчествосын дәлме-дәл аудару дәрежесіне біздің қазақтардың жете алмай келе жатқанына қынжылғандықтан айтып отырмын.

Біз көркем аударманың сапасын арттыру жолындағы зор майданның куәгері, сарбазы болып отырмыз. Бұл майдан, бұл аттаныс екі бағытта өріс алып барады.

Біріншіден, күрес қазақта Мұхтар Әуезовтың аудармаларындай, Азербайжанда Расул Рзаның Маяковский өлеңдерін аударғанындай, көршілес өзбек ағайында Абдулла Қаһһардың Чехов новеллалары мен Гоголь комедияларын тәржімалағанындай аса дәлме-дәл, аса дарынды аудармалар жасау жолында жүргізіліп жатыр.

Екіншіден, біз Пушкиннің, Гогольдің, Тургеневтің, Горькийдің, Маяковскийдің, Шолоховтың, Фадеевтің бұ-

дан ертеректе жарық көрген бірақ әртүрлі себептермен шырқау биікке көтеріле алмаған аудармаларын сын көзбен қайта қарап, өткен ғасырлар мен қазіргі дәуіріміздегі орыс классикасы ұлт тілдерінде де бар даусымен шырқайтындай дәрежеге жеткізу үшін күресіп жатырмыз.

Бірақ осы арада қынжыла ескертетін бір жай мынау: өзінің тиісті заңдылығымен дамып келе жатқан көркем аударма ісі соңғы жылдары толастауға айналғанын аңғарамыз. Газет, журналдар бетінде болсын, баспа орындарында болсын, тіпті Жазушылар Одағы мен Баспасөз жөніндегі комитетте болсын, бұл мәселеге солғын қарай бастаған. «Енді аударманың қажеті қанша?» деген сықылды салқын назар іс жүзінде аударма мәселесін сөз етпеуге, баспаның жоспарына аударма кітап енгізбеуге әкеліп соққан сияқты. Бұл табиғи емес, қолдан жасалған жағдай. Мұның түп негізінде зиянды теріс түсініктің ызғары бар сияқты. Бұған тиісті назар аудармасқа болмайды.

Мұндай жағдайда аудармашыларымыздың әрқайсысы белгілі бір салада маманданып, аударманың сапасын жақсартуға күш жұмсағаны жөн.

Қолына не түссе соны аударма беретін, сыпыра соғамын деп жүріп, жазушының өзіне ғана тән ерекшеліктерін жойып жіберетін, сөйтіп бәрін бір теріге сойып қаптап қойғандай қылып шығаратын қомағай аудармашылар Пушкинді де, Маяковскийді де, Толстой мен Горькийді де аударма алады дегенге сенуге болмайды.

Қолда бар аудармашы кадрларын сала-сала бойынша машықтандырып, мамандандыру әрбір сөз зергерінің шығармасын қазақ тіліне аударғанда оның өзіне ғана тән ерекшелігін сақтап қалуымызға жағдай туғызар еді деп ойлаймын.

Осыған орай жақсы үлгі ретінде Гончаровтың қазақ тіліндегі аудармасын (Ә. Сатыбалдиев), Некрасов өлеңдері мен поэмаларынан өзбек тіліндегі нұсқаларын (Миртемир), Азербайжан тіліне аударылған Маяковский туындыларын (Расул Рза), Түрікмендер тәржімалаған Пушкин поэмаларын (Құрбансахатов пен Насырли) атап өтуге болар еді.

Әбдіжәміл Нұрпейісовтың «Ымырт» романының Юрий Казаков жасаған аудармасын өте сәтті шыққан еңбек деп өсептейміз.

Қазақ колориті, автор стилі орысша нұсқасында мұқият сақталған, тіпті кейбір қазақ сөздері сол қалпында

алынған, бірақ сонымен қатар бұл нағыз әдемі орыс прозасы болып шыққан.

Көркем аударма саласындағы жұмыстарымыздың жемісті болуы кадрларды дайындауға байланысты. Сондықтан да қазіргі уақытта көркем аудармаға талантты, тәжірибелі, сындарлы сөз шеберлерін тартып қана қоймай, сонымен бірге арнайы факультеттер мен курстарда, семинарларда оқыту арқылы теория жағынан бес-аспап, терең білімді, дарынды жас аудармашы жазушыларды көбірек тәрбиелеп шығаруға мейлінше көңіл бөлуге тиістіміз.

Республикаларда жинақталған бай тәжірибе аударма жұмысындағы жетістіктеріміз бен кемшіліктерімізді ой сарабынан өткізіп, теориялық жағынан қорытуға, сондай-ақ аударма өнерін онан әрі дамытудың проблемаларын талдап жасауға жағдай туғызып отыр. Өкінішке қарай, аударманың теориясы мен практикасы біздің әдебиеттану ғылымынан лайықты орын ала алмай отырғанын айта кетпеске болмайды. М. Әуезов, С. Вургун, А. Қанһар сияқты аударма шеберлерінің әр кезде айтқан бірер ауыз пікірі мен республикаларда қорғалған бірлі-жарым кандидаттық диссертациялар (мәселен, Қазақстанда Гогольдің «Ревизоры» мен «Өлі жандарының» қазақша аудармасы туралы С. Талжановтың, Л. Толстой шығармаларының аудармасы жөнінде Ә. Сатыбалдиевтің диссертациялары) болмаса, көркем аударма жайындағы теориялық еңбектер тым аз. Көркем аударманың сынының жағдайы да мұнан артық емес. Аударма жайында лебіз білдіретін рецензия болса, оның өзі тек бас салып баға берумен ғана шектеледі, онда да терең талдап, үңіле зерттеп жатпай, контекстен қанын ағыза жұлып алынған бірер сөйлемді бас-көз демей түп нұсқамен түп-тура салыстыра салып, дүрліге мақтау, немесе аттандай байбалам салу дәрежесінен аударма сыны әлі аса алмай жүр. Көркем аударма сапасын одан әрі жақсартып, оны бұдан былай да дамыта беру, аудармашы шеберлігін одан әрі жетілдіре беру проблемасын қол жеткен тәжірибені теориялық жағынан пайымдап, қорытып алмайынша, эстетикалық ақылды сынның елегінен өткізіп алмайынша дұрыс шешу мүмкін емес.

Көркем аударманың маңызы мен міндеттері жайындағы өз ойларымды М. А. Горькийдің күні бүгінге дейін маңызын жоймай, қайта мәні тереңдей түскен мына бір сөздерімен тұжырымдағым келеді: «Одақ көлеміндегі әрбір халықтың әрбір шығармасы Одақ көлеміндегі барша халықтардың тілдеріне аударылып отырса қандай ғанибет

болар еді. Онда біз бір-біріміздің ұлттық мәдени қадір-қасиетіміз бен ерекшелігімізді ұғына білуді үйренер едік, ал бір-бірімізді ұғына, түсіне білу, әрине, барша тайпалардың бет пішінін біркелкі қылып өзгертпей-ақ күллі дүниені жаңғыртып, жаңартатын, әрі бірегей, әрі ұлы, әрі құдіретті социалистік мәдениетті жасайтын біртұтас социалистік мәдениеттің орнауын тездетуге жағдай жасар еді» деген еді ұлы гуманист.

КӨРКЕМ СӨЗ БҰЛАҒЫ

Қазақтың көркем сөз өнері ауыз әдебиет түрінен жазба әдебиет түріне ойысқалы әлі жүз жылдан асқан жоқ. Бұл жәй бір жағынан біздің жазба әдебиетіміздің мезгіл жөнінде жас екенін көрсетсе, екінші жағынан олардың ара жігінің әлі көп аса алыстамағанын аңғартса керек. Әдебиеті барлық жағынан озық елдердің тәжірибесін байқасақ, жалпы жазба әдебиет түрі пайда болысымен ауыз әдебиет түрі пышақ кескендей жойылып кетпейді, қайта көп заман екеуі қатар өмір сүреді. Бір-бірімен астасып, әсер етісіп, тығыз байланыста дамиды. Халықтың поэзиялық творчествосы аталатын ауыз әдебиеті жазба әдебиеттің жаңа туған балаң кезінде де, кейін үлкен өріс алып өскен, кемелденіп марқайған кезінде де оған әрдайым сарқылмас нәр береді, рух береді. Сондықтан да халық творчествосын ұлт мәдениетінің қайнар бұлақ көзі деп бағалау тарихи дәлелденген ғылми қағида десе болады.

1930 жылдары кеңбайтақ Совет Отанының көгінде, Сүлейман Стальский мен Жамбыл Жабаев бастаған халық ақындарының пәрменді үні саңқылдап шыққан тұста совет әдебиетінің атасы Алексей Максимович Горький халық творчествосының өшпейтінін, қайта өркендей түсетінін терең теориялық топшылаумен дәлелдеген еді. Кейін халық поэзиясының аталған ірі өкілдері дүние салып, халық поэзиясының қарқыны елуінші жылдары аз-кем толастағандай әсер туды. Осы кезде Горький қағидаларына қайшы келетін қыңқыл пікірлер бой көрсетті. Бұл пікірлерді жақтаушылар халық поэзиясы өшуге бет алды-мыс деген сықылды қорытындыларға ойысты.

Ал шынында солай ма еді? Горький дәлелдеген теория

тұйыққа тіреліп пе еді? Жоқ, олай емес-ті. Сол кездің өзінде Қазақстанда ақындар айтысы өтіп, халық творчествосы қайнаған қазандай бұрқылдап жатқан болатын. Қазақ ССР Ғылым Академиясының М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты осы мәселенің шын күйін анықтау мақсатымен 1961 жылы республика көлемінде ақындар слетін өткізді. Ол КПСС XXII съезінің қарсаңы еді. Ал 1969 жылы Лениннің туғанына 100 жыл толуына арнап осы күнгі фольклор туралы ғылыми творчестволық конференция өткізді. Арасына сегіз жыл салып өткізген бұл екі үлкен жиын онда қаралған мәселе, халық ақындарының айтысы, арнау, толғау жырлары бүгінгі халық фольклорының даму заңдылықтарын ашып беруі, ауыз әдебиеті мен жазба әдебиеттің қатар дамитындығы туралы Горький қағидасының даналық дұрыстығын анықтап берді.

Сондықтан осы соңғы он жыл ішіндегі халық поэзиясының жай-күйінен, даму заңдылықтарынан хабар беретін екі үлкен жиынның материалын (сонда сөйлеген сөзді) мына кітапқа өзгеріссіз сол күйінде енгізуді жөн көрдім...

1. Халық поэзиясы жаңа белесте

Коммунистік партияның биыл күзде өтетін XXII съезіне біздің Ұлы Социалистік Отанымыз бұрын ешуақытта болып көрмеген ірі табыспен, мызғымас мықты бірлікпен, асқақ рух, құдыретті күш-қуатпен барады. Қаһарман Совет халқы жетіжылдық жоспарды барлық салада артығымен орындап, ұлы нысана жолындағы коммунистік құрылыстың жаңа биік асуына қарыштап құлаш сермеуде.

Завод пен фабриктерде, шахта мен құрылыс алаңдарында, мал фермалары мен егіс далаларында, ғылыми лабораторияларда, әдебиет пен өнер салаларында барлық жерде Совет адамдары жасампаздық шабытпен ерлік еңбек етіп, халық игілігі үшін жеміс пен ырзықты неғұрлым көп, неғұрлым жақсы, неғұрлым әдемі, неғұрлым берік етіп өндіруге жан салады.

Партиямыздың тарихы XXII съезі бүкіл халықтың ықылас-ынтасын көтеретін және әрбір еңбекшінің творчестволық қабілеті мен мүмкіндігін аша түсетін атаулы уақиға болып отыр.

Бұл уақиғаның құрметіне жаңа заводтар мен шахталар, жаңа тұрғын үйлер мен мәдениет сарайлары салына-

ды, мындаған гектар тың жерлер игеріледі, жаңа кітаптар басылады, жаңа спектакльдер қойылады. Республиканың таңдаулы ақын, жырау, жыршыларының маслихатын осы съезд қарсаңында, биылғы жылдың 3 августында өткізудің өзі жай емес, мұнда үлкен мән-мағына бар. Неге десеміз, Қазақстан Ғылым Академиясының әдебиет және өнер институты шақырып отырған бұл мәжіліске қатысатындар — еңбекші халықтың ой-сезімін, арман-мүддесін жырлайтын ең талантты ақындар, шынайы жыр иелері, халық поэзиясының алыбы Жамбыл Жабаевтың шәкірттері мен ұрпақтары, — бұлар съезд алдындағы ұлы дүбірге үлкен үн қосу міндеттерін талқылап ұғыспақ, коммунистік құрылыс дәуірінің қарқыны мен серпінін, еңбек ерлерінің таңғажайып қалатын қимылдарын, жаңа адамның жарқын бейнесін қалай жырлап, қалай сипаттаудың күрделі мәселелерін шешпек.

Ақындар творчествосы қазақ халқының мәдени өмірінде қашан да болса өте үлкен орын алғаны белгілі. Бұған ешкімнің таласы жоқ. Ал бірақ, біздің совет заманың алар болсақ бұл кездегі ақындар творчествосының маңызы мен болашағына шәк келтірушілер жоқ емес. Кейбір сыңаржақ әдебиетшілердің топшылауы бойынша мәдениетті өскен Советтік қоғамда жазба әдебиет пен өнердің дамып өрбуіне байланысты фольклор атаулы, оның ішінде ақындар творчествосы маңызын жоғалтып өзінен өзі өше беретін сияқты.

Мұндай теориясымақтардың түп-төркінімен теріс екенін өмір тәжірибесінің өзі-ақ анық көрсетіп отыр. Халық творчествосы, оның бір ірі тармағы ақындар жыры халық өмірімен бірге жасап, халық көңілімен бірге тасып келе жатқан қайнар бұлақ көздің бірі. Ол ешқашан сарқылмақ емес.

Өнердің басқа салалары секілді, халық творчествосының да тақырыбы мен түрі, тәсілі мен тегі өзгеріп, жаңарып отыруы заңды. Сол секілді көркем өнер шеберлері мен жыр тудырушы ақындардың да уақытпен бірге ауысып, алмасып отыратыны табиғи түсінікті. Бірақ бір ұрпақ кеткенмен екінші ұрпақ келеді. Халық жанының жарық айнасы ән мен жыр еш уақытта ескірмейді де қартаймайды, өшпейді де өлмейді. Оның үстіне сауатсыздық халық ақынының маңдайына жазған міндетті белгі яки таңба емес. Бұрынғы суырып салма, төкпе ақындардың ішінде де хат танытқындары болатын. Олардың сауаттылығы, өлең-жырды кейде жазып шығаратындығы тиісті жерде ауызша тө-

гіп айтуына оралғы болмайтын. Ал енді Совет заманында бұрынғы сауатсыз ақын хат таныса, жас ақын кітап оқитын болса, ақындық туындының суырып салма (импровизация) түрі тыйылып қалмайды, өйткені бұл бізде бай дәстүрі бар құнарлы сала, ақындық таланттың үлкен бір қырналған қыры, ақындық шешендіктің шындалған түрі.

Осыған орай қазақ әдебиетінде қазір ерекше бір қызылықты құбылыстың орын алып отырғанын ескеру қажет: жазба әдебиеті халықтың ауыз әдебиетімен өрістесіп қатар өсіп келеді. Капиталистік қоғамда бұл екі сала бір-бірінен қашықтай түссе, Советтік қоғамда бұлар бір-біріне жуықтай түседі, өзара шендесіп, астасып, бір-біріне ықпал, әсерін жүргізіп, социалистік мәдениеттің жалпақ арнасына құйып отырады.

Жазба әдебиет пен жаңа фольклордың халықтық негізде осындай игі араласуы біздің заманда ауызша да төгіп айтатын, жазып та шығаратын ақынның типін туғызды, сонымен бірге жазып шығарған өлең, жырлардың ауызша тарап авторларының аты-жөні кейде белгісіз болып кететін де жайлары бар.

Сол себепті фольклор деген ұғымның өзі бізде жаңғырып, жаңа белгі беріп отыр. Айталық, ақынның сауатсыздығы жыр туғызудың міндетті шарты емес. Оның сауаттылығы, мәдени дәрежесінің жоғарылығы осы күнгі өмірдің ұлы құбылыстарын терең ұғынып жырлау үшін қайта бірден-бір қажет шарт. Көзі ашық ақын жасаған жыр ғана мағналы, мазмұнды болмақ.

Сондықтан халық поэзиясы дәстүрінде жыр шығаратын ақынның қалай жырлауына болсын қазір мүмкіндік мол — ауызша да, жазып та шығаруына болады. Тіпті айтыс жанрының өзі ауызша да, жазбаша да өрбуі мүмкін, өйткені баяғы сауат аз заманда да айтыстың жазба түрі жайыла бастағанын білеміз. Ұлы Жамбыл халық арасында хат танымайтын ақынның ақыры болар. Ал енді Совет заманында жарыса шыққан талантты ақын Иса Байзақовты алсақ, ол ауыз әдебиетінің де, жазба әдебиетінің де өкілі еді.

Жамбылдың дарынды шәкірттері Кенен Әзірбаев, Үмбетәлі Кәрібаев, Қуанышбай Баймағамбетов сауатты адамдар, сонымен қатар олар ауызша да айтатын халық поэзиясының ірі өкілдері. Бұдан туатын түйін: импровизация ақыны мен жазушы ақын домбыра мен қалам бір-біріне қарсы емес, кедергі емес, бұлар бір таланттың екі қыры ретінде қатар өмір сүре береді. Фольклоршы емес, жай ғана кара-

пайым тыңдаушылар мен көрушілердің өзі біздің совет өмірінде халық ортасында лирикалық жырлар туатынын, терең ойлы толғаулар мен төгіп айтатын термелер туатынын, түйреп айтатын мысқыл сөздер мен даналық мақал, мәтелдер, ертегілер мен өткір мазақ әңгімелер жасалатынын жақсы біледі.

Фольклорда жоғалып бара жатқан түрлер халыққа керегі жоқ, жат, ескі көзқарасқа зиянды салтқа және дін өсиеттеріне байланысты туған ғана түрлер.

Біздің кезімізде халық творчествосының қайнар бұлақ көзі бұрқылдап сыртқа тебуде, өзінің сарқылмас мол мүмкіншіліктерін жүзеге асыруда.

Шынында қазіргі қаулап өсіп отырған көркем өнерпаздар коллективі, ондағы өз ынтасымен қатысатын ақындар мен композиторлар, бишілер мен әншілер, тақпақшылар мен күлдіргіштер — халық творчествосының көп қырлы, әркілы құбылысын танытпай ма?! Еңбекшілерге коммунистік тәрбие беруде осы күні кең өріс алып отырған көркем өнер коллективтері мен жаңа советтік фольклор жеңіл-желпі роль атқармайды.

Қалың бұқараға ән мейрамдары мен айтыстардың, халық театрлары мен ақын жырларының қандай мықты әсер ететінін ескерсек, халық творчествосының саяси және эстетикалық тәрбие жұмысына таптырмайтын құрал екенін түсіну қиын емес. Сонымен қатар ақындар творчествосының біздің шалқып өскен жазба поэзиямызға тіл, образ жөнінен бай материал беріп отыратын құнарлы қор екені өз алдына мәселе.

Әсіресе Қазақстан жағдайында ақындардың атқаратын ролі алабөтен зор. Халық ақыны республикамыздың ең алыс түкпірлерінде, ауыл, совхоздарда, егін басында, малшылар арасында араласып, біте қайнасып жүріп, ең маңызды оқиғаларға үн қосады, істің ізін суытпай, табанда талантты өнерімен сана-сезімге ықпал жасайды, сөйтіп көркем сөз еңбек адамының еңсесін, көңіл күйін көтереді.

Бұл жерде ойда болатын тағы бір өзгешелік мынау. Ел ақынының творчествосы дегеніміз көркем өнердің көп қасиетін бойына түйген синтетикалық творчество. Сондықтан ақын көбіне өнер саласының бірнеше қызметін атқарады.

Мысалға Кенен Әзірбаевты алалық. Ол ән шығарып, сөзін жасайды (мұнда ол ақын — шәйір), сөзге шақтап әннің мелодиясын жасайды (мұнда ол композитор), сол мелодияны тиісті музыкалық аспапқа (домбыраға) қосып өзі орын-

дайды (мұнда ол музыкант), ақырында өзі шығарған әнін өз әуенімен салады (мұнда ол — әнші).

Бұл секілді алуан түрлі таланттың бір кісінің басынан табылуы өте қымбат қасиет. Өнердің мұндай өзінше универсал адамдары кино, театр, кітапхана әлі де болса көңілдегідей жетіспей жатқан жерлерде айрықша пайдалы. Олардың алыс ауылдарда, мал жайлататын жалпақ жайлау, қиыр қыстауларда, ұзақ жол, терең канал салып жатқан құрылысшылар мен тың өлкесінің егіс бригадаларының арасында осындай үздік өнер көрсетуінің мәні өте-мөте үлкен. Сондықтан да біз тұрақты мекендерінен ұзақ уақыт қол үзіп жүретін жырақтағы жылқышы, қойшы, құрылысшы, егінші жұртшылығымыздың рухани тілек, талабын бір мезгіл де болса орындап, қанағат таптыратын талантты ақындарға аса зор құрметпен көңіл бөлуіміз керек.

Совет дәуіріндегі халық ақындарының творчествосы жоғары идеялы, саяси өткір, оптимистік творчество. Мұнда мықты сеніммен, жарқын сарынмен халықтың озық ой, асыл сезімі жырланады.

Халық ақындары асқан шабытпен Отан туралы, Ленин партиясы туралы, халықтар достығы туралы, бейбітшілік үшін күрес пен өміріміздің барлық салаларындағы коммунистік еңбек өнегелері туралы жырлайды. Сонымен бірге олар аз да болса жұрт арасында әлі де жойылып болмаған жалқаулар мен арамтамақтарды, ұры-қары кезектерді, бас бұзар бұзақыларды, керден кеткен маскүнемдерді масқаралайды, кімде-кім, не нәрсе коммунизм құрылысына бөгет жасаса, оның бәрі ақындардың өткір тіл, уытты сықағына ілініп, сазайын тартады. Сана-сезімдегі, тұрмыс-салттағы ескіліктің ұсқынсыз қалдықтарын және дін тұтынушылардың оңбаған қылықтарын әшкерелеуге келгенде ақындардан дәл және тез айтқыш кім бар екен! Қазақстанда жүздеген, мыңдаған ақын болса, соның әрқайсысы партия саясатын уағыздайтын үгітші, насихатшы деуге болады.

Қазақстан Ғылым Академиясының Әдебиет және өнер институты республикадағы жүзден астам әйгілі ел ақындарын айрықша бақылауына алып, олармен тығыз байланыс жасап отыр: Бұлардың ішінде аты жұртқа мәлім Омар Шипин, Кенен Әзірбаев, Қалқа Жапсарбаев, Сәттіғұл Жанғабылов, Үмбетәлі Қәрібаев, Нұрлыбек Баймұратов, Иманжан Жылқайдаров, Нұрхан Ахметбеков, Белгібай Бектұрғанов сықылды қарт ақындар бар, Таубай Қирабаев, Жалау Жақыпов, Мұсаин Ермағамбетов, Қалиқан Алтынбаев сықылды жас ақындар да бар. Республикалық мәжіліске

Қазақстанның барлық облыстарынан отыз шамалы таңдаулы ақын, жырау, жыршылар келеді. Алдағы уақытта кеңірек көлемде үлкен слет шакырылмақ.

Әдебиет пен өнер институтында Советтік халық поэзиясының арнаулы бөлімі ашылды. Бұл бөлімнің негізгі міндеті — Қазақстан Жазушылар Одағымен бірге республика ақындарымен жүйелі жұмыс жүргізіп, күнбе-күн жанды байланыс жасап отырумен қатар, олардың жаңа жырларын жазып алып, ішіндегі ең жақсыларын сұрыптап жариялау, басқа тілдерге аудару, айтыстар ұйымдастыру, сөйтіп ақындар творчествосын ғылыми дәрежеде терең зерттеу болып табылады.

Ақындар жыры бүкіл халыққа меншікті қадірлі қазына. Қазақстанның қай жерінде туғанмен, талантты жыр озса одаққа, қалды барша республикаға белгілі болу керек.

Бұл жерде жадымызда ұстайтын тағы бір жай бар. Ол халық ақындарының тыңдаушылар аудиториясының тым үлкен екендігі. Кейбіреулердің ойлағанындай, халық ақындарын тыңдаушылар тек егде тартқан «ескі» кісілер ғана емес. Ақын жырын, ақын әзілін жастар да қызыға тыңдайды. Олар кітап оқи тұра ауызша айтқан халық жырын тыңдаудан жалықпайды. Оның үстіне жақсы кітап алыс түкпірлерге өнебойы жете бермейтіні бар. Ал ақындарға қайда болса да жол ашық. Бір есепте оларды көшпелі кітап, көшпелі эстрадаға ұқсатар едік.

Бізде ынталы көркемөнер коллективтері қанатын кең жайып келеді. Ал бұлардың репертуары жергілікті тақырыпқа құрылатыны мәлім. Сондықтан көркемөнер коллективтерінің құрамында ақындар да болуы қажет, себебі олар ақындығының үстіне әрі әнші, әрі домбырашы, әрі тапқыр, әрі күлдіргі; әркімнің іс-әрекетіне, мінез-құлқына қарай дереу мақтай да, мазақтай да алады. Ақынның нағыз бағалы қасиеті — оның дарындылығымен қатар халықтың қалың ортасында тұратындығында, халықтың мұң-мүддесін терең ұғатындығында.

Халыққа бұл қадірлі жақын, халық өмірімен мұншалық тығыз байланысты болушылық өмір шындығындағы жаңалықты жылдам көріп, дұрыс тануға, қолма-қол қолдап шабытты жырлауға және кертартпа ескілікті әлемдеп әшкерелеуге толық мүмкіндік береді.

Көп ретте ақындар өз беттерімен әрекет етеді. Егер олардың күш-қуатын, талантын дұрыс бағыттап, коммунистік тәрбиенің мақсатына жұмсаса, ақындар бұдан да көп пайда келтірер еді.

Әсіресе жас ақындарға көбірек көңіл бөлу керек. Жаңадан импровизация таланттарын тауып оларды мәпелеп, шындап жетілдіріп отыру қажет. Дарынды жас кадрлардың білімін, мәдениетін көтеруге көмектесіп, оларды тәжірибелі кексе ақындардан үйренуге, халық поэзиясы мен жазба әдебиеттің жақсы үлгі, дәстүрлерін меңгеруге баулу қажет. Бір кездегі Жамбылдың Сүйімбайды ұстаз тұтқан, Кенен, Саяділ, Үмбетәлілердің Жамбылды ұстаз тұтқан ақындық мектебі қазіргі кемелді қарт ақындар мен жаңа талап жас ақындардың арасында да болғаны жөн.

Жылма-жыл шақырылатын мәжіліс-маслихаттар, семинарлар ақындардың жұмыс бағдарларын мезгеп, көзқарас, ұғымдарын ұлғайта түседі, олардың тақырыптарын тереңдете де молайта түседі. Аудан, облыс, республика көлемінде ақындар айтысын өткізу яғни жұрт алдында ашық түрде еркін сілтейтін жыр жарысын ұйымдастыру жұмысы ақындық шеберлікті шындап ұстартудың ең ысылған, сыналған жолы дей аламыз.

Өзгеше ерекшелігі бар айтыс жанры қазақ, қырғыз, қарақалпақ сияқты бірен-саран елдерде ғана сақталған десек, бұл жанр совет дәуірінде жаңа мазмұн, жаңа сипат, жаңа түрге ие болып отыр.

Жаңа жағдайда айтыс жанры сын мен өзара сынның өткір құралына айналды, халық өмірінің негізгі мәселелерін ортаға салатын шаршы топтың айдын алаңына айналды.

Ерекше жанрдың ертеден ерекше жағдайы болатын. Ашық алаң, құмарта тыңдаушы қалың жұрт, қақ жарылған кең орта міне айтыс жанрының ең қолайлы жағдайы осы. Мұндай жағдай қазір де жасалуы керек.

Жамбыл өзінің айтыста өсіп марқайғанын, айтыс оның білімін көтерген «университеті» болғанын, ақындық шеберлігін арттырған көрік болғанын айтады. Талантты ақындардың таңдамалы жырларының жинағын бастыру және ақындардың сөздерін радио, телевидение арқылы беру шарасы да ақындар талантының кемелденуіне көмек тигізетіні анық. Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы халық ақындарының шығармаларын жалпы жинақ түрінде де, Кенен Әзірбаев, Қуаныш Баймағамбетов, Омар Шипин, Нұрқан Ахметбеков, Таубай Қирабаев, Сапарғали Әлімбетов, Белгібай Бектұрғанов секілді ақындардың жырларын жеке жинақ түрінде де басып, айтыстарды өз алдына арнаулы кітап етіп шығарса қандай пайдалы іс істеген болар еді? Сондай-ақ осы шығармаларды орыс тіліне ауда-

рып жарияласа қазақ халық творчествосының оңды үлгілерін бүкіл Одаққа танытар еді. Бұл ретте бізге Жамбыл творчествосының қалай танылғаны жақсы үлгі ғой.

Қазақтың халық поэзиясының ежелден жұбын жазбас серігі болған домбыра мен ертеден өзін өзі ақтап талай рет танытқан көне өнері — ақындар творчествосы коммунистік тәрбиенің игілікті ісіне қызмет ететін маңызды рухани құрал болуға тиіс.

Бұл бүгінгі таңдағы кезекті міндеттің бірі.

2. Бүгінгі фольклор мен әдебиеттің байланысы

Әдебиет деп аталатын, бәріміздің әрдайым эстетикалық әсер алып жан азығы ететін сөз өнерін шартты түрде бейнебір дарияға баласақ, дарияға сылдырап ағып бұлақ суы да, сел боп ағып қар суы мен жаңбыр суы да құяды ғой. Ақыры дарияның ұлы арнасы теңізге құйып, жер байлығын, жер салтанатын құрады. Жерден шыққан су да, бу да, әлем дүниесінде қаншама түрін, түсін өзгерткенмен, қайта айналып жер анасын табады, жер қазынасын жасайды.

Халықтың тілімен әдебиеті де сол іспетті. Құнарын, нәрін халықтан алады да, қаншама түрін, түсін өзгерткенмен, қайта өзінің тегін табады, халық қазынасын жасайды. Дүние жүзі халықтарының рухани мәдениеті — осының айғағы. Сол мәдениеттің әр заманда шырқау шыңы боп табылған эпосын, лирикасын, музыкасын алыңыз, әйтпесе дара есімі әлемге әйгілі болған дана ақын, жазушыларын, суреткер, композиторларын алыңыз — не көрер екенсіз: әрбір халықтың тарихи дамып жеткен рухани дәрежесін көресіз, халық жанының шыңырауынан тоқсан тамырымен нәр қорек алып, қуат, жігер алып, көркейген, көркейгеннен кейін халық жанына қайтадан азық берген сан-сала өнерін көресіз. Біздің қазақ халқы да солай...

Оның ғасырлар бойы зер салып, зейін қойып жасаған тіл байлығы, сөз өнері, қол өнері, ән-күйі, әдемі, әсем тұрмыс эстетикасы рухани байлықты танытатын мол халықтық қазына екені даусыз.

Осы қазынаның ішінен сөз өнерін қозғағанда. «өнер алды қызыл тіл» дегендей алдымен ауыз әдебиеті айтылады. Оның себебі бізде баспа орындары болмағандықтан, сөз өнері көп заман ауызша күйттеліп, көркем үлгілері ауызша жайылып, ауызша шыңдалып келді. Асыл сөз өрнегін жа-

саушы, ұста, шеберлер табанда суырып айтуға жаттыққан да шығарушы мен таратушы жаңа туған өрнек, үлгіні жаттап алуға жаттыққан. Ол өрнек мейлі жыр болсын, мейлі айтыс болсын, мейлі толғау немесе ұзақ желілі дастан болсын, әйтпесе ертегі, аңыз болсын — ауызша айтылып, ауызша тарағандықтан әртүрлі варианты болуы мүмкін, және әр жерде, әр кезде әркім өзінше өзгертіп, қосып алып айтқандықтан оның авторы мәлімсіз көпке ортақ коллективтік дүние болып кететіні бар. Міні, осы мағынада ауыз әдебиетін ғылыми терминмен фольклор деп атайтыны баршаға мәлім.

Фольклордың иесі — халық, коллектив, ал дүниежүзі әдебиетінің Геркулес, Прометей, Фауст, Святогор, Микула сияқты ұлы образдары осы фольклорда жасалды, бүгінгі кітабы поэзияның анасы — фольклорлық халық поэзиясы деген пікірлерді Горький өне бойы уағыздап өтті. Сонымен бірге ұлы жазушы фольклор атаулыға тән үздік қасиет, сипаттарды атап көрсетті. Оған еңбекші халықтың даналығы, еңбек даралылығы, өмірге жарқын көзқарасы, нендей қиындық, нендей қырсық болса да жеңіп шығатын қайсарлығы, жасампаздығы жатады.

Ал енді фольклордың барлық елде әлгіндей ортақ та ұқсас сипаттары бола тұра, әр елде өзіндік елеулі ерекшеліктері де бар екенін ескеру керек. Ол әр халықтың тарихи даму жағдайына байланысты. Жазба әдебиеті ерте дамып классикалық қалып алған жағдайдағы фольклордың өріс алуы жазба әдебиеттің кешеуілдеп қалған жағдайындағы күйінен өзгешерек. Мысалы, ХІХ ғасырдағы орыс фольклоры мен қазақ фольклорының өсу өрісі мен өзгешеліктері алабөтен айырықша болды. Гоголь, Пушкин бастаған орыс әдебиеті фольклор дәстүрін алғаш мол пайдаланғанмен кейін келе реализмнің классикалық әдебиеті бел алып, фольклор атаулыға өзінің кері ықпалын асырып жіберді. Ал қазақ фольклоры болса, мұнда ол ғасыр бойы өзінің өктемдігін сақтап келді де, жазба әдебиет көркем сөз алабына элемент түрінде ене бастады. Ол да көбіне шығыс әдебиеті тарапына келіп енген элементтер болатын. Сөйтіп арабша хат танитын ақындардың қолынан өткен эпостық поэмалар, Махамбет, Мұрат, Шортанбай, Дулат, Жанак, Шернияз сықылды сауатты ақындардың өз өлең, толғаулары бірте-бірте фольклор мен жазба поэзияның өзара ықпалының тепе-теңдік халін жасады. Абай мен Ыбырайдың, Біржан мен Ақанның, Жаяу Мұса мен Балуан Шолақтың, Сұлтанмахмұт пен С. Дөнентаевтың, Шәңгерейдің, Майлы

Қожа мен Әбубәкірдің, Шәді мен Тұрмағамбеттің шығармалары осы тепе-теңдікті бұзып, таразының басын жазба әдебиет жағына аударды. Бұлар оның ішінде әсіресе даңышпан Абай, ауыз әдебиетінің халықтық, бұхарашылдық үрдіс, дәстүрлерін өзінің творчестволық көрігіне салып, шебер пайдалана отырып, жаңа жазба поэзияның шоқтығын орыс пен европа поэзиясының деңгейіне көтерді.

Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы
Сонда да солардың бар таңдамасы.
Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын
Қазақтың келістірер қай баласы?!

деген Абай талабы жаңа әдебиеттің эстетикалық программасы боп табылды. Абайдың өз поэзиясы осы талапқа жауап берген поэзия болды.

Сонымен үстіміздегі ғасырдың бастапқы жылдары қазақтың ертеден бай халық творчествосының асыл қазнасы мен Абай поэзиясының нұрына бөленген жаңа жазба әдебиеті тоғысқан екі сала күйінде бұдан былайғы көркемдік дамудың эстетикалық негізін салды.

Абай поэзиясын кешірек білген Шораяқтың Омары революция қарсаңында өкінішпен былай депті:

Абайдың оқығанмен өлең сөзін,
Сол кезде пайда болған маған сезім.
«Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын»
Уаһ, дарық! Ескертпепті албырт кезім.

Қазақта ондай ақын қайдан болсын,
Ақылдың аңдап білер алтын жезін.
«Қалай да содан тәлім алам ба» деп,
Тежеймін ертелі-кеш өзімді-өзім.

Міне Ұлы Октябрь социалистік революциясы қазақ халқының бүкіл өмірінің, бүкіл шаруашылығы мен мәдениетінің жаңа жағдайда гүлдеп өсуіне шексіз мүмкіндік жасаған шағында қазақтың жас совет әдебиеті өзіне мұра етіп, көркем сөз өнерінің өзара сабақтас, тамырлас (ауыз әдебиеті мен жазба әдебиет деп аталатын) осы екі саласын қабылдап еді. Ал енді жаңа әдебиет бұл екеуінің қайсысын қалай қабылдады, қалай пайдаланды? Өткен елу жыл бойында жазба әдебиет пен фольклордың ара қатынасы қандай болды, қазір қандай және бұдан былай қандай болмақ? Бұл сұрақтарға осыдан бес жыл бұрын жарық көрген қазақ әдебиеті тарихының бірінші томының екінші кітабына профессор Иина Сергеевна Смирнова екеуміз жазған та-

рауда тиісті түсінік берілген. Онда өткеннен қалған мәдени мұра жөніндегі лениндік көзқарасқа лайық әрбір үлгіні, таптық сын елегінен өткізіп, шынайы халықтық прогрессивтік элементтері алынғаны айтылды. Сонымен бірге совет дәуірінде фольклор мен жазба әдебиет екеуіне де ортақ социалистік реализм принциптері негізінде жаңа мазмұн, жаңа сапа, сипат алып, өз ерекшеліктерімен қаз-қатар дамып өсуде екені көптеген фактылармен дәлелденген. Жазба әдебиеттің шарықтап өсуіне байланысты ендігі жерде халық творчествосы өше бермек деген қисынның да қате екені ескертілген. Соңғы бес жыл ішіндегі тәжірибе біздің пікіріміздің дұрыстығын қуаттады.

Облыс, аудандарда әлсін-әлсін өтетін айтыстар, халықтық мәдениет университеттерінде, мәдениет сарайларында, халық творчествосы үйлерінде, клубтарда, қызыл отауларда, семьяларда өріс алған халық творчествосының жемістері, оның үстіне мына бүгінгі мәжілістің өзі — осының бәрі бізде халық дарыны мен даналылығы бір ғана профессионалдық өнердің шеңберінде емес, кең алқапта халық творчествосы аясында дамытынының айғағы. Халық таланты жан-жақты даму үшін барлық мүмкіндік алған социалистік жағдайда өнердің барлық түрі, барлық жанры қаулап өсетіні табиғи заңды құбылыс. Бір саланың өрбуі екіншісін өшірмек емес. Францияда абсолюттік монархия тұсында классицизмнің аристократиялық әдебиеті де халық творчествосын, қанша менсінбей шеттеткенмен, өшіре алған жоқ.

Жазба әдебиеті совет заманында Сәкен, Бейімбет, Ілияс, Мұхтар, Сәбит, Ғабит, Асқар, Ғабиден, Әбділда, Тайыр, Қасым, Қалижан және тағы басқа жүзден астам қаламгерлер шығарса, ауыз әдебиеті Жамбылдың, Нұрпейістің, Шашубайдың, Нартайдың, Доскейдің, Кененнің, Саяділдің, Қуаттың, Омардың, Есдәулеттің, Үмбетәлиннің, Нұрқанның, Қалқанның, Нұрлыбектің, Болманның және тағы басқа ондаған халық поэзиясы тарландарының жыр дариясын тасытты.

Осы екі саладағы көркем сөз шеберлерінің творчествосын зерттеп көрсеңіз, бұлардың әр қайсысы өз саласының ерекшеліктерін сақтай отырып, көп реттерде шектесіп, іргелесіп кеткеніне көзіңіз жетеді. Оның басты себептері мыналар: 1) Ауыз әдебиеті өкілдерінің дүние танымы, эстетикалық мұраты, творчестволық әдісі, жырлайтын шындығы, партиялық халықтық принципі жөнінен ұқсастығы, түбірлестігі.

2) Көптеген халық ақындарының сауат ашып, жазба әдебиет үлгілерінен тәлім алуы, жыр, дастандарын жазып шығаруға да әдеттенуі. Айталық, Иса Байзақов, Әріп Тәңірбергенов, Нұрқан Ахметбеков, Қуат Терібаев, Саяділ Керімбеков, Габдіман Игенсартов сықылды ақындарды осы себептен екі салаға бірдей аралық ақындар деп те қарауға болар еді.

Жамбылды былай қойып, осы ақындардың Ұлы Октябрь данышпан Ленин тақырыбына шығарған өлең жырлары қаламгер ақындардың шығармаларынан көркемдігі жөнінен де кем түсе бермейді. Айталық жиырмасыншы жылдары ұлы көсеміміз Ленинге арналған Сәкен, Ілияс, Бейімбет, Асқар, Өтебай өлеңдері мен Тұрмағамбет, Шораяқтың Омары, Әріп, Иса, Нартай жырлары көп жағынан қарайлас шығармалар.

Ол тұста халық поэзиясындағы қалыптасқан күн, ай, мұхит, теңіз, дария, асқар тау, байтерек, кеме қыран, бүркіт, арыстан, батыр, тұлпар сықылды тұрақты образдар ұлы ұғымды бейнелеу үшін Жамбыл бастаған халық ақындарының да, Сәкен бастаған қаламгер ақындардың да арсеналында қатар жүргенін білеміз. Ленин образын жырлау жарысында бүгінгі поэзия көп алға кетті. Еліміздің елу жыл өміріндегі ұлы табыс жаңалықтарынан данышпан көсемнің мәңгі өшпес бейнесіне лайық жаңа қасиет, сипаттар тауып. Лениннің ақиқат шынайы адамгершілік образын барған сайын тереңдете де жарқырата түсіп келеді. Бұл тек қана жазба поэзиясына қатысты емес, халық поэзиясына да қатысты пікір.

Мысалы, Шымкенттің Созақ ауданында тұратын ел ақыны, автоклубтың меңгерушісі Құлжабай Төлеуовтың Ленинге арнаған мына бір өлеңі қаламгерлердің өлеңінен кем түспесе керек.

Ракетаның жол ашқанын көгімнен,
Жаңа қала орнағанын шөлімнен.
Жеті жылдық ұлы жоспар жемісін,
Ленин өзі көрер ме еді көзімнен.

Не бір алып шыққандарын елімнен,
Өмірдің зор күрестерін өлімнен,
Ғасыр аттап, әр жыл сайын өткенді,
Ленин өзі көрер ме еді көзімнен.

Шын достықтың дәні өнгенін жерімнен,
Сескенбейтін арналыста теңізден.
Не қыранды түлеткенін Отанның
Ленин өзі көрер ме еді көзімнен.

Сүйтсем Ленин көреді екен көзімен,
Сүйеді екен ол да ыстық сезіммен.
Тіршілігі бар тынысы, арманы,
Араласып жүр екен ғой еліммен.

Осы пікірді Ленинге арнап дастан және ұзақ толғаулар шығарып біздің заманымызда советтік эпосты дамытқан Жамбыл, Нұрпейіс, Кенен, Болман, Нартай, Нұрлыбек, Нұрқан секілді қарт ақындар туралы да, Құлжабай секілді келесі буын ақындар туралы да айтуға болар еді.

3) Қазақ совет әдебиет қаламгерлерінің Сәкеннен бастап бәрі дерлік халық творчествосынан еш уақытта қол үзбеуі, оның жақсы дәстүрлерін пайдаланудың жаңа творчестволық жолдарын қарастыруы. Ұсақ шығармаларды, фольклордың талай теңеу, сарын, образдарын айтпағанның өзінде Сәкеннің «Көкшетау», Ілиястың «Дала», «Күй», «Күйші», «Құлагер», Сәбиттің «Сұлушаш», Әбділданың «Толағай», «Абыл», «Мерген», Қасымның «Ақын өлімі туралы аңыз», Қалижанның «Ақсақ құлан» сықылды көрнекті поэмалары; Асқардың, Тайырдың, Қасымның толғаулары; Мұхтардың «Еңлік — Кебек», «Айман — Шолпан», «Қарақыпшақ Қобыланды», Ғабиттің «Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш — Баян сұлу», Әбділданың «Жомарттың кілемі», Сағырдың «Ер Тарғын» сықылды белгілі драмалық шығармалары фольклормен біте қайнасқан туындылар екенінде кімнің күмәні бар! Сондай-ақ Жамбылға еліктеп жазған жазушы ақындар бізде аз болды ма? Ал Жамбылдың көптеген жырларының (мысалы, «Ленинградтық өренімнің») жазба поэзия өлеңдерінен қаншалықты айырмасы бар.

Ауыз әдебиет пен жазба әдебиеттің арасы алдағы уақытта да жуықтай түспек. Бұл процесс, кейбіреулердің ойлағанындай жазба әдебиеттің фольклор дәрежесінен аса алмай жүргендігінен емес, фольклор өкілдерінің мәдени дәрежесінің көп көтерілгендігінен. Революциядан бұрын аты шығып, совет заманында халық поэзиясының дәстүрін жаңартқан қарт ақындардың қатары қазір селдіреп қалды. Олардың орнына енді орта буын, жас буын ақындар басып келеді. Бұлардың баршасы дерлік кемінде орта білімі барлар. Кейбіреулері (мысалы Жақсылық Сәтібеков, Байсейітов Мақсұт, Алтынбеков Қалихан, Әлімқұлов Нұрсұлтан, Айтмағамбетов Орынбай, Мұқышев Қабыкен сықылдылар) жазушы ақын ретінде жинақ шығарып жүргендер. Ал енді осы сауатты ақындардың бірқатары жазба әдебиетті негізгі кәсібі деп білмей, халық ортасында басқа қызмет істей

жүріп, бір жағынан фольклор дәстүрімен айтысқа түсіп қояды. Еңбек озаттарына арнап жиындарда домбырамен ауызша мадақтау жырлар айтады, жалқауларды, жатып ішерлерді, алааяқ, сұмдарды, ұры-қары жала қор, парақорларды сынап әшкерелейді, сықақтайды. Бұлардың әсері белгілі ортада айрықша. Атап айтқанда, олар: оңтүстіктен Әлімбетов Көпбай, Төлеуов Құлжабай, солтүстіктен Әлімбаев Игібай, Орталық Қазақстаннан Нұртазин Ахметжан, Бақанастан Бегелдиев Балтағұл, Жамбылдан Байбатыров Мұқыш, Өзбекстан қазақтарынан — Оразалиев Бердәлі тағы басқалар.

Мұншалықты әсердің сыры ел ақыны шығармаларының көркемдік дәрежесінің айырықша артығынан болмас, әрине, бірақ тақырыбының нақтылығынан, көкейтестілігінен, материалы мен образының дәйекті және деректілігінен, стилінің қарапайымдылығынан, тілінің құнарлылығынан екені анық. Оның үстіне мынадай жайды еске алмасқа болмайды. «Сөз анасы — құлақ, су анасы — бұлақ» дегендей поэзияны тыңдап әдеттенген қазақ жұртшылығының қалың көпшілігі сөз үлгілерінен әсерді құлақпен естісе көбірек алады. Домбырамен қосыла белгілі әуенмен көркем мәнерлеп айтқан қара өлең, терме-тақпақ, желдірме жырлардың эмоциялық әсерінің күшті болатыны өзінен өзі түсінікті. Сондықтан да слет бола қалса, малшылар тойы әйтпесе сабан той секілді жиындар болса, облыс, аудан басшылары біздің қаламгерлерді іздемейді, өз жеріндегі домбыра ұстаған ел ақындарын іздейді, өйткені олар сол жердің өмірін жақсы біледі, шабытпен айтқан халық жыршысының жалынды сөзі өз аудиториясына өтімді, оның үгіттік, тәрбиелік, ұйымдастырғыштық күш, қуаты анағұрлым басым.

Қазақстан жазушыларының IV съезінде Кенен Әзірбаев жазушыларға әзілдеп: «малшылар арасына, егіншілер мен жұмысшылар арасына менімен бірге жүріңдерші, қайсымызды жақсы тыңдар екен...» деп еді. Әрине, жазушылардың жөні басқа, олардың қырналған, шындалған мәдениетті өнерін ешкім кеміте алмайды, әйткенмен әзіл де болса Кенекең сөзінің жаны жоқ та емес. Біз 1964 жылы Шымкентте өткен өлкелік ақындар айтысына қатыстық. Үш тәулік қатарынан жүрген ақындар айтысын театр тола жұрт тапжылмай отырып тыңдады. Құдай біледі: ешбір пьесаны, ешбір кітапты мұнша тағатпен ешкім көрмес еді, ешкім оқымас еді дестік, қатысушылар. Осы арада есімізге Лениннің даналық сөздері түсті:

«Өнер халықтікі. Ол қалың еңбекшілер ортасына ен

терең тамырларын жаюға тиіс. Ол осы ортаға түсінікті және сүйікті болуға тиіс».

Мен бұл жерде шынайы өнер, шын талант иелері жөнінде айтып отырмын. Ондайлар тым көп ұшыраспайтыны белгілі ғой. Ал дарынсыз, талантсыз, әшейін ақын деген атпен суды лайлап жүргендер қаншама? Олар ауыз әдебиетінде де, жазба әдебиетте де жеткілікті-ақ. Шатты-бұтты ұйқасқан жасық өлеңдерін біреуі жаттап алып шаршы топтың алдына шықса, біреуі жазып алып редакцияға апарды. «Иесін таппаған сөз жетім» деген ғой. Нағыз поэзияның құнын түсіретін солар. Өлең санының кемірек, сапасының кемелдірек болғанына не жетсін. Ленин Горькиймен әңгімесінде «осы өлең деген тым көп жазылатын болған жоқ па? Журнал беттері де тола өлең, оның үстіне күн сайын дерлік өлең жинағы шығып жатады¹,— деп ұнатпаған пішін білдірген екен. Бұл да бізді ойландыруға тиіс.

Әңгіме шын талант иелері туралы болса, олар халық ортасында баршылық. Ленин айтқандай, оларды революция оятып, өмірдің тұңғық түбінен бетіне шығарды ғой. Мәселе соларды тани білуде, таба білуде, тәрбиелей білуде. Міне, бізде осы жағы жетіспейді. Соңғы жылдары ел ортасындағы ақындарға көңіл бөлу, оларды жетектеп, дем беріп, жаңа мақсат, міндеттерге жұмылдыру ісін Жазушылар Одағы болсын, Әдебиет институты болсын, әлсіретіп алды. Оның себебі — бұл ұйымдардың назарына халық творчествосы туралы (артық айтсам кешіріңіздер) біртүрлі салқындық пайда болған тәрізді. Мұны көргенде осында жоғарыда айтқан халық творчествосы жөніндегі скептицизмнің сілтесі жоқ емес пе екен дегенде ой келеді.

Рас, бүгін таңда Жамбыл сықылды дүлділ жоқ дейік. Бірақ ондайлар ілуде біреу болады ғой. Бұған қарап, халық поэзиясы кері кетті деуге не қисын бар?! Айта берсек, Пушкин мен Абай да жоқ қой. Шекспир мен Гете көп пе? Әдебиетте ұлы есім қайталанбайды. Дегенмен Жамбыл болмаса да, Жамбыл туған топырақта оның ізбасарлары аз емес. Оның біразы осында отыр. Тек оларға көмек керек. Ал Жамбылдың жарқырап шығып, шарықтап көтерілуіне қандай жағдай болғанын еске алайықшы. Жамбылдар, Стальскийлер шығу үшін біздің партия, Горький бастаған жазушылар ұйымы қандай қамқорлық жасады десенізші... Халық творчествосына деген қамқорлық үкімет пен партия

¹ Ленин о культуре и искусстве. Гос. из-во «Искусство» М. 1956, стр. 518.

тарапынан қазір де жеткілікті. Халықтың рухани ынта, жігерін көтеру үшін, мәдениетін, өнерін, эстетикалық тәрбиесін жөнге қою үшін аудан, облыстарда, қалаларда мәдениет басқармалары, халық творчествосы үйлері, мәдениет университеттері, автоклубтар құрылды. Жазушылар ұйымының өкілдері бар. Жазушылар Одағының қасынан пропаганда бюросы ашылды. Халық творчествосының өткені мен қазіргісін зерттейтін Қаз. ССР Ғылым Академиясының М. О. Әуезов атындағы Әдебиет пен өнер институты тағы бар. Бұлар бірлесіп, тізе қосып, қанат жайып қызмет етсе, партия мен үкімет берген барлық мүмкіншіліктерді толық пайдаланса, халық творчествосының қарыштап өсуіне нағыз қажет жағдай жасалар еді дейміз. Өстіп халық творчествосына, оның ішінде халық поэзиясына айрықша көңіл бөліп, жақсы ұйымдастырған жерлерде іс нәтижесінің алабөтен жеміс бергенін көреміз. Мысалы, бір кезде облыстық партия комитетінің мәдениет жұмысын басқаратын бөлім басшысы (есімін айтпай-ақ қояйын) Шымкентте істегенде, оңтүстікте бірнеше ақындар айтысы өтіп, бүкіл облысты дүр сілкіндіріп еді. Осы бір мәдениетті сүйетін ынталы, жігерлі жолдас Жамбылға келіп еді — айтыс жанры енді сол облыста жедел жандана бастады. Жауапты адамдардың жан салып ұйымдастыра білуінің қаншалықты маңызды мәні бар екенін осыдан да байқауға болады.

Бұдан қандай қорытынды шығады? Халық творчествосы және оның бір саласы фольклор өзінің даму мүмкіншіліктерін әлі сарыққан жоқ, сарқуы мүмкін де емес. Қайта ол барлық жанрларын жаңғыртып, кең өріс алуда. Жаңғыртып дейтінім, біздің қолымыздағы деректерге қарағанда, фольклордың бұрынғы дәстүрлі жанрлары жаңа жағдайда жаңа сипат алып өрбуде, өзгеруде. Маркс айтқандай, Гректің мифологияға сүйенген өнері қайталанбайтыны сияқты бізде мифке байланысты ертегілер мен бәдік сықылды жырлар жоқ, әрине. Ал жаңа социалистік өмірге, социалистік еңбек пен моральға, этикаға, тұрмыс-салтқа қатысты мақал, мәтел, айтыс, арнау, толғау, той бастар, бет ашар, жар-жар, дастан, жаңылтпаш, жұмбақ, қуақы сөз, сықақ т. б. жанрлар көп жерлерде кездеседі. Соғыс тұсында «Солдат жыры», «Партизан жыры» пайда болды. Бірақ соларды біз әлі жөндеп жинағанымыз да, зерттегеніміз де жоқ.

Қазақ халқының өткендегі әдеби және музыкалық мұрасын зерттеу жөніндегі Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің 1957 жылғы қаулысын жүзеге асыра

отырып Қазақ ССР Ғылым Академиясының М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты соңғы он жыл бойында қазақтың дәстүрлі фольклорының үлгілерін жинап бастыру жөнінде және оның тарихын жасау жөнінде елеулі еңбек сіңірді. Қазақ ертегілерінің үш кітабы, айтыстың үш кітабы, эпостың үш кітабы жарық көрді. Шешендік сөздер мен қанатты сөздердің үлгілері жарияланды. Мұның бәрі сөз жоқ, игілікті жұмыс болды. Бірақ осымен тоғарылуға бола ма? Жарияланбаған, зерттелмеген әлі де қаншама көл-көсір дүние жатыр.

«Немістің халық кітаптары» дейтін атпен жарияланған халық творчествосы шығармаларының тамаша поэзиялық қасиеттерін аса жоғары бағалаған Ф. Энгельс олардың көптеген жазба әдебиет шығармаларынан асып түсетінін айтқан. Мысалы халық аңыздарының ішкі байлығының тереңдігі соншама, тіпті Фауст туралы аңыз Гетенің өңдеуінен кейін де сондай-ақ (Илиаданы Гомердің өңдегенінен кейін) сол аңыздың әр кезде жаңа жақтары ашылып отыратынын ескерткен. Осындай асыл аңыздарды бұзып, бұрмалап оңдырмай қойған жәйттерге ренжіп, Энгельс Мабрах, Зимрак секілді білімді, талантты қаламгерлерге мынадай кеңес айтыпты. «Восстановить их эти сказания в своей первоначальной чистоте и выразить их сущность так ясно, чтобы их глубокий смысл стал более доступным и менее образованным людям».

Фольклор мен жазба әдебиеттің байланысын әңгіме еткенде Энгельстің бұл айтқандары бізге де қатысты қағида екенін естен шығармауымыз керек. Бізде де шаң, тозаңнан аршып, өзінің бастапқы байырғы таза поэзиялық сипатына түсіретін өрнектер аз емес.

Фольклорлық мұрасы бізге қарағанда әлдеқайда селдір (жазба әдебиеті ерте етек жайғандықтан) өзбек, тәжік сықылды көрші республикалардың өзі отыз томдап ауыз әдебиеті үлгілерін жақсылап шығаруға кіріскенін естіп отырмыз.

Ашығын айту керек, фольклор атаулы бұрынғы және қазіргі ұшан-теңіз байлықты біз әлі толық мағнасында игерген де, меңгерген де жоқпыз. Бұл бір, екіншіден, фольклорды бағаламаушылық, фольклор авторларын менсінбеушілік «халық ақыны» деген жақсы ұғымның құнын түсіруге айналды дер едім. Қаламгер біреу нашар өлең жазса «е, мынауың халық ақынның өлеңі сияқты екен» дейтін болды. Ел ақыны өлең жинақ әкелсе, Жазушылар Одағы болсын, баспа орындары болсын, құбыжық келгендей қол-

жазбасын оқымай тұрып-ақ қашқақтайтын болды, әйтеуір қалай да тезірек шығарып салудың амалын қарастырамыз. Дарындыны дарынсыздан, асылды жасықтан ажыратуға уақыт бөлмейміз, көңіл қоймаймыз. Рас, халық ақыны дейтіндердің ден көпшілігінде поэзияның биік талабынан табылмайтын мін, кемістіктер аз кездеспейді. Бірақ сонымен бірге оларда ғажап тауып айтылған жылт етер асылы болады. Ол байырғы ой мен таза сезімді бейнелейтін не әдемі образ, не керемет теңеу мен балау, не құнарлы да ажарлы сөз, сирек кездесетін ұйқас. Мен осы мәжілісте отырған Жамбыл облысының қарт ақыны Мұқаш Байбатыровтың кеше ғана екі толғауын тындадым. Ішінде жазушы ақындардың, әсіресе жастардың қаламына іліне бермейтін образ, тіл байлығы бар. Ертең өзінен де естірсіздер. Мұндайларға біздің жазушылар мен ғалымдар құнттап қарап шығармаларының асылын құм мен тасынан ажыратуға көмектесе (кемшілігін көрсетіп, түсіндіру мағнасында), іліп алар жақсысын жарияласа, қандай игі іс жасаған болар еді. Меніңше, халық өнерпаздарына ең қымбат нәрсе мәдени, ғылыми ұйымдар тарапынан әрдайым қажет жылы назар, көңіл, қол ұшы. Табыстың бірден-бір шарты осы.

Қазіргі фольклор халық творчествосының басқа түрлерімен және жазба әдебиеттің кейбір жанрларымен аралас комплекс күйде өрбуде. Бұл — фольклордың ежелден қалыптасқан синтездік сипатының жаңа түрі. Жастардың сауық, сайран, кештерінде, шілдеханаларда, үйлену тойларында, халықтық мейрам, мерекелерде, ресми жиын, бас қосуларда, тіпті қырман басында, жайлауда, алты бақан басында шырқаған әнді, сайысқан айтысты, көркем тақпакты, көңілді әзіл, өткір, тапқыр сөз өрнектерін тындағанда, көктемгі сел іспетті әлі арнаға түспеген құласынан тұнығы ажырамаған бейнебір тасқын дүниені көргендей әсер аласың. Тасқын деп отырғаным — халық ортасынан қаулап өскен ақын, әнші, биші, күйші, күлдіргі, тақпақшы және олардың синкретикалық өнерін қызыға да еліге тындайтын қалың қауым. Халық творчествосының барлығына, әлі де көп уақыт өмір сүретіндігіне осы жай мықтап сендіреді. Ал енді творчество тасқыны алдағы уақытта қандай арнаға құяр, қалай кемелденіп, қандай кемерге жетер — оны болжау қиын. Дегенмен, бүгінгі канат жайған халық творчествосының селі ертең-ақ тұнығы мен тереңін көрсететіндігінде күмән жоқ. Тек халықтың өнерге деген ықылас теңізін стихиялық күйде қалдырмай, ұйымдасқан түрде саналы, бағыт беріп, мәдени жетекшілік етуіміз қажет.

Халық творчествосының бүгінгі бұркылдап қайнаған процесінде менің өз басыма ұнамайтын мынадай бір жайды айта кету жөн сияқты. Ақындарды белгілі тақырыпқа, белгілі тапсырмамен айтыстыру және сөзін күнілгері жазғызып жаттатып, не көлегейлеп қойып, оқытып айтыстыру — айтыс жанрының ежелгі табиғатына қайшы келетін және айтысқа қатынасушы ақынның творчестволық еркіндігіне, тапқырлығына тұсау салатын қылық деп білемін. Жазып айтысудың үлгісі ертеден бар. Бірақ ол — хат алысу түрінде болатын. Ондай түрде болса, қазір де оқасы жоқ. Халықпен тығыз байланысты, өмір шындығын кешіп жүрген ақындар айтыста көрген, білгенін, көңілге түйгенін, толғанып, тебіренгенін еркін айтуға тиіс. Айтысқа түскен екі ақынның міндетті түрде бақасып, тақасып жатуы шарт емес, заман туралы, Отан туралы, партия туралы, Ленин туралы, соғыс туралы, бейбітшілік туралы, махаббат пен достық туралы диалог түрінде немесе монолог түрінде шабытты лирикалық-философиялық толғаулармен де өнер жарыстыру жарасымды. Бұл ретте айтыс ақындары Жамбыл, Иса, Саяділ, Нартай сықылды халық ақындарынан, Ілияс, Асқар, Әбділда, Тайыр, Қасым, Қалижан, Жұбан, Хамит, Дихан, Сырбай, Мұзафар, Сағи, Ғафу, Ізтай, Мұқағали. Турсынзада сықылды қаламгер ақындардан тәлім алғаны жөн болар еді.

Ешкім тапсырмай, өзінен-өзі ұйымдасқан кіші-гірім айтыстарда қазақтың әйел-қыздары көбірек көзге түсіп жүр. Табан ауыз жерде тапқырлығымен, шешендігімен таң қалдырады олар. Байыбына барған кісіге бұл таңданарлық жай емес, табиғи құбылыс. Неге десеңіз, қазақ қыздары әр заманда-ақ айтыс жанрының бір қанаты, бір көзі болып келді. Айтыстың классикалық үлгісін салысқан Сарадан кейін Тоғжанды, Ұлбикені, Болықты, Айкүмісті, Рысжанды, Тәрбиені, Шәріпжамалды, Қадишаны, Ажарды, Манатты, Мәйкені, Ұрқияны, Назымды, Күйкентайды, Қарашашты, Бибісарыны, Ділданы, Айманды, Меңешті тағы, тағы сондай айтыстың өрен жүйріктерін еске алайықшы. Тіпті біздің совет заманында өздерін айтыс арқылы жақсы танытқан Жібекті, Гүлсімді, Сұлубикені, Зейнепті, Гүлжамалды, Сәтинаны, Назиқаны, Мағираншты алсақ та қазақ халқы қыздар талантына кенде емес, кенелген халық екеніне көз жеткізеді. Ендеше осы күні әлдеқалай айтыстарда жарқ етіп көзге түскен әйел, қыздарды баулып, тәрбиелесе бағыт, бағдар берсе, жетектесе, курстардан, семинарлардан өткізсе, шіркін-ай, қаншама дарынның көздері ашылған болар еді. Олар да қазір поэзиялық қаламымен қалың оқырманға

танылған Мәриям, Дәмеш, Қалима, Тұрсынхан, Марфуға, Ақұштап, Қанипа сықылды ақын әйел, қыздардың қатарына қосылар еді.

Бүгінгі ауыз әдебиетінің қай жанры қалай дамып келе жатқанын нақты баяндайтын ғылыми хабарлар болғандықтан мен ол жағын қозғамаймын. Ал өз баяндамамның тақырыбына қатысты фольклор мен әдебиеттің байланысы жайындағы пікірлерді жинақтап айтсам, қазақ халқының ғасырлар бойы қорланған бай ауыз әдебиет қазнасы оның қай заманда болмасын рухани мәдениетінің қайнар бұлақ көзі боп келді. Ол бұлақтан сусындап, өмірлік нәр, қуат алмаған бірде-бір ақын, жазушы болған жоқ. Ұлы жазушымыз марқұм Мұхтар Әуезовтың сөзімен түйсек, қазақ әдебиетінің атасы, қазақтың рухани мәдениетінің синтезі болған данышпан Абайдың өзі «туған халқының ауыз және жазба әдебиет қорында сақталған поэзиялық мұрасына терең бойлап, осы бір қайнар бұлақ тірлік көзінен сіміре жұтып, өз поэзиясын байытқан».¹ Бізге «асыл мұра жыр мұрасын мирас еткен» қазақ халқының поэзиясы туралы, оның ақын, жыршылары туралы Әуезов былай деп еді: «жыршы халық, ақын халық есте жоқ ескі замандардан бастап дарыған ақындық даналығын қапысыз жұмсап, өзінің рухын ұмытылмас эпостық дастандарында, сан-сан әр алуан түрлі жырларында бейнеледі. Қазақ халқының ақындық қабілет дарыны өмірде ақынның ерекше типін туғызды. «Тағы бір жерінде: «Ұлы Октябрь революциясы қайта жасарып, азат та жаңа өмірге қолы жеткен қазақ халқы ақындардан талай ғасыр бойына сақталып жеткен асыл қазнаны дән разы көңілмен қабыл алды да, сол ақындарға яғни ақын — халықтың ардагер ұлдарына совет әдебиеті қатарынан лайықты орын берді. Сөйтіп, солар арқылы, әсіресе алып жыршы Жамбыл арқылы халық творчествосы жарқ етіп қайта лаулады азат болған халықтың жеңісі мен бақытының ақындық шежіресін жасады».

Осы пікірді айтқан Әуезовтың өзі Абай өнегесін ұстап, халықтың асыл қазнасынан өмір бойы қол үзген емес. Өзі де сол қазнаның үлгілерін әрі жинаушы, әрі зерттеуші, әрі оқытушы, әрі өз творчествосында молынан пайдаланушы болды. Халық поэзиясының онды дәстүрлерін драматургия мен реалистік көркем прозада қалай пайдаланудың бастап тамаша үлгісін салған Әуезов және оның қаламдас жолдастары мен із басарлары Майлин, Мұқанов, Мүсірепов, Мұс-

¹ Мұхтар Әуезов. «Мысли разных лет». А. 1959, казгослитиздат.

тафин, Тәжібаевтар болды. Ал поэзияда осы дәстүрлерді көбіне-көп жарқыратып дамытқан Сейфуллин, Жансүгіров, Байзақов, Мұқанов, Токмағамбетов, Тәжібаев, Жароков, Аманжолов, Бекхожиндар еді.

Міні, бұл бір жағынан халық творчествосын бағалаудың, пайдаланудың жақсы үлгілері болса, екінші жағынан оның дәстүрлерін жазба әдебиетте дамытудың, жетілдірудің, сөйтіп, халық поэзиясының мәдениетін көтере түсудің де жақсы үлгісі еді. Осы үлгі әдебиетіміздің келесі ұрпақ өкілдерінің мирас ететін мұрасы, үрдісі болуға тиіс. Былайша айтқанда эстафета дейтініміз сол. Мұндай екі жақты құбылыстың арақатынас байланысының жолы мен соқпағы көп. Ол идея және тақырып ауысу жөнімен де, сарын қуу, образ, сюжет пайдалану, образ жүйесіне, көркем сөз қорына мақал, мәтел, құнарлы сөз байлығын сіңіру жөнімен де тамыр жайып сабақтасады. Оны өткен советтік елу жыл бойындағы фольклор мен әдебиетіміздің өзара байланыс тәжірибесі анық көрсетті. Және бұл құбылыс бір процестің екі жағына да қатысты ықпал, әсерін танытады.

Бірақ әсер әрқалай ғой. Әсер бағыныштылық туғызып, еліктеу жолына салса, одан ешқандай пайда жоқ. Ауыз әдебиетінің үлгі, тәсілдерін толғамай пайдаланған жазушылардың сәтсіздікке ұшырағандарын білеміз. Бізде айта беретін «фольклордың тұтқыны» деген ұғым осыдан шықса керек. Ал кейбіреулер бұл мәселенің өңін айналдырып, фольклор атаулыны кері тартпалық, «ескінің сарқыншағы» деп жүр. Әңгіме фольклордың шын тозған көне канондары туралы болса жөн басқа, ал жалпы халықтың ешқашан өлмейтін асыл мұрасына бұлай мұрын шүйіріп қарау әбестік. «Әжептәуір өлеңді пұшық шіркіннің қор қылғанындай» емес, оны Дантеше, Шекспирше, Гетеше, Пушкинше, Горькийше, Ромен Ролланша, Абай мен Әуезовше биік тұрғыдан қарап, құдыретті творчестволық еркіндікпен пайдаланса, — әні, қызық сонда. Дәл осыны керісінше жазба әдебиеттің әсері туралы да айтқым келеді. Бүгінгі халық творчествосы өкілдері жазба әдебиеттің тек оңды үлгілерінен үйренсе деймін. Бұл үйрену де құр еліктеу талғамай жұту жолымен емес, творчество қазанында қайнатып өзіндік ету жолымен жүзеге асу керек. Жазба әдебиеттің терең де, байсалды ой, пікірінен адам жанының нәзік сырларын ашатын жытылығынан, сюжет құрғыш, образ түйгіш көркемдік шеберлігінен, машықтанған сөз зергерлігінен, ұтымды өлең өрнегінен үйренген абзал. Ал мына сықылды дәм жоқ, тату жоқ кебіртік, не иісі, не бояуы жоқ сүреңсіз, сұрқай, резинке

жұтқандай қақалып оқитын өлең сымақтан аулақ болған зиян емес. Жазба әдебиет деген жақсы атақпен газет, журналдар бетін шұбартып жүрген мұндай өлеңдер, өкініші сол, өте көп. Айтайын деп тұрғаным «Алматы ауасы» дейтін цикл өлеңнің бір тармағы.

Сәулетай қыздар Сәуірде шыққан гүлдер ғой,
Гүл өскен жерге өтесің қалай күрмелмей?
Көрінбей біздің көздерді қарып бір күні,
Тамсанайын деп, танданайын деп жүрген ғой.
Күренсе қыры...
Бойжетіп болған өлке едік,
Нажағай түссе кетеміз бе әлі өртеніп?!
Жанбыры шипа жасыны бірақ жарақат,
Көктемді неге жарата салған келте қып.

Бәрімізге ортақ игі борыш: шын талантты, шынайы асылды тани білу, тек соны ғана қолдап, қуаттау болу керек. Салдыр-батпақ шығарғанның бәрі бірдей акын емес. Ақ шөп, қара шөптің басын шалып ұйқастырған қаратоқпай «өлең» өнер емес. Іліп алар ештеңесі жоқ жалаң үгіт, жасық өсиет, ешкімнің көкейіне қонбайды, жүрегіне дарымайды. Бүгінгі оқырман орасан өскен. Онай олжаны ол місе тұтпайды. Жазып айтсақ та, ауызша айтсақ та сөз маржанын іздейік, нағыз өнер акынын, өнер өлеңін бағалайық. Поэзия бұлағы тұнық, мөлдір болсын.

Өстіп баршамыздың сусындайтын әдебиет дариямыз өзінің халықтық негізінен тамыр үзбей, қайнар бұлақ көздерін суалтпай, таза, терең ұстап, екі саладан да тел еміп, нәр алып отырса, әдебиет бағы бұдан былай да гүл жайнап, құнарлы жеміс сала бермек.

3. Жібекті түте алмаған жүн қылады

Осыдан бірер жыл бұрын «Лениншіл жас» газетінде ауыз әдебиетіндегі айтыс жанрының қазіргі күйі туралы Жүсіп Қыдыровтың «Айтыс арзандап кеткен жоқ па?» деген мақаласы жарияланды. Содан кейін осы газеттің бетінде жиі басылып келе жатқан хаттар, пікірлер, мақалалар көтерілген мәселенің жұрт қызығар мәні мен маңыздылығын байқатты. Әсіресе халықтың айтыс өнеріне деген ықласының күштілігін көрсетті. Бұл ықластың қандай екенін біз Шымкентте өткен өлкелік айтыс тұсында өз көзімізбен көргенбіз. Үш күнге созылған бұл айтысқа жиылған жұртта хисап жоқ — театрдың іші-тысы лық толып, бір ортаймай

қойған еді. Қызығу қандай дейсіз! Онан екі жыл бұрын Алматыда өткен айтыста да солай болды. Сонда мұнша ықласпен жиылатын кімдер дейсіз ғой.

Айтыстың дәурені біткен, ол көнерген, көрге кірер кезі жеткен өлексе өнер деп сырттан тон пішетіндер (мұндайлар да бар. Олар бір кезде домбыра жөнінде де осылай дегенді) бәлкім: «айтысқа жиылатындар тек қараңғы халық» дер. Жоқ, олай емес. Мұнда кәрі-жас, еркек-әйел, оқымысты-оқымысты емес, алуан кәсіп, мамандық адамдарының бәрі бар. Бәрінің де айтысқа деген ықлас-ынтасы ұшан теңіз. Мұндай ықлас, мұндай талап-тілек бар жерде өнер болсын, сайыс болсын, көнермейді де өлмейді. Әйткенмен, қажет деп біліп, қастерлемеген жағдайда оның аз уақыт басылып, іштен тынатын кезі де болады. Мысалы, жиырма-сыншы жылдар мен отызыншы жылдар аралығында солай болды. Онда айтыс түгіл бүкіл ауыз әдебиетін ескіліктің қалдығы деп, танып, ақын атаулыны бақсы, балгердің қатарында құдалаушы ультра «жаңашыл» «солақай белсенділер» табылған. Олар халық творчествосын менсінбей, халық поэзиясының шоғына су сеуіп көрді. Бірақ қазақ халқының дәстүрлі айтыс өнері мүлдем сөніп қалмай партияның жұртшылықтың қолдауымен әр кез лап етіп, лаулап өзінің өміршең өнер екенін танытып келеді.

Әрине, қазіргі айтыс бұрынғы айтыстан басқа. Мазмұны да, мақсаты да басқа. Бұл екеуін туыстыратын тек формалық, жанрлық белгі-сипаттардың ұқсастығы ғана. Қай жанрды алсақ та осындай емес пе? Жаңарған, жаңғырған айтыс жанры бүгінгі заман талабына жауап беріп, бүгінгі өмір тілегіне, тәрбие жұмысына таптырмас қызмет ететін өткір де әсерлі идеологиялық құрал болып отыр. Осы құралды тот баспасын, шыңдап, ұстартып іске қосайық деген ізгі ниетпен «Лениншіл жас» газетінің мәселе көтеруі орынды-ақ, және мұның өзі ұлттық мәдениетіміздің маңызды саласының социалистік мазмұннан нәр алып өркендей беруі жөнінде жастар газеті тарапынан көрсетілген қамқорлық жанашырлық боп табылған.

Газет бетінде жарияланған материалдардың бәрі осы ниетті көздеп, негізінде бір ізден шыққан. Сондықтан ортада төрелік айтарлық үлкен пікір таласы бұл дискуссияда болған жоқ. Алайда, түйіні шешілмеген кейбір мәселелер жөнінде аз-кем түсінісу қажет секілді.

Алдымен дискуссия туғызған тұңғыш мақаланың «Айтыс арзандап кеткен жоқ па?» деп қойған сұрағында азырақ ағаттық бар ғой дейміз. Ол автордың сүйенген факты-

лары мен қортындысының арасындағы қайшылығында Ж. Қыдыров Ұлы Октябрь революциясының айтыс жанрына жаңа мазмұн, жаңа сипат әкеліп, жаңа арнада дамуына жақсы жағдай туғызғанын және оның Отан соғысы жылдары игі қызмет атқарғанын дұрыс айта келіп, Шымкентте болған өлкелік айтыстың көңілдегідей өткенін де дұрыс ескертеді. Ендеше «айтыс арзандап кеткен жоқ па?» деуге қандай негіз бар? Аңғарып қарасақ, автор Оңтүстік облыстарында дайындықсыз өткізілген кейбір аудандық, облыстық айтыстарды айтып отыр екен. Олай болса, сөз сол айтыстардың дұрыс ұйымдастырылмағаны жөнінде ғана болу керек емес пе? Жанрдың жалпы жай-күйіне баға беріп, тағдырын сөз қылу үшін бұл «фактілер» жеткілікті ме? Екі-үш мектептің жұмысындағы кемшілікке қарап, жалпы оқу арзандап кеткен жоқ па деп дабыл қағу ерсі көрінер еді ғой.

Қайталап айтайық, Ж. Қыдыровта айтыс жанрының тағдырына күдік туғызатын көлеңкелі ой жоқ, мәселені ізгі ниетпен қойып отыр, бірақ оның сұрағынан, объективтік түрде алсақ, сәтсіз өткен айтысқа ұйымдастырушылардан гөрі бағасы түскен айтыс жанры кінәлы емес пе екен деген сияқты үн естіледі. Бір жақсысы, бұл үрейлі сұраққа жұртшылық құлағы елең ете қалып, бір ауыздан дұрыс жауабын берді. Мұны Ж. Қыдыров мақаласынан кейін жарияланған мақалалардың «Арзандатпау қолда» (авторы Б. Әділбеков), «Гәп ұйымдастыра білуде» (авторы Ғ. Мұқатов), «Дамыта беретін дәстүр» (авторы Ә. Айтақов), «Ардақты дәстүр арзандамайды» (авторы К. Сейдаханов, пікір Қаз. Ғылым Академиясының М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының фольклор бөлімінде қорытылған), «Айтыс — жыр жәрмеңкесі» (авторы Ә. Рахымжанов) деген аттары-ақ анық аңғартып тұр.

Ал енді айтыстың нақты мәселелеріне тоқтар алдында бұл өнердің табиғаты туралы бірер сөз айтып алу керек тәрізді.

Айтыс жанрының күні бітті деп менсінбеушілер әдетте оны өнердің көнерген архаикалық түріне жатқызады. Олардың добал долбарынша, бұл өнер қазақтың мәдениетсіз қараңғы дәуірінің жемісі, сондықтан ол сол дәуірмен бірге өтуге тиіс, ол осы күнгі әлі тірі жүрген сауатсыз шалдармен бірге жойылып бітеді де, хат білетін жастарға бұдан былай енді дарымайды, өйткені біздің заманымыз оқымыстылардың, биік профессионал өнердің заманы... Осындай көзқарасты бірқатар жазушы ақындардың аузынан өз құла-

ғымызбен естігеніміз бар. Дәл баяғы «пролеткульт» өкілдерінің көзқарасы! Айтысты бағаламаушылық та, оны ұйымдастыру жұмысына самарқау қараушылық та осындай көзқарастың нәтижесі екені сөзсіз. Шынында айтыс көнерген архаикалық өнер ме? Жоқ! Ол ауыз әдебиетінің басқа түрлеріне қарағанда (ертегі, эпос, тұрмыс-салт жырлары) қайта жас өнер және өзінің ерекше сипаттары мен мол мүмкіншіліктерін өткен ғасырда ғана аша бастаған, өсу шегіне енді ғана жеткен өскелең, құнарлы өнер болатын. Біз білетін айтыстың керемет үлгілерінің ХІХ—ХХ ғасырда тууы сондықтан. Оның үстіне айтыс қараңғылықтың, надандықтың жемісі емес, Махамбет, Шоқан, Абайлардың туып, әлеуметтік сана-сезімінің ояна бастаған жаңа рухани өрлеу дәуірінің жемісі, қазақ халқының ауыз әдебиетінің жетіліп тіл мәдениетінің кемелденген көзінің жемісі. Олай дейтініміз: Біржан мен Сараның, Қеншімбай мен Ақсұлудың, Майқоп пен Құлмамбеттің, Әсет пен Ырысжанның айтыстары — тек осының айғағы. Бұл ғана емес. Қазір М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының дайындауымен «Жазушы» баспасында үш том болып шығып жатқан таңдамалы айтыс жинақтары да қазақ халқының үлкен рухани мәдениетінің және поэзиялық тіл байлығының айғағы бола алады. Тегі әлеуметтік айтыс үлгілері халықтың сөз өнеріне деген биік, өскелең талабынан туып жетілгендігі анық көрінеді. Сондықтан да аты шулы ақындар осы шаршы топ алдына шығып жарысқа түсетін әлеуметтік айтыс сынағынан өткенде ғана нағыз ақын деп танылған ғой, себебі айтыс поэзиялық жанрлардың ішіндегі ең қиыны, күрделісі.

Айтысқа деген халық ықласының бәсеңсімейтін себебінің өзі айтыс өнерінің осы қиындығында. Қиыннан қиыстырар ер данасына сөз күйттеген халық жан-тәнімен тәнті болатыны табиғи құбылыс. Оған қосымша бұл өнердің ауыз екі орындалатындығының да әсер жөнінде өзінше ұтымдылығы бар. Тыңдаушы жұрттың көзімен көріп, құлағымен естігенде алатын әсер мен оқушының кітаптан алатын әсері бірдей бола бермейді. Тыңдағандағыны оқығанда, оқығандағыны тыңдағанда ала алмау мүмкін. Мысалы ақынның жазған өлеңін кітаптан оқығанда алатын әсер қандай, ал ақынның нақышын келтіріп өзі яки артист жатқа айтқанда алатын әсер қандай? Немесе пьесаны оқығандағы әсер мен сахнада қойылуындағы әсер қандай?

Сондықтан сөз өнерінің жазба түрінің дамып, оқырманның өсуі оның экспромт түрінде жасалып, ауыз екі орындалуын жоққа шығармайды және оқырманның өскен талабы

көруші мен тыңдаушының талап-тілегін өшірмейді. Екеуі қатар өрбиді. Ендеше жазба әдебиеттің де өсуі ауыз әдебиетті, әсіресе оның айтыс жанрын өшірмейді, қайта қатар дамып, мәдениеті өскен халықтың көпқырлы талап-тілегін, ықыласын өз ерекшеліктерімен орындай береді.

Айтыс жанрының қиындығы мен ерекшелігін мұны айтысқа қойылатын шарттан айқын көруге болады. Тақырыпқа байланысты екі жақтың да (айтысушылар жағының өмір материалын мүлтіксіз жақсы білу, табанда тауып айтарлық, ұстап айтарлық және өткір, бейнелі, күшті сөздермен, оңды өлеңмен қиыстырып әсерлі айтарлық талант пен тәжірибесі болу — айтыс ақынына қойылатын қияметтей қиын шарт. Сол себепті мұндай сайысқа бұрын ілуде біреу-ақ түскен. Бұл ретте де айтыс фольклор салаларының ішінде жазба әдебиетке бір табан жақыны. Айтыс шығармасының авторының белгілі болуының өзі сол жақындықты аңғартпай ма?! Айтыстың тағы бір ерекшелігі — ол синтетикалық сөз өнері. Мұнда драмалық, лирикалық, эпикалық элементтер қатар, аралас жүреді. Бұл өнердің орындалып, жүзеге асуының өзі ерекше жағдайда өтеді: мұнда театрдағыдай айтыс ақыны — әрі автор, әрі артист, ал тыңдаушы аудитория — әрі оқырман, әрі көрермен, әрі сыншы. Ақын өнерінің аудиторияға қандай әсер еткенін, қандай баға алғанын сол жерде-ақ көреді. Бұл-дағы айтыс ақынының жауапкершілігін арттырып, міндетін қиындата түсетін жағдай.

Қазіргі совет тұсында жаңа мазмұн алған айтыс революциядан бұрынғы майталман ірі ақындар айтысының классикалық үлгілерінен үйреніп, әлгі қиын да қызық дәстүрлерін мұқият ұстауы керек. Сонда ғана оның бағасы тиісті дәрежесінде болмақ.

Әрине, айтыс атаулының бәрі бірдей керемет бола беруі мүмкін емес. Бәйгеге түскен аттың да бәрі бірдей қырғын жүйрік бола бермейді ғой. Кітап боп шығып жатқан жазба әдебиет шығармаларының бәрі бірдей тамаша ма? Қолхоз, совхоз, өндіріс, аудан көлемінде өткізілетін айтыстар көркемөнері үйірмелерінің олимпиадасы секілді көбірек талапкерлер қамтуы заңды. Олардың өнер сапасы, таланты ойдағыдай шыға бермеуі мүмкін. Соған қарап, айтыс арзандап кетпеді ме деп атой салу — асығыстық болар еді. Әрине, әзірлігі жақсы болса, айтыстың жергілікті жердегі бастауыш түрі де көңілдегідей қызықты өтіп, шынайы дарындарды ашуына болады. Ендеше әңгіме сол туралы ғана болу керек. Ал облыс, өлке, әсіресе, республика көле-

міндегі айтыстарға жүйріктің жүйрігі түсуі керек, әбден сыналған, таланты танылған тегеурінді ақындар түсуі керек дейміз. Мұндайлардың саны көп болмайды, өйткені асқан жүйрік сирек кездеседі ғой. Сондықтан облыстық, республикалық айтыстарға ондаған ақындардың қатысуы — талаппен талғамның төмендігінің белгісі. Үлкен сайысқа тандап, сұрыптап, жүзден озған жүйрікті ғана қоспай, кім көрінгенді жіберуден айтыс бағасының түсетіні рас. Бірақ оның өзінен-өзі арзандауы емес, ардақты дәстүрді өзіміздің қолдан арзандатуымыз боп табылады.

Енді айтыстың творчестволық актысы туралы. Суырып салып айтушылық айтыс ақтысының, әсіресе үлкен әлеуметтік айтыстардың негізгі сипаты екені анық. Бірақ бірден-бір сипаты емес. Мысалы, жазба айтыс үшін оның қажеті жоқ, жазып айтатын жұмбақ айтысы үшін де қажет емес. Ал жұрт алдында өтетін айтыс үшін суырып салмалықтың маңызы өте-мөте зор, неге десеңіз, мұнда барлық әсер осыған байланысты. Тәжірибеден білеміз: қағазға үңілген ақындық сөздің әсері болмай қалады, өйткені онда суырып салмалы айтыстың принципі бұзылып, әр ақын өз бетімен күн бұрын дайындап алған сөзін оқып кетеді. Бұл ретте тыңдаушы ақынның табанда тауып айтатын, ұстап сөйлейтін ақындық шеберлігіне сүйсінетін ыстық сезімін суытып алады. Сондықтан түре айтыста эстетикалық және эмоциялық әсер толық болу үшін қағазсыз айтысқан жақсы. Бұрынғы айтыстың бұл дәстүрін мықтап сақтау керек. Мұнсыз ауыз екі айтыста мағына қалмайды.

Осы арада қостамайтын бір жай бар. Ол — мынау: кейбір жолдастар суырып салмалық қаблетті дербес қаблет деп түсініп, оны жазу творчествосының талантына қарсы қоятын тәрізді. Ол дұрыс емес. Суырып салмалық пен жазу творчествосының негізінде бір-ақ түбір бар. Ол — талант. Поэзиялық талант. Талант талаппен, еңбектеніп ізденумен, жаттығып, машықтанумен жетілетіні аян. Жазып жаттықсаң, талантың сол түрге бейім дамиды, суырып салып айтуға жаттықсаң, талантың сол түрге бейім дамиды. Бірақ бұл екі түрлі бейімнің арасында қайшылық, алшақтық жоқ. Машықтану арқылы, тиісті тәрбие мен тәжірибе арқылы, қиын да болса, екеуін қатар дамытуға да болады ғой дейміз. Мысалы, Қалихан, Жақсылық, Надежда Лушникова сықылды жас ақындар таланттарының екі қырын қатар күйттеп бір жағынан жазған өлеңдерін кітап етіп шығарып жүр де, екінші жағынан, ауыз екі айтысқа да қатысып, жүлде алып жүр. Әрине, мұндай екі жақтылық ақынға

міндетті қасиет емес, сонымен бірге бұл екеуін қатар ұстамақ болған талапкерлерге тыйым салудың қисыны тағы жоқ. Ақындық өнерді екі қырынан игеруге не жетсін! Сондай-ақ, айтыскер ақындығының үстіне әрі композитор, әрі әнші боп келсе, тіпті таптырмайтын ғажап қасиет болған болар еді, бірақ оның бәрі бір адамның басынан табыла бермейді ғой, және мұны айтыс өнерінің шарты етіп алу дұрыс болмайды. Өйткені айтыс дегеніміз өзінің жаратылысынан поэзиялық сөз өнерінің жарысы.

Социалистік өнер өміршең, прогрестік дәстүрлердің қай салада болғанмен еркін дамуына кең жол ашады. Осы принциппен айтыс жанрының толып жатқан түрлер мен дәстүрлерінің өріс алуына тиісті жағдай жасалу керек. Айтыс өнері бұл бағытта негізгі әлеуметтік айтыс түрінен басқа жұмбақ айтыс, жазбаша айтыс, қайым айтыс, түре айтыс т. б. түрлерінен үлгі салғаны белгілі. Біздің міндет — сол үлгілерді өрбітіп, тиісті жағдайда тыңдаушыларға дүние сырын танытқыш, әзіл, қалжың арқылы көңіл көтергіш, адамның юморлық және тапқырлық қабілетін тәрбиелегіш құралға айналдыру болып табылады. Дұрыс басқарып, жақсы дайындап орынды ұйымдастырған жағдайда оның қай-қайсысы болса да пайдалы этикалық, эстетикалық роль атқармақ.

Солардың ішінде ескі мифтік ұғымға байланысты бәдік айтысы болмаса, ескі әдет-ғұрып, салтқа байланысты қайым болмаса, өзгесінің бәрі беріде пайда болған жас жанрлар. Олар бір-біріне кедергі жасайды-мыс, сондықтан бірін алып, екіншісін тастау керек деген ұғым (мысалы, ауыз екі айтысқа жазбаша айтыс бөгет жасайды деген сықылды) біздіңше, теріс ұғым. Бұл жөнінде М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының фольклор бөлімінде профессор М. Ғабдуллин, Е. Ысмайыловтардың қатысуымен өткен мәжілісте айтылған пікірлерде көп орынды топшылаулар мен ұсыныстар бар. Оның дені айтыс жұмысын жақсы ұйымдастыру қажет дегенге саяды. Соған біз де қосыламыз. Ал айтыстың қай түрін қандай жағдайда қалай әзірлеп өткізу керек деген мәселе өз алдына мақаланың тақырыбы.

Әйткенмен жол-жөнекей ескертсек, айтыс жанрларының ішінде бәдік айтысынан басқасының бәрі жаңа жағдайда жаңа мазмұнмен өмір сүре алады: мысалға айталық, Қайым айтысы коммунистік моральді уағыздап осы күнгі жастардың үйлену тойында, ойын-сауық кештерінде көңіл көтеретін ретінде, сөз жарыстыратын шеберлік сайысы ретінде кемелденуі мүмкін. Сондай-ақ жұмбақ айтысы-ақындық

кроссворд тәрізді тыңдаушылардың ғылым, техника, мәдениет саласы мен адам өмірінен алатын білімін көтеріп, қиялын, ой-парасатын өсіруді көздейтін өте оңтайлы өнер ретінде, ал жазба айтыс болса, ол фольклордан гөрі, жазба әдебиет творчествосының патетикалық және сатиралық тәсілімен сын, өзара сын қызметін атқаратын өткір құрал ретінде дамуына болады. Бұл тенденция халық арасында осылай бой көрсетіп отырды. Тек осы бағытта оған басшылық керек.

Сөз соңында айтарымыз-ақ: «Жібекті түте алмаған жүн қылады». Халық қадірлеп, халық қажет етіп отырған айтыс өнерін аяқ асты етіп өзіміз арзандатпасақ, ол өзінен-өзі арзандамайды.

ӘУЕЗОВТЫҢ АЛТЫН САНДЫҒЫ

Қазақ әдебиеті проблемалары жайында болсын, немесе оның жасампаз өкілдері жайында болсын, ойланып, толғанғанда, Алексей Максимович Горькийдің СССР жазушыларының I съезі мінбесінде тұрып айтқан асыл ойларын еріксіз еске аласың.

Ол бейнебір философияның, тарихтың, эстетиканың, әдебиеттанудың және жалынды публицистиканың қайнап біткендей керемет қосындысы еді ғой. Горький онда әдебиет өнері объективті болмыстың шыншыл бейнесі, өмір танытқыш асыл дүние деген ұғымды ғылыми негізде анық, айқын, тұжырымды пікірлермен түйгені белгілі.

Ленин іліміне сүйенген Горький эстетикалық сезім мен көркем творчествоның дамуына еңбектің жетекші және түбірлі мәнін атап көрсеткенін жақсы білеміз. Әдебиеттің қайнар бұлақ көзін, Горькийдің уағыздауынша, халық творчествосынан, фольклордан іздеу керек. Әдебиет пен өнердің ең қымбат қасиеті оның халықтығы десек, халықтық алдымен ауыз әдебиетінен басталады.

Қандай да болмасын ұлт әдебиетінің жемісті жолмен дамуы үшін ол халықтың ауыз әдебиетінің терең тамырларынан нәр алып өсуі қажет. Осыған даусыз дәлел ретінде Горький орыс әдебиетін мысалға алып, бұл әдебиеттің пәрменді күші, айрықша ерекшелігі демократтығы мен гуманистігіне, азаматшылдығы мен халықтығына байланысты екенін танытты.

Сондықтан да фольклористика кабинетте туған камералық кітаби құбылыс емес, әдеби творчествоның жанды, құнарлы, қайнар бұлақ көзі іспетті нағыз өміршең құбылыс.

Міне, сол себепті де үлкен көркем сөз шеберінің қай-қайсысын алсаңыз да — мейлі ол Пушкин мен Лермонтов болсын, Некрасов пен Гоголь болсын, Толстой мен Горький

болсын — халық творчествосының мөлдір бұлағынан су-сындамағаны жоқ.

Басқа ұлт әдебиеттер туралы да осыны айтуға болады. Мысалға С. Сейфуллин, Б. Майлин, І. Жансүгіров, М. Әуезов, С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов творчествосын алар болсақ, туған халықтың сөз өнеріне қалай соқпай өтеміз — халықтың батырлық эпосын айтпай, тарихи дастан, ертегі, аңыздарды айтпай, айтыс, арнау, толғау жырларын айтпай, халық даналығының айғағы — мақал, мәтелдерді айтпай қазақ жазушыларының әдеби шығармаларын түсінуге бола ма?!

Фольклордың құнарлы нәрі әдебиетке әр қилы жағдайда әр қилы жолмен қорек беретіні белгілі. Горький өзінің атақты «Мен жазуды қалай үйрендім» деген сөзінде дүниежүзі әдебиетінің Фауст, Гамлет, Дон-Кихот секілді типтері фольклорда жасалғанын айта келіп, Гетенің «Фаусты» жайында мынадай пікір түйген:

«Гетенің «Фаусты» көркем творчествоның ең керемет жемісінің бірі,— дейді Горький,— ал көркем творчество дегеніміз ылғи да «ойдан шығару» (выдумка), ойлап табу (вымысел) яғни дұрысырақ айтсақ, бірдеңені оймен жеткізу (домысел)— ойды образға бөлеу. Мен «Фаусты» жиырма жасымда оқыдым. Кейін білсем, Фауст туралы немістің Гетесінен екі жүз жыл бұрын ағылшын Христофор Марлоу жазыпты, польшаның «Пан Твардовский» дейтін «Лубочный» романы да, француз Поль Мюссенің «Бақыт іздеуші» дейтін романы да сол Фауст туралы екен. Сонда Фауст туралы жазылған кітаптардың бәрінің негізінде орта ғасырдың халық аңызы алыныпты. Ол аңыздың мазмұны — өзіне бақыт іздеп, табиғаттың құпия сырын ашпақ болған, сөйтіп басқа жұртқа үстемдік етпекші болған адамның осы ниетпен жанын шайтанға сатқаны туралы екен. Бұл аңыз орта ғасырдың «алхимик» ғалымдарының алтын жасамақ болған, адамды мәңгі өлтірмейтін болған әрекеттерінен туған».

Халықтың жан-жүйесін, терең ойы мен сезімін, эстетикасы мен этикасын бейнелейтін халық творчествосымен жанды байланысты түсінбей тұрып, халық поэзиясы жасаған Владимир Ильич Ленин образының өзін терең түсініп, зерттеу қиын болар еді. Эстетиканың негізі, әсемдікті ұғынудың түп тамыры фольклорда. «Кішкене адамдар мен олардың ұлы жұмыстары туралы» деген мақаласында Горький «адам өзінің жаратылысында суреткер» дейді. Ол қайда болса да өз өміріне сұлулық енгізуге тырысады. Ол тек ішіп, жеп, тек бала туғызуды ғана білетін айуандық халде қал-

ғысы келмейді. Адам — суреткер, бұған біздің көзімізді жеткізетін «Кішкене адамдар жасаған халықтық сөз творчествосы: мифтер, ертегілер, аңыздар, әртүрлі сенімдер, жырлар, мақалдар т. б.»

Әдебиеттің жетекші тақырыбы — еңбек фольклордан басталады. Біздің заманымызда азаттық алған творчестволық еңбек озса ұлттық, қалды бүкіл адамзат мәдениетінің гүл жайнап өсуінің шешуші шартына айналды.

Осы дүниежүзілік тарихи тақырыптың арнасынан социалистік реализм әдісінің сағасы шығады, ол — дүниені қайта жаратқан еңбек адамының құдретті реализмі. Социалистік реализм әдісі шындықты революциялық даму қалпында көркем суреттеудің мүмкіншілігін ашты, Горький сөзімен айтқанда, «тарихқа болашақтағы биік мақсаттың мұнарасынан карауға үйретті».

Социалистік реализм әдісін игеру деген сөз халық творчествосымен тығыз байланысып, оның көп ғасырлық көркем тәжірибесін мираскерлік жолмен еркін игеру деген сөз.

Әрине, халық творчествосын білу, сүю көркем сөз шеберлерінің бәрінде бірдей емес. Және кез келген жазушы фольклорист бола бермес. Алайда, егер ол шын ірі суреткер болса, оның кең мағнасында фольклорист болмауы мүмкін емес.

Дәуіріміздің аса дарынды суреткері Мұхтар Әуезов үлкен ғалым, әдебиетші және фольклорист еді. Ол халық творчествосына айрықша ашық назармен — ерекше ынта-ықласпен қарады және оның әдебиетпен байланысын терең түсініп, шебер ұштастыра білді. Бұл оның Горькиймен туыстыратын тек өзіне тән алабөтен қымбат қасиеті болатын. Ұлы Горький сияқты Әуезов те халық поэзиясын үздік жоғары бағалап, оны «өлмес мәңгі поэзия, кітаби әдебиеттің арғы атасы» (Горький) деп білді. Қазақтың дарқан бай фольклорысыз, халқымыздың тамылжыған тамаша өлең жырысыз Абай ақындығының дүниеге келмейтіні де, тіптен бүгінгі қазақ әдебиетінің осынша биік шырқауға шықпайтыны да белгілі деп ойлады ол.

Ғылым саласында абайтанудың негізін салушы Мұхтар Әуезов көркем әдебиетте қазақтың ұлы ақыны Абайдың толыққанды өшпес тұлғасын жасады. М. Әуезовтің суреттеуі бойынша Абай халқымыздың тарихында шын басына біткен жасыл шынар бейнесінде қалса, оның даналық туындысы қазақ халқының рухани мәдениетінің жарық жұлдызы болды.

М. Әуезов Абай творчествосының халық поэзиясынан

нәр алып жатқан терең тамырларын ашып берді. Осы жолда ол халықтың поэтикалық тіл байлығын шебер меңгергенін де көрсетті. «Мен Абай жолы» романын қалай жаздым» деген мақалаларында Мұхтар былай деп жазды: «Өткендегі ауызша және жазбаша мұраларда сақталған тұған халқының поэзиялық қазынасына терең бойлап, нәр алған Абай сол арқылы өз поэзиясын барынша байыта білді»¹. Бұл іздену кезінде М. Әуезов фольклорлық дәстүрдің ықпалына ырықсыз еріп, оған көзсіз еліктей бермеді. Қайта, ол «өз халқының рухани қазынасына талғаммен қарап, өзінің поэтикалық жаңа бағытын, жаңа программасын ұсынады. Абай өлеңдерінің бірде-бір жолынан көнерген дәстүр мен ескі жырдың ізі көрінбейді. Бәрін де жаңаша, бәрі де абайша. Халық өлеңдерінің көркем образдылық, стильдік шалымын тереңдетті, сөздік қорын молайтты, халық поэзиясын жаңа сезімдермен, жаңа ойлармен толықтырды»².

Бұдан біз халықтың поэзиялық мұрасына осылай бой ұрудың Әуезов творчествосы үшін де айнымас жол, темірқазық болғанын көреміз. Жастайынан Абай поэзиясынан тікелей тәлім алған және оның ағартушылық, сыншылдық реализмін, халықтық гуманизмін, эстетикалық программасын түгелдей қабылдаған Мұхтар Әуезов өзінің жазушылық қызметін бастар алдында Абайдың тура өзі сияқты халық поэзиясынан мол сусындады, оған аса бір сүйіспеншілікпен, айрықша құштарлықпен қызыға қарады.

Ол халықтың өлең-жыры, әдет-салты, шешендік дәстүрі қаймағы бұзылмай сақталған өзіндік поэтикалық мектебі қалыптасқан Абай аулында туып өсті. Жас Мұхтарға халықтың ертегі, аңыз, эпикалық дастандарын, ақындар жырын, олардың айтыстарын көп тыңдап, көкірегіне жазуға таптырмайтын жағдай туды. Ол сол ауыз әдебиеті үлгілерінің көбін жазып алып та жүрді.

Ертедегі феодалдық-патриархалдық қоғам кезінде махаббат құрбаны болып кеткен екі жастың басынан өткен қайғылы оқиғасы жырланған аңыз сюжеті М. Әуезовтің ең алғашқы шығармасы «Еңлік—Кебек» пьесасының негізгі арқауы болып шығуы да тегін емес. Бір сюжет қана емес, ел аузындағы, халықтың рух, сезіміндегі, көңіл күйіндегі кейіпкерлер бейнесін жандандырып алып, көркем сөз құралдарын халықтың бай тіл қазынасынан тапты. Трагедияның жағымды кейіпкерінің бірі өз халқының қамын ойла-

¹ Мұхтар Әуезов. «Мысли разных лет», А.-А., 1959, стр. 422.

² Сонда.

ған Нысан, Абыз. Абыз тұлғасы образды ой толғанысы жағынан да, характерінің тұтас, сомдығы жөнінен де тал бойына халық даналығын жинақтаған құнарлы көркем бейне болып шыққан. Оның сөздері халық қамын ойлаған, теңсіздіктің құрбаны болып өткен жастар тағдырын тебрене толғаған нақылдарға, метафоралық әсерлі тенеулерге толы. Дана қарттың халық туралы өзінің ащы қасіретті ойларын:

«Құйрығы жоқ, жалы жоқ,
Құлан қайтіп күн көрер!
Аяғы жоқ, қолы жоқ,
Жылан қайтіп күн көрер!»—

деген атақты Асан Қайғының толғауымен білдіруі де бекер емес.

Еңлік пен Кебектей екі жастың жүрек лүпілі, шынайы махаббаты, замана тақсыретін тартқан мұң-зары — осының бәрі халықтың жан-жүрегін тербейтін нәзік лирикасымен қауышқан. Олардың өз дәуірінің озбыр, жыртқыштарына қарсы монолог түрінде айтқан қарсылығы мен кекті, ызалы сөздері халық эпосы мен тарихи жырлардағы Қобыланды мен Қамбар, Алпамыс пен Тарғын, Исатай мен Махамбет, Бекет пен Бекболаттың қаһарлы да әділ үндерімен барабар. Тіптен, Еспенбет, Қараменде, Кеңгірбай сияқты әр рудың билері мен байлары арасындағы драмалық тартыс диалогтардың өзі кәдімгі халық ақындарының билермен айтысы тәрізді тапқыр шешен сөздерге құрылған. Жапал қойшы мен Есен батыр кездесетін сцена да халықтың күлдіргі ертегілеріндегідей алаңғасар аңқау «батырдың» Еңліктей сұлу қызға көңілі бар екені күлкілі түрде суреттеледі.

Қазақтың лиро-эпосы мен халық жырларында көп жырланған қаһарман қыздардың лирикалық мұңлы образының үлгісімен М. Әуезовтің «Қаракөз» атты трагедиясында Қаракөз бейнесі алынған. Мұнда Қаракөздей көрікті де сүйкімді қыз бен жас ақын Сырым арасындағы жалын атқан трагедиялық махаббат хикаясы халықтың құдіретті көркем сөз күшімен баяндалған. Сырым мен Дулаттың және оның ақын шәкірттері Қоскелді, Дәулеткелді, Асан арасындағы шабытты айтыс өлеңдер кәдімгі әдет-ғұрып пен салтты жырлайтын халықтың «жар-жар» жанры үлгісінде алынып, әлеуметтік жаңа маңызды мазмұнға ие болған, сұм заманның әділетсіз заңын өлтіре әшкерелеген. Бұл кейіпкерлердің алма-кезек айтыстары қанатты сөздер мен фразалық үйлесімді тіркестерден тізілген. Оның кейбірінің автор өз

жанынан шығарса, енді бірін халықтың шешендік сөз қорынан сәл өзгертіп өңдеп алған. Мәселен, «Қаракөз» трагедиясындағы Асан ақын былай дейді: «сұңқарың қарға шықпаса, арғымақ жабы болмаса, Қаракөздей бәйтеректің басын шалар қанат — қаяқ жоқ».

Қазақтың лиро-эпостарын ең алғаш драмаға айналдырып, театр сахнасына шығарушы Әуезов болды. Оның «Айман — Шолпан» дастанының сюжет, желісінен алып жазған музыкалы комедиясы айтарлықтай болып шығып, театрға аброй әкелді. Осыдан бастап фольклорлық эпос пен айтыс жанрынан сахналық драма, опера либреттосын жазу дәстүрі басталды. Сөйтіп, Әуезовтің «Айман — Шолпан» комедиясы, Ғ. Мүсіреповтің «Қыз Жібек», С. Камаловтың «Ер Тарғын», Х. Жұмалиевтің «Біржан — Сара» және М. Әуезовтің өзінің «Қарақыпшақ Қобландысы» тағы басқа опера драмалардың жазылуына себепші болып, сахналық репертуарды толықтырды. «Айман — Шолпан» пьесасында М. Әуезов тек қана халық эпосындағы сюжет, саздың ізімен ғана жүріп қойған жоқ. Ол сонымен бірге оған Жантық, Балтық сияқты халық жыршы-жырауларының өкілдерін енгізді. Комедияда ақындар айтысы жөнінде бірқатар тартымды көріністер бар. Автор бұл жерде пьесадағы бас кейіпкерлер арасындағы тартысты ақындар айтысы арқылы тудырып отыр, сол үшін де ақындар айтысын өте орынды қолданған. Өзін-өзі «батырсынған» Көтібарды әрқашанда сықақтап күлкіге айналдырып жүретін әрі тапқыр, әрі ақылды Жарас образы арқылы автор қазақ ертегілеріндегі Алдар Көсе, Жиренше, Тазша бейнелерін өзінше өрбітіп, өзінше дамытқан.

Ұлы Отан соғысы жылдары патриоттық тақырыпқа жазған «Қарақыпшақ Қобыланды» пьесасы негізінен қазақтың батырлық эпосының сюжетінен түзілген. Бұл да халықтың белгілі эпикалық дастанын драмаға айналдырған кең тынысты сахналық шығарма. Оның барлық кейіпкерлері сол эпостың өзінен алынған. Ондағы айырмашылық әрбір кейіпкерлерге белгілі бір идеялық-көркемдік міндет жүктелген. Бүгінгі драматургия талабына сай ол образдар біржағынан шоғырлана, екіншіден даралана түскен. Солай дегенмен эпостың тарихи әуені, сол кездің рухы, халық стилінің көріністері пьесада жеткілікті сақталған. Бұл сөз бірғана Қобыланды, Құртқа, Көбікті, Қарлыға тобындағы бас кейіпкерлерге тән емес, ол сонымен бірге Қараман, Қарлығаш, Алшағыр, Қазан, Күнікей, Бірсімбай, Шуақ сияқтыларға да ортақ қасиет.

Әуезов қолданған принцип бойынша, фольклорлық материалды драмаға айналдыру тәсілі эпостағы халықтық, демократиялық элементтерді әдеби-сын көзімен іріктеп алып, оны жаңа заманға, өзгерген өмірге сай идеялық-эстетикалық жөнмен тереңдету, поэтикалық лексикасын дамыта отырып байыту болып табылады.

Халықтың сарқылмас бай мұрасын, оның тілін творчестволық жолмен кеңінен игеру принципі автордың революциялық тақырыпқа жазған шығармаларынан да байқалады. Бұған «Түнгі сарын» пьесасы айқын дәлел. Ондағы кейіпкерлердің, әсіресе көтерілісті бастаушылардың сөздері халықтық сөз өнеріндегі терең, метафораға бай, және өте өткір әрі қаһарлы естілетін уытты сөздер. Мұндай әсерлі, қуатты сөздер сол тұстағы халық лексикасы қорынан және қайнаған өмірдің тура өзінен алынған. Мәселен, көтерілісті басқарушы Жантас 1916 жылғы халық қозғалысының себебін, бай мен патшадан екі жақты езгі көрген еңбекші халықтың ызалы ойын «Күн бір жауса, терек екі жауады» деген мәтел сөзбен білдіреді. Көтерілістің рухын, мақсатын, байлардың асып-тасуын «мың асқанға бір тосқан» деп дәл бейнелейді. Бұл халық қозғалысына белсене қатысушылардың бірі Бойбермес жалшы сол кездегі үстем таптарға қарсы «Елдің құйрығын қарға шаншып болғаны» деген уытты сөзді қолданады. Көтерілістің тағы бір басшысы Танеке: «Ел-елдің болыс-биі астынан ит жүгіртіп, үстінен құс ұшырған жоқ па, аңқау елдің» — деп би мен болыстарды әшкерелей түседі. Осы айтылған шешендік стильдегі бейнелі сөздердің бәрі халықтың жауынгерлік, батырлық дәстүрін білдіретініне ешқандай күмән жоқ. Мұнда бейнелі фольклорлық сөз тіркестері өткір саяси мағнаға ие болғанын Әуезов табиғи жолмен көрсетіп пайдалана білген.

Халық творчествосының пайдалы әсерінің ізі жазушының бір ғана драмаларында емес, 20 жылдардағы прозалық шығармаларында да сайрап жатыр. Бұл ерекшеліктер әсіресе, бейнелеуде, мінездеуде және шығарма тілінің көркем бейнелі, әуенді, эмоциялы болып шығуынан анық көрінеді. Мысалы, «Қараш-Қараш» повесінен халық ауыз әдебиетінің көптеген бейнелі теңеулерін кездестіреміз. Жазушы өз геройларының психологиясын ашуда, портретін жасауда көркем сөз күдіретін сәтті қолданғанын мына мысалдардан көруге болады. Жарасбай байға қарсы күреске шыққан Бақтығұлға автор халықтың «жанымды құдайға берсем де, байға бермеймін» деген нақылын айтқызады. Демек, Бақтығұлдың байлардан үміт үзер кезде айтқан бұл отты сөзі

шығармаға ерекше екпін беріп тұр. Бақтығұлдың соңына түсіп қудалаған жауларды суреткер қазақ ертегілеріндегі Қыран аңшы Құламергеннің артынан желден жүйрік желмаяға мініп қуған жалмауыз кемпір тәрізді оның қырсонына түсіп алған қастандық әрекетімен теңестіреді.

Накыл тапқырлыққа мол халықтың құнарлы тілін қаламгердің қалай қолданғаны жөнінде тағы бір мысал келтірейік. Сәлмен баймен егеске түскен Бақтығұл өзіне және інісі Тектіғұлға көрсеткен олардың азап, қорлығын айтарда «Қар төсеніп, мұз жастанып», «отпен кіріп, күлмен шығып» деген халықтың шешендік арсеналындағы фразалық тіркестерді қолданады. Орынды қолданылған осы бейнелі тіркестер ашынған жалшы сөзіне ерекше екпін қуат берген.

Өз халқының рухани мәдениетін ерте сезініп, бойына терең сіңірген М. Әуезов сол халықтың поэзиясы мен музыкасын, құнарлы бай тілін, шешендікпен шыңдалған ұтқыр, тапқыр бейнелі сөз өрнектерін сүйіп, үнемі қастерлеп келді. Осының бәрі Абай поэзиясымен қиюласа, қисынын таба келіп, Әуезов жазушылығының сарқылмас қайнар бұлағына, зерттеу объектісіне айналды. Қазақ әдебиеті тарихын зерттеген тұңғыш кітап (оның басым көпшілігі қазақ фольклоры туралы) 1927 жылы М. Әуезовтың қаламынан туып жарық көрген-ді. Қазақ ертегілері, ақындар айтысы және қазақтың лиро-эпостарының айтулы нұсқалары «Қозы Көрпеш — Баян сұлу», «Қыз Жібек» жайындағы тамаша зерттеулер де Әуезов еңбегінің жемісі еді.

Әуезов өзімен тұстас халық ақындарына ерекше ілтифатпен қарағанын бәріміз жақсы білеміз. Оның ішінде әсіресе Жамбыл Жабаев, Нұрпейіс Байғанин, Иса Байзақов жайлы көзқарасы алабөтен еді. «Әуезовпен кездескенде» деген естелігінде К. Алтайский былай дейді:

«Жамбыл Жабаевтың жырлары мен дастандарын орыс тіліне аударма жүріп, мен ол туралы халық поэзиясының алыбын жақсы білетін Әуезовпен әлденеше әңгімелескенім бар. Жамбылды Әуезов бір жағынан революциядан бұрынғы төгіп айтатын дәстүрлі импровизатор ақындардың ірі өкілі деп білсе, екінші жағынан совет заманында жаңғырып жаңарған халық поэзиясының жаңа көшбасшысы деп білетін еді. Әуезовтің айрықша қамқорлық етіп қалайтын-ақ: аудармашылар Жамбыл жырының өңін айналдырмаса екен өздерінше «жаңартып», «жақсартқан» болып, түп нұсқаның ұлттық ерекшелігінен, байырғылығынан ажыратпаса екен деген тілек болатын. Оның хатшыларына әрда-

йым айтатыны: Жәкең аузынан шыққан әрбір сөз дәл жазылып алынатын болсын дейтін.

— Жамбылдың революциядан бұрынғы шығармаларының көбі жоғалған, — деуші еді ол. — Ендігі біздің міндетіміз — Жамбыл сөзін қазір де болса қағазға, магнитофон пленкасына мейлінше толық түсіру болу керек. Жамбыл көп ұлтты совет әдебиетінде ілуде бір құбылыс қой. Жамбыл деген бейнебір жанды лаборатория емес пе — мұнда ескі, байырғы, құнарлы халық сөзі көрікте балқығандай қорытылып, жаңа мағна, сөз туғызады. Ол көркем сөздің қоры. Ендеше оның тек өлең, жырларын ғана жазып алу жеткіліксіз. Жәкеңнің ертегілері бар, өткір, тапқыр сөздері бар, мақал, мәтелдері бар. Соның бәрін жазып алып, бастыру керек, аудару керек. Сонда ғана бізге халық туып берген алтын ауыз Жамбылдың тұлғасын тұтас көретін боламыз.

Қазақ әдебиеті мен өнерінің Москвада болған бірінші декадасы күндері мен Жамбылдың қасында көп болдым. Қарт ақынға кісі көп келетін еді. Бірақ солардың ішінде Жамбыл Мұхтар Әуезовке ерекше жылы қарайтынын байқайтынмын. Әуезов те оған солай қарайтын-ды...

Есмағамбет Ысмайылов «Ақындар» деген еңбегі бойынша докторлық диссертация қорғаған жолы Мұхтар Әуезов сөз сөйледі. Мінбеге Мұхтар Әуезов шыққан кезде аудитория тына қалды. Әдебиетшілер, сыншылар, тілшілер, тарихшылар Әуезовтің әрбір сөзін қағып алып отырғандай. Қашандағы әдеті бойынша, Әуезов бір ғана диссертация тақырыбымен шектелмей, әдебиет тану ғылымы мен фольклористиканың жалпы проблемаларын көтеріп, тамаша тың пікірлер қозғады, алдағы міндеттер туралы көп құнды ойлар айтты, программалық желі тартты.

Профессор Аршарунидың айтқаны бар:

«Мұхтар Әуезов — аса талантты фольклорист. Мен оның қазақ эпосын жақсы білетінін айтып отырғаным жоқ. Онда сөз жоқ қой. Қырғыздың «Манасын» да одан жақсы білетін ешкім жоқ. Ол Санджи Каляевпен қалмақтың «Жанғары» жөнінде, армян фольклористерімен «Давид Сосунский» жөнінде еркін сөйлесе береді. Менің білуімше, Әуезов — тұтас бір фольклор энциклопедиясы».

Ұлы жазушының фольклор саласын зерттеу шеңбері тек қана қазақ ауыз әдебиетін тексерумен шектеліп қалған жоқ. Оны басқа бауырлас халықтардың да ең таңдаулы деген асыл поэзиялық дүниелері әрдайым қызықтырып өзіне тартқаны белгілі. Туысқан қырғыз халқының атақты «Ма-

нас» эпосын кең көлемде қамтып зерттеушілердің бірі М. Әуезов болды. «Манас» эпосын бұрмалаушылардан, тұрпайы топшылаулардан арашалап алып, оған әділ төрелік берген, сөйтіп халықтың іргелі де бай қазынасын қорғап қалған М. Әуезов деп батыл айта аламыз. «Манасқа» теріс баға берушілермен пікір таластырғанда ол былай деген болатын: «Советтік дәуірде «Манасты» мейлінше кең таратып, оны қосалқы күйлерден арылтып тазалаған да халықтың өзі емес пе? Ғазауатты жақтаған панисламистер мен пантюркистердің «Манасы» бар ма қазір? Советтік қырғыз халқы хан Манас емес, батыр Манасты, ерліктің, ізгіліктің, Отанға деген сүйіспеншіліктің бейнесі болған Манасты ғана жадында сақтап қалған жоқ па?»¹

Қырғызстанның кейбір бүгінгі жас сыншыларының қазіргі қырғыз әдебиетінің қарыштап алға басуына ертедегі халық мұрасы, оның ішінде әйгілі «Манас» эпосы кедергі жасап отыр деген пікірлері жөнсіз ерсі естіледі. Олардың ойынша, әдебиеттің түп негізі халық поэзиясынан арқауын мүлдем үзгенде ғана, яғни фольклорлық дәстүрден арылғанда ғана бүгінгі күн талабына сай көркем шығарма тұмақ. Мұны олар өздерінше жаңашылдық деп түсінетін тәрізді. Фольклордан тазарғандықтың белгісі деп олар Шыңғыс Айтматов туындыларын бетке ұстап, дәлел еткісі келетіндей. Бұл сыншылар, бізше, Айтматов шығармаларының да қайнар бастауы халық мұрасынан қайнап шығып жатқанын жете ұқпаған болу керек. Осындай жалған жаңашылдарға қарсы В. И. Ленин бір кезде: «Біз бұдан былай даму үшін бастама боларлық шынайы әсемдіктен тек ескі екен деп неге бас тартуымыз керек?» дей келіп, мұндай бас тартушылықты «мағынасыздық, барып тұрған мағнасыздық!» деп ренжіген еді.

Фольклорды жанындай сүйген және оған үнемі қамқорлық етумен келген профессор Мұхтар Әуезов тамаша зерттеуші болумен бірге, осы пән саласында ғұлама ұстаздық та еткен кісі. Ол Абай атындағы Қазақтың мемлекеттік педагогикалық институтында, Москва, Орта Азия және қазақ университеттерінде фольклордан лекция оқыды. Студент жастарды халық поэзиясының озық үлгілерімен қызықтырып, сусындатты. Сонымен бірге өмірінің ең соңғы күндеріне дейін ол Қазақ ССР Ғылым академиясының Әдебиет пен өнер институтындағы фольклор бөлімін басқарды. Қазақ әдебиеті тарихының фольклорға арналған (1960 ж.

¹ М. Әуезов «Уақыт және әдебиет», 238-бет.

шыққан) томына басты жанрлар туралы бірнеше тарау жазды. Оның қадірлі кеңесшісі және негізгі авторларының бірі өзі болды. Оның жалпы редакциясын басқарды.

Бұл томдағы ертегілер, акындар айтысы, «Қозы Көрпеш — Баян сұлу», «Қыз Жібек» және Жамбылдың ақындық өнері жөніндегі тарау, бөлімдер ғалымның әдебиеттану ғылымындағы ең бағалы еңбектері болып есептеледі. Ол тараулардың терең зерттеліп, жан-жақты талданғаны және оның үлкен сөз зергері, білімдар ғалымның қолынан шыққаны бірден-ақ көзге түседі десек артық айтқандық емес. М. Әуезов дарынды ғалымдығы өз алдына, шебер бейнелеуші асқан суреткер ғой: ол бізді халық тілін жетік білетіндігімен, сол тілді жайнатып, халық творчествосының жақсы дәстүрлерімен ұштастыра отырып, сөз өнерін барған сайын дамыта да құлпырта беретін қабілетімен таң қалдыратын.

Мұхтар Әуезов қазақ эпосын орысшаға аудару ісінде де өте үлкен роль атқарды. Өзі де керемет аудармашы Әуезов қалмақтың «Жанғар» эпосын орыс тіліне аударған Семен Липкиннің еңбегін жоғары бағалап, тәжірибелі орыс акындарын қазақ эпосын аударуға тарту үшін көп әрекет жасағанын білеміз.

Мен өз басым Мұханның осы әрекеттерін өз көзіммен көрдім. Ол С. Липкин, Л. Пеньковский, А. Тарковский, В. Державин, В. Потапова сықылды орыс акындарының қаламынан туған аудармаларды қадағалап оқып отырғанын, олардың сәттісіне қуанып, сәтсізіне қынжылып отырғанын білемін. Аудармашыларға хат жазып, телефон соғып. Москвада кездескенде өз ой, пікірлерін кеңеске салып отырғаны да мәлім. Илья Сельвинский секілді үлкен орыс ақынының орысшаға аударылған қазақ эпосының редакторы болуының өзі Әуезовтің еңбегі еді.

Халық фольклорының табиғатын терең ұғынған ғалым — Әуезов, суреткер — Әуезов фольклор мен жазба әдебиет арасындағы табиғи байланыс сырын аша түсті. Халық фольклорының бүгінгі жазба әдебиетіміздің негізін салғанын, оның көптеген әдебиет қайраткерлерінің туындыларына нәр беріп сусындатқанын, әр беріп көріктендіргенін байқатты. Академик Әуезов қазақтың ертегі, эпос, айтыстарының ішінде әсіресе тұрмыс-салт ертегілері мен лиро-эпикалық дастан жанрларының және белгілі акындардың реалистік айтыстарының реалистік жазба әдебиетке жақын келетін жақтарын, бүгінгі ақын, жазушылардың шығармаларында ескі дәстүрдің ізі сақталып отыратын құбылыстарын өте ұқыпты ажыратушы еді. Халық мұрасын және оның

эстетикалық дәстүрін Әуезов әрзаман жоғары бағалағаны аян. Оны нигилистердің жоққа шығаруынан кезінде қорғай отырып, фольклорды үстірт зерттеушілікпен асыра бағалаушылықтан да бойын аулақ салды. Сонымен бірге ол фольклордағы нағыз еңбекші халыққа тән қасиеттерді және оның өскелең, өміршең жағын көне, өлексе жағынан ажырата білді. М. Әуезов өз творчествосына фольклордың қажетті деген озық үлгілерін іріктеп, екшеп алып пайдаланған жазушы. Оның өз сөзімен айтқанда: «Халық игілігіне айналған қазынаны біздің халқымыздың барлық данышпан ойшылдары, оның ішінде Абай үнемі творчестволық көзбен қарап, дамыта, жетілдіре отырып іске асырды. Олар халықтың жыр қайнарын алдыңғы қатарлы озық идеялармен, жаңа сөз өрнектерімен толықтырып байыта берді»¹.

Міне, Әуезов осы жолмен жүрді. Оның барлық туындылары әсіресе, әлемге мәңгі мұра болып қалған «Абай жолы» деп аталатын шынайы ұлттық, шын халықтық романы халық поэзиясының идеялық-эстетикалық дәстүрімен молығып байыған туынды. Халқымыздың мақтанышы болып отырған осы эпопея өткендегі рухани байлығымыз бен бүгінгі өскелең социалистік қазақ мәдениетінің аралығынан қайнап шыққан тамаша табысымыз болып есептеледі. Бұл екі сапа мен екі қасиеттің өзара дәнекерленіп біріккені сонша, оны сыртқы құрылысына, тегі, түріне қарап ажырату қиын, тек іштей сезініп, көңілмен пішіп қана ажырату мүмкін. Әр бұлақтан, әр жылға, саладан келіп құйылып бас алған үлкен дария іспетті Әуезовтің бұл эпопеясының алып жатқан ауқымы кең, идеясы терең, әрине, дарияның да кең арнасында әр қилы ағымдар болады. Бұл ағымдар қандай да болса өзіндік өзгешелігін сақтайтыны белгілі. Алайда олар ұлы арнаның шалқып аққан заңды бағытына бағынады. Осы тұрғыдан Абай туралы эпопеяның арнасында екі негізгі ағымның тоғысқанын сеземіз. Оның бірі — қазақ эпосының қашаннан мәлім құлашты қарымы, екіншісі Лев Толстой, Михаил Шолохов, Алексей Толстой эпопеяларының дүние жүзіне танылған ішкі тынысының кеңдігі. «Абай жолын» оқып пікір айтушы сыншылар, әсіресе, шетел әдебиетшілері Әуезов эпопеясының осы жағына баса назар аударған. Мәселен, Мирей Борис ол романды «Қазақ Илиядасы» деп атаса, «Летр Франсез» бетінде Жан Спангаро: «Бұл әрі қызық оқиғалы роман, әрі халық өмірі туралы эпос... өткен замандардың ащы да сиқырлы ароматына

¹ Мухтар Ауэзов «Мысли разных лет».

толы Әуезовтың бұл тарихи романы бүтіндей бір дәуірді меңзеген туынды» дейді. Ал, неміс сыншысы романның «таңғажайып ақындық тілмен жазылғанын» атайды. Романның фольклормен тығыз ұштаса жазылғанын, бірақ әйткенмен фольклор дәрежесінде қалмай, шырқау биікке шыққанын француз жазушысы Арман Гатти өте жақсы аңғарған: «Әуезовтің романы сияқты кітапты оқығанда,— дейді ол,— өзіңнің ғажап өзгергеніңді аңдамай қаласың: алдымен өзіңе бөтен фольклорды түсіну қиындығын жеңіп, экзотикалық терминдерді қалай игеріп кеткеніңді білмейсің. Онан соң романистің шеберлігі сонда, ол сізді осыдан жүз жыл бұрын ұшы-қиыры жоқ жапан тұз далада ғұмыр кешіп, бірде мұңайып камыққан, бірде алдағы күндерден аз да болса жылт етер үміт күткен көшпелі қазақ тәрізді сезіндіреді өзіңді».

«Абай» романында кездесетін осындай сипат, қасиеттерді шетелдің жазушы, сыншылары Әуезовтің «Қараш-Қараш» повесінен де тапқан. Андре Стиль былай жазады: «Осынау қарапайым оқиғаның аясында ақ отау іспетті шыңдарын қар басқан асқар таулар мен шалқар далада, талмас тұлпар мен тулап аққан өзендер де, жарлы халықтың табиғи адалдығы мен ерлігі, қайраты да бар. Тіпті ол стилінің айқындығымен ара тұра сөз орамдарымен Гомерді еске түсіреді»¹.

Әуезов романының өзіндік қасиеті қазақ халқының жарты ғасырлық өмір, тұрмысын көркем әдебиет тарихында бейнелеу міндетін оңды іске асыруында ғана емес, халқымыздың ең асыл рухани қасиеттерін өз бойына жинаған Абай-сынды ұлы ақынның жарқын бейнесін суреттеуінде. Мұның өзі ұлттық салт-санаға, халықтың рухани өмірінің ішкі құпиясына терең енудің арқасында ғана жүзеге асқандығын және халық поэзиясының ғасырлар бойы сары алтындай сарқылып келген асыл қорынан сусындағанын көрсетеді.

Бірінші тарауының өзінде-ақ қаламгер бас геройы Абай Құнанбаевты халық бұхарасына жақындатып халық поэзиясына, оның көркем, кестелі тіліне ынталандыра түседі. Халық мұрасына жетік шежіреші әжесі Зере мен анасы Ұлжан бейнесін еске түсірейікші. Олар әркез халықтың ертек, аңыздарынан, дастан, жырларынан хикая шертіп оны жас Абайдың құлағына құя береді. Кейін оның ержеткен

¹ М. Әуезов. 1-том, «Қараш-Қараш», 1967 жыл. 422-бет.

шағында даланың талай жыр тарландарымен достасып, олардың жырын қызыға тыңдағаны да белгілі.

Онан соң романның екінші кітабында Абай аулына арқаның атақты әншісі Біржан ақынның келгені естен шықпастай әсер қалдырады. Осы бір кезең романда қандай көркем әрі әсерлі суреттелген десеңізші! Халық өнерпазына, оның өнер талантына деген ел сүйіспеншілігі мен жұрт құрметі қандай дәл әрі шыншыл бейнеленген дейсіз? Романның осы жері орыс халқының музыкалық ән-күй творчествосын суреттеген Тургеневтің «Әнші» атты әңгімесін еске түсіреді. Өзіне ұстаз тұтқан Тургеневке ұқсап Әуезов те халықтың рухани күш-қуаты мен ұлттық сипаты оның өлең-жырында, мақал-мәтел, аңыз, әңгімелерінде деп түйген. Романда Абайдың Біржан әнін қалай тыңдап, қалайша әсер алғанын автор былай жазады.

«...Өзгеше сезіммен толқып, тағы бір жақсы созылған өмір-сурет дүниесіне шомып кетті.

Ал, бибай, саған айтам гигаимды...— Арғы сөзі Абайдың құлағына кірген жоқ. Барды айтып жатқан сөз емес, әуен мен үн... Көп күміс қоңырау сән түзеп, бір үн сала ма? Әлде нендей ғайып текті ақ қанатты асыл зат көк жүзінде күнге шағылыса ма! Күміс сыбдыр нұр шашып, сырлы аспанға, мәлімсіз сапарға, серікке шақыра ма?! «Берші сараң, сырдаң бойыңды! Түйіліп қалған жүрегің, тартынып қалған, ашылмай, тығылған жан сырың бар. Ашшы соныңды! Өрге, өнерге шақырайын бар үніммен. Иықтан басқан зілден, мынау дел-сал күйден өтші!.. Сонда... сонда осы толқынды торғын желек астындағы жас сұлудай, жаныңдағы жарындай, осының нәркес көз, бұлбұл нақыс үніндей, ақ тамақ, ал гүл жүзіндей жас жарастық, жарқын өнер төгілер еді өзіннен. Шықшы іркілмей, бұқпашы баяу. Мені де еліктір, өзің де өрлеп желікші, желпінші! Мынау нәзік қоңыр сәулелі көлеңке сияқты, қорғалақ асыл өнеріңді ашшы!»¹.

В. С. Ивановтың «Абай романы — өлең, жыр романы» деп атауының да мәнісі осыдан болар.

Абайды зерттеу арқылы Әуезов қазақ халқының тарихына тереңдеп бойлайды. Халқымыздың даналығы мен талантын, дархандығы мен мейірімділігін өнерді қастерлеп сүйетін нәзік сезім сырларын ашады. Халық поэзиясын жетік білген оның ең озық үлгілеріне сүйенген Әуезов фольклорлық нұсқаларды еш уақытта сол күйінше қайталаған

¹ Мұхтар Әуезов. «Абай жолы», 1-кітап, 1961, 449-бет.

емес, оған еліктесе де, еріп кеткен жоқ. Оны әрдайым творчестволық жолмен іске асырды. Фольклорлық сюжет пен образды ол өзінше қорытып, өзінше өңдеп, жөннеді. Сөйтіп, М. Әуезов фольклорлық материалға асқан шеберлікпен, жаңашылдарша еркін барды. Оны қайта өңдеп қолдану ісіне батыл кірісті. Осы тәсілдің бәрін ол өз геройларының жарқын бейнесін ашу үшін қолданды. Бұл жерде ең алдыңғы қатарда Абай тұлғасы тұрады. Бүткіл романның жүйе, желісі соған бағындырылған. Бұл туралы Әуезовтің өзі: «Менің романымның бүкіл мән-мағынасы мен стилін халықты сонына ерткен Абай бейнесі ашып береді» деген. Фольклордағы бейнелі сөз элементтері кәдімгі халықтық тілдегі мақал-мәтел, нақыл фразеологиялық тіркестер сияқты көркем сөз өрнектерін жаңартып алу нәтижесінде халық қамқоры болған ұлы Абайдың типтенген және дараланған бейнесін жасап шықты. Ол образ эпопеяның бастан аяғына дейін тартылған. Қия шыңға біткен шынар бейнесін көзге елестететін ақын тұлғасы халық эстетикасынан жинақталып алынған. Жұрт айта беретін белгілі мақал-мәтел, нақыл, терең метафораны автор Абай арқылы беталды айтқыза бермейді, ондай бейнелі мәнді сөздер белгілі бір жағдайда, сөз реті келгенде, өмірдің өзінен туған оқиғаларға лайықты табиғи түрде, ақылды, дана ақын ойынан туындап жатады. Бұл нақыл, қанатты сөздер ұйқас, ырғақ жағынан халықтың лексикасына, фразалық тіркестеріне ұқсас, үндес естіледі. Абай айтқан бейнелі теңеулер, нақылдар, қанатты сөздер кітап бетінен шығып, әлдеқашан елден-елге тарап, фольклорлық сипат алып кетті.

Енді осындай көп нақылдардың кейбірін ғана атап өтейік: «Ер егесте, нар кешуде», «Жалған намыс қасиет емес, ар сақтаған қасиет», «Жауға жалынба, досқа тарылма», «Биік жартас басына екпіндеп ұшып қыран да шығады, ерінбей еңбектеп жылан да шығады», «Қыран болмаса халқын үшін жылан болды емес пе?» т. б.

Бұдан басқа ауыз әдебиетінің поэтикалық үлгілері, халық даналығы Абай жазуымен жаңаша түр, мазмұн алған. Айталық Тәкежанның баласы өлгенде Абай өзінің әйелі Әйгерім үшін жоқтау шығарып берген. Бұл жоқтау өлеңдік құрылысы жағынан халық поэзиясындағы жоқтау жанрын еске түсіреді. Бірақ онда ойдың анықтығы, образдың жарқындығы жағынан Абай поэзиясының белгілері сақталғаны анық сезіледі.

Қызыл балақ қыранның
Балапанын дерт алды.

Жеміс ағаш бәйтерек
Балдырғанын өрт алды.
Артына белгі тастамай,
Жал құйрығын келте алды.
Ағайынды тойғызбай,
Аз күн қоймай ерте алды.
Көп жасамай көк орған,
Жарасы үлкен жас өлім!
Күн шалған жерді тез орған,
Күншіл дүние қас өлім!
Артына белгі қалдырмай
Бауыры қатты тас өлім!
Жыламайын десе де,
Шыдарлық па осы өлім
Орамды тілді ауыздым,
Ақылға жүйрік маңыздым
Көп жасамай тез кетіп
Көзімнің жасын ағыздың!»¹

Жоқтауда мейірімсіз ажалдан опат болған жас қыран, үзіліп түскен балауса бұтақ, көзден аққан ыстық жас, қамығып қайғырған ел бәр-бәрі халық поэзиясының дәстүрлі қазынасынан келген. Осының бәрі абайша түзілген, абайша әрлі, нәрлі, әуезді естіледі. Тағы бірде жазушы халықтың белгілі аталы, өсиет сөздерін өңдеп, түрлендіріп, оны Абай арқылы айтқызады. Қазақта: «Арыстан айға шауып мерт болыпты» деген мәтел бар. Осы сөзді Абай өз заманының катал да, қытымыр дала тынысына, сол тұстағы жастар кәсібіне сай мазмұнын тереңдетіп, дамытып параллел жасайды. «Арыстан айға шауып мерт болғанымен артында жортқан баласы арыстандық етпей қоймас, ақсұңқар ауға шырмалғанымен ұясынан ұшқан балапаны сұңқарлық етпей қоймас».

Осының бәрі де нағыз сөз зергерінен шығатын асыл сөздер. Өздерінің мәңгілік шығармаларын жазып қалдырған Пушкин мен Гоголь, Гете мен Роллан, Лев Толстой мен Горький сияқты Әуезов те барлық бейнелеу құралдары мен бояу, нақышты халық тілінен, халық қазынасынан таңдап алды. Бұл жерде ең озық та жарқын типтендірілген кейіпкерлер фольклорда, еңбекші халықтың ауыз әдебиетінде жасалған деген Горькийдің белгілі қағидасымен сабақтас М. Шолохов жазған В. Дальдің 1957 жылғы «Орыс халқының мақалдары» атты жинағының кіріспесіндегі мына сөзі де еске түседі: «Халықтың еңбір үлкен байлығы — оның тілі, — деп жазады ол, — адам ойы мен оның бастан кешкен өмір тәжірибесі сөз қазынасы арқылы тарайды. Ол мыңда-

¹ Әуезов Мұхтар. «Абай жолы», 1-кітап, 1961, 516-бет.

ған жылдар бойы қорлана береді және мәңгіге қалады. Егер бірде-бір халықтың тіл мәдениеті осыншалықты күшпен, еңбек нәтижесінде өркендемесе, оның ұлттық тарихы, қоғамдық құрылысы, тұрмыс-салты, дүниеге көзқарасы мақал-мәтелдегідей мөлдір таза күйінде сақталмаған болар еді»¹

Бірақ Әуезов те, Шолохов та және басқа суреткерлер халық мақал-мәтелдерін қалай болса солай ала бермейді. Олар ондай «құрылыс» материалдарын өз геройларының іс-әрекетін, сөйлеу мәнерін, мінез-характерін ашу үшін творчестволық жүйеде қолданады.

Абайдың қара сөздері мен өлеңдеріндегі философиялық ой-тербелістері мен лирикалық монологтарынан халық даналығын, халық поэтикасының таныс элементтерін байқау қиын емес. Бұл эпопеядан халықтың мақал-мәтелдерін ғана тауып қоймаймыз. Одан Абайдың өзі тудырған көптеген дидактикалық ақыл, өсиет, нақыл, қағида сөздерінің әлдеқашан фольклорға айналып, ел арасына сіңісіп кеткенін байқаймыз. Мысалы, үрейленген бай кейпін Абай «Тобына тұйғын араласқан үлкен дуадақ, қоңыр қаздай» деп бейнелейді. Мына қанатты сөздер де Абайдан қалған: «Талаптың мініп тұлпарын», «Күн жауғанда қойнында, күн ашықта мойнында», «Баяғы жартас, бір жартас», «Ит көрген ешкі көзденіп», «Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы», «Досын келіп досына жамандайды, шіркінде ес болсайшы сезед деген», «Ішінде кімнің оты бар, Қар жауса да сөнер ме» т. т.

Қазақтың ұлы ақынының аузынан шыққан мұндай қанатты сөздерді іздей берсек ол көп. Әуезовтің шешен де көркем суреттеуінде Абайдың мына бір аңыз монологына зер сап көрейік:

«Енді біразда үнсіз ойланып қалған Абайдың қиялы оянды: Аталық пен ақын ағалық бөгде бір сурет оралды.

Құз қияға, жалтыр тасқа қақап тұрған аязда жұмыртқаларын салған алғыр қыран бүркіт ана... Ел осылай аңыз етеді, ақпанда сол жұмыртқаларын салып ана қыран қыс бойы бауырына баспай тосады екен. Сонда бір жұмыртқа жарылады, екіншісі және жарылады. Аязды көтермей үшіншісі де жарылады. Қалса аман, біреу ғана қалады екен. Сол қалғанды, жалғызды ғана, мамыр күні туғанда қыран ана бауырына басады да, балапан етеді екен. Кей жылдар бірде-бір жұмыртқасы аман шықпай түгел жарылып, ана бауыры түңіледі де тұл кетеді».

¹ «Пословицы русского народа», 1957 г. М.,

Бұл жерде халық аңызы ақынның романтикалық ой-арманын жатық та жарқын, әрі түгел жеткізе алған.

Абайдан теріс айналып кеткен Шұбар мен Көкбай жарылған өкі жұмыртқа болса, аман қалған жалғыз балапаны Дәрмен болғай деген ұлы Абайдың ой-сезімін керемет көркем, ақындық пәрменмен әсерлі суреттеу үшін халық аңызы таптырмас құрал боп табылған.

Романдағы Абай образы — жинақы әрі дараланған сом бейне. Ол бейнеден эпикалық кеңдікті, психологиялық тереңдікті табамыз. Бұл жіктеу екінші жағынан романның эпикалық-лирикалық ерекшелігін, ондағы проза мен поэзияның, реализм мен романтизмнің, фольклор мен жазба әдебиеттің өзара байланыса қабысып, жымдасып жататынын аңғартады. Ал, халықтың қалың ортасынан шыққан Дәркембай, Базаралы, Ис, Дәрмен және басқа да жағымды кейіпкерлерге келсек, олар да әрқилы іс-әрекет үстінде өз тұсынан талай нақылдарды, кестелі сөз өрнектерін айтады. Бұл сөздер де көркем бейнелі, ашық бояулы халықтың үйлесімді фраза, идиомдары сияқты. Романда Дәркембай образы көпті көрген, басынан талай қиын-қыстау қияметтерді откерген саналы да салиқалы қарт бейнесі көрінеді. Ол кімге де болсын шындықты бетіне айтатын әділ қария. Сол өңірдегі барша жұртты аузына қаратқан Құнанбай Мекеге аттанар кезінде оның алдына баяғы Қодар әулетінен қалған жетім баланы ертіп Дәркембай келеді емес пе? Сондағы оның бүкіл езілген, еңреген елдің ойы мен арманын Құнанбайдың алдына ақтарып салған жері мынадай сөздермен суреттелген.

— «Кеше құдіретінді аға сұлтан боп жүргізіп ең. Енді Құнанбай қажы боп алып, жүргізем деп барады екесін. Білдім, құдай жолы емес... тағы да Құнанбайлық жолыңды жоқтап барады екенсің ғой. Өлтірт, талат мына бөлтіріктеріңе!¹.. Осы Дәркембай енді бірде халық қамқоры болған, өзінің сүйікті Абайына деген сүйіспеншілігін айтарға келгенде «Шөлімдегі жалғыз алтын терегім. Шөлден шүлен боп туған сергегім» деп сөйлейді. Ұлжан да өзінің аяулы ұлы Абай туралы ойлағанда сол бейнелі сөзге жүгінеді. «Менің аналық үмітім сонымен бірге оянған... Енді менің үмітімнің бәйтерек боп өскенін көріп тұрмын». Халықтың от ауызды шешені Базаралының тілі де көркем бейнелі, өзіндік үнімен естіледі. Әуезов жазуы бойынша оның сөйлеген сөзінде де образды ойлар, юмор мен уытты сықақтар

¹ Әуезов Мұхтар. «Абай жолы», 1-кітап, 1961, 393-бет.

толып жатыр. Бұған мысал ретінде Базаралының Ерболға карап айтқан мына бір сөзін тыңдап көрейік:

«...сенің қалың кедей халқынды ойлашы... Әйтеуір ең далам, есіз шөлім кең деп ұйтқып жүрсің әлі күн. Құйын қуған қаңбақтай жөнкіліп жүргенің мынау! Сайда санын, құмда ізің жоқ. Көл бетінде, қалықтаған көбіктей бүгін мына сайда шаңбарақ атып, сәтте жоқ болып, ертең ана адырда бұрқ беріп шығып, тағы тозып тарап жүрген жоқсың ба?»¹.

Осы бір шағын ғана үзіндіге ой жіберсек, ондағы ең дала, «есіз шөл», «Құйын қуған қаңбақтай», «Сайда саны, құмда ізі жоқ», «көл бетінде қалықтаған көбіктей» деген халықтың фразалық әсерлі көрікті тіркестерін байқау қиын емес. Онан соң Базаралы айтқан мақал, нақыл сөздерден кімнің кім екені, кімнің қай таптан шыққаны бірден аңғарылады.

«Ел іші алтын бесік, алтын бесік деп, дәмелене-дәмелене, дәрменінді тауысып болмадың ба? Ол барға бесік. Жуан мен зорға бесік. Бос үміттен бой алдырғаның аз ба?

«Бәлен жерде алтын бар, барсаң бақыр да жоқ» дейдей болмадың ба? Енді біріңе-бірің сүйеніс те, осы арада өлмес күніңді көр, түге! Осы отырған бір-біріңнен өздеріңе жақын ешкім жоқ. Күйі бірдің күні бар, діні бір болсын, берекеңнен айрылма?»

Осы қаратпа сөздің өзі-ақ езуші тап өкілдерінің пиғылын ашып береді. Осы мақал-мәтелге қоса кейде ол өз жанынан нақыл айтады. Жазушының Базаралыға айтқызыған «Күйі бірдің, күні бір, діні бір» сияқты сөздер романда мол. Ондай сөздерді әсіресе Абай аузынан жиі есітетінімізді жоғарыда айттық. Міне, тағы бір мысал: «Жолдасын таппаған ер азады, басшысын таппаған ел азады», «Сорлының сырын сор кешкен біледі», «Шіріп өлгенше, бір күнде болса, ер өмірін сүріп өл» т. б.

Мұхтар Әуезовтің фольклорға деген көз қарасы дәлелсіздіктен аулақ, қайта барынша оны үнемі зерттеу, насихаттау, жақсарту жағында болды. Ол да Горькийге ұқсап, көркем сөздің түп қазығы фольклорда екенін ерте аңғарды. Ауыз әдебиетіндегі нағыз таза халықтықты, көркемдікті таныды. Ондағы ұлттық нәр мен көркемдікті ажыратты. Оны творчестволық жолмен дамытпайынша ұлттық әдебиетті көркейте алмайтынымызды өзі әр дайым атап көрсетті. Осының бәріне Әуезовтің өз творчествосы даусыз дәлел бола алады.

¹ Әуезов Мұхтар «Абай жолы», 1961 ж. 2-кітап, 210-бет.

II ӨМІРЛІК ӨНЕГЕЛЕР



ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ҚҰЛАГЕРІ

Керең құлақ болмаса, келең құлақ болмаса, қай қазақтың құлағы Құлагер дегенде елең етпейді? Қай құлақтың Құлагер әні құрышын қандырып қандай жүрекке Ақан арманы мұңлы сазын құймады?

Құлагер ат жүйрігі еді, Ақан ақын жүйрігі, ән бұлбұлы еді. Ардагер Ақанның өмірде барлық арман, үміті үзілгенде, махаббаты мансұқ етіліп, туған өлкені тұман басқанда, Көкше күңгірт тартып, Сырымбеттің сиқы кеткенде, бір кездегі ел еркесінің еншісіне тиген жалғыз аты, жан серігі, қуанышы мен жұбанышы тек осы Құлагер болса, Ақан серіге оны да көпсінген қас дұшпан жасырын жол тосып тұрып, бәйге алдында жалғыз келе жатқан дүлдүлдің басын шауып қасастықпен мерт етсе, сұлу жанды сері ақын үшін ол, қандай қайғы, қандай соққы?!

Бұл тарихи болған оқиға. Ақан жүрегін жарып шыққан зарлы ән мен зәрлі сөз бұл оқиғаны күллі қазақ даласына таратты, күллі қазақ жүрегін тебрентті.

Ор болып қалушы еді шапқан жерің,
Шаттанып тұрушы еді қосқан елің.
Атығай — Қарауылға олжа салған,
Бота тірсек, қыз сағақ сандал керім.

Осы бір ауыз өлеңнің өзі Құлагер образын ұмытпастай көз алдыға әкеледі. Мұны Ақанның өз образының символы десе де сияды. Шынында да, халық ұғымында Ақан мен Құлагердің образы осылай, ажырамастай, қалыптасқан. Адам асылы мен ат асылын қосақтаған трагедиялы тағдыр олардың көп қасиеттерін ұқсастырған да, халық сезіміне тұтас әсер туғызатын хикая пайда болған. Сол

әсер қазақтың атақты ақыны Ілияс Жансүгіровтың «Құлагер» поэмасының желісін тартып, жанды өзегіне айналды.

«Құлагер» — І. Жансүгіровтың соңғы поэмасы және акын поэмасының шырқау шыңы. Бұл шыңға кең тынысты эпик акын табиғи жолмен өрмелеп шыққан болатын. Олай дейтінім, Ілиястың бұрынғы «Дала», «Күй», «Күйші» поэмалары «Құлагер» шыңына апаратын сатының баспалдақтары іспетті еді. Расында дарынды акын алғашқы поэмаларында қазақ тарихын, оның ән, күй дәстүрін поэзия тілімен бірте-бірте игеріп алмай тұрып, бірден «Құлагер» сықылды көп қырлы, алуан сырлы туынды жазу мүмкін де болмас еді. Эпос пен лириканың, драма мен публицистиканың синтезі тәрізді бұл поэмада революциядан бұрынғы қазақ даласының өмірі, әдет-ғұрпы көп жағынан көрініс тауып, поэзия картиналарының жарқын бояуымен, ақындық пәрменімен, тамылжыған сұлу сазымен оқырман жұртшылықты табанда таң-тамаша қалдырды. Сөйтіп, «Құлагер» отызыншы жолдардың ғана емес, осы күнге дейінгі қазақ поэзиясының әлі ешкім аспаған саңлақ шоқысы ретінде өз алдына дара тұр.

Мұның негізгі себебі Ақан тағдырының трагедиясын халық санасында қалыптасқан күйінде терең түсініп қол ұрған аса талантты Ілияс ақынның поэзиялық күдретінің шарықтау шегіне байланысты. Турасын айту керек, ол тұста болсын, одан бері де болсын Ілиястан басқа ақын Ақан мен Құлагер оқиғасын мұншалық кең эпикалық тыныспен, мұншалық терең де нәзік эмоциялық әсермен, мұншалық қуатты интонациямен жеткізе алмайтынына күмән келтіруге болмайды.

Адам тағдыры қызық қой. Кейде әлденендей кездейсоқ құбылыстардың арасында әлдеқалай дөп келген біртүрлі қисын, заңдылық бар сияқты көрінеді де тұрады. Ақиқатында, айталық, Ақан тағдыры мен Ілияс тағдырының арасында ешқандай сабақтастық та, қисын, заңдылық та жоқ. Алайда Құлагердің (түпкілігінде Ақанның) дүлдүлдігі мен Ілиястың дүлдүл ақындығының арасында, Құлагердің (оның ар жанғында Ақанның) жау қолынан мерт болуы мен Ілиястың жау жаласынан мерт болуының арасында қандай да болса (мейлі, кездейсоқ дейік) үндестік бар сияқты. Сондықтан басқасын былай қойып, алдына ат салмаған Құлагер сықылды Ілиястың кезінде алдына ақын салмаған майталман эпик болуының өзі мұны бейнелі түрде немесе символ ретінде қазақ поэзиясының Құлагері деп алуға толық дәлел боп табылды.

«Құлагер» поэмасының кіріспесінде Ілияс айтқан мына бір балама сөздерді ешбір артықтығы жоқ, тура өзі туралы, өзінің ақындық ерекшелігі туралы тауып айтқан дуалы сөздер деуге болар еді.

Ұзаққа жүгіретін өрен жүйрік
Секілді тыз етпесе қандай күйбік,
Көсіліп өресі ұзақ поэмаға,
Жай тастап, кең құлаштап желдей жүйткіп.

Сонымен, біздің сөз еткелі отырғанмыз «қазақ поэзиясының Құлагері» — қазақтың атышулы ақыны Ілияс Жансүгіровтың өмірі мен ақындық творчествосы, оның қазақ совет әдебиетінде алатын үлкен орны, өзіне тән өзгешеліктері мен ерекшеліктері.

* * *

Қазақ әдебиетінің көгіне Абай жұлдызы орнағаннан былайғы жерде ол жұлдыздың жарығы түспеген бірде-бір ұрпақ болған жоқ. Хат танып, қолына қалам алып, халыққа қызмет етуді мақсат еткен жастың қай-қайсысының болсын, Абайдан тәлім-тәрбие алмағаны тағы жоқ. Ұлы ұстаздың өлең, дастандарын, өсиет, насихаттарын оқыған көзі ашық талапкер дүниеге үлкен үлгі-өнегені бетке ұстап келетін болды. Аз уақыттың ішінде-ақ ағартушылық бағытта Абай рухы «төске өрледі».

XX ғысырдың бастапқы кезеңінде қазақ жағдайында қоғамдық ой-сананың өсуіне осыншама құдіретті ықпалы болған дана адамның әсіресе әдебиет ағымына орасан күшті әсері тиді. Сол кезде Қазақ өлкесінің жер-жерінде қылтиып көрінген бұқарашылдық бағыттағы қалам қайраткерлерін алсақ, олар туған халқының әдебиетіне ат салысқанда, Абай дәстүрінен аумады, Абай поэзиясының үлгілерін ту етіп ұстады. Солардың ішінен үздік көзге түскен Сұлтанмахмұт Торайғыров бар ма, Сәбит Дөнентаев бар ма, Мұхаметжан Сералин бар ма, яғни әдебиетке осылардың өкшесін баса келген, Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров бар ма — мұның бәрі әдебиетке Абайды ұстаз тұта келген ақын, жазушылар, ағартушылар.

Революция қарсаңындағы 16—20 жыл ішінде «қараңғы қазақ көгіне өрмелеп» шыққан бір шоқ ағартушы, бұқарашыл жазушылардың бәрі дерлік Абай рухында, Абай дәстүрінде тәрбиеленген. Абайдың әдеби шәкірттері еді

деген пікірді үнемі қадағалап айтуда мынадай бір мақсат бар.

XX ғасырдың басында Россия мен Батыс Европа әдебиетінде қабындап өріс алған символизм, импрессионизм, экспрессионизм, футуризм, кубизм деген сықылды империализм дәуірі туғызған кеселді декаденттік сарындарға түскен байшылдық-ұлтшылдық бағыттағы жазушылар қазақта да болды. Ал енді осы кеселді, іріткі сарындардан қазақ әдебиетінің шын халықтық, шын ұлттық арнасы аман сақталды, Ол — әдебиетте Абай салған арна. Бұл — ұлы орыс халқының дені сау ұлы реалистік әдебиетінің мөлдірі мен тұнығына қазақ ақыны «жүзіп ішіп» қанғаннан кейін салынған арна. Қазақтың шынайы ұлттық әдебиетінің ырысына қарай, оны империалистік ағымдардың лайынан аман сақтап, орыстың классикалық әдебиетінің қайнар бұлақ көзінен алған мөлдір нәрін совет әдебиетінің кең арнасына таза күйінде мұра етіп жеткізген қазақ жағдайында осы Абай арнасы. Міне, сондықтан да қазақ совет әдебиетінен бұрынғы кезенді қазақ әдебиетінің Абай дәуірі дейміз.

Революция қарсаңындағы қазақ ақындарының ден көпшілігінен тура Абай үнін естиміз. Абай салған бәрімізге таныс, жүрегімізге жылы өлең өрнегін көреміз. Әдебиеттің есігін енді ғана ашқан жас талап ақын Ілияс Жансүгіровтың 1915—1916 жылдары жазған тұңғыш өлеңдерінен де анық осыны аңғарамыз. Оның:

Пайдасыз тақыл,
Хайласыз ғафыл
Өлуге орға секіреп.
Дабырлы жолды
Табылды, болды
Одан артық не тілер?..

Ақыл, ой, талап, ар, намыс
Біздің елден жүр шалыс.

деген өлеңі әлгінің айғағы емес пе? Сарыны да, өлеңдік үлгісі де Абайдың «Сегіз аяғын» еске салмай ма?

Тарихи жағдайларға байланысты біздің әдебиетімізде революциядан бұрын орыс әдебиетіндегідей, Максим Горький сықылды, социалистік идеяның жаршысы болған жоқ, болуы мүмкін де емес еді. Бұл мүмкіншілікті тек Октябрь революциясы ғана туғызды. Сол себепті қазақ әдебиетінің советтік дәуірі осы социалистік революция жеңіп, совет өкіметі орнаған кезден басталады дейміз.

Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін туған

жас қазақ совет әдебиетінің іргесін қаласып, қабырғасын көтеріскен ірі ақынның бірі — Ілияс Жансүгіров. Сәкен Сейфуллин мен Бейімбет Майлин секілді, Ілияс та революция қарсаңындағы екі-үш жыл ішінде ауылда жүріп өлеңдер жаза бастаған. Бірақ 1914 жылы Омбыда оқып жүріп, Қазанда «Өткен күндер» деген атпен тұңғыш жинағын шағарған Сәкен сықылды, 1915 жылы өзінің даңқты «Шұғаның белгісі» деген повесін бастырған Бейімбет сықылды, Ілияс өлеңдерінің тырнақ алдысын еш жерде бастыра алмайды. Жас ақынның 1915—1916 жылы жазған осындай өлеңдері дәптер күйінде сақталып, кейінгі кездерде ғана қолға тиіп отыр. Ал енді оның шығармалары алғаш жарияланып, нағыз жазушылық жолға бел байлап қадам басқан жылдары кейінірек — революцияның бергі жағы. Ілияс — қалыптасқан қалам өнері шын мағынасында Совет өкіметінің бастапқы жылдарында көзге түсіп, совет дәуірінде ғана гүлдеп жетілген жазушы. Басқа совет жазушылары секілді, Ілияс та революция оятқан еңбекші халық ортасынан шығып, әдебиетке Совет өкіметі ашқан даңғыл жолмен келген жас талапкер болатын. Әрине, бұл жолға да әркім өз соқпағымен, өз ирелеңімен шықты. Бірақ жарқын коммунистік идеясы мен партиялық билетін көкірегінде сақтап, жаулардың улы тырнағынан, өлім вагонынан шығып келді, біреу Аманкелді сарбазының шекпенін киіп, 1916 жыл мен азамат соғысының окопынан шығып келді, біреулер кісі есігінен келді, біреулер серпіліп ашылған қараңғы тұңғыықтан жарық таңға бет қойып, алыстағы ауылдан, меңіреу түкпірден жаңа өкімет кедейдікі екен, кедей балаларын оқытып көзін ашады екен деген жалпы ағыммен келді. Міне, осы соңғы ағыммен келген көптің бірі Ілияс Жансүгіров. 1920 жылы жазған «Арыным» деген өлеңінде:

Арылтамыз аспанды аршып тұманнан,
Тазалаймыз жерді жонып жуаннан,
Тапсыз, тату, мерекелі өнерлі
Ел жасаймыз еңбегіне қуанған,—

деп екпіндеп келді. Бұл қуат, бұл сенім ауылдан жаңа ғана қалаға келген жас жігітке қайдан пайда болды? Бұл — азаттық алған еңбекші халықтың жарыққа ұмтылған ұлқыздарына тән революция туғызған жаңа ұлы идеялық талап, рухани жаңа қайрат болатын. Бұл — кәдімгі Ленин айтқан бұрынғы заманда езіліп тапталып келген, енді пролетариаттық революция оятып, жарыққа шығарған халық таланттарының шарқ ұрған сезім тасқыны еді.

Әрине, әуелгі әзірде қараңғы ауылдағы әлі де шырышы бұзылмаған ескілікті көріп, алуан түрлі әділетсіздіктерді көріп, білімі тайыз, саяси тәжірибесі шағын жас ақынның аз уақыт жете түсіне алмай, толғанған, тосырқаған, тіпті кейде: «Бұл қалай?» — деп күдер үзіп, торыққан да жайлары болады. Бұл ретте сол кездегі ұлтшыл интеллигенцияның да ықпал, әсері болуы ғажап емес. Бірақ ондай сезімдер мен әсерлерден ойшыл ақын, жас коммунист ақын тез-ақ арылып, қайтадан өзінің бастапқы сарқылмас қайрат, талабына мінеді, мойымас мықты сенімінен енді еш қайтпайды: ол Совет өкіметінің алғашқы жылдардағы ауылда жүргізген жаңалықты шараларының барлығын қуаттап, өлеңдер жазады, жаңалыққа қарсы шыққан ескіліктің қараңғы да қарау күштерін әшкерелеп, шенеп, уытты, өткір қаламын ұштайды. Ақынның жиырмасыншы жылдардағы шығармалары оның қаламының жылма-жыл төселіп, талантының ұдайы өсіп отырғанын көрсетеді. Тақырыбының ұлғайып, сарынының молайып, ақындық үнінің барған сайын күшейе түскенін аңғартады. Ілиястың алғашқы он жылдық творчествосының шыққан белесі 1930 жылғы Қазақстанның он жылдығына арнап жазған атақты «Дала» поэмасы болды. Бұл поэма он жыл бұрын ауылдан келген жас ақынды енді бүкіл республика көлеміндегі ірі, талантты ақын етіп танытты. «Дала» поэмасы, шынында, Ілиястың ғана емес, бүкіл қазақ совет поэзиясының он жыл ішіндегі шыққан шыңы еді.

Содан былайғы жеті жыл даңқты ақынның творчестволық талантының кемеліне келіп, толықсып, айрықша жарқырай көзге түскен кезеңі болды. Бұл кезеңде Ілияс өзінің көбіне-көп күйттеген сүйікті поэзия жанрын одан әрі жетілдіріп, жаңа тамаша жемістер берді, оның қаламынан «Күйші», «Құлагер» поэмалары сияқты поэзиялық кесек, керемет көркем шығармалар туды.

Сонымен қатар жазушы әдебиеттің басқа жанрларымен де айналысты. Алғашқы кезеңнің өзінде ол қысқа әңгімелер, очерктер жазып келген. Әсіресе Ілиястың газеттерде жарияланған фельетондары әйгілі болатын. Өмірдегі және адам мінезіндегі мінді және терістік атаулыны көргіш, байқағыш мысқылшыл жазушы ғажап тапқырлықпен табанда зэрлі, күлкілі фельетондар шығара қоятын. Ал соңғы жылдары Жансүгіров прозада «Жолдастар» атты роман, драматургияда «Кек», «Түрксиб», «Нсатай — Махамбет» атты пьесалар жазды. Әрқилы жанрларға барумен бірге ақын бұл шығармаларында қазақ тарихы мен

совет шындығының көптеген тақырыбын қамтып, тың, соны із салды. Орыс ақындарының өлеңдерін үнемі үзбей аударып келген ақын кейінгі уақытта А. Пушкиннің «Гваррилада» поэмасы мен «Евгений Онегин» романын аударды. Қазақстан совет жазушылары одағының басшылығында бірнеше жыл істеп, қазақ әдебиетінің тарихы мен күнделікті мәселелері жайында байсалды мақалалар жазды, баяндамалар жасады. Әсіресе оның Абай туралы мақаласы ұлы ұстазының творчествосын, поэзиялық қасиеттерін терең де нәзік түсінетіндігінің айғағы еді.

Дарынды ақын, көп қырлы үлкен таланттың иесі Ілияс Жансүгіров творчестволық өріне шарық ұрып шарықтап келе жатқан шағында қаза тапты. «Көбік шашқан», «Исатай», «Бақытты Жамал» сияқты бітуге айналған поэмалары және басқа да көптеген келелі шығармалары басталған күйінде аяқталмай, жарық көрмей қалып қойды. Алайда бар болғаны 20 жыл бойында жазылған Жансүгіровтың қолда бар шығармалары алты том болып жарияланып қазақ әдебиетінің барлық саласына үлкен үлес қосып мәдениетіміздің алтын қорына асыл мұра болып енді.

* * *

Ілияс Жансүгіров 1894 жылы 14 май күні бұрынғы Қапал уезі, Ақсу болысы, 4-ауылда (қазіргі Талдықорған облысы, Ақсу ауданында) туған. Оның туған елі Ақсу өзенінің бойын мекен еткен, негізінде мал баққан көшпелі ел еді. Берегіректе Ақсу өзенінің тұсынан өтіп бара жатып жазған бір күнделігінде Ілияс былай депті:

«Ақөзектің шыбықты арнасын белінен бір-ақ кесіп Ақсуға құдидық... Мұның бәрі маған таныс, бұл менің емшек сүтімен ер жетіп, ел ортасымен өмір сүрген мекенім, туған жерім — осы Ақсудың өлкесі. Ақөзек, Ақсу, екеуің де мені білесің, мен сендерді әлі ұмытқам жоқ, есімдесіндер, е, Ақсу, сенің Ақтөбеңде мен шыбық мініп, қосаяғыңды қуаламадым ба?!»

Бұл елдің көшіп-қонатын жерлері бір жағы тау, бір жағы құба жон дала, құмды, қопалы қоңыр шарқал, кең атырап болған. Осы туып-өскен жерін Ілияс 1927 жылы жазған «От арба» деген өлеңінде ыстық сезіммен әдемі суреттеп кетеді:

Аспанның ұлы ала асқар,
Асқардың жүгі күз тастар.
Көргені — оның жалғыз жел.

Ағыны — боран ұлы өзен,
Ақдауыл аспас аш кезен,
Қарта-қатпар бұйра бел
Шырышы шұбар жыландай,
Жаужұмыры құмандай
Қолқа қолат, құба құм.
Сенсең бұйра сексеуіл,
Жабағы шағыл, мар шенгел
Шұраты шуда, шыралжын.
Өленді өзек, тұзды сор,
Өзенді өрлей ұзын жол,
Төбеде топ-топ тораңғы
Жынғылы жыныс, жиделі ой —
Ой-қой, біздің мекен ғой!
Сағынам қатты соларды.

Ілиястың төрт жасында шешесі өліп, бірыңғай әке тәрбиесінде қалады. Туған анасынан жастай жетім қалуы және көз алдында сол анасының қайтыс болуы ақын жүрегіне өмір бойы өшпес із тастайды. Бұл жөнінде Ілияс есейіп ер жеткен кезінде де есінен шығармай, шер етіп шертегін еді:

«Апалап алдына жүгіріп келгенде, анам төңірегін өбектеп, төсекте ауырып отырып:

— Тойлам аман болса, мен өлдім деп арман қылмаймын, осыны адам қыл, саған тапсырғаным,— деп Рахима, Рахия атты апаларға аманат етпеді ме? Соны айтып маңдайымнан сипап, төсіне басымды қойып, қысып отырып жыламады ма? Жып-жылы болып, басыма тамған көзінің жасы менің самайымнан мойныма сорғалап жүрегім үстін жуып жөнелмеп пе еді?.. Мен сонан кейін анамды көрдім бе? Анам өліп, мен жетім қалған жерім — Ақсу, сенсің ғой, мен неге ұмытайын сені?»

Ал енді әкесі Жансүгір Берсүгір баласы, көптен озбас, көштен қалмас, шағын шаруасы бар, ескіше азын-аулақ оқыған, арабша сауатты адам болған. Халықтың бай ауыз әдебиеті үлгілерін, ел ақындарының жырларын, айтыстарын көп тыңдап, көп жинаған кісі екен. Оның қадағалап, айрықша сүйіспендікпен көшірген қол жазбаларының ішінде шығыстағы Абайдың, батыстағы Шернияз бен Махамбеттің, Базардың, Арқадағы Ақан мен Біржанның сөздері және Жетісудағы Сүйінбай мен Күнбаланың, Әсет пен Ырысжанның тағы да басқа Жанақ пен Түбектің, Кемпірбай мен Шөженің, Біржан мен Сараның айтыстары болғаны анық көрінеді. Бұлардың бір сыпырасын Ілияс кейін совет тұсында альманахтарға енгізіп, журналдарға жариялаған да болатын.

Жансүгір осындай туған елдің асыл сөз қазынасын жақсы көріп жинаған әдебиет сүйгіштігімен қатар, көптеген қолөнеріне жетік, шебер, еңбекшіл адам екен. Аяқ киімді көк сауырлап тігетін етікші, темір мен ағаштан түйін түйетін ұста болыпты. Мінезі қатты, бала тәрбиесіне қатал әкесі өз білгенінің бәрін баласына үйреткен көрінеді. Сондықтан да Ілияс жас кезінен-ақ әкесінен оқып хат таниды, етік тігеді, ұсталық етеді, қоңыр даусымен ән салады, құбылтып домбыра тартады. Зерек, ұғымды бала, әкесі сықылды, халқының ән өнері мен сөз өнерін сүйеді, оларды жас, тебіренгіш жанымен беріле күйттейді, бойлай зерттейді.

1915 жылы жазған «Жанды сөз» деген өлеңінде Ілияс:

Ұйқтап жатқан көңілді өлең түртер,
Қайғы зарын, қуанышын жақсы тінтер.
Жүрегімнің айнасын шаң басқанда
Орамалым осы өлең бетін сүртер.

Өлең, мақал, жанылтпаш, ертегі, жыр —
Мұның бәрі жанды сөз, ішінде сыр.
Елдің сәні сақталар жанды сөзбен,
Қай жұрт болсын талассыз осыған құл.

деп сол тұстың өзінде халықтың көркем сөз творчествосының маңызын өте терең түсінетінін танытқан. Бұл түсінігінен дарқан ақын еш уақытта тайған емес. Кейін өзінің ең соңғы шығармасы «Құлагер» поэмасында да Ілияс ауыз әдебиетін еліге зерттеп жүрген кезін еске алып былай дейді:

Ежелден ескеруші ем елдің сөзін.
Бұлақтың тазалауға тінтіп көзін
Бар ма деп ашпаған сыр, айтпаған жыр
Құлақты қырға түріп жүрген кезім.

Бұл-дағы халықшыл ақынның «ел сөзінің» бұлағына деген сүйіспендігінің ешқашан кемімегеніне айқын кепіл.

Бірақ үздіксіз оқып, жүйелі білім аларлық жағдай Ілияста ер жеткенше болмайды. Мектеп дегенде оның революциядан бұрын оқыған жері-ақ — Қарағаштағы қазақ-татар тіліндегі бастауыш мектеп қана. Оны Ілияс бес жыл оқып, 1911 жылы бітіріп шығады. Сонан ол 1920 жылға шейін ауылда жүріп қалады. Ауылда жас жігіт жастық шаққа лайық, балғын ыстық лепті, сырлы, лирикалық өлеңдер жазыпты. Оның дені — махаббат, сүйіспендік өлеңдері. Бірақ, не керек, бұл өлеңдер әзір түгел табылып болған жоқ. 1918 жылы жазған бір дәптер өлеңі сол күйі

қолға түспей келеді. Соның өзінде ақынның алғашқы қадамын аңғартатын деректер жеткілікті. Мысалы, бастауыш мектептің меңгерушісі, қарт мұғалім Разия Зейнуллинаның 1919 жылы Ілиястың альбомына жазған:

Көз қарашыңнан тамар
Дүниясына нұр тамшылар.
Һәр хәрфің інжу да маржан,
Һәр сөзің алтын сенің,—

деген өлеңінен Ілиястың революция тұсында өз төңірегіне махаббат өлеңдерімен танылған жас лирик ақын болғанын көреміз. Ілиястың ақындық қабілетінің ауыл көлемінде белгілі болғандығына Ілияс жазып берген «Бисекенің жоқтауы» деген жыр да айғақ бола алады.

Осы қорытындының дұрыстығын Ілиястың соңғы кезде табылған жас шағындағы өлеңдері анық дәлелдеп отыр. Махаббат туралы жазған «Ынтықтар» деген өлеңі оның бұл сезімді Абайша жүректі кірден арылтатын ең таза, ізгі сезім деп қастерлейтінін аңдатады. Бұл өлең Ілиястың шебер суретші, нәзік сыршыл ақын болатынын да танытады.

Ілияста Абайдың «Сегіз аяқ» атты өлең үлгісімен жазылған шумақтар аз емес.

Ашылар ма көз,
Іс болар ма сөз,
Көп көксеген күн туып?
Жауын сел қайнап,
Дауыл, жел айдап,
Өз еркінше жүр қуып.
Алу үшін теңдікті,
Сағынамыз кендікті.—

деп көксеген күнінің теңдік пен бостандық екенін айтып жырлайды, елдің еңсесін басып келген қу мен сұмдарды жерлей сынайды. 1917 жылғы февраль революциясын Ілияс осы сарындас азаттық аңсаған арманы орындалды деген қуанышты сезіммен қарсы алады да, «Тілек» деген өлең жазады.

Сонымен қатар 1915—1916 жылдары жазған «Бұлбұлға», «Әншіге», «Өзіме». «Сәлемдеме», «Көңілдің жүгірісі», «Жанды сөз», «Алдымда» деген өлеңдер Ілиястың ақындық өресі мен аяқ алысының әжептәуір жетілгендігіне толық дәлел. Өлеңнің сарыны, құрылысы жөнінен Абайға сілктегені көрініп-ақ тұр. Тіпті әлеуметтік тақырыпқа жазған «Қалпымыз» атты өлеңінде де біз оның кең тынысты ақындық өріске шыққанын байқаймыз.

Жан сүйісіп, тән ысып,
Ынта айрылмай жалынар.
Сыбырласып, сырласып,
Кірден жүрек арылар.

Революция мен азамат соғысы жылдарын Ілияс ауылда өткізеді. Ескі әдетпен шырмалып, әкесі әперген қызға сүймей үйленеді де, көп азап шегеді: үй болам, шаруашылық құрам деп, қысқа дәулетін оңына келтіре алмай, тағы қиналады. Осының салдарынан ол оқи алмай, аулынан ұзап шыға алмай, едәуір уақытын зая кетіріп алғанын ақын үлкен өкінішпен еске түсіреді:

«Е, Ақжар!

Сенің сыртыңдағы жуан төбенің сілеміне менің тағдырым байланды ғой. Мен қазақ қараңғылығының құрбаны болдым. Қалың беріп, қатын алатын жігіт болдым. Ол маған онда ұлы мақсат сияқты еді. Қайындау, қатын алу, басқа үй тігу, бауырға қазан асу, ала сиырдың сүтіне тары бөктіріп, жамаулы ақ шайнектен, шекпен жамылып отырып шай ішу — бар бақыт, бар дәулет осы сияқты еді ғой.

Шұрат, сенің шыралжыңыңды¹ мен не үшін шаптым? Кім үшін егін салдым, не үшін шалғы шауып, шөмеле салып, шөп үйдім?..

Сен мені шыралжыңдарыңмен шынжырласаң да, мен одан шығуға, сенен кетуге ұдайы талпынғаным есінде ғой... Талпындым да, ұмтылдым да... Қысқа жіп күрмеуге келді ме?.. Біраз жыл мені сенің сұр өміріңнің өзені ағызды ғой...»

Содан кейін талапкер де талантты ақын жігіттің оқи түсуіне, әлеуметтік өріске шығып, әдебиетке белсене ат салысуына екі жылдай қазақ даласына аласапыран ауыр заман орнатқан ақ бандылар мен алашордашылардың әлегі бөгет жасайды.

Өмірінің бұл кезеңін Ілияс былай суреттейді. «Онда мен кім едім? Не едім? Өмірдің өрінде болдырған сұр қасқа құнан едім. Қыс жұт еді, күн боран еді. Қаржаудың қалың құмында қаңғып жүрген ауылға құдық аршитын арық қара жігіт осы отырған. Ақтың алапатынан ауа қонып, тарғыл құмды андай аралап, көшіп тентіреп жүргенде, біздің үйдің ала қабының түбінде жалғыз түйір бидай қалып па еді? Жалғыз ала сиыр кеш қашып, бұзауламай, қарын ашып, өзек талған-ды, жон, сенің биік-биік меңіреу шалғындарың әлі ойыңда сақталған шығар...

¹ Шыралжың — өсімдік, бұта (ред.).

Үркіп көшкен Көлдей Есенәлінің етігін тігетінімді, жон, сен неліктен ұмытасың? Қусақта отырған көшпелі Көлдейдің сүр саржасын, қуырған бидаймен шайын ішіп, домбырамен айтқан өлеңімді, Қайрақты шоқылары, сенің құлағыңа жел сыбырлаған болатын...»

Міне, осы қыспақ кезеңнің өзінде жас ақын домбырасынан, өлеңінен тіпті қол үзіп кетпепті. 1919 жылы атаман Анненковтың тырнағына түскен ағайындарына жаны ашып, қабырғасы қайысып шығарған «Не күйде?» деген назалы өлеңі сақталған.

1920 жылы жаңа талап үстінде, Орта Азия контрреволюциядан тазартылысымен, Ілияс іле-шала Ташкент барып, сондағы мұғалімдер даярлайтын қазақ-қырғыз институтының екі жылдық курсына түсіп оқи бастайды. Оқып жүріп, бір жағынан, «Ақ жол» газетінде корректор боп істейді. Сөйтіп, аз да болса газет жұмысынан тәжірибе алады. 1921 жылы әлгі курсты бітіріп, Ілияс Жетісуға қайта оралып келеді де, Талдықорған уезіндегі Белтоған ауылдық мектебінде мұғалім болып істейді.

Ташкентте әрі оқып, әрі қызмет істеп жүргеннің өзінде Ілияс өлең жазуын тастамайды. Ол сол екі жыл ішінде жазған өлеңдерінің кейбіреуін Алматыда шығатын (ол кезде Верный қаласы) «Тілші» мен «Кедей еркі» газетіне жіберіп бастырады. Соның ішінде айрықша атап айтуды қажет ететін өлең — 1920 жылы «Тілші» газетінде жарияланған «Ортақшыл партия» деген өлең. Мұны Сәкен шығармаларынан кейін жалпы қазақ поэзиясында Коммунистік партия тақырыбына жазылған алғашқы өлеңдердің бірі десе болар еді. Бұл тарихи елеулі өлеңінде ақын Коммунистік партияға:

Жөнің түзу, жолың ашық, ойың шын,
Алысқанның аузына құйдың күм,
Мейрім, шапқат, әділеттің өзісің,
Есіт даусын біз езілген сорлының,—

деп қазақ аулының бұрын езілген, артта қалған қараңғылық халін мұң етіп шағып, көз қырынды сала гөр деген тілегін білдіреді. Сол жылы жазылған «Еңбекшілерге» деген өлеңінде Ілияс совет өкіметінің еңбекшілердің өкіметі екенін түсіндіріп, ендігі жерде оларды кеңесіп, бірлесіп, еңбек істеуге шақырады. Жоғарыда айтқан «Арыным» деген өлеңінде ақын «Жарлы, жалшы, жақыбайды жарылқау — жандағы ауру, жүректегі жалыным» дей келіп, осы мақсаты бірлескен күресте ғана орындалаты-

нын айтады. Сонымен қатар оның «Боранда» деген өлеңінде ауылдағы байдың малшыға көрсеткен қорлығы, «Бейсембек болыс» деген өлеңде баймен жағысқан жүгенсіз болыстың ұсқынсыз қылықтары, «Елге шыққанда... ол не айтады» деген өлеңде қызмет бабын қара басының қамына пайдаланған парақордың іс-әрекеттері баяндалады.

Ауылға келіп мұғалім боп тұрған 1921—1922 жылдарда Ілияс ел тұрмысына көбірек үңіледі, совет өкіметінің алғашқы жылдарындағы әлеуметтік құбылыстар, қайшылықтар оның назарын көбірек аударады, өйткені мұғалімдігімен қатар Ілияс сол жылы ұйымдастырылған Қосшы одағына кіріп, жалшылар арасында қызмет істейді. Сонымен бірге өзі оқып келген және өзі оқытушы боп жүрген Ілиястың ол кездегі өлеңдерінің басым тақырыбы оқу жөнінде, жастар жөнінде болып келеді. «Жалпы жасқа», «Жас бұлбұлдарға», «Жастар ұраны», «Жазғытұрым», «Жазғы шілдеде», «Күзде» деген өлеңдерінде ол шын жүрегімен жастарды талпынуға, ұйымдасуға, оқуға шақырады.

1922 жылы ноябрь айында Қосшы одағының шақыруымен Жансүгіров Алматыға келіп, «Тілші» газетінде әдеби қызметкер болып орналасады. 1923 жылдың февралында сол Алматыдағы қазақ-қырғыз институтының меңгерушісі боп тағайындалады.

1923—1924 жылдар Ілиястың творчествосындағы ерекше бір жемісті, өнімді жылдар еді. Осы екі жылдың бойында ақын 50 шамалы өлең жазған. Оның көпшілігі жергілікті «Тілші» газетінде басылыпты.

Ілиястың 1924 жылғы жазған «Жастар» деген өлеңі — оның төрт-бес жыл бойы жастар тақырыбына арнаған өлеңдерінің қорып шыққан маңыздысы дерлік өлең. Бұл өлеңді сол кездегі жас ұрпақ ұранындай әнге қосып шырқайтын еді.

Жастар,
Заманның қызыл гүліміз.
Жастар,

Наданның сәуле күніміз,
Тегістік тұрмысқа.

Жастар,
Ортақшыл өркен, жаңа тап,
Жастар,
Лениншіл өркен, жаңа топ,
Тұрмысқа ол нұсқа.

Лениншіл жас,
Атта, алға бас,
Кел, аралас еңбекке.
Елмен жетіс,
Еңбек етіс,
Елге жеміс бермекке,—

деп салатын ән де, оның әрбір асыл сөзі де әлі күнге шейін құлағымыздан кетпейді.

Тағы бір айта кететін нәрсе өзінің профессионал ақын бола бастағанын түсінген Ілияс енді аударма жұмысымен де шұғылданады. Пушкин мен Лермонтов өлеңдерінен аударма бастайды: «Черкестер», «Қанжар», «Тілек», «Жыр», «Тұтқын», «Тұрмыс тостағаны», «Ақын өлімінің» алғашқы аудармасы осы жылдары аударылған. Сонымен қатар Демьян Бедныйдан да кейбір өлеңдер аударлады.

1924 жыл — Ілияс Жансүгіровтың өмірі мен творчествосында ерекше орын алатын жыл. Бұл — оның Коммунистік партияның қатарына кандидат болып енген жылы. Біз коммунист ақынның творчествосы сол жылы алабөтен кең қанат жайып, өлеңдерінің мазмұны мен тақырыбы молыға да тереңдей, саяси жағынан ұштала да өткірлене түскенін байқаймыз. Азасы бүкіл елімізді тітіреткен Ленин өлімінің ауыр қайғысына басқа ақындармен бірге Ілияс та үн қосып, арнаулы өлең жазды. «Ленин өлді» деген өлеңінде ол ұлы көсемді еңбекші халыққа жарық таң атқызған дана, дауылға ұшыраған жұртты жарыққа алып шыққан капитан бейнесінде суреттей келіп:

Еткен іс, айтылған сөз, салған ұран,
Қорыды қорғасындай жүрекке иман.
Өмірдің тербетілген кемесінде,
Адасад сілтеуіңнен ауытқыған,—

деп түйді. Мұнда ақын бұдан былай адаспай бақытқа жетудің бірден-бір жолы Ленин сілтеуінен ауытқымау, Ленин ісін, Ленин сөзін, Ленин ұранын жүректе сақтау екенін жақсы түсінеді де, жақсы түсіндіреді. 1923 жылы тұңғыш рет «Ұлы күн» деген атпен, Ілияс халықтың қолын бақытқа, бостандыққа жеткізген ұлы Октябрьді жырлап өлеңдер жазады. Мұнда да ол — Октябрь мен Лениннің ұлы бейнесін ұштастыра жырлады. 1924 жылы Орта Азиядағы республикалардан ұлт республикалары жасалғанын құттықтап, ақын «Ұлт отауын тіккенде» деген өлеңін жазды. Ол кездегі Ілиястың көтеріңкі көңіл күйін, ақындық серпінін және оның себебін «Жаңа әдебиет» деген қысқа өрнекті өлеңінен анық аңғарамыз:

Күрескен, күшпен,
Білекпен
Төгілді жерге жаңа нұр.
Жігермен, іспен,
Еңбекпен
Соғылды жерге жана өмір.

Жана өмірмен,
Жаңа елмен
Түледі біздің қала, қыр,
Күшті күймен,
Тәтті әнмен,
Үдеді біздің жаңа жыр.

Сағат санап өскен жаңа өмірдің жақсы жыршысы болу үшін, сол өмірдің үдеген қарқынынан қалмай әр заман алдыңғы қатарда болу қажет. Ол үшін оқу керек, терең білім алу керек. Жасында үзіп-шалып қана оқып, жүйелі білім ала алмаған Ілияс өмірдің өскелең талаптары алдында өз олқылығын сезініп, 31 жасында оқуға кетеді. Ол 1925 жылы Москвадағы Коммунистік журналистика институтына түсіп, мұны 1928 жылы бітіріп шығады. Ілияс онда буыны қатып кеткен кісідей емес, ынтасын сала жақсы оқиды. Қолын мезгілінен кешірек сермеп, ғылымға әбден сусаған, ғылымның әбден тақсіретін тартып, талай рет іштей кіжінген ақын тарих, философия, әдебиет, журналистика ғылымдарын күрт құлай, құшырлана зерттейді. Сөйтіп жүріп ол творчестволық жұмысын да тастамайды. Бұл жылдары жазған өлеңдері сан жағынан, өткен жылдарға қарағанда, сәл кемірек болғанмен, сапа жағынан ұтымдырақ, байсалдырақ шыққан: тақырыптары маңыздырақ, идеялық мазмұндары мағыналырақ, салмақтырақ, ақындық үні де нығырақ, қуаттырақ. Мұнда біз алдымен өндіріс тақырыбының пайда болғанын көреміз. Москвадағы «Орақ пен Балға» атты шойын, темір қорытатын заводтың сипатын суреттеп жазған «Заводта» деген өлеңі мен Жетісуға темір жол салынуына арнап жазған «От арба» деген өлеңінің жаңа, соны тақырыпқа жазылуымен қатар, үлкен ақындық шеберлікпен жазылғанын атап айтуға болады. Мысалы, «Заводта» деген өлеңдегі:

Қызыл темір қылмандап,
Ырғиды оқ жыландай,
Жұмысшының жылдамдап,
Қысқашы қысад қырандай,—

деген жолдар, сөз жоқ, ақынның бейнелі топшылағыштығы мен өлеңдік өнерінің өскендігінің белгісі. Әрине, мұн-

да ақын әлі заводтың тыс көрінісінен шығып, жұмысшының ішкі дүниесіне кірмейді. Ол алғашқы әсерін сырт суреттеумен беріп, мынадай көкейтесті арманды айтуға асыққан:

Осыны көрген қазақтың
Ойын мына ой орады:
«Бәріне де жан-жақтың
Осындай оттар толады»...

Өзінің туған қазақ даласында да осындай заводтар орнайтынына сенген ақын сол далада темір жол салына бастағанын көргенде, қалай қуанатыны белгілі ғой. «От арба» атты өлеңінде ол шын шаттық сезімін ақтарып, шынайы шабытқа мінеді.

Айдалам Арқам, ауылым,
Алатау, жапғач, қалың құм,
Ортаңнан өтеді от арба,—

деп, қуаныштан және туған жерге деген ыстық сүйіспендіктен көкірегі қақ айрылған ақын жол салынатын даланың сүйкімді суретін, одан өтетін от арбаның оңды бейнесін сипаттай келе, мынадай бір көркем картинаны көзіне елестетеді:

Қызғылы қыздың ернiндей,
Бозғылы боздың өңiндей,
Қырдан атқан таң сұлу.
Атқан от арба түтiн ту...
Сол сурет тiптi тым сұлу —
Таңда тауға шаншылу.

Осы шумақтың өзінен Ілиястың бұл кезде сыршыл ақындық, нәзік суретшілік қабілеті жайнай түскенін байқау қиын емес.

«От арба» — Ілиястың поэзиялық дарынының қуатты серпінінен туған өлең. Бұл өлең — ақынның барлық жағынан көтеріліп, жаңа дәрежеге жеткеніне айқын кепіл. Ең даласын айқыш-ұйқыш темір жолдар шарлап, ұшан-теңіз кен байлығын халық ризығына емірене ақтарып отырған бүгінгі индустриялы да, астықты Қазақстанды көрген кісі бұдан отыз жыл бұрынғы ақынның шын шабытпен, нағыз ақындық қиялмен түйген болжалды арманына және қырандай көреген қырағылығына сүйсінеді де, таңданады, сөйтіп, мына өлеңді оқып, үлкен эстетикалық әсерге бөленеді.

Арба келеді, Алатау!
Мәңгі марқұм, байғұс-ау!

Қалтырар кеудең дірілдер.
Меңіреу, мылқау, құм қоныс.
Керең дала тым-тырыс,
Жатушы ең жансыз жан кірер.
Жолбарыстай жонында,
Жондарынның қойнында,
Қазынаң қалмас, қазылар.
Елдерің жатқан өңірде,
Ерлерің жортқан белінде
Заводтар зәулім азынар.
Асқағы — аспан Алатау,
Жексені — жер Қаратау,
Кеулелер қойнын ақтарар.
Асылға бай кендерім,
Астыққа бай жерлерім,
Дәулетті көлдер мақтанар.

Бұл өлеңнің өзегінде ақын жүрегінің маздаған шоғы жайнайды. Ол «елдері жатқан өңірге» деген, «ерлері жортқан беліне» деген махаббат шоғы, бүгін сол жердің мол байлығына ие болып игерген туған халқына деген махаббат шоғы.

«От арбадан» кейін Октябрьдің он жылдығына арнап жазған «Ұштасқан үш тілек» атты өлеңінде де Ілияс өзінің ақындық аяқ алысының көп жөнделгенін танытты. Мұнда ақын бұрынғы көшерін жел, қонарын сай біліп көшіп жүрген қазақ халқының мүшкіл халін ебелекке балап, нақты көркем образ жасайды. Еңбекші елін бастап жарық жағаға шығарған ұлы көсеміміз В. И. Лениннің образын қырағы капитанға балап көрсетіп, нақты көркем картина жасайды. Орыс халқының балға ұстаған жұмысшысы мен орақ ұстаған шаруасының қазақтың таяқ ұстаған малшысына қол ұшын беріп, ұлы тілек үстінде достасқан одағын да ақын нақты образ, сурет арқылы көз алдына әкеледі.

Балғалы бауыр баста тұр,
Күйелі дене, күс білек.
Орақты бауыр қаста тұр,
Маңқиған мұжық түстірек.
«Әйдә, бірге жүр!» деді,
Ұмтылдым тұрдым үш тіреп.
Ұстадым колын бұлардың,
Айқасып қалды үш білек.
Таяғым таптым, таяндым,
Өзімді сездім күштірек,
Үшеуміз бірге аттандық
Ұштасқан соң үш тілек.

Ілиястың ән туралы өлеңдерінің ең алғашқы қарлығашы 1916 жылғы «Әншіге» дейтін өлеңі болатын. Бұл сарын

әуелде тастан шыққан бұлақ тәрізді сылдырап басталса, бара-бара ол «Күй» мен «Күйші» поэмасына күйды да, тау өзені тәрізді сарқырап ақты, ақырында «Құлагер» поэмасының аңғарына құлап кемерімен теңелген жылым дариядай ұлы арнада терең тұңғиығы теңселе шалқыды.

Ол нендей сарын? Ол — поэзияда қазақ халқының бай ән-күйін жырлау сарыны, ол — кәдімгі Абайдың:

Құлақтан кіріп бойды алар
Жақсы ән мен тәтті күй,—

дейтін сарыны.

* * *

1928 жыл Ілияс творчествосында елеулі кезең боп табылады. Бұл жылы Қызылордада оның тұңғыш рет «Сағанак» атты өлеңдер жинағы шықты. Одан бір жыл бұрын «Бет ашар» деген кіші-гірім жинағы шыққан болатын. «Сағанакқа» ақынның 7—8 жыл ішіндегі газет, журналдарда жарияланған және жарияланбаған өлеңдерінің таңдамалылары енген. Бұрын өлеңдерінің дені губерниялық «Тілші газетінде, бір сыпырасы, «Лениншіл жас», «Ауыл», «Жаршы», «Кедей еркі», «Әйел теңдігі», «Жаңа мектеп» және басқа сол сияқты күнбе-күн, айма-ай шығып тұратын баспасөз бетінде көрініп келген ақын енді бүкіл Қазақстан көлемінде өзінің дербес кітабымен танылды. «Сағанак» жинағының шығуы, жоғарыда айтқандай, ақынның поэзиялық творчествосының жаңа сатыға көтерілген кезіне тап келіп, бұл жинаққа бірқатар соңғы жылдары жазылған соны тақырып, соны сарындағы күшті, көркем өлеңдері де кірген. Бұлардың ішінде жоғарыда айтқан «Заводта», «Ұштасқан үш тілек» деген өлеңдерінен басқа туған жердің табиғат көріністерін суреттеген: «Жазға сәлем», «Көктемде», «Жаз», «Ағынды менің Ақсуым», «Желді қарағай», «Жазғы таң» деген өлеңдері, Абайдың «Әсемпаз болма әрнегесінің» үлгісімен жазылған «Заман» деген өлеңі, ұлы көсемнің қайтыс болған күніне арнап жазған «Қош, бабай», «Ленин тірі» деген екі өлеңі мен жастарға арнап жазған «Ана махаббаты», «Жапырақтар мен тамырлар», «Жас жалшыға», «Саналы жастарға», «Баласына анасынан хат» деген өлеңдері бар. Сонымен қатар ауыл тұрмысынан алып жазған өлеңдерінен: «Ауылдың алды», «Сапты аяқ», «Орақ науқаны», «Тас шешей», «Ұршық», «Сабын», «Сал кедей» т. б. өлеңдер бар.

Сәбит Мұқановтың алғы сөзімен шыққан «Сағанак» жинағы Ілиястың он жыл тынымсыз оқыған, күрескен, ізденген қажырлы еңбегінің нәтижесінде туған творчествосының қаймағы еді. Мұнда біз буыны бекіп, жолын тауып, үні шыққан ақынның идеялық эстетикалық бағытының анықтала түскенін көреміз. Ол жол, ол бағыт — Ұлы социалистік Отан жолы, Отан бағыты, Отанмен бірге алдағы ұлы мақсат-мұратқа құлаш сермеген туған аулының, бақытын тапқан қазақ халқының айқын жолы, аумас бағыты

Ауылдың алды айқын жол,
Аңқылдар ауыл, аңырмас.
Аңыртпай бастар бауырлас
Қозғалармыз қалың қол.

Ауылдың алды асқар тау,
Асқар таудан асармыз.
Асып жайлы жасармыз,
Ел ер жетіп есен-сау.

Ілияс поэзиясының сыңғыраған үні мен әуені социалистік ұлы көштің алдағы асқар тауға өрлеген сапарының салтанатты қоңырауы секілді.

Ілияс Жансүгіров Москвадағы оқуын бітіріп қайтқаннан кейін, Қазақстан Коммунистік партиясы Өлкелік Комитетінің органы «Еңбекші қазақ» (қазіргі «Социалистік Қазақстан») газетінде әдеби қызметкер болып істей бастайды. Бұл — 1928 жылдың жазы еді. Содан былай қарай Ілияс өлеңдерінің көпшілігі «Еңбекші қазақ» газетінде басылып, он мыңдаған оқушыларға тез және тікелей «Тілші» газетінің ақыны болып алады. Оның «Сағанак» атты тұңғыш жинағының шығуы, республикалық газеттің бетінде өзінің жаңа, құнарлы, көркемдік сапасы өскен көрнекті өлеңдерін бүкіл қазақ халқына жеткізіп отыруы осы кезден бастап Ілиястың ақындық атын күллі қазақ өлкесіне танытады.

«Еңбекші қазақ» газетінде істеген үш жыл (1928—1931) Ілияс творчествосының тағы бір басқыш жоғарылаған маңызды белесі болғаны даусыз. Мұнда ақын бұрынғы тақырыптарына қайта оралып, сол тақырыптарды жаңа жақтарынан толықтыра да тереңдете алады, бұрынғы сарындарын одан да әрі күшейте және үдете жырлайды. Мысалы, өзінің жылма-жыл Ұлы Октябрь мерекесіне байланысты арнаулы өлең жазу дәстүрімен Жансүгіров бұл жылдары да Октябрь күнін ардақтап, совет тұсындағы ұлы жеңіс пен табыстарымызды баяндап жазған «Ұлы Октябрь» деген өлеңі — Октябрь тақырыбын бұрынғыдан гөрі қомақ-

тырақ толғап, партияның совет дәуіріндегі басшылық ролін айқынырақ көрсеткен өлеңдер.

Сондай-ақ Ілиястың бұрын өндіріс тақырыбына жазған «Заводта» деген өлеңі оның Москвадағы заводты көргенде алған әсерінен туса, «Жаңа дала», «Алтын қазан» сияқты өлеңдері — Қазақстанның өзіне орнаған өндірістерді көргендегі қуаныштан туған өлеңдер. «Жаңа дала» өлеңінде:

Мыс толғатып, жез туып,
Қарсақпайлар айғайлап,
Жаппай қаулап коллектив,
Эмбілерден май қайнап,
Автомобиль, трактор,
Алды қырды, салды ойнақ.
Қазақстан қартасын,
Темір жолдар шимайлап.
Аэроплан аспанда,
Бұлт қайырып, құрайлап,
Алтын құсты Құмсағыз
Жатқан дәулет құм шайнап,
Қақырығы қайма алтын,
Түкірігі түйме алтын,
Қазақстан болды аймақ,—

деп Қазақстандағы ұлы өзгерістерді, оның ішінде өндіріс орындарының өсуін жалпылама түрде толғайды, бірақ бұл — жалаң толғау емес, нағыз көтеріңкі шаттық сезімге (пафосқа) бөленген образды толғау. Сондықтан бұл өлең оқушыға белгілі эстетикалық әсер етеді. Ал енді «Алтын қазан» өлеңін алсақ, мұнда нақты бір-ақ өндіріс бейнеленген. Ол — советтік Риддер (қазіргі Лениногорск рудниктері).

Төгілген алтын Алтай сілемінде,
Ертістің көкті қапқан негінде:
Жез бесік, алтын құндақ Риддер жатыр.
Сақтаған бар асылын жүрегінде,—

деп басталатын «Алтын қазан» — Ілиястың ең әдемі, әсем шыққан өлеңінің бірі. Мұнда Риддерді қоршаған табиғаттың көркі, Алтай тауының суреті, бойындағы бар асылын иесіне — халыққа иіп тұрған Риддердің ішкі-тысқы сипаты және кеше ғана ауылдан келіп, бүгін социалистік өндірісті игеріп жатқан жас қазақ жұмысшыларының пішіндері өте көркем жасалған. Ауыл әнімен айтуға шақтап жазылған «Алтын қазан» — қазақтың он бір буынды қара өлең түрін мінсіз кемеліне жеткізген жатық, жұмыр, әуезді әрі әшекей-

лі өлең. Ілиястың ақындық өнерінің он жылдың нәтижесінде қаншалықты жетілгеніне бұл да айқын айғақ боларлықтай шынайы поэзиялық шығарма.

Орыс жерін туған жерім деп, жанымен сүйе суреттеу, орыс адамдарының еңбекшілдігін үлгі етіп сүйсіне жырлау, орыс жұмысшылары мен шаруаларының және қазақ еңбекшілерінің ұштасқан ұлы тілегін қастерлеу Ілиястың бұрынғы өлеңдерінде де ұшырасатын («Ресей жері», «Ұштасқан үш тілек», «Заводта» т. б.). Ақынның осы асыл сезімін поэзия тілімен сомдап және жайнатып көрсеткен оның 1930 жылы жазылған «Мәскеу — Қазақстан» деген ұзақ сюжетті өлеңі болды. Бұл шығарма 1930 жылы 25 мың жұмысшы партияның шақыруымен ауыл, деревняға аттанған кездегі Москваның Қазақстанға қамқор болып келген жұмысшыларына арналған. «Мәскеу — Қазақстанды» көлемі мен эпикалық аяқ алысына қарағанда, жай өлеңнен гөрі поэмаға жатқызуға болар еді. Бірақ мұнда нақты адам образдары жоқ, мұнда Москва мен қазақ даласының жиынтық образдары бар. Москва — орыс халқының образы. Ол — Октябрьдің ордасы, ұлы Одақтың астанасы, барлық ұлттардың қамқоры. Дала — ежелден езілген, еріксіз, құлдық пен қорлықта келген қазақ халқының образы. Енді ол — Октябрьдің арқасында, Коммунистік партияның, данышпан Лениннің, қамқор Москваның басшылығы мен көмегінің арқасында азаттық алған, есін жинап, жаңа өмірге бой ұрған бақытты дала. Москвадан шыққан поезд сол даладағы жаңа өмірдің гүлдей де жайнай түсуіне тікелей қолғабысын тигізбек боп аттанған бауырлас жұмысшыларды әкеле жатады. Оларды қазақтың ең даласы құшағын жая мейірленіп қарсы алады. Москвадан шыққан поездың нақты бейнесі, Октябрьде ұштасқан үш тілектің одағы, адал ниетпен аттанған Октябрь ерлерінің игі мақсаты, баяғы отаршыл Москваның орнындағы жаңа қамқор Москваның ізгі сипаты, баяғы қу мекиен далада, ебелек іспетті күн кешкен қазақ еңбекшілерінің бүгінгі жылы шырайы, баянды өмірі — мұның бәрі әдемі сурет, терең толғаумен әсерлі берілген. Сөйтіп, «Мәскеу — Қазақстан» Ілияс Жансүгіровтың еліміздегі халықтар достығының ұлы идеясын, әсіресе орыс халқының ағалық, қамқорлық ролін айқын танып, ақиқат жырлауда айта қаларлық табысы болды дей аламыз. Москвада аз уақытта болса жан салып оқуының арқасында, білімге құлашын тым... кеш сермеген ақын өзінің идеялық өресі мен поэзиялық мәдениетінің көрінеу өскендігін осы өлеңімен де анық аңғартты. «Біздің орда» дейтін

мына бір шумақта өзінің де, өзге қазақ жастарының да өсу себебін тұжырып тура түсіндіріп өткен.

Тағдыры боз, тас, жусан,
Тарығып қырда өскен кім?
Тағдырдың тар бұғауын
Білеміз кім шешкенін.
— Есінді жи, ел бол! — деп
Аштың есік, Мәскеуім,
Даладан, таудан, алыстан,
Саған қарай көшкен кім?
Білімнің бұлағын
Мейірі қанып ішкен кім?
Октябрьдің ордасы,
Сенде қайнап өскен кім?
Сол сорлы елдің баласы —
Мындаған жас әскерім,
Ендеше ордам, Одағым,
Қамқорым, менің Мәскеуім!

Әрине, акын өлеңдерінде, оның ішінде осы өлеңнің өзінде әлі де толғау сарыны жалпылама патетикалық серпін басым, кейде декларациялық, дидактикалық әуен килігіп кететіні бар. Әйткенмен Ілияс қашан да халық поэзиясы дәстүрінен қол үзбей, қайта оны жаңалыққа бейім жаңғырта отырып реалистік образ нақтылығына, адам сезімінің дәлдігіне, психологиялық нәзіктігіне бірте-бірте ойыса берді. Бұл процесс азамат акынның идеялық қуатын әлсіреткен жоқ, қайта күшейте берді.

Совет заманының ірі саяси, әлеуметік оқиғаларының бәріне үн қосып, өлең арнап келген жаршы акын «Еңбекші қазақ» газетінің белгілі акыны болған кезде бұл қасиетін дамыта түсті. Оның тақырыптарының өрісі кеңейіп, саяси жағынан өткірленіп, үгітшілдік үні пәрмендірек шығатын болды. Мысалы, ол кезде Қазақстанда елеулі революциялық әрекетке баланған маңызды оқиға — конфискация шарасы — іске асырылған-ды. Ежелден еңбекшілерді жегідей жеп келген шынжыр балақ, шұбар төс ірі байлардың-феодалдардың қанаумен жиған мал-мүлкін конфискациялап, жарлы-жалшыларға бөліп беру Қазақстандағы тап күресінің ірі шарасы болатын. Міне, осы тақырыпқа Ілияс бір ғана жылдың ішінде екі өлең, бір поэма жазыпты. Конфискация жөнінде декрет шыққан күні «Еңбекші қазақ» газетінде оның «Біздікі» деген өлеңі жарияланған. Бұл өлеңін жалшы жыры түрінде:

Ішкенің қаның, жиған малың кімдікі?
Тапқан, баққан, күткен құл мен күндікі.

Арам, тамақ, аластаймыз ауылдан,
Мал да, жер де, ел де, үкім де біздікі!—

деп түйеді. Осы бір шумактың өзінде қашаннан жалшы жүрегінде байланған кек, ыза жатыр, сонымен бірге өзінің күшіне сенген үлкен қуатты үн бар, өзінің таптық мақсатын тура түсінушілік бар. Ақын сол кекті, сол үнді, сол түсінікті жалшы аузына тауып салады, дәл айтқызады.

Мұнымен тоқтамай, Ілияс сәлден кейін «Кәмпеске» атты поэма жазып жариялайды. Поэманың басты геройы — таптық сана-сезімі оянған жарлы-жақыбай, жалшылар. Олар қашаннан өздерінің қанын сорған Мұқан деген обыр байды конфискациялап, жер аудару әрекетін өз қолдарымен саналы түрде жүргізеді, сұм байдың күн ілгері тыққан қоймасын ашады. Ішіне қан қатып, ашынған Мұқан поезбен белгісіз тарапқа кетер алдында жермен қоштасу түрінде былай кіжінеді:

Қуарған Мұқан! (Жұлқылап)
Қолыңды әкел, қу шұнақ!
Қош құрыған аруақ!
Қош, жау ел!
Қош, қу қоныс,
Бұйырмаған топырақ!

Қаншама уыт, қаншама зәр шашқан сөздер! Арпалысып, бірақ амалы құрып бара жатқан тап жауының типіне лайық сөздер. Поэманың сюжеттік желісінің шиыршық атқан түйіні де осы жерде. Сондықтан поэманың драмалық күші де осы кульминациялық түйінде.

Ілиястың сол жылы «Жаршы» газетінде басылған «Толғау» деген ұзақ өлеңінде конфискация мәселесін кеңінен толғап, үлкен заман мәселесі етіп топшылау кездеседі. Бұл заман қай заман деген сұрақ қоя келіп, бұл әкіметті өз қолына алған ерікті, күшті еңбекші халықтың заманы деп саяды ақын. Өзінің поэзиясына дем беретін де, күй беретін де осы заманның күресі мен жаңа өмірдің табысы екенін айтады ол.

Домбыраң емес, қаламды,
Қобалжимын, қолға алам,
Кеше ғана ойнаған
Темір емес, өмірді
Өзгеше соққан балғадан
Ойнағанда күй алғам.
Мінеки біздің алған күй,
Мінеки біздің салған ән.
Әлі де талай толғанам.

Халықаралық жағдай мен жер жүзілік оқиғалар, империалистерге қарсы өршіген жұмысшы қозғалысы мен ұлт-азаттық қозғалысы мәселелері — әр жылдары-ақ ақын назарын аударып келген тақырыптың бірі. Жансүгіров поэзиясында бұл тақырып әжептәуір орын алады. Капиталистік елдердің ала ауыз дипломатиясын мазақтап,— Ол 1922 жылдың өзінде «Тілші» газетінде «Саясат қошқарлары» деген сықақ өлең жариялаған болатын. Оның бер жағында:

Қашан, қашан,
Қашаннан,
Ісі айуан,
Түсі адам.
Өз денесін улаған,
Өзін сорған сұр жылан,
Жалмауызсың,
Жауызсың.
Сен тозған,
Сен алжыған —
Капиталшыл ку қоғам!

деп, капитализм дүниесін жерлеп, әшкерелеп жазған «Қосаяқ» деген өлеңін 1928 жылы «Жаңа әдебиет» журналына бастырды. 1926 жылы май айында Англияда күшпен басылған көмір кеншілерінің көтерілісіне арнап жазған «Кім үшін?» деген өлеңі 1928 жылы «Сағанақ» жинағында шықты. 1925 жылы Париж Коммунасы күні «Тілші» газетінде «Коммуна» деген өлең жазып:

Жер қандай? Дүниеде бір таз қарын
Үрлейтін қарын құртын қызыл жалын —
Батыстан батқан күнің бізден шықты,
Кәдіксіз нұрға орайды жердің шарын,

деп, ақын бейнелі сөздерімен Париж Коммунасы қаһармандары бастаған ұлы істі Совет Одағы жүзеге асырып отырғанын, Коммунаның жарқын идеясы күндердің күнінде дүние жүзін нұрға бөлейтінін айтып, жалынды жыр қозғады. 1929 жылы «Еңбекші қазақ» газетінде атақты француз ақыны Виктор Гюгоның «Қырғында» деген революциялық өлеңін қазақшаға аударып бастырды.

Ілиястың халықаралық тақырыпқа жазған шығармаларының ішіндегі ең биік шыңы — 1929 жылы «Еңбекші қазақ» газетінде шыққан «Гималай» атты даңқты өлеңі. Бұл өлеңнің жазылуына сол жылғы Үндістан оқиғасы тікелей себеп болған. Бірақ мұнда тек Үндістан емес отаршылдықта

езілген күллі Шығыс елдерінің күйі мен келешек тағдыры жалпыланып бейнеленеді. Империалистер жайлаған Гималай — осы қанауда қан қақсаған қайғылы Шығыстың бейнесін беру үшін алынған жиынтық образ. Сұрақ пен жауап (диалог) түрінде жазылған «Гималай» — жанар таудың бұрқ етіп жалын атқаны тәрізді үлкен ақындық күштің лебінен туған шығарма.

Ақшалап басын қар көміп,
Аспанның төсін арда еміп,
Анасындай алтын күн,
Сел жіберіп бір жуып,
Жел жіберіп бір желпіп,
Ауық-ауық құшақтап,
Әлсін-әлсін нұр сеуіп,
Есейген асқар Гималай...
Сол күннен нұр ала алмай,
Басы мұнар бауыры тар...
Гималай асқар неге олай?

деп басталатын сұрақта арынды асқақ поэзияның өрнегі салынған: ақынның жүрегінен ең ардақты сезімі ақтарылған.

Жемісі жерде мәуелеп,
Терегі көкке тәуелеп,
Тағысы таста ойнаса,
Қиядан қыран әуелеп,
Андыздан ара бал сорып,
Шешегін шымшып көбелек,
Құндағы ну қарағай.
Сол сәулетке оранбай,
Борбайы борша, арша арқа,
Гималай асқар неге олай?—

деген жолдарда әсем образдардың кестесі тігілген, асыл, сұлу сөздердің маржаны тізілген. Ал енді:

Гималай — көктің кіндігі,
Гималай — жердің түндігі.
Мұз — туырлық, қар — үзік,
Түрілмеген бір күні.

деген шумақта сол кездегі қазақ ұғымына таныс, жақын және жағымды киіз үйдің байырғы бейнесі арқылы керемет көркем сурет жасалған.

«Гималай» — Ілияс шығармаларының ішінде айрықша айшықтысы, әдемісі, мазмұны мен түрі қиысқан, төрт тақтасы түгел жатық, тыңнан ойғандай тұтас, қорытып құйғандай сом, кесек шыққан көркемі. Оның идеясы — терең, нақ, шын өмірлік идея. Оның екпіні мен әуені шын өмірлік таби-

ғи сезімнен туған, нағыз толқыған ақын жанынан жарып шыққан.

Данышпан Ленин бір кезде Шығыс пен Азия елдерінің империализмге қарсы қозғалатынын, отаршылдықтың құлдық бұғауынан құтылатынын жіті болжап айтқан болатын. «Гималайда» Ілияс сол жау жайлаған қалың Шығыстың ауыр күйін суреттей келіп, оның бойындағы алып қуатын, алдағы жарқын болашағын меңзеп, Лениннің даналық болжалына өзінің ақындық қиялын ұштастырады:

Гималайда қуат бар,
Қозғалды оны құрауға,
Гималайда ұлы от бар,
Таянып тұр тұтауға:
Гималайда улы оқ бар,
Құл атады құдайға.
Болса болар, болғандай...
Көксеп күн мен көкөрай,
Дейтіндерге неге олай?
Айтар сонда Гималай.

Бүгінгі бостандық алып, тәуелсіз ел болған Индия, Бирма, Вьетнам тағы басқа Азия елдері Ленин болжалының өмірлік, даналық болжал екеніне айқын айғақ болса, сонымен бірге олар ақын қиялының да өмір шындығына сәйкес, революциялық идеядан пайда болған негізгі, қисынды қиял екеніне даусыз дәлел бола алады. Оның үстіне С. Сейфуллин, І. Жансүгіров сықылды бірен-саран қазақ ақындарының қиялы мен назары ауыл, республика аймағынан асып, озса Одақ көлеміне, қалса дүние жүзіне шығып, халықаралық қатнасқа түссе, күрделі күрес тақырыптарын қамтыса — мұның өзі үлкен өскендік қой: сол жиырмасыншы жылдары-ақ олардың өздерін интернационалист совет жазушысы ретінде бүкіл дүниенің, бүкіл адамзаттың тағдырына жауаптымын деп сезіне бастауы ғой. Кейін бұларға ілесе халықаралық тақырып дегеніміз дәстүрлі түрде Сәбит Мұқанов, Асқар Тоқмағамбетов, Әбділдә Тәжібаев, Тайыр Жароков, Қасым Аманжолов, Жақан Сыздықов сықылды ақындардың да творчествосына дарып, қазақ поэзиясынан елеулі орын тепті.

Бірақ бұлардың қай-қайсысы да қиял құсын қанша жыраққа ұшырғанмен, «ат айналып қазығын табады» дегендей, ұя салған жеріне, туған жердің топырағына қайтады, түп тамырын үзбейді.

Айталық, далада туып өскен, даладан еш уақытта қол үзбеген ақын Ілияс Жансүгіров ара-кідік басқа тақырыптарға да бой ұрғанмен, өзінің сүйікті даласын ешқашан

есінен шығарған емес. Дала образы Ілиястың толғауы бойынша әр кезде қазақ халқының бейнесінде алынады да, даланың өткені мен қазіргісі әрдайым сабақтас жырланады. Бұл образ Ілиястың барлық жылдардағы Октябрь күніне жазған өлеңдерінде және «Тоғызда», «Нұр алғаны сол шығар», «Ауылдың алды», «Бүгінгі дала», «Жаңа дала», «Толғау», «От арба». Мәскеу — Қазақстан» атты өлеңдерінде көбірек ұшырасады.

Дала, даладағы ауыл, ауылдағы өмір, тартыс, қайшылық, өзгеріс, жаңалық, жетістік — мұның бәрі ақынды не қайғыртады, қынжылтады, не қуантады, сүйсіндіреді. Қазақ даласының өткен өмірін айтса, қабағы тұнжырап, жырынан зәр шашады, қазіргісін айтса, жадырап жырынан нұр төгеді.

Мысалы, Ілияс Жансүгіровтың совет тұсында жыл бойы үздіксіз шаттықпен жырлаған жаңа даласын алсақ, мұнда ұлы өзгерістермен қатар, шырмауықша оралған ескіліктің қалдықтары да болды. Олар: арылып болмаған қараңғылық, уын жайған діншілдік, ескі феодалдық-патриархалдық қоғамның әдет-ғұрпы мен салт санасының қоқсық сарқыншағы, сондай-ақ паракорлық, мансапқорлық, пәлекорлық, екі жүзділік сияқты жағымсыз, жексұрын мінез-құлықтар мен міндер: бұлар әрқашан ақынды жирендіріп оның талай уытты, сыншыл, сықақшыл өлеңдері мен фельетондарын туғызды.

1920 жылы жазған «Бейсенбек болыс» пен «Елге шыққанда ол не айтады», 1921 жылғы «Некешілдер» мен «Молданың мінажаты», 1922 жылғы «Алабие», 1923 жылғы «Ит-ай» мен «Жолсыз салық» және «Ықшылбай», 1924 жылғы «Бұлақ бойында», кейінгі жылдардағы «Бай, бәйбіше», «Өлген молданың өсиеті» т. б. өлеңдер ауылдағы жаңа өмірдің бейнесіне түскен ескілік көлеңкесі секілді көріністерді әшкерелеген өлеңдер еді.

Соның біреуін ғана алып көрейік. «Ықшылбай» дейтін өлеңдегі басты кейіпкері Ықшылбай надан емес, «совработник», андысқа ұсақ өсек тіпті жетік». Міне оның кескін-келбеті.

Ажарлы алапатты оның беті,
Мансапшыл, ұлық сыйлау бар ниеті.
Қойыртпақ қойны толған пәле-жала,
Төменнен сый көрмесе, қисық, тіпті.

Сөйлесе басын мақтап адалдайтын,
Артқыға алдыңғыны жамандайтын.
Жолдасты жаңаланған «жаны сүйіп»,
Жалпақтап, жалпылдайтын амалдайтын.

Ықшылбай жұрттың бәрін айласымен, ала аяқтығымен алдап, атыстырып, шабыстырып, қызметінде аман қалып жүрген ку — Жапар да, Жарқымбай да, Мәулет те оның торына түсіп, алданғандар, ақымақ болғандар. Бұл өлең 1923 жылы жазылған. Ал бірақ маңызын, актуалдығын қазір жойған ба? Ықшылбайлар біздің арамызда жоғалып бітті ме? Жоқ, бітпеген шығар. Сондықтан да Ілиястың осы секілді нақты кейіпкерлер образына құрылған өткір, уытты сатиралық өлеңдерінің қазақ поэзиясында Асқар Тоқмағамбетов, Жақан Сыздықов, Шона Смақанұлы, Мыңбай Рашев, Оспанхан Әубәкіров-сыңды мираскерлері бар. Адам мінезіндегі, қылығындағы әлі арылып болмаған ұсқынсыздықты, сұрқиялықты әшкерелеп күресуде Ілияс шығармалары, оның азаматтық үні, мысқылы, тура айтатын шыншылдық дәстүрі бүгін де қажет, қымбат.

Ал дала тақырыбына оралсақ, бұл Ілияс шығармаларында туған жер, халық, Отан деген мағнада алынып, бүкіл творчествосының арқауы іспетті кейде картина, образға материал, кейде тарихи оқиғаға өріс жасайтыны да бар. Көп өлеңдерінде ақын даланы қазақ халқының образына балап тура мағынасында жырлап келді.

Дала образын, яғни қазақ халқының өмірін, Ілияс Жансүгіров 1930 жылы «Еңбекші қазақ» газетінде басылған «Дала» поэмасында кеңінен жырлады.

Қазақ республикасының он жылдығына арналған ұзын сарынды эпикалық поэмада ақын қазақ тарихындағы елеулі кезеңдерге шолу жасайды, ел басына түскен ауыр күндерді суреттейді. Сондықтан поэманың басты геройы да сол әр заман зар шеккен, өмір үшін күрескен халық болады. Халық басынан кешкен тарихи оқиғаларды толғау үшін қолайлы тәсіл ретінде алынып шығарманың өнбойында араласып отыратын бір шал бар. Оны ақын поэмасының басында:

Көпті көрген бір кәрі,
Талай-талай заманнан,
Тепкі көрген қыр шалы,
Дөңде отырады осы кез,—

деп көрсетсе, поэманың соңын сол қарттың «тарих дейтін шал болам» деген сөздерімен тындырады.

Шығарманың сюжеттік желісі, міне, осы шалдың шежіресіне құрылған. Сол себепті жазушының тарихи-философиялық толғауы жалаң топшылау, баяндау түрінде емес, аңыз, ертегі түрінде, ақындық суреттеулер, образдар арқылы берілген. Мұны тараулардың атауларынан да көруге

болады: «Ақтабан», «Құл көгені», «Құрбандық», «Октябрь дабысы», «Аласапыран», «Атаман ойнағы», «Әлсіз дауыс» т. б.

Поэманы оқып отырғанда тарихтың тұңғығына шомған көне заманның күнгірт оқиғалары қайта тіріліп, көз алдыңнан тізбектеліп өткендей болады. Қыр басында отырған тарихшалмен бірге сенің де құлағыңа әр заманның үні шалынып, әлденендей ызың, шу, дүбірлер естілгендей болады.

Азан-қазан қыр үркіп,
Кімдер қалмай далада,
Талай көшті Сыр жұтып,
Ауғын болды ақ табан.
Жылап-шулап ұлардай,
Шұбырынды болды күн.
Қайың сауа, ши шайнай,
Бақа жылан қақтаған,—

деген шумақтан халықтың осы тақырыпқа айтатын белгілі «Қара таудың басынан көш келеді» деген өлеңінен алатын әсерді аласың: мұнда бір түрлі картина мен үн ұштасқан секілді — картина үн шығарып, үн картина жасап тұр.

«Құл көгенін» оқығанда көгендегі шал мен баланың ыңырсыған зарын естисің. «Құрбандықты» оқығанда қорлыққа шыдай алмай, Еділге түсіп өлген тұтқын қыздың бейнесін көресің. «Отар жорығында» отаршылдар мен бірге «өз» елін қоса шапқан қазақ феодалдарының озбырлығынан зар илеген халықтың қайғы-мұңын сезесің. «Жиделі-байсында» халықтың туған мекенімен қоштасуын:

«Қалғанша,— деп,— сен жауға»,
Құдықтарға көмілді ит.
От қойылды қыстауға,
Қара түтін бықсыды.
«Құтсыз қоныс қалсын да.
Асанқайғы шалған жер.
Кетсек пе екен Байсынға?»
Осы болды сыпсыңы,—

деп суреттеген психологиялық картинаны көз алдыңа келтіресің.

Қазақ даласын жаңғырықтырған 16 жыл мен бүкіл дүние жүзін ұлы дүбірге бөлеген Октябрь сарыны «Дала» поэмасында оқушыға үлкен бір құдыретті күй секілді әсер етеді. Қазақтан шыққан қарт большевик Әліби Жанкелдиннің жарқын бейнесін ақын поэманың «Қызыл жұлдыз» атты шағын ғана тарауында жарқ еткізіп көрсете алған.

Башқұрт қазақ солдаты,
Отряды жанында,
Ленин берген мандаты,
Қолда қызыл жалауы.
Жібек мінез, қырмызы
Октябрьдің бір ұлы.
Жаңа жұрттың жұлдызы,
Бұл — Әліби аяулы.

«Баяндама» деген негізгі тарауда Ілияс совет өкіметінің тұсында Ленин партиясының дана басшылығымен жеткен тамаша табыстарды баяндап, үлкен ақындық-философиялық толғау жасайды. Сондай-ақ поэманың соңғы «Той бастау» тарауында ақын Қазақстанның он жылдық тойының той бастаушысы ролінде өзінің сезіміне, тіліне, қаламына ерік беріп, шексіз шаттықпен шабыттана жүрек жырын төгеді.

Қимылда, тіл, қимылда!
Қимылдайтын күн бүгін,
Есе тиген күн, құлға!
Қимылда, тіл, қимылда!
Қимылдайтын күн бүгін,
Қазақстан он жылда!
Ленин берген ту қолда!
Қимылда, тіл, қимылда!
Еңбекшінің дұшпаны —
Ежелгі жау қуғында!
Қимылда, тіл қимылда!

Мұндағы қаратпа сөздер мен лепті сөйлемдердің әлденеше қайталануы ақынның аңқылдаған желдей екпіні мен қарқынын аңғартып, өлеңге көтеріңкі үн мен қуат беріп тұр. ақынның қуанышы «масайраған мың-мыңның» қоспасыз таза, шынайы қуанышы екенін көрсетіп тұр. Әдетте жалған сезім мен лепіру өрекупуді көрсетеді, риторикаға дем береді. Ал енді шын сезіммен шаттана шарықтау, яғни шаттық шабытқа міну, поэзияға қанат, жігер береді. Ілияс Жансүгіров «Той бастау» тарауында өзін халықтың жаршысы, қызметшісі деп біліп, біресе той бастаушы шешен, біресе жыр ағытатын ақын, яки жырау, біресе бәйгеге қосқан жүйрік бейнесінде алып, шын халықтық қуанышты жырлау үшін, бар пәрменімен шарқ ұрады. Сондықтан оның толып жатқан қайталаулары жаңғырған, құлпырған түрде («Қимылда, тіл, қимылда», «Жорғала, тіл, жорғала», «Сорғала, жыр, сорғала», «Тақылда, тіл, тақылда», «Өрмеле, тіл, өрмеле», «Дөңгеле, жыр, дөңгеле», «Саңқылда, үнім, саңқылда», «Аңқылда, жыр, аңқылда», «Жарқылда нұр, жарқылда» т. б.) жыр әсерін әлсіретпейді, қайта үдей түскен

борандай немесе шүмектей түскен нәсердей, ғажап күшейтеді, арындатады.

Ілиястың ақындық аяқ алысында бастан-ақ бейнебір арындылық және аршындылық бар-ды. Ол — өрен эпик ақынға хас қарымдылық, «алыстан сермеп», ұзаққа сілтегіш кең тынысты сұңғылалық. Ақын талантының осы бір қыры оның толғауларында, аяқталмай қалған «Мақпал» және «Рүстем қырғыны», «Мәйек», «Кәмпеске» «Күй» поэмаларында бұрыннан байқалатын. Бірақ Жансүгіров поэзиясының шығыс эпосы мен қазақ эпосындағы ұзақ сонар эпикалық құлашына ұқсастығымен қатар өзіне тән ерекшелігі көз тартатын. Ол жалпы халық поэзиясының толғау» жанры мен қазақтың лиро-эпостық дастандарына тән эпикалық желінің лирикалық арқаумен өріліп отыратындығы. Бұл ерекшелікті қаламгер ақын Ілияс Жансүгіров жаңа әдеби-поэзиялық сапа беріп жетілдіргенін көреміз. «Рүстем қырғыны» поэмасының бастамасында мынадай өлең жолдары бар:

Әңгіме жансар, жарым, жұлма шықса,
Сөз емес, қара қарға қарқылдайды.
Бұлбұл үн, семіз сөзге әй айқасса,
Әні ағын, сонда таудан аңқылдайды.
Шебер сөз шешен айтса сылдырлайды,
Сәулесі көкейді алып бұлдырлайды.
Ежелден ел бұлбұлы ақын шіркін,
Ән салад, әңгіме айтад, жыр жырлайды.

Поэманың программасы іспетті осы жолдардан Ілияс ақынның негізгі принципі — эпос пен лириканың (әңгіме мен жырдың), көркем сөз бен музыканың (шебер сөз бен әннің) өрілген өрімін, астасқан синтезін аңғарамыз. Мұнда әңгіменің «жансар, жарым, жұлма шықпауы» (композициялық құрылысының бүтін, тұтас шығуы) көзделеді, сондай-ақ «бұлбұл үн, семіз сөздің айқасуы», «ежелден ел бұлбұлы ақын шіркіннің» шебер сөзінің шешен айтылып, «сәулесі көкейді алуы» көзделеді. Ілиястың поэма жанрында ұстаған кредосы да, критерийі де осы. «Дала» поэмасы, сөз жоқ, осынау принциптің ойдағыдай жүзеге асуы деп білу керек.

Әрине, бұл шығарманың да кем-кетік жайлары жоқ емес. Бүкіл бір халықтың екі жүз жылдай тарихын бір поэмада шолып шығудың оңай еместігі өз алдына, мінсіз, мүлтіксіз болуы тіпті мүмкін емес қой. Сондықтан арынды ақын өрен жүйріктікпен бірқатар тарихи оқиғалардың адам характері арқылы ішіне сүңгудің орнына оларды Құлагерше жосытып шыққан жайы бар.

Сонымен, сайып айтқанда, «Дала» поэмасы кейбір әлгі секілді көркемдік, композициялық кемшіліктеріне қарамастан, (сюжеттің нақты адам образына құрылмауы, жүз жылдаған тарихты сырт шолу) бір жағынан, Ілияс Жансүгіровтың он жылдық творчествосының, әсіресе қазақ халқының тағдыры жөніндегі оның дала образы арқылы көп жырлаған негізгі тақырыбының қорытындысы тәрізді ең іргелі шығармасы десек, екінші жағынан, ол жалпы поэзиямызда сол қазақ халқының ақындық шежіресі есебінде ірі белес жасаған поэзиялық, тарихи философиялық ұзақ салалы шығарма дей аламыз.

* * *

«Дала» поэмасының жазылған жылы бүкіл Совет елінің өмірінде үлкен асу жылы болатын: ол — еліміз социалистік құрылыс дәуіріне еніп, жаппай коллективтендіру негізінде бай-құлақ табына шабуыл жасалған және бірінші бесжылдық жоспар бойынша ұлы өндірістік алыптар іске кірісіп, социалистік жарыс кең өріс ала бастаған елеулі жыл еді. Ілиястың «Дала» поэмасынан кейінгі творчествосында бұрынғы тақырыптарға қосымша енді осы жаңалықтар кең орын алады. Мұны 1931—1932 жылдары жазған «Жұмысқа», «Элеватор», «Тракторшыға», «Таныңдар», «Жаңа тұрмыс», «Мақта колхозы», «Екпін күйі», «Бесжылдықтың ерлері», «Сеп-сеп», «Социалистік көмек» атты өлеңдері мен 1932 жылы жазған «Қуат» поэмасының тақырыбынан-ақ көруге болады. Бұл өлеңдердің дені күнделікті газеттерде басылған. Бұлардың көркемдік қасиеттерінен гөрі күнбе-күндік, науқандық, үгіттік мәні басымырақ. Ал сол кездегі бүкіл одақтық электр қуатының ордасы Днепрогэс алыбын жырлап жазған «Қуат» поэмасында образдарының жалпылама схемалылығымен қатар, жаңа, тың екпін, леп, серпін сезіледі.

Өмірдегі ұлы жаңалықтарды шабытпен қарсы алу, бірақ оларды әлі көркем игеріп үлгермеу, терең сыр-сипатын жете ұғынбау, сондықтан көбіне оқиғаның сырт көрінісіне еліктеу — жалғыз Жансүгіровтың емес, сол тұстағы барлық ақындардың басынан кешкен жай болатын. Жаңалықты бойына сіңіріп, ішті-тысты зерттеп әбден ұғынып, біліп алып, жүрегімен сезініп жазбай, газет мақаласын өлең ұйқасына айналдырумен шынайы поэзия шықпайтыны белгілі ғой. Ал енді поэзияда аз уақыт орын тепкен осы бір жай көркемдік көзбен қарағанда кемістік көрінгенмен, совет

ақындарының социалистік құрылыстағы үлкен азаматтық белсенділігінің кепілі еді. Осы жақсы мағанасындағы азаматтық белсенділік, өмірден қалмай, жаңа дүние жаршысы болу борышын саналы түрде ұққандық олардың творчествосындағы уақытша кезіккен эстетикалық кемшілікті тез жетілдіру үшін қайта үлкен себепкер болды. Ескілікпен күресіп, еңбекте ерлік көрсетіп жатқан, мәдениетті, техниканы жаңадан игеріп жатқан совет адамының ойын, сезімін, өзгеріп жатқан мінез-құлқын терең алып суреттемей, іс алға баспайтынына жедел көзі жеткен совет ақындары, оның ішінде аға ақын Жансүгіров осы бағытта іздену, еңбектену жолына түсті. 1934 жылы жазған «Шаттық жырында» Ілияс қазақ поэзиясының алдында тұрған әлгі жаңа міндетке байланысты ақындарды халық үні дерлік жоғары сапалы өлең, жыр туғызуға шақыруы жай емес.

Шырқалсын шаттық үні әншілердің,
Ақыннан сөз қалмасын айтылмаған,
Төгілсін тәтті жырлар, күшті күйлер!
Асыл сөз, аңқып лебіз, шалқыған ән.
Отанның ұлдарынан шыға берсін,
Үні деп бақытты елдің жан тындаған.

ВКП(б) Орталық Комитетінің 1932 жылы 23 апрельде қабылдаған тарихи қаулысы бойынша Қазақстанда РАПП-тың бөлімі ҚазАПП тарап, Совет жазушылар одағының Қазақстандық ұйымдастыру комитеті құрылады. Осы комитеттің председателдігіне сол кездегі көрнекті ақын Ілияс Жансүгіров тағайындалады. Жаңа ұйымдасқан совет жазушылар ұйымының басшылығында Ілияс әдебиет қозғалысы жұмысына бес жыл бойы белсене ат салысып, жас жазушыларды тәрбиелеп өсіруге, қазақ совет әдебиетінің социалистік реализм жолымен дамуына көптеген елеулі еңбек сіңірді. 1934 жылы Қазақ совет Жазушылар одағының бірінші съезінде қазақ совет әдебиетінің күйі мен міндеттері туралы ұзақ сөз сөйлеп, көптеген соны, келелі пікірлер айтады.

Алексей Максимович Горькиймен аңгімелесіп, ұлы ұстаздан өсиет, өнеге алады.

Қазақтың жазба әдебиеті мен әдебиет тілінің негізін салған Абай Құнанбаевтың 1933 жылы басылған шығармалар жинағына Жансүгіров ұлы ақынның өмірі мен творчествосы туралы үлкен кіріспе мақала жазып, Абай поэзиясы мен әдеби мұра мәселесіне де қатысты құнды ой, пікірлер білдіреді.

Абай поэзиясының әлеуметтік мәнін бағалауда сол кездің жалпы сарынымен І. Жансүгіровтың үстірт айтылған

ағат пікірлері де болды. Бірақ оны көп ұзамай өзі де мойындап, Абай шығармаларының халықтық сырын ұғынуға алдымен ат салысты.

Сол жылдары жазушы проза жанрында бұрынғы очерк, әңгіме, фельетондар орнына енді «Жолдастар» атты көлемді роман жазады. Жансүгіровтың он жыл ішіндегі жиырмадан астам очерк, әңгіме, фельетоны 1933 жылы толық жинағының 2 томына енген. Бұлардың таңдамалылары бірқатар жаңа әңгімелермен бірге 1935 жылы «Жол аузында» деген атпен өз алдына кітапша болып шықты.

Мұндағы очерктер мен әңгімелер негізінен 20 жылдардағы және 30 жылдардың бас кезіндегі қазақ аулындағы әр түрлі жаңа құбылыстарды көрсетуге арналған шығармалар. Колхоз болып ұйымдасқан шаруалар мен жол салып жатқан жұмысшылардың еңбектері — Жансүгіровтың прозалық шығармаларының негізгі тақырыбы.

Колхоз өмірі жайындағы очерктерде жазушының өз көзімен көрген ауыл адамдарының қажырлы істері әңгіме болады. «Нұрша», «I Май», «Қойшы мен аэроплан» т. б. әңгімелерінде қазақтың даласына еніп келе жатқан жаңа мәдениет, техника түрлері көріне бастайды. Жазушы сол дәуір жаңалықтарын ізін суытпай, іле суреттеуге тырысқан. Ой мүддесі, ынта-ықыласы өзгерген колхозшылар мен жұмысшылар — жазушының басты геройлары.

Кейбір сәтті, көркем шыққан әңгімелерін былай қойғанда Жансүгіров әңгімелерінің бір сыпырасы оның осы жанрда әлі төселмеген қаламынан туған әдеби жаттығулар сияқты, яки көркем шығарма ретінде жетілмеген күнделік тәрізді. Мұнда адам образын жасау жағы жетпей жатады. Геройларының ішкі дүниесі көп жағдайларда тіпті ашылмайды. Колхозшылар мен жұмысшылардың еңбегі типтік образдар арқылы (обобщение) түйіндеу жасалып, қорытылмай, геройлардың ұзын-сонар диалогтары арқылы жалаң беріледі.

Жазушының тілінде де (әсіресе алғашқы жазған очерктерінде) бір сыпыра орамсыздықтар мен олақтықтар кездеседі. Мұнда картина мен образ орнына құрғақ баяндаулар мол.

Алайда «Жаңа жолда» деген очеркінде жазушы шығармасының сюжетін жинақты құру бастағаны байқалады. Арба, машина, поезбен жүрген жолаушы осы үш көлікті, оның жолын, қиындығы мен рақатын салыстыра отырып, поездың артықшылығын дәлелдейді. Осы үш «көлік» жолын салыстырудың өзі жазушының тапқан жаңа тәсілі тәрізді.

«Қойшы мен аэроплан», «Шешілмеген жұмбақ», «Жедел жәрдем» т. б. қысқа әңгімелері — бас-аяғы жинақы, нақтылы сюжет бар, әзілі мен мысқылы бар шығармалар. Бұларда жазушының фельетонға ыңғайлылығы байқала береді.

Әңгімеден арнаулы фельетонға көшкенде, Ілиястың қаламы төселіп сала береді. Ұсқынсыз мінез, қылықтың сиқын тез көріп, өткір тілмен дереу ғана сатиралық образ жасай қою — Ілияс талантының көрнекті бір белгісі. «Құқ» деген атпен дербес кітапша боп шыққан фельетондар жинағына жазушының осы сатиралық талантын танытарлық таңдамалы шығармалары енген. Соның ішінде айырықша атап айтарлықтары: «Сөз Қамысбаевқа» (1927), «Сыйға — сый, сыраға — бал» (1922), «Жарайсың, Шұлғаубаев» (1928), «Шалқыбай» (1925), «Құқ» т. б. Бұлар — кезінде күнделікті оқиғаға жазылған фельетондар болғанмен, дербес көркемдік құны бар шығармалар. Сондықтан олар бүгінге шейін эстетикалық әсерін жойған жоқ.

Ал енді Ілиястың прозадағы соңғы шығармасы «Жолдастар» романы. Бұл оның әрі тұңғыш, әрі ақырғы романы.

Ал жалпы қазақ прозасында «Жолдастар» Сәбит Мұқановтың «Теміртас» романымен қарайлас жарық көрді. Мұнан бұрын С. Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешуі» мен С. Мұқановтың «Адасқандарынан» басқа көлемді шығарма болған емес-ті. Сондықтан бұл-дағы жаңа қалана бастаған қазақ романының бастапқы тәжірибесіне жататын туынды еді.

Романға желі боп тартылған өмір оқиғалары уақыт жағынан алғанда, екі-үш жылдың ғана құбылыстары: бірінші империалистік соғыс кезіндегі қазақ ауылының ауыр жағдайы мен таптық қайшылықтары, 1916 жыл көтерілісі, 1917 жылғы февраль революциясы мен Ұлы Октябрь социалистік революциясының жеке көріністері. Бұл көріністердің суреттері алмасып, біресе ауылда, қалада, темір жолда, біресе майданда, шахтада, пристаньда өтіп жатады. Құбылыс саны қанша көп болса, кейіпкер саны сонша көп. Олар — толып жатқан таптың, топтың, ұлттың, кәсіптің өкілдері.

Бұл ретте Жансүгіровтың поэзиядағы эпиктік қарымдылығы прозада одан бетер керегесін кең жайған. Оның үстіне жазушы өмірдің тіпті тың жатқан, қазақ әдебиетінде бұрын мүлдем көтерілмеген салаларын қозғаған. Мысалы, 1916 жылы майданға алынған қазақтардың қара жұмыстағы хал-жағдайы, өндірісте, құрылыста, пароходствода істеген қазақ еңбекшілерінің күйі бұрын қазақ әдебиетінде сөз бол-

маған. Бұл жаңалық қазақ әдебиетінің тақырыптық шеңберін кеңейтті; образдар галереясын толықтырды; өмір танытқыш орайын ұлғайтты.

Романның зор аңғарына көп жаңа өмір салаларын енгізгендегі жазушының маңдай алды мақсаты — қазақ еңбекшілерінің ұлы революцияға келіп жету жолының шынайы шытырманын көрсету, бостандық аңсаған халықтың күрделі күресінің шындығын айту, осы күресте таптық, саяси сана-сезімі өскен халық адамдарының образын жасау.

Бұл мақсаттың қалай орындалғаны жайында сұрақтың жауабын автор кітаптың прозамен жазылған романтикалы прологында сұрақ, жауап түрінде өзінше толғапты.

Романның өзекті идеясы осы толғауда топшыланып бұлт қуған дауылпаздың үнімен оянған және жауды қуысуға қызыл қолмен бірге ұлы күреске шығып, ұлы жеңіске, қуанышқа жеткен халықтың образы күшті эмоциямен бейнеленген. Бұл идея шығармаға жан беріп, өмір шындығына сәулесін түсіру үшін сол халық адамдарының образдарын жасауға ұйтқы болу мақсаты көзделген сияқты. Сол ниетпен жазушы романында бірқатар жас жігіттердің тағдырын түйістіріп, олардың шым-шытырық өмір соқпағынын ұлы революция жолына әкелгенін баяндаған. Сондықтан да романның аты символ түрінде «Жолдастар» қойылған тәрізді.

Шығарманың басты кейіпкерінің бірі болуға тиіс Садан — қазақ кедейі, пысық, әнші, домбырашы жігіт. Ол революция қарсаңындағы қиын қыстау жылдары мұқтаждықтан байларға кіріптар болып, жалшылық етеді. Көп шытырман қорлық пен қиындықтардан өтіп, ақыры, өзі сықылды кедейлерден шыққан көзі ашық қажырлы жолдастар тауып, 1916 жылғы оқиға тұсында таптық тартысқа шығады. Кейіннен сана-сезімі өскен Сатан деген ағайынды екі жігіттің байдың бұғалығына қалайша түскенін терең шыншылдықпен өте нанымды етіп бейнелеген. Шәлментай сияқты озбыр, зұлым саудагер байлардың кейпі әжептәуір айқын шыққан.

Сонымен қатар романда Мәмбет пен Марданның және басқа бірқатар қазақ жігіттерінің әңгімесі, іс-әрекеті баяндалады. Бұлар да Сатан сықылды жалшылықта, кісі есігінде көп қорлық көріп өскен жарлы-жақыбай жастар. Тұрмыстың толқынымен әр түрлі жағдайға барған, ауыр өмірдің ащы зардабын татқан қажырлы жолдас жігіттер. Бұлар да характерлерінің кейбір қырларын ашып, даралық қасиеттерінен көрініс берген образдар.

Әйткенмен социалистік реализм адісінің кең көлемдегі әлеуметтік романына қойылатын талаптар тұрғысынан қарағанда, «Жолдастар» романының кемшіліктері аз емес. Ол қазақ өмірінің революцияға келіп құйылған арнасын кең қамтып көрсетерлік кесек образдар мен үлкен картиналар жүйесін жасай алған жоқ. Романның сюжеттік желісі де ширақ емес. Ондағы оқиғалардың өзара байланысы аз, бірінен-бірі туып, астасып, өршіп, қабындап жатпайды, ойдым-ойдым ғана оқиғалар. Бұған, әрине, бір жағынан, Жансүгіровтың роман жанрында өз басының тәжірибесінің жоқтығы бір себеп болса, екінші жағынан, жалпы қазақ романының ол кезде өріс алып жетілмегендігі тағы себеп болу керек.

Осының өзінде үлкен ақынның қаламынан туған тілі бай, сөздік қоры мол «Жолдастар» романы, сөз жоқ, қазақ совет прозасының алғашқы романының қатарында ақынның тырнақ алды романы ретінде тиісті орнын алмақ.

«Жолдастар» романының арнайы талдауы «Социалистік реализмнің қазақ прозасында қалыптасуы» атты монографиялық еңбекте толығырақ берілгендіктен және бұл портреттің негізгі мақсаты Жансүгіровтың ақындық тұлғасын баса көрсету болғандықтан, мына жерде романның осы бір қысқа ғана мінездемесімен шектелуді жөн көрдік.

Драматургия жанрында да Ілияс өзінің қабілетін сынап, соңғы бес-алты жыл ішінде «Көк», «Турксиб», «Исатай — Махамбет» т. б. пьесалар жазған. Ауылдағы тап тартысы тақырыбына жазылған «Көк» пьесасы мен Түркістан-Сибирь жолын салардағы жау элементтерінің әрекеттерінің әшкереленуіне арналған «Турксиб» пьесасы автордың бұл жанрдағы алғашқы тәжірибесі еді. Сондықтан драмалық қасиеттері жөнінен олардың жетпеген кемістігі, көркемдік шикілігі болды. Олар сахнада ұзақ өмір сүре алған жоқ. Ал 1936 жылы жазған, бірақ сахнада қойылып үлгермеген «Исатай — Махамбет» пьесасы жазушының драматургиядағы, дұрысында драмалық поэзиядағы, елеулі жемісі еді. Мұнда ол өткен ғасырдың 30 жылдарында Россия патшасының отаршылдары мен қазақтың хан, сұлтандарының қанауына қарсы көтерілген шаруалар көтерілісінің себептерін, оның әлді-әлсіз жақтарын дұрыс көрсетіп, Исатай мен Махамбет секілді көтерілістің айбынды басшыларының образдарын поэзия тілімен жақсы жасаған. Әрқайсысын өз ерекшеліктерімен алып, айқын бейнелеген. Ілиястың бай ақындық тілі осы өлеңмен жазылған пьесада өзінің қуатын, әуенін, бояуын молынан танытты. Көтерілістің ба-

тырын, әрі ақын, үгітшісі Махамбет Өтемісовтың арынды поэзиясының сырын терең ұғыну және оны драмалық образға сыйғызып бере алу — «Исатай — Махамбет» пьесасының сүйсінерлік қасиеті.

Пьесаның драматургия заңына байланысты кемшіліктері болар. Бірақ сахна көрмеген шығарманың ол жағына бармай, тек поэзиялық қасиеттерін айтып отырмыз.

Соңғы кезде Жансүгіров өзінің кашаннан сүйген аударма жұмысын бұрынғыдан да ұлғайта түседі. Бір ғана Пушкиннен бір-екі жыл ішінде отыздан артық өлең аударарды. Қысқа өлеңдермен қатар, ақын үлкен қабырғалы шығармалар аударатын болады. 1935 жылы шыққан «Күй» жинағына ол — Пушкиннің «Гаврилиада» поэмасын еркін аударып енгізген. 1937 жылы февраль айында орыс халқының данышпан ақыны А. С. Пушкиннің каза тапқанына 100 жыл толуына байланысты Ілияс Пушкиннің «Евгений Онегин» романын аударарды. Роман Пушкиннің юбилейіне арналып, қазақ тілінде бірінші рет шыққан үш томдығына енген. Аударманың қаншалықты сәтті шыққаны жайында әр түрлі қайшы пікірлер болуы мүмкін. Жалпы алғанда, аударма көңілдегідей шықпаған, себебі аудармашыға дәл сол кезде шарт етіп қойылған дәлме-дәлдік принципі көп сілтесін тигізген.

Оның үстіне роман асығыс аударылған. Бұл жөнінде аударушының түсінік сөзі бар. Қандай жағдайда қандай жолмен аударғанын айта келіп, ол былай дейді:

«Бұл аудармада Пушкинді бұрынғы қазақ өлеңінің қарапайым (стандарт) үлгісіне салғанымыз жоқ, қайта қазақ өлеңін Пушкин үлгісіне таман тарттық. Бұл жолдың өте қиын, өте жауапты жаңа жол екенін біле тұра бекініп түстік. Пушкин сықылды тек мазмұнымен ғана емес, сөз кестелерімен де әр елдің әдебиетіне жаңалық кіргізген ұстаным үлгісіне төте жол осы деп білдік.

«Евгений Онегин» сияқты ұлы ақынның үлкен еңбегін аударуға кешеуілдеп кіріскендіктен, асығыс аудардық. Бұл жұмыстың тығыздығы ақынның алдымызда болатын жүз жылдығымен байланысты. Бізге қалайда ақынның юбилейіне «Евгений Онегиннің» қазақшасымен шығу керек болды.

Сондықтан асығыс ретте аударып басылған бұл аударманың кемшілігі болуы мүмкін. Аударма ұдайы қайта-қайта қарауды, мінеп сырлауды керек қылады. Ол — аудармашының ұдайы істейтін жұмысы.

Бірақ аудармасын Ілияс өңдеп, жөндеп, қайта бастыра

алған жоқ. Сондықтан алғашқы кемшіліктер аударманың бойында қалды.

Алайда, ұлы ақынның тамаша романынан кейбір үзінділерді еркін аударған Абай тәжірибесін өз алдына қойғанда, «Евгений Онегин» сықылды келелі шығарманы тұңғыш рет тұтас аударған және түп нұсқаға жақын аударған Ілиястың еңбегі, сөз жоқ, кезінде атап айтарлық еңбек еді.

* * *

Ілияс творчествосының шарықтап өскен соңғы дәуірі (1930—1937) оның барлық жанрында, барлық салада ірі ірі жемісті еңбек бергендігімен ғана бағаланбайды, сонымен бірге, ол оның ең алдымен, әсіресе осы дәуірде толықсып кемеліне келген негізгі поэзия жанрының саңлақты табыстарымен бағаланады. Сан жағынан алғанда, ақынның бұл дәуірде жазған өлеңдері, мүмкін, кемірек те шығар. Бірақ ұсақ жанрдан іргелі жанрға ауысу жөнінде, шығармаларының көркемдік сапасының жетілгендігі жөнінде Ілиястың соңғы кезеңдегі поэзиясы анағұрлым өсіп, гүлденіп, көп жаңа ірі жеміс салғаны анық.

1935 жылы Алматы қаласында Ілиястың «Күй» деген атпен үшінші жинағы шықты. Мұнда оның бұрын жарияланған шығармаларынан екі өлең бар. Олар: «Әнші» мен «Гималай». Содан кейін 1920 жылы «Жаңа әдебиет» журналында басылған «Күй» деген поэмасы бар. Қалғандары — «Домбыра», «Кавказ», деген өлеңдер мен «Күйші» поэмасы — ақынның тың енген шығармалары. Сонымен қатар жинақта М. Горькийдің «Дауылпаз туралы жырының» өлеңмен және қара сөзбен аударған екі түрлі варианты, А. Пушкиннің «Гаврилиада» поэмасының еркін аудармасы бар.

Сол 1935 жылы жеке кітап болып Жансүгіровтың «Жорық» атты ең көлемді эпикалық поэмасы басылды. Бұл поэмасын ақын 1934 жылы жазда даңқты челюскиншілер жорығына арнап жазған болатын. Бүкіл дүние жүзінің назар аударып, көз тіккен челюскиншілер оқиғасынан кейін іле-шала жазылған «Жорық» поэмасы ақынның халықтық дүбірге елеңдеп үн қосып, Совет адамдарының жүрегін тебіrentкен ұлы жорықтың ізін суытпай жырламақшы болған игі талабынан туған шығарма. Ілиястың өз сөзімен айтсақ:

Шулатқан жердің жүзін — кенес ерін,
Ұшқышын, челюскиншіл, Шмидтерін.

Жырладым көрмесем де көңілім құлап,
Тыңдаумен газет сөзін, радио үнін.

«Газет сөзі мен радио үніне» сүйеніп жазылған поэма жорықтың документті хроникалық шежіресі болып шыққан, бірақ тым асығыс жазылғандықтан, оқиғаның жалаң фактілері ғана тізіліп, адам образдарының дара ерекшеліктері айқын бейнеленбегендіктен, шығарма биік көркемдік, поэзиялық дәрежеге көтеріле алмаған. Әрине, Ілиясқа тән эпикалық серпін, суретшілік, тіл байлығы, өлең шеберлігі мұнда да байқалады. Әйткенмен жалпы шығарма образдар жүйесі емес, фактілердің тізбегі болып шыққандықтан, өзінің көркем жинақтылық, эстетикалық құнын кемітіп, тарихи дәлдігін ғана көбірек сақтаған.

1936 жылы ноябрь айында «Социалистік Қазақстан» газетінің әлденеше нөмірінде Ілияс Жансүгіровтың «Құлагер» атты даңқты поэмасы жарияланды. Бұл — ақынның соңғы жарияланған шығармасы еді. Соңғы шығармасы болуына қарай, ол — Ілияс поэзиясының ең биік шыңы еді. Сонымен бірге «Құлагер» сол кездегі қазақ совет поэзиясының да зеңгір шоқысының бірі болатын.

Ілияс творчествосында жиырмасыншы жылдары «Әнші» өлеңінен басталып ұлғая берген үлкен бір сарын бар екені, ол сарын Ілияс поэзиясында үлкен бір арна жасағаны жоғарыда айтылған-ды. Ол — қазақтың әні мен күйі туралы сарын. Әннің баурап әкететін еліктіргіш, өзіне тартып әкететін, «магнит» күші туралы Абай айтқандай «Құлақтан кіріп бойды алатын» қасиеті туралы Ілияс ертеректегі «Әнші» дейтін өлеңінде-ақ жақсы айтқан. Оның бергі жағында тағыда «Әнші» дейтін өлең жазып, онда Әсет ақынның аузынан мынадай маржан сөздер төгеді:

Желғабыз, сол ортаның заржағымын,
Толқытып тоқсан бунақ әнге салған.
Асқақ ән аспанға өрлеп, асқар тербеп,
Күңгіренткен сар даланы, күндер жалған!
Ән құмар әлеуметім анталап тұр,
Сайра, тіл, аңыра әнім, інжу-маржан.

Осы бес-алты жолдың өзінде әншінің де, әннің де қандай болуға тиісті екені керемет сурет тапқан ғой. Ән мен күйдің образын ақын талай өлең, жырларына кірістіріп, ылғи көтеріңкі леппен бейнелейді. Соңғы жылдары ол домбыра туралы арнайы үш өлең жазыпты. Қазақтың кашаннан сүйікті музыкалық аспабын тақырып еткенде, Ілияс осы аспапқа және сонымен бірге ән, күйге деген өзінің ыстық

сүйіспендігін жеткізуді мақсат тұтады. Осы сезім оның 1929 жылы жазған «Күй» атты поэмасына жұлын боп тартылған. Бұл поэмасында ол әуелі өзінің қазақ күйіне жетік және сол күйдің сыры мен сипатын нәзік бағалағыш эстетик екенін жақсы-ақ танытқан.

Қобызшы Молқыбай шал Матайдағы,
Матайда Кенже, Тұңғат, Сақайдағы.
Қазақта қобызшының қалғаны сол,
Жорға еді маймандаған бақайшағы,—

деп басталатын поэманың негізгі геройы — осы «бақайшағы маймандаған жорға» қобызшы шал Молқыбай. Молқыбайдың образы, сырт пішіні жағынан, екі-ақ өлең жолымен шебер бейнеленген:

Жар қабақ, сида, арсақай, сар шұбар шал,
Жарықшак, үні тозған қаңсыған шал.

Осылай бола тұрса да, ол әлі құдіретті қобызшы:

Еңкейіп екіндідей күні кеткен,
Жұқарып, нашарланып, күйі кеткен.
Қобызшы ол — «Ақкөбікті» аңыратқан,
Боздатып «Боз інгенді» күңіrentкен.

Ақын осы Молқыбай қобызшының күйін бала кезінде, ұйып, еліге де елти тындағанын баяндайды. Оның әсері өмір бойы жүрегінде байланған шер тәрізді сақталғанын айтады. Соның ішінде әсіресе үлкен әсер еткен күйі «Боз інген» күйі болады, өйткені бұл күйдің мазмұнын және бұған байланысты аңызды ақын Молқыбайдың өз аузынан естиді. «Күй» поэмасында Ілияс осы аңызды әсем әңгімелеу үстінде поэзиялық оңды картиналар мен образдар жасап шыққан. Айталық:

Кер дала, керең түнгі керуен қандай,
Қоңырау күлдір-күлдір жүрген қандай.
Еңіреп, күңіреніп сарындаған,
Зарлаған тіркеудегі інген қандай!—

деген бір шумақ өлеңде қаншалықты нәзік поэзиялық сезім жатыр, қаншалықты дәл, әсем, сырлы сурет бар: кер дала, керең түн, қоңырауы күлдіреген керуен, керуенге еріксіз тіркеліп зарлаған Боз інген бір картинада қандай әдемі, қандай әсерлі қиысқан!

Поэманың соңында ақын көкірегінде бала шақтан бері ұялаған мұңды күйден айығып, енді жаңа бақытты заманда

халқымен бірге жадырап, жаңа шадыман күйге, күрес күйіне не болғанын сыр етіп шертеді. Мұнда енді мұң орнына көтеріңкі шаттық серпін мен патетикалық үн естіледі.

Күй туралы тақырыпқа Ілияс 1935 жылы қайта оралып, «Күйші» поэмасын жазды. Бұл байыбына барсақ, тек күй туралы емес, азаттық пен махаббат туралы, әлеуметтік қайшылықтар туралы жүрек қанымен жазған үздік поэзиялық толғау. Мұның басты геройы енді Матайдан шыққан қобызшы шал емес, Сары Үйсіннен шыққан домбырашы жігіт, ол — Арқадан Жетісуға ауысып келген хан Кененің алдында домбырадан күй ағызады. Оның күйлерін тыңдағанда:

Жып-жым-жырт тыңдағандар тіл кескендей,
Кұрыштап құлақтарын үн кескендей,
Сылдырап кейде қамыс, кейде бұлақ,
Қырдағы қоңыр түнде жыр көшкендей,—

жұрт әсерге бөленеді. Қарындасы Қарашаш ханшаның қалауымен хан Кене күйші жігітті еркінен айырып, Қарашаштың қарамағына басыбайлы адам етіп береді. Торға түскен құстай тұтқын болған талант иесі қысылтаяң күйге ұшырайды. Қара халықты қан қақсатқан хан ордасының қатал тәртібінің қыспағына төзе алмай, ащы шындықты айтады:

Баласы Абылайдың Кене ме екен?
Сорыма құдай айдап келген екен.
Нашардың қанын сорып, жанын жеген,
Хан емес, қара қабан деген екен!

Керемет поэзиялық серпінмен жазылған «Күйші» поэмасына арқау болған негізгі идея — халық ортасында туған тоқсан тараулы күйдің терең өмірлік сырын, көп қырлы эстетикалық қасиетін ашып суреттеумен қабат, талантты бостандығынан айырып тұтқында, қорлықта ұстайтын қанаушылар ортасының өнерге жау екенін әшкерелеп көрсету. Осы идеяны ақын үстем тап озбырлығының кейбір реалистік картиналарымен ұштастыра бейнелей білген. Ақындық жүрекпен толғаған жас күйшінің бейнесінен біз өткен заманда торға түскен бұлбұлдай тұншыққан халық талантының күйін көзге елестетеміз.

«Күй» поэмасы — Ілияс талантының шарықтаған шағының тамаша туындысы. Мұны қазақ әдебиетінде теңдесі жоқ үздік романтикалық сарынды және шалқыған шабытпен, поэзиялық құдіретті күшпен жазылған сирек туынды деп қарауға тиістіміз. Бірсыпыра сипаттарына қарап бұл поэманы Байрон поэмаларымен, Пушкиннің «Кавказ тұт-

қынына» әсіресе Лермонтовтың «Мцыри» поэмасына ұқсатуға болатындай.

Әрине, поэма романтикалық еарында жазылды дегенмен, совет ақыны негізгі әлеуметтік қайшылық пен тартыс фактілерін реалистік өмірден алған. Бір жағада «Нашардың қанын сорып, жанын жеген» хан Кене, не айтқанын істейтін адуын ханша Қарашаш, ел тонаған «бай, батыр, датқа, ақсақал, хан, сарбаздар», Дулаттың шынжыр балақ, шұбар төс датқасы Әлімқұл мен оның баласы Сапар мырза — бұлар халықты қанаушы, езуші озбыр таптың өкілдері. Екінші жағада хан зорлығымен бас бостандығынан ажыраған халық ұлы домбырашы жігіт пен зар шеккен, мұқтаждық көрген қалың еңбекші жұртшылық.

Жылады жетім-жесір таппай көрек,
Көре алмай жоқ-жітіктер бардан көмек.
Етікші, ерші, жалшы, жетім күйші —
Қысқа жіп күрмеу болмай жүр тентіреп.

Ал шығарманың сюжеттік желісі тартылған жағдайда (ауып келген хан Кененің қарындасының үйінде күйшінің айлап-жылдап тұтқында болуында, Қарашаштың қойнын ашқан Әлімқұл датқаның мырзасы Сапақ деп білген жаңсақ ойы бойынша оның басын алмақ болып ханшаның ел-жұртты әбігерге салуында сөз жоқ романтикалық шарттылық бар. Бірақ мәселе мұнда емес. Мәселе осы жағдайдың поэма идеясын жүзеге асыру үшін атқарған ұтымды дәнекерлік қызметінде. Күйші жігіттің Қарашаш тұтқынында көңіл күйінің өзгерген құбылмалы жағдайында көп күй тартушы Ілиястың ғажап жақсы білетін, керемет жақсы көретін тоқсан тараулы күй байлығын, күй тереңдігін, күй сұлулығын таныту үшін қажет болған. Атап айтсақ, бастапқы тарауда хан алдына өнерін көрсету үшін еркімен келген домбырашының жұртты таң-тамаша қалдырған тұсы қазақ музыкасындағы күй жанрының табиғатын танытуға арналған. Домбырашының бас еркінен айрылғанын білгенде бөгеліп қалуы еріксіз, шабытсыз өнер жоқ деген ойды дәлелдеуге арналған, ал содан кейін күйшінің ханшаға құмартқан сезімінің лап етуі оның жалынды жаңа күйінің тууына себеп болғанын көрсетуге арналған; сондай-ақ Қарашаштың қаһарына мініп қан төкпек болғанын, айдаһар сықылды ұсқыны күйшінің құмарлық сезімін сөндіріп тастауы оның күйін де сөндіріп тастағанын суреттеуге арналған; ең ақыры күйшінің Қарашаштан азаттық алуы тоқсан тараулы күй өзенін қайта тасытқанын баяндауға арналған.

Сонымен бірге аталған жағдай яғни күйшінің тұтқындағы неше саққа жүгірген құбылмалы көңіл күйі музыкалық күүді де тоқсан түрлі құлпыртқанын керемет шеберлікпен суреттеу жағдайы арбасқан екі кейіпкердің психологиялық құбылыстарын да терең және нәзік бейнелеуге қолайлы мүмкіншілік жасаған. Жігіт пен қыздың арасындағы карама-қарсылық хал негізгі әлеуметтік қайшылыққа сайса, әрқайсысының өз басындағы толқымалы хал де түп-түбінде осы қайшылыққа бағынышты. Мысалы, Қарашаштың жігітке деп оянған ыстық сезімін оның ханшалық тәкаббарлығы суытып тастайды. «Сүйкімді, жігіттің бұлбұлы ғой деп толқып тұрған қыз «қараға хан затымды былғармын ба?» деп тартына қалады. Ал оның Сапаққа деген қаһарлы ашуын билеуші таптың ақыл, санасы басып тастайды. Сондай-ақ Қарашашқа деген күштарлыққа ерік берген кезде жігіт бойын бір-ақ күй билеп, «тоқсан күйден айрылып» қалады.

Бір-ақ күй — қыз күйігі Қарашаштың,
Ханыша есіне алып есіл жастың,
Күйшінің көңілінен соққан дауыл,
Лақылдап жүрегінен тасқан тасқын.

Сүю сезімі — күшті сезім. Одан туған күй де күшті. Бірақ ол бір-ақ сезім, бір-ақ күй. Бүкіл бір халықтың тарихы, тағдыры туғызған күй байлығы ұшан-теңіз. Оған ештеңе тең келмейді. Онда «Ақ көбіктей» мұң шерткен махаббат күйі де бар, аңыраған «Қорамжан» күйі мен ботасын іздеп боздаған «Боз іңген» күйі де бар, «Қобыз ап, қоныс іздеп күңіренген «Асан Қайғы» күйі де бар, «Құмартып құмды кезген аң жолықпай», «Арша мерген», мен «Сыңсыған кейде сыңқ-сыңқ» «Қос келіншек» күйі де бар.

Осындай даңғыл күйлер алма-кезек,
Домбыра бебеуледі тілін безеп.
Біресе «Теріс қақпай» дүр-дүр етіп,
Біресе «Желмая» күй желек-желек.

Тартылды тәтті күйлер алуан-алуан,
«Тәттімбет», «Кенжеқара», «Тойжан салған»,
«Атылған аққу», «Күйген», «Суға кеткен»,
Тартылды талай сарын, талай арман.

Не деген ғажап дүние! Не деген қымбат рухани қазына! Дарқан ақын қалай осының бәрін біле берген десеңізші! Біліп қана қоймаған, әрбір күйдің сюжетін, сырын, сипатын тауып, сиқырлы поэзиялық тілмен суреттеген ғой.

Ал әрбір күйдің кереметін ашып мінездеген тұстардағы

ешкімде жоқ тек Ілияс қолданған теңеу, образдарды қайтесіз! «Қоғадай салбырасып хан, қарасы, намазға ұйығандай отыр тындап» «домбыра айналаға дүбір салды, адақтап жалғыз шапқан жүйрік аттай», «батыр да, хан да, қыз да, қазаншы да — бәрібір домбыраға мінгескендей», «Жыланнан сырға салған жолбарыс қыз», «Қалжырап қырау тұрып жүрегіне», «ыңыранып белі кеткен жолбарыстай», «толғанып тоқсан түрлі қыз көңілін», «жүректің жазы шығып, жаңбыр төкті», «таратып тоқсан күйді жібердің деп, бір жақтан керек бір ой күңкіл қақты» т. б. Ылғи осылай.

Енді мына бір шумаққа назар аударайық:

Домбыра бебеулетті, безілдетті,
Кернетіп кең даланы кезіп кетті,
Біресе қашағанды қырда қуып,
Ән шырқап қоңыр түнде қой күзетті.

Қазақ күйінің табиғатын осыдан артық білуге, түсінуге бола ма? Шіркін, терең білік пен тегеурінді таланттың табысқан жері осындай болсын да!

* * *

Ал енді «Құлагер» поэмасына оралсақ, бұл — Жансүгіровтың ән-күй туралы жазған шығармаларының соңғысы, зәулім және ең сәулеттісі. Ақынның осы сарындағы алуан сырлы асыл ой, сезімдерінің тарамдалып келіп құйған кең саласы, терең арнасы. Мұны ақынның өзі де біледі. Поэма-ның басындағы «Толғануында» ол өзіне-өзі мынадай талап қояды:

Ұзаққа жүгіретін өрен жүйрік,
Секілді тыз етпеге қақпай күйбік.
Көсіліп өресі ұзақ поэмаға,
Жай тастап, кең құлаштап, желдей жүйткіп.

Оңай талап емес. Өзінің күшіне, қиялына, шабытына сенген ақынның биік талабы. Шынында да, «Құлагер» — өрен жүйріктің өресі ұзақ поэмасы болып шыққан шығарма. Бұл шығармаға өзек болған оқиға, осы тараудың басында ескерткендей — Арқаның ардагер әнші ақыны, халықтың сүйікті композиторы Ақан серінің өміріндегі үлкен трагедия. Осы реттен поэманың мазмұнында тарихи шындықтың дәні бар. Бірақ ол — жалаң шындық емес, аңызға айналған шындық, халық сезіміне оранған шындық. Ақын жүрегін тербеткен де — осы тарихи шындық пен халық сезімінен туған аңыз. «Бай, бай, Құлагерім» деп салатын шерлі

әнді қазақта кім білмейді, оны естігенде қалың халықтан кімнің сай-сүйегі сырқырамайды?! Бұл бір кезде теңіне қосыла алмай сорлап бара жатқан қазақ қызына: «Лашыңға лайық, қарағым-ай, бір күзғынға қор болып барасың ба?»— деп адал жүрегінен аяныш әнін сорғалатқан Ақанның енді өз басы сұм заманнан соққы жеп, жалғыз аты, жан серігі Құлагерден айрылғанда айтқан әні емес пе? Әрине, бұл жәйт ақынның сезімін тасытып, қиялын шарықтатқан жәйт екені өзінен-өзі белгілі. Сондықтан да Ілияс поэманың сюжетіне желі етіп Ақан өмірінің Құлагерге байланысты ел аузында аңызға айналған ең бір қайғылы кезеңін алып, шығармасының атын «Құлагер» қойған.

Ақын әуелі оқушыны өзінің кіріспе «Толғануымен» тербетіп алады да, салған жерде тамаша тау суреттерін бейнелейді. Соның ішінде Ақанның туып-өскен жерінің көркі, Ақан өмірінің өрісі және поэма оқиғасының фоны болған керемет Көкшетау образын көз алдыға әкеледі:

Көкшетау жер жәннәт жеке біткен,
Бұл сұлу кең далада бойын күткен.
Жомарт тау дастарқанды. момақан тау,
Шипа тау тазартатын барлық дерттен.

Көкшетау жерінің бұдан басқа мынадай да сұлу тауларының суреттері бар:

Сырымбет, Зереңді, Иман, Айыртаулар
Ақанның тізілгендей алқасына,

Осы таулардың ортасында, ғажап әдемі жерлерде бір кезде серілік құрған, ойын-думан қыздырған жігіттің гүлі, сұлулықтың құмары — әрі әнші, әрі ақын Ақан — ақырында зәрлі өмірден күйініп, безіп, жапаңда жалғыз өмір сүреді. Ақанның осы күйін көрсетуден бұрын жазушы оқиғаның басталар жерінде сюжет желісінің тоба қазығы іспетті мынадай бір жұмбақты картинаны көлденең тартады:

«Ол күнде осы тауда жалғыз жан жүр,
Дүниеден аулақтаған дабыр-дүбір.
Қара шал қайыңды отыр көлеңкелеп,
Бір кү бас шал үстінде ілулі тұр...»

Қара шал кім? Қайыңға ілулі тұрған қу бас ненің басы?
Бұл — түйінді сұрақ! Міне, «Құлагер» поэмасы осы сұрақтың шешімін береді.

Байлық пен биліктен, мансап пен молдалықтан басынан аулақ, тек қана ән мен әсемдікті сүйген, сауық-сайран,

жастықты сүйген Ақан өмірде сүйген жары Ақмарқа қызға қосыла алмай, би, болыстардың қудалауымен елден шығады.

Жатталып Ақмарқаның аузында аты,
Телміріп таста отырып жазған хаты.
Жары да, жолдасы да тек біреу-ақ,—
Онысы астындағы жалғыз аты.

Осы жалғыз аты Құлагерді Ақан Ереймендегі Керей Сағынай дегеннің асына апарып, бәйгеге қосады. Бұл жерде ақын аттың суретін орасан үлкен шеберлікпен бейнелеген. Халықтың малын шашып жасаған астың қызығын көретіндер, қызылға жиылған қарға, құзғындар тәрізді, уездный начальник бастаған өңшең байлар, билер, болыстар, молдалар, старшындар, жасауылдар екенін, мұнда малшылар болса жоқ, қалған кедейлер астың тек ауыр еңбегін көтеріп жүргенін жазушы нағыз шыншылдықпен суреттейді.

Мырзалар күміс тұрман шалқалап жүр,
Кедейлер отын шауып арқалап жүр.

Асқа жиылған жұрт алдына ат салмағын атақты Құлагерге көз тігеді. Мұнда Күреңбай сыншының сөзімен берілген Құлагер аттың сипатын Абайдан кейінгі теңдесі жоқ классикалық сипат деп тану керек. Бұл сипатты тұтас алу мүмкін болмағандықтан, екі-үш шумағын алып көрейік:

Тәует бас, қамыс құлақ, қуарған жақ,
Құлан жал, бұлан мойын, қой жұтқыншақ.
Қоян жон, жазық жая, жауырынды,
Құс топшы, қос шынтағы қалқынқырақ.

Жүрсе де жаздай құры, болмайды тоқ,
Кез жарым кесер баста кесім ет жоқ.
Қақпан бел, қалбағайлы, үнгір сағақ,
Шапса — жел, мінсе — жайсан, тұрса — селсоқ.

Бұл сипатта ат күйттеген елдің саятшыл ат танығыштығымен қабат қаншалықты сыңғыр ақындық күш жатыр десеңізші! Осы күш тау мен көлдің, ас пен аттың ғана емес, сонымен бірге ат бәйгенің, балуан күрестің әсерлі суретінен және әсіресе поэманың басты геройы әнші Ақанның оңды шыққан поэзиялық образынан айқын көрінеді. Сондықтан асқа жиылған шаршы топтың алдында Құлагерден бұрын өзінің «майда көмей», нәзік әнімен, аққудай әсем танылған дауысты үнімен Ақанның әдемі әуенін көріктеген поэманың «Егес» деген тарауын түгелімен Ілиястың тегеурінді поэзиялық талантының зор айғағы деп бағалау керек.

Ақын әнін тыңдаған жұрт мынадай рақатқа батады:

Көкшеден құйылғандай бір бал бұлақ,
Тәтті әнге халық қандай, ел сусындап,
Соққандай жаздың желі Арқа жақта,
Елжіреп жүрек, әнге, жусап құлақ.

Халықтың осындай көмейінен бал ағызған ардақты Ақаны үлкен апатқа ұшырайды. Оның жалғандағы ең аяулысы жалғыз серігі Құлагерді мың үш жүз аттың алдында келе жатқан жерінен Батыраш байдың суық қол қаракшысы қастықпен ұрып өлтіреді.

Бұл сұмдық Ақанды төбеден жай түскендей күйретеді. Онсыз да улы өмірден безіп жүрген Ақан енді жалғыз жұбанышы Құлагерден айрылған соң, шексіз күйзеліп, күңіреніп, Көкшетауға қайтады. Алдына өңгергені — Құлагердің басы, артына мінгескені — атқа шапқан жетімек бала. Нендей қайғылы хал! Нендей қаралы, әділетсіз өмір! Қараниет сұм, қылмысты Батыраш жазасыз кетті. Ақан аңырап қайтты.

Міне, «Бай, бай, Құлагерім» дейтін азалы ән осы жолы туған.

Бай-байлап «Құлагер» ән бебеу қақты,
Талда құс, белдеулерде бедеу қатты.
Зарлы әнін Құлагердің жылқышылар
Сүйеніп құрығына тындап қапты.

Жолшыбай жол көп елді аралапты,
Бұрылмай бас өңгерген баран атты.
Керең түн, кең даланы күңіrentіп,
Бай-байлап «Құлагерге» бара жатты.

Ақанның трагедиясы феодалдық заманда зар шеккен бүкіл халықтың трагедиясы еді, үздік туған халық таланттарының таптық қоғамдағы табиғи тағдыры еді. Қайдағы пәле-жаланы жауып, ардақты әншіні ел ортасына сыйғызбаған би, болыстар Ақанның сыртынан көптеген өсектер таратып, оған «пері қаққан», «жын соққан» деген секілді сөздер таңған. Сондықтан Ілияс Ақан тағдырын дәл осы сықылды өсекке шалынып мерт болған Пушкин мен Лермонтовтың тағдырына дұрыс ұқсатып, былай дейді:

Лермонтов болмағанмен біздің Ақан,
Кісі ме еді ақындықтан құр алақан?
Ортасын олқы көрген бұл да дара,
Имеген иттерге бас сері, дарқан.

Шынында да, Ақан тағдырының түрі басқарак болғанымен, мағынасы жөнінен қанаушылар қоғамынан таяқ жеген

талай сол тәрізді талант иелерінің тағдырымен негіздес екені рас-ақ. Ақан трагедиясының себебі — тек қана Құлагердің өлуінде емес, ол — Ақанның өскен ортасын билеп-төстеуші «иттерге бас имеген сері, дарқан» ақын және әнші екендігінде. Құлагерді өлтіру Ақанның өміріндегі ең соңғы тірегін сындыру еді, тәкаппар талантты қудалаудың шектен асқан жері еді. Сондықтан Құлагердің өлімі — Ақанның тірі өлген өлімі. Дүниеден түңіліп, үмітінің бәрі үзіліп, бойындағы бар байлығы дарыны болса, одан да ажыраған шағы.

Жар да жоқ, жалын да жоқ, жақсы ат та жоқ,
Оларды енді көксер мақсат та жоқ.
Күніренген күні-түні Құлагерге,
Асқақ ән, әсем үнді зар жақ та жоқ.

Сөйтіп, сұм заман өзіне қарсы шапқан қандай асыл адамды болса да езіп, таптап келген, ал Ақан да сол сықылды өмір бойы қуғын көріп, мойымай қасарысып келіп, барлық тірегінен айрылғаннан кейін мерт болған өр ақын еді деген идеялық түйінін Ілияс шығармасында нағыз поэзиялық жолмен шешкен.

Бұл — поэманың негізгі арқауынан түйілген түйін. Мұнымен қабат басқа да көптеген түйіндердің ұшы бар, көптеген образдар, картиналар бар. «Күй» мен «Күйшінің» геройлары тар шеңберде, бір ізбен ғана алынған болса, «Құлагерде» кең алқап, көп сұрлеуді көреміз. Мұнда халық өмірі, тұрмысы, әдет-ғұрпы, дала табиғаты, әлеуметтік қайшылықтар кең өрісте қомақты суреттелген. Сондықтан да «Құлагер» поэмасын ақын туралы, оның ән-күйі, өлеңі туралы толғаған лирикалы поэма ғана деуге сыймайды. Бұл — негізгі өзегі Ақанның трагедиясы болғанмен, әлеуметтік өмірдің кең саласын алып баяндаған үлкен жоспарлы шығарма, ірі лиро-эпикалық поэма. Сонымен бірге «Құлагер» — ақынның ақындық өнерінің кемелденіп, биік дәрежеге көтерілгендігіне кепіл боларлық шығарма. Мұндағы ұмытылмас сұлу картиналар, айқын әдемі образдар, шындықтан туған романтикалық леп, бұлақша сылдыраған нәзік лирикалық сезім, серпінді кең эпикалық құлаш, балы сорғалаған құнарлы бай тіл, ұйқасы сыңғыраған кәдімгі он бір буынды қара өлеңнің мінсіз, мүлтіксіз үлгілері «Құлагер» поэмасын шын мағынасында поэзияның «сұлу сарайы», «Жансүгіров творчествосының биік шыңы деуге толық дәлел бола алады.

Ақынның:

Тегінде кәрікүлақсын, сұңғыласын,
Сондықтан сұлу сөзді жыр қыласың.
Соғайын сөзіммен бір сұлу сарай,
Я көрсін, я көрмесін тұрғыласым.

деген сүйкімді уәдесін тұрғыластары да, кейінгі ұрпақтары да ойдағыдай орындалған ардақты борышы деп сүйсіне қабылдайды.

Ілияс Жансүгіровтың жазушылық қызметі 1937 жылы үзіліс тапты. Үзіліс алдында оның жазып үлгіргені — «Құлагер» поэмасын кітап етіп шығаруға әзірлеген толық, кемелді варианты еді. Газет варианты бойынша әдебиет ортасы поэмаға дән ризалығын білдірумен бірге жақсара түсуі үшін, бірқатар ақыл-кеңес айтқан болатын. Ілияс соның бәрін ескеріп, бірнеше ай бойы өңдеп, жөндеп, толыққан вариантын баспаға ұсынған кезде бұл вариант жарық көрмей қалды да қолдан шығып кетті.

Қазіргі жарияланып жүргені бұрынғы газет варианты.

Сонымен бірге акын ол жылы «Топ алдында», «Правдаға» дейтін шабытты өлеңдер жазып қалдырды. Әдебиетте жиырма жылға тарта талмай еңбек сіңірген талантты жазушының барлық жанрда, әсіресе поэзияда, қаулап өскен творчествосы сонымен мезгілсіз тоқтап қалды.

* * *

Үлкен акынның қыры көп, сыры терең творчестволық жолын шоли келе азын-аулақ айтқан ой-пікірді қысқаша қорытсақ, тағы бір мынадай түйін туады. Ілияс Жансүгіров — ірі талант иесі. Оның қазақ әдебиетінде алатын орны үлкен, өзгеше. Поэзияда өзіндік пәрменді үні бар, ашық, айқын беті бар, айырықша қуаты бар акын.

Ілиястың жазушылық еткен жиырма шақты жыл өмірі қазақ совет әдебиетінің алғашқы кезеңдерімен тұстасады, яғни ол осы әдебиетпен жарыққа бірге шығып, бірге жасып келді. Сондықтан өзі негізін салысқан жас совет әдебиетінің жетістіктері мен табыстарының бәріне Ілияс ортақ. Бәрінде оның үлесі бар. Күннен-күнге, жылдан-жылға үздіксіз өсіп, жетіліп келген қазақ совет әдебиетінің алдында тұрған маңызды мәселелері мен міндеттері Ілияс творчествосына да тән. Сондай-ақ қазақ поэзиясының жалпы дәрежесіне тән қасиеттер мен сипаттар Ілияс поэзиясына да жат емес. Осы себептен Ілияс творчествосын зерттеп, бағалау жұмысын қазақ совет әдебиетінің тарихымен тығыз және тікелей байланысты алып жүргізу бірден-бір дұрыс жол болып табылады.

Қазақстанда совет өкіметі орнаған алғашқы он шақты жылдың ішінде жаңа әдебиетімізге дөм беріп, жетекші тақырып болған мәселе — Ұлы Октябрь социалистік революциясы. Ол кездегі азын-аулақ жас совет жазушыларының бұл тақырыпты жырламағаны жоқ; соның бірі Ілияс та жаңа арынмен ауылдан келген бетінде Ұлы Октябрінің, Октябрь атқызған таңды, Октябрь туғызған жаңа заманды, азаттықты, теңдікті жырлай келді. Қазақ өміріндегі барлық өзгерістердің тетігі Октябрь революциясы екенін өзінше түсінген жас жазушы нендей тақырып алса да, оны сол революция тұрғысынан тануға тырысты. Алайда Ілиястың бұл кездегі түсінігі тым терең болмайтын. Сондықтан оның үні де поэзияда бірден батыл шыққан жоқ. Революция талқысында өзі болмаған, оқуы аз, алыстағы ауыл шеңберінен әлі онша асып шықпаған жас жігіт, әрине, ұлы оқиғаның терең сырларын терең бойлай ұғуға бірден өресі жете бермеді. Оның алғашқы 4—5 жылы ішіндегі өлеңдерінде осы түсінік шағындығына байланысты және творчестволық тәжірибесінің аздығына байланысты кейбір кібіртік, саяздық байқалады. Әйткенмен жүре келе, ауылдағы ағарту жұмысына араласып, баспасөз жұмысына белсене қатысып, кейін Москвада оқып, өзінің теориялық және тәжірибелік білімін толықтыра келе, жазушының ұғымы да ұлғаяды, өмір туралы, революцияның тарихи мәні туралы оның көзқарасы философиялық дәрежеге көтеріледі. Міне, осымен бірге Жансүгіровтың бертін келе ақындық аяқ алысы да төселіп, поэзиясының идеялық эстетикалық мазмұны мен түрі тереңдей де ұстара түседі. Мұны біз ақынның алғашқы он жылдық творчествоның (1920—1930) соңғы 4—5 жылы ішінде жазған «Ленин тірі», «Ауылдың алды», «Заман», «Заводта», «Ұштасқан үш тілек». От арба», «Аттанған азамат», «Қосаяқ», «Толғау», «Гималай», «Мәскеу — Қазақстан», «Алтын қазан» атты өлеңдері мен «Кәмпеске», «Мәйек», «Күй», «Дала» поэмаларынан анық көреміз. 1928 жылы Сағанақ жинағына жазған бас мақаласында Сәбит Мұқанов былай депті: «Ілияс — жаңадан ғана қаламы өсіп келе жатқан жазушы. Әзірге ол шығаннан шыққан жүйрік те емес, желі жоқ топас та емес». Кезінде бұл дұрыс баға еді. Онда «Гималай», «Мәскеу — Қазақстан», «Алтын қазан» сияқты өлеңдер, «Күй», «Дала» сияқты поэмалар әлі тұмаған. Соның өзінде Сәбит Ілиястың «желі» бар, өсуге беттеген талантты ақын екенін жақсы аңғарған.

Ілиястың поэзияда «шығаннан шыға» сілтеген кезі «Сағанақ» жинағынан кейін. Бұл кезде Ілияс идеялық шоқтығы

биік, көркемдік сапасы жоғары жоталы шығармалар бере бастайды. Олардың ішінде жаңа тақырыпқа жазған «Гималай» өлеңі империализмнің отаршылдық бұғауында күйзелген шығыс халықтарының келешекте өз күшімен азаттық алатындығы жөніндегі Ленин идеясының рухында тың екпін жасаса, ал «Мәскеу — Қазақстанда», бұрынғы «Ресей жері» деген өлеңінде жырлаған еңбекшіл, адал ұлы орыс халқының енді қазақ сықылды аз ұлтқа деген қамқорлығын, Москваның жарқын бейнесін, Москва жұмысшыларының қазақ еңбекшілеріне көрсеткен ағалық көмегін баяндайды. Сондай-ақ «Алтын қазан» деген кесек, жұмыр өлеңінде Ілияс бұрынғы «Баспаханада қыр қазағы», «Заводта» деген өлеңдеріндегі суреттеген өндіріс тақырыбын енді толығырақ, айқынырақ бейнелейді. Он жыл бойында өзінің әлденеше оралып жырлаған сүйікті тақырыптары: Октябрь туралы, партия мен Ленин туралы болады; ақын атақты «Дала» поэмасында туған халқының тарихы мен тағдыры жайлы үлкен-тарихи-философиялық топшылау жасайды. Мұнда Ілияс Жансүгіров творчествосын басқа да талай бұрыннан үйреншікті тақырыптары мен сарындары өзінің зор көркемдік шешімін тапқан. Мысалы, жазушының көптен бергі көкей тәсті тақырыбы қазақ еңбекшілерінің қолын бостандық пен бақытты өмірге жеткізген Октябрь революциясы десек, Ілияс осы ұлы социалистік революцияның ауылдағы көріністері мен нәтижелеріне көбірек көңіл қойып келді. Мүмкін, сол себептен де болар, жоғарыда аталған «Сағанактың» кіріспе мақаласында С. Мұқанов мынадай пікір айтқан: «Ілияс көбінесе ауылдың ақыны, қара шаруаның ақыны. Елдің ішіндегі кедейді өзгеден гөрі бұрынырақ көретін мінез Ілияста бар». Шынында да, Ілияс творчестволық қызметінің барлық бел-белестерінде ауылдағы революциялық өзгерістерді шаттықпен қуаттап, қуаныш жырларын төкті, зиянды, кертартпа, зұлымдық қылықтарды аямай әшкерелеп, өткір сатиралық шығармалар жазды.

Міне, сондықтан да Ілияс Жансүгіров өзінің он жылдық творчествосының қортындысы іспетті болған «Дала» поэмасының «Арнауында» даланың образын қазақтың еңбекші еліне, туган анаға балап, жүрегінен мынадай жалынды жыр ақтарады:

Жүрегім, жырым
сенікі,
Кенесті далам,
кең далам.
Тудым, өстім,
есейдім,

Ең далам — анам,
 мен балаң,
Туған, өскен,
 есейген,
Еңбек тулы ел —
 балаң,
Бұрынғы өткен күніңді
Берейін жырлап елге, анам.
Көргенінді бұл күнгі
Жаз, жаз, қалам,
 тер, қалам!..
Ең далам — анам,
 мен балаң,
Ендеше қалам
 бер
 маған!

Ілияс творчествосының осы «Дала» поэмасынан кейін басталатын соңғы кезеңі негізінен қазақ совет әдебиетінің социалистік құрылыс дәуірін толыққа жуық қамтиды. Бұл дәуірдегі алғашқы бесжылдықтар, елімізді индустрияландыру және колхоздастыру шаралары, осы негізде қанаушы таптардың түп-тамырларын жұлу, совет адамдарының еңбек, ғылым, мәдениет майданындағы ерлік істері, өмірдің барлық саласындағы партияның игі басшылық ролі — мұның бәрі жалпы әдебиетіміздің бой ұрған жаңа тақырыптары болғаны белгілі ғой. Осы айтқандар Ілиястың да бет бұрған тың тақырыптары болатын.

Бұл дәуірде әдебиетіміздің проза, драматургия жанрлары қанат жайып, жазушыларымыз шығарманың үлкен түрлеріне ойыса бастады десек, мұны Жансүгіров жөнінде де айтуға болады. Ол барлық жанрда өзінің қабылетін сынап, ірі-ірі шығармалар берді: прозада роман («Жолдастар»), драматургияда пьесалар («Қолхоз тойы», «Кек», «Түрксиб», «Исатай — Махамбет») жазды. Сонымен бірге ақынның ең сүйікті поэзия жанры осы соңғы дәуірде жетіліп, кемелденіп, ірі-ірі жемістер салды («Қуат», «Жорық», «Күйші», «Құлагер» және аяқталмаған «Бақытты Жамал», «Мақпал», «Рүстем жорығы», «Исатай», «Көбік шашқан» атты поэмалар). Қысқасы, бұл дәуірде Ілияс Жансүгіровтың көп қырлы үлкен таланты барлық жағынан танылып, оның мардымды творчествосы барлық жағынан саңлақтанып марқайды, сөйтіп, жазушының даңқы Қазақстан көлемінен шығып, бүкіл Одақ көлеміне жайылды. СССР жазушылар одағының 1934 жылғы бірінші съезінде Жансүгіровтың басқарма мүшелігіне сайлануы осының айқын айғағы еді.

Ал енді, ақырында, Ілиястың ақындық ерекшеліктеріне келсек, мұнда айтарлық жәйттер аз емес. Соның кейбір негізгілерін ғана атап өтейік.

Үздік және ұзаққа сілтейтін кең тынысты ересен жүйрік ақын Ілияс Жансүгіров ең алғаш әдебиетке қадам басқанда, үзіп-шалып қана оқыған, ортадан төмен білімі бар, ауылда өскен ересек жігіт еді. Оның бойындағы бар қаруы: ана тілі, ауыз әдебиеті, Абай мен Ыбырайдың, Махамбет пен Шернияздың, Сұлтанмахмұт пен С. Дөнентаевтың өлеңдері және кейбір Шығыс ақындарының, әсіресе татар ақыны Ғабдолла Тоқайдың шығармалары болатын. Ілияс творчествосына әуелден нәр беріп, ұрық сепкен үлгілер осылар.

Ілияс талантының жылтыраған көзі, тамыр жайған топырағы оның 1915—1916 жылдары жазған алғашқы өлеңдер дәптерінен-ақ көрініп тұр. Мұнда Абай поэзиясының әсері айтпай танырлық. Оның ағартушылық, адамгершілік сарыны, туған халқын, отанын сүйгіш сезімі, қорлыққа, әділетсіздікке төзбеуі, жаман мінез, қылықтар мен әлеуметтік міндерді сынап, сықақ ету дәстүрі — Ілияс өлеңдерінің де салты. Абай «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» деген өлеңінде терең ғылым ала алмадым деп опық жесе, жиырма жылдан кейін Ілияс білім алу мәселесін енді теңдік алу мәселесімен ұштастырып:

Өнерге ұмтыл, өнерді біл, замандас!
Қамдан, жатпа, заманыңнан хабарлас!
Ынта салсаң, білім туын қолға алсаң,
Теңдік тиер, ешкім күйе жаға алмас,—

дейді. Бұл — Ыбырай мен Абайға, Сұлтанмахмұт пен Дөнентаевқа жалғасқан кәдімгі ағартушылық жолы. Ілиястың «Біздің жазда» деген өлеңі — Абайдың осы тақырыптағы белгілі өлеңдерімен үндес те әуендес. «Ынтықтар» деген өлеңдегі жазғы түннің суреті мен жастардың махаббаттық жолығысуының да, жоғарыда айтқандай, «Желсіз түнде жарық аймен» көп жері ұқсас. Поэзияның күш-қуатын, қоғамда алатын орны мен атқаратын ролін Ілияс Абайша ұғынады. Оның «Жанды сөз» деген екі шумақ өлеңі Абайдың өлең сөз бен ән-күй туралы айтқан керемет әдемі өлеңдерін еске түсіреді.

Ұйқтап жатқан көңілді өлең түртер,
Қайғы, зарын, қуанышын жақсы тіртер,
Жүрегімнің айнасын шаң басқанда,
Орамалым осы өлең бетін сүртер.

Өлең, мақал, жанылтпаш, ертегі жыр —
Мұның бәрі жанды сөз, ішінде сыр.
Елдің сәні сақталар жанды сөзбен,
Қай жұрт болсын талассыз осыған құл!

Ауылда өскен жас ақынның туған ел әдебиетіне — халықтың асыл сөзіне — бұл секілді таң қаларлық тамаша көзқарасына Абайдың тікелей әсері тигендігі даусыз. Мұны Ілияс өлеңдерінің құрылысынан да анық көреміз. Поэзияда Абай жасаған үлгілер Ілияста өте кең орын алған. Басқасын былай қойғанда, Абайдың өзінде сирек кездесетін «Сегіз аяқ» пен «Бойы бұлғаң» үлгісімен жазған Ілияста «Қалпымыз», «Шым-шытырық» деген өлеңдер бар.

Ілияс поэзиясының қалыптасуына Абай творчествосының игі әсерін және Ілияс шығармаларында Абай өнегесінің алатын үлкен орнын тағы да толып жатқан мысалдармен көрсетуге болар еді. Бірақ ол өз алдына мол зерттейтін маңызды тақырып болғандықтан, бұл жерде осы келтірілген дәлелдер де жеткілікті ғой деп білеміз.

Ілиястың 1919 жылы жазылып, тұңғыш жарық көрген «Не күйде?» деген өлеңінен ақынның поэзиялық өнерінің бұрынғыдан да гөрі жетіле түскенін көреміз.

Ылғал тұман шағында
Құздардан жауын сырылдап.
Қиядан сорғалауында...
Самалшыл, Сауқым, сауықшыл,
Саятшы Сартай не күйде?
Теңіз көшкен дауылда,
Асты терең, үсті жел.
Толқын соқты бауырында...
Балтыры ақ жем балықшы,
Қайықшы Қалтай не күйде?

Мұнда жау қолында қалған жан ашыр, қарапайым адамдар туралы жас ақынның жылы сезімі айырықша өлең үлгісімен берілген: «Он аяқ» (он жол) өлең шумағының бірінші, үшінші, алтыншы, сегізінші жолдарының ұйқасуы, төртінші жол мен тоғызыншы жолдың ұйқасуы, бесінші жол мен оныншы жолдың ұйқасуы қазақ поэзиясында тіпті сирек кездесетін өрнек: оның үстіне, «Самалшыл Сауқым, сауықшыл» деген сияқты аллитерациялық,, «Балтыры ақ жем балықшы» деген сықылды бейнелі сөздер, «не күйде?» деген сұрақтың инверсия түрінде тиісті ырғақпен қайталануы өлеңге ерекше екпін, түр, бояу беріп тұр. Орыс поэзиясының Абай қолданған шалыс ұйқас үлгісі Жансүгіров поэзиясында аллетрация, ассонанстармен құлпырып жанып кетеді.

Жанардың жанған жалыны,
Жердің жүзін жарық етер.
Жарылқар жалшы, жарлыны.
Жаңа жұрт жасар, қарық етер.

Жалпы ассонанс пен аллетрация — Ілияс поэзиясында табиғи түрде кең орын алған ақындық құралдар. Олар еркін, өзінен-өзі ағылып, құйылып отыратын секілді. Мысалы, «Таяғым таптым, таяндым», «Айдалам, Арқам, ауылым». «Сағанағы салдырап, сақалдысы самбырлап» деген сияқты жолдардан ешбір дыбыс қуып қиналушылық немесе жасандылық таппайсыз. Ілияста өлең жолының соңғы сөздері ғана емес, басқы сөздері мен ішкі сөздері де төгіліп ұйқасатын реттер көп кездеседі. Мысалы:

Мешеу ұлтқа арба боп,
Мешеу жұртқа тұлға боп,—

деген сөздердің орта сөздері:

Пысқырып үркек құландай,
Ысқырып жүрдек жыландай,—

деген жолдардың барлық сөздері ұйқасқан. Абайдағы секілді, Шығыс поэзиясының үш жолы қатарынан ұйқасатын өлең түрлері де Ілиястың алғашқы кездегі өлеңдерінен табылады. Сол сықылды екі жол қатар ұйқасып, егіз ұйқастан дербес өлең шумағы жасалатын классикалық шығыстық және европалық поэзияның үлгісі де Ілияста ара-кідік ұшырасады. Мысалы, «Ел ешкісін қырқыпты, егіндерін жыртыпты», «Желкілдейді көк майса, желіндейді мал жайса», «Шұбар ала шешектер, шудаланған көк шөптер» т. т. Сөйтіп, Абай қолданған өлең үлгілерінің барлығы дерлік Ілияс поэзиясынан кең орын алғанын көреміз. Бұл — өлең үлгілерінің ұйқасы жөнінде ғана емес, буын саны жөнінде де айтылуға тиісті пікір. Қазақтың он бір буынды қара өлеңін барлық кезеңде үздіксіз күйттеп отырған ақын поэзиямызда қашаннан қалыптасқан төрт буынды, алты буынды, жеті және сегіз буынды жыр өлең түрлерін де бірдей қолданып, үнемі құбылтып, құлпыртумен келді. Мысалы:

1) Төрт буынды өлең:

Міне Ленин,
Міне құбла,
Міне бес жыл.
Ленин мұнда

(«Мавзолей»).

2) Алты буынды өлең:

Жыршы құс мақтады,
Табиғат таңды қарсы алды.
Ақын құс қақсады,
Жырлады, жар салды.
(«Жазғы таң»).

3) Жеті буынды өлең:

Еңбек елдің жыршысы-ау,
Жанымды бір жадырат,
Көкейіме қондыра,
Тәтті-тәтті әңгіме айт.
Жаңа өмірді жыр қыла,
Шежіре, шешен, сұңғыла,—
Құлшына тарт, домбыра!
(«Домбыра»)

4) Сегіз буынды өлең:

Айдала айсыз түндерде,
Маңдайын бере Үркерге,
Ақырар арба, шарқ ұрар,
Түйелердей тіркелер,
Келіншектей бүркенер,
Дөңгелек арба, зырқырар.
(«От арба»)

Осымен бірге Ілияс үш буын, бес буын өлеңдердің де үлгісін салып көрген.

Ақынның ерекшеліктері өлең түрлерімен қабат, басқа да поэзиялық қасиеттер мен көркемдеуіш құралдардан тұратыны мәлім. Соның ішінде ақынның үні, арыны, лебі, тынысы, тілі, сарыны, бейнелеу тәсілдері секілді бір-бірімен тығыз байланысты қасиеттер мен құралдар — ақынның идеялық өресіне сәйкес өмір шындығын көркем бейнелеуге қызмет етіп, ақынның талантын, поэзиялық күшқуатын, шеберлігін танытатын белгілер мен сипаттар.

Ілиястың жалпы поэзияға қойған төмендегі бағасы мен шарты өз поэзиясына қойған талабы мен серті еді:

Тілісің, теңіз көңіл батылысың,
Өткір ой, сезгір сезім батырысын:
Желіндей қуаныштың жеделдей сок,
Өлеңнің өзені бір сапырылсын.

Күйіндей домбыраның құлдырарсын,
Суындай Алатаудың сылдырасын:
Сөздердің асыл, көркем тасын қала,
Ұйқасы өлеңімнің сыңғарасын.

Шындығын айтуымыз керек, Ілияс поэзиясы оның осы өзі қалаған талап пен еерттің тамаша орындалуында еді.

* * *

Ілияс Жансүгіровтың ақындық таланты тура және тікелей оның идеялық көзқарасының ұлғайып қалыптасуымен, білімінің молайып, өмір тәжірибесінің бірте-бірте өсумен сабақтас, үнемі дамумен, жетілумен келеді. Оны жазушының жиырма жылға тарта творчестволық жолынан көруге болады. Айталық, Ілиястың алғашқы кезеңдегі поэзиясында Абайдың әсерімен қатар, халық поэзиясының ықпалы байқалады. «Байқалады» ғана емес, батпандап көрінеді. Бұл жағдай қазақ халқының ғасырлар бойы тірнектеп жинаған, іріктеп, саралап сақтаған ауыз әдебиетінің асыл қазынасына қарық болмаған жазушы жоқ. Мәселе соны кім қалай пайдаланды, қалай игерді, қандай жаңа дүние шығарды — міне сонда ғой. Жансүгіров өзінің тұтастарымен бірге: алтын сандықтың аузын кең ашып, мол пайдаланған ақын және оны қалай болса-солай ала салмай, әбден бойына сіңіріп, творчестволық көрігінде қорытып пайдаланған ақын.

Ақтарып асыл сөздің алтын. жезін,
Салатын дүкеніме бар мінезім.
Ақтарар Арқа астын инженермін,
Ал, жұртым, керегіне тұрса сөзім,

деп ол жай айтпаған. Ілиястың «Бет ашар», «Бүгінгі дала» сықылды тура халық жырының сарынымен жазған өлеңдерін өз алдына қойғанда, халық поэзиясының ықпалы мен әсері өлеңдік үлгі түрінде, образдық сөз құралдары түрінде, ақындық мақам, машық түрінде жазушының тіпті барлық кезеңдегі шығармаларында атой беріп тұрады. Оның ең соңғы жазған ірі шығармаларының бірі — «Сөзден соққан сұлу сарай» — «Құлагер» поэмасының өзінде халық поэзиясының Ілияс поэзиясымен жымдасып кеткен қыруар образдары мен теңеулері бар. Сонымен бірге баяғы «Балқан таудың басында» деген балалар жыры іспетті Сағынай байға ас берген үлкен жиындағы жаршының лебізімен айтылған жарнамада мынадай қоспасыз халық жырының сарыны бар:

Өркеш-өркеш көрінген,
Орғылап су төгілген,
Балдырғаны білектей,
Баттауығы жүректтей,
Балаусасы жібектей,

Бүлдіргені көнектей,
Ерейменнің тауында,
Егіз қызыл бауырында.
Жоламанның қасында,
Жыландының басында,
Көк жайдақтың шенінде,
Бозойнақтың белінде,
Қайындының дөңінде,
Қарақұсақ көлінде —
Сонда бәйге, төбеге
Жиыласыз көмбеге!

Ілияс Жансүгіровтың творчествосы бастан-аяқ қазақтың халық әдебиеті мен халық тілінен нәр алып дамыған творчество десек, артық айтылған болмайды. Ілияс поэзиясының ерекше күші, әсерлілігі, оның әсем әуезділігі осы халық қазынасын творчестволық жолмен мол және өзінше пайдалана білуінде, оның жалпы халықтығында, ұлттық байырғылығында. Қазақ халқының көп ғасыр санасында қорып, шыңдалған, елегінен өтіп сұрыпталған асыл ұғымдар мен образдар, қазақтың шаруашылық тұрмысына байланысты сезік бейнелері Ілияс поэзиясының қаны, ажары, көркі дейміз. Мысалы, малмен байланысты ұғымдарға сапа-сай алынған төмендегі: «Аспанның төсін арда еміп», «Жынды толқын сүзісті», «Қозыдай қауын, қарбыз көгендегі», «Айырплан аспанда бұлт қайырып құрайлап», «Түйелердей тіркелер», «Үйірін көрген күш қара айғыр аңыра да кісінер», «Жорға еді маймаңдаған бақайшағы», — деген сықылды өлең жолдары осыны дәлелдейді.

Ілияс творчествосының қайнар бұлақ көзінің бірі — орыс әдебиеті. Бұл бұлақтан ақын әуелі Абай арқылы нәр алса, кейін орысша түп нұсқалардың өзінен оқып сусындайтын болды. Жиырмасыншы жылдары Ілияс орыс классиктерін — Пушкин, Лермонтов, Некрасов өлеңдерін аударып бастайды. Отызыншы жылдары Пушкин шығармаларымен көбірек шұғылдана отырып, Лермонтов, Крылов, Державин сияқты ақындардың да өлеңдерінен аз-кем аударып қойды. Сонымен қатар Пушкиннің «Гаврилиада», «Евгений Онегин» секілді ірі, кесек шығармаларын аударып, қазақ ақыны орыстың классикалық поэзиясынан өз поэзиясы үшін көптеген үлгі, өнеге алады. Расында, үңіліп қараған кісіге Ілияс поэзиясында орыс классиктерінің игі әсерінің жемісі көп-ақ. Ал енді өзімен тұстас орыс совет жазушыларының да әсері Ілиясқа аз тиген жоқ. Ол пролетариаттың ұлы жазушысы М. Горькийдің «Дауылпаз туралы жырын» проза түрінде де, өлең түрін-

де де аударды. Әсіресе пролетариат ақындары В. Маяковский мен Д. Бедныйдан көбірек тәлім алып, Ілияс поэзиясының саяси өткір, нағыз партиялық, халықтық, азаматтық бағыты нығая түседі. Газет талабына сай журналист ақын Демьян Бедныйша күнделікті оқиғаларға ұдайы үн қосып, өлеңдерінде әрдайым үгіттік, тәрбиелік мақсатты көздеп отырады.

Жаңа заманның жаршысы да жыршысы І. Жансүгіров Владимир Маяковский сықылды күнделікті өмір оқиғаларына шын жүрегімен үн қосып келді және сол жаңашыл Маяковский сықылды жалынды поэзиясының жаңа социалистік мазмұнына лайық жаңа көркемдік түрлер іздеп шарқ ұрды.

Қызметкерлер арасындағы төрешілдік, паракорлық сияқты қылықтарды, ауылдағы феодалдық салт, әдет-ғұрыптың қалдықтарын, қараңғылық пен надандықтың кесірін, байлар мен молдалардың зиянды әрекеттерін әшкерелеп, сынап, жазушы талай уытты өлең, очерк, фельетон жазады. Сөйтіп, Ілияс творчествосында В. Маяковский мен Д. Бедный творчествосындағы секілді өз алдына сатиралық жанр қалыптасып, көрнекті орын тебеді.

Ілияс Жансүгіровтың орыс классиктерімен қабат, дүние жүзі классиктері Гейне мен Гюгодан, татар ақыны Ғ. Тоқайдан, тәжік ақыны Қ. Лахутидан, замандас орыс ақындары В. Маяковский, Д. Бедный, А. Жаров, И. Уткин, А. Безыменский, Н. Тихоновтардан өлеңдер аударуы оның дүние жүзі поэзиясына үңіліп, үнемі үйренуде, ізденуде болған ақын екенін көрсетеді.

Ілияс поэзиясына тән тағы бір зор ерекшелік — оның ақындық екпіндегі өзіндік үн, лирикалық леп. Не жайында, қандай күйде жырласа да ақын шын көңілмен жырлайды. Барлық жерде ақынның жүрек сыры ақтарылып, ыстық сезімі жалын атады. Онда салқындық, селқостық яки жалған сезім таппайсыз. Дарашылдық пен эстетшілдік лирикасы Ілиясқа жат. «Кеңесті далам, кең далам», «Айдалам, Арқам ауылым», «Асылға бай кендерім, астыққа бай жерлерім», «Кел, көсемім Мәскеуім, көмегіңе біз мұқтаж», «Ауылым, келді от арба, бауырым, жеттің қатарға», «Бауырым, кең иықты, тымақты інім», «Жасарсын, жұртым, жасарсын» деген өлең жолдары, немесе:

Жорғала, тіл, жорғала,
Сорғала жыр, сорғала!
Тақылда, тіл, тақылда!
Бүгінгі ұлы дүбірде,

Бүгін бір сын ақынға,
Жүректегі жалыным,
Бүгін лаула, лапылда!
Көңілдегі бұлағым,
Бүгін қайна, лақылда!—

(«Дала».)

деген шумақ жүректің тек қан таза шыңырауынан шығуы мүмкін. Ілияс поэзиясына айрықша әр, ажар, әсерлі күш беретін де осы — жалынды, лирикалық леп. Ал енді жазушының әрдайым жанын тербеткен, поэзиясына негізгі дем берген шынайы сезім не? Ол — оның халқын, туған жерін шексіз сүйген ең ардақты сезімі, ол — оның сол халқын бақытқа бөлеген партияға, Москваға, ұлы орыс халқына деген ең асыл, ең ыстық сезімі. Сол себепті Ілияс Ленин мен Коммунистік партия туралы, социалистік Отан мен халықтардың достығы туралы, қазақ халқының, қазақ дала-сының ұлы өзгерістері туралы жырлағанда, салқын қанмен немқұрайды жырлай алмайды. Оның көкірегін жарып шыққан ақындық үнінен бірде-бір жалған, жат мақам таппайсыз.

Әрине, Ілияс өлеңінің бәрі бірдей мінсіз, мүлтіксіз шыққан емес. Оның ішінде асығыс жазылған, яки сәтсіз шыққан әлсіз, жасық немесе образдары схемалы, сөзі көп, пікірі үстірт, риторикалы, нанымсыз өлеңдер де бар. Мұндай өлеңдер, әсіресе ақынның алғашқы дәуірінде, әйтпесе шығарманы әлі игеріп болмаған тың тақырыпқа газет редакцияларының тапсыруымен суыт жазған реттерде туған («Қуат» пен «Жорық» поэмалары және 1931 — 1932 жылдары өндіріс, колхоз тақырыбына жазылған кейбір өлеңдері).

Әйткенмен, тұтас алғанда, Ілияс поэзиясы — терең ойдың, үлкен сезімнің поэзиясы. Ол өрен жүйрік, асқақ ақынның тегеуірінді талантынан туған жоғары идеялы, шыншыл, ұшқыр қиялды, қуатты поэзия, ыстық жүректен қорғасындай балқып төгіліп, алуан сырлы образдар қорытқан салмақты, салиқалы поэзия; бұл поэзияның мазмұны заман құбылыстарын қамтиды, мұның жырлаған негізгі геройы — халық, сол халықты коммунизмге бастаған данышпан Коммунистік партия. Сондықтан Ілияс поэзиясын қазақтың халықтық, партиялық бағдарда дамыған совет поэзиясының кезінде маңызды бір тармағы болды дейміз.

Ілияс Жансүгіров — драматургияда «Исатай — Махамбет» сықылды өлеңмен талантты пьеса жазған, прозада он

жыл бойындағы көптеген очерк, әңгіме, фельетондарын «Жолдастар» сықылды көрнекті ірі реалистік романмен түйген көп қырлы жазушы. Алайда Ілияс әдебиетте поэзиясымен танылған және өзінің өлмес шығармаларын көбіне поэзияда қалдырған жазушы болғандықтан, оны біз алдымен ақын деп бағалап, қазақ совет әдебиетіндегі орны мен ерекшеліктерін көбіне-көп осы жағынан алып қараймыз.

Қысқаша сайып айтсақ, халықтың қалың ортасынан шыққан дарынды, асқақ ақын Ілияс Жансүгіров құнарлы халық поэзиясының барлық байлығын бойына жинап, Абай салған үлкен арнамен әдебиет дүниесіне алғаш кадам басқанда, бақытына қарай, социалистік революция туғызған сәулетті совет дәуіріне кезікті де, тамаша талантының қарыштап та шарықтап өрлеуіне шексіз мол мүмкіншілік алды. Жаңа заманда бостандыққа қолы жетіп, бақытты өмір сүрген халқымен жиырма жылдай бірге жасасып және жақсы білген өмірін айқын бейнелеп, туған халқының жалынды жыршысы болған өрен ақын поэзияның кең арналы, эпикалық, терең сырлы лирикалық салаларында жарқырап көзге түсті де, шын халықтық, нағыз ұлттық поэзияның өрнекті үлгілерін салды. Совет заманында білімі де, тәжірибесі де, таланты да жетілген кешегі ауыл ақыны аз уақыттың ішінде әдебиет шеберлерінің алдыңғы сапына шығып, қазақтың жас совет әдебиетінің қалыптасу кезеңінде де, қатарға жетіп кемелденген кезінде де өзіне лайық ардақты орнын алды, сөйтіп, оның есімі туған ел әдебиетінің тарихында «аспанның төсін арда емген» Алатаудай зәулім шоқының бірі болып қалды.

Дүние салар алдында қазақтың даңқты ақыны Ілияс Жансүгіров өзінің соңғы тұлпары — «Құлагерін» бәйгеге қосып отырып, туған халқының алдында шабытпен толғанып былай деп еді:

Шат елдің шешенімін, даңғылымын,
Шыным сол, правом бұл, заңды мұңым,
Астанам Алатаудан саңқылдасам,
Жетпей ме, жер жүзіне жаңғырығым!

Бүгін бөгелмей айта аламыз:

Иә, келді бәйгеден «Құлагерің», жетті әлемге жаңғырығың, Ілеке!

АРДАГЕРЛЕР АЯСЫНДА

Халықтың «ағаға қарап іні өседі», «ата көрген жол пішеді» дейтін сөзінде маңызды мән, мағналы мазмұн бар. Бұл тек моральдық, адамгершілік қасиеттер жөніндегі мираскерлік заңына ғана қатысты айтылған өнеге сөз емес. Мұның әдебиет пен өнердегі дәстүр және жаңашылдық дейтін проблемаға да тікелей қатысы бар қағида.

Бұл дұрысында дамудың заңы, өсудің шарты. Мұнсыз алға басу жоқ. Қай елдің болғанмен әдебиетінің тарихын алсаңыз осыны көресіз: кімде-кім озса өз тіліндегі, қалса, қарышы жеткенше, өзге елдер әдебиетінің жақсы дәстүрлерінен аттанады. Нақтырақ айтсақ, алдымен тетелес тұрған алдыңғы буыннан ұстаз тауып, соның адамгершілік, әлеуметтік, творчестволық жолынан, үлгі, өнегесінен тәлім-тәрбие алады. Әрине, мұны әркім өзінше, өз талантының шама-шарқына, әртүрлі көлем деңгейде істейді, біреу азырақ, біреу көбірек дегендей. Біреу алғашқы аяқ алысында, аз уақыт болса да, алдыңғылардан әсер алмай, рухани азық, нәр алмай ешкім өте алмайды, алдағы мақсат-мұратқа аттана алмайды. Айталық, орыс әдебиетінің алыбы Пушкин, қаншама данышпан болғанмен, өзінен бұрынғы аға буын жазушыларға (мысалы Державин, Батюшков, Карамзинге) соқпай аттана алған жоқ. Ал Пушкинді «пір тұтқан» Гогольдің «шинелінен шыққан» күллі Россия әдебиетшілерін айтпаса да болады. Белинский, Чернышевский, Добролюбовты ту етіп өскендерді қайтесіз? Горький тіпті өз алдына... Оның бер жағы да солай.

Қазақ әдебиеті ше? Абайдың ізін басып келіп, оны ұстаз тұтпау мүмкін бе еді? Бұл Абайдың ұлылығы дейік. Ал сол ұлы Абайдың өзі бұрынғыларға соқпай кете алды ма? «Сөзі құрау» деп есейе келе өзі сынаған Бұхар, Шортанбайларға әйтпесе Шөжеге, Жанактарға көз жұмып өту мүмкін

емес еді. Орыс әдебиетінде Пушкинді «тарих кемесінен лақтырып тастайық» деп, қазақ әдебиетінде «Абайдан Қалмақан артық» деп байбалам салушылар да болған. Бірақ бір қызығы — сөйтіп отырып сол байбаламшылдардың іс жүзінде әлгі ұлы ұстаздардан үйреніп отырғанын көргенбіз.

Осы бір «ағаға карап» деген мәселені әдебиет шеңберінен шығарып кенірек алса да сыйымды. Әдебиетшінің тек әдебиетшіге карауы, әдебиетшіден ғана тәлім алуы шарт емес. Әдебиетші білім мен мәдениеттің көп саласындағы басқа да парасатты адамдарды ұстаз тұтуы мүмкін, сондай-ақ көп саладағы басқа да парасатты адамдардың әдебиеттен үлгі, өнеге алып, әдебиетшіні ұстаз тұтуы мүмкін. Бұған мысал өте көп.

Қазір біздің қозғағалы отырғанымыз — мәселенің бір-ақ жағы. Ол бүгінгі есейген, ержеткен қазақтың советтік интеллигенциясына рухани дамуда ықпал болған, үлгі, өнеге болған, ұстаз ретінде тәлім-тәрбие берген аға буынның ардақты адамдарын атап өту. Атағанда жалпы түрде емес, нақты түрде атау және тұтас алып емес, жеке өз басымның қарым-қатнасына байланысты үздік-үздік әсер жөніндегі естелік түрінде алу. Ардагер адамдардың жалпы ұстаздық бейнесін кең, тұтас күйінде алу әрі қиын, әрі дербес міндет. Ал сол сом бейненің нақты түрде жеке қырларын алып көрсету — ол да өз алдына бір жанр. Мұның да өзінше ұтымды ерекшеліктері бар.

Біз бұл жолы өзімізге ұстаз болған аға буын өкілдерінің кейбіреуін ғана алып, кейбір кезеңдерді ғана еске түсіріп отырмыз. Мақсат, ниет біреу-ақ. Сол ұстаздардың жарқын бейнелеріне тамшыдай болса да деректі мағлұмат қосып, олардың саңлақ ескерткіш-белгілеріне бір кірпіш болса да қосу, сөйтіп олардың халыққа, ғылымға, мәдениетке қажет, қадірлі образын толық тануға сеп тигізу. Құдай бір нәрседен сақтасын: естелік жазып отырып, өзін туралы ұстазым: «сен үлкен ақын боласың», «ғалым боласың», «сен үлкен талант иесісің» деп еді деген секілді көпірме сөздерді ұялмай-қызармай қыстырудан сақтасын...

Алғашқы профессор

Елу жыл — жеке адам өмірінде болсын, қоғам өмірінде болсын, елеулі кезең. Тарихтың жаңа бетін ашқан Ұлы Октябрь социалистік революцияның ұлы көсемі Лениннің туғанына 100 жыл толған және Ленин жолымен жарты

ғасыр өмір сүрген Советтік Қазақстанның торқалы тойы жылы өткен жолымызды тарих асуынан қарап топшыласақ, барлық өмір саласындағы ғажап өзгерістер мен табыстардың дүние-жүзілік мән-мағнасы айқындала түспек. Осы тұрғыдан елу жыл ішіндегі қоғам сатысының әрбір басқышында, өміріміздің әрбір саласында өшпес, ұмытылмас ерлік еңбек еткен қайраткерлерді еске түсіріп, бүгінгі ұрпаққа үлгі етіп тартудың тәрбиелік мәні өте үлкен. Жоғарыда айтқандай «ағаға қарап іні өседі» дейтін аталы сөздің даналық түйінін мен бұл жолы өз басымнан кешкен бір ғана жаймен дәлелдегелі отырмын.

Балалық шағы жиырмасыншы жылдарға, жігіттік шағы отызыншы жылдарға тап келген жас буын ұл-қыздар қазақ даласының тұс-тұсынан, алыс түкпірінен жарық, саңлау іздеп, оқу іздеп, алғаш қалаға қарай қадам басқан кез болатын. Сонда көкірегі жақсы үмітке, жарқын арманға толы жас талапкерлердің білім аңсаған шөлін қандырып, адамгершілік пен азаматтық жөніндегі сана-сезімнің үлгісі болған ұстаздардың ізгі бейнесі еш уақытта естен шықпайды.

Алғашқы қарқында білім нәрін сіміре жұтқан ересек жастар енді жоғары дәрежелі білім алуды арман еткенбіз. Ондай оқу орны біреу-ақ. Ол жаңадан ғана астана орнаған Алматыда ашылған қазақ мемлекеттік педагогикалық институты еді.

1930 жылы менің де арманым орындалып, институтқа келіп түстім. Жаңа алынғандармен ректордың өзі әңгіме жүргізеді дегенді естігенде қуанғаннан ба, жүрек қобалжып, әңгіме болатын мезетті асыға күттік. Институт ректоры профессор Санжар Асфендияровтың есімін бұрын естігенмін. Үш-төрт кісінің алдында ұзын бойлы, сұңғақ, сидалау келген қара торы кісі сызыла басып аудиторияға кірді. Үстіне кигені — ақ жібек көйлек, оның етегін жұқа галифе шалбардың сыртынан салып, белін жібектен ызған жіңішке белбеумен шалған, аяғында — хром етік. Бізге тура қарап, салмақпен сөз бастағанда мөлдір қара көзі, сәл ғана езу тартып жымиған жүзі жылы шырай білдіреді. Жазық маңдайдың дәл ортасынан қақ жарып қайырған толқынды жұмсақ қара шаш, дүзу түскен мінсіз мұрын, бір шоқ қана тығыз қара мұрт профессордың сопақша келген кескінін сұлу да сүйкімді көрсетіп тұр. Ұзын кірпігінен ой ұшқынын шашыратып тұрып, орысша таза, әдемі сөйлеп кетті. Университет деген сөздің түп мағнасын айта келіп, Ломоносов, Чернышевский, Ленин сияқты ұлы адамдар-

дың университетте оқығанын, университет бұрын кедей балалары үшін, әсіресе қазақтар үшін қол жетпес қиял болғанын биязы әңгімелеп түсіндірді де, университетке түскен біздердің міндетімізге тоқтады. «Баяғыдан бергі ата-бабаларыңның өнер-білімге кеткен есесін қайырып, алып қалындар үлестерінді» — деді. Асқан, тасыған, лепірме де көпірме сөзі жоқ, әсем әуен, жылы лебіз, әкелік ақыл, байсалды кеңес естідік. Ол біз үшін ұмытылмас ыстық беташар да, жолашар болды.

Сол сол екен — мұнан былай Санжар Жафарұлы Асфендияров студенттердің сүйікті ағасы болып кетті. Қамқор ректор әділ де адал, сезімтал да кішіпейіл, «қыз мінезді» адам болғандықтан ғана емес, терең білімді, нәзік мәдениетті, тілге жүйрік майталман ұстаз болғандықтан да, профессор Асфендияровтың қазақ тарихы жөніндегі лекциясын тыңдауға әлденеше курс жиналатын едік. Осы күнгі ҚазПИ-дің II-аудиториясы лық толған. Туған халқыңның тарихынан бұрын шежіреден басқа ештеңе естімеген өзіміз Санжар ағаның майда-қоңыр әуенмен жорғалатып айтқан мазмұнды лекциясын естігенде, шынын айтсақ, «аузымызды ашып», ұйып қалатынбыз.

Сүйікті профессорымыздың 1933—1937 жылдар аралығында үсті-үстіне жарияланған еңбектерінің дені бізге оқыған лекцияларының негізінде пайда болған еді. Мысалы, 1933 жылы жарияланған «Қазақ тарихының кейбір негізгі мәселелері туралы» деген атақты мақаласы бізге оқыған курстың маркстік методологиясы болатын. 1935 жылы кітап болып шыққан «Қазақстан тарихының бірінші томының» негізгі желісі бізге оқыған курс еді. Сондай-ақ, 1935—1936 жылдары жарық көрген «Қазақстанның өткені» дейтін екі томдық тарихи документтер жинағын біз жарияланбай тұрып қолжазба күйінде пайдаланғанбыз.

С. Асфендияров Қазақстан тарихын сонау көне заманнан бастап, 1917 жылғы Ұлы Октябрь революциясына дейін әкелетін-ді. Бұл тарихты профессор үш дәуірге (бірінші — капитализмге дейінгі, екінші — колониялық, үшінші — советтік) бөліп алдыңғы екеуін өтіп, енді үшіншісін — советтік дәуірді өте бастағанда, ол арамыздан кетті. Асфендияров оқытқан курсының қандай қате, кемшілігі болды деген мәселе жөнінде, тарихтың маманы емес, маған бірде-не деу қиын. Бұл ретте тарихшы жолдастар тиіп-қашып жазып та, айнып та жүрген сияқты. Әрине, бүгінгі кәмілденген, көп нәрсе мәлім де айқын болған тарих ғылымының биік тұрғысынан қараса, С. Асфендияровтың концепциясынан

мін табылуы да мүмкін. Тіпті осы қазіргі тұрғымыздың өзі мүлтіксіз, тарихтың соңғы сөзі деп кім айта алады?

Мысалы, Асфендияровтың қазақ тарихын дәуірлерге бөлу принципін осы күнгі тұрғымен салыстырсақ, кейбір ағаттық болуы заңды да еді. Айталық Қазақстанның Россияға қосылу фактысын оның біржақты, жаман жағынан көруі қате еді десек, кейін сол тарихи фактыны басқа тарихшылардың керісінше, біржақты, тек жақсы жағынан ғана алып, патшалық самодержавие мен колонизаторлардың халықты қысым мен қанауда ұстағанын көргісі келмеуі де қате боп шықты ғой. Бұл мәселенің әлі де анықталып болмаған қырлары жоқ емес. Сол себепті ғылымдағы соны салаға алдымен барып жол салған көшбасшының сәтті, сәтсіз қадамының қайсысына болса да, тарихшылық (историзм) тұрғысынан қараған жөн.

Ал қалай болғанда да, Санжар Асфендияровтың Қазақстан тарихын маркстік ғылымының бағытында тұңғыш зерттеуші ғалым екеніне ешкімнің дауы болмаса керек. Сондай-ақ, оның ғажап көп білетін және оқығанынан тоқығаны көп зерделігіне де ешкім таласа алмайды. Мына біз сол тамаша ғалымның осы қабілеті мен қасиетін көзімізбен көріп, жүрегімізбен сезінген соң айтып отырмыз.

С. Асфендияровтың таланты мен эрудициясына таң қалдыратын тағы бір жай оның өмір баянына байланысты.

Сырдария бойындағы төре тұқымынан шыққан әскери қызметкер — губернатордың тілмашы, полковник сұлтан Жафар Асфендияровтың 1889 жылы туған баласы Санжар 1907 жылы Ташкентте реальное училище мектебін бітіріп, Петербургтегі әскери-медицина Академиясына түседі де, оны 1912 жылы бітіріп шығады. Осыдан кейін бір полкте дәрігер боп істейтін жігіт 1914—1916 жылдары соғыс майданында өз бөлімшесімен тұтқынға түседі. Әскерде, тұтқында жүріп, Санжардың көп нәрсеге көзі ашылады. Зейінді, сеңсек жігіт соғыс тұсындағы қоғамдық жағдайды, әлеуметтік қайшылықтарды жіті ұғынып, өзінің саяси көзқарасын тез анықтап, шапшаң шыңдайды. Сондықтан да тұтқыннан қайтқан бетте ол Уақытша үкімет тұсындағы «сенімсіз» адамдардың санатында бақылауға алынады. Сөйтіп жүріп Санжар революциялық жұмысқа араласады. Осы жұмыста жақсы танылған Санжар 1919 жылы большевиктер партиясына кіреді.

С. Асфендияров бұдан кейін Ташкент пен Москвада жауапты партия, совет және ғылыми қызметтер атқарады. Түркістан компартиясы Орталық Комитетінің секретары,

Түркістан республикасының денсаулық жөніндегі комиссары, бес жылдай жер-су халық комиссары, Москвадағы Шығыс институтының директоры, бірінші Москва университетінің профессоры міндеттерін атқарып, 1928 жылы Алматыға келеді, тұңғыш қазақ мемлекеттік университетінің ректоры, профессоры болып тағайындалады. Сонда ол 39 жаста болатын. Осы қысқа мерзімнің ішінде қаншама талантының көп қырын қалай ашқан десеңізші!

С. Асфендияров Алматыға келгеннен кейін де ректорлық пен профессорлықтан басқа да талай қызметтер атқарады. Қазақстанның денсаулық халық комиссары, медицина институтының директоры, Халық ағарту комиссарының орынбасары, СССР Ғылым академиясының қазақ филиалы председателінің орынбасары т. т. Ол ол ма, медиктігінің, педагогтігінің, ғалымдығының, қоғам қайраткерлігінің үстіне Санжар Асфендияров жазушы, филолог еді. Ол Шығыс елдері өмірінен «Шатер мира» атты орыс тілінде повесть жазған кісі, қазақ эпосы, ұлт мәдениеті, колхоз-совхоз театрлары туралы еңбектер жазды.

Мұның бәрін біз С. Асфендияров сықылды көп қырлы қайраткерді заман туғызады, заман талабы өсіреді деу үшін айтып отырмыз. Өйткені, ол тұста бір ғана Санжар емес, бізге ұстаздық еткен Сәкен Сейфуллин де, Молдағали Жолдыбаев та, Құдайберген Жұбанов та, Николай Фатов пен Михаил Баталов та, Мұхтар Әуезов те сондай кісілер еді. Біз отызыншы жылдар оқушылары, бұл ұстаздардың жастар үшін атқарған білімпаздық, өнегелік, тәлім-тәрбиелік ролін алғыспен еске алып, олардың алдында өмірбақи қарыздар екенімізді айтумен қатар С. Асфендияров секілді қайраткерлерді осы күнгі ұстаздар мен жастарға да үлгі етіп тартуды борыш көрдік.

Бір кезде қайта өрлеу заманы ой мен өнердің титандарын туғызды ғой. Бір кезде Ф. Энгельс «Ұлы төңкеріс заманы титандар туғызады» деген екен. Октябрь революциясы орнатқан советтік дәуір де ірі тұлғалар туғызды. Олар асқақ арманның, таудай талаптың адамдары болатын.

Қазақ топырағында өзінің сегіз қырлы саңлақ тұлғасымен танылған дарынды ғалым — медик, тарихшы, әдебиетші, қоғам қайраткері, өмір өріне енді шығып, боратып еңбек етіп тұрған шағында, жазықсыз күйіп кеткен Санжар Асфендияров та соның бірі еді.

Партиялық әділ шындықтың арқасында ғалымның жарқын бейнесі мен құнды еңбектері советтік дәуірдің асыл мұрасына қосылды.

Бір көрген адам оны ұмыту мүмкін емес. Себебі: ол өзгеден алабөтен ерек еді. Атақты ақын, халқының үздік шыққан қаһарман революция қайраткері, майыспас коммунист, өзінің даңқымен де, ақыл-ажар көркімен де, адал әділ, адамгершілік қасиеттерімен де кісіні еліктіріп әкететін...

Ең алғаш суретін «Тар жол, тайғақ кешудің» бетінен көргенде есімде сылау мұрт, жазық маңдай, ашаң жүзді сұлу, сұрша жігіттің бейнесі қалып қойған-ды.

1930 жылы Алматыға келіп ардагер адамды көзбен көргенде, әуелгі әсерім едәуір өзгерді. Шымқай қара мұртының екі ұшын қиғызып, шағын ғана басқызған. Бұрынғы ашаң жүзі сәл толығып қоңырқай тартқандай. Суреттегідей емес, сұңғақты, әсем тік тұлғасымен де айрықша көз тартады, көңіл сүйсіндіреді.

Ойшыл да өткір, мөлдір қара көзі біртүрлі от шашатындай кейде қаһарлы, зәрлі ұшқын атса, көбіне жылы, жұмсақ, мейірлі назар аңғартатын. Оның көзқарасы ақындық жанының айнасы іспетті еді.

Сәкен аға бізге қазақ әдебиеті тарихынан дәріс оқыды. Тек қана дәріс оқыды десек және тек қана әдебиет тарихынан оқыды десек, онда ұстазымыздың көп қырлы ролін жете бағаламаған болар едік. Ол бізге толық мағнасында және ең қадірлі де қасиетті мағнасында ұстаздық етіп, көп ретте үлгі, өнеге көрсеткен адам. Әрине, біз оның дәрістері мен оқулықтарынан әдебиетіміздің тарихын, жақсы үрдіс, дәстүрін, көркемдік сыр сипатын білдік. Әдебиеттің партиялық, эстетикалық принциптерін таныдық. Сонымен бірге біз одан тап дұшпандарын қалай ажыратып, қалай күресу амалын үйрендік. Ол идеялық қасастық пен қате-кемшіліктің қандайына болса да қатал еді, жас совет әдебиетінің жақсы жаңалығының бәріне шын жүрегімен қуанып отыратын-ды. Сүйікті ұстаздың әдебиетті білуі мен сүйюі оқушыларына да күшті әсер ететіні белгілі. Бұл ретте біз, ҚазПИ оқушылары С. Сейфуллин сықылды, М. Әуезов, С. Асфендияров, М. Баталов, М. Жолдыбаев, Қ. Жұбанов сықылды ұстаздарымызға еліктеп әдебиет, тарих, тіл кітаптарын көп оқитын болдық. Әсіресе осы кісілердің өз шығармаларын түгел оқып, жаңасын күтіп отыратынбыз.

Сәкеннің «Домбыра», «Асау тұлпар», «Экспресс» жинақтарына енген өлең, поэмаларын бұрын Орынборда техникумда жүргенде оқып, көп өлеңдерін тақпақ етіп айтатын едік. «Тар жол, тайғақ кешуді» техникум студенттері бір-

неше күн бірлесіп оқығанмыз әлі есімде. Ал «Көкшетау» поэмасын өз басым бір жыл бұрын қайта-қайта оқып, көп жерін жаттап алғаным бар. Енді сол ақын «қолға түсіп», күнде көретін болған соң, оның аузынан шыққан әрбір сөзін қағып алатын болдық. Сәкен мен Мұхтар жазған шығарма болсын, айтқан әңгіме болсын, студенттердің тура талқысына түсіп, талас туғызып жатады. Оның үстіне жазушылардың ол кезде жиі шақырылатын жиын, жиналыстарының барлығы ҚазПИ-де өтетін ғой. Және бірде-бір шығарма талқыланбай басылмайтын. Басылған соң да міндетті түрде талқыға түсетін. Мұның өзі жастар үшін әрі қызық, әрі тиімді мектеп еді. Мен институтта оқыған төрт жылдың ішінде Сәкен шығармаларына байланысты үш үлкен дискуссия өтті. Бірі — «Альбатрос» поэмасы туралы, екінші — «Қызыл ат» поэмасы, үшіншісі — «Қызыл сұңқар» пьесасының өңделіп қайта қойылған спектаклі туралы. Неге екенін білмеймін, ол тұстарда бізде сыншылдық та, сынампаздық та тіптен мықты болатын. Азынаулақ кемшіліктің өзін ағаш аттың басына мінгізетіндер көп еді. Әсіресе Сәкен шығармаларына өш болатын, біртүрлі аңдып отыратын сияқты еді. Оның себебі сол кездегі Голощекин басшылығының С. Сейфуллинге алакөзбен қарауына байланысты болса керек, Голощекинге жағынбақшы болғандар Сәкен шығармасынан қате, кемшілік іздеп тап беретін-ді. Бірақ, қанша дуылдатқанмен, қалың көпшілік, «сыналған» шығарманы қалай да жақсы қабылдайтын. Айрықша катал сынға ұшыраған «Қызыл ат» поэмасы болды.

Поэмаға саяси айып таққысы келгендер де табылды. Бұл колхоз құрылысына жабылған жала, ауыл мен қаланы қарсы қоюшылық, мұндағы ат деп отырғаны ат емес, астарлап айтқан адам, шаруа т. т. осы секілді «ұйғарулар» ақынға айып ретінде тағылып жатты. Жалаға жан төзбеді. Әсіресе сүйікті ұстазына шүбәлы қолдар сермеліп, қиянат жасап жатса қайтбексің. Мен де дискуссияға араласып кеттім. «Қызыл ат және социалистік реализм» деген ұзақ мақала жаздым. Ол «Лениншіл жас» газетінің 1933 жылғы февраль-март айларының 4—5 номерінде жарияланды. Бұл менің әдебиет сынындағы тұңғыш кадамым еді. Мақалам жарияланғанға бір жағынан есім шығып жүр. Екінші жағынан, бар күдігім: «Сәкен аға не дер екен?» деймін ішімнен. Сәкен аға ештеңе демеді. Оқымаған сияқты ма, қалай?! Айтайын десем бата алмаймын. Бірақ мақаланың жарияланып жатқанын біледі, өйткені бұрынғы пікірлердің бәріне қарсы не қиғаш шыққан бұл мақала кезінде сенсация жа-

сағаны мәлім. Мақаланың соңы жарияланып болған соң, үш күннен кейін, Сәкен аға бізге Шәңгерей туралы дәріс оқып, үзілісте коридорға шықты. Ылғиғы әдетіміз бойынша коридорда да ол кісіні қоршап алып, әңгіме айтқызып тұрғанбыз (үзілісте Сәкен аға оқу бөліміне бармай, студенттермен болатын, шылым тартпайтын, көбіне күлдіргі әңгімелер айтатын). Аудиторияға қайтып кірерде Сәкен маған бұрылып, «осы сабақтан кейін мені шығарып салшы» деді тамағын кенеп, өзінің күңгірлеген қоңыр мақпал даусымен. Жүрегім дүрсілдеп кетті. Әлде не дейді?!

Еріп келемін. Үн жоқ. Басында дөңгелек құндыз бөрік, үсте мауыты макентош, аяқта шимайлы сары туфли, қолда әшекейлі шұбар таяк, аяғын маң-маң басып алда келе жатыр. Мен арғымақтың қасында жаман-жұман тай-құнан сияқты боп қалдым. ҚазПИ мен Сәкеннің пәтерінің арасы тым жақын болатын. Тез келіп қалдық. Әлі сөз жоқ. Алдымыздан Молдекең шықты. Молдағали Жолдыбаев та белгілі әдебиетші, бізге сабақ береді. Сәкенмен көрші. Қалжындап сөйлейтін кісі еді:

— Сәкен, шәкірттіңнен социалистік реализм үйреніп келесің бе?— деді. Мен бетім дуылдап, ұялғаннан жерге кіріп кете жаздадым. Молдекең қысылғанымды байқап қалса керек:

— Әй, бала, сен оған қысылма. Біз сендерге үйретсек, сендерден кім біледі, әлі-ақ үйренетін болармыз. Несі бар!— деп жайып-жуып қойды.

Сәкен мені үйіне алып кірді. Ол кісінің үй жағдайын көргенім сол. Үлкен кең бөлменің тауға қараған терезесінің алдында ескі жазу столы. Стол үстінде қобырап жатқан қағаз, қалам, сия сауыт. Айнала кітапқа толы шкафттар. Столдың шетіне отырғызып, Сәкен аға маған ұзын кірпікті нұрлы қара көздерін тура тіге қарап:

— Мақаланды түгел оқыдым. Өзім туралы болған соң, жақсы-жаман деп жату ыңғайсыз. Бірақ поэманың шын мақсатын түсініп жазғансың. Біреулер анау-мынау деп босқа даурығып жүр. Мейлі! Олардың неге өйтетінін өздері біледі. Жазушы да шындықты айту керек, сыншы да шындықты айту керек. Әйткенмен шындық жаңа өмірдің зиянына емес, пайдасына айтылу керек. Сондықтан сенің «Қызыл ат» туралы мақаланың негізі жаңа колхоз өмірінің қамын ойлап жазған социалистік реализм әдісіне құрылуы біздің сынымыздағы жаңалық. Соны айтайын деп едім. Маған араша түскенің үшін емес, міне осы үшін сенің алғашқы қадамыңды құттықтайын деп едім,— деді. «Рахмет» деген

сыкылды бірдеңе айтқым келіп еді аузымнан сөз шықпай қалды.

— Поэманың кемшілігі неде екенін өзім де білемін,— деді Сәкең аз-кем ойланып тұрып.— Бірақ жалақор саясатшысымақтардың іздеген жерінде емес, басқа жағында, шын кемшілігіне сен де көп бара алмапсың. Шындай түсу үшін әлі де көп еңбек сіңіру керек. Шығарма нысанаға тию үшін бұдан кешіктіруді көтермейтін болды.

Оның ойлағаны қандай кемшілік екен деп кейін де көп толғандым. Бірақ поэма жөніндегі тартыс одан әрі созылған жоқ.

Сәкеннің «бұдан кешіктіруді көтермейтін болды» деуінен түсінгенім — әлеуметтік актуалды шығарманың дер кезінде, оқушысына өте қажет кезінде жетуінің айрықша мәні бар екендігі. Ленин де Горькийдің «Ана» романының дер кезінде шыққанын айтқанда оның осындай мәнін ескерген болу керек. «Қызыл ат» дискуссиясы толастай бергенде «Қызыл сұңқарлар» пьесасының таласы туды. Бұл таласқа да араласып, шындықты жақтауға тура келді. Әділетсіз сыннан қорғай отырып, реализм тұрғысынан спектакльдің шын бар кемшілігін бұл жолы мен де айтып көрдім. Революция қайраткерлерінің күрес әрекеті тым тар шеңберде (тек тұтқында) алынып, драмалық желісі көбіне — көп сөзге құрылғанын ескерттім. Мақалам жарияланған күні Сәкен аға Жазушылар Одағына келе қалды.

— Бірыңғай жақтамай, мақтамай, шығармадан кемшілік қарастырғаның теріс емес,— деді ол маған,— өткен жолы менің өзім сені кемшілік айтуға шақырғандай едім ғой. Бірақ сенің сының драмалық шығармадан гөрі прозалық шығармаға қатысты сияқты. Менің пьесамның кемшілігі оқиға шеңберінің тарлығында деуден де, оқиға дамуының босандығында деу дұрысырақ болар.

Кім қалай дегенмен, «Қызыл сұңқарлар» спектаклін көрермен жұрттың жылы қабылдағанын көзіміз көрді. Оның себебі — пьесаның көркемдік қасиетінен бұрын, негізгі қаһарманы Еркебұланның (Сәкеннің өзінің) халық сүйіктісі екендігінен деп білемін. Театрда болған жұрт Еркебұлан ролін ойнаған артистен бұрын алдыңғы қатарда отырған авторға қарап қол ұрып отырғаны бәріміздің есімізде. Өкініші — сол, Сәкең «Қызыл сұңқарлар» туралы дискуссия тұсында айтылған ұсыныстарды және өзі де дұрыс деп біліп, пьесасын қайта өңдей түсемін деген ойларын жүзеге асыра алмай кетті.

1934 жылы Горькийдің басшылығымен өткен СССР жа-

зушыларының бірінші съезіне Сәкен аға да делегат болып барды. Бұл Қазақстан басшылығынан 1933 жылы Голощекин кетіп, оның орнына Мирзоян келгеннен кейін, С. Сейфуллиннің де кең тыныс алған кезі болатын. Съезге барудың қарсаңында январьдан бастап «Қазақ әдебиеті» газеті шыға бастады. Бес ай ішінде он екі номері шыққан тұңғыш әдебиет газетінің жарық көруіне Ілияс Жансүгіровпен, Ғабит Мүсіреповпен, Бейімбет Майлинмен бірге күш салған да, газеттің атын қойған да — Сәкен болатын. Және бұлар редакция коллегиясының мүшесі еді. Сондықтан газеттің хатшысы болған соң енді Сәкенмен оқу орнында, әдебиет жиналысында ғана емес, газетте журналистік қызметке байланысты көп араласатын болдық. Өзінің творчествосынан есеп беріп, бір рет мақала жазды, бас мақалалардың күрделілерін редактормен қатар оқып беріп отырды. Бұрын байқауымда газет-журналдардың тапсырмасына онша құлшынбайтын Сәкен осы «Қазақ әдебиеті» шыға бастаған тұста үлкен ықыласпен көмектесетін болды. Осы күні ойласам оның себебі «Қазақ әдебиетіне» жазушылардың төл газеті деп қарағандық болу керек. Сол жылы біз бірнеше адам Ленинградтың аспирантурасына түскенбіз. Съезден кейін Сәкен бастаған біздің басты жазушыларымыз Ленинградқа келді. Съезд қортындысы туралы қазақ оқушыларымен кездесу өтті. Онда делегаттардың бәрі съезден кейін алған әсерін әңгімелейді. Мағнасыз көп сөйлеуді және бос мақтануды ұнатпайтын Сәкен осы жолы дағдыдан тыс шешіле сөйледі. Сондағы көбіне-көп сүйсіне де шабыттана сөз еткені Горький болды. Сырттай ұлы жазушыны ертеден білетінін, оның шығармаларынан қашаннан үлгі тұтқанын, өзін бір көруді арман етіп келгенін айта келіп, енді сол сүйікті ұстазын көзімен көріп, құлағымен тыңдап, тамаша әсерге бөленгенін қызық әңгімелеп берді. Горькийдің халық фольклоры жайында, социалистік реализм әдісі мен көп ұлтты совет әдебиетінің бірлігі жайында айтқанын өзінше баяндай тұрып, осыған орай қазақ әдебиетінің сипат, міндеттерін жайып салды. Ылғи дау, таласта, егес, бақаста әрі қысқа, әрі өткір, кейде жалаға жауап ретінде кесір сөйлейтін Сәкен, мына тұста оның бірі де жоқ Горький есіміне байланысты ол көңілдене сөйлеп, туған әдебиетіміз туралы жүйелі де түйінді пікірлер қозғады. Сонымен қатар Мұханның, Ілекеңнің, Биағаның сөздерін де рақаттана тыңдап, Ленинградтағы қазақ оқушылары бір кенеліп қалғанбыз. Осы жерде жол-жөнекей өкінішпен ескерте кететін бір жай мынау: сол съезге қатысқан ардагерлеріміздің кинопенкала-

ры толық сақталмаған. Сақталған үзіндіде бір-ақ жерде Жансүгіров көрінеді, енді бір жерде залда отырған Сәкең көрініп қалады. Басында шошақ ала тақия. Басқа ештеңе жоқ. Келесі күні ағаларды поезға шығарып салу үшін — Хамза, Белгібай үшеуіміз «Астория» қонақ жайына келдік. Ас үстінде шарап жайы әңгіме болды. Сәкеңнің ешқандай шарапты татып алмайтынын, бірақ үйінде, шкафта тұр-түрімен толып тұратынын еститінмін. Бір жыл бұрын біз ҚазПИ-ді бітірерде қуаныш кешімізге келіп, бірақ ішкіліктен ештеңе татпағанын өз көзімізбен көргенбіз. Қазір де ол кісі бізді сыйлағанмен өзі ернін де тигізген жоқ. Ал шараптың эстетикалық қасиеттерін аузынан бал тамыздыра сипаттағанына таң қалдық. Әсем табиғат, сұлу ат, құс, қыз, гүл дегендер ақынға қандай шабыт берсе, жақсы шарап та сондай шабыт беретінін дәлелдеп отыр. Ал өзі ішпейді. Бұл қалай? «Молданың айтқанын істе, істегенін істеме» дегеннің кері емес пе?

— Сәке, соншама сипаттап, бізді тамсандырып қойдыңыз да өзіңіз татпайсыз. Мұны қалай түсінеміз?— дедім мен аздап қымсына сөйлеп.

— Жақсыны көрмек үшін дөмей ме?! Сұлулық — деді Сәкең қарқылдап күліп, — тату, пайдалану, тою үшін емес, жақсы көру, сүйсіну үшін. Сендер ойлайтын шығарсындар, Омар Хайям шарап туралы соншалық қызыға жазса, ол мұның ішкіш болғандығынан деп. Жоқ, олай емес. Керек болса, Омар Хайям тіпті ішпеген адам.

Сәкеңнің дәріс оқыған, жәй әңгімелескен кездерінен білетінбіз — қазақ әдебиеті жайлы сөйлей тұрып, әрдайым орыс жазушыларын, шығыс жазушыларын кірістіріп олардың творчествосынан жақсы хабардар екенін аңғартып тұратын. Енді мына жолы олардың тұрмыстағы өз бастарының қасиет-сипаттарынан да хабардар екенін эстетикаға байланысты әңгімесінен байқап, мұны да өнеге ретінде ішке түйіп қалдық.

Осыдан кейін Сәкеңмен екі жылға дейін жолығысқан жоқпыз. Біз Ленинградта, ол кісі Алматыда жүріп жатты. Бұл екі арада Москвада қазақ өнері мен әдебиетінің алғашқы онкүндігі өтті. Өте керемет өтті. Оның дүмпуі Ленинградқа да жетті. Қазақ мәдениетінің мұншалық танылып, мұншалық мақтау алып жатқанына шексіз қуанып, төбеміз көкке жеткендей масаттандық. Әсіресе жарқырап шыққан Жамбыл мен Күләштің, Сәкең Сейфуллиннің есімін мактан еттік. Сол тұста Сәкеңнің «Правда» газетінде орыс тіліне аударылып жарияланған «Адам» атты поэмасын, Жамбыл

жырларын, өзіміз Ленинград университетінде, Жазушылар Одағының Ленинградтағы бөлімшесінде, Шығыс үйіндегі қазақ землячествосында мақтана, қызыға, қуана ұғындырып көпке дейін уағыздаумен болдық. Онкүндікке ілесе Қазақстанда С. Сейфуллиннің әдеби қызметіне 20 жыл толған юбилейі өткізілді. Көп жыл қағажудан кейін халықтың сүйіктісіне көрсеткен бұл құрмет нағыз әдебиет мерекесіне айналды. Бұған толқымаған, тебіренбеген жан қалған жоқ десек өсіріп айтқан болмас. Тіпті күні кешеге дейін Сәкеннің соңына түсіп келген сыншылардың өзі ардақты ақынның алдында бас иіп, жақсы лебіз айтып бәйек болғанын білеміз.

Үкімет Сәкеннің творчестволық қызметін жоғары бағалап, Еңбек Қызыл ту орденімен наградтады. Мұның өзі қазақ қаламгеріне берілген бірінші награда еді. Сондықтан да бұл факт бүкіл әдебиет қауымын дүр сілкіндіріп рухтандырған зор оқиға болды. Сөйтіп партия мен үкіметтен, халқы мен қоғамнан ардақты азамат, ардагер ақын өзінің ең лайықты бағасын алды. ВКП(б) Қазақстан өлкелік комитеті мен Қазақ АССР Халық Комиссарлар Советі Сәкен Сейфуллинді «Қазақ еңбекшілерінің ақыны, большевик», «пролетар революциясының байырғы солдаты» ретінде құттықтай келіп былай деп жазған еді: «Қазақ халқы патша үкіметінің отарлық бұғауында болған кезде, революция, азамат соғысы және социалистік құрылыс кезінде Сіз өзіңіздің көркем сөзіңізбен қазақ еңбекшілерін қазақ халқының тап жауларына, пролетар революциясының тұшпандарына қарсы күреске жігерлендіріп, Ұлы Ленин партиясының туын берік ұстадыңыз...»

Мұның үстіне Сәкеннің қалам ұстаған құрбыларымен ізбасар әдебиетшілерінің аға жазушы жөнінде жылы лебіз білдірмей қалғаны жоқ десе болады. Юбилейде Сәкен творчествосы туралы баяндама жасаған Сәбит Мұқанов Сәкеннің қалам мен найзаны қатар ұстаған жауынгер, батыр, большевик ақын екенін, «Қазақ совет әдебиетінің тұңғышы» екенін дәлелдеді, Сәкенге арналған мақалаларда Мұхтар Әуезов оны «Шыншыл да асқақ ақын» деп, Ғабит Мүсірепов «Қазақ революциялық поэзиясының ардагері» деп бағалады. Ілияс Жансүгіров Сәкенді «Қазақ совет поэзиясының тұлпарына» балаған арнайы өлеңінде:

Жырламасқа теңіздей
Қуаныштын шегі жоқ.
Ардақталған өзіңдей
Қазақта ақын тегі жоқ,—

деп бүкіл халықтың Сәкенге деген көзқарасы мен көңіл күйін білдірді.

Мен Ленинградтан Сәкен юбилейі өткеннен екі-үш ай кейін келдім. Ноябрь айы еді. Көбік қар жаңа ғана түскен. Онда жазушылар Одағы Красин көшесіндегі кішкене особняк үйде болатын. Одақтың председателі Сәбең, секретары мен, екеуміздің кабинетіміз бір. Қызметке алғаш кіріскен күні-ақ кабинетке Сәкен аға кіріп келді. Басында дөңгелек сусары бөрік. Қандай жарасқан десеңізші! Бірде-бір өтірігі жоқ — кабинет нұр жайнап кетті. Мүмкін, Сәкеннің көркі ғана емес, сол заматтағы көтеріңкі көңіл күйінің де әсері болған шығар. Мен ағаның өткен юбилейін, ол менің жаңа отырған орнымды құттықтастық. Сәбең, Сәбең үшеуіміз отырғандағы жылы шырайлы әңгімеден есімде қалған-ақ Сәкен ағаның маған айтқан қалжың сөзі болды:

— Ал, Мұқаметжан, социалистік реализмді іске асыр енді,— деді ол көзімен күліп.— Мына Сәбит өзі жазғызсын, өзгеге жазғызсын,— әдебиет урожайын өсірсін. Сен өзін сына, өзгеге сынат — әдебиет егініне ортақ жұмысын жүргіз. Бірақ саранча боп тимендер.

Бұл сөздердің терең мағнасын, шынымды айтсам, ол шақта жете түсінбеген сияқтымын. Қазір ойлансам әдебиет егініне шыққан арам шөптерді отау жұмысын жүргізу керек, бірақ саранча боп тимеу керек деумен көп нәрсе айтылған екен ғой.

Сәкен президиум мүшесі, «Әдебиет майданы» журналының бас редакторы. Ал шын-шынында бәріміздің идеялық басшымыз. Ол енді бұрынғыдай «бұйығы» да емес, қаһар шашып қабақ та шытпайды, қашан көрсең ашық ақ жарқын мінез байкатады. Сәкен келсе, бәріміз сол кісінің төңірегінә үйріле қаламыз. Өнегелі сөз естігіміз келеді, күлісіп, көңіл көтеріп қаламыз.

1937 жылы май айында Қазақстан Жазушылар Одағының бірінші съезінен кейінгі бірінші пленумы болды. Сәкен, Бейімбет, Илияс, Мұхтар, Сәбит, Ғабит, Ғаббас президиумда отырды. Бүгінге дейін ойлаймын: шіркін, қазақ әдебиетінің сәні мен көркі қандай келісті еді сонда! Мен сын туралы баяндамада лепіріп тұрып, сол отырған ағалардың біразын іліп-шалып кетіппін. Орындысы да, орынсызы да болса керек. Әрине, албырттық та бар. Ол үшін осы күні ұяламын да. Бірақ бірде-біреуі шамданған да, шабаланған да жоқ. Бәрі де жас адамның батыл айтқанына сүйсініп, жаңсақ айтқанына кешірім жасаған жүзбен жымың қағады. Сондағы Сәкен ағаның «дұрыс!» деген бір-ақ сөзін әлі күн-

ге дейін ұмытпаймын. Келте айтылған «дұрыс!» деген сөзді Сәкеннің аузынан бұрын да әлденеше естігенбіз. Кейде ол кісі мұны кекесінмен айтатын. Даңғаза біреу даурығып орынсыз сөйлегенде онымен дауласып жатқысы келмесе, мысқылмен «дұрыс!» дей салатын. Сескене қарасам бұл жолы әлгі сөзді өзінің тура мағнасында айтқан сияқты. Ол маған кімнің де болса кемшілігін беті-жүзіне қарамай тура айта бер деген өсиет іспетті естілді. Ол жылдары журналға, баспаға кететін жаңа шығармалар жазушылар Одағында міндетті түрде оқылып, талқыланып жіберілетін. Соңғы кезде Сәкен сондай талқылаудың бәріне дерлік қатысып отырды әдетке айналдырып еді. Бір күні Ілекеңнің «Құлагер» поэмасының кітап етіп дайындаған вариантын оқып пікір алыстық. «Социалистік Қазақстанда» өткен күзде жарияланған варианты бойынша айтылған пікірлерді автор ескеріп көп жөндеулер енгізіп, көп толықтырған екен. Осы талқылауда Сәкен айрықша ағытыла сөйлеп, қазақ поэзиясының дәстүрі мен жаңашылдығын проблема етіп қозғады. Мұнан 4—5 жыл бұрын ҚазПИ-де формализм жөнінде сөз болып, сонда Сәкен өзінің «Альбатрос» поэмасында да формализмнің ықпалы болды дегенді ескерткен болатын. Кәзір «Құлагер» поэмасына байланысты ол бір кездегі жаңа келген техниканың сырт белгілерін суреттеумен елігіп, дыбыс қуушылық формализм емес, жаңа мазмұн, жаңа ырғаққа лайық жаңа түр іздеген жақсы ниеттің ізі екенін айтты. Ал ол ниетіміз көңілдегідей нәтиже бермесе, ол творчестволық тәжірибенің кемдігі деді. Ілияс тарихи тақырыпқа барып, тарихи шығармаға жаңа көзқарасты арқау еткендегі тамаша табысын ірі таланттың іздену нәтижесінде жеткен жеңіс деп бағалады. Сәкен де, Мұхаң да, Сәбең де осы пікірді қолдап, «Құлагер» поэмасын қазақ поэзиясының шоқтықты шығармасы, дәстүр мен жаңашылдықтың тоғысқан биігі деп бағалады. Бірақ, не керек, «Құлагердің» бұл варианты сақталған жоқ.

Көп ұзамай «Құлагердің» авторы да, «Құлагерді» қуана бағалаған қазақ поэзиясының тұлпары да арамыздан келмеске кетті. Әйткенмен олардың қазақ совет әдебиетіндегі іздемпаздық, жаңашылдық еңбектерінің іздері кейінгіге жосылып жол болып қалды. Ұлы адамдардан оқығанда, үйреніп, өнеге алғанда, жүзбе-жүз кездесіп әңгімелескенде алған әсер, түйген ойың аз болмайды. Оның ешқайсысы ұмытылмайды, өшпейді. Бірақ соның бәрі бір заматта есіңе түсе де қоймайды. Және бәрін бірдей шағын мақалаға сыйғызу тағы қиын. Сол себепті бұл жолы барлық жағынан үлгі

еткен ұстаз адамның жарқын бейнесін кейбір өзіме қатысты кездерінсіп ғана алып көрсеткен болдым.

Жаңа әдебиеттің Сәкен, Мұхтар сықылды, Бейімбет, Ілияс сықылды, Сәбит, Ғабит сықылды көшбасшылары туралы қазір ойлап отырсам, мынадай бір жайға таң қаламын. Жазушы деп, қайраткер деп ел таныған кезде солар жиырма мен отыздың арасындағы жігіттер екен. Мен көргенде, алды отыз бесте, арты жиырма жетіде еді. Неге екенін білмеймін, сонда олар бізге, кейінгі жастарға, біртүрлі кексе, кемеңгер кісілер көрінетін-ді. Қазіргі осы жастағы жазушылар ондай әсер туғызбайды. Мүмкін, ол бірде төменнен жоғары, бірде жоғарыдан төмен қарағаннан да шығар. Алайда заманның қауырт талабы азғана топқа ауыр жүк артып, тез есейткендігі де бар-ау деймін.

Революцияның алғашқы жылынан коммунист, 28 жасында Қазақстандағы совет үкіметінің басшысы, атақты ақын Сәкен Сейфуллин осының айғағы еді. Алдымызда мұндай кісілердің болуы біз үшін бақыт еді.

Сәкен ұзақ сапар шегуінің алдында маған партия мүшелігіне өту үшін кепілдеме берді. Бұл сүйікті ұстаздың шәкіртінің жеке басына көрсеткен соңғы сенімі, ақырғы жақсылығы еді. Сондықтан да оның өшпес образы жүректе партия билетімен бірге сақталмақ.

Алып ақын

Бала кезім. Орынборда оқып жүргенмін. Дәрігер болам деп медицина техникумында жүргеніме қарамай, Қызылордадан өлеңі бар газет, журнал күтетінмін. Ансай, асыға күтетінмін. Өзім техникум қасындағы қабырға газетіне өлең жазып, іштей ақынмын деп сезінетіндіктен бе, жоқ, тек әуесқойлық па, әйтеуір, өлеңді жақсы көретінім аян еді. Сонда көп ұшырасатын есімдер: Сәкен, Бейімбет, Сәбит, Иса, Ілияс, Асқар, Мәжит, Өтебай, Қалмақан. Жақан болатын. «Домбыра», «Экспресс», «Көкшетау», «Кешегі жалшы мен бүгінгі жалшы», «Сұлушаш», «Октябрь өкілдері», «Таң өлеңдері», «Сағанақ», «Ақындар шашуы», «Ленин» деп аталған кітаптарды әдебиет сүюші балалар қосылып оқитынбыз. Өйткені бұл кітаптарды жеке-жеке қолға түсіру мүмкін емес еді. Сол қосылып оқитындардың ішінде осы күнгі белгілі журналист Қазыбек Сүйлеменов, көрнекті әдебиетші Белгібай Шалабаев бар.

Бір күні Ілиястың «Гималайы» жарияланған газет номері келді. Қайта-қайта оқыдым. Жаттап алдым. Студенттер кейін де тақпақ етіп айтатын болдық. Бұл өлең маған үздік сипаттарымен ұнағандай. Неге екенін ол кезде түсіндіре алмаған болар едім, әрине, кәзір ойлаймын: шығарманың тақырып сонылығы, ойының терең астарлылығы, тоспалдылығы, образдарының сом, кесек, айқындығы, табиғат суреттерінің жарқын бояулылығы, өлең өнерінің кемелділігі себеп болған болу керек. Гималайдың тауға тән қасиеттері мен колониялық жағдайда құлдық өмір кешкен сол кездегі Азия, Африка халықтарының күреске шыққан құдіретті күшін егіз қатар, ұштастыра бейнелеген керемет символдық образының қыруар теңеу, балауларын айтпай-ақ, «аспанның төсін арда еміп» деген бастапқы бір жолының өзімен-ақ қандай нақты, қандай күшті, ұлттық ұғымға қонымды образ жасағанына таңданбасқа болмайды ғой.

Оның үстіне келесі жылы «Еңбекші қазақ» газетінің әлденеше номерінде жарияланған «Дала» поэмасын аuzымның суы құрып оқығаннан кейін Ілияс менің ең сүйікті ақыным болып алды десем, артық айтқандық емес.

Дәл осы жылы мен Алматыға келіп, ҚазПИ-ге түскенмін. Сүйікті жазушыларымды көргім келген арманда шек жоқ. Көп ұзамай-ақ арман жүзеге асты. ҚазПИ-де жазушылардың жиналысы болды. (Онда барлық жиналыс ҚазПИ-де өтетін.) Көрсем-ші деген жазушылардың бәрі келді. Мен үшін қандай мереке болды десеңізші! Сұлу Сәкен, қарапайым Бейімбет, жарқылдақ Сәбит, сыпайы ғана сызылған Ғабит, көз әйнекті шақар сары Ғаббас, шашы ұзын Жұмат, қатқан қара Қалмақан, жауқазындай жас ақын, жазушылар — Әбділда, Тайыр, Қажым, Сағыр, Әшір, Құлмырза... Ал Ілияс ше?

42-аудиторияның орта шеніндегі бір орынға аяғын баяу басып, сом денелі, иықты бір мосқал кісі келіп, жайбарақат отыра кетті. Жоталы алқам-салқам пішініне қарап, батыр немесе балуан дейтіндей. Бет әлпеті — ер мұрынды келсін дегендей, Кавказ мұрынды, кең маңдай, бүркіт қабақ, шықшытты жігіт екен. Жігіт деймін-ау: сол кезде ол шынымен-ақ 35—36 жастағы жігіт еді ғой. Бұл жастағы кейбіреулер жас жазушымыз деп те жүреді емес пе? Бізге ол онда үлкен бір байсалды адам көрінді. Елпілдеп, желпілдеп, жан-жағына жалтақтап, әркіммен әрнәрсе жайында сөйлеп отыратын кісілер сияқты емес, мінезі — тұйықтау, тұнжырақ, ұстамды адам тәрізді. Менің құмартып

көрген сүйікті ақыным Ілияс Жансүгіров сол болып шықты.

Неге екенін білмеймін, менің сырттай ұғымымда ол ақ жарқын, аққұба, бұйра шаш, көз жанары жалын шашқан жігіт болса керек еді, жоқ мынау бейнебір сауыт киген адам секілді салмақты да сабырлы, және бар қасиеті тереңде жатқан маңғаз, салиқалы жан секілді әсер қалдырды.

Сол жиылыста Ілияс сөз сөйледі. Сөзі де менің көңілімдегідей шықпады. Жарқылдап, шешенсіп, өлеңдетіп, тақпақтатып сөйлесе керек еді, жоқ олай етпеді,— қоңыр үнмен марғау, бәсең сөйледі, бірақ саябырмен айтқан пікірлерінде қорғасындай салмақтылық, қиыннан қиыстырған қарапайым қисындылық пен ой жүйелілігі сезілді.

Бір ғана сол емес, әр кезде-ақ тыңдап жүрдік. Ілияс, Ілекең еш уақытта шешен сөйлемейтін және ондай талабы сезілмейтін де. Дегенмен ойлы, дәлелді сөйлеу және сөз арасында жіңішкелеп әзіл, қалжың мысқыл қыстырып сөйлеуге шебер еді.

Адам жүйрігін ат жүйрігіне салыстыру бізде қашаннан қалыптасқан тәсіл ғой. Мына тұста сол тәсіл менің де ойыма оралып, Ілекеңнің образын айқын ашатын бір теңеу қалама ілініп отыр. Жай жүргенде аяңы баяу, сылбыр, желісі дөкір, денесі алқам-салқам дүлдүл жүйрік болады. Онын бар керемет қасиеті бәйгеде ұзақ шабыста көрінеді. Ілекеңді көргенде осындай әсер алдым демекпін.

Ілияс 1932 жылдан бастап жаңа құрылған Қазақстан совет жазушылары Одағын ұйымдастыру комитетіне бастық болған тұста да көп көрісіп, көп ұшырасып жүрдік, бірақ біразға дейін ресми кездескенмен, жақын сырлас болғанмыз жоқ-ты.

Ілекеңе жуықтай түскен кезім 1933 жылдың аяқ шені. Жансүгіров шақырады дегенге келсем, жазушылар Одағының кішкене бөлмесінде Ғабит Мүсірепов екеуі отыр екен.

— Бізде әдебиет газеті ашылғалы жатыр. Мынау Ғабит ағаң редакторы болады. Екеуіміз сені хатшылыққа ұйғарып отырмыз. Қалай қарайсың бұған?— деді көзінің астымен қарап. Не дерімді білмей қалдым. Көзім бұлдырап, бірдеңелер дөңгеленіп, іші-бауырым қобалжып кетті.

— Сен де, мен де өз жұмысымызда қала береміз. Мына газеттің жетіде бір номерін шығару қиын соқпайды ғой.— деді Ғабекен. Одан әрі ойлануға мұрша болған жоқ.

— Сіздер қаласаңыздар...— деп отырып қалдым.

Бірнеше күннен кейін ұйымдастыру комитетінің мәжілісінде бекідік те іске кірістік. Содан былай Ілекеңе бастық болған соң да, редколлегия мүшесі болған соң да жиі барып материал көрсетіп, мақала алып жүретін болдым. Ғәбен екеуіміз Ілекеңе барып газетке әдебиет шығармаларының сапасы жөнінде бір бас мақала жазуды ұсынғанымызда, ол кісі:

— Бұларың жөн,— деді,— сапа мәселесін күнбе-күн ыждағаттаңыздар. Ертеңгі съезде осыны айтатын көрінеді,— деді де бір шығыс данышпанының мәтел сөзін еске алды. Ұмытпасам: «Шалшық көлден жылып аққан бұлақ игі» деген афоризм. Қазақ айтса: «аз да болса мәз болсын» дер ме еді деген ой келді. Бірнеше күн өткеннен кейін Ілекең «Сапалы әдебиет жасайық» деп аталған бас мақала жазып берді. Оның мазмұны әлгі айтқанға саятын еді.

1934 жылы СССР жазушылар Одағының I съезіне қатысқан қазақ делегаттары съезден кейін Ленинградқа келді. Біз онда Тайыр Жароков, Төлеген Тәжібаев, Саттар Ерубәев, Хамза Есенжанов, Белгібай Шалабаев, Мәулен Балақаев, Хайролла Махмұдов — аспирантурадамыз. Тайыр да съезге қатысып, Сәкен, Бейімбет, Ілиястармен бірге келген. Ілияс Ленинградтық оқушыларға съезд жөнінде әңгіме айтып берді. Горький туралы, социалистік реализм туралы, көп ұлтты ұлы совет әдебиеті туралы Ілекеңнің байсалды әңгімесі әлі күнге дейін дәл кешегідей есімде. Бұл жолы ардагер ақынның шешен сөйлемегенмен, айрықша бір шаттықпен, шабытпен туған әдебиетіміздің ертеңі туралы сырласқандай, кеңескендей жылы әңгімелегені ұмытылмайды. Әдебиетімізге деген қамқорлық қандай, сүйіспендік пен күштарлық қандай!

Мен Ленинградтан келіп, Қазақстан жазушылар Одағына хатшы болған тұста Ілекеңмен тіпті күнде көрісетін болып, араласып кеттік. Әсіресе жақын келіп, ішкі сарайымызды танысқан кезіміз 1937 жылдың июнь айы.

Онда Қазақстан жазушылар Одағы басқармасының тапсырмасымен Ілекең екеуіміз тығыз түрде ол кездегі Солтүстік Қазақстан облысының Пресновка ауданына бару қажет болды. Аэропортқа Ілекеңді Мұхаң, мені Тайыр шығарып салды. Вокзал басында төртеуіміздің арамызда достарға жарасымды қызық қалжың әңгіме болды. Ол самолетке алғаш рет ұшқалы тұрған біздің қобалжуымыз жайында еді. Сөйтіп, бір жағынан күліп, бір жағынан ішімізді тартып дегендей толқып барып, самолетке отырдық. Ұмытпасам Алматыдан Балхаш арқылы Қарағандыға ұша-

тын. АНТ-25 самолеті болса керек. Самолеттің әлі тұрмысқа еніп болмаған шағы. Екеуміздің де самолетпен тұңғыш ұшуымыз екен. Қауіптену, жүрек қобалжуы екеумізде де жеткілікті. Екеумізде де үн жоқ. Ішіміздегі алай-түлей сезімді бір-бірімізге қас-қабағымызбен ғана білдіреміз. Сәл етіміз үйрене бастаған кезде Ілекең маған күлімсіреп көз қысатынды, алақанының қырымен әлденендей белгілер жасауды шығарды. Көз қысқаны — қалжындап: «Қалай, бала, берікпісің, мықты бол...» дегені екен, алақанның қырын аударып-төңкергені: «жанымыз қылыштың қырында, мына бәле толқып кетсе, тіреу де жоқ, тиянақ та жоқ, кеткеніміз құлдырап» дегені екен. Оны Ілекең Балхашқа қонып аялдағанымызда айтты. Екеуміз оңаша қыр басына кеттік. Шойыннан құйғандай мықты, түкті кеудесін ашып, желге тосып, айналадағы жазық боз далаға қыранша қарап тұрып Ілекең: «Ай-хай-хай, кең далам-ай!» деді желпініп, қыспақтан кеңістікке шыққандай. Осы бір одағайлы бір ауыз сөзде жанар таудай тереңнен үлкен сезім ұшқыны атқандай еді. Ол бізге таныс сезім. «Бүгін, бүгін, бүгін дала, мұндай ма еді бұрын дала» деген жалынды өлең жолдары жүрегімізді шарпыған, «Дала» поэмасын әлденеше оқып, ондағы туған елге, кең байтақ далаға, даламызға бақыт әкелген Октябрьге, данышпан көсемге деген махаббат теңізіне бойлай шомылғанбыз...

Сол сол екен, Ілекең дала туралы өзінің сезім дариясын төгіп жіберді. Оның даланы шексіз сүйген бұл сезімі қыранның тауды, жайынның теңізді сүйетіні секілді жай екен ғой деп түйдім ішімнен.

Бұл менің дарынды ақынның ішкі дүниесіне үңілуімнің басы болса керек. Ол бір мол дүние екен. Барған сайын қазна өзінің қат-қабат асылын ашып, ақын жанының сырын, сарқылмас көзін, ақын поэзиясының өшпес образдарының шыққан тегін таныта түскендей болды.

Сырт көзге Ілиястың тұйық, тұнжырақ адам көрінуі әшиін білместік болып шықты. Ол барлық асылын, әдемісін ішке жинайтын, тереңге сақтайтын ардагер екеніне сол жолда анық көзім жетті. Шынында ақынның сырттай «тұйықтығы» оның ішкі бай рухани дүниесінің қақпағы сияқты ғана беріктік пен бекемдік екен. Бір сенген, бір шешілген адамының алдында Ілекең ғажап сыршыл, әңгімешіл, сөз тапқыш, әзілдегіш адам екен. Қазақтың әрідегі ауыз әдебиеті бар ма, Бұхар, Махамбет, Шерниязі бар ма, берідегі Абайы, Әсеті, Сүйімбайы, Сұлтанмахмұты бар ма, Сәкен, Бейімбет, Сәбит, Мұхтар секілді замандастары бар

ма — соның бәрін Ілиястың білетіні былай тұрсын, керемет сүйетінін көрдім. Сол туралы есіле де егіле сыр шертетінін көрдім. Мұнда Ілияс поэзиясының бізге таныс сыршылдығының тегі аңғарылса, ал оның юморға толы тіл өрнегінен ақынның сатиралық жанрдағы шеберлігінің төркіні танылады.

Қарағандыда бізді Темірғали Нұртазин қарсы алды. Ол онда облыстық газеттің жаңада келген жауапты редакторы. Самолеттен шаршап түскенге қарамастан Ілекең Темірғали екеумізді ертіп алып, өндірісті аралатты. Михайловка селосындағы жаңа салынған радиостудияға барып, сөз сөйлеп, өлең оқып та үлгірдік, кеш келіп, түн ортасына дейін көрген-білгенімізді қотарып әңгіме соқтық, туған әдебиет жайлы сыр шерттік. Міне, Ілекеңді сондайда көру керек екен. Оның поэзияда соғатын үлкен жүрегінің лүпілі сондайда анық сезіледі екен...

Пресновкадан машинамен Сәбит аулына бардық. Көрнекті жазушымыздың туған жерін көруге екеуміз де ынтық боп жеттік. Сәбит Мұқанов атындағы колхоз көл жағасына орналасқан, үйлері жұпыны ғана. Балшық үйлерге жанаса тігілген ара-кідік кигіз үйлер көрінеді. Сәбеңнің туысының алты қанат қоңыр үйіне біздің келгенімізді есітіп кешке қарай жұрт жиылып-ақ қалыпты. Әңгімеге қомағай халық көп жайлардан хабар алысып болғаннан кейін көңіл көтеруге кірісті: ән салынды, домбыра тартылды. Домбыра Ілекеңе де жетті. Ардақты ақынның домбыра қаққанын көргенім сол — өзінің жұмсақ майда қоңыр үнін домбыраның көмейінен қайырып, бүлкілетіп салған сазға қосып сүйкімді әндер салғанда еріксіз жүрек жылытып, тәнті етті. «Ойбай, Ілеке-ау, сіздің мұндай өнеріңізді білмейтін едім ғой!» дедім. «Е, не таңданатыны бар, біз домбырадан қаламға көшкенмен, домбыраны тастап кеткен жоқпыз, тең ұстап келе жатқан жоқпыз ба?»— деді. Қысқа танды көзден атқызған сол бір елеулі сауық кешінде қызық әңгіме, аңыз, онды өлең, жырлар да айтылғаны есімде. Ілекең өлең, жырлардың біразын жатқа біледі екен. Әсіресе Махамбет, Шернияз, Сүйінбай сөздерін, «Қозы Көрпеш — Баян сұлудың» Жанақ айтқан нұсқасының көп жерін әдемі әуенмен айтып берді. Ілекеңнің айтуында халық жырының ғажап сырын, бояуын, интонациялық байлығын терең де нәзік сезінетіні де көрінді. «Балталы, Бағаналы ел аман

бол, бақалы балдырғанды көл аман бол» деп басталатын екі қыздың туған жермен қоштасу жырын демін ішіне тарта, кең тыныспен үзілтіп айтқанда көңіліміз босап көбіміз көзімізге жас алдық. Бұл біздің көңілшектігімізден емес, Ілекеңнің халық жүрегіне қымбат жырдың қадірлі поэзиясының қасиеттерін терең түсініп, нәзік сезініп, жазба поэзияның игілігіне пайдалана білу, нақты образбен айтқанда, домбыра мен қаламды туыстыру Ілияс талантының шіркін, тамаша ерекшелігі еді ғой...

Сәбит аулынан тура тартып, Петропавлға келдік. Облыстағы жазушы Әбдрахман Айсарин мен газет редакторы Сейілбек Үсенов қалалық әдебиет кешін ұйымдастырып, қазақ әдебиеті жөнінде мен сөз сөйледім де Ілияс өзінің творчестволық жұмысы туралы әңгіме айтып берді. Сүйікті ақынын қызыға тыңдаған қауым көп-көп сұрақтар қойды. Сұрақтың көбі «Құлагер» поэмасы туралы еді. Жыл бұрын бұл поэма «Социалистік Қазақстанның» көп номерлерінде жарияланып, бүкіл республика оқушыларының назарын аударғанды. Оқушы жұртшылықтың және қаламдас жолдастарының пікірін әманда ілтифатпен бағалайтын кішіпейіл ақын өз өтінішімен көптің талқысына салғаны бар. Сонда бәріміз де керемет туындыға қатты қуана, жақсы бағамызды айта отырып, бірқатар кеңес айтқанбыз. «Құлагер» туралы көп сұрақ берілу себебі сондықтан. Ілекең өз жауабында қыс бойы «Құлагер» поэмасын көпшіліктің пайдалы кеңесіне сәйкес толықтырып, өңдеп, жөндеп баспаға бергенін айтты.

Сол жолы Ілекеңе Абай туралы да бірқатар сұрақ қойылды. Оның себебі ұлы ақынның әлеуметтік тұрғысы туралы тұрпайы социализм етек алып тұрған жылдары неше саққа жүгіртушілік болған ғой: «феодалшы ақын», «байшыл ақын» деген сықылды. Кейінгі жылдары бұл мәселеде бетті дүзеп, Абайдың ақиқат дұрыс бағасы беріле бастағанды. Ал Абай туралы оның 1932 жылғы жинағына жазған үлкен бас мақаласында Жансүгіров те кейбір ағат пікірлер айтқаны бар. Ілекең сұрақтарға жауап бере тұрып, әлгі ағат пікірлерінің сол кездегі жалпы сарынмен аңдаусыз айтылғанын, енді ол пікірінен қайтып, шындығына көшкенін ұтымды дәлелдермен ұғындырды. Менің қайран қалған бір нәрсем: Ілекеңнің Абай поэзиясының асылын, мағналы сұлулық шеберлік қасиеттерін керемет жақсы біліп, жақсы игергендігі. Оның өлеңдерінің ден көпшілігін жатқа білгендігі, өз алдына қалай талдап түсіндіретінін айтсаңызшы.

Петропавлдан Алматыға поезбен қайттық. Ол кезде поезд Новосибирск арқылы жүретін. Новосибирскіде бір күн болып, кешке драмалық театрына барып А. Корнейчуктің «Платон кречет» пьесасын көрдік. Шаршап келген күйде мен театрға барғым келмеп еді, Ілекең болмады. «Мұндай қалаға келе бермейміз. Бос өткізетін кеш өзімізде де көп. Мына қаланың мәдениетінен бірдеңе іле кетейік те» деді. Спектакльге қатты риза болған Ілекең арадағы үзіліс кездерінде өзінің драматургия саласында істейтін жоспарын сөз қылды: «Исатай — Махамбет» пьесасын жазып бітіргенін, бұрынғы «Кек», «Турксиб» пьесаларының тәжірибе алмаған кезде асығыс, атүсті жазылғанын, оларға қайтып оралатынын айтты. Халқымызды өлеңмен де жырлау керек, театр сахнасында көрсетіп, тарих сахнасына да шығаруымыз керек деп білем» деді.

Алматыға бас-аяғы төрт күн жүріп келдік. Бұл жерде Ілекеңнен ілген тағы бір жаңалық қасиетті айтқалы отырмын.

Халық тарихын, ел тұрмысын, дала сырын, әдет-ғұрыпты, ауыз әдебиетін, ана тілін жақсы білгендігі бір таң қалдырса, соның бәрін ыстық сезімнің жалынына орап қандай сүйіспендікпен, құмарлықпен, құштарлықпен ақтарыла айтады дейсіз!

Поезд үстінде өткен төрт күн маған Ілекеңнің осы бір сырын ашып берді. Алматыға қайтысымен Ілияс «Дегерез» совхозының жайлауына үй тіктіріп, бала-шағасымен сонда кетті. Көп ұзамай Ілекең қалаға келіп, «Құлагердің» кітап боп шығардағы сигнальдық данасын көрсетті. Өте көңілді екен. Қандай үлкен кітап болған! Қолыма ұстап, аударып, төңкеріп отырдым да, әр жеріне көз жүгірттім — көп өзгерген, көп өңделіп, кемелденген сияқты көрінді. Қуанып кеттім.

Қазақ поэзиясының асыл туындысының кітап болып, жарық көруін асыға күттік.

Бірақ, сорға қарай үмітімізді қырсық шалып, артынша ардагер ақын қолды болыпты деген қара хабар алдық.

Сонымен қазақ поэзиясының Құлагердей жүйрігі қайтпас сапарға кетті, қазақ поэзиясының биік шыңының бірін уақытша тұман шалды.

Уақытша дейтінім, көп ұзамай, бақытымызға, партияның әділдігі мәселенің ақты-қарасын ашып, түнерген тұман сейілді де, дарқан ақынның өшпес асыл мұрасы сақталып, «Құлагер» поэмасының газеттік вариантының болса да аман қалғанына шүкіршілік еттік.

Ардақты ұстаз

Өзің орта мектепте оқып жүрсең, көркем әдебиетті жа-ныңмен жақсы көрсең, сол әдебиеттің саусақпен санарлық азғана алғашқы жұлдыздарына қалай қарар едің? Бұл сұраққа мен өз басымнан өткен ақиқат бір күй-жайды еске түсірумен жауап бергелі отырмын.

Неге екенін білмеймін, жиырмасыншы, отызыншы жылдары жастар арасында әдебиетке деген ынта-ықылас айрықша күшті болатын. Мүмкін жас әдебиетіміздің ол кездегі кем-тарлығынан шығар, мәдени және рухани даму-да кешеуілдеп қалған қазақ жастарының қомағайлығынан шығар, әйтеуір, әдебиет дүниесінде не пайда болса, соның бәрін оқушылар жерге тигізбей, қағып әкететін шақ еді ол, азынаулақ шыққан газет, журнал, кітап атаулының дүкен-де жатқанын көрмейсіз. «Тар жол, тайғақ кешу», «Кешегі жалшы мен бүгінгі жалшы», «Сұлушаш», «Көкшетау», «Қилы заман», «Тулаған толқында», «Адасқандар» шыққанда, оларды жеке қолға түсіре алмай, бірігіп оқитынбыз. Түнделетіп оқитынбыз. 1926 жылы Қызылордада қазақтың тұңғыш театры ашылып, «Еңлік — Кебек» пьесасы қойылғанда ше? Оны ешкім ауызбен жеткізіп айта алмайды. Мен онда Орынборда едім. Театрдың ашылуында болып келген медицина техникумының директоры Михаил Павлович Баталов бізге «Еңлік — Кебекті» көргенін жыр етіп айтқаны әлі есімде. Көп ұзамай пьеса рабфакта жұмысшы факультетінде қойылды. Жабыла бардық. Қуанышта, сүйінуде шек жоқ. Бір ғажабы: оқыған өлеңіңнің, сирек қолға тиетін кітабыңның, айында, жылында көретін пьесаның авторын қандай кастерлейсің?! Одан қадірлі, одан сүйікті адамды білмейтінбіз... Соның бірі — Мұхтар Әуезов «Еңлік — Кебегін» көріп таң-тамаша қалған. «Көк серегін», «Қилы заманын» оқып ауымыздың суы құрыған, «Қаракөз» пьесасының бүкіл Қазақстандық бәйге алғанын естіген Мұхтар Әуезов есімі де бізге ардақты есім еді, әрине. Оны көру алыстағы арманымыз болатын... Алыстағы дейтінім: біз Орынборда, Әуезов Ташкенде. Атақты жазушы жайында басқа мәліметіміз жоқ. Тек Ленинградта оқығаны, Ташкентте әдебиеттен сабақ беретіні ғана айтылатын.

1932 жылдың бас кезі. Алматыда, қазақ педагогикалық институтында оқып жүрміз. Бір күні Әуезов Алматыға келіпті деген жаңалық хабар дүңк ете қалды. Жел тиген құрақтай шайқалдық. Қашан? Қалай? Қайда?— деп сұрасып жатырмыз. Сол күні «Еңбекші қазақ» пен «Советская

степь» газеттерінің бетінен М. Әуезовтің қазақ халқына арнаған хатын оқыдық. Хатта жазылған кейбір нәрселер және әсіресе оның себебі бізге түсініксіз еді. Бірақ қалай да партияға, совет үкіметіне, туған қазақ халқына бар қабілетімен, жан-тәнімен алаңсыз қызмет етем деп ағынан жарылып айтқан ант пен серт секілді ыстық сөздер біздің де жүрегімізді тербетіп, сүйікті жазушымызға деген құрметіміз аса түсті.

Мұханды театрға әдеби қызметкер боп орналасты дегенді естігенбіз. Бірақ әлі көрген жоқпыз. Аз-ақ күн өткен, ол кісі бізге оқытушы боп келді. Қандай қуаныш дейсіз! Оқытушы ұстазың жан сүйер жазушың болса, әдебиетші студентке одан артық шаттық қайда?! Сәкен Сейфуллин, Санжар Асфендияров. Молдағали Жолдыбаев, Өтебай Тұрманжанов, Николай Фатов, Михаил Баталов, Сильченко, Құдайберген Жұбанов,— енді міне сырттай арман еткен ардақты жазушымыз Мұхтар Әуезов...

Қасқия біткен дөңес маңдайы бар, майда қара бұйра шашы бар, орта бойлы, дембелше қара торы жігіт (қазір ғой жігіт деп отырғаным, ол кезде Мұхаң бізге тым үлкен кісі көрінетін) үлкен нұрлы көзін төңкеріп, курспен амандасқаны бүгінгідей көз алдымда. Сөйлегенде аумақты ойшыл көзі сәл жұмылыңқырап, қалың ерні күлімсірегендей бұрыштаныңқырап, жұмсақ қоңыр даусы біртүрлі даналықтан, мейірбандықтан хабар бергендей әсер етеді.

Мұхаң бізге қазақ фольклорынан дәріс оқыды. Әуелі тамағын кенеп, аздап кібіртктеп, тұттығып бастайды да, сәлден соң бауырын жазған жүйріктей мүдіріссіз сілтейді. Құлашын кең сермеп, мағналы, салмақты сөздерге үлкен білім жүгін арқалатып түйдек-түйдегімен төпей сөйлегенде, көңілің сергіп көп нәрсе білгенінді сезінетінсің де, ал сабак уақытының қалай өтіп кеткенін байқамай да қалатынсың.

Әсіресе таңданып тәнті болатынымыз — Мұханның білім өрісінің кең, өресінің биік екендігі еді. Қазақ фольклоры жайында, оның үлкен саласы эпос жайында айтқанда, Мұхаң оның әрбір тарау тармағын, образ үлгісін дүниежүзілік сол тәрізді құбылыстармен салыстырып көп тамырлы байланыста алып түсіндіруші еді. Сонда қазақ ауыз әдебиеті дегеніміз әлемдік көркем сөз дамуының арнасынан жырылып қалған қарасу сықылды бірдеңе емес, соған құйылып жатқан сарқылмас қайнар бұлақ көздің бірі ретінде алына-тын. Көп мысалдармен ол жер бетіндегі халықтардың даналығы мен көркемдік ойлау, сезіну жүйесінде қызық ерекшеліктермен бірге ғажап ұқсастықтар, ортақ қасиеттер,

сипаттар болатынын дәлелдейтін-ді. Дәрістің тақырыбы қазақ әдебиетіне катысты болғанмен, оның көлемі мен шеңбері кең алынғандықтан әр сабақтан молығып, толығып шығатынбыз. Мысалы, қазақ эпосы сөз болғанда, гректің «Илиада» «Одиссеясына», француздың «Песнь о Ролланде», немістің «Песнь о Нибелунгах», финның «Калеваласына», шығыс эпосына тоқтамай өтпейді. Бәрінің ұқсастығы мен айырмашылығын салыстыра отырып көрсететін. Ол тұста әдебиет сыны мен ғылымында тұрпайы социалогизм бел алып, көркем әдебиеттің ерекшелігі көп еленбейтін де, әдебиет материалын талдағанда, оның көркем формасы, поэзиялық тілі ескерілмейтін. Мұхаң олай етпей, мазмұн мен форманы қатар және диалектикалық бірлікте алып қараушы еді.

Қай жағынан болғанмен М. Әуезов аз уақыттың ішінде үлгі, өнеге тұтатын ұстазымыз болып алды. Дәрісін тыңдай жүріп біз, Мұхаңның студенттері, оның жазушылық қызметінен де көз алмадық. Қазақ театрының әдеби қызметкері ретінде Мұхаң орыс тілінен бірнеше классикалық пьесалар аударудың үстіне, бас-аяғы екі-үш жыл ішінде, «Тартыс» «Айман — Шолпан», «Алма бағында», «Түнгі сарын» сықылды бірқатар пьесалары мен колхоз тақырыбына әлденеше әңгімелер жазды.

Драматургтің Алматыға келгеннен кейінгі алғашқы шығармасы «Тартыс» пьесасы еді. Бұл пьесаға жұртшылық айрықша назар тікті. Оның себебі түсінікті. «Еңлік — Кебек» пен «Қаракөз» авторының жаңа туындысына осылай қарау заңды да еді. Асығыс және бүгінгі күннің тың тақырыбына жазылған шығарма көркемдігі жөнінен драматургтің пьесаларының дәрежесінен табылмады. Бірақ соның өзінде бұл туынды Мұхаңның алынбаған қамал іспетті идеялық, тақырыптық межеге ойысқан шұғыл бет бұрысының айғағы ретінде елеулі туынды. Осы ойларымды айтып мен «Әдебиет майданы» журналына «Тартыс» және кейбір мәселелер» деген мақала жаздым. Сол журналда тағы Сәбит Мұқановтың «Екпінді» повесі туралы «Сырттан пішкен тон» деген мақаласы жарияланған. Бұл екі мақала жарияланған кезде мен Ленинградтың аспирантурасына жүріп кеткем. Кейін Мұқан Ленинградқа келіп, жолығысқанымызда, әлгі екі мақала жөнінде сөз қозғап, «Тартыс» туралы сынның батыл емес екенін айтты.

— Драматургия туралы пікірің теріс емес, бірақ менің пьесамның кемшілігін тереңірек көрсете алмапсың. Оның шикілігін өзім де білсемін. Мүмкін, ізет еткен шығарсың.

Сыншы болсаң, ешкімнің бет-жүзіне қарамауың керек,— деді.

Өзінің шығармасына сын қатты болмады деп наразылық білдіргенді кейін ешкімнен естіген емеспін. Ішімнен таңдандым да қойдым. Жыл бұрын Ғабит Мүсірепов «Шұғыла» повесі жөніндегі мақаламның қанты көп екен деп еді. Келесі жылы жазда Алматыға каникулға келгенімде Мұхаң маған Горькийдің «Менің университеттерімін» аударуды ұсынды.

— Бұл менің өте бір ұнататын кітабым. Мұнда әркімнің-ақ бастан кешкен ащы өмірінің шындығы бар. Аударуға алып едім — қолым тиетін емес. Ісім көп. Осыны сен аудар. Бас жағында аздап кіріскен жерімді берейін,— деді.

Қуанып кеттім. Ере барып аударған бірнеше парағын алдым. Ол, ұмытпасам «Әдебиет майданында» жарияланған болатын. Аз да болса, ол маған оңды үлгі боп табылды. Сөйтіп ұлы жазушының атақты повесін ендігі жылы аударып әкелуіме Мұхаң тікелей себепкер болды және қалай аударудың тәсілін көрсетті. «Менің университеттерімнің» аударылып кітап боп шығуына Мұхаң да ризалық білдірді.

Тағы бір жыл өткеннен кейін Мұхаңмен қайта ұшырастық. Алматыда. Жазушылар Одағында. 1936 жылдың күзі еді. Мұхаң Жазушылар Одағы президиумының мүшесі. Жұмыс бабында күнде көрісеміз. Бұл кезде дарынды жазушының таланты қанатын кең жайып, үсті-үстіне әңгіме, мақала, пьесалар беріп тұрған. «Түнгі сарын», «Айман — Шолпан» сахнадан түспейді.

Әдебиет өмірінде сол жылы бірінен соң бірі бастырмаланған төрт ірі оқиға өтті: қазақ әдебиеті мен өнерінің Москвадағы он күндігі, Сәкен Сейфуллиннің 20 жылдық творчестволық қызметінің юбилейі, ұлы пролетариат жазушысы Алексей Максимович Горькийдің дүние салуы. Соңғысы — Ілияс Жансүгіровтың «Құлагер» поэмасының «Социалды Қазақстан» газетінде жарияланып Қазақстан Жазушылар Одағында талқылануы. Мен Ленинградтан Алматыға осының бәрінен соң келдім. Сонда да естіп білдім: Мұхаң соның барлығына белсене ат салысыпты.

Мен келіп Жазушылар Одағына жұмысқа кіріскенде әдебиет ортасына айырықша көтеріңкі рух орнаған екен. Жарқырап Жамбылдың шығуы, қазақ өнерінің онкүндікте алған жоғары бағасы, қазақ жазушысының тұңғыш рет Еңбек Қызыл ту орденін алуы — осының бәрі ақын, жазушылардың, артистердің көңілін серпілтіп, өз өнерлеріне үлкен сеніммен, ризалықпен қарайтын жағдай туғызғандай.

Сол жылы Совет Одағының нағыз гумандық Конститу-

сипаттар болатынын дәлелдейтін-ді. Дәрістің тақырыбы қазақ әдебиетіне қатысты болғанмен, оның көлемі мен шеңбері кең алынғандықтан әр сабақтан молығып, толығып шығатынбыз. Мысалы, қазақ эпосы сөз болғанда, гректің «Илиада» «Одиссеясына», француздың «Песнь о Ролланде», немістің «Песнь о Нибелунгах», финның «Калеваласына», шығыс эпосына тоқтамай өтпейді. Бәрінің ұқсастығы мен айырмашылығын салыстыра отырып көрсететін. Ол тұста әдебиет сыны мен ғылымында тұрпайы социалогизм бел алып, көркем әдебиеттің ерекшелігі көп еленбейтін де, әдебиет материалын талдағанда, оның көркем формасы, поэзиялық тілі ескерілмейтін. Мұхаң олай етпей, мазмұн мен форманы қатар және диалектикалық бірлікте алып қараушы еді.

Қай жағынан болғанмен М. Әуезов аз уақыттың ішінде үлгі, өнеге тұтатын ұстазымыз болып алды. Дәрісін тыңдай жүріп біз, Мұхаңның студенттері, оның жазушылық қызметінен де көз алмадық. Қазақ театрының әдеби қызметкері ретінде Мұхаң орыс тілінен бірнеше классикалық пьесалар аударудың үстіне, бас-аяғы екі-үш жыл ішінде, «Тартыс» «Айман — Шолпан», «Алма бағында», «Түнгі сарын» сықылды бірқатар пьесалары мен колхоз тақырыбына әлденеше әңгімелер жазды.

Драматургтің Алматыға келгеннен кейінгі алғашқы шығармасы «Тартыс» пьесасы еді. Бұл пьесаға жұртшылық айрықша назар тікті. Оның себебі түсінікті. «Еңлік — Кебек» пен «Қаракөз» авторының жаңа туындысына осылай қарау заңды да еді. Асығыс және бүгінгі күннің тың тақырыбына жазылған шығарма көркемдігі жөнінен драматургтің пьесаларының дәрежесінен табылмады. Бірақ соның өзінде бұл туынды Мұхаңның алынбаған қамал іспетті идеялық, тақырыптық межеге ойысқан шұғыл бет бұрысының айғағы ретінде елеулі туынды. Осы ойларымды айтып мен «Әдебиет майданы» журналына «Тартыс» және кейбір мәселелер» деген мақала жаздым. Сол журналда тағы Сәбит Мұқановтың «Екпінді» повесі туралы «Сырттан пішкен тон» деген мақаласы жарияланған. Бұл екі мақала жарияланған кезде мен Ленинградтың аспирантурасына жүріп кеткем. Кейін Мұқаң Ленинградқа келіп, жолығысқанымызда, әлгі екі мақала жөнінде сөз қозғап, «Тартыс» туралы сынның батыл емес екенін айтты.

— Драматургия туралы пікірің теріс емес, бірақ менің пьесамның кемшілігін тереңірек көрсете алмапсың. Оның шикілігін өзім де білемін. Мүмкін, ізет еткен шығарсың.

Сыншы болсаң, ешкімнің бет-жүзіне қарамауың керек,— деді.

Өзінің шығармасына сын қатты болмады деп наразылық білдіргенді кейін ешкімнен естіген емеспін. Ішімнен таңдандым да қойдым. Жыл бұрын Ғабит Мүсірепов «Шұғыла» повесі жөніндегі мақаламның қанты көп екен деп еді. Келесі жылы жазда Алматыға каникулға келгенімде Мұхаң маған Горькийдің «Менің университеттерімін» аударуды ұсынды.

— Бұл менің өте бір ұнататын кітабым. Мұнда әркімнің-ақ бастан кешкен ащы өмірінің шындығы бар. Аударуға алып едім — қолым тиетін емес. Ісім көп. Осыны сен аудар. Бас жағында аздап кіріскен жерімді берейін,— деді.

Қуанып кеттім. Ере барып аударған бірнеше парағын алдым. Ол, ұмытпасам «Әдебиет майданында» жарияланған болатын. Аз да болса, ол маған оңды үлгі боп табылды. Сөйтіп ұлы жазушының атақты повесін ендігі жылы аударып әкелуіме Мұхаң тікелей себепкер болды және қалай аударудың тәсілін көрсетті. «Менің университеттерімнің» аударылып кітап боп шығуына Мұхаң да ризалық білдірді.

Тағы бір жыл өткеннен кейін Мұхаңмен қайта ұшырастық. Алматыда. Жазушылар Одағында. 1936 жылдың күзі еді. Мұхаң Жазушылар Одағы президиумының мүшесі. Жұмыс бабында күнде көрісеміз. Бұл кезде дарынды жазушының таланты қанатын кең жайып, үсті-үстіне әңгіме, мақала, пьесалар беріп тұрған. «Түнгі сарын», «Айман — Шолпан» сахнадан түспейді.

Әдебиет өмірінде сол жылы бірінен соң бірі бастырмаланған төрт ірі оқиға өтті: қазақ әдебиеті мен өнерінің Москвадағы он күндігі, Сәкен Сейфуллиннің 20 жылдық творчестволық қызметінің юбилейі, ұлы пролетариат жазушысы Алексей Максимович Горькийдің дүние салуы. Соңғысы — Ілияс Жансүгіровтың «Құлагер» поэмасының «Социалды Қазақстан» газетінде жарияланып Қазақстан Жазушылар Одағында талқылануы. Мен Ленинградтан Алматыға осының бәрінен соң келдім. Сонда да естіп білдім: Мұхаң соның барлығына белсене ат салысыпты.

Мен келіп Жазушылар Одағына жұмысқа кіріскенде әдебиет ортасына айырықша көтеріңкі рух орнаған екен. Жарқырап Жамбылдың шығуы, қазақ өнерінің онкүндікте алған жоғары бағасы, қазақ жазушысының тұңғыш рет Еңбек Қызыл ту орденін алуы — осының бәрі ақын, жазушылардың, артистердің көңілін серпілтіп, өз өнерлеріне үлкен сеніммен, ризалықпен қарайтын жағдай туғызғандай.

Сол жылы Совет Одағының нағыз гумандық Конститу-

ция проектісінің талқылануы бүкіл совет халқының жалпы саяси моральдық жай-жағдайын жарқырата түскені тағы бар. Мен жұмысқа кірісерде осы бір алабөтен жадыраңқы серпіліс жағдайдың мән-жайына Сәбит Мұқановпен (Сәбең онда Одақтың председателі), Сәкен Сейфуллинмен, Ғабит Мүсіреповпен, Мұхтар Әуезовпен жеке-жеке әңгімелесіп әбден қанғанмын. Қазір айтқалы отырғаным Мұханмен әңгімелескенде жадымда қалған бірер пікірі.

— Горькийдің айтқаны қолмен қойғандай жүзеге асып келеді. Көп ұлтты совет әдебиетінің ренессанс дәуірі туды. Социалистік эпос қалыптаса бастады. Халық поэзиясындағы Стальский мен Жамбыл соның көрінісі. Жазба әдебиет ақындары социалистік эпостың лирикамен біте қайнаған синтезін жасау үстінде. Жақында жарияланған «Құлагер» поэмасы осындай құбылыс. Бұл бір үлкен жаңалығымыз. Прозада да біз осы бағытта туындылар жасауымыз керек,— деді Мұхан.

Проза туралы оның сөз қозғаған жолы жаңылмасам, осы болу керек. Бұдан бұрын «Қазахстанская Правда» газетінде жарияланып жүрген мақалаларында ұдайы драматургия жайында айтатын. Реалистік драматургия қандай болуға тиіс және ол революциялық шындықты қалай көркем жинақтап бейнелеуі қажет деген мәселеге байланысты өзінің жазып жатқан пьесаларын әңгімелейтін.

Мына жолы да Мұхан «Тартыс», «Тас түлек» сықылды пьесаларының көңілдегідей шықпаған себебін ескерте келіп, жаңа творчестволық жоспарын сөз етті. «Татьянаның қырдағы әні» деген әңгіме жазып бітіргенін және бұл әңгіменің Абай туралы үлкен туындының ұшқыны болуы мүмкін екенін айтты. Мұханның қашан да әдеті: кең отырып әңгімелескенде өзінің творчестволық жоспарын кең жайып айтып, жазған, жазып жатқан, жазбақшы болған шығармаларының мақсатын, мазмұнын, құрылысын өзі толғап, өзі түсіндіріп отыратын-ды.

Бірер айдан кейін «Татьянаның қырдағы әні» деген әңгімесі Пушкиннің қаза болғанына 100 жыл толған тұста «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланды. Орысша аудармасы «Письмо Татьяны» деген атпен «Литературный Қазақстан» журналында жарияланды.

Әдебиет ортасында бұл әңгіме «Құлагерден» кейінгі тағы бір елеулі жаңалық боп табылды. Пушкин юбилейі өтісімен Мұхан Татьянаның хаты туралы әңгімесінің Леонид Соболев аударған көлемлі жаңа вариантын әкелді. Мен онда «Литературный Қазақстан» журналының редакторлық

қызметін қосымша атқаратынын. Жазушылар Одағында бірлесіп оқыдық. Қатысушылардың бәрі қызық әсер алып ризалық білдірді. Сол жылы әңгіме «Как Татьяна запела в степи» деген атпен «Литературный Казахстан» журналында жазғы номерінде жарияланды.

1937 жылы май айында Қазақстан Жазушылар Одағының бірінші пленумы болды. Онда Мұхаң драматургия жайынан сөз сөйлеп, бұл жанрдың бұрын көп жұртқа беймәлім мәселелерін қозғады — алда тұрған міндеттерді мезгеді. Менің сол пленумда әдебиет сыны жөнінде жасаған баяндамамының дұрыс деген мәселелерін атай келіп, мынадай бір кемшілігін қоштамайтынын айтты:

— Саяси поэзияға айрықша мән беру қажет-ақ. Бірақ солай екен деп бізде онсыз да қағажу көріп, кенжелеп қалған лириканың басқа түрлерін шеттетпеу керек. Сенің баяндамаңнан маған сыршылдық лириканы менсінбеушілік емеуріні байқалды. Мұның дұрыс бола қоймас, — деді.

Осының соңынан Ілияс Жансүгіров екеуміз Петропавловскіге жүрдік. Пресновкаға барып, Иван Шухов туралы «Комсомольская Правда» газетінде жарияланған фельетондағы жазушыға тағылған кінаның дұрыс-бұрысын анықтап қайтпақпыз. Аэродромға бізді шығарып салуға Мұхаң мен Тайыр Жароков келді. Ілиястың да, менің де самолетке бірінші ұшуымыз осы екен. Жүрексініп тұрғандай жайымыз бар. Осыны сезген Тайыр әзілдеп: «бүгін талай бұлтты қайыратын болдыңыздар. Бірақ айырпланыңыз Құлагерге ұқсап бір жерде...» деп қойды. Мұхаң мырс етіп күліп: «Қой, қорқыта берме, бүгін қайыратын бұлт та жоқ, тосып тұрған Батраштың қарақшысы да жоқ. Қайта Құлагерді жырлағандай самолетті жырлайтын поэмаға материал алып қайт», — деді. Әзіл-қалжыңның бұлай үйірілуі Ілекеңнің «айырплан аспанда бұлт қайырып құрайлап» дейтін белгілі өлең жолы мен «Құлагер» поэмасына байланысты екені түсінікті. Ілекең Мұхаңа байсалды жауап қайырып: «Ол үшін айырпланға бір міну аз ғой. Құлагерді жазсақ, жасымыздан өмір құлагерлердің үстінде өтті. Тайыр екеуміз тіпті мінбей тұрып-ақ айырпланға арнап өлең жаздық. Одан не шықты? Сенің Абайың мен Татьянаның өте жақсы жазылыпты. Оның себебі Абай аударған Татьянаның жасыңнан жүрегіңе ұялап, қаныңа сіңгендіктен емес пе екен?!» — деді.

— Оның рас, Ілияс, — деді Мұхаң енді бұл да шын сөйлеп, — жазушының жақсы шығатыны көкейкесті тақырып қой. Абай менің сондай тақырыбым.

Міне бұл Абай тақырыбының Мұхаңды толғантып жүр-

ген «Көкейкесті» тақырып екенін ұлы жазушының өз аузынан екінші рет естуім.

Пресновкадан қайтып келген соң, Ілекең Дегерез совхозына киіз үй тіктіріп, жазғы дем алысқа кетті де, Мұхаң Ақсайдың демалыс үйіне кетті.

Август айы еді. Бір күні Ақсайдағы семьяма барып қайттым. Сонда жатқан Мұханды, Тайырды, Сағыр Камаловты көрдім. Олар менен қала жаңалығын сұрады. «Құлагер» авторының Құлагер жолын құшқанын тоспалдап жеткіздім. Ондайды тура естіртудің өзі қиын болатын. Үшеуінің де түсі құбыла қалды.

— Қой, жай бір қате болар...— деді Мұхаң бір мезетте ауыр әсерді жайып жуғандай болып,— Мүмкін емес... Мына аңызак жел сықылды кездейсоқ бірдеңе шығар... Ақиқатына келеді ғой.

Бұдан кейін мұндай тақырыпқа мүлдем сөйлеспейтін болдық. Үнсіз алақан ашып, иық қимылдатамыз да қоямыз. Ол жылы да, келесі жылы да алақан аз ашылған жоқ, иық аз қимылдаған жоқ. Бұл тұстарда Мұхаң тұнжыраңқы жүрді, бірақ басқамыздай еш жерде тіс жарып, тікенек сөйлеген емес, жауқаштылап атой да салған жоқ.

Жамбылды бас етіп қазақ делегациясы отыз жетінші жылдың декабрінде Кавказ барып қайттық. Тбилисиде Шота Руставелидің «Жолбарыс терісін жамылған батыр» дастанының 750 жылдығына арналған мерекеге қатыстық. Қайтарда Москвада, Жәкеннің ақындық қызмет еткеніне 75 жыл толуын тойлау туралы мәселе шешіліп, 1938 жылдың май айында сол той бүкіл Одақ жазушыларының қатысуымен Алматыда дүркіреп өтті. Юбилей қарсаңында Мирзоян Москваға шақырылып, оның орнына Скворцов жолдас келді. Тойға екі-ақ күні қалғанда Мұхтар Әуезов, Ғабит Мүсірепов (Ғабен онда ҚКП Орталық Комитетінің бөлім менгерушісі) үшеуіміз Скворцовқа шақырылды. Жамбыл юбилейіне әзірлік жөнінде екен. Жас көрді ме, әлде басқа бір бөтен ойы болды ма, Скворцов мені негізгі баяндамашылықтан қалдырып, кіріспе сөзді Ораз Исаевқа, баяндаманы Мұхаңа тапсырды. Бұл шешім көптен тыраштанып дайындалған маған жағымсыз тигенмен, объективтік жағын алғанда, жақсылыққа шықты. Өйткені беделді де, білікті адамдардың тағайындалуы жұрт көзінде Жамбыл юбилейінің салмақ, дәрежесін көтеріп жіберді. Исаевтың ол соңғы сөзі еді. Көтеріп айтқаным емес, айрықша шешен мемлекет қайраткерінің әдебиет туралы шарықтау биігіне шығып шынайы шабытпен сөйлеген сөзі еді. Ал Мұхаңның баянда-

масы да соған лайық өте терең пікірлерді алға жайды. Бәрінен де мені іштей тәнті еткен Мұханның екі-ақ күннің орайында әзірліксіз келіп-ақ, Жамбыл творчествосы мен халық поэзиясын орыс тілінде жазып алмастан жан-жақты сипаттап шығуы болды. Мұхаң баяндама жасап тұрғанда президиумда отырған Павло Тычина мен Микола Бажанның арасында мынадай әңгіме болғаны бар:

— Былтыр Руставели тойында халық ақыны Жамбыл мен оның әлгі сұлу шәкірті бар ғой...— деп Бажан Кененнің атын есіне түсіре алмай маған қарады, мен айтып жібердім.— Иә, Кенен екеуі қазақ халқының бай талантын тамаша бір қырынан көрсетіп еді, енді интеллигенция өкілдері жасаған мына екі баяндама сол талантты екінші қырынан танытты ғой.

— Не айтқаның, керемет деген осы емес пе?!— деді Тычина.

Сол жерде Микола Бажанның былтырғы Тбилисидегі сөзі есіме орала кетті. «Ориенталь ресторанында жаңа 1938 жылды қарсы алып отырғанда Кенен бірнеше ән салған-ды. Сонда Бажан орнынан тұрып келіп:

— Не деген үні де, сымбаты да сұлу жан! Мұның типі қазаққа хас тип пе, жоқ алабөтен тип пе?— деп сұрағаны бар.

Мен қалжың, шыны аралас:

— Қазаққа хас тип осы Кененнің кескіні, сирек кездесетін монғол типтес кескін — мына менікі,— дедім.

Осыдан кейін көп ұзаған жоқ, Мұхандармен көпке дейін көріспес сапарға мен де аттандым. Сегіз жылдан кейін сәлем бере кіргенімде, ол енді «Абай» трагедиясы мен «Абай» романының белгілі авторы екен. Автограф жазып «Абайдың» бірінші кітабын берді. Сегіз жылдың қайда, қалай өткенін сұрады. Мен творчестволық жұмыста не істейтінімді ақылдасқандай, Пушкин және Абай дейтін бұрын бастап, кейін үзіліп қалған тақырыпқа диссертация жазатын ойымды айттым. Бұл тақырыпты Мұхаң қолдамады, себебі ол шарланған тақырып екен. Одан да Абайдың лирикасын алуға кеңес беріп, осы жөнінде кесек-кесек ойларын жайып тастады. Абайдың бәріміз білетін өлеңдерінің терең сырларын ашты... Бірақ не керек, Мұхаң мезгелген тақырып бойынша диссертация бітіріп үлгермедім. Үлгіргенім-ақ: тез «Абай» романын оқып 1947 жылы «Қазақстан мұғалімі» журналына «Абай» романын оқыту методикасы» деген мақала жазып, жариялау ғана болды.

Журнал номері (жаңылмасам 9-номері болу керек) шығысымен көп ұзамай Жамбыл қаласында жүріп, Мұханның рақмет айтқан ашық хат алдым. Басқа ештеңе жазбапты. Өзі туралы мақала жарияланса, сол заматта не телефонмен, не хатпен ілтифат лебізін білдіру Мұханның кашаннан дағдысы болатын. Бұдан соң тағы тоғыз жыл үзіліс өтті. Енді қайтып көріскен тұсымыз — «Абай жолы» эпопеясының соңғы кітабы жарық көрген жылы. Тарихи XX съездің қарсаңы. Өлгенің тіріліп, өшкенің жанған дегендей, ес жиып, еңсе көтерген кез. Біздің ұлы жазушымен ендігі жердегі жаңа қатынасымыз сол соңғы кітапты автор қолынан автографымен алудан басталды. Менің «Қазақстанская Правда» газетінде жарияланған «Первая казахская эпопея» атты мақалам жаңадан тізе қосысып творчестволық пікір алысуымызға тығын ашқандай болды. Мақалаға жалпы ризалығын білдірген Мұхаң бір ғана пікір жөнінде құптамайтынын ескертті. Ол мынау: мен мақаламда Мұханның тарихи роман жанрын дамытқан орыс жазушыларынан айырмасы архив документтерін ақтармауы, ондай документтердің көп болмауы деппін. Бұл жөнінде жазушы: «Жоқ, мен де архив ақтардым, документтер зерттедім. Рас, бізде документтер орыс тарихындағыдай көп емес. Оның есесін мен көп жыл Абайды, Абай заманын, Абай төңірегіндегі әлеуметтік күрес, тартыстарды көзімен көрген, білетін адамдармен сөйлесу арқылы толықтырдым» деді.

Сол сол екен. Содан былай алты жыл бойы әдебиет ортасында, Жазушылар Одағында, көркем әдебиет баспасында, Ғылым Академиясында, университетте күнбе-күн ұшырасып, кеңесіп, әңгімелесіп жүрдік. Бұл жылдарды мен ұлы жазушының саясында жүріп одан көп үйренген, тәлім алған айрықша бақытты өмір кезеңім деп білемін. Мұның өзі мен үшін жаңа университет болды десем — оның бір де бекерлігі жоқ.

1932 жылдан 1961 жылға дейін созылған әуелі танысу, кейін ұстаз бен шәкірті арасындағы табиғи байланыс әдебиет майданында бірге, қатар жүріп, ниеттес, пікірлес, аралас-құралас болған жақындық қарым-қатынас (арада болған біраз жыл үзілісті өз алдына қойғанда) өнебойы мінсіз, ақаусыз өтті десем өтірік айтқан болар едім. Ұлы адам туралы естелік жазғанда оның көзі жоғын пайдаланып, шындыққа қиянат етіп, тек өзін мақтату мақсатын көздеу кешірілмес күнә деп білемін. Ондай күнәһарлар жоқ та емес. Олардың керіп келтіру — ұят-ақ.

Мұхаң екеуіміздің арамыздан мысық жүгіріп кетіп, аз күн өкпелесіп қалған кезіміз де болды. Ол неден болатын еді? Шамға жиылған көбелктей ұлы адамның төңірегінде әлденендей ниеттер көздеп жүретін әлдекім біреулердің болатыны қашаннан белгілі ғой. Мұхаңды да айналсоқтап, жағымпазданып жүретін ойы да, бойы да қоржық біреулер болатын. Олар Мұхаңның біреу-міреуге жылы назарын байқаса, соны қалайда суытуды кәсіп етіп алғандар. Солардың біреуі 1960 жылы мен курортта жүргенде сыртымнан өсек айтып, Мұхаңды маған өкпелетіп қойыпты. Ол былай болған. Кисловодскіге кетерде Мұхаңның үйіне барып қоштасып кеткем. Сонда әлгі қоржықтың біреуі отыр еді. Мұхаңның жылы қоштасқанын көрген. Курортқа барған бетте уәде бойынша ол кісіге хат жаздым. Жауап жоқ. Қелсем, Мұхаң салқын жүзбен қарсы алды. Бір жақсысы, өкпесін табанда айтып салды. Мұндайды іште сақтамайтын марқұмның жалпы әдеті еді. Түсіністік. Кешірістік. Сөйтсем, мені әдебиет баспасының директоры болған соң өз кітабын көп тиражбен, сіздің кітабыңызды аз тиражбен шығарды деп шағыстырған екен. Кейде сөзге еріп қалғанмен, Мұхаң жүз көрісіп түсіндірсең, өкпесінен тез қайтатын еді.

Ал енді соңғы алты жыл бойы араласқандағы есте қалған қызық, өнегелі жайлардың көптігі соншалық, оның бәрін толық жазса, тұтас бір кітап боларлық. Ол, тірлік болса, тағы бір кезектің міндеті деп ойлаймын. Әзірше сол қалың әңгіменің кейбір кезеңдерін тек тізіп, атап шыққанның өзінде, дана адамның өте бір бай, мағналы, тамаша өмірін көзге елестетер едік деймін.

Басқасын былай қойып, Мұхаңның 1957 жылы «Қазақтың тұңғыш эпопеясы» аталған теориялық конференцияда сөйлеген сөзі, сол жылғы өзінің алпыс жылдық юбилейінде, 1958 жылы Ташкентте болып өткен Азия, Африка жазушыларының конференциясында және аударма жөнінде Алматыда өткен регионалдық мәжілісте сөйлеген сөзі, Москвада болған қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігінде, 1959 жылы әдеби мұра туралы Ғылым Академиясы ұйымдастырған конференцияда және сол жылы «Абай жолы» эпопеясы үшін Лениндік сыйлық алған тұсында Қазақ Мемлекеттік университетінде сөйлеген сөзі осының бәрі ақыл-ой алыбының асудан асуға өрлеп жосылған данышпандық жолын аңғартады. Оның әр салада айтқан терең ой-пікірлері әдеби сын мен ғылымға қосылған асыл қазына, бәрімізге мектеп, нұсқау, жоба еді. Бұл сөздердің әр қайсысы

өз алдына трактат. Ондагы ойларды талдап айтар болсақ, әрқайсысы бір очерк. Үлкен жиындарда, шаршы топтың алдында бетке ұстарымыз, мақтан ететініміз Мұхаң болатын. Ол бар жерде арқамыз кеңіп қалатын. Мұханымыз бар болған соң ештеңеден уайым жемеуші едік. Әсіресе Ташкент конференциясы секілді халықаралық жиындарда ұлтымыздың атақ абыройын жоғары ұстап шығатын ардагерімізді ту орнында ұстайтынбыз.

Ұлы ұстазбен, ардақты ағамен ресми жағдайда күнбе-күн араласуымыз өз алдына үй жағдайында да біте қайнасып кеттік.

Мұхаң қатысынсыз өткен бірде-бір қуанышымыз жоқ. Әсіресе, елу жылдық юбилейімде сөйлеген сөзі жұртшылыққа белгілі. «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланды. Онда әңгіме мен жөнінде айтқанында емес, жалпы әдеби сынымыздың міндеті жөнінде айтқан асыл пікірінде. «Сын шын болсын, шын сын болсын» деген афоризм Мұхаңның аузынан сол жолы шыққан.

Мен ғана емес, әдебиет қауымының кәрі-жас қаламгерлерінің көбімен-ақ Мұхаң сыйлас жағдайда болып, солардың қуанышына, қызығына ортақтас, тілектес қалып білдіруші еді.

1959 жылы июль айында Мұхаң Ыстықкөл жағасындағы Шолпан ата деген жерде, өзінің дачасында, дем алып жатқан-ды. Қасымда әйелім Мархұма бар, Ысқақ Дүйсенбаев бар — үшеуіміз Мұхаңа сәлем беріп қайту үшін жолға шықтық. Жолда машинамыз сынып, түнделетіп Фрунзеге қайтып келіп қонып, ертеңіне жетсек, бізден бұрын Әди Шәріпов, Смет Кеңесбаев тағы біреулер бар екен. Бізден кейін екі-үш қырғыздар келді. Оңаша дем аламын, жазу жазамын деп Алматыдан жасырынғандай боп барған адамға ол жерде де маза бермей ағылғанымызға Мұхаң қабак шытпайды, қайта өте риза, көңілді, тіпті сағынып қалған: Алматы жаңалықтарын сұрап, бізбен бірге суға түсіп, күліп-ойнап, мәз-майрам болды да қалды. Қайтарда Ернарын шофер етіп, бізді Рыбачьега дейін шығарып салды. Мұны мен еске алғандағы мақсат — халық жазушысының елмен, жұртпен, интеллигенциямен байланысы үзілмеген өміршең суреткер екенін аңғарту еді.

Қазақтың мәдениет саласындағы интеллигенция өкілдерінің Мұхаң сапарға шыққанда шығарып салмағаны, қайтарда қарсы алмағаны кемде-кем шығар. Біреу емес, әркім-ақ Мұханды өзінің досы деп білетін, өзін Мұхаңның досы деп білетін. Мұхаңның есігі қашан да ашық болатын.

дастарканы жаюлы болатын, бейілі кең болатын. Мұны мен әрине, кейінгі Мұхаңмен араласа алмай қалған жастар үшін айтып отырмын. Мұханның үйіне күле кіріп, адал дастарқанынан дәм татып, соңынан күңірене шығатын «сабаздар да» кездесетін. Ал көпшілік сүйікті жазушысымен әрбір бас қосқан жерден өнеге алып шығатын. Қандай да пайдалы пікір, ізгі қасиет іліп қайтатын. Әсіресе Москвада бірге болып жүрген кездерде Мұханның номерінде бірге отырған, сыртқа саяхатқа шыққан реттер аз болған жоқ. Сонда ол кісі айрықша шешіліп сөйлесетін. Соңғы екі-үш жыл ішінде менің байқағаным — Мұхаң біртүрлі көңілшектеу күйге ауыса бастаған тәріз көрсетіп жүрді. Бірақ оны кеудіректік деп ұғуға сыймайды. Шын адал көңілін ақтарып сыр шерту деп білем мен оны.

Дүние салуынан бір жыл бұрын Тайыр Жароков екеуіміз Москвада «Москва» қонақ үйінде жатқан Мұхаңа бардық. Лениндік сыйлықтың Комитетіне келіп, жатыңқырап қалған екен. «Елді сағынып қалыппын. Жақсы келдіндер» деп қалбаландап бізді өте жылы қарсы алды. Үшеуіміз Валентина Николаевнаны Алматы поезына шығарып салып, Қазан вокзалынан «Москва» қонақ үйіне түнде жаяу қайттық. Қайтарда Мұхаң манағы «елді сағындым» деген тақырыбына қайта оралып, осы сарынды өрбітіп, үдетіп әкетті. Үлкен жүректің туған елі, жері туралы ерекше егілгенін көргенім сол. Туған жерде өткен балалық, жігіттік шағына байланысты қандай ыстық, қандай сұлу, қандай нәзік сезімдер сақталған дейсіз бұл жүректе?! Асыл сезімдер! Ойлаймын: «Абай жолы» сықылды жүрек қанымен жазылған туындылар тек осындай сезімдерден ғана тумак қой!...

Соңғы кезде Мұхаң бір жағынан жақсыға сүйсінгіш, көңілшектік қалып аңғартса, екінші жағынан жамандыққа, оңбаған ұсқынсыз қылықтарға төзбес мінез көрсететін болды. Бір күні Алматыдағы белгілі ақынның үйіне белгілі жазушылар қонаққа шақырылыпты. Үйге кіріп отырар-отырмаста әлгі «белгілілердің» төртеу-бесеуі: «Кәне, қарт әкеліндер!» деп дөңгелек столды айнала отырып, үйіріле қалды. Қағаз сызылып, қарта сартылдап соғыла бастады. Мұхаң екеуіміз остиып сырт қалдық. Бір уақта Мұхаң ырғалып, тамағын кенеп қойды. Байкасам дүр сілкініп, қанатын қомдап аңға ұмтылатын бүркіт секілді шиыршық атып алғандай. Сөйлей жөнелді:

— Тағы қартаға отырдыңдар ма? Бәлі, өнерлеріңе болайын... Басқа кәсіптерің жоқ қой, сірә. Бізді де бір елдің

парасатты адамдары дейді-ау! Осындай айында, жылында бас қосқанда қоғамға, халыққа, әдебиетке пайдалы әңгіме, пікір айтады десе, қызылға үймелеген күзғынша қартаға төне қаласындар. Жок, бұл парасаттылық емес. Бұл баяғыдан бері әдетке кері кеткен елдің азғын интеллигенциясының кәсібі болатын. Жоғалтыңдаршы осы бәленің көзін!— деді. Қарта жиюсыз қалды. Отырғандар орнынан тұрып әр тұсқа барып отырды. Көп ұзамай, берекелері кетіп, тарай бастады.

Қартадан бас алмайтын «қайраткерлерді», қайқы мұрын қара қатындарды кейін Мұханның «Өскен өркенінен» тағы оқыдық. Қайтыс болар қарсаңында М. Әуезов Москвада өткен Шығыс зертеушілерінің жиынына барып келіп, Қазақ ССР Ғылым Академиясының әдебиет және өнер институты коллективіне жиын туралы әңгіме айтып берді. Әңгімесінде жаны күйгендей күйзеліп, кейін ренжіп айтқан бір жай болды. Ол шет ел тілін білмеудің қандай қорлық, қандай ұят болғандығы жөнінде.

— Сұмдық-ай!— деді Мұхаң,— Қазақстаннан барған филологияның керімсалдары екенбіз түгі. Көкірегімізге нан пісіп барғандармыз. Біреуіміз бір шет тілін білмейді екенбіз ғой. Па, шіркін, тағы да тілдің, тарихтың, әдебиеттің академик профессорларымыз! Аузын буған өгіздей бір адаммен шешіліп сөйлесе де, ұғыныса да алмаймыз. Басқаларға қарасаң, бірнеше тілде сөйлесіп жатады. Бізге ара-кідік тілмаштық еткен профессор Жирмунский болмағанда, күніміз тіпті қараң еді. Ол кісі ағылшын, неміс, француз тағы басқа еуропа тілдеріне судай екен.

Мұхаң марқұмның осы бір күйініп айтқан, бәрімізге неге шет тілін үйренбейсіндер дегендей кіжініп айтқан сөздері естен кетпейді. Бірақ, не керек, әлі күнге дейін үйреніп жатқан, біліп жатқан біз жоқ. Мәдениетті адамға жараспайтын бұл мінімізді шет елдерге бара жүріп өзіміз де біліп, өзіміз де сазайын тартып жүрміз. Сонда да селт етпейміз ғой...

Ұстаздық өсиет ретінде айтқан өнегелі сөзі ең болмаса ендігі ұрпақтарға дарығай! Тілек сол-ақ...

Бір күні Мұхаң ентелей басып (әдетте ол кісі жай жүретін) Фурманов көшесімен төмен түсіп келеді екен. Екеуіміз қосыла кетіп бірге жүрдік. Баратын жеріміз — бір күн бұрын қайтыс болған Жұмағали Саинның пәтері. Алдында кіріп, отырып шыққанбыз. Енді жерлеу үшін шығарысуға келеміз.

Бір-екі минут кешігіп қалған екенбіз, такси ұстап бейітке тарттық. Жұмағали ақынның өліміне Мұхаң сол күні өте қатты күйзелгенін байқадым. Машина үстінде адам өмірінің қысқа да қымбат екенін, оны біздің бағаламайтынымызды, босқа шығындайтынымызды тебірене сөйлей келіп айтқан мына бір сөзі есте қалыпты:

— Творчество адамының тірлігі, күш, қайраты, жүйке, жігері тек өнерге, пайдалы іске жұмсалса, еңбек қанша өнімді, жемісті болар еді. Біз табиғат берген азықты көбіне текке шашамыз ғой. Уақытты дұрыс пайдаланбау өзіне басқа, аяқ астынан бір-бірімізге бәле қарастырып, бет тырнасып, етектен тартысып, қаншама өмірімізді қысқартамыз.

Бейіт басында да Мұхаңның көңілі босап, егіліп тұрғанын жұрттың көбі көріп тұрды.

Тағдыр екен, осыдан кейін көп ұзамай, ұлы ұстаздың өз азасын да тарттық қой...

Ардақты адаммен, ұмытылмас ұстазбен ақырғы әңгімелесуім Алматыдағы Совминнің ауыруханасында. Бірер жыл бұрын Мұхаңды Зейнолла Қабдолов екеуміз Москва ауыруханасында жатқанында барып көргеніміз бар. Сондағы сияқты бұл жолы да Мұхаң сау, тың, көңілі сергек екен. Қораның ішінде айналып жүріп көп әңгімелестік. Денсаулығы жөнінде айтқаны: «ертең үйге шығам. Содан кейін Москва барып «полип» деген кішкене сүйелімді алдырам да, Москва түбінде аялдап, жаңа романымды жазамын» деп өзінің творчестволық жоспары жөнінде біртүрлі шабытпен екілене сөйледі. Бұрын да Мұхаң Оңтүстік аудандарды аралап қайтқан жолдары облыс, аудан басшылығындағы жас кадрлардың өскеніне сүйсініп, бірақ шопандардың мал бағуда мәдениеттен шеткері қалған қиын жағдайын жанашырлықпен баяндайтын. Мұны кейін «Өскен өркен» кітабынан оқыдық қой.

Мына жолы да Мұхаң жаңа романының эпопея алқабында коммунистік құрылыстың көп саласын қамтитын қомақты туынды болатынына көз жеткізді. Совет адамдарының күресін, рухани өмірін суреттеп, жарқын образдарын жасау жөніндегі идеясына мықтап еліктеп, шабытқа мінген ұлы шеберді бұл күйде көру керемет әсерге бөледі.

Барлық жағдайда творчестволық қиялын шар тарапқа ұшырататын үлкен ақын адам ауыруханада сөйлескен 15—20 минуттың ішінде таяудағы жоспарын жыр етіп үлгірді. Сонымен бірге менің де не істеп жүргенімді сұрап, берген кенесі:

— Сен енді докторлық еңбегіңді жеделдет. Жоғалтқан уақытың аз емес қой,— деді.

Диссертациямның тақырыбын бұдан екі жыл бұрын өзі ұсынған. Мен өзімше «эпостан эпопеяға» болса қайтеді дегенімде, Мұхаң оның тым әдеби ат болып кетеді, бұл мақалаға, кітапқа қоятын ат екіншіден анық емес, неге десең, эпопея да эпос қой, деп ұнатпай, мынадай ақыл беріп еді.

— Менің «Абай жолы» романымды дербес тақырып етіп алудың қажеті болмас, оның үстіне өзінмен бір институтта жүрген маған да ыңғайсыз. Одан да сен бүкіл қазақ прозасын ал да, оның даму жолын социалистік реализмнің бізде қалыптасуымен ұштастырып ал. Бұл жағына барған ешкім жоқ қой. «Абай жолы» туралы пікірлеріңді соның ішінде айтарсың...

Аяғымды апыл-тапыл басып жүргенде маған дұрыс жөн айтып, жол көрсеткен ұстаздың бұл ақылын ұмыту мүмкін емес. Бір мен емес, осы күнгі филология саласындағы ғалымдардың қай-қайсысына болса да Мұхаң қол ұшын бермегені бар ма екен, сірә?!

Келесі күні Мұхаң шынында үйіне шығып, бірер күннен кейін өзі айтқандай, Москваға жүрмекші болды. Мұхаңды шығарып салуға дағды бойынша бірсыпыра адам жиылдык. Әттең дүние, әттең опасыз тағдыр: бұл дарқан жанды адамның үйінде соңғы жиылуымыз екен, дана жазушының туған әдебиетіміз туралы, әрқайсымыз туралы қамқорлық сөзін ақырғы рет естуіміз екен.

Ал әрқайсымыз туралы әділ ағаның жазып айтқан ақырғы лебізін өлім алдындағы хатынан оқып, жүрегімізге мәңгі түйдік.

Естеліктің мақсаты жеке адамның көрген, білгені арқылы ұлы адамның өмірін зерттеп, образын толықтыруға көмектесу болғандықтан, біз де өз жадымыздағыны баяндауды борыш көрдік. Ал өзіміз туралы ұлы адамның әр кезде берген бағасын, айтқан жылы сөзін, тілегін жазуды бұл жерде лайықсыз көрдік.

Аса білікті қайраткер

Жақсы адамның жарығы мен жылылығы жанасқан жерде-ақ бойды алады. Профессор Құдайберген Жұбанов сондай адам еді. Оны көрген, білген кісі, әсіресе жақын жүріп етене істес болған кісі оның есімін еске түсіргенде

салқын қанмен самарқау сөйлеу мүмкін емес. Ал оның үстіне Құдайбергендей әзиз адам әке орнында қамқорлық еткен мейірбан ұстазың болса ше?

Мен бұл кісі жөніндегі шындықты тек қана жүрек жалынына шарпып айта аламын. Мүмкін, мұнда жастық шақтан қалған қоспасы жоқ отты сезімнің қызыл шоғы бар шығар, әйтеуір, ҚазПИ-де, қазақ мәдениетінің қара шаңрағында бізге ұстаз болған Асфендияров, Сейфуллин. Баталов, Әуезов, Жұбанов бейнелері әрдайым жүрегімізде бейне бір шоғыр жұлдыз іспетті нұр жайнайды. Бұлар шынында да совет заманы туғызған алғашқы жарық жұлдыздар еді ғой. Тарихтың барлық асу, кезеңдерінде асқар таудың биік шоқылары секілді заман күнінен алдымен нұр алатын саңлақ адамдар болатыны аян. XVIII ғасырдағы Францияның энциклопедистері, XIX ғасырдағы Россияның демократтары, Қазақ ағартушылары — міне соның айғағы.

Октябрьдің ұлы күні қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығар алдында, таң шапағының нұрына бөленген халық перзенті Құдайберген Жұбанов Ленин заманы әкелген мәдениет ұрығын қазақ топырағына алдымен сепкен қайреткердің бірі болыпты.

Ауыл мұғалімі, ақын, ауылдағы совет қызметкері, журналист, аудандық, губерниялық оқу, ағарту орындарының инспекторы, педагог, методист, тілші, әдебиетші Академияның аспиранты, ҚазПИ-дің профессоры — Жұбановтың мәдениет, ғылым жолындағы шарлаған өрісі мен шарықтап шыққан биік шоқысы міне осындай.

Мәдениет қайраткері алдымен өзі мәдениетті болу керек. Мәдениеттілік дегенді кең мағнасында білімпаздық, парасаттылық, рухани тазалық және жан сұлулығы деп түсінсек, осы қасиеттің бәрі Жұбановтың бойында түгел және тұтас біткен еді. Ол көп тіл білетін полиглот, көп оқып, көп тоқыған ғұлама, көпқырлы талант иесі — универсал болатын. Ал оның арыстанның жалындай толқынданған қалың селеу шашын қақ жарып түскен ақжолақ, ой ізі ерте түскен кең маңдайдың терең сызығы, дөңгелек қоңыр көздерінен көктем нұрындай төгілген жылы шуақ — оның әрі даналық, әрі адал адамгершілік, ақжарқын бейнесінің белгісі еді десек ақиқаты сол. Ол қулық-сұмдыққа жат, таза жанымен, ақкөңіл бала мінезімен тартатын өзіне, тағанды, тыңғылықты ісімен, тиянақты дәлелімен иландыратын. Сондықтан оның айтқанына да, жазғанына да шексіз сенетінсің. Сондықтан да оны сүйетінсің, ұстаз тұтатынсың. Қысталаң жағдайда тіпті сүйеніш көретінсің.

Біз білген, біз оқып, үйренген, үлгі, өнеге алған ардақты Құдайберген ағай осындай болатын.

Менің өз басым ол кісіні 1932 жылдан білетінмін. Онда ол Ленинградтан Алматыға КазПИ-дің тюркология мен қазақ тілінен профессоры болып келген-ді. Содан күтпеген жерде, кездейсоқ көз жазып қалғанша араласып жүрдік. Бұл бас-аяғы бес жылдың орайы. Қазір Құдайбергеннің өмір баянына қарап отырсаңыз, осы бес жыл оның ұлт мәдениетіміздің өрінде үздік жарқырап көрінген шағы екен. Бұрын Ленинград аспирантурасында оқып жүріп те көп мәселе жөнінде толғанған, ізденген тәрізді. Ал Алматыға келісімен-ақ ұлт мәдениетінің талай саласына барып, талай проблемасын көтеріп, талай еңбек жасағанын көріп, таңтамаша қаласыз.

Өзінің тікелей мамандығы — қазақ тілін ғылыми зерттеу еді ғой. Бұл саладағы профессордың аз уақыттың ішінде сіңірген ұшан-теңіз еңбегінің көлемін, маңызын өз алдына қойғанда (мұны академик Смет Кеңесбаевич жақсы айтты), Құдайбергеннің әдебиет, музыка, театр, термин, мектеп, тағы басқа ағарту мәдени мәселелеріне ат салысқан әрекеттері, жазған кітап, мақала, баяндама, программалары өз алдына бір төбе. Мұның бәрі ғалімнің байтақ мол білімін, биік мәдениетімен қабат таудай талабын, шексіз қайрат, жігерін, ұлт мәдениетін өркендету жөніндегі ғажап құштарлығын, асыл арманын анықтайды. Патриот профессор қазақ мәдениетінің сан алуан саласына батыл барғанда, өзінің мызғымас маркстік-лениндік тұрғысына, терең біліміне сеніп барады.

Неңдей тақырыпқа қол ұрса да терең, тың пікір қозғайды. Айталық тіл маманы музыка жайында кітап жазады деп кім ойлаған. 1936 жылы профессор Қ. Жұбановтың «Қазақ музыкасында күй жанрының пайда болу жайы» деген очерк кітабы шықты. Тарих, тіл деректеріне сүйеніп қандай қызық пікірлер түйген дейсіз!

Қазақ тіліндегі музыкалық аспаптар мен атаулардың этимологиялық тегін зерттей келіп, профессор Жұбанов олардың тілдік қорымызда ерте заманнан келе жатқанын дәйекті дәлелдейді. Ән мен күйдің де түпкі төркінінің бір екенін анықтап келіп, бұл екі жанрдың бері келе ашалануы қазақ халқының тарихи дамуының нәтижесі екеніне көзіңді жеткізеді. Бұл еңбектің ендігі бір тамаша қорытындысы — күй жанрын бастапқы синкретикалық өнерден тарамдалып шығып, дами келе қазақ музыкасында симфониялық қалып алған кемелді жанр деп танытуына саяды. «Бері келе,—

дейді Қ. Жұбанов,— әдебиет жанрлары жетісіп, бірінен-бірі бөлініп, қара сөз әңгіме, өлеңді әңгіме, содан кейін өлең бөлек-бөлек жанр болып шыққаны сияқты күйде де жаңағы сюжетті әңгіме мен күйдің ішінен қара сөз бөлініп, әдебиетке кетіп сөз құралып, дауыс қосылып айтылатындар ән болып шығып, түрлі дыбысты, түрлі қозғалысты суреттейтін жерлері бөлініп, күй болып кетсе керек.

Сондай күйлердің бірқатары сол бүтін сюжеттік әңгіменің ішіндегі барлық музыкалы моменттерден құралып, құрастырылған құрама, бір музыкалы әңгіме болса, кейбіреулері соның ішіндегі тек бір ғана музыкалы моментті айырып, ұлғайтып, жетістіріп, гармониялық бір күйге айналдырып жіберген болса керек».

Осыдан келіп автор «Ақсақ құлан» әңгімесіндегі музыкалық моменттердің қосылып, бас-аяғы бүтін ұзын бір симфония жасалып шыққанын айқындайды.

Ал енді Құдайберген Жұбановтың әдебиет тану ғылымына қосқан үлесі айрықша үлкен. Әсіресе оның Абай Құнанбаев туралы аяқталмай қалған кітабының маңызы, алатын орны ала бөтен. Бұл еңбектің басқы бөлімі «Абай қазақ әдебиетінің классигі» деген атпен 1934 жылы ұлы ақынның дүниесалғанына 30 жыл толуына арналған «Әдебиет майданы» журналының 11—12 номерінде жарияланды. Онда автор ол кез үшін тың, жаңа өте батыл пікірлер ұсынды. Олай дейтінім — бізде сол тұсқа дейін әдебиетшілердің өзі Абай туралы айдан анық мәселені шатастырып неше саққа жүгіртіп келгені бар. Біреулер феодал ақыны деді, біреулер байшыл ақын деді, енді біреулер одан діншілдік іздеді. Не керек, әйтеуір, Абайды бізден қалай да аулақтатпақшы болды. Жұбановтың дер кезінде жарияланған жаңалықты еңбегі сол теріс пікірлердің күлін көкке ұшырды. Бұл мәселенің ол кездегі актуалдығы сонша, салған жерде-ақ айтысқа түсіп ол былай депті: «Қазақ әдебиетінің тарихындағы Абайдың ұстайтын орнын босағаға қарай ысырмалаушылар, оған місе тұтпай, табалдырықтан шығарып тастаушылар, менің байқауымша, даусыз бір моментті ескермей жүр: ол өз тұсында жалғыз қазақ қана емес, басқа көршілес елдерден де Абайдың әдебиеттегі үздіктігі».

Міне, Жұбанов көзқарасының ғажап кендігі, ой-пікірінің керемет құндылығы осы жерден басталады. Ол халықтың Абайын жалған жаладан, жаңсақ таққан ен-таңбадан арашалап қалуында ғана емес, Абайдың ұлы классик, жаңалыққа шақырған прогресшіл, гуманист ақын екенін зәулім биіктен, нағыз маркстік-лениндік тұрғыдан тануында, Абай-

ды тарих сахнасына шығарып, заман жыршысы, жаңалық жаршысы етіп алып, бұрын-соңды белгілі дүние жүзі әдебиеті, орыс әдебиет, шығыс әдебиеті және қазақтың халық поэзиясы өкілдерімен салыстырып алуында, оның өзімен тұстас көрші ел жазушыларынан үздік-ерекшеліктерін тауып көрсетуінде.

«Абай — жағдайының жағдайсыздығы тудырған, басып тұрған қараңғылық ішінен келер таңның шолпаны болып елестеп, тұнып тұрған тымырсықта келер дауылдың дауылпазы болып күңіренген адам. Бұл өз ортасының Дантесі еді» дейді Жұбанов.

Ол үлкен көрегендікпен Абай творчествосының үш саладағы қайнар бұлақ көзін ашып көрсетті: олар қазақтың бай халық творчествосы мен тілі, классикалық шығыс әдебиеті және еуропа әдебиеті мен ұлы орыс әдебиеті. Профессордың топшылауынша, Абай шығыс әдебиетіне де, өз халқының ауыз әдебиеті мұрасына да творчестволық тұрғыда сын көзімен қарап, бұлардың тек жарамдысын, жақсы дәстүрін ғана талғап пайдаланған, сөйтіп, еуропа әдебиетінің, әсіресе орыс әдебиетінің шырқау биігіне құлаш ұрған ақын.

«Сөйтіп, Абайды көрші елдердегі замандастары, бастастарымен салыстырғанда, Мырза Фаталиден басқа ешкім де шеңдесе алмай шығады. Ұлт тіліне, әдебиетіне сіңірген еңбегін, ақындық күшін алғанда, Абай бәрінен де озат шығады. Өйткені ол кезде таза халық тілімен жазып тұрып, ол жазғанын классик әдебиет үлгісімен шығарған ол елдерде адам болған жоқ».

Бұл Абайға берілген тың және шын әділ баға еді. Абайды өз заманындағы түрік тілдес әдебиет өкілдерінің маңдай алды болды деген тезисті жан сала дәлелдеген жас профессор критерий етіп қазақ ақынының орыс әдебиеті туғызған озат үлгілерді жыты игергендігін алға тартады, қазақтың таза әдеби тілін жасағандығын дәлел етеді. Мұның өзі кезінде данышпан Абайдың жаңашылдығын терең түсінген нағыз жаңашыл, ақиқат ғылыми көзқарас боп табылды. Мұндай көзқарас тек Абай тану жөнінде ғана емес, әдебиет тану ғылымының алдында тұрған дәстүр және жаңашылдық дейтін проблеманың кілтін ашты.

Абайды қазақ поэзиясының классигі, қазақтың әдеби тілінің негізін салушы данышпан шебер деген тоба қазық пікірін Құдайберген жалаң декларациямен уағыздамайды, оның солай екендігіне тамаша жыты көрегендікпен, эстетикалық талғаммен, терең де нәзік поэтикалық талдаумен көз жеткізеді. Абай поэзиясының образдылығы, суретшілдігі,

байырғы халықтық тілі, өлендік керемет қасиеттері ғалымның талдауында жаңа сипат алған. Бұл тәсіл де кейінгі монографиялық зерттеулерге мұрындық болған сияқты.

Бір ғажабы сол, өнер мен білімнің қай қырына барса да Құдайберген осы тақырыптың тіл құралымен толып жатқан байланысын ашады, барлық салада тілдің атқаратын алуан ролін анықтайды. Тіл қатнас құралы деген ұғымның байтақ кең мағнасын айқындайды. Не жайында айтса да тілге соқпай өтпейді. Оның тіл маманы өкені, сонымен тек грамматикалық категорияларды, емлені, термин мәселелерін зерттеуімен ғана емес, музыка, әдебиет, тарих, философия жайындағы еңбектерінен де көрінеді. Сөйтіп, кең мағнасында алсақ, Жұбанов қазақ тілінің бүкіл ұлт мәдениетін өркендеуіне жазбай қызмет ететін мықты құрал екенін сөзімен де, ісімен де танытқан әрі маман теоретик, әрі сақшы — тәжірибеші еді.

Әрине, Жұбанов еңбектерінде өз кезеңі уақыт ізін қалдырмаған жоқ. Бүгінгі ілгері кеткен ғылым биігінен қарағанда кейбір үстірт, ағат айтылған жайлар, талас пікірлер ара-кідік кездесіп қалады. Мысалы, шағатай әдебиетінің дәстүрлерін сәл кеміте бағалау, қазақ тілі ХІХ ғасырда өзінің тұтастығын жоя бастады деу, термин, емле мәселелерінде азынаулақ жетіп айтпаған жайлар. Мұның қазір бәлендей мәні жоқ жайлар.

1926 жылы Қаныш Сәтбаев ұлт театрының ашылғанына қуанып мақала жазған ғой. Сондай-ақ сол жылы Ақтөбе қаласында «Еңлік — Кебек» пьесасының қойылуын ұлт театрының бастамасы деп Құдайберген де «Еңбекші қазақ» газетіне мақала жазған. Бұл-дағы болашақ ірі мәдениет қайраткерінің ұлт мәдениеті өсуіне ерте-ақ құштар болғанын танытса керек.

1935 жылы «Түнгі сарын» пьесасы сахнаға шыққанда Жұбанов арнайы мақала жазып, Қазақтың драмалық театрының бірінші байсалды табысына талдау жасады, ұлт театрының кезекті міндеттерін мезгеді.

Құдайберген КазПИ-де кафедра басқарып, лекция оқыды, Ағарту министрлігінің методика, оқулық, программа бөлімін де басқарды. Қазақтың тұңғыш ұлт мәдениеті институтының жұмысына белсене қатысты, арамыздан кетер алдында жаңа ұйымдасқан СССР ғылым Академиясы филиалының мүшесі бол бекіп еді.

Мәдениет майданының солдаты профессор Құдайберген мәдени құрылыстың барлық саласында қажымас қайрат

пен еңбек сіңіре жүріп, мәдениет кадрлары жөнінде ерекше қамқорлық жасаған адам.

Мына отырған Мәулен, анау Хамза, Белгібай, мархұм Кәрім, Ордабайлар — Құдайбергеннің көмегімен институт бітіргеннен кейін Ленинградтың аспирантурасына кеткендерміз. Бізден бұрын Ленин қаласында қазақтан бір-ақ лек адамдар оқыған болатын. Ол Құдайбергеннің өзі, Әлекен Марғұлан, Мұхан Әуезов, Ахаң Жұбанов. Бізге Ағарту министрлігінен стипендия бергізіп тұрған да, 1935 жылғы мәдениетшілердің съезіне арнайы шақыртып сөз сөйлеткен де Құдайберген. Алматыдан бір мезет стипендиямыз келмей қалса, Құдайберген ағайға телеграм соғатынбыз — ақшамыз сарт ете түсіп, көзіміз жарқ ете түсетін.

Жаз дем алысқа келгенде, жақсы дем алсын, оқулық жазсын деп Құдайберген Хамзаны, Бейімбет мені таудағы киіз үйіне жатқызды. Бұл кішігірім жай емес, мәңгі жүрекке жазылған әкелік қамқорлық. Тек біз ғана емес, ҚазПИ-ді бізден бір жыл кейін бітірген Есмағамбет Ысмайылов, Мырзай Алтынбекова, Қаныбек Мейірбековтер туралы «Лениншіл жасқа», «13 жас күш» атты қуанышты мақала жазған да Құдайберген болатын. Қызғаныш, күншілдік атаулы қазақтың қас жауы Құдайбергенге жат еді. Ол қайта, сенің істемегеніңе, ізденбегеніңе ренжитін, әрдайым кеңес беріп, ой салып, жақсы нысанаға жетектеп тұратын.

Соның бәрі қазақтың жаңа лап беріп қаулаған социалистік мәдениетінің, жас совет әдебиетінің, әдеби тілінің қамы еді. Шын ғалымның, мәдениет қайраткерінің, шынайы коммунистің Социалистік Отанына деген, туған халқына деген, Лениндік партияға деген ұлы махаббатының ақарай шапағы еді.

Атышулы ғалым

Ұмытпасам 1937 жылғы күз айының бірі. СССР Ғылым Академиясының жуырда құрылған Қазақстандық филиалының президиумы мәжілісіне бардым. Соның алдында Қазақ ССР Министрлер Советінің осы президиумды бастығы академик Архангельский етіп 13 адамнан құрған қаулысын алғанмын. Оның ішінде мен көрмеген үш-төрт адамның біреуі — Қаныш Сәтбаев. Жезқазған инженерінің есімін сырт естуім бар-ды. Және бұл есім оның баяғы «Еңлік — Кебек» спектакліне жазған мақаласы мен Затаевичке жазғызған қазақ әндерінен де белгілі болатын.

— Сәтбаев қайсысы? — деп сұрадым қасымдағы Серғали Толыбековтен. Өзім де осы шығар деп шамалап едім, ақыры сол екен — Серғали көрсеткен кісі бірдеңеден қымсынғандай аяғын мысықша жұмсақ басып ұзын столдың есік жақ шетіне келіп отырды. Қазақтың кәдеуілгі «шекесі торсықтай» дейтін толық шекелі кере қарыс кең маңдайлы толқынданған қалың қара шашы ерекше көрік беріп тұрған сұңғақты жігіт айрықша көз тартады. Оның күлімсіреп жылы нұр сепкен қоңыр көздері кісіні өзіне жақын тартып тұрғандай жағымды. Бір өкініші сол, мәжіліс бітісімен асығыс кетіп қалдым да, Қанекенмен ол жолы таныса алмадым.

Арада жиырма жыл өтті. Сәтбаевтың ғалымдық даңқы асып жатты. Қазақ ССР Ғылым Академиясының академигі, президиум мүшесі боп сайланғанын сырт есітіп, шын жүректен мақтан етіп жүрдік.

Ақыры 1957 жылы бір көруді, сөйлесуді арман еткен атақты академикпен оның өз үйінде, құдалықтың арқасында, жүзбе танысып, содан алты жыл бойы араласып кеттік — жұмыста да, үй жағдайында да сырласып, пікір алысып жүрдік.

Мен бұл жерде осы аз уақыттың ішінде алған әсерімнің, түйген пікірімнің, естіген сөзімнің кейбіреуін ғана ортаға салмақпын.

Қанекен енді баяғы қалың қара шашы дударланған сұңғақ жігіт емес — енді ол егде тартқан, екі иығы екі кісі мінгендей зор, маңғаз, марқасқа алып адам.

Мұндай адаммен қатар отырып, терезем тең келіп, сөзіміз жарасады деп алғашында маған тіпті ойлау да мүмкін емес сияқты көрінді. Жоқ, жаңылысыппын. Олай емес екен. Сабырмен, салмақпен жай сөйлеп, қарапайым қалыпта оны-мұныны әңгімелеп отырып, өзіне тыңдаушының бойын үйретіп алған соң, қармақты тереңге тартатын жайындай тұңғыш ой мен сырларға жайлап, байқатпай жетектейді екен. Сөйлесе келе оның үлкен адам екенін ұмытып кетесің және оған өзін де сенетінің соншалық — ештеңенді бүкпей, сырласа сөйлесесің. Бұл оның кішіпейілдік қасиеті еді. Әңгіме қай арнаға түссе де, Қанекен, «жүйрікке ойы-қыры бір» дегендей, бөгелуді білмейтін, кемеше жүзіп жүре беретін. Әсіресе әдебиет пен өнер саласында қандай жүйрік дейсіз. Біздің атақты көркем туындыларды түгел оқығанын, «Абай» романына алдымен тамаша баға берген Қанекеннің әдебиет сүйгіштігін былай қойып, менің сынға байланысты «Туған әдебиет туралы ойлар» атты кітабымды оқығанын

(бұл жанрдың оқушысы басқа мамандардың ішінде көп болмайды ғой) біліп таңдануымда да, тәнті болуымда да шек жоқ.

Бірде әңгіме М. Әуезовтің «Абай романы» жөнінде қозғалып қалды да, мен Қанекеннен бұл романға «елу жылдық қазақ өмірінің энциклопедиясы» деп баға беріпсіз. Мұны қалай ұғамыз?» деп сұрақ қойдым. Қанекен қысылған белгі берген жоқ. Жымыып отырып мынадай жауап қайырды:

— Белинский Пушкиннің «Евгений Онегинін» «Орыс өмірінің энциклопедиясы» деп бағалағанын білемін,— деді ол кісі. Бірақ мен одан сәл басқарак мағнада айттым. М. Әуезов жарты ғасыр қазақ өмірін материалдық жағынан да, рухани жағынан да тұтас алып, егжей-тегжейіне дейін жете суреттеді деген ойды айтқым келді. Сондықтан да бұл романды мен энциклопедия десем, сіз эпопея дейсіз ғой. Байыбына барған кісіге екеуінде айырма шамалы сияқты.

— Энциклопедия өмірдің барлық саласынан білім беретін ғылыми кітап. Ал роман-эпопея — көркем әдебиеттің, оның ішінде романның бір жанры ғой,— дедім келіспеген пішінмен.

— Рас, солай. Роман-эпопея романның жанры болғанда, қандай жанры? Халық өмірінің үлкен бір дәуірін алып, сол үлкен ауқымға көп нәрсені сыйғызып суреттейтін, сөйтіп, оқушының білігін өсіретін көркем туынды емес пе? Сонда бұл жанр да өзінің көркемдік жолымен энциклопедияның білім беретін қызметін атқарғаны ғой. Өздерің цитатка ала беретін Энгельстің Бальзак туралы айтқан сөзі осыған келмей ме?

Бұл дәлелге мен ештеңе дей алмадым. Іштей геолог кісінің әдебиетші іспетті сөйлеп кеткеніне қызықтап аңырып қалдым. Көрнекті көркем шығармаларды қалай уақыт тауып оқығанына таң қаласың, оның үстіне әрбір оқыған шығарма туралы, оның авторы туралы қандай соны, тың, қызық пікірлер айтады дейсіз! Соның әрқайсысы жөнінде өз пікірін еркін жарысқа салып отыратыны ғажап. Ал қазақ театрларының сахнасында жүріп жатқан спектакльдермен опералар жайында, жаңа фильмдер мен көркем көрмелер жайында, қазақтың халық поэзиясы мен ән-күйі жайында айтатын білігі мен бағасын қайтесіз! Ол ол ма: көпқырлы талант пен көпсалалы ғылым иесі кеменгер адамның домбырамен тамылжытып ән салып, табындырып күй шертетін қабілетін айтсаңызшы. Домбыраны көмейінен сөйлетіп,

майда қоңыр дауыспен көкей кесіп салатын «Ардақ» әні әлі күнге дейін құлағымнан кетпейді. Мұның бәрі қайдан шығып жатқан өнер мен білім? Бұл баяғы дала баласы, кейін көп жыл құба жон түзде күнге күйіп, кен іздеп жүрген қазақтың қарапайым инженерінен шыққан өнермен білім.

Кешегі инженер-геолог, бүгін атышулы ғалым, Академияның президенті Қ. Сәтбаев өзінің кабинетінде отырып та, біздің М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында не болып жатқанын, кімнің не істеп жатқанын, алда қандай міндеттер тұрғанын өте жетік білетіндігі кімді болса да қайран қалдыратын.

Жасырмаймын, Қанекеннің керемет сүйсінерлік өмірі мен таланты мені қатты қызықтырды. Сондықтан осы тақырыпқа қатысты материал жинай бастадым. Ойым — алып ғалым жөнінде жеке кітап жазу. Оған мұрша болған жоқ. Дегенмен бірсыдырғы қорытылған материал «Даладағы дабыл» повестіне бірнеше тарау болып енді. Орысша «Гудок в степи» кітабындағы тарауларды Қанекен өзі оқып, деректерінің документтік дәйектілігіне кепілдік етті де, бірақ басылу басылмауы жөнінде пікір айтудан бас тартты. Бұл да ұлы адамның кішіпейілдігінің айғағы еді. Сөйтіп, Қанекен туралы тараулар аталған кітаптардың ішінде орысша, қазақша ол кісінің көзі тірісінде жарық көрді. Бұл фактыны мен өз өмірімнің бір өзгеше жарқын кезеңі деп білемін.

Шапағатты ұлы адамның шарапаты тиіп, мен өзімді бақытты деп сезінген тағы бір кезеңді мақтаным үшін емес, жұбаныш ретінде айта кеткім келеді. Өзімнің ұшқан ұям — қасиетті ҚазПИ (біраз жыл жабыққан көңілімді аулау мақсатымен болу керек) менің елуге келгендігімді атап өтуге жиналып жатқан. Мұндай жұпыны жиынға Қанекендей кісі келеді деп кім ойлаған. Шаршы топтың ортасын қақ жарып, қазақтың Қанышы келе жатқанын көргенде, жұрт демін ішіне тартып қалды. Президиумға барып М. Әуезов пен Қ. Сәтбаев сықылды қос қыранның саңлақтанып қатар отыруы мен үшін баға жетпес бақыт болғаны рас.

Ал енді осындай ақылдың кені, адамның алыбы, білімнің теңізі іспетті Қаныш Сәтбаев қайтыс болғанда кім қайғырмады, кімнің қабырғасы қайыспады. Соның бірі болып мен де қайғырдым. Қанекеннің қазасына некролог жазып, онда былай деп едім: «Қаныш өсірген, Қаныш тәрбиелеген халық дарқандары көп. Ғылым орманын олар кемітпейді, кенде қылмайды. Бірақ Қаныштай бәйтеректің орны орасан ерек еді ғой. Алдындағы үміт пен сенімнің шыңы сияқты, жел жағындағы панаң сияқты, ақыл-ойдың, адамгершілік

сұлулықтың, тазалықтың, дақсыз даналықтың саңлақ тұлғасын енді қайтып көрмейміз.»

1967 жылы Қаныш Сәтбаевтың туғанына 70 жыл толуына байланысты қысқа мақала жазып, басқа жұрттың қатарында өзіме де біраз жыл сүйеу, демеу болған ұлы адамның публицистикалық портретін көрсетпек болдым. Ол мынау:

«Қазақ халқының ұлы перзенті, атағы жер жүзіне әйгілі ғалым, қоғам қайраткері, сегіз қырлы, бір сырлы ардагер азамат Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың туғанына 70 жыл толды. Оның мағналы өмірі, Отаны мен халқына сіңірген игі еңбегі — барша ұрпақтарға өшпес өнеге, үлгі.

Сарыарқаның қиыр түкпірінде туған Қаныш бала кезінде-ақ өзінің үздік талант пен талап иесі екенін танытады. Ауылда, Павлодарда, Семейде оқып, 18 жасында мұғалім болып шығады. 1917 жылы Ұлы Октябрь социалистік революциясы жүзеге асқанда ол Семейдің мұғалімдер даярлайтын семинариясының соңғы курсына оқып жүрген бала жігіт. Бұдан көп бұрын ауылда жаңа ғана жүгіріп жер басқаннан бастап Қаныш оқыған, көзі ашық адам болу талабымен қатар, жердің, тастың сырын білуді арман еткен. Ол арманына дарынды жас совет үкіметі тұсында жетті. Мұғалімдікті де, халық соты қызметін де жиыстырып, Қаныш академик Обручев, Усов секілді белгілі орыс ғалымдарының кеңес көмегімен Томскідегі технология институтын бітіріп, инженер-геолог атағын алып шығады.

Сөйтіп, совет үкіметі арқасында орындалған арман ұлы адамды одан әрі ғылым мен мәдениеттің асқар биігіне көтерді. Ол Ұлы Октябрде бостандық алып, бақытқа бөленген қазақ халқымен бірге социалистік заманда барлық күш-қайратына жол тауып, еліміздің социалистік экономикасын өркендетуде ғажап көп, ғажап үлкен еңбек сіңірді. Он бес жыл бойы қазақ инженері күнге күйіп, суыққа тоңып, туған даласының жасырын жатқан кен байлығын Социалистік Отан ырзығына айналдыруға аянбай қызмет етті. Бұл жолда қаншама қиындық, кедергілерді бастан кешіріп, ақыры ерлікпен, табандылықпен, даналықпен соның бәрін жеңіп шықты. Қарсақпай даласындағы үлкен Жезқазған кендерінің ашылып игерілуі, құландүз далада ертегідегідей керемет қалалар орнауы — Сәтбаевтың осы батырлық еңбегінің, қайрат-жігерінің, шынайы патриоттық қасиетінің, терең ақыл-ой даналығының жемісі еді. Орталық Қазақстанның прогноз-металлогениялық картасын жасау — Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың геологиядағы ғылыми барлаушылық, ғылыми топшылағыштық тамаша талантының шырқау

биігі еді. Бірақ Сәтбаевтың алып тұлғасы оның он бес жылда қол жеткен ұлы табысымен де шектелмейді. Геологияда металлогениялық бағыттың ата дәрежесіне жеткізген өзінің жер қойнауын зерттегіш, кен тапқыш жыты геологтік қызметін соңғы сағатына шейін үзбей келген тамаша инженер, ғалым өмірінің кейінгі ширек ғасырдай уақытын Қазақстанда совет ғылымын ұйымдастыруға сарп етті. Қазақ халқынан шығып, тұңғыш ғылым докторы, тұңғыш академик атағын алған Қаныш Сәтбаев туған республикасында Ғылым Академиясын ұйымдастырушысы және сол Академияның тұңғыш президенті болды. Бұл орында Сәтбаевтың көпқырлы саңлақ тұлғасы енді жан-жақты жарқырап көз тартқаны әмбеге аян. 1946 жылы Қазақ Ғылым Академиясы ашылуының қарсаңында Қаныш геология ғылымдары институтының директоры болып тұрып, бір жағынан майданға қажет марганец кенін тауып, екінші жағынан Академия құрылуына қажет даярлық жасауға бірден-бір себепкер ұйымдастырушы болды. Ал 18 жыл президенттік қызметте ұлы ғалым Қазақ Ғылым Академиясының құрамында осы замандағы озат ғылымның барлық саласын дамытып, өзі басқарған Академияны дүние жүзіне танытты.

Сәтбаев туралы оның құрбысы, қазақтың ұлы жазушысы Мұхтар Әуезов ғалымның көзі тірісінде былай деп еді: «Қаныштың Қазақ Академиясындағы президенттік қасиеттерінің ең зоры, бұл аса талантты және қажырлы, еңбекке төзімді ұйымдастырушы — организатор. Бұл жерде, Қаныш өзі геология сияқты үлкен күрделі ғылымның терең маманы болғандықтан, ұйымдастырушылық — басшылық істі үнемі ғылымдық жолмен жүргізеді. Сан ғылымның басы қосылған, күрделі еңбек үстінде өсіп келе жатқан Академияның ісін ғылымдық жолдармен, сан-саламен өрбітіп, жемістетіп бастай білуі кімге де болсын оңай жұмыс емес. Аса жауапты жұмыс болуының үстіне сан-сала білімінен көп дерегі, білімі бар адам болуы керек. Қаныштың бір үлкен ерекшелігі, — ол химикпен де, биологпен де, физикпен де, медикпен де, және тарихшымен де, тілші-әдебиетшімен де өздерінің ғылым тілінде сөйлесе біледі. Мамандық тілдерімен үндесіп, ұғыса біледі.»

Қаныш Сәтбаев геолог-барлаушы ролінде де, ғалым-зерттеуші ролінде де, мемлекеттік қайраткер, президент ролінде де қай мәселеге болғанмен еш уақытта тар тұрғыдан, тек міндет орындау көзімен қараған емес. Оның кең көз жанарында ұлы социалистік Отанның, сүйікті коммунистік партияның, туған совет халқының образы, абройы,

мақсат-мұраты өзінің биік, тұтас, жарқын сипатымен көрінетін. Сондықтан ол өз ісіне әрқашан осы тұрғыдан және осы ұлы масштабта алып қарайтын. Ол әрдайым өзінің туған республикасы өмірдің барлық саласында, жан-жақты көркейіп, өркендей беруі үшін баға жетпес көп еңбек сіңірді.

Қаныштың ұлы жүрегі ізгі адамгершілік, сүйіспендік сезімге толы еді. Ол жұртты сүйетін, жұрт оны сүйетін. Қаныштың алдына сыр айтып ақыл, кеңес тыңдауға тек ғалымдар емес, басқа да мамандықтар мен өнер адамдары, ақын, жазушылар, жұмысшылар мен колхозшылар, кәрі-жас халық өкілдері жиі барып тұратын. Қаныш соның бәрін мол біліммен, бай тәжірибесімен, байсалды ақыл-ойымен, салмақты, салиқалы мінезімен қанағаттандырып риза етіп жіберетін. «Сәтбаев жөнінде айтқанда,— дейді академик Д. И. Шербаков,— мен тұтас бір алып тұлғалы адамды, мемлекеттік үлкен ақыл-ой иесін көз алдыма елестетем».

Қаныш ұлы мұраттың, ақындық қиял, арманның адамы еді. Оның қиын да қызық мағналы өмірінің мазмұны болған Жезқазған мен туған Социалистік Қазақстанның керемет болашағы туралы ғажап қиялы осының айғағы. Өзінің Жезқазған туралы тұңғыш еңбегінде Қаныш былай деп жазған-ды: Ұлытауда зауыт сиренасы алғаш гудок шақырғанда, дау жоқ, сол бір пәрменді үн Қазақстанның барлық түкпірінде мықтап қолдау табатын болады. Бұл үнді, бұл «жаңғырықты» күшейте түсетін Ұлытаудың тарихи даңқы оның орталық орны, қазақ халқының сергектігі, әнге деген халықтың табиғи бейімділігі. Әрине, жаңа ән, жырларда енді ескі мұң, зар әуені есітілмейді, қайратты да қайсар шаттық әуені естілетін болады. Мұның өзі жаңа туған индустриялы Қазақстанның ән жыры болмақ».

Қанышты ертеден білетін бүгінгі үлкен ақын Әбділда Тәжібаев Сәтбаев кең мағнасында ақын адам еді дей келіп былай деп жазады: «Алып адамдардың көңілдері жарық, күшті, қолдары ұзын келеді ғой. Олар қауым тірлігінің барлық саласына да араласып, сәулесін түсіріп, жаңағы ұзын қолдарымен көмектесе жүреді. Қаныш жалғыз ғылымға ғана емес, әдебиетімізге де болысушы, қолма-қол жәрдемдесуші еді». Шынында солай еді. 1926 жылы Қызылорда қаласында қазақтың тұңғыш театры ашылғанда, институтты жаңа ғана бітірген жас инженер Қаныштың қуанып жазған мақаласы осы күнге дейін өзінің оңдылығымен оқушысын таң қалдырады. Қазақтың ән-күйін жанымен жақсы көретін және жақсы білетін жас Қаныш бір кезде атақты

Александр Затаевичке өз аузынан көп ән жаздыруы да ұмытылмайтын факт. Ал бүгінде қазақ әдебиетінің мақтанышына айналған М. Әуезовтің «Абай» романына алғаш «қазақ өмірінің энциклопедиясы» деп баға берген де Қаныш еді ғой. Мұның бәрі Қ. Сәтбаевтың ұлы ғалымдығының, мемлекет пен қоғам қайраткерлігінің үстіне, үлкен универсалдық мәдениет адамы екенінің айғағы.

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев артына ұшан-теңіз мұра қалдырды. Үш жүзге жуық ғылыми еңбектің таңдамалыларының өзі бес том боп басылуда. Қаныш қалдырған ең қымбат мұра — еліміздің байлығы, асыл кендердің қазнасы, әсіресе оның шәкірттері, өзі тәрбиелеп өсірген ғалымдар мен маман кадрлар, өзі ұйымдастырысқан Қазақ ССР Ғылым Академиясы, өз атындағы Жезқазған комбинаты мен Геология институты. Сонымен бірге ол халқының жүрегінде ешқашан өшпес жарқын образын қалдырды. Ол халықтан шығып, халыққа барлық өмірін сарқа бағыштаған, жантәнімен, адал жүрегімен қызмет еткен абзал азамат, ардагер адамның образы.

МӘДЕНИ САПАР

«Әркімнің туған жері бір Мысыр» дейтін сөз ертеден есімде. Бұдан Мысырға деген қастерлеу сезімі естілетін. Бала кезден көп тыңдаған хисса, дастан, аңыздардан, бала күнімде кездейсоқ қолыма түсіп, оқу туралы арманымды оятқан пирамиданың сфинксінің суретінен «Қорлан» сықылды әннен, оқыған тарих кітаптарынан, оның алыстағы бір ғажайыпқа толы ел екеніне күмән келтірмейтінмін. Әсіресе Ніл дариясы ғажап ертегі өзен көрінетін. Міне сол ертегідей еміс-еміс есте қалған ел мен жерді енді өз көзіммен көргелі барамын. Жүрек алып ұшады. Самолет те алып ұшқалы тұр. Азынаулақ қазақ ол жаққа баяғыда да барған ғой. Бірақ қалай және қанша уақыт жүріп барған десеңізші! Айлап жүріп, жылдап елден безіп, әуелі атпен, одан поезбен, кейін кемемен, соңынан түйемен жүріп әрең жететінін еститінбіз. Ал сол жерді біз қазір бес-ақ сағатта алатын көрінеміз.

Москвадан Каирға екі рейс бар екен. Бірі Бейрутқа қонатын. Екіншісі тура ұшатын. Дәл Алматы мен Москваның аралығындай. 28 февраль күні таңертеңгі сағат жетіде «ИЛ-18» бізді «алты қабат» аспанның аржағына алып кетті. Алып қыранның болат қанаты ауаны тіліп, бұлтты осып, оңтүстікке қарай самғағанда күн де ұясынан жаңа ғана шығып, әлемге жылы шыраймен нұр шаша бастаған еді. Бұлттар астымызда мұхит теңізінің толқынындай жөңкіледі.

— Мына бұлт кең даладағы қазақтың мың сан ақтылы қойы сияқты ғой,— дедім қасымда отырған Бибігүлге.

— Көрпе істеу үшін түтіп салған жүн сияқты десе де болады екен,— деді ол.

Біз мінген орталық бөлмеге шымқай «қаралар» келіп жайғасты. Түр-түстерін бірден ажырату қиын. Тек андап қарағаннан кейін ғана бірінің қарарак, бірінің бозырақ екенін айыруға болады. Ішінде жап-жас бір бала жігіт бар екен. Бізге жалт-жұлт жаутаң қағып қарай берді. Көп аса шыдай алған жоқ. Белбеу босасымен орнынан тұрып келіп жөн сұрасты. Есімім Ясин деді. Москвада оқып, инженер-геолог атағын алып, енді өзінің туған елі Сомалиге келе жатқан көрінеді. Орысша әжептәуір сөйлейді. Сөзінде ыстық леп, құштарлық бар. Көзінде жайнаған сүйкімділік бар. Онда біліммен бірге еліне тынбай қызмет етем деген жалынды жігер, ынта-ықлас байқалады.

— Еліңде геолог боп не істейсің?— дедім мен оған танысып алған соң.

— Мұнай іздеймін. Бізде мұнай көп. Әттең, бірақ барлық жер байлығын тауып игеруге әлі күш жетіспейді,— деп күрсінгендей белгі берді.

Самолет Бейрутке қонды. Бұл Ливанның орталығы. Аэродром теңіз бен тау аралығындағы алаңда екен. Қала таудың етегінен бастап, тура төбесіне дейін өрмелей салынған. Сирек көрініс! Қатнасқа оңай тимесе керек. Әйткенмен әдемі қала! Зәулім үйлер көп болмағанмен, белгілі бір жарасымды стилі бар — айрықша көз тартады. Аэродром басы қызу, думан. Ұшып жатқан, қонып жатқан әр елдің әр қилы самолеттері. Мініп жатқан, түсіп жатқан лек-лек адамдар. Орыс тілін түсінетін жалғыз Ясин болған соң, мен онан мұнша көпшіліктің себебін сұрадым.

— Теңізде шағала, жерде құзғын көп болмай ма?! Бейрут дүние жүзінің қызыл андыған құзғындарының көп айналдыратын жері. Сауда-саттық, ұрлық-қарлық, содыр-сойқан сұмдық істердің талайы осында. Неше түрлі сұрқиялық жүргізетін, сыр тартатын, шантаж жасайтын сұмырайлар, ала аяқ агенттер де осында,— деді ол. Сомалилықтың жас та болса мағлұмат түйсігінің кеңдігіне іштей таң қалдым.

Самолет бір сағат қана аялдады. Әлгі жігіт бізді аэродром үйінің іші-тысын аралатып, көрсетіп, түсіндіріп, бәйек болып жүр. Ол мені сонда істейтін араб қызымен таныстырып, Совет Одағындағы көп ұлттың бірі қазақ екенімді айтып еді, қыз: «Иә, бір жерден оқығаным бар, астанасы Алма-Ата ғой. Жаңылмасам, алмасы көп болса керек» деді жымыып. Мен бас изедім. Біз әрбір адаммен танысып, тілдескенді олжа көріп жүрміз. Аэровокзалдың ішінде төрт бөлім үлкен магазинге кірдік. Киім-кешек, ыдыс-аяқ, ал-

тын-күміс бұйымдар жайнап тұр. Бірақ оларды алып жатқан бірде-бір адам көре алмадық.

Самолет Каирға беттегенде, қатарымызда отырған Ясин жымылып:

— Сіз менің Бейрут жайын қалай білетінімді сұраған жоқсыз. Мүмкін ізет тұтқан шығарсыз. Өзім айтайын. Менімен бірге оқыған жерлесім Али Бейрутта болған. Шатылғаны да бар. Соның айтқанынан қанықпын.

— Шатылғаны қалай?

— Ағылшын разведкасы қызметке тартпақ болып, алдап-арбап, ақырында көнбеген соң қорқытқан, зорлаған. Бұл шырмаудан құтқарған жергілікті арабтар болған.

Қалай құтқарғанын мен қазбалап сұрамадым. Ол айтқан жоқ. Каирға бір сағат жарым ұшатын самолет жақындап та қалды. «ИЛ-18-дің» терезесінен тесіле қарадық. Жер дегеніміз ұшан-теңіз сары дүние, жапан тұз құм дала — кәдеуілгі ертегі, хиссаларда көп оқып, көп тыңдаған сахара, Қербаланың шөлі. Сол сахараны белуарынан кесіп өтіп жатқан көкжолқ Нил дариясы самолетке ілесіп калмай келеді. Төмендей бердік. Нилге жақындай түстік. Ұлы өзеннің көркі, ырысы, құдреті енді көріне бастады. Айнала ысылдаған сары құм сахара «тұтам, қуратам, күйдірем» десе, Нил «жоқ, мен тұрғанда ештеңе істей алмайсың, сен ажал шақырсаң, мен тірлік шақырам. Өмір жеңеді» деп егесетін секілді. Шынында да өмір тек өзен жағасында екен. Барлық жан-жәндік, тірлік, өсімдік, бау-бақша сонда ғана. Әрине, Каир қаласы да (мысырлықтар әлқаһра дейді) сонда екен. Сәске түстегі Каир ертегідегі Мысыр, Шам, Бағдат шаһарларын көзге елестеткендей болды. Бала кездің әсері айрықша ғой. Сонау қырық-елу жыл бұрын есітіп, жүрек түкпірінде бұғып қалған әлденендей әсер, сезік енді кенет оянып әр нәрсені еске салады. Алыстағы казак даласы. Көшпелі жұрт казак елі ол да осы шаһарларды білген, оның да адамдары осы шаһарларға келген, оқыған. Оның да Отрар, Тараз, Сайрам дейтін осындай шаһарлары, Фараби-дей оқымыстылары болған. Осы шаһарларда туған даналық ой, пікір, ғылыми жетістіктер әлденендей ирек жолдармен біздің далаға да жеткен. Ал соңғы ғасырда осының бәрі үзіліп қалған. Неге? Оның себебі — бір кезде мәдениет ордасы болған араб елдері тәуелсіздігінен айрылып, ағылшын, француз империалистерінің тепкісіне түскен, отарлық халде өзінің бұрынғы күш қуатынан қол үзіп, ықпал, әсерінен ажыраған. Көпке дейін бұл елдермен қарым-қатнасымыздың үзіліп қалу себебі осы. 1952 жылғы Мысыр револю-

циясы империализмнің бұғауын бұзып, қайтадан байланыс жолын ашып, енді міні бір кезде, балалық шақта, түсте көргендей Мысыр шаһарын көзбен көріп, таң-тамаша қалып тұрмыз...

Аэродромда бізді Советтік мәдени орталықтың бастығы Валит, елшінің хатшысы Сәлім, араб тілмашы Азиз, Араб-Совет достық қоғамының қызметкерлері қарсы алды. Сәлім — өзіміздің қазақ жігіті. Валиттың әкесі әзербайжан екенін Москвада естіп шыққанбыз. Бірінші рет көріп тұрсақта, көптен таныс адам құсап шүйіркелесіп кеттік. Шет жерде тез жақындасу үшін басқаны былай қойып, тек Совет адамы болудың өзі жеткілікті көрінеді.

Аэродромнан шығып, әуелі Каирдың өлі қаласын аралап өттік. Оның өлі қала екенін бірден білмедік, өйткені сырт қарағанда тұрғын қала сияқты, моланың ешқандай белгісі жоқ — кәдеуілгі бір қабат, екі қабат қалалық үйлер. Біздің білмей келе жатқанымызды сезген Валит Вагапович Атамали:

— Мұнда ешкім тұрмайды. Өлі қала деген осы. Анау үйлер туысқандарының өлгендерге келіп, қона жатып кету үшін салынған үйлер, — деді.

Валит бізді Каирдың орталық көшелерімен әкеле жатыр. Алғаш көз тартқан екі ерекшелік мынау болды: бірі — еуропа типтес үлкен қаланың орталығында жөңкілген сан алуан жалт-жұлт жаңа машиналармен қабаттасып қой айдап, нар мініп бара жатқан сәлделі арабтар, екіншісі — қалада қанша зәулім, сұлу үй кездесе, соның бір де біреуі бір-біріне ұқсамайды. Архитектуралық әр қилылық Каирдың мақтан ететін ерекшелігі екенін кейін білдік.

Қаланы қақ жарып, шалқып аққан құла дарияның үлкен көпірінен өтіп жағадағы Шаһаризада дейтін қонақ үйге келіп түстік. «Мың бір түн» геройының атына қойылған екен. Алдымызда ылғи түрік тақия киген жас жігіттер тік тұрып, тәжім етіп бір ауыздан «ассалаумұғалейкім» деп қарсы алды. Паспортымды тіркеуге алып жатып біреуі менің атым мұсылман есімі болғанға «мүсілім!» деп, басқаларына хабарлап, қуанысып, жадырасып қалды. Арабша білген бірер сөзім күрмеуге келмейтін қысқа жіп сықылды сөйлесіп кетуге келмеді. Әйткенмен ыммен араластырғанда түсінісуге дәнөкер болды. Тілмашымыз сыртқа шыққан сәтте қызметкер жігіттің біреуі менен Бибігүлдің мамандығын сұрады. Артист, әнші деген сөзді білмей қалып, артист деген

нін французша айттым да, әнші дегенін тамағыммен ымдап көрсетіп едім, түсіне қалып, маған «сіз пианист шығарсыз» деп ол да саусақтарымен ымдады — екі жағымыз да қарқылдап күлістік. Мен басымды шайқап, французша түсіндірген болдым. Шет елге барып, шет ел тілінен бірде-бір тіл білмеу қандай қорлық!

Ал олардың қай-қайсысы болғанмен французшаға да, ағылшыншаға да судай ағып тұр. Кейбіреуі немісше де сөйлеп қояды.

— Бұлар қалай білген мұның бәрін?— дедім мен Валит Вагаповичтен. Ол — Қаирдағы Советтік мәдени орталықтың бастығы. Арабтармен көбіне ағылшынша сөйлеседі. Кейде арабша да сөйлеп кететіні бар.

— Қонақ үйге шет тіл білетінді әдейі алады ғой, әрине. Әйткенмен қаладағы арабтың көбі-ақ ағылшын, француз тілін біледі. Үйренбеске шарасы болды ма? Көп заман күндері соларға түспеді ме.

Тілмашымыз Азиз деген орта жастағы келбетті кісі арабтың белгілі композиторы болып шықты. Советтер Одағына дос көңіл адам екен. Сондықтан да, композитор бола тұра, Советтік мәдени орталықта хатшылық, тілмаштық, шоферлік қызметін атқарады. Орыс тілін әжептәуір біледі. Бізге тілектестігі соншалық — қай жерде өзімізді қалай ұстап, қалай сөйлеуіміз жөн дегенді де кейде ескертіп қояды. Қонақ үйге жайғастырып, тамақтандырып, жон-жобасын көрсетіп жүрген де Азиз. Валит бізді он күндік программаның жобасымен таныстырды. Уақыт атымен жоқ. Бәріне келісім жасадық. Мейлінше көп көріп, көп білуге құштармыз. Сондықтан самолеттен түскен күнді де бос жібермей, барынша мол пайдаланып, кешқұрым қала сыртындағы «театрға» кеттік.

Ол атақты Хеопс пирамидасының түбінде күн сайын ымырт үйіріле көрсетілетін театр. Мұнда араб, француз тілінде Мысырдың 4—5 мың жыл бұрынғы тарихы, сол тұстағы тіршілік, фергаундар, құлдар, шаруалар жайы сөз болады. Инсценировкада монолог, диалог, хор түрінде солардың өздерін сөйлетіп, көне заманның лебізін, үнін естірткендей әсер жасайды, мақпал қара түнде, сфинкісінің алдында әртүрлі сәуле суреттері арқылы Мысырдың ескі тарихынан ғажайып елестер көрсетеді. Ашық даладағы он мың орындық күнбе-күн лық толады екен. Соның ішінде біз де болып, керемет әсерлерге бөленіп, өзіміздің он күндік сапарымызды сонымен Мысырдың бес мың жылдық тарихын кезуден бастадық.

«Шаһаризаданың мың бір түнінің» бір түнін өткердік. Мен сүт сатқан баланың қорадағы айқайынан ояндым. Көзімді ашсам есік алдында бірнеше газет жатыр. Араб және ағылшын тіліндегі газеттер, мұны кім тастаған деп таң қалдым. Сүйтсем, қызметші жігіт оны есік астындағы саңлаудан кіргізген боп шықты. Тұрып, жуынып бола бергенімде, номерге шай келді. Қайдан білгенін сезбей де қалдым. Ақша ұсынып едім, алмады. Газет те, таңғы шай да номердің бағасына кіреді екен. Номер басы сайын телефон, телевизор, электр пеш.

Телефон ақырын ғана шыр етті. Төменде күтіп тұрған Азиз екен. Жоспар бойынша өзіміздің Советтік мәдени орталыққа соғып (былтыр ғана бір ағылшындықтан сатып алған екі қабат үй екен), жай-жағдаймен, қызметкерлерімен танысып апарған көрмемізді, сувенир, сәлем-сауқаттарымызды ажыратып болған соң, Валит пен Азизді ертіп Біріккен Араб республикасы премьер-министрінің орынбасары, Араб елдерінің белгілі қоғам қайраткері, жазушысы Юсеф аль Сибаидың қабылдауында болдық. Азия, Африка елдерінің ынтымақ комитетінің бас секретары Сибаи кейін Бейрутта болған Азия, Африка жазушыларының екінші конференциясында негізгі баяндама жасады.

Сибаи арабта сирек кездесетін қой көз, қоңыр сары кісі. Жасы елу шамасында. Бізді жылы жүзбен қарсы алып Мысыр жеріне келгенімізді құттықтады. Біз қысқаша келу мақсатымызды баяндадық. Ол Біріккен Араб республикасының мәдени жаңалықтарын әңгіме етті. Сұрақтарымызға жауап берді. Әдебиет пен өнер саласына келгенде Сибаи творчестволық әдіс туралы сөз қозғап интуицияға үлкен роль беретіндігін айтты. Ал сонымен бірге социалистік реализм жөнінде сөз еткенде, оның қоғамға қызмет ету, шындықты көрсету деген принциптерін қолдайтынын ескертті. Әңгіменің соңында Сибаи біздің Қазақстанның үлкен республика екенін естігенмен, ішкі жай-жапсарын көп білмейтінін мойындап, бізге өз тарапынан сұрақтар қойды.

— Араб тіліне аударылған қазақ кітабын білмеймін. Басқа тілдерге аударылған қандай шығармаларыңыз бар?— деді. Мен ағылшын, француз, неміс тіліне аударылған қазақ жазушылары мен ақындарының туындыларын атап шықтым.

— Иә, Жамбылды естігенім бар. «Абай» деген кітапты ағылшын тілінде шыққанын көрдім. Бірақ әлі оқып үлгір-

ген жоқ едім. Қазақ жазушысының шығармасы екен,— ғой деді.

Сибайдан шығып Мысырдың әйгілі тарихи музейіне жөнелдік. Музейге біз де кірдік, бізбен қабат Е. А. Фурцеваның (СССР Мәдениет министрі) тобы да кірді. Олар бес адам. Айтқандай, біз олармен Каирға бір самолетпен барғанбыз. Енді міне музейде қайта кездестік те, ішін бірге араладық. Үш сағат жай ғана аяқ ұшынан сыдыртып шыққанның өзінде көрген, білген, алған әсерді айтып тіл жетпейді. Ол бір ұшан-теңіз ғажайып дүние! Баяғы көне Мысырдың ұлы мәдениетінің ұлы ескерткіш, белгілері, бұйымдары, құралдары, өнер туындылары адам баласының даналығына, шеберлігіне, ертеде-ақ қол жеткен тамаша табыстарына еріксіз таң қалып, тәнті боласың. Әсіресе... Әсіресе мумия залына кіргенде есің кетеді. Не деген керемет! Одан алған әсерді ештеңемен салыстыруға болмас?! Өмірі естен кетпейді десем өсіріп айту емес... Мұндағы жатқандар 3—4 мың жыл бұрынғы, Мысырдың ферғаундары, олардың жұбайлары, жрецылары. Бальзаммен бұзылмастай етіп қатырған күйінде пішіндері, кескін-келбеттері осы заманға дейін сақталған. Тек ашқаннан кейін ауа тиіп қарайғаны болмаса бет әлпеттері, шаштары, қастары өз қалпында ферғауын жұбайының сұлу сипатына дейін өшпей сақталуы тіпті ғаламат. Біреулердің киналып немесе күлімсіреп жатқан секілді шырайы да сақталған сияқты. Биыл бір мумия табылып, оны ауа тигізбей сақтап отырған екен, Фурцеваға ғана бір минуттей көрсетіпті деп естідік. «Дәл кеше өлген адам сияқты екен» десе керек Екатерина Алексеевна.

Бір күн үшін, бір адам үшін осыншама ауыр жүк — таудай әсерді арқалап кешкі программамызды орындауға бет алдық. Ол өте жауапты программа. Расында, ол өзі біздің арабтар алдында көрінетін бірінші «беташарымыз» іспетті, көпшілікпен кездесу кеші болатын. Көпшілікпен деймін-ау, сол көпшілік бола ма, жоқ па — міне мәселе сонда. Олай дейтінім, Валиттің айтуынша, бұдан бұрынғы жиылыс, кездесу, лекция сықылды біздің Советтік мәдени орталықта өткізілетін шараларға кісі келтіру проблема екен. Тіпті аз жиылу мүмкін екенін ескертіп, Валит Атамали қауіп те айтқан. Әсіресе араб әйелдерін келтіру қиын деген. Мұны естіп, біз де қайтер екен деп аз-кем қобалжыдық. Жиылысқа жиырмадан артық адам келді. Ішінде 4—5 әйел де бар. Көпке үйренген бізге бұл тым аз көрінді. Қарасам, Валитымыз жаркылдап жүр. Көңілді. Маған келіп сыбырлап, кісі жақсы жиналды және нағыз белгілі адамдар, араб

қоғамының көрнекті өкілдері деп қойды. Жиылысты Валит ашып, Бибігүл екеуміздің кім екенімізді, не мақсатпен келгенімізді айтқаннан кейін маған сөз берді. Мен отыз минуттай республикамыз туралы, оның мәдениеті туралы, ондағы 1958 жылы құрылған араб-қазақ мәдени-достық қоғамының жұмысы жайлы әңгіме еттім. Бір жақсысы қатысушылар әңгімеге самарқау қарамай, тұс-тұстан білуге кұштар сұрақтар қоя бастады. Ден көпшілігі әдебиеттен гөрі, ән-күй, сурет, мүсін өнері жайында. Бүгінгі өнердің халық өнерімен байланысы, дәстүр мен жаңашылдық мәселесі, социалистік реализм мен натурализмнің айырмасы, модернизм, формализм деп нені айтамыз — сұрақтар осы төңректе өрбіді. Гамаль Абдель Насердің мүсінін салған белгілі Мысыр мүсіншісі Гамал Сагини сұрақтардың бұлай қойылуының себебін аша сөйледі.

— Біз совет өнеріне қызыға көз тігеміз. Оның қолданытын принциптері туралы анық білгіміз келеді. Біздің өз арамызда бұл жөнінде таластар болып тұрады. Осы жерде отырғандардың өзі әртараптағы адамдар,— деді ол.

Сондықтан әңгіме тақырыбынан ауытқып, өнердің теориялық ұғымдарына біраз тоқтауға тиіс болдық.

Кездесудің соңында жиылғандар Бибігүлдің ән салып беруін өтінді. Концертке ешқандай әзірлігіміз жоқ-ты. Бүгін ән салу жөнінде тілек болады деп ойға да келмеген. Осыны айтып көріп едік, өтініш өрши түсті. Валит те соларға қосылатын сыңай білдірді. Сосын, амал жоқ, мен қасымдағы Бибігүлге қазақша сыбыр етіп:

— Шырағым, атамыз қазақ мұндайда сүйемелдеушіні керек қылмаушы еді ғой. Бір-екі ән айтып бергенің жөн шығар,— дедім. Бұдан кейін Бибігүл көп сөзге келген жоқ. Отырған орнында тұрып ештеңеге қосылмай-ақ «Алқоңырды» айтуға кірісті. Екі көзім жұрттың бет-аузында. «Қазақ әнін арабтар түсінер ме екен, мына әнді қалай қабылдар екен?» деген күдікті сауал жүрегімді тырнап, мазамды алып отыр.

Әуелі тыпыр етпей тына қалған арабтар жібектей жұмсақ, бұлақ суындай әрі мөлдір, әрі таза, тәтті, күміс қоңыраудай сыңғыраған сүйкімді әуен еркелей, егіле толқи жөнелгенде, бір-біріне қарасып қалғанын байқадым. Біреулері қасындағы кісіні түртіп, тәнті болған белгі білдірді. «Не деген керемет дауыс!» деседі,— деді маған Валит Вагачович орысша күбір етіп. Байқаймын: оның өзі де таңтамаша қалып отырғандай. Әншінің нәзік те шалымды лирикалық тембір үні қалықтап, өзінің шырқау биігіне

шығып қайта келіп қонғанда, ду шапалақ әлгі рақаттың созыла түсуін тілеп, «тағы да!» «тағы да!» деген дауыстарға астасты. Бибігүл енді өзінің теңдесі жоқ «Гауһар тас» әніне басты. Бұл жолғы әсердің күшін айтып жеткізу мүмкін емес.

Тыңдаушылардан екі әнмен құтыла қоймайтын едік, арнаулы концерт болатынын айтқан соң ғана босатты.

Достық кеші біткеннен кейін журналистер, интервью алып, көп отырып қалыппыз. Қонақ үйге түнгі он екіде оралдық.

Пирамида цитадель, Хан-халиль

Таңертең Араб социалистік Одағында болдық. Онда бізді Одақтың орынбасары Наваль Әмер деген орта жастағы әйел қарсы алды. Ол Мысырдың белгілі қайраткерінің бірі көрінеді. Әмер бізді Араб социалистік Одағының мәдениет саласындағы жоспарларымен қысқаша таныстырып өтті. Біз оған М. Әуезовтің «Абай» романының ағылшын тіліндегісін ұсындық. Бұған қатты ризалығын білдіріп, мүмкін болса тағы французшасын жіберуді өтінді. Социалистік Одақтан шығып, әйелдердің экономикалық азаттығы жөніндегі Одаққа кірдік. Кіре бергендегі залда оң жақ, сол жаққа жарылып отырған әйелдерді көрдік. Үстеріне кигені де, бастарына кигені де шымқай қара, ажарлары сынық. Мәліп, бірдеңе күтіп отырған күйлері бар. Білсек, көмек сұрап келгендер екен. Басшыларының бәрі әйелдер. Бізбен әңгімелескенде олар Одақтың араб әйелдеріне қандай көмек-жәрдем ететінін түсіндірді. Мұнда келетіндер кембағал мұқтаж әйелдер көрінеді, жетім-жесірлер, мүгедектер, көп балалы әйелдер. Олар Одақтан заказ алып, қол өнерімен айналысады да әртүрлі бұйым жасайды. Ал Одақ олар бұйымдарды сатып, ақшасын иелеріне береді. Біз сол бұйымдардың көрмесімен таныстық. Ішінде сан алуан әдемі нәзік жасалған заттар көз тартады: әр қилы жіппен тіккен оңды кестелер, оймыштар, сырмақтар, суреттер, әшекейлі кобдишалар, трубкалар, сырлы аяқтар, шкатулкалар, бустар, сақина, жүзік, білезіктер, алқалар, зер тақиялар, ормалдар, сирек кездесетін ыдыс, аспаптар т. т. Сонымен бірге бұл Одақтың мынадай да бір қызметін біліп қалдық. Әйел керек ерлер, ер керек әйелдер осы Одаққа хабарландыру беріп, екі жағы осында жолығысып, тіл тапса үйле-

ніп, тұрмыс құрып кететін де жайлар болатын сияқты. Осының бәрін көріп, есітіп білген соң бір жағынан, қол өнершілерінің шеберлігіне тәнті болсаң, екінші жағынан араб әйелдерінің көпшілігі әлі де болса ауыр тұрмыстан, мешеуліктен құтылып болмағанына жаның ашып қынжыласың. Елу жыл бұрын қараңғы, теңсіз күйде күн кешкен қазақ әйелдерінің бүгінгі азат болған бақытты халын бұрынғы түгіл, қазіргі араб әйелдерінің жай-жағдайымен салыстыруға тіпті де мүмкін емес. Қаншама озып кеткенбіз!

Енді ынтығып атышулы Пирамидаға тарттық. Бұл қала шетіндегі ең соңғы, ең биік, ең саңлақ және жақсы сақталған Хеопс пирамидасы және оның қасындағы кішірек Хефрен пирамидасы. Алыстан қарағанда, қос пирамида сүйір екі емшек секілді яки түйенің екі өркешіндей көрінеді. Хеопс пирамидасының биіктігі 146,6 метр. Төбесі сәл үгітіліп кішірейген деседі. Пирамиданың салынуына 2300 мың қалақ тас кеткен. Әр қайсысының ауырлығы кемінде екі жарым тоннадан. Ең үлкені отыз тоннаға дейін барады. Пирамида табанының ұзындығы бір ғана қырынан алғанда 233 метр. Хеопс пирамидасы айналасындағы тастан салған молалар мен Хеопстың уәзірлері, қызметкерлері, жрецылары қойылған молалары бес гектардан артық жер алып тұр. Тұтас алғанда өз алдына бір өлі қала іспетті (некрополь). Мысырлықтардың ұғымында адам бұл дүниеден кеткенмен, ол дүниеде өмір сүре береді. Сондықтан ол дүниедегі мекенін, қамын бұл дүниеде жасап, әзірлей берген.

Хеопс ферғаун таққа отырысымен өзінің табыты жататын пирамида салу жөнінде әмір етіпті. Атақты грек тарихшысы Геродот осы пирамиданың салынуы жөнінде мынадай деректер қалдырған: пирамида тұратын жерге тас жеткізетін жолды он жыл салған, пирамиданың өзін жиырма жыл қалаған. Геродоттың жорамалынша, пирамида жұмысында бір мезгілде жүз мың адам істеген. Олар — құлдар мен шаруалар. Құрылыста адам шыбынша қырылса керек. Бірақ өлгендердің кім екені туралы ешқандай дерек жоқ. Белгілі бір-ақ нәрсе, ол пирамида жұмысын басқарған кісінің кім екендігі. Ол Хемиун деген уәзір, жрец, төре, би, Хеопстың әмірін іске асырушы әмірші болыпты. Хемиун Хеопстың туған ағасы Нефермааттың баласы екен.

Пирамиданың ішіне енетін есікті солтүстік жақ бүйірдегі он төрт метр биіктен тесіп шығарған. Бетін үш бұрыш таспен бекітіп, жалпы түске келтіріп білдірмей сылап тастағандықтан, көп заман ол есікті ешкім таба алмапты. Біздің эрадан бес ғасыр бұрын келіп көрген Геродот та, осы эра-

ның I ғасырында көрген Страбон да есіктің қайда екенін білмегендігін жазады. Ол түгіл біздің эраның IX ғасырында атақты Харун-ар-Рашидтың баласы Мамун халиф та пирамида ішіне тыққан қазнаны алмақ болып есігін іздегенде таба алмапты. Содан кейін Мамун адамдарына бұйрық етіп пирамиданың іргеге жақын жерінен тура ұңғытып, іштегі коридордан шығады да, түпте жатқан саркофагты сонымен табады. Бірақ саркофагта Хеопстың мумиясы да, қазнасы да жоқ боп шығады. Бұл қалай? Жұмбақ. Ол туралы әркім әртүрлі жорамалдайды. Біреулер ерте заманда ұрланған дейді, біреулер тіпті қойылмаған деседі. Ал біз сол Мамун тескізген үңгірмен жүріп келеміз. Жүріп емес, биіктігі бір метр тар қуысты қуалап, бірде бүгіліп, бірде еңбектеп келеміз. Үңгір өрге тартады. Өрмелеу қиын-ақ. Ақыры кеңірек коридорға шықтық. Коридор алаңға әкелді. Әжептәуір тыныс алғандай едік. Оның ар жағы қайтадан тар қуысқа айналды да қайтадан бүгілдік. Бастаушымыз — араб. Егде тартқан тарамыс кісі екен. Ештеңені елейтін емес. Еріп келе жатқан үш адамбыз. Біреуі РСФСР Жоғары соты председателінің орынбасары Шубин Валентин Васильевич, Қайдағы юристер мәжілісіне келген. Үшеуіміз де ентігіп қалдық.

— Ой, аға, жүрегім қысылып барады,— деді Бибігүл. Зәрем ұшып кетті. Селк ете қалып, қарасам, рас, елең-алаңда серігімнің түсі қуқыл тартып, теңселіп тұр. Сол арада, көзді ашып-жұмғандай бір заматта көз алдымнан қаншама сұмдық сурет өтіп, көңілімді қаншама оқ жылан іспетті суық, сумақай ойлар жайлап жатты. Қазақтың бағындағы бұлбұлы, басындағы ұлпасы, мойнындағы меруеті іспетті әнші қызын жат елде, әсіресе мынадай жағдайда өлтіріп алсам, не болғаным? Ел-жұртқа не бетімді көрсетем, өзім жалғызбын, не шара істеймін?» деген сықылды толып жатқан сұрақтар тізбектеліп, бірінен кейін бірі зуылдап кетті. Мұндай күйді мен бұрын-соңды бастан кешкен емеспін. Сол заматта сап етіп есіме түскені қалтадағы валидолым болды. Бір таблеткасын бере қойдым. Екі-үш минут талмап тұрғаннан кейін ғана Бибігүлдің жүрегі қалпына келе бастады, маңдайынан суық тер шықты. «Уһ, айналайын-ай!» деген сөз аузымнан қалай шыққанын білмеймін. Қайтадан ілгері жылжыдық. Ең соңында биіктігі 90 сантиметр коридордан еңбектеп өтіп, биіктігі үш метр бөлмеге шықтық. Әлгі бөлмеден тас есікке кірдік, оның арғы түкпірінде жартастан ойып салған қуыс бар. Қуыстың ішінде текше тас сандық, тас сандықтың ішінде бос саркофак жатыр.

Пирамиданың батыс жағында тұрып жаяу және жел-

маяға мініп тұрып, суретке түстік те, қалаға келіп тамақтанып, енді цитадельге жөнелдік. Цитадель дегені XV ғасырда Мұхаммед Алипаша салдырған қамал екен. Он мың адамның намаз оқуына шақталған зор мешіті бар қасында. Мұнаралары аспанға бойлаған сұлу мешіт, зәулім қамал бір стильде ансамбль жасап, ескі Қайрдың биігінде санлақ тұлғасымен көз тартып тұр. Цитадельдің биігінен ойдағы 4,5 миллион халқы бар Қайрға қарап тұрсаңыз, ғаламат бір үздіксіз ызың, шу естіледі. Ертегідегі сұрапыл алыптың ыңырсып, күңіреніп жатқаны секілді. Оның өзінде бейнебір ырғақты әуен бар сияқты.

Цитадель биігінің дәл етегіндегі Хан-Халильге түстік. Ол Мысырдың ескі шаһары. Біздің ескі Орта Азия шаһарларын еске салады. Көшелері тар, қисық. Қыбырлаған адам, түйе, есек жетектеген, қой, ешкі. Аяқ бассаң, көшенің екі беті сыңсыған не дүкен, не асхана, не шыжғырған шашлық, буы бұрқырап жатқан палау: «Кел!» «Ал!», «Іш!» деп шақырып тұрған арабтар. Дүкендерде көз тартатын көбіне қол өнерінің бұйымдары: алтын, күміс, зергерлерінің әдемі, әшекейлі нәзік жасаған дүниелері, мінасар, көркем ыдыс-аяқ, әр қилы үй ішінің әбзел, мүліктері, аяқ киімнің неше түрлі сұлулары. Бұл жағынан мысырлықтар ересен шебер ел екен деп қалдық.

Кешінде Араб-қазақ достық қоғамы Қайрдың үлкен ресторанында бізді арнайы қонақ етті. Қоғам басшылары әйелдерімен келіпті. Көңілді отырыстық. Әңгімеге әзіл де араластырып қояды. Ресми сөздерге көп бармадық. Алайда біздің байқауымызда, арабтар да қазақ сықылды сөзге сараңдау ма деп қалдық. Жеңіл есіп сөйлеуге, екісіндеп сөйлеуге жоқ, өздерін сабырмен, салмақпен ұстайтын тәрізді. Бұл дәл осы тұста ғана емес, бір қатар бақылауда түйген пікір. Оның бір себебі — ішкілік ішпеуден де шығар. Бізге тағамның әлденеше түрін келтірді. Еттен, балықтан, құстан (кептерден), жемістен, сүттен құбылтып жасаған тамақ табағының жетеуі келіп кетті. Аз-аздан, бірақ бәрі дәмді, тәтті — таңдайың тақ ете қалады. Және әрбір табақтың тұсында әр түрлі жеміс шырынын беріп отырады. Біреуін де ішпей қалдырмайсың. Ал арақ-шарап атымен жоқ. Мынадай бір қызық болды: столға отырысымен даяшы патноспен ішіне «ақ арақ» құйған бір-бір үлкен бақал әкеп қойды алдымызға. Содан кейін тамақ әкеле бастады. Тамақ алдында тост көтеретін шығар деп отырмын ішімнен. Жоқ! Ешқандай тост жоқ — тамаққа кірісіп кеттік. «Арақты» арабтар өздері аздап тата бастады. Бұл қалай деп Валиттен

сұрап қалдым. Ол күліп, бұл арақ емес, Нілдің суы ғой деді. «Сок тұрғанда судың не қажеті бар?» деп едім, «бұлардың сондай дәстүрі. Нілді қасиеттеуден туған болу керек» деді. Әңгіме су туралы екенін сезген арабтар: «Суды біз қадірлі қонақтарымыз тағы да келсін деп береміз. Нілдің суын ішкен кісі Мысырға қалай да қайтып бір соғады» деді. Бұдан кейін судан біз де таттық. Қайта келетін ықласымызды білдірдік.

Мүсінші Зікір. Нанон. Концерт.

Тұңғыш достық кешінің соңында Гамаль Сагини бізді өтініп мастерскойына шақырған. Біз қолымыз тимейді ғой деп қипактап едік, Валит «Мысырдың мұндай мүсіншісі құрметтеп шақырғанда бармау мүмкін емес. Бұл біз үшін үлкен жетістік» деген соң келісіп, уәде еткенбіз. Үшінші күні таңертең сол уәдемізді орындап, Сагинидің үйіне бардық, үйткені мастерскойы үйінде екен. Пәтері Ніл жағасындағы үйдің екі үлкен бөлмесінде. Екеуінде де тола мүсіндер мен суреттер, аспаптар, бояулар, әлденендей қауашақ ыдыстар, жататын, тамақ ішетін жерлері — солардың арасы көрінеді. Әйелі және мектеп жасында жалғыз ұлы бар. Екеуі де мүсіншіге жәрдем етеді. Баласы да мүсіншілік өнерді күйтеп жүр екен. Әйелі алдымызға шәй қойды. Сагини салған Насер мүсінінің эскизі тағы басқа толып жатқан туындылар иін тіресіп тұр. Бұл коллекциядан Сагини творчествосының символдық бейнесі — жақсылық, жамандықты жеңеді, бостандық бұғауды бұзады деген идеяны бекітетіні айқын танылады. Бір ғажабы суреткер бірде-бір шығармасына қаламақы алмайды екен. Мұның ең соңғы, ең құнарлы шығармасы бүркіт ұстаған бір топ адамның мүсіндік суретін 30000 фунт ақшаға бағалаған екен. Содан бір фунт та алмапты. Сонда күнкөрісі неден бұл семьяның? деп сұрастырсақ. Сагини университетте сабақ береді екен де, соның жалақысымен күнелтеді екен. Бұл да ғажап!

Мұны бізге оның өзі айтқан жоқ. Әзиз айтты. Әйтпесе ақша алмағанға қайғырып тұрған Сагини көрінбейді.

— Достар, менің Сіздерді шақыру себебім — жақынырақ танысу, білісу еді. Мен совет өнерінің табыстарына қуанамын. Өнер адамдарына жасалған жақсы жағдайдан хабарым бар. Сәті түссе, барып та көргім келеді,— деді. Біз өз тарапымыздан ол кісінің творчествосы жайлы бірер сұрақтар қойдық та, өзін Қазақстанға келіп, мейман болуға

шақырдык. Бұған ол қуанып, ризалық білдірді. Жарты сағаттай шүйіркелесіп, шай ішкеннен кейін, Сагини Бибігүлдің қазір бір сағат, кейін бір сағат уақытын сұрады. Позировка жасатып, бюстін салмақ ниетін айтты. Көнуге тура келді. Бір сағатта Бибігүлдің басын, шашын, бет әлпетін жобаға келтірді де, қалғанын Асуаннан қайтқан соң бітіремін дел қоштасып қала берді. Сагиниден шыққан соң Бибігүлді мәдени орталыққа апарып салып, Бахар екеуміз бөлініп Ислам музейіне кеттік. Екі сағат ішінде Бибігүл пианино ойнайтын араб қызымен кешкі концертке әзірлік репетиция жасау керек. Бұл екі арада мен музейді, Каир кітапханасын көріп үлгіруім керек. Екі сағаттан кейін бәріміз қосылып, халық музыкасы училищесіне барып достық кездесу өткізуіміз керек. Бахар — жас құрылыс инженері. Ол Советтік мәдени орталықтың жаңа үйін салып жатқан екен. Советтер Одағының досы. Өзі Ленинградта оқып диплом алыпты. Орыс тілін, совет адамдарының өмірін жап-жақсы біледі.

— Анау үйдің алдында үймелеп отырған адамдарды көрдіңіз бе?— деді Бахар,— солар тектен-текке отырғандар. Мұндайлар бізде көп. Біздің халық еңбекке әлі түгел жұмылған жоқ. Біразына қолайлы жұмыс та бола бермейді. Ал біразы салғырттыққа ден қойып, қалай да еңбекке салынбайды.

Мен оған аса елең қылмай келе жатыр едім, машинаның құлағында отырған Бахар тағы:

— Ал мынаған не айтасыз?— деді орталық көшеде жайнамаздарын жайып қойып имам жетекшілігін радио арқылы тыңдап, бесін намазын оқып жатқан елу қаралы адамды нұсқап — осылардың көбі жұмыс істемейді.

Ислам музейін тез қарап шығып, енді Каирдың үлкен кітапханасына келе жатырмыз.

— Жолда мен тағы бір сұмдық көрсетейін сізге,— деді Бахар,— көп уақыт алмайды. Машинаны тоқтатып екеуміз адамның бықыған көп жеріне келдік. Туфлиімізді қолға алып жөңкілген адам селімен бірге біз де дағарадай кең есікке кіре бердік. Ішіне көз жіберсек — мың-мыңдаған адам еденде жүгініп қол қусырып теңселіп отыр. Зәулім залдың оң жағында бірдеңені шыр көбелек айналған қалын топ сендей соғысады, жақындап барып қарадық. Ортада, күміс жалатқан қола қоршаудың ішінде үлкен саркофак жатыр. Бахар оны маған Әзірет әлінің баласы Хусаинның саркофағы деп түсіндірді. Соның төңірегінде қақтығысқан, соқтығысқан жұрт — дені дұрыс адамдар сияқты емес:

көздері алақтап, ауыздары көпіріп, күмпілдеп, күркілдеп, әлденендей көмәскі сөздерді айтып құлшынып жүр.

— Бұл немене? Не қылған адамдар?— дедім Бахарға ішімнен бұл мені жындыханаға әкелген жоқ па екен деп ойлап.

— Мұның аты «Зікір»— деді Бахар,— мынау сенделгендер — фанатиктер. Бұлар күнде келіп Хусаинның саркофағын үш айналады да содан кейін ес-тұстарынан айрылып осындай күйге түседі. Мұндайлардан не үміт, не қайыр! Мен сізге осы сорақыларды көрсеткім келді. Діннің, әсіресе, фанатиктердің қоғамдық дамуға қаншалықты зиян келтіретінін осыдан байқарсыз.

Мен Бахардың түсінігіне іштей риза болдым да, коштап бас шұлғыдым.

Қаир кітапханасында бір сағаттай болдық. Алматыдан аттанарда академик Әлікей Марғұлан қазақ тарихына байланысты және Фарабиден нендей кітаптар, қолжазбалар бар екен, мүмкін болса, біле қайт деген еді. Картотекада соларын қарастырдық. Көп қолжазбалар әлі ажыратылмаған, архивте екен. Бұл архив арабтардың отаршылдардан көздің қарашығындай сақтап қалған асыл қазынасы. Оны енді ғана тәртіпке салуға кірісіп, Ленинградқа архив ісін үйреніп қайтуға кісі жіберіпті. Ал Әбунасыр Мұхамед Әл-Фарабиден жеті кітаптың карточкасын таптым. Бірақ кітаптардың өзін таптырып қарауға уақыт болмай жүріп кеттік. Мәдени орталыққа келсек, екі сағаттық репетицияда Бибігүл үш ән әзірлеп үлгіріпті. Сол әзірлікпен халық музыкасының училищесіне бардық. Онда екі-ақ сағат болып, кешкі алтыда Мәдени орталықтағы үлкен концертке жетуіміз керек. Училищеде кездесу әдеттегідей екі жақты таныстырудан басталды. Бізбен бірге бұл жолы Азиз барған. Азиз өзі композитор болған соң музыка қайраткерлерін жақсы біледі екен — келіп отырған ығаймен-сығай профессор, доцент, композитор, музыканттарды толық таныстырып шықты. Екі жақтың халық музыкасы туралы кеңескеннен кейін арабтың халық аспаптары оркестріне кезек келді.

Оркестрде әр түрлі скрипка, ұзын сыбызғы, қобыз, мандола сықылды аспаптар бар, бас барабан бар. Осылардың ішінде айрықша көзге түсетіні канон деген аспап. Мұнды тартатын күй сандығы. Оркестрдің жетекшісі Мұхаммед Таха бізді терме өлеңмен құттықтап, әзілі аралас жылы, жақсы сөздер айтқаннан кейін оркестрдың өзіне сөз берді. Ол он шақты араб әуенін орындады. Біраз тәжік әуендеріне ұқсастығы бар. Мұнды сарындарында қазаққа да аз-көп

ұқсастығы жоқ емес. Әсіресе жетекшінің терме өлеңі және оның мазмұны біздің ақындардың импровизациялық өнерін еске салады.

Тамашалап отырғанда, екі сағаттың қалай өткенін білмей қалыппыз. «Концертке жұрт жиылып күтіп отыр, неге кешіктіңіздер, тез жеткізіңіздер!» деген Валиттың телефоны үсті-үстіне шырылдап жатты...

Концертке 40 минут кешігіп жеттік. Зал аузы-мұрнынан шыға толы. Тырп етпей күтіп отырыпты. Бибігүл ұлт костюмын киіп үлгімеді. Машинадан түскен күйі сахнаға шықты.

Валиттің қуанышында шек жоқ. Мұншама халық жиылып көрмеген ғой. Және кімдер келген дейсіз. Өмірі бұл жерді көрмеген араб әйелдері келіпті. Ішінде кеше Араб Социалистік Одағында танысқан Навель Әмер де бар.

— Мына жұртты жиған Бибігүлдің алдыңғы күнгі әні ғой. Бұдан артық реклама жоқ шығар,— деп қояды Валит. Бибігүл әуелі репетицияда әзірлеген үш әнін айтып шықты. Қазақша, итальянша, вьетнамша. Әрқайсысының жасаған әсерін суреттеу үшін бас-басына новелла жазуға болар еді. Әсіресе Вьетнам әнінің әсері «қырғын» болды. Бұл әнді үш рет салғаннан кейін де төртінші рет шақырудан тыңдаушылар жалыққан жоқ. Үш әннің сегіз рет шақырып салынуынан кейін концерт аяқталар деп ойлап едік. Бірақ олай болмады. Жұрттың ықыласы көбіректі тіледі. Сондықтан әншіге тыныс беру үшін маған жиырма минуттай қазақ музыкасы туралы қысқаша әңгіме айтуға тура келді. Бұл жолғы сұрақ тек Бибігүл жөнінде болды. Вердиді қайдан біледі, Италияда оқып па еді, Вьетнам әнін қайдан біледі, барып па еді, әншінің әке, шешесі кім болған, семья жағдайы қандай, мұндай әнші тағы бар ма сіздерде — міне, сұрақтардың сиқы осындай. Қысқа жауап бергеннің өзінде уақытты біраз созып алдық.

Осыдан кейін Бибігүл қазақша тағы үш ән салып берді. Әрқайсысын екі-екіден қайталады. Қазақ әуенінің бейтаныстығы, аккомпонементтің жоқтығы кемдік болып табылмады. Енді алғашқыдағыдай емес, менің де көңілім жай. Қазақ қызының әні қызу қабылданатынына сенімдімін. Мақтана, масаттана отырып, іштей тілейтінім — бір әнінен бір әні асып түсе берсе екен деу. Әйтеуір, абыройға қарай, Бибігүл тілегім мен үмітімді ақтап, Сарыарқаның, Алатаудың, Ертіс, Сырдың майда қоңыр саздарын, көкей кесті махаббат жырларын төгілтіп, Мысыр сахарасына құйып жатыр: қазақ әндері қазақ бұлбұлының күміс көмей жез таңдайынан бірде қнылып, бірде құлпырып, бірде тамыл-

жып, бірде құйқылжып сорғалаған күйде достар жүрегіне сіңіп жатыр, ұйып жатыр. Мен соған мәзбін. Бір кезде Кавказға ертіп барған Жамбыл мен Кенен қазақ поэзиясының, қазақ музыкасының мерейін үстем етіп осындай сезімге бөлеп еді, енді міне: «ахау, Семей, тіл мен көмей, басылмас жанған жүрек сәулем келмей» дейтін өңірдің кешегі жұмысшы қызы бүгін жер арқасы қиянда бүкіл тұған халқының атағы мен абыройын аспанға көтеріп тұр. Бұған қандай қазақтың жүрегі тебіренбес? Концерттің соңынан тағы да журналистер толып кетті. Тағы да интервьюлар беріліп, тағы да қонақ үйге кеш қайттық.

Сахара Асуан. Луксор

4 март. Валит Бибігүл екеуімізді аэродромға шығарып салды. Асуанға барамыз. Самолет Ніл бойымен жоғары өрлеп келеді. Ніл ирелеңдеп бірде көрінеді, бірде көрінбейді. Тағы да шетсіз, шексіз сары құм сахара. Бір жарым сағаттан кейін Луксорға қондық, оның аржағында бір сағатқа жетпей Асуанға жеттік. Аэродромда бізді ОАР-дағы орыс тілінің мұғалімі Алексеева Татьяна Владимировна (бізден бір күн бұрын жіберілген Каирдан), араб инженері Талғат, Советтік вицеконсул Меникенян қарсы алды. Машина бізді аэродромнан үш минут жүретін жердегі жаңа особняк үйлерге алып келді. Ол арабтардың Асуан құрылысында істейтін инженер, техниктерінің поселкесі екен. Бізді түсірген Вилли қонақ үйі болса керек. Бұл поселок Совет қызметкерлері тұратын поселокпен қатар. Екеуі де құмның ортасынан ойып салынған. Сондықтан поселоктың аты да Сахара. Үйлері ылғи біркелкі коттеджылар. Айналасына ағаш тігіп көгертіп қойған. Бұл қып-қызыл құмға салынған не қылған сұлу үйлер, жайқалған ағаш десек, оның сыры мынада екен: Ніл дариясының табанынан машинамен шым тасып әкеліп орнатқан поселоктар болып шықты. Қаншама шым тасу керек болды десеңізші!

Бір сағаттан кейін Асуанның қаласына кеттік. Сол жердегі құрылысшылар сарайында жиын болмақ. Жиынның алдында Совет Одағының көрмесі ашылмақ. Оның бір бөлімін біздің Қазақстаннан апарған экспонаттар алмақ. Онда ұлт костюмы, қазақ кілемі, қол өнерінің кішігірім бұйымдары, қазақтың күміс сақина, жүзік, білезіктері. Көрменің жібін қиып ашқан Фурцева болды. Біздің бөлім арабтарға ұнағанын көріп, оған да екі қазақ бір мәз болып

қалдық. Араб-Совет достығының басшылары алғыс-рахметін айтып жатты.

Арабтардың жиыны көпке созылмайды екен. Ұзақ сөйлеуді жақтырмаса керек. Тез біткен соң өзіміз жатқан поселокке қайттық. Онда, біздің қасымыздағы совет құрылысшылары жататын Сахара атты поселоктің үлкен клубында өтетін өзіміздің совет адамдарының жиылысында болуымыз керек. Фурцева ұзақ баяндама жасады. Мақсат — Асуан құрылысында бірнеше жылдан бері жұмыс істеп жатқан Совет адамдарына Отанымыздағы мәдени жаңалықтарды жеткізу. Бұл мақсатты қағазсыз сөйлеген Мәдениет министрі өте қызық, ажарлы да әсерлі сөйлеп, тамаша орындады. Елді сағынған жерлестеріміз қуанысып, күлісіп, бір серпіліп қалды. Қазақстанның халық артисткасы келгенін біліп олар Бибігүлдің ән салып беруін тілек етті. Белгілі себептерді айтып көріп едік, дуылдаған жұрт оны мәнзүр ететін емес. Өтінген, жалынған репликалар мен қол шапалағы үдеп кетті. Оның үстіне Екатерина Алексеевна өзі келіп, Бибігүлдің арқасына қолын салып: «Милая Бибигуль, спойте им что-нибудь. Как получится, так и будет хорошо!» деді. Бұл жолы да Бибігүл ешқандай дайындықсыз, аккомпонементсіз үш қазақ әнін айтты. Олар «Ал қоңыр», «Гауһар тас», «Бұлбұл». Бұл әндердің арабтарға қалай ұнағанын айтқаннан кейін, өзіміздің Совет адамдарына қалай ұнағанын айту мүлде артық қой деймін.

Таңертең атақты Асуан плотинасының құрылысын көруге бардық. Құрылыс емес-ау, майдан. Ұлы еңбек майданы. Мың-мың адам, машина, бульдозер, трактор, бәр-бәрі өзді-өзінің «әуре»-әрекетімен айналысуда. Бір-бірімен қатысы, жұмысы жоқ сияқты. Ал, бірақ, байқап қараған кісіге мұншама тым-тырағай әрекетте, сапалық қимыл, қозғалыста, ерсілі-қарсылы жөңкуде белгілі бір мақсат, тәртіп, келісім бар екені байқалады. Нілді бөгеп, өмірбойы сусыздықтан тандыры кепкен шөл даланы суландыру — мұнда істеп жатқан араб, совет инженерлері мен жұмысшыларының көкейіндегі арман осы. Құрылыстың бас инженері Сергей Смирнов мына майданның мән-мағынасын түсінуге көмектесіп:

— Ескі Мысырдан 17 пирамида қалған ғой,— деді.— Ол 23 династияның үш-төрт мың жылға созылған көне тарихының ескерткіші. Біз Асуанда үш-төрт жыл ішінде 14 пирамида саларлық жұмыс тындырдық. Енді үш пирамидалық жұмыс істелсе, 17 пирамида салған ескі Мысырдың талай ғасыр бойы талай қырғынмен бітірген ісін бітіреміз.

17 пирамидалық істің нәтижесін өз көзімізбен көрдік. Алып гидроэлектростанция салынған, Ніл дариясын бөгейтін керемет биік тоған орнатылған, дария суының беті болашақ егіс даласына аударатын кең арна қазылған, көпірлер, дамбалар, туннелдер жасалған.

Совет проектісімен, совет техникасы, совет адамы көмегімен салынып жатқан Асуан плотинасы біткен соң араб елі өзінің егістік даласын үштен бір мөлшерде өсіретін болады. Бұл Біріккен Араб республикасының экономикасына көп қуат беріп, шөл даланы көгертетін болады. Ал қазір мұнда адам санының өсуі егістіктің өсуінен көп озық көрінеді. Айтайын дегенім — егін алатын өнімі өскелең жұртшылықтың қажетіне ілесе алмай отыр, неге десеңіз араб республикасы бала туу жөнінде қазір дүние жүзінің алдыңғы қатарында. Асуан плотинасының экономикалық мәнімен қатар әлеуметтік, тәрбиелік мәні де өте-мөте үлкен! Мұны ең алдымен араб халқы мен совет халқының ұлы достығының лабораториясы десе болғандай, мұнда екі халықтың адамдары бір кемеге мінгендей мақсат-тілектері ұштасып, адал, ерлік еңбекте тіл табысып, мінез-құлықтары жарасып, достық сезім мен сенімді іс жүзінде шыңдайды. Біздің Қазақстаннан барған Ермеков деген жігіт Асуанда жан сала істеп, игі еңбек сіңіргені үшін Араб республикасының жоғары наградасына ие болыпты. Асуанның тағы бір зор әлеуметтік мәні — оның араб жұмысшы табының құралып, қуат алып өсуіне, бірлесіп тәрбиеленуіне таптырмайтын құрылыс екендігі.

Түс қайта Асуан қаласының Қатаран дейтін зәулім, сәулетті қонақ үйінің ресторанында губернатор Фурцеваларға қонақасы берді. Оған біз де шақырылдык. Кеше кешке көрген жас қаланы енді міне күндіз көрдік. Жас қала плотина құрылысынан он километрдей аулақта, дәл дария жағасын қуалай салған және архитекторлық сәнді ерекшеліктері мол әдемі, таза қала боп өсіп келеді екен. Мұнда ескінің, ескіліктің жұрнағы да, жұғыны да жоқ. Мектептері де, мешіттері де жаңадан салынған.

Қаланы аралап шығып, қонақасыға шақырылған жерге келдік. Мұнда да табақтар, жемістер, шырындар үсті-үстіне келіп жатыр. Мұнда да алдымен Нілдің суы қойылды алдымызға.

Қонақасыдан кейін Фурцевалар Порт-Саидке ұшып кетті. Біз Сахара поселогіндегі клубта болатын жиналысқа қатысып, араб-қазақ қоғамының кезекті міндетін атқардық: мен баяндама жасадым, арабтарға апарған сый-

лықтарымызды бердік. Олар алғыс сөздерін айтты. Жиылыстың жалғасында Қызыл теңізге барып, шатыр тігіп, дем алыс өткізіп келген совет жігіттері теңізде көрген тамашаларын айтып, әкелген ғажайып белгілерін көрсетіп, қызық әңгіме жүргізді. Олар да бізге алғысын айтып, Қызыл теңіздің түбінен сүңгіп алған ақ коралдан Бибігүл екеуімізге бір-бір гүл сыйлық етті.

Ертеңіне таңертең Луксорға жүргелі отырмыз. Самолет сағат 12-де ұшады. Бізді шығарып салуға вицеконсул Меникениян келді. Алексеева, Төлегенова үшеуіміз 40 минут ұшып Луксорға келіп түстік. Біреуіміз де жөнді тіл білмейміз. Қайда бару керек? Неден бастау керек? Не көру керек? Көретін нәрсе мұнда көп. Бұл мысыр заманындағы ескі астана болған фиви қаласы. Үш мың, төрт мың, бес мың жыл тұрған храмдар, ескерткіштер осында, көптеген ферғаундардың денелері, қазналары, қоймалары, осында табылған. Жоспарлы екі күннің ішінде соның қайсысын қалай көріп үлгіреміз? Міне, мәселе. Алдымен, әрине, жатар жерге орналасу керек. «Савой» деген қонақ үй барын еске тұтқанбыз. Ақыры сол «Савойды» тауып орналастық та, қайықпен Нілдің сол жағынан оң жағына шықтық. Өйткені ферғаундар жатқан тау дарияның оң жағында 5—6 шақырым жерде дегенді естігенбіз. Такси алып сонда тарттық. Қалада бесін намазының азанын аңыратып жатқан кез. Машинамыз тез-ақ бұрылып асфальт жолмен бүйрек-бүйрек таудың қойнауына кірді де кетті. Тау арасындағы кішкене алаңның төрт жағынан төніп келген тау етектерінде төрт есік көрінді. Олар Тутанхамонның, бірінші Рамзестің, екінші Рамзестің, бірінші Сетидің сүйегі қойылған жер астындағы қабірлеріне апаратын үңгірлердің есіктері екен. Соның бәрін біртіндеп көруге кірістік. Бәріне де баспалдақпен 20—30 метр төмен түсіп, сосын коридормен тағы ілгері жүру керек. Коридордың қабырғасы тола шимай жазу — иероглиф, сан алуан суреттер: құдай тұтқан қорқау қасқырдың, сиырдың, үкінің суреттері, әсем киінген, қас, кірпігін бояған сұлу әйелдердің, жауынгерлердің, жыланның, айдаһардың суреттері. Коридор түкпірдегі жартасқа тірелді. Тірелген жерде бетін жапқан ор бар. Оны ферғаун жатқан жерге барам деген ұры-қары болса түсіп өлсін деп әдейі қаздырған ор көрінеді. Кейінгі заманда ор түбінен адам сүйегі табылған. Бірақ күзетшіні аңдушы алады дегендей, орға қарамастан, ферғаунның қазынасы бәрі бір ұрланған. Ендігі екі үңгір де осы іспетті. Оның біреуінің қазнасын Абулхаир деген ұры тонапты.

Ең қызығы төртінші үңгір болып шықты. Бұл үңгірдің табылу тарихы да тамаша. 1922 жылы ағылшынның археологы Говард Картер бірнеше ай осы жерді айнала қазба-лап, құнарлы ештеңе таба алмай, енді басқа жаққа ауыс-қалы тұрыпты. Кетер алдында қазылмай қалған бір ғана участокты байқағысы келеді. Қаза бастаса, төменге түскен баспалдақ көрінеді. Ол бір сатыдан кейін екінші сатыға ауысады. Қабырғада Анубус атты қорқау қасқырдың су-реті тұрады. Қаза түссе, іштен жылы ауа тебеді. Одан әрі әр түрлі аңның, малдың суреттері, құдайлардың мүсіндері, жалтылдаған алтын көз шалады. Ақырында алдарынан бөлме шығады. Оның бірінде жазумен шимайланып бірі-нің ішіне бірін сыйғыза салған үш саркофаг табылады. Ең ішкі саркофаг салмағы 1110 килограмм шыққан алтын саркофаг болады. Мұның ішінде матамен мықтап орап, асыл тастармен әшекейлеп жатқызған Ферғаунның мумия-сы (бальзаммен қатырған денесі) шығады. Ферғаунның басына шебер істелген алтын маска кигізген. Бұл жатқан мумия 19 жасында өлген Тутанхамон Ферғаунның мумия-сы екен. Тутанхамон біздің эрадан бұрын 1580 жылдан 1320 жылға шейін патшалық еткен XVIII династияның соң-ғы ферғауының бірі болса керек. Археолог Катер қазған-да барлық қазнасымен орнынан табылған осы Тутанхамон Ферғаун өзінің сақталған алтынымен, тым жастығымен атышулы болған көрінеді. Біз сол Тутанхамон жатқан бөл-мені, онда жатқан саркофақты, алтын масканың копиясын (мумия мен алтын саркофаг Каир музейіне алынған) өз көзімізбен көргенде алған әсеріміз тіпті ерекше болды.

Ферғаундар қойнауынан қайтып келіп фаэтонмен ым-ырт үйірілгенше карнак храмын көріп үлгірдік. Ол бір өз алдына қала: биіктігі — 15—20 метр жартастан жұмырлап көтерген колонналар, қашап салған статуялар, бюстер, тө-бесі түсіп аңқиып қалған зәулім сарайлардың мосқал тас дуалдары, қатар-қатар қошқарлар, әлденендей алып адамдардың мүсіндері, үлкен бассейін, ызың шығаратын дәу, бітеу тас сандық, тағы сондай кереметтер...

Ертеңіне, 7 март күні, таңертең, Каирға самолет ұш-қанша «Савойдың» қасындағы Луксор храмына бардық. Онда Фурцевалар тағы алдымыздан шықты. Бірге арала-дық. Солардың тілмашын пайдаландық. Мұнда да Карнак храмындағыдай зәулім, заңғар жартастардан соққан алып тұлғалы сарайлар, алып адам бейнелі. Карнактан екі ай-ырмасы бар екен: бірі — бұл храмның ішіне енгізе арабтар бергі заманда мешіт салыпты. Сол мешітті қасиеттеп діни

адамдар храмның астын, төңірегін әлі күнге дейін қаздырмайтын көрінеді. Екіншісі — мұның солтүстік жақ кірер алдында қарама-қарсы екі қатар түп-түзу тізілген сексен шамалы сфинкс жүресінен түсіп жатыр. Оны сфинкстер аллеясы дейді. Бұлардың да бет алпеттері адам, денесі арыстан пішінін білдіреді.

Сөйтіп үш тәулікте Асуан мен Луксордан шарқ ұрып жүріп алған шым-шытырық әсерімізді «арқалап» қайтадан Қайрға келдік. Программа бойынша және арабтың қоғам ұйымдарының қосымша өтініш, тілектері бойынша біздің алдымызда әлі де көп-ақ міндеттер мен борыштар тұр.

Сахар Заки Шурнауи. Эфирдегі әңгіме

Бүгін Советтік мәдени орталықта әйелдер күніне арналған кеш. Мұнда да мақсат — араб әйелдерін неғұрлым көп келтіру. Бұрынғы жылдары 8 март күніне олар тым аз қатысып, сараң сөйлейді екен. Енді қайтер? Біздің Валиттың уайымы сол. Жиналысқа қырық шақты әйел келіпті. Ішінде өзімізге таныс Навель Амер де бар. Бұл бұрын болмаған оқиға. Валит мәз! Үш араб әйелі сөйледі. Бұл да тамаша! Бірақ не айтқандарын толық түсіне бермейміз. Азиз қысқаша ғана мазмұнын айтып қояды.

Совет әйелдерінің жетістіктері үлкен. Олар өмірдің барлық саласында белсенді қызмет істейді. Ешқандай еңбекте еркектен қалыспайды. Совет әйелдерінің қол жеткен табыстары мен праволары араб әйелдеріне үлгі болуға тиіс. Азиздің аудармасынан біздің ұққанымыз осы.

Түнгі Каир қиялдағыдай көрікті екен. Әсіресе электр жарығымен. Жарықтың теңіздей молдығымен де, оның қызыл, көк сары сан алуан бояуымен де... құбылған реклама, жарқыраған иллюминация, мың-мың көзі жалтылдап жөңкілген машиналар. Каирдың көшелері кең, түзу — қаланың бір басынан түссең, екінші басына тік жарып шығасың. Біз машинамен қаланың Мускат деген биігіне шығып тұрып төменге қарадық. Төбеден қарағанда етектегі қала бейнебір алтын зермен, маржан-меруерттермен, түрлі түсті асыл тастармен безендірген ертегідегі сиқырлы өңірдей құлпыра жайнайды.

— Мұнша жарық, мұнша әшекей әдемілік үшін бе?— деп сұрадым каирлықтардан.

— Каирдың мың-мың үйі, магазин, дүкен, рестораны бар. Соның көбі жеке меншікте әлі. Әр қайсысының иесі өз объектісіне көз тартам деп бәсекемен безендірген соң осы-

лай боп шығады ғой.— Қаирдың түнгі сұлулығына көз қандырып болған соң, енді ішкі қызығын да көрейік деп «қаирлықтардың» ұсынысымен ұлттық биді көруге ұйғардық. Театрларында ол күндер ұлттық опера болмады. Драмалық спектакльді түсінбейміз. Телестановкасын көргенбіз. Бүгін Мысырдың атышулы Сахар Заки деген биші әйелі ресторанда билейтінін біліп сонда бардық.

Ресторан лық толы. Орын жоқ. Әрең дегенде есік жағына жайғасып, қайткенде биді көруге тырыстық.

Қыр мұрынды, дөңгелек жүз, аққұба қыз үлкен мойыл қара көзін жан-жаққа төңкере қарап, қалың қара шашын жауырын тұсына қайта-қайта серпіп тастап ортадағы алаңға шыға келгенде, ресторан іші дуылдап кетті. Әсіресе алаңға жақын жерде отырғандар Сахар Закидың күнбе-күнгі жан күйерлері болса керек. Олар бишінің әрбір қимылына есі кете қол ұрып, еліріп отыр. Кәдімгі «Қарын биі» дейтін би осы екен. Олай дейтіні — қимылдың барлық құбылысы мықынға, қарынға түсетіндіктен. Сырнай, барабанның қостауымен мықынның соншалық бұралып, дірілдеп, құйқылжып, құбылуында, сөз жоқ, белгілі ырғақ, эстетикалық сезім шақыратын әсем өнер қимылдары бар. Сонымен бірге кей реттерде осы өнерге парнографиялық элементтер еніп, эстетикалық әсердің шырышын бұзатын тәрізді көрінді маған. Мүмкін, көз үйренбегендіктен де жат көрінетін шығар...

Биден шығып кино көрдік. Американың фильмі екен. Ағылшынша сөйлеп, араб жазуымен аудармасын көрсетіп тұрды. Түсінбедік те ұнамады. Соңына қарамай тастап кеттік. Бір күнге осы жүргеніміз, осы көргеніміз жетерлік болды.

Сонымен 8 март та басталып кетті. Таңертең Азизді ертіп арабтың консерваториясына бардық. Оның директоры Эззетдин Фарид егде тартқан, сабырлы, салмақты кісі, түсінігі мол — бізді өзінің кең кабинетінде қабылдап, араб музыкасы жайында түсінік берді. Бірнеше пластинка ойнатып, иллюстрация жасап отырды. Біз де өз тарапымыздан қазақ музыкасынан сөз қозғадық. Өзара сұрақтар қойыстық, сыйлықтар берістік. Іле киностудияға барып, көп күн жолдас болып жүрген әрі тілмаш, әрі шофер Азиз композитордың киноға жазған музыкасын тындап жақсы әсер алып, рахат таптық. Онда біздің орыстың классикалық музыкасына ұқсас сарындар бар сияқты көрінді. Мен өзімді сынайын деп, осы ойымды айтып көріп едім, Азиз оны қоштап:

— Рас. Мен орыс музыкасын өнеге тұтатыным бар. Әсіресе Рахманиновты ұнатам,— деді.

Бұдан кейін Бибігүл біздің советтік елшінің әйелімен 8 март мейрамына арналған кешке кетті де, мен Азизбен бірге араб жазушыларымен кездесуге кеттім.

Мысырға жүрер алдында бұрын Қайрада болған Ғабит Мүсіреповпен сөйлескенімде, ол кісі: «Мысыр жазушыларының жиылыс, кездесу дегендерге онша құлықты емес екенін ескерткен. Себебі — оларда ұымдасқан белгілі одақ жоқ. Орталарында ара-кідік әркім өз қалауынша келіп тұратын клуб бар. Ешкімді ешкім міндеттемейді, шақырмайды. Тек хабарландыру ғана ілінеді»,— деген. Сондықтан әдейілеп келіп жазушыларын көре алмай кетем бе деген күдігім де жоқ емес.

Клуб дегенмен клубқа кіргізген жоқ. Клубтың қасында үлкен 30—40 адам сиярлықтай әдемі бөлме бар екен. Соған кірдік. Әуелі бес-алты адам қарсы алды. Бар болғаны осы шығар. Ішімнен бұған да шүкір деп отырмын. Жоқ, әні-міне дегенше отызға тарта адам жиылып, бөлмеге иін тіресіп қалды. Ішінде екі-үш шалы бар, үш-төрт жасы бар, екі-үш әйелі бар, қалғандары орта жастағы кісілер. Таныстыруында, бірен-сараны болмаса, бәрі әдебиетшілер боп шықты. Кезек орта жастағы сымбатты қараторы кісіге келгенде, ол менен:

— Сіз Ташкент конференциясында болдыңыз ба?— деп сұрады. Мен 1958 жылы Ташкентте өткен Азия, Африка жазушыларының бірінші конференциясында болғанымды айттым. Ол да болған екен. Аты Абдрахман эль Шуркауи. Екеуміз де қуанысып қалдық. Содан кейін маған ол айрықша ыстық көрініп сөзімді көбіне соған қарап айтып отырдым. Алып барған «Абай» романының ағылшыншасын да Абдрахманға ұсындым. Ол араб тіліне аударуға уәде етті. Шуркаудан басқа Мысырдың белгілі жазушыларынан кездесуге қатысқандар: Иехна Хакки, Сабри Мұса, Амин эль Саид, Азиз Сидорос, Сами, Дауд, Азиз эль Шауан т. б. Мен келген мақсатымызды айттым. Араб мәдениеті мен әдебиетін ертеден білетінімізді, тарихи байланысымызды, осы күні де Мысырдың жаңа әдебиетіне назар тігіп, өз тілімізге аударып та жатқанымызды айтып, ала барған екі кітапты көрсеттім. Оның бірі — «Мысыр әңгімелері», екіншісі — «Азия, Африка ақындары». Отырғандар жапырлап екі кітаптың мазмұнынан араб ақын, жазушыларының аттарын оқып, кейбіреулері өздерін тауып, маз-мәйрам болып қалды. Екі кітапты да клубтың кітапханасына тарту еттім.

Оның үстіне қатысқандардың бәрінде Шоканның, Абайдың, Сәкеннің, Мұхтардың, Құләштің бейнесін салған значоктар тараттым. Өсіріп айтпайын, осының бәрі отырған қауымға думан орнатты. Мұны тәптіштеп жазып отыруымда мән бар: шетел жұртшылығымен мәдени, достық қатнасты нығайту үшін қандай тәсілдер қажет дегенде, аударма жұмысының айрықша жемісті нәтиже беретінін айрықша атап көрсеткім келеді.

Жақсы көзқарас жақсы, қызық сұрақтар туғызды. Олар: значоктағы бейнелер кімдердікі, ертедегі араб ақын, жазушыларынан қазақ арасында кімді, нені біледі, қазақтан Мысырда оқығандар бар ма, арабтар қазақ жерінде болған ба, араб-қазақ поэзиясында, тілінде ұқсастық бар ма, болса қандай, қазақ әйелдерінен ақын, жазушылар болған ба, қазір бар ма, менің өзімнің нендей еңбегім бар, Қазақстанда жазушылардың шығармалары қалай басылады, қаламақы төлей ме, жазушылар творчестводан басқа жұмыс істей ме? деген сияқты сұрақтар. Осының бәріне білгенімше жауап беріп көрдім. Байқауымша, жауабымның ішінде оларға әсіресе қатты ұнағаны «Мың бір түн» әңгімелерінің әлдеқашан қазақ арасына кең тарап, төл құбылыс болып кеткендігі, араб тілінен қазақтың әдеби және сөйлеу тіліне енген сөздік (оған бірсыпыра мысал келтіргем), араб поэзиясы мен қазақ поэзиясының әуендік ұқсастығына келтірілген мысалдар (осы тұста олар қол шапалақтап отырды), әдебиет шығармаларын тоқтаусыз басытын газет, журнал және арнаулы баспаның барлығы т. б.

Әңгіменің соңында Абдрахман ағылшын тілінен «Абайды» аударам деп уәде еткенде, басқалары да қазақ әдебиетінен аударуға дайын екенін, бірақ не қазақша, не орысша білмейтінін өкінішпен айтып жатты. Ағылшынша, французша болса аударар едік десті. Мен «подстрочник» дегеннің не екенін түсіндіріп, арабша немесе ағылшынша подстрочник жасап жіберу мүмкіншілігін ескертіп едім, оны жабыла мақұлдасты.

Кездесу көпке созылса да, араб әріптестеріміз шұркырасып қоштасып, көңілді шықтым. Сағат кешкі тоғыз. Жоспар бойынша сағат 9. 40-та телевидениеде сөйлеуге тиіспіз: әйелдер кешінен жаңа ғана қайтқан Бибігүлді жолдан қосып ап (елшінің әйелі шақырған кеште ол тағы екі ән салып келіпті) телевидениеге жеттік.

Ең жауапты жер осы. Бірінші программа бойынша жиырма миллион адамның алдына шығамыз. Не дейтінімізді әлі білмейміз. Басталуына он-ақ минут қалды. Дик-

тор — әдемі араб жігіті. Бастау алдында ол Бибігүл екеуімізге алты сұрақ қоятынын ескертті. Маған: 1) Келу мақсаттарыңыз не? 2) Халықтар достығын нығайтуда әдебиет пен өнер қандай роль атқарады?

Бибігүлге: 1) Сіз депутаттық міндетіңізді қалай ұғасыз? 2) Мұнда қызық не көрдіңіз, нендей әсерлер алдыңыз?

3) Умма Күлсімді тыңдадыңыз ба? Пікіріңіз қандай?

4) Араб музыкасы Сізге ұнады ма? Өз еліңіздің музыкасымен ұқсастығы бар ма екен?

Мен экранда өз сұрақтарыма жауап беріп (бұл жолы менің жүгім жеңілдеу соқты), келу мақсатымыз достық пен мәдени байланысты нақты, жанды түрге айналдыру екенін және бұл мақсатта әдебиет пен өнер өзгеше жемісті роль атқаратынын айтумен шектелдім. Бибігүл болса, ол да өзіне арналған сұрақтарға мүдірмей әдемі жауап беріп шықты. «Депутаттық міндетім — халыққа қызмет етумен қабат халық ортасындағы өзім сықылды таланттарды тауып тәрбиелеу», «Мысыр жерінде көрген қызығымыз бен алған әсерімізді ауызбен жеткізу қиын. Атамзаманғы ұлы мәдениеті болған, қазір отарлықтан құтылып, жаңа өмір орнатып жатқан азат елді көруім орындалған арманым іспетті болды», «Араб елінің атақты әншісі Умма Күлсімді тыңдау, көру — ол да көптен бергі арманым болатын, келгелі радиомен ұлы әншіні үнемі тыңдаудамын, ұмытылмас әсер алудамын. Ендігі мақсатым — Умма апаймен жүздесу», «Қандай халықтың болса да жаны мен жүрегін жарып шыққан әуен кімге де ұнайды ғой. Араб музыкасы да солай. Ал, ұқсастықты сөз етсек, араб музыкасының әсіресе мұнды сарындары біздің халық музыкасына ұқсаңқырайды». Енді осымен біткен шығармыз деп ойлаған кезде диктор күтпеген жерде маған бұрылып: «Сіз мұсылмансыз ба?» деп сұрады. Қиын сұрақ осы болды. «Иә» дедуді де, «жоқ» дедуді де ыңғайсыз көріп: «Әке, шешем мұсылман болған» деп қайырдым. «Қазақстанда мұсылман қанша?» деді келесі сұрақ. «Діни сенім деген әркімнің ішкі жұмысы ғой. Бұған статистика жүргізілу мүмкін емес. Бұрынғы қазақтар мұсылман дінінде болған. Қазіргі қазақтың ден көпшілігі коммунистік сенімде екенін анық айта аламын» дедім. Шүйілген диктор мұнымен де тоқтамады. «Мектепте мұсылман діні оқытыла ма?» деп қалды. «Білім мектебінде дін сабағы жоқ. Біздің Орта Азияда арнаулы дін мектебі бар. Баласын дінге оқытамын деген ата-аналар сонда береді. Конституция бойынша әрбір совет азаматы

дінге сенім жөнінде толық ерікті»,— деуге тура келді. Әңгіменің соңында диктор араб телевизор көрушілеріне бір ән салып беру жөнінде ықлас білдірді. Қазақтың кең далада туған «Гауһар тасы» қайтадан қалықтап, қайтадан тамылжып эфир арқылы енді араб сахарасын шарлап кетті.

Джосере, Шампольон, Эхиатон, Нефертити.

Біздің алдымен көрген пирамидамыз Каирдың шетіндегі ең үлкен Хеопс пирамидасы еді ғой. Енді көрейін деп бара жатқанымыз — қаладан жырағырақ жердегі баспалдақты пирамида (ступенчатая пирамида). Бұл III династияның ферғауны Джосеренің пирамидасы. Ең ерте, ең бұрын салынған пирамида болғандықтан, оны «Пирамидалардың анасы» деп те атайды. Ал баспалдақты дейтіні — түбінен төбесіне дейін кішірейе беретін алты дөңгелек «баспалдақпен» көтеріледі. Баспалдақ дегені — мастаба (арабша скамейка деген сөз), оның әрқайсысының астында ферғаунның табытымен бірге тығылған қазына болған. Баспалдақты пирамиданы салған талантты зодчий Джосеренің бас уәзірі Имхотеп екен. Айрықша зерек, талантты болғандықтан Имхотепті мысырлықтар көп заман даналықтың құдайы Птаның ұлы дейтін болған.

Баспалдақты пирамидаға оңтүстік жағынан келдік. Бұзылған қабырға, сынған дуал, сақталған тас бағаналар, тастан салған рельефтер, бейнелер, оңтүстік, солтүстік жағында биік қоршалған қора болғанын айтады, қораның ішінде көптеген сұлу сарайлар, коридорлар, мавзолейлер болғанын көрсетеді. Кезінде бұл өзі кемелді архитектурасы бар ақ сүйектердің оңды патшалық сарайы болғанын бүгін тағы бізбен бірге келген Бахар досымыз әдемі әңгімелеп жүр. Оның айтуынша, баспалдақты пирамидалар IV династия кезінде қала бастап, оның орнына типыл пирамидалар пайда болған көрінеді. Кейбір ферғаундарда пирамида, табыт, статуя біреу емес, бірнешеу болған. Мысалы, IV династияда Снофру ферғаунның үш пирамидасы болыпты. Оның біреуі баспалдақты пирамида, екеуі — типыл. Неге бірнешеу болған? Оның себебі — ферғаунның шын денесі (мумиясы мен қазналары) қайда жатқанын жасыру үшін деседі. Бірақ қанша жасырғанмен, ерте заманның ұрылары көбін тапқан, тонаған. Джосеренің қазналары да солай ұрланған.

Баспалдақты пирамида мен оның айналасын қоршаған сарайлардың ансамблін көріп шыққан соң, мен әңгіменің бетін Мысырдың тарихына, мәдениетіне, тұрмыс-күйіне байланысты жайларға аударып, бірқатар сұрақтар қойдым. Бұл жайларды жақсы білетін Бахар маған көп мәселенің тетігін тауып, сырын ашқан тарихи уақиғаны баяндады. Ол былай: Мысырда қаншама пирамидалар бар, патша сарайлары бар, қаншама храм, мавзолей, қабір, статуя табылған, қабырғаларда, фрескилерде қаншама жазу, рельеф, бейнелер ашылған. Бірақ соның бәрінің сыры өткен ғасырға дейін жұмбақ болып келген. Сол жұмбақты шешкен кім десеңіз, ол франсуз Шампольон деген кісі. Шампольон Мысыр туралы бала кезінен көп оқып, көп естіген, көп зерттеген білікті жас ғалым болады. Ол Франциядан Мысырға экспедиция басқарып келуден алты жыл бұрын жаңа египетология ғылымының (Мысырды зерттейтін ғылымның) негізін салған, ұлы жаңалық ашқан. Мысырдың иероглифын (жазуын), оқудың жолын тапқан. Сол ғалым кедей жігіт болғандықтан, өз қаражатымен келуге күші жетпей, экспедиция шығарту жөнінде көп әрекет жасайды. Ақыры арманы орындалып, Шампольон Мысырдың ескерткіштерін зерттеуге құлшына кіріседі. Бір күні экспедиция Қайрдың оңтүстік, Нилдің батыс жағында, қазіргі Бени Гасан дейтін селениеде тұрған ерекше молаларға назар аударады. Ерекшелігі сол: моланың ішкі камерасына кірер есікте жартаска ойып салған қос колонналы босағасы көз тартады. Шампольон өзі кіруге ауру болған соң, кісілерін жіберсе, олар іші қараңғы, айтарлық ештеңе жоқ деп қайтады. Бұған сенбей, үңгірге ауру күйінде франсуаның өзі түседі. Серіктеріне саты, су сүрткіш ала жүргізеді. Ішке кіріп, қабырғадағы шаң-тозаң, ыластың бәрін сүрткізіп қараса, үлкен ғажап картина галереясы ашылады. Бұл біздің эрадан екі мың жылдай бұрын дәурен сүрген Орталық Мысыр тұсындағы XII династия ферғұндарының өмірін, тұрмысын, әдет-ғұрпын, өнерін, мәдениетін танытатын галерея боп табылады. Сөйтіп, Шампольонның Мысыр жазуын оқуы, Мысыр өмірінің энциклопедиясы іспетті картиналар галереясын табуы Мысыр тарихының жұмбағын шешкен тамаша ғылыми жеңіс болған.

Адамзаттың басынан кешкен шытырман тарих туралы, адам даналығы, ғылым жолы туралы бір мезет еріксіз ойға шомып кетіп, қайта сергу ниетімен Бахардан Эхнатон мен Нефертити жайын толығырақ ұғындыруды өтіндім. Бұл екеуі туралы арнайы сұрау себебім: алғаш Мысырдың

тарихи музейін аралаған күні басқа ферғаундардың ішінде айрықша назар аударған Эхнатон болған-ды, ал ескі Мысыр өнерінің сәулетті де сұлу туындыларының ішінде керемет қызықтырып, сүйсіндірген Нефертитидің кескін-келбеті еді.

Бахар бөгелген жоқ. Біздің эрадан он бір ғасыр бұрын Мысырдың кемеліне келіп, дәулеті шалқып тұрған кезі болса керек. Табыстың көбі Амон құдайдың храмына түседі екен. Мысалы, ферғаун Тутмос III бір жолда Амон храмына он төрт тонна алтын, тоғыз тонна күміс, хисапсыз көп асыл тастар тартқан. Әбден бөсіп, көзінің еті өскен жрецылар тіпті ферғаунның өзіне бой бермей, бақталасатын болған. Оның үстіне олар Мысырдың қуатын, байлығын өсірген ферғаун емес, Амон құдай деп бөсетінді шығарған. Именхотеп IV таққа отырған тұста жрецылар енді күреске көшеді. Мұны көрген ферғаун жрецылардың сиынған Амон құдайын да, өздерін де жалған деп шығарып, олардың храмдарын бұзып, қазналарын үкіметке салып жібереді. Фивы қаласын тастап, астананы солтүстіктегі басқа бір тың жерге көшіреді. Именхотеп Амонның орнына басқа құдайға бас игізеді жұртты. Онысы — Атон, яғни күннің көзі. Осыған орай Именхотеп өз есімін де өзгертіп Эхнатон атайды. Эхнатон ескі Мысырдың дініне, қоғам өміріне шұғыл өзгеріс енгізген ең прогресшіл ферғаун болғандықтан да бүгінгі мысырлықтар оны үздік бағалайды екен. Эхнатонның әйелі Нефертитиді мысырлықтар асқан сұлулығы үшін, күйеуіне лайық, әрі көмекші, әрі жан серігі болғандығы үшін қастерлейді. Оның әдемі, нәзік, нұрлы бейнесі қазірде тамаша сұлулықтың, тазалықтың, сәулеттіліктің символы ретінде мысырлықтардың мақтан ететін жарқын бейнесіне айналыпты.

Ішінен кіжініп, қайткенде кек алуды ойлаған жрецылар Эхнатонның көзінің тірісінде оған ештеңе істей алмайды. Эхнатон өлгеннен кейін орнына аз уақыт Сменкхара деген күйеу баласы отырады. Ол өлгеннен кейін таққа Тутанхамон дейтін он екі жасар екінші күйеу баласы отырады. Оның жастығын пайдаланып, жрецылар қайтадан Амон құдайға табынып, қайтадан астананы бұрынғы Фивыға көшіртеді. Эхнатон салдырған қала қаңырап, Эхнатон салдырған сарайлар, храмдар бұзылып қала береді. Сол қаланың қалдығы өткен ғасырда табылыпты.

— Нефертитидің қашан өлгені белгілі ме?— деп сұрадым.

— Эхнатоннан соң өлгені белгілі. Күйеуінен алты қыз туған. Семьясымен бірге түскен және өзі жеке түскен суреттері табылды. Бірақ қашан, қалай өлгені мәлім емес.

Бұл әңгімеден біз Эхнатон мен Нефертитидің тарихына қанумен бірге Луксорға барған жолы «патшалар долинасында» өз көзімізбен көрген он тоғыз жастағы Тутанхамонның да Эхнатон мен Нефертитидің күйеу баласы болғанын біліп алдық. Бұл, әрине, қызық!

Жол үстінде Бахардан Мысырдың ескі ескеркіштерімен қатар бүгінгі экономикасы жайлы сұрап отырдым. Мысырдың отар болған дәуірінде әбден тұралап қалғанын, ал революциядан кейін республиканың жүргізіп жатқан шараларын баяндады.

— Бұл шаралар қандай нәтиже беріп отыр?— дедім мен.

— Шаруашылықты серпілдіру үшін зор жеңілдік жасалды. Бірақ мәселенің екінші жағы бар. Үкіметтің жаңа шараларын көріп, бас көтерген дұшпандар саяси экономикалық қысымды үдете түссек, Мысыр баяғы революцияға дейінгі қалпына қайта түседі деген үмітпен әр қилы жаман әрекеттер жасап қояды.

— Ол қандай әрекеттер?

— Біздің республика жөнінде Вашингтонда, Батыста Біріккен Араб республикасының экономикасы құлдырап кері кетіп барады, енді көп төтеп бермейді деген сияқты әр түрлі өсек, жалған сөздер тарады. Америка келісім бойынша беруге міндетті астықты бермейтін болыпты деген де хабарлар күмпілдеп келіп жатады. Қолдарынан келсе түтіп жеуге бар ғой.

Машина өзіміздің мәдениет орталығына келіп тоқтады. Онда бізді Азиз күтіп тұр. Бахарды қалдырып, үшеуіміз сол бетте «ат басын» Сагини досымыздыкіне тіредік. Цыган кескінді Гамаль Сагини көмірдей қара көзі күлімдеп, ізетпен иіліп, бізді сыртта тұрып қарсы алды. Бастаған істі аяқтау керек. Ол үшін «Азия Нефертити» (Сагини Бибігүлді осылай сипаттаған ғой) тағы бір сағат позировкада отыруы қажет. Ақырын ғана жұмсақ дауысымен қалжың әңгімесін айта тұрып, межелі бір сағаттың ішінде бюст дайын болды. Аумаған Бибігүлдің өзі. Шебердің өнеріне тәнтілігімді айтумен бірге бет сүйектің сәл шығыңқы тұрғанын ескертіп едім, Сагини оныма алғыс айтып, заматта жөндей қойды. Шіркін, талантқа сөз жоқ қой!..

Бітірген туындысын ол енді ақ мрамормен жасап бүкіл республикалық көрмеге қою жөнінде бюст иесі Бибігүлден ресми ұлықсат алды. Біз де мүсінші досымызбен жылы қоштасып, Қазақстанға келуін тағы да өтіндік.

Совет елшілігінің үйінде СССР-дің Мәдениет министрі Е. А. Фурцева қайту алдында арабтың мәдени қайраткерлеріне арнап қабылдау жасады. Оған біз де шақырылдык. Бұл қабылдаудың қызығы-ақ: араб мәдени жұртшылығының бұрын көрмеген өкілдерімен кездесіп, әңгімелестік. Ресми сөз сөйлейтін жағдайда емес, түрегеп жүріп, тағам алысып, шүйіркелесіп, жөн сұрасып, танысу ретінде. Менің етене жақын танысып, әңгімелескен кісім Біріккен Араб республикасының Мәдениет министрінің орынбасары, Каир кітапханасы мен архивтерінің директоры Мұхамед Омар болды. Бұл алпыстан асқан, аңқылдақ, ашық сөйлейтін және сөйлескенде көптен жақын, сыралғы адамдай шексіз сеніммен сөйлейтін кісі көрінді. Салған жерде қауқылдап өзінің кім екенін, семьясын, араб елінің бұрын-соңды мәдениетін, қазіргі жай-күйді айта жөнелді. Біраз қарқындап алған соң біздегі мәдениет мәселелерінен де хабардар болғысы келген ықлас көрсетті. Каир кітапханасына қазақ кітаптарының келмейтінін айтып, менен аз да болса қазақ кітаптарынан қалай да жіберіп тұру жөнін қарастыруды өтінді, қазақ кітаптарына көрме ұйымдастырып, комментарий жазып, қайткенде араб оқушыларына уағыздауға уәде етті. Мен Омарға Каир кітапханасына барғанымды, не білгім келгенін сөз еттім. Әсіресе, біздің Әл-Фарабиден не бар екенін білгім келгенін айтқанымда, ол маған:

— Әл-Фараби қалай сіздікі болады?— деді жұлып алғандай.— Ол қыпшақ, сіз қазақ емессіз бе?

— Иә. Ол — қыпшақ. Біз — қазақпыз. Бір жағынан алғанда қазақтың өзі қыпшаққа жатады, яғни, екінші жағынан алғанда, қыпшақтың өзі қазаққа жатады,— деп өз білімім жеткенінше тарихқа баруға тура келді.

Қабылдаудың соңында М. Омар адресін беріп, үйіне шақырды. Келмесеніз өкпелеймін дегенді айтты. Мен бір күннен кейін қайтатынымызды, уақытымыздың санаулы екенін айтып кешірім сұрадым. Ендігі келуде соғуға уәде етіп, хош айтыстық.

10 март біздің Мысырда болатын соңғы күніміз. Ертеңіне таңертең Хартумнан келетін самолетпен Москвамызға тартамыз. Бүгіннің үлесіне екі жауапты кезең қалып тұр. Қазір араб әйелдерінің қоғам қайраткерлерімен кездесуге барамыз.

Түстен кейін бізді араб елдерінің атышулы әнші-жыршысы Умма Күлсім қабылдайды.

Әйелдер клубында Бибігүл, Азиз үшеуімізді отызға тарта араб әйелдері түрегеп тұрып, қол шапалақтап қарсы алды. Бәрі де европаша киінген. Интеллигент әйелдер. Ішінде бізге таныс Навель Амер бар. Басқа да бірер жүзтаныс әйелдер бары байқалады. Кездесуді Навель Амер басқарып екі жақты түгел таныстырып өтті. Мұнан соң әңгіме кенес, сұрақ түрінде қызу басталып кетті. Шай қойылып, бұл жолғы ауыртпалық түгелдей Бибігүлге түсті. Өйткені әйелдер барлық сұрақты соған қойып, көбіне әйелдерге қатысты мәселелерді қозғады. Көбіне әңгіме қазақ әйелдерінің ертедегі және қазіргі халі мен Бибігүлдің өз басына байланысты жайлар төңірегінде жүріп жатты. Мен ара-кідік әңгімеге юморлық бояу қосу үшін әзіл сөз араластырып қойып отырдым.

Біреуі Бибігүлге:

— Сіз творчестводан тыс үй жұмысыңызды қалай атқарасыз?— деп сұрады, ол:

— Бізде қызмет көрсету бюросы деген мекеме бар. Сол мекеме маған күш түсірмей, барлық үй шаруамды тындырып тұрады,— деп жауап қайырды. Әйелдер бір-біріне қарасып қалды.

Сол жерде мен де сөзге кірісіп:

— Оның үстіне осы күнгі жас әйелдердің күйеулері де жұмыстан келе жұбайымен бірге үй тіршілігімен айналысады. Бірақ мына мен секілді егде адамдардың ескіліктің әдетінен арыла алмай, жұмыстан келгенде тау құлатқандай «уһ» деген диванға жатып алатыны бар. Менің өзім де сол қатардан табылам,— деп қойып ем, барлығы:

— Мұныңыз дәл біздегідей екен,— деп ду күлісті.

Осыған жалғас қазақ әйелдерінен шыққан мемлекет, ғылым, творчество қайраткерлері, Қазақстанда әйелдер оқитын мектептер жайы сөз болды. Араб әйелдерінің де оқу тегін болғаннан бері білім алуға жол ашылғандығы айтылды. Бибігүл Навельге ұлттық киімімен түскен суретін берді.

Навель де арабтың ұлттық киімімен түскен суретін ұсынды. Мен қарап отырып:

— Мұнда тіпті сұлу екенсіз. Ғашық боп қалу да ғажап емес екен,— дедім қалжындап. Ойымда баяғы араб әңгімелерінде суретке қарап ғашық болатындық бар.

— Несі бар?! Халықтар достығы үшін ол да болады,— деп жауап қайырды Навель іліп алғандай. Тағы да күлістік. Суреті шынында сұлу шыққан екен.

Біз әдейілеп әкелген сыйлықтарымызды тарттық. Көкіректеріне Күләштың бейнесі бар значоктар тақтық. Олар Бибігүлге араб әнін салатын шкатулка сыйлады. Араб әйелдерінің өтінішімен Бибігүл Хамидидің «Бұлбұлын» салды. «Әні де бұлбұлдыкі, өзі де бұлбұл екен!» деді Навель. Жауап ретінде барлығы орындарынан тұрып, арабтың революциялық әнін хормен қосылып айтты. Соңынан қызу қоштасып, ақжарқын достық көңілмен ажырастық.

Мәдени орталыққа келіп, Азиз кездесуде болған әңгімені, әсіресе араб әйелдерінің хор айтқанын баяндағанда, Валит Вагапович тағы басқа басшы адамдар бұл кездесудің достық үшін атқаратын мәнін үздік бағалап, зор ризалық білдірді.

Енді Күлсімге барамыз. Араб елдерінің табынған адамы. Он күннің ішінде ол туралы көп естігенбіз. Оның әнін көп тындағанбыз. Күлсім радиомен ән салып, жыр айтқанда бірнеше сағат үзбей айтады және қаладағы барлық шу, дыбыстан оның дауысы жоғары шығып жатады. Мұнымен таласатын тек азан даусы. Ал Күлсімнің өзі туралы естігеніміз: ешкімді қабылдамайды, ештеңемен ісі жоқ, алпыстан асқан, ерге шықпаған, арғы түбі кедей шаруа, қазір дәулетті, тәкаббар мінезді, дініне мықты, әрі әнші, әрі жыршы — өрен талант иесі. Олай болғанда, бізді қабылдауға ол қалай келісім берген? Делегацияда әнші әйел болғандықтан ба екен? Әлде совет еліне айрықша жылы көз қарасы бар ма? Не де болса бара көреміз...

Күлсімнің екі қабат виллиі (сарайы) Нілдің жағасында оқшаулау тұр. Жан-жағы ағаш, гүл. Үй сыртынан бізді орта жастағы ер кісі қарсы алды. Ішке кіре бергенімізде, алдымыздан европаша киінген, 40—50 жас шамасындағы қараторы әйел шықты. Киімдері ықшам, денесі тартыңқы, ширақ. «Әлгі бізді қарсы алған кісінің әйелі ме, жоқ, Күлсімнің қызметкер әйелі ме?» деймін ішімнен. Сөйткенше бол-

ған жоқ. Бізбен қол алысып амандасып, өзінің Күлсім екенін атады. Таң қалдық.

Тағы да сол арада ойға кетіп (ой шіркін жүйрік қой!) «ау, алпыстан асқан кемпір дегені қайда? Мұны бір мейманасы тасыған такаббарлау кемпір деп ойлап ек... Бұл қалай?» деймін өзімше... Күлсім әңгімесінде тұман шалған күдігімізді сейілтп, танысу үстінде, жасының 63-те екенін өзі басып өтті. Әлі жап-жас! Қажу, мұқалудың ізі де жоқ. Қимылы да, сөзі де әлі пысық. Ол ол ма?! Ой-пікірі, саяси түсінігі де анық, айқын.

— Мен, құдай қаласа, Совет Одағына барғым келеді,— деді Күлсім.— Көргім келеді. Соңғы соғысқа дейін Сіздің елден шошынатынбыз. Соғыс тұсында, шынын айтайын, түсінігім өзгерді. Совет халқы көп ұлттан құралса да бірлігі күшті, берік халық екен. Араларынан шпиондар, сатқындар көп шықпады. Сондықтан жер жүзінің ең күшті, ең қауіпті жауын жеңді ғой.

Күлсім сықылды өнер адамының аузынан халқымыз туралы мұндай жақсы лебіз есіту бізге қандай мерей?!

Бұл кезде шай келді. Шай әкелген әлгі бізді қарсы алған ер кісі. Күлсімнің қасына тағы бір жастау әйел келіп, әңгімеге араласып отырды. Оның кім екенін аңдай алмадық. Ал анау ер кісі Күлсімнің елуге келгенде шыққан күйеуі екен. Балалары жоқ.

Әңгіменің денін Күлсім Қазақстанның ауа райын сұрауға, дін мәселелеріне көбірек аударды.

Арнаулы сыйлығымызды беріп, Күлсім әндерін естігенімізді айтып, оның бізге өте ұнайтынын және елеп, құрметтеп қабылдағаны үшін алғысымызды білдіріп қонақ үйімізге кеттік.

Қоштасарда оның да Қазақстанға келуін өтініп рақметін, уәдесін алдық.

Ертеңіне, біз жүретін күні таңертең, Күлсіммен кездескеніміз жөнінде Мысырдың ең үлкен «Аль-Гумхурия» газетінің бірінші бетінде «Мысырдың Умма Күлсімі советтік Умма Күлсімді қабылдады» деп хабар жариялады. Сонымен қатар «Сабах алхир» журналы мен «Альмусах» газеттерінде біз туралы үлкен интервью, репортаждар басылды.

28 февраль күні Каир аэродромында қарсы алған кісілер түгел сол құрамда бізді 11 март күні шығарып салғалы тұр. Бас-аяғы он бір тәулік уақыттың ішінде Мысыр да,

Қаир да, ондағы ақ көңіл, дос ниетті адамдар да біртүрлі ыстық көрініп қалыпты. Әсіресе өзіміздің Валит Атамалиге, оның жұбайы дәрігер Неляға, араб композиторы Азиз досымызға үйреніп қалыппыз. Ажырасу минуты біртүрлі жүректі қобалжытатындай. «Айқай өз үйім, кең сарайдай боз үйім» деп қазакең айтыпты. «В гостях хорошо, дома лучше» деп орыс ағайынымыз айтыпты. Енді үйімізге қайтамыз. Алдымызда Москва. Ардақты астана. Қош бол, Қаир! Қош бол, араб достар!

Бірге келген Фурцевалар, енді бірге қайтып келеді. Шаршап-шалдығу дегенді білмей, ешбір қиындықты елемей, тас түйін боп жүрген басымыз енді елге қайтқан соң, көңіліміз жайлаған соң, бастан кешкеннің бәрі самолет үстінде бойға түскендей, ұйықтап кетіппіз.

Әне Москва! Әне Кремльдің алтын күмбездері! Астанада ТАСС-тың хабары алдымыздан шықты.

«Біріккен Араб республикасында бірнеше концерт берген Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутатына кандидат Бибігүл Төлегенованы «Аль-Гумхурия» газеті Советтік Умма Кульсум (бұл Араб Шығысының әйгілі әншісі) деп атапты.

Бибігүл Төлегенова мен жазушы, филология ғылымының докторы, Қазақ ССР Ғылым академиясының мүше-корреспонденті Мұхаметжан Қаратаев Біріккен Араб республикасына келіп еді. Бұлардың мақсаты — СССР достық қоғамының Қазақ бөлімі мен араб-совет достығы қоғамының тікелей және жанды байланысын нығайту.

Мұның өзі Республикалық қоғам мен шетел арасындағы тікелей контакт жасаудың тұңғыш тәжірибесі еді. Сол тәжірибе сәтті шықты. Делегация мүшелерінің Мысыр жазушыларымен, артистерімен, суреткерлерімен, мүсіншілерімен, музыканттарымен және музыка ғалымдарымен, қоғам қайраткерлерімен және ұлттық жиналыс мүшелерімен кездесуі — Біріккен Араб республикасы жұртшылығының советтік Орта Азия республикаларының дамуына және олардың Араб республикасымен байланыстарын кеңейтуге деген жанды ықласын көрсетті. Делегация мүшелері Біріккен Араб республикасы жазушыларына қазақ тіліне аударылған Мысыр әдебиетінің шығармаларын сыйлыққа тартты, телевидениеге шығып республикада мәдениеттің дамуы жөнінде, жаңа өспірім ұрпақты тәрбиелеу жөнінде әңгімелеп берді, Қазақстанға араб-совет достығы қоғамынан делегация шақырды.

Қазақ ССР-нан келген қонақтардың мұнда он күндей болуы Біріккен Араб республикасының баспа жүзінде жылы қарсы алынып, жақсы бағаланды».

Біз Москваға келгенімізде Қазақстанда Қазақ ССР Жоғарғы Советінің сайлауы жүріп жатты. Кешінде телефон қуанышты хабар жеткізді. Алматының сайлаушылары делегациямыздың мүшесі Бибігүл Төлегенованы өзінің депутаты етіп сайлапты. Депутаты бұл жақта бұлбұлдық қызметімен ұлы достық миссиясын аброймен орындап, халық сенімін көңілдегідей ақтап қайтты.

АҚЫРҒЫ АНЫҚТАМА

Әлдекім әдебиет пен эстетика әшейін қолдан қосақтаған ұғымдар деп ойлауы да ғажап емес. Олай дейтініміз:

Эстетика кейінгі кезге дейін біздің қазақ әдебиеті төңірегінде тиісті орын ала алмай келді. Мұның себебі — эстетика философияның жырақтағы бір тылсым саласы немесе «эстеттердің» ғана еншісіне тиген ермек деп түсінушілік болса керек. Ал шынында олай емес. Бұл екі ұғым бір-біріне жат та емес, жырақ емес, қайта бірыңғай, етене ұғымдар. Эстетика деген сөз әдебиетте екі ғана мағнада қолданылады: бірі — философияның көркемдікті зерттейтін ғылыми саласы, екіншісі — адамның дүниені көркемдігі жөнінен танып игеру жолы. Осы соңғысына жататын шындықтағы көркемдік пен ол жөніндегі әр адамның субъективтік сана-сезімі және осыларды бейнелейтін көп салалы көркем өнер.

Міне, осылай қарасақ, көркем әдебиет көркемөнердің негізгі саласының бірі болғандықтан, эстетикаға тікелей туыстық қатысы бар. Айырмасы-ақ — эстетика көркем өнерді тұтас қамтитындықтан, кеңірек мағнада ұғылады да, көркем әдебиет өзінің шағын нақты мағнасында ұғылады.

Образдармен айтқанда, эстетика бейне бір теңіз де, әдебиет — оған құятын өзен. Сондықтан бұл екеуінің түп мақсаты бір. өрісі бір.

Эстетиканың өрісі (объектісі) сұлулық яки әсемдік немесе әдемілік десек, бұл категорияны марксизм-ленинизм материалистік диалектика тұрғысынан алып қарайды. Идеализм сұлулықтың тегі идеяда деп білсе, материализм оны болмыс шындықта, өмірдің өзінде деп біледі. Оның үстіне идеализм әсемдікті тар шеңберде алып, формалды категория деп қарайды; ал материализм оны, керісінше

кең мағнада алып, мазмұн мен форманың диалектикалық бірлікте жарасымды қиысуы деп қарайды. Осылай еткенде эстетиканың өрісі кеңейе де тереңдей түспек. Оның қанаты өмірдегі жағымды да жарасымды, оңды, ұнамды заттар мен құбылыстарға жайылмақ. Әсемдік дегеніміз — өмір, өмір болғанда, кәдеуілгі біздің түсінігімізге сай оңды өмір көрінісі дейтін Чернышевский уағыздаған қағида эстетиканың осы шынайы өмірлік сипатын анықтаса керек.

Осы себептен біз бұл еңбегімізде әдебиет пен эстетиканың ара қатынасының алшақ емес, астасып жататынын көрсетуді мақсат тұттық. Сырт көрінісінде әрқилы мақала, очерктердің жинағы тәрізденгенмен, ішкі мазмұны осы мақсатты көздеді.

Сондай-ақ өнердің эстетикалық қасиеттері мен әдеби сынның, көркем аударманың эстетикалық роліне арналған мақалалар да эстетиканың өрісін өмірден, қоғамдық күрес мақсатынан алыстатқысы келетін дұшпандардың жат әрекеттеріне қарсы жұмсалған және өз арамызда әдебиет пен өнердің эстетикалық сипатын жете түсіну нысанасын көздеген мақалалар. Тікелей әдебиетке қатысты, атап айтқанда, қазіргі халық поэзиясы жөніндегі және жазба әдебиетіміздің алыбы Мұхтар Әуезов творчествосына «алтын сандық» болған қазақ фольклоры мен қазақ совет поэзиясының дарқан жүйрігі Ілияс Жансүгіров поэзиясы жөніндегі мақалалар да әдебиеттің эстетикалық табиғатын тануға арналған.

«Алтын сандық» деген образбен Горький халық поэзиясының асыл қазнасын бейнелеген болатын. Расында бұл көркем қазына, эстетикалық қор деген мағнаны да беретін бедерлі сөз. Осы образды М. Әуезов творчествосына қатысты қолданғанда біз де қазақ халқының ғасырлар бойы жарық дүние, жақсы өмір жөніндегі арман, қиялы жасаған эстетикалық қордың маңызын ашпақшы болдық. Әсіресе сол ұшан-теңіз асыл қордың Әуезов сықылды ұлы суреткердің шарықтауына негіз болғанын көрсетпекші болдық. Бұл ой өз заңдылығымен өсіп жатқан бүгінгі халық поэзиясына да қатысты.

Ал Жансүгіров поэзиясы ше? Мұның да шарықтауына сол «алтын сандық» негіз болғаны белгілі. Сондықтан халқымыздың жүз жылдар бойы жасалып, сұрыпталған, шыңдалған эстетикалық қорын емін-еркін игеріп, жаңа заманға сай жаңа эстетикалық қазына жасап жатқан бүгінгі қазақ совет әдебиетінің екі өркеші іспетті ірі творчестволық тұлғаларды алу қажет болды. Ондай тұлғалар проза мен

драматургияда М. Әуезов, поэзияда І. Жансүгіров деп білдік. Сөйтіп, халықтың бай эстетикалық дәстүрін игеріп өскен екі жанрдағы екі алып тұлғаны алуда өзінше заңдылық бар, неге десеңіз, кез келген шығарма дүниені көркемдік жөнінен тануға яғни эстетикалық дамуға үлес қоса алмайды, ол үшін Әуезов пен Жансүгіров сықылды үлкен суреткерлердің социалистік реализм эстетикасына партиялық халықтық негізде үлес қосқан шын мағнасында көркем туындылары керек еді.

Енді естелік жайында. Былай қарағанда, рас, естеліктің әдебиет пен эстетикаға еш қатысы жоқ сияқты. Бірақ мәселе естеліктің формасында емес, мазмұнында ғой: кім туралы, не жайында және қандай мақсатпен қалай жазылуында. Бұл ретте кітапқа енген төрт-бес адам туралы естелік — портреттердің жөні басқа. Олар — қазақ халқының Совет заманы туғызған ардагер адамдары, социалистік мәдениеттің, оның ішінде эстетикалық мәдениеттің жасаушылары мен ұйымдастырушылары. Қазақтың формасы ұлттық, мазмұны социалистік мәдениетін С. Асфендияров пен С. Сейфуллиннің, М. Әуезов пен І. Жансүгіровтың, Қ. Жұбанов пен Қ. Сәтбаевтың есімісіз тану тіпті де мүмкін емес, өйткені бұлардың іс-әрекеті болсын, ой-пікірі болсын, творчествосы болсын, халықтың эстетикалық тәрбиесіне, әдебиет пен өнердің өркендеуіне аса қымбат үлес қосқанын көрсетеді.

«Мәдениет сапарында» ерте заманнан тарихи байланысымыз болған, мәдениетінен үйренген, үлгі алған араб елдеріне барып қайту жайындағы әңгіме арқылы сол байланыстың түрлері анықталса, ол-дағы біздің эстетикалық мәдениетіміздің өткені мен бүгінгісін тануға септігін тигізуге тиіс.

Әдебиет пен эстетиканың ағайындығына арналған тырнақ алды кітапта көп жұмыс тынды деуден мүлде аулақпыз. Бұл салада ойсыраған олқылығымыз әлі сол күйінде. Біздің жұпыны еңбегімізді еске салуға жараса, ол да болса көңілге үлкен жұбаныш деген сөз.

МАЗМҰНЫ

I ЭСТЕТИКАЛЫҚ МЕЖЕЛЕР

Ленин және эстетика	7
Өнердің эстетикалық сипаты	30
«Жылжымалы эстетика»	93
Адамзат мәдениетінің жаршысы	117
Көркемсөз бұлағы	148
Әуезовтың алтын сандығы	178

II ӨМІРЛІК ӨНЕГЕЛЕР

Қазақ поэзиясының құлагері	199
Ардагерлер аясында	216
Мәдени сапар	312
Ақырғы анықтама	348

МУХАМЕТЖАН КАРАТАҒВ

Литература и эстетика

Литературные и критические статьи

Издательство «Жазушы»,
Алма-Ата — 1970

Редактор К. Жумадилов
Художник Г. Сизоров
Худ. редактор Р. Слюсарева.
Тех. редактор К. Зауренбайұлы
Корректор Н. Букембаева.

Сдано в набор 30/VI-70 г. Изд. № 286.
Подписано к печати 14/X-70 г. УГ06873.
Бумага тип. № 1. Формат 84×108¹/₃₂ =
11 п. л. = 18,48 усл. п. л. (Уч.-изд. 20,2 л.).
Тираж 9400 экз. Цена 1 руб. 47 коп.

Заказ № 454. Типография № 2 Главполи-
графпрома Госкомитета Совета Министров
КазССР по печати, г. Алма-Ата, ул. Карла
Маркса, 63.